Применение и перспективы. Платформа ориентирована на использование в образовательных учреждениях – колледжах. Она может быть интегрирована в образовательный процесс и использоваться педагогами для анализа эмоционального состояния учащихся.

Будущие этапы работы включают:

1. Расширение возможностей алгоритмов искусственного интеллекта, чтобы учитывать большее количество факторов.

2. Внедрение новых типов тестов, включая опросники по социальным отношениям и уровням стресса.

3. Адаптацию платформы для мобильных устройств, что повысит её доступность.

Заключение. Представленный проект демонстрирует потенциал использования искусственного интеллекта в образовании. Платформа позволяет учащимся анонимно делиться своими переживаниями, а преподавателям — оперативно выявлять признаки проблем и принимать меры.

В дальнейшем планируется расширение функционала, доработка механизмов конфиденциальности и внедрение платформы в образовательные учреждения.

Список использованных источников

1. Баева, И.А., и Волкова, Е.Н. "Психологическая безопасность образовательной среды: теоретические основы и практические аспекты". Москва: Педагогическое издательство, 2020.

2. Панкратова, С.А. "Использование технологий искусственного интеллекта для анализа данных в образовании". Вестник образовательных технологий, 12(3), 2023.

«АҚЫЛДЫ ҮЙ» БОЛАШАҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Студент Тілеухан А., Бейсенбай Е., 1 курс, Алматы электромеханика колледжі
Ғылыми жетекшісі: Рахметова А.Б., Амирова Л.Е.

«Ақылды үй» жүйесінің мүмкіншіліктері: Толық шолу, құрылғылар, бағалар және тиімділіктері:

Ақылды үй – бұл тұрмыстық құрылғылар мен жүйелердің автоматтандырылған, қашықтан басқарылатын кешені. Мұндай үйлер қауіпсіздік, жайлылық және энерготиімділік тұрғысынан жоғары тиімділік көрсетеді.

1. Ақылды үй жүйесінің негізгі мүмкіндіктері

1. Автоматты жарықтандыру – бөлмедегі қозғалысты сезіп, адам шығып, кіргендігін көріп, жарықты өздігінен қосып, өшіреді. Осылайша, біз құр қосылып тұрған жарыққа қарағанда, энерготиімділік болу үшін, біз жарықты автоматтандыруға бағдарламалаймыз.

2. Жылу және климаттық бақылау – үйдің температурасын белгіленген уақыт арасында тексеріп, ыстық болса жылуды басып, суық болса жылуды көтеріп, үйдегі ылғалдылығы реттеледі. Осылайша, жылулықты автоматтандыру арқылы, үйдің жылулығы орташада тұрады.

3. Қауіпсіздік жүйесі – біз үйдің әрбір бұрышына автоматтандырылған қозғалыс детекторын қоямыз. Егер, үйдің ішіне бөтен бір адам кіретін болса,

дабыл қағып, 102-қызмет көрсету орталығына автоматты түрде қоңырау шалады. Оның арқасында, біздің үйде автоматтандырылған сенімді үй болады.

4. Ақылды тұрмыстық техника –құрылғылар адамның араласуынсыз белгілі бір тапсырмаларды орындайды. Мысалы, ақылды шаңсорғыш бөлмені өзі сканерлеп, тазалау бағытын анықтайды.

5. Дауыспен және телефон арқылы басқару – Google Assistant, Amazon Alexa, Apple HomeKit сияқты жүйелер арқылы біз керекті бұйрық беріп, үйдегі барлық техника басқарылады.

2. Ақылды үйге қажетті құрылғылар мен олардың бағалары
(Бағалар шамамен 2025 жылғы нарықтық көрсеткіштерге негізделген)
Құрылғы Қызметі Бағасы (теңге)

Ақылды шамдар (Philips Hue, Xiaomi Yeelight) Дауыспен және қолданба арқылы басқару 8 000 – 30 000тг.

Ақылды розетка Электр құрылғыларын қашықтан қосу/өшіру 5 000 – 15 000тг.

Ақылды термостат (Nest, Ecobee) Бөлме температурасын реттеу 40 000 – 100 000тг.

Қозғалыс сенсоры Бөлмедегі және сырттағф барлық қозғалысты бақылау 10 000 – 30 000тг.

Бейнебақылау камерасы (Arlo, Xiaomi) Үйді қашықтан бақылау 15 000 – 80 000тг.

Дабыл жүйесі Үйге кіріп-шыққан адамдарды бақылау 30 000 – 120 000тг.

Ақылды шаңсорғыш (Roomba, Xiaomi) Автоматты тазалау 70 000 – 300 000тг.

Ақылды есік қоңырауы (Ring, Eufy) Қонақтарды бейнеқоңырау арқылы көру 25 000 – 60 000тг.

Дауыспен басқару жүйесі (Google Nest, Amazon Echo) Үйдегі барлық жүйені басқару 20 000 – 90 000тг.

3. Орнату және пайдалану

Ақылды үй жүйесін екі жолмен басқаруға болады:

1. Қолданба арқылы – смартфонға арнайы қосымшалар (Google Home, Mi Home, Apple Home) арқылы орнатылады.

2. Дауыстық көмекшілер – Google Assistant, Alexa немесе Siri арқылы басқару.

Орнату үшін:

- Құрылғыларды Wi-Fi желісіне қосу керек.
- Құрылғылар бір-бірімен үйлесімді болуы шарт.
- Кейбір құрылғылар үшін арнайы хаб (орталық басқару құрылғысы) қажет.

4. Ақылды үйдің энергия тиімділігі

Ақылды жүйелер электр және жылу энергиясын үнемдеуге көмектеседі:

- Ақылды шамдар қарапайым шамдарға қарағанда 80% аз қуат тұтынады.
- Ақылды термостаттар жылу шығынын 25%-ға дейін азайтады.
- Қозғалыс сенсорлары жарықты қажетсіз жерде сөндіріп, электр қуатын үнемдейді.

- Ақылды розеткалар электр энергиясын бақылап, қажетсіз құрылғыларды өшіреді.

Орта есеппен, ақылды үй жүйесі коммуналдық төлемдерді 20-30%-ға төмендетуге көмектеседі.

5. Жалпы шығын есебі (бастапқы орнату үшін)

Егер қарапайым ақылды үй жүйесін орнататын болсақ, негізгі құрылғылар үшін 300 000 – 800 000 теңге шамасында қаражат қажет. Егер толыққанды жүйені таңдасаңыз (бейнебақылау, дабыл, автоматтандырылған тұрмыстық техника), онда 1 500 000 – 3 000 000 теңгеге дейін жетуі мүмкін.

6. Ақылды үйдің артықшылықтары мен кемшіліктері

Артықшылықтары:

Ыңғайлылық – дауыспен немесе қолданба арқылы үйдің барлық электрмен жабдықтармен жерлерді басқару.

Қауіпсіздік – қашықтан бақылау, бейнебақылау жүйелері арқылы бақытылған жерлерді бақылап отыруы.

Энергия үнемдеу – автоматтандырылу арқылы электр және жылу шығынын азайту.

Уақытты үнемдеу – егер, тұрмыстық техника кірленіп тұрған жерді анықтап алатын болса, автоматты жұмыс істейді.

Кемшіліктері:

Құны жоғары – бастап инвестиция қажет болады.

Интернетке тәуелділік – Wi-Fi болмаса, көп функциялар жұмыс істемейді.

Киберқауіпсіздік – жүйе дұрыс қорғалмаса, хакерлік шабуыл қаупі бар. Сондықтан, жүйені қатаң түрде қорғап қоямыз.

7. Қорытынды

Ақылды үй – бұл заманауи технологияларды қолдана отырып, тұрмыс сапасын жақсарту әдісі. Бұл жүйе энергияны үнемдеп, қауіпсіздік деңгейін арттырып, тұрмыстық процестерді автоматтандыру арқылы өмірді әлдеқайда жеңілдетеді. Егер сіз ақылды үй орнатуды жоспарласаңыз, құрылғыларды кезең-кезеңімен қосып, қажеттіліктеріңізге қарай бейімдеген жөн.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. https://info.aues.kz/diploms/2019/frts/eir/Bekarusuly_AUES.pdf
2. <https://begemot.ai/projects/2662653-aqyldy-ui-bolasaqtagy-turmystyq-technologiialar>
3. <https://begemot.ai/projects/2662653-aqyldy-ui-bolasaqtagy-turmystyq-technologiialar>
4. <https://ru.scribd.com/document/>

EDUCARLAY ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚҰРАЛЫ

Студент Тоғанбаева Н., 2 курс, «Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі»
МКҚК

Ғылыми жетекшісі: Сарсенбаева С.К., информатика пәнінің оқытушысы,
техника ғылымдарының магистрі

Өзектілігі: Eduplay платформасы оқушылардың ойлауына, уақытты үнемдеуіне тигізер әсері мол. Сабақ барысының қызықты өтуіне көмектеседі. Өзге платформалардан ерекшелігі қарапайым әрі ыңғайлы интерфейс.

Жұмыстың мақсаты:

1. Оқу материалдарын қызықты ету.
2. Интерактивті оқыту әдістерін дамыту.
3. Мұғалімдердің жұмысын жеңілдету мақсатында.

Міндеттері:

1. Білім беру процесін интерактивті ету.
2. Оқушылардың білімін бекіту және бағалау.
3. Оқу материалдарын көптілді және қолжетімді ету.

Eduplay – мұғалімдер мен оқушыларға әртүрлі интерактивті оқу тапсырмаларын жасауға және орындауға мүмкіндік беретін онлайн-платформа. Бұл құралды кез келген пән бойынша ойын элементтері бар тапсырмалар құру және оқу үдерісін қызықты ету үшін қолдануға болады.

Eduplay мүмкіндіктері:

- ✓ Интерактивті оқу ойындарын жасау
 - Викториналар
 - Кроссвордтар
 - Сөздерді сәйкестендіру
 - Тыңдау және жазу жаттығулары
 - Сөз іздеу ойындары
 - Картадағы объектілерді табу
- ✓ Білімді тексеру және бағалау
 - Мұғалімдер оқушылардың жауаптарын көріп, бағалай алады.
 - LMS платформаларымен (Google Classroom, Moodle) интеграция жасауға болады.
- ✓ Пайдалануға оңай интерфейс
 - Жаңадан бастаушыларға ыңғайлы.
 - Компьютерде және мобильді құрылғыларда қолжетімді.
- ✓ Қазақ, ағылшын және басқа да тілдерде қолжетімді
 - Оқушыларға тілді үйренуге көмектеседі.

Eduplay платформасының артықшылықтары:

- ✓ Оқу процесін қызықты етеді – оқушылар тапсырмаларды ойын ретінде орындайды.
- ✓ Теорияны бекітуге көмектеседі – визуалды және интерактивті элементтер есте сақтауды жақсартады.
- ✓ Уақытты үнемдейді – мұғалімдер дайын шаблондарды қолданып, тез тапсырмалар жасай алады.
- ✓ Қашықтан оқытуға ыңғайлы – оқушылар өз бетімен кез келген уақытта орындай алады.

Eduplay платформасын қалай қолдануға болады?

1. Eduplay сайтына кіру.
2. Тіркелу немесе жүйеге кіру.
3. Жаңа интерактивті тапсырма жасау.

4. Оқушылармен сілтеме арқылы бөлісу.

5. Нәтижелерді бақылау және бағалау.

Мен Тоғанбаева Назерке Ақтөбе қаласының «ЖШС БІЛІМ МГ» 4«ж» сыныбында практика барысында Edugarlay платформасын қолдандым. Мен үшін үлкен тәжірибе және тиімді әдіс болды.Бұл құралды пайдалана отырып,мен оқушыларға интерактивті тапсырмалар жасап,олардың білімін ойын арқылы тексеруге мүмкіндік алдым.Сабақ барысында оқушылардың қызығушылығы арта түсті.

Edugarlay платформасын қалай қолдандым?

Сабақтың тақырыбына сәйкес келетін интерактивті тапсырмалар дайындау үшін алдымен оқу мақсаттарын белгіледім.

Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін ойын элементтері бар тапсырмалар жасауды жоспарладым.

Тапсырмалар дайындау

Викторина - сабақтағы негізгі ұғымдар мен терминдерді бекіту үшін сұрақ-жауап ойынын жасадым.

Кроссворд - оқушыларжаңа сөздерді есте сақтап,мағынасын дұрыс түсіну үшін.

Нәтижелерді бақылау және талдау

Оқушылардың орындау нәтижелерін Edugarlay жүйесі арқылы бақылай алдым.Қай сұрақтар қиындық туғызғанын талдап,келесі сабақта сол тақырыптарды тереңірек түсіндірдім.Бұл платформаның пайдасы мен үшін практика барысындағы тиімді жол болды.

Қорытынды. Практика барысында Edugarlay платформасын қолдану – оқушылардың білімін қызықты әрі тиімді түрде бекітуге көмектесті.Маған цифрлық құралдарды пайдаланудың маңыздылығын және оның оқу процесіне оң әсерін көрсетті.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. «Қ.И.Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған білім алушылардың ғылыми мақалалар жинағында»
2. «Digital Kazakhstan:заманауи білім беру атты педагогтердің мақалалар жинағында»
3. Untitled – Школы НИШ

РАЗРАБОТКА ТЕЛЕГРАММ-БОТА С ИСКУССТВЕННЫМ ИНТЕЛЛЕКТОМ ДЛЯ ОБУЧЕНИЯ ОСНОВАМ ПРОГРАММИРОВАНИЯ РОБОТОВ

Тронин Д., студент 2 курса, Учреждение «Костанайский социально-технический колледж»

Научный руководитель: Кислица И.Н., преподаватель специальных дисциплин

Актуальность

В современном мире технологии искусственного интеллекта (ИИ) и программирования роботов играют ключевую роль в развитии множества

отраслей, включая промышленность, медицину и транспорт. Однако доступ к качественным образовательным материалам в этой области остается ограниченным, особенно для начинающих. Использование телеграмм-ботов с интеграцией ИИ предоставляет возможность сделать обучение доступным, интерактивным и увлекательным.

Проблема

1. Недостаток доступных интерактивных инструментов для изучения программирования роботов.
2. Отсутствие мотивации у учащихся из-за сложности классических методов обучения.
3. Сложности в адаптации образовательных материалов для начинающих пользователей.
4. Высокий порог входа для изучения робототехники из-за нехватки практических примеров и обратной связи.

Цель работы

Разработка телеграмм-бота с искусственным интеллектом, который будет служить инструментом для обучения основам программирования роботов, предоставляя удобный интерфейс, пошаговые инструкции и интерактивные задания.

Задачи

1. Изучить современные подходы к созданию телеграмм-ботов с использованием технологий ИИ.
2. Разработать архитектуру бота, обеспечивающую эффективное взаимодействие с пользователями.
3. Создать базу данных с обучающими материалами и заданиями для изучения программирования роботов.
4. Реализовать модули для обработки естественного языка (NLP), чтобы бот мог отвечать на вопросы пользователей и давать подсказки.
5. Провести тестирование бота с участием целевой аудитории для оценки его эффективности.

Результаты исследования

1. Разработан и протестирован прототип телеграмм-бота, который может:
 - Проводить интерактивные уроки по основам программирования роботов.
 - Проверять выполнение заданий и предоставлять обратную связь.
 - Отвечать на вопросы пользователей с помощью технологий обработки естественного языка.
2. Проведено тестирование среди целевой аудитории, включающей студентов и школьников. Получены положительные отзывы об удобстве интерфейса и эффективности обучения.
3. Выявлены ключевые области для улучшения, включая добавление более сложных заданий и расширение функционала.

Выводы

1. Телеграмм-бот с искусственным интеллектом доказал свою эффективность как инструмент для обучения основам программирования роботов.

2. Использование ИИ позволяет сделать обучение интерактивным и адаптированным под уровень знаний пользователей.

3. Реализация подобных ботов открывает перспективы для их применения в других образовательных областях, что способствует популяризации технологий робототехники и программирования.

4. Будущие работы могут быть направлены на расширение функционала бота, интеграцию с реальными роботами и внедрение геймифицированных элементов для повышения вовлеченности пользователей.

Список использованных источников

1. Гольдштейн Б.И., Морозов В.Н. "Искусственный интеллект и его применение в образовательных технологиях". Москва: Наука, 2020.

2. Shapiro A. "Building Telegram Bots with Python: From Beginner to Advanced". O'Reilly Media, 2021.

3. Russell S., Norvig P. "Artificial Intelligence: A Modern Approach". Pearson Education, 2020.

СИСТЕМА МОНИТОРИНГА СЕРВЕРОВ

Шатний Н., 3 курс, ЧУ «Колледж предпринимательства»

Научный руководитель: Миллер В.В., преподаватель специальных дисциплин

Актуальность данной работы обусловлена спецификой деятельности системных администраторов, которым необходимо постоянно следить за корректной работой серверов. Однако постоянный мониторинг серверов вручную не всегда эффективен и может привести к пропуску критических сбоев.

Проблема: на мой взгляд состоит в качестве того, как системные администраторы делают контроль над серверами. Ручной мониторинг не всегда позволяет вовремя обнаружить ту или иную ошибку, либо же найти сбои в работе системы. Из-за таких ошибок могут быть серьезные проблемы, такие как потеря данных, что уже может сказаться на работе компании в негативную сторону.

Цель: создание продукта, который позволит автоматизировано отслеживать работу серверов.

Для достижения поставленной цели были поставлены следующие задачи:

- изучить и проанализировать, как производится мониторинг серверов;
- построить модель системы мониторинга;
- спроектировать базу данных, серверное приложение, веб-страницу, и логику обработки данных;
- разработать систему мониторинга серверов;
- произвести тестирование и отладку системы.

Разрабатываемый продукт будет содержать информацию о серверах которые расположено в разных частях земного шара. Данные о работе серверов будут поступать с различных устройств, где вся полученная информация будет отображаться в отдельной веб-странице. Это позволит оптимизировать работу мониторинга сервера, а также произвести автоматизацию работы системных администраторов.

Сервер – это компьютер или программное обеспечение, который может обрабатывать запрос клиента и предоставлять необходимые данные. Сервер является фундаментом в работе всемирной сети Интернет и обеспечивая доступ к разным ресурсам.

Для реализации нашего проекта необходима база данных.

База данных – это совокупность данных, которые хранятся в соответствии со схемой построения этих данных. База данных содержит информацию о пользователях, компаниях и их серверах. Логика работы приложения будет заключаться в отправке запроса к серверу и получения успешного ответа – «двухсотый код». Данные кода хранятся в headers при отправке http запроса.

HTTP – это сетевой протокол прикладного уровня. Он предназначен для получения информации с серверов, используется для взаимодействия между различными узлами Всемирной паутины.

На данный момент HTTP запросов имеет такие методы:

- GET – запрашиваемый ресурс.
- POST - позволяет отправлять данные на сервер для создания, либо обновления ресурса.
- PUT - загружает представление ресурса на сервер. Headers – это строки в HTTP-сообщении, содержащие разделенную двоеточием пару имя-значение.
- DELETE – удаляет указанный ресурс.
- HEAD – запрашивает заголовки ресурса, аналогично GET но без тела ответа
- OPTIONS – возвращает методы HTTP, которые поддерживаются сервером.
- PATCH – позволяет вносить частичные изменения в ресурс.

HEAD – это строки HTTP – сообщения, которые позволяют клиенту и серверу удобно обмениваться дополнительной информацией.

В случае получения «отрицательного» ответа, с кодом ошибки, можно фиксировать проблемы сервера. Таким образом система определит работоспособность сервера и в случае получения иного ответа оповестит зарегистрированного пользователя, который закреплённого за компанией, о сбое в работе. Серверное приложение разработано на TypeScript постоянно мониторит HTTP-запросы записанных в базе данных, фиксировать и логировать возникающие ошибки. Такой подход позволит 24 часа в сутки автоматизировано отлаживать работу серверов компаний. А логирование ошибок поможет выявить возможные причины возникновения проблем определенного сервера.

Это поможет снизить нагрузку на системных администраторов при поиске ошибок и сбоев. Теперь каждая обнаруженная ошибка будет отображаться на веб-странице. Это позволит оперативно реагировать на возникающие проблемы и повышать работы разного рода компаний.

Автоматизация мониторинга серверов будет решать целый ряд поставленных перед нею задач. Также это поможет в получении точности данных о состоянии сервера, улучшение безопасности и снижение затрат.

В данной работе были рассмотрены основные мониторинга серверов, а также разработано решение, направленное на повышение стабильности ИТ-продуктов. Было показано, что в современных условиях необходим постоянный контроль и оперативное реагирование на сбои в системе, так как стабильность работы продуктов напрямую влияет на качество предоставляемых услуг и безопасность персональных данных клиентов.

Разработанный нами сервис предлагает интуитивно понятный пользователю интерфейс, который упрощает процесс мониторинга. Стоит отметить, что наш продукт рассчитан не только на системных администраторов и DevOps инженеров, но также и на владельцев бизнесов, которым необходимо следить за стабильностью работы своей инфраструктуры.

Наше решение ориентировано на обеспечение стабильной работы серверов и снижения рисков с возможным сбоями в будущем. Данное приложение является востребованным на современном рынке, который все больше поглощает разного рода бизнесы развивающиеся в ИТ-инфраструктуре

Список используемых источников

1. [https://ru.wikipedia.org/wiki/Сервер_\(аппаратное_обеспечение\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/Сервер_(аппаратное_обеспечение))
2. <https://www.typescriptlang.org/>
3. <http://ru.wikipedia.org/wiki/>
4. Грошев А.С. Учебное пособие «Основы работы с базами данных».
5. Клинтон Вонг. «HTTP Pocket Reference: Hypertext Transfer Protocol»

2 СЕКЦИЯ

«КӨЛІК, КӨЛІКТІК ТЕХНИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ/ ТРАНСПОРТ, ТРАНСПОРТНАЯ ТЕХНИКА И ТЕХНОЛОГИЯ»

ЭЛЕКТРОМОБИЛЬДІҢ ЕЛІМІЗДЕГІ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Асқатұлы Ә., 2 курс, Сарыжаз кәсіптік-техникалық колледжі
Ғылыми жетекшісі: Сарсенбаева Д.У., арнайы пән оқытушысы

Өзектілігі «Астана» халықаралық қаржы орталығы жақында жариялаған зерттеуінде дүниежүзіндегі және Қазақстандағы парниктік газдар мен ауаны ластау көздерінің бірі негізінен қазбалы отынмен қамтамасыз етілетін көлік секторы саналады делінеді. Электромобильдер біздің елімізде де жиі жүйткі бастады. Қазір Қазақстанда 4,4 млн жеңіл автомобиль бар болса, соның 4,7 мыңы – электр энергиясын тұтынатын көліктер (отандық автопарктің 0,11 пайызы). Қазақстанда соңғы жылдары электромобильдердің саны қарқынды өсіп келеді, алайда электр отынмен жүретін көліктердің үлесі әлі де аз, жоғарыда айтқанымыздай 1 пайыздан кем. Бұл тұрғыда жасыл көлікке көшуді ынталандыру үшін көлік салығынан және утиль алымнан босату сияқты түрлі

шаралар енгізілуде. Сарапшылардың айтуынша, дегенмен бензин немесе электр көлігін сатып алудың бастапқы құнының жоғары болуы, қуаттау стансалары инфрақұрылымының дамымағаны, мамандандырылған қызметтердің және қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етудің жоқтығы сияқты кедергілер әлі де бар. [1]

Мәселе. Электромобиль қандай токпен жұмыс істейді? Электромобильдерде айналу үшін асинхронды электр қозғалтқышы қолданылады. Ол айнымалы токпен жұмыс істейді. Бұрыштық жылдамдық индукциялық қозғалтқышқа қосылған үш қызғылт сары сымның фазаларындағы синустардың жиілігімен анықталады. Әдетте қозғалтқыштың жанында оның осіне тікелей механикалық беріліс қорабы бекітіледі. Электромобильде генератор бар ма? Бензинмен жүретін көліктерде аккумуляторды зарядтау үшін механикалық энергияны электр энергиясына айналдыратын шағын электр генераторы ретінде 65 әрекет ететін генератор қолданылады. Екінші жағынан, электромобильдерде шкив жүйелері бар қозғалтқыштар жоқ, сондықтан оларда генератор жоқ. Электромобиль неше вольтта жұмыс істейді? - Электромобильдердің барлық тарту батареялары жоғары кернеулерде жұмыс істейді (350-ден 800 вольтқа дейін), бірақ көп тізбекті қорғаныс жүйесі электр тогының соғу қаупін іс жүзінде жояды. -Li – Ion-бұл батареялардың құрамы бойынша мүлдем басқа топтың атауы. Олар литий-кобальт, литий-марганец, литий-темір-фосфат, литий-титанат және т.б., соның ішінде қоспалар негізінде. Электромобиль 1 зарядта қанша қашықтықты жүріп өтеді? Электрокардың диапазоны-бұл тартқыш батареяның бір толық зарядында жүре алатын километрдегі максималды қашықтық. Батареяның сыйымдылығы, сондай-ақ электр қозғалтқышының және машинаның бүкіл қуат желісінің энергия тиімділігі неғұрлым көп болса, соғұрлым ол осы көрсеткішке ие болады. Бұл электромобильді пайдаланудың дербестігі мен практикалығына тікелей әсер етеді. Қазіргі заманғы модельдер оңтайлы қозғалыс жағдайында орта есеппен 300-500 км жолды еңсере алады. Tesla электромобилін толық зарядтау үшін орташа есеппен қанша уақыт қажет? Зарядтау әдісі, қуат шығысы, Tesla моделі және батарея сыйымдылығы сіздің көлігіңіздің желіге қанша уақыт қосылуы керектігін анықтайды. Дегенмен, Егер сізде Tesla батареясы таусылған болса және толық зарядтау қажет болса, біз сізге шамамен зарядтау уақытын бере аламыз. Міне, Tesla-ны толық зарядтауға қанша уақыт кететінін бағалау: 1 деңгей (220 В): 20-дан 40 сағатқа дейін 2 деңгей (240 В): 8-ден 12 сағатқа дейін 3 деңгей (480 в): 15-тен 25 минутқа дейін Шанақтың астында асинхронды қозғалтқышты (индукциялық) және Инверторды көруге болады.

Жұмыс Автомобиль көлігін электрлендіру. Электромобиль технологиясының дамуымен көбірек автомобиль өндірушілер электр автомобильдерін өндіруге көшуде. Бұл зиянды заттардың шығарындыларын азайтуға және мұнай өнімдеріне тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

Экологиялық әсерді азайту. Жаңа технологиялар мен материалдарды әзірлеу автокөліктің қоршаған ортаға зиянды әсерін азайтуға мүмкіндік береді.

Мысалы, биоотынды пайдалану, CO₂ шығарындыларын және басқа зиянды заттарды азайту. [2]

Мақсаты «Соңғы кезде жеке сектордың электромобильдерді пайдалануға көше бастағанын байқаймыз. Бүгінгі таңда қазақстандық компаниялар электромобильдер мен электроавтобустарды қоса алғанда, компаниялардың электр көлігін зарядтау үшін ЖЭК-пен жұмыс істейтін дербес қуаттау станциясын орнату бойынша жобаларды іске асыруда. Атап айтқанда, компаниялардың автокөлік тұрақтарында қуаттау станциялары орнатылады және іргелес аумақта немесе ғимараттың төбесінде күнэлектрлік жүйесі немесе жел электр қондырғысы сияқты жаңартылатын энергия көздерінің объектілері орнатылады. *Осылайша, қуаттау станциялары ЖЭК нысандарынан электр энергиясын алады және жаңартылатын көздерден электр энергиясы арқылы электр көлігіне қуат беру қамтамасыз етіледі, бұл компанияның көміртегі шығарындыларын азайтады және экологиялық таза қызметке ықпал етеді*», делінген арнайы зерттеуде.

Зерттеу нәтижелері «Қазақстанда қашықтығы 500 км, қуаты 350 кВт және аккумулятор сыйымдылығы 85 кВт/сағ (Tesla) электр көлігімен жүрудің әрбір километрінің құны 8,5 теңгені құрайды (қалалық циклде). Салыстыру үшін, бензин бағінің көлемі 60 литр болатын Toyota Camry (XV70) 2,5 автокөлігінің әрбір шақырымына жанармай құны 19,06 теңгені құрайды (қалалық циклде АИ 92 бағасы 205 теңге болған жағдайда қалалық циклде 100 шақырымға 9,3 литр жаққанда). Еліміз бойынша жыл сайынғы орташа жүріс 20 000 километрді ескере отырып, электромобильді қайта қуаттауға арналған жылдық шығындар 1 кВт/сағ үшін 50 теңге мөлшеріндегі тарифті ескере отырып, 170000 теңгені құрайды, бұл ішкі жану қозғалтқышы бар автомобильді ұстауға арналған жылдық шығындардан 2,7 есе арзан»

Қорытынды

Электромобильдердің басты артықшылығы – олардың қалалардағы ауа сапасын жақсартуға қосатын үлесі. Электрлі қозғалтқышы бар көліктер ауаға көмірқышқыл газын бөлмейді. Яғни бұл электротранспорт ауаның ластануын айтарлықтай төмендетеді деген сөз. Бір жыл ішінде бір электромобильдің өзі орташа есеппен ауадағы 1,5 миллион грамм көмірқышқыл газының төмендеуіне ықпал етеді. Өз кезегінде бұл тыныс ауру жолдарының ауруларының азаюына, озон қабатын сақтауға жағдай жасайды. Мұнымен қоса, электромобильдерді қолдану жаһандық жылынды баяулатуға септігін тигізеді. [3]

Электромобильді зарядтауға кететін электр энергиясының құны бірдей қашықтықта жүрген қарапайым көлікке құйылатын жанармайдан 40%-ға арзанырақ. Ал, егер электрокар күн көзінен немесе ақысыз станцияларында қуатталса, онда көлік шығыны тіпті төмендейді.

Қорытындылай келе, электротранспортты қаланың инфрақұрылымына негізделген көлік деп атауға болады. Алдағы уақытта электромобильдердің әлемдегі үлесі артатыны сөзсіз, бұл тенденцияны қазірдің өзінде байқауға болады. Сол себепті де электротранспорт нарығының дамуына және халықты

электромобильге көшуге ынталандыру үшін мемлекет тарапынан көңіл бөлінуі қажет.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. <https://kz.kursiv.media/kk/2023-10-12/qzht-elektpomobil-zhasyl/>
2. © Педагогтарды дамыту басқармасы "Талап" КЕАҚ, 2024
3. <https://stan.kz/news-348833/>

ЭНЕРГИЯНЫ КҮННЕН АЛУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫН ЖАСАУ

Студент Алтай Д., 3 курс, «Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі: Алекешов Г.Х., арнайы пән оқытушысы

Зерттеу жұмысының өзектілігі:

Біздің ғылыми жобамызда баламалы күн энергиясы арқылы электр энергиясын алу қарастырылды, күн батареяларының түрлеріне шолу жасалынды, баламалы күн энергиясының параметрлері есептеліп, күн батареяларының модельдеріне тоқталып өтілді. Сонымен бірге күн батареяларын есептеу әрекеттері мен олардың артықшылықтары көрсетілген. Техникалық бөлімінде жиілігі 13 кГц, кернеуі 6 кВ электр қондырғысын баламалы күн энергиясымен қоректендіру үрдісі тәжірбие жүзінде зерттелді. Есептеу бөлімінде жобаның есептеу әдістері қарастырылды.

Тақырыптың өзектілігі: 1) Баламалы күн энергиясы арқылы электр қондырғыларын электр энергиясымен қоректендіру;

Зерттеудің міндеті: Қондырғының жұмыс істеу принципі, күннің неге энергия көзі болып табылатынын зерттеп, қазіргі кезде күн сәулелерін пайдаланудың маңыздылығын көрсету

Зерттеу жұмысының дерек көздері: Күн энергиясының тиімді және тиімсіз жақтарын зерттеудің материалы ретінде деректер, түсіндірме, оқулықтар мен ғылыми еңбектер алынды.

Болжам: осы тақырыпты зерттей отырып, біз болашақта энергияны толықтай табиғаттан (күн, жел, теңіз толқындары) алуға болады деген болжамға келдік.

Зерттеу әдіс-тәсілдері: зерттеу барысында өз бетімен іздеу, мағұлмат алу, жинақтау, салыстыру, талдау әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық және практикалық мәні: зерттеу барысында жинақтаған материалдарды және алынған нәтижелерді алдағы уақытта осы тақырыпты терең зерттеу жұмыстарына, тірек-сызба жасауда, класстан тыс жұмыстарда пайдалануға болады.

Зерттеудің жаңалығы: Күн электр станциясы – экологиялық тұрғыда таза, дыбыссыз, қауіпсіз әрі пайдалануға ыңғайлы, оның үстіне өз құнын 100 % ақтайтын тиімді қондырғы. Жұмыс істеу мерзімі шамамен 30 жылды құрайды.

Зерттеу жұмысының құрлымы: ғылыми жоба кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайданылған әдебиеттерден тұрады.

XXI ғасырдың басында адамзат дәстүрлі энергия көздерінің тозуы мен нашар өзгеруіне байланысты болашаққа бағытталған энергетикалық

проблемаларды шешу жолдарына тап болды. Күн - сарқылмайтын, экологиялық қауіпсіз және арзан көз энергиясы. Сарапшылардың пікірінше, күн энергиясының мөлшері апта ішінде жер бетіне еніп, барлық энергиясы әлемдік мұнай, газ, уран және көмір қорларынан асады. Күн энергиясы «таза» және ол планетаның экологиясына кері әсерін тигізбейді. Қазіргі уақытта әлемнің ғалымдары энергияның жаңа көзін жыл өткен сайын іздестіріп келуде. Атом энергетикасының келешегіне қауіп төніп, көптеген елдер баламалы қуат көздері туралы ойлана бастады. Сондықтан да күн батареяларының қымбаттығына қарамастан, энергия өндіру бағытында қуат көздерін құру бүгінгі және болашақ үшін өте маңызды. Күн энергетикасы дегеніміз – дәстүрлі емес энергетика бағыттарының бірі. Ол күннің сәулеленуін пайдаланып қандай да бір түрдегі энергияны алуға негізделген. Күн энергетикасы энергия көзінің сарқылмайтын түрі болып табылады, әрі экологиялық жағынан да еш зияны жоқ. Күн энергиясын электр энергиясына айналдыратын қондырғылардың бірі – Күн батареялары. Күн батареясы немесе фотоэлектрлік генератор – Күн сәулесінің энергиясын электр энергиясына айналдыратын шала өткізгішті фотоэлектрлік түрлендіргіштен тұратын ток көзі. Күн энергиясын қолданысқа енгізу оңай емес. Өйткені күн энергиясын алатын тиімді қондырғылардың құны да қымбат. Күн электр станциясы – экологиялық тұрғыда таза, дыбыссыз, қауіпсіз әрі пайдалануға ыңғайлы, оның үстіне өз құнын 100 % ақтайтын тиімді қондырғы. Жұмыс істеу мерзімі шамамен 30 жылды құрайды.

Баламалы күн энергиясы арқылы электр қондырғыларын электр энергиясымен қоректендіру.

Күн батареялары Күн батареялары – күн энергиясын тікелей электр энергиясына айналдыратын жартылай өткізгіш құрылғы.

Күн батареясы немесе фотоэлектрлік генератор – Күн сәулесінің энергиясын электр энергиясына айналдыратын шала өткізгішті фотоэлектрлік түрлендіргіштен тұратын ток көзі. Көптеген тізбектей-параллель қосылған ФЭТ-тер. Жеке ФЭТ-тің электр қозғаушы күші 0,5-0,55 В-қа тең және ол оның ауданына тәуелсіз (1 см² ауданға келетін қысқа тұйықталу тогының шамасы – 35-40 мА). Күн батареясындағы ток шамасы оның жарықтану жағдайына байланысты. Яғни күн сәулелері Күн бетіне перпендикуляр түскенде, ол ең үлкен мәніне жетеді. Қазіргі уақытта көбінесе фотоэлектрлік түрлендіргіш кеңінен қолданылады. Фотоэлектрлік түрлендіргіште энергияның бір түрден екінші түрге ауысуы біртекті емес жартылай өткізгіш құрылғыларда күн сәулесінің әсерінен пайда болатын фотовольттық әсерге негізделген. Түрлендірудің тиімділігі жартылай өткізгіш элементтің электрофизикалық сипаттамасына, түрлендіргіштің оптикалық қасиеттеріне байланысты [1]. Күн батареяларында шикізат ретінде кремний қолданылады. Күн кремнийінің жоғары құны фотоэнергетиканың дамуын тежейтін фактор болып табылатындықтан, әр түрлі елдердің ғалымдары оның құнын төмендететін кремнийді алудың жаңа технологияларын әзірлеуде. Алайда, күн кремнийіне сұраныс өте жылдам өседі және ұсыныстардан озық жүреді. Қазіргі уақытта 2300 тонна ұсынған кезде сұраныс жылына 5-6 тоннаға жетеді, сондықтан күн кремнийін емес, неғұрлым жоғары жартылай өткізгіштік сапасындағы

кремнийді пайдалану арқылы тапшылық жабылады. Күн сәулеленуінен электр энергиясы мен жылу алудың бірнеше әдістері бар: - Электр энергиясын фотоэлементтер көмегімен алу; - Күн энергиясын жылу машиналардың көмегі арқылы электр энергиясына айналдыру.

Тақырыптың ашылып зерттелу кезеңдері:

1 кезең: ғылыми зерттеу жұмысына нақты зерттелу тақырыбын тандап, мақсат қою;

2 кезең: тақырып төңірегінде зерттеу нысандарын анықтау;

3 кезең: ғылыми жұмыс мазмұның ашатындай нақтылы мәліметтер мен мысалдар жинау;

4 кезең: колледжішілік және қалалық деңгейдегі ғылыми конференцияға қатысып, ғылыми – зерттеу жұмысының нәтижесін көрсету.

1 кезең:

Күн сәулесінен энергия алу дегеніміз—дәстүрлі емес энергетика бағыттарының бірі. Ол күннің сәулеленуін пайдаланып қандай да бір түрдегі энергияны алуға негізделген. Күннің сәулеленуі – Жердегі энергия көзінің негізгі түрі. Күн сәулесі арқылы тікелей жылытуға немесе фотоэлементтер көмегімен энергияны қайта өңдеу арқылы электр энергиясын алуға не басқа да пайдалы жұмыстарды атқаруға болады.

Күн батареясын тұрғын үйлердің шатырларына да орналастырады. Күн батареясының тұрғындарға зияны жоқ, тұрмыс-тіршілікке кедергі келтірмейді.

Үйдің шатырына орнатылған Күн батареясы жиі ауыстыруды, орнынан қозғауды қажет етпейді.

Алайда Күн батареясының жұмысына ауа райы әсер етуі мүмкін. Күн көзін бұлт көлегейлегенде батареяның энергия шығаруында кедергі болуы мүмкін. Күн батареясы орнатылған тұрғын - үйлер күндіз Күн батареясымен қуаттанса, түнде энергия қордаланған қосымша батареяны пайдалануға болады.

2 кезең:

Сонымен бірге зерттеулер жүргізіп жүріп мынандай жағдайларға тап болдық.

Күн батареяларында шикізат ретінде кремний қолданылады. Күн кремнийінің жоғары құны қол жетімсіз болғандықтан, әр түрлі елдердің ғалымдары оның құнын төмендететін кремнийді алудың жаңа технологияларын әзірлеуде. Алайда, күн кремнийіне сұраныс өте жылдам өседі және ұсыныстардан озық жүреді.

Күн электр стансасы – экологиялық тұрғыда таза, дыбыссыз, қауіпсіз әрі пайдалануға ыңғайлы, оның үстіне өз құнын 100 пайыз ақтайтын тиімді қондырғы. Жұмыс істеу мерзімі шамамен 10 жыл.

3.1. Күн батареяларының қолдану аймағы

Жер бетіндегі энергия ресурстарының шектеулілігі күн энергетикасын дамытуды қажет етеді. Күн энергиясы қоршаған ортаға қауіпсіз, экологиялық таза және оны алу жолдары қиын емес. Жарты ғасырдан артық уақытта ғалымдар күн энергиясын алу және пайдаланудың түрлі жолдарын іздестірді. Күн технологияларын 4 топқа бөлуге болады: *активті, пассивті, тура және тура емес(жанана).*

Активті – Күн энергиясы жарықтандыруда, вентиляцияда, ыстық сумен жабдықтауда қолданылады.

Пассивті – активтіден жүйе контурында механизмдердің болмауымен ерекшеленеді.

Тура – күн энергиясын түрлендіретін бір деңгейлік жүйелер.

Жанама – қажетті энергия түрін алу үшін көп деңгейлік түрленулер мен трансформациялау жүйелері.

Күн энергетикасының пассивті технологияларын қолданудың бір әдісі тұрғын үйлер мен кеңселерді жарықпен қамтамасыз ету, электр шамдарының орнына күн сәулесін пайдалану. Қазіргі кезде оның жетілдірілген түрі кеңінен қолданылады. Бұл құрылғы отынды пайдалануды алмастырып, экологиялық жағдайдың жақсаруына әсерін тигізеді. Күнмен қыздыру құрылғыларын резервуардағы суды жылытуға, шаруашылық қажеттіліктеріне қолданады.

Қазақстандағы нағыз балама қуат көздері болып табылады. Энергия мен қорларды үнемдейтін технологияларды дамыту барған сайын өзекті мәселеге айналып барады.

Энергияны күннен алудың тиімді, тиімсіз жолдары

Күн энергиясын пайдаланудың өзіндік артықшылықтарымен қатар кемшіліктері де бар.

Атап айтсақ, артықшылықтары:

- 1) Күн энергиясы бәріне бірдей қолжетімді;
- 2) ол сарқылмайды;
- 3) қоршаған ортаға қауіпсіз.

Кемшіліктері:

- 1) Ауа райы мен тәуліктің уақытына тәуелді;
- 2) Күн энергиясын алу үшін қолданылатын құрылғылардың қымбаттылығы;
- 3) Оны шағылдыратын бетті периодты түрде тазалап отыру қажет;
- 4) Электр станциясының жанында атмосфера ысып кетеді;
- 5) Энергияны аккумуляциялау қажет.

Соған қарамастан Күн энергетикасына деген сұраныстар жыл сайын артып келеді. Әр елдің ғалымдары осы қосымша энергия түріне ерекше мән беріп, оны дамыту жолдарын қарастырумен айналысуда. Осыған орай Күн энергиясын электр энергиясына айналдыратын құрылғыларды пайдалану деңгейі жылдан-жылға өсіп келеді.

Күн батареясының инновациялық потенциалының маңызын асыра бағалау қиын, өйткені ол даладағы шам әрі ірі кәсіпорын үшін электр қуатының көзі болып табылады.

Қорыта келе айтарым күн энергиясын өз мақсатымыз үшін пайдаланудың болашағы зор. Ғалымдардың болжауынша 2050 жылға қарай Күн энергиясы адамзаттың электр энергиясына деген 20-25%-дай қажеттілігін өтей алады.

Күннен өндірілетін энергияның адамзат үшін сарқылмайтын байлық екендігіне әбден көз жеткізуге болады деп ойлаймыз. Келешекте бұл тақырыбым өз жалғасын табатына сенімдімін және жалғастырамын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 [https://ru.wikipedia.org/wiki/Солнечная энергия](https://ru.wikipedia.org/wiki/Солнечная_энергия)

2 <http://www.findpatent.ru/patent/236/2366828.html>

3 <https://motocarrello.ru/jelektrotehnologii/1821-vetrogenerator-kupit.html>

4. Интернет материалдары: www.bnews.kz веб-сайтынан, www.kazembassy.ru www.azattyq.org сайтынан алынды.

5. Мақала: Күн батареясы.–“Қазақстан” ұлттық энциклопедиясы. 5-том, 127-бет. Алматы, 2003 жыл.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕГІ АВТОНОМДЫ КӨЛІКТЕР: ҚАЗАҚСТАН ҮШІН БОЛАШАҒЫ МЕН ҚАУІПТЕРІ

Студент Амангелді Қ., 4 курс, «Ақтөбе техника – технологиялық колледжі»
ЖМ

Ғылыми жетекшісі: Амитова Г.Д., арнайы пән оқытушысы

Өзектілігі: Автономды көлік жүйелері әлем бойынша кең таралуда, әсіресе АҚШ, Еуропа және Қытай сияқты елдерде. Бұл технологиялар тасымалдауды қауіпсіз, тиімді және экологиялық таза етуге бағытталған. Қазақстанның әлемдік трендтерден артта қалмауы және осы инновацияларды өз экономикасы мен инфрақұрылымына енгізуі маңызды. Қазақстан үшін өзекті, себебі ол елдің экономикалық, технологиялық және әлеуметтік дамуына жаңа мүмкіндіктер ашады. Алайда, осы технологияны енгізу үшін заңнамалық базаны нығайту, инфрақұрылымды дамыту және қауіпсіздік мәселелерін шешу қажет.

Мәселе: Қазақстанда жасанды интеллект негізіндегі автономды көліктерді енгізу бірнеше мәселелерге тап болуы мүмкін. Біріншіден, заңнамалық база жоқ, сондықтан апат жағдайларындағы жауапкершілік, деректерді қорғау және көлік иесінің міндеттері сияқты мәселелерді реттеу қажет. Инфрақұрылымның жетіспеушілігі де кедергі болады, себебі арнайы жолдар, сенсорлар және смарт-жүйелер қажет. Киберқауіпсіздік тәуекелдері мен хакерлік шабуылдар да қауіп тудыруы мүмкін. Экономикалық тұрғыдан, автономды көліктер жұмыссыздыққа және үлкен қаржылық шығындарға әкелуі ықтимал. Сонымен қатар, қоғамның бұл технологияға деген сенімсіздігі мен моральдық мәселелер де кедергі болуы мүмкін. Техникалық қызмет көрсету мен мамандардың тапшылығы да қиындық туғызады. Бұл мәселелерді шешу үшін кешенді шаралар мен реформалар қажет.

Жұмыстың мақсаты: Қазақстанда жасанды интеллект негізіндегі автономды көліктердің мүмкіндіктерін зерттеп, олардың еліміздің көлік инфрақұрылымы мен заңнамасына ықпалын бағалау. Сонымен қатар, осы технологияның енгізілуіне байланысты туындауы мүмкін қауіптерді, экономикалық және әлеуметтік әсерлерді, киберқауіпсіздік мәселелерін, қоғамның қабылдауына қатысты мәселелерді анықтау. Зерттеу нәтижесінде, Қазақстанның жағдайында автономды көліктерді тиімді және қауіпсіз енгізу үшін қажетті шаралар мен ұсыныстарды әзірлеу.

Міндеттері:

1. Қазақстанда автономды көліктерді енгізу перспективалары.

2. Мемлекет пен жеке сектордың рөлі.
3. Қазақстанда автономды көліктерді енгізу перспективалары.

Қазақстан ауқымды аумағы бар және кейбір шалғай аймақтарда көлік инфрақұрылымы әлсіз дамыған ел. Бұл автономды көліктерді пайдалануға мүмкіндік беретін маңызды фактор болып табылады. Олар көптеген мәселелерді шешудің тиімді құралы бола алады: Қазақстанның шалғайдағы ауылдық және таулы аймақтарына қарапайым көлікпен жету қиын. Автономды көліктер адамдарды, жүктерді және медициналық көмекті осындай аудандарға жеткізу үшін қолданылуы мүмкін, бұл жергілікті халықтың өмір сүру сапасын айтарлықтай жақсартады. Алматы мен Астана сияқты ірі қалаларда көлік кептелісі маңызды проблема болып отыр. Автономды көліктер дәстүрлі автомобильдерге балама ретінде жол жүктемесін азайтып, қаланың жалпы көлік жағдайын жақсартады. Автономды көліктерді енгізу өндіріс, пайдалану және қызмет көрсетуге байланысты жаңа жұмыс орындарын және салаларды құруға мүмкіндік береді. Қазақстанда авиациялық техника өндіру тәжірибесі бар, бұл болашақта автономды көлік саласын дамытуға негіз бола алады.

Мемлекет пен жеке сектордың рөлі. Қазақстанда автономды көліктерді сәтті енгізу үшін мемлекет пен жеке сектордың белсенді қолдауы қажет. Мемлекеттік бағдарламалар аясында көлік инфрақұрылымын жаңғырту, салықтық жеңілдіктер, субсидиялар және технологияларды дамыту үшін жағдай жасау маңызды рөл атқара алады. Жеке компаниялар автономды көліктерді әзірлеу мен өндіруге, сондай-ақ осындай көліктерді пайдалана отырып жолаушылар мен жүк тасымалдау қызметтерін құруға қызығушылық таныта алады.

Зерттеу нәтижелері: Алғашқы көзқараста автономды көліктерді пайдалану қымбат шешім болып көрінуі мүмкін, бірақ технологиялардың дамуы мен жаппай өндірістің өсуімен олардың құны төмендеуі мүмкін. Автономды көліктер ұзақ мерзімді перспективада, әсіресе шалғай аудандарға тасымалдау үшін, экономикалық тұрғыдан тиімді болуы ықтимал. Сонымен қатар, жолдар салу мен оларды күтіп ұстау сияқты инфрақұрылым шығындарын азайтуға көмектеседі.

Автономды көліктер шалғай аудандардағы адамдар үшін медициналық және әлеуметтік қызметтерге қолжетімділікті айтарлықтай жақсарта алады. Бұл мұндай аймақтарда өмір сапасын арттырудың шешуші факторы болуы мүмкін. Сонымен бірге, электр көліктері мен гибридті автономды көліктерді қолдану ауаның ластану деңгейі жоғары қалаларда атмосфераға зиянды шығарындыларды айтарлықтай төмендетеді.

Қазақстанда автономды көліктерді енгізу үшін инженерлер мен жүргізушілерден бастап операторлар мен техникалық қызмет көрсету персоналына дейін мамандарды оқыту қажет болады. Бұл білім беру мен ғылым жүйесін дамытудың, сондай-ақ жаңа салалар үшін білікті кадрларды даярлаудың маңызды қадамына айналуы мүмкін.

Дегенмен, Қазақстанда автономды көліктерді енгізу бірқатар проблемаларға тап болуы мүмкін: Қазіргі уақытта Қазақстанда автономды көліктерге арналған инфрақұрылым, мысалы, қону алаңдары мен электрлік

нұсқалар үшін зарядтау станциялары дамымаған. Мұндай инфрақұрылымды әзірлеу айтарлықтай инвестицияларды талап етеді. Елде автономды көліктерді пайдалану үшін нақты нормативтік-құқықтық база жоқ. Ұшулардың қауіпсіздігін, жүргізушілерді лицензиялау, әуе кеңістігін пайдалану және техникалық қызмет көрсету стандарттарын реттейтін заңнаманы әзірлеу маңызды. Техникалық жетістіктерге қарамастан, қауіпсіздік — басты мәселе. Автономды көліктер жолаушылар мен айналадағы адамдар үшін толықтай қауіпсіз болуы керек. Бұл жоғары қауіпсіздік стандарттарын енгізуді және қатаң тексерулерді қажет етеді.

Қорытындылар: Автономды көліктер Қазақстан үшін көлік қолжетімділігін жақсарту, сондай-ақ экономикалық және экологиялық артықшылықтар тұрғысынан үлкен әлеуетке ие. Инфрақұрылым, заңнама және қауіпсіздікке қатысты қолданыстағы мәселелерге қарамастан, Қазақстанда автономды көліктерді енгізу көлік жүйесі мен ел экономикасын дамытуда маңызды қадам бола алады. Жаңа технологиялардың даму үрдістерін ескере отырып, Қазақстан болашақта автономды көліктерді белсенді пайдаланатын елдердің бірі бола алады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. «The Future of Transportation: Autonomous Vehicles and Air Mobility» (авторы George J. Penfold)
2. «Autonomous Cars: Risks and Opportunities» (авторы Michael L. Scott)
3. Қосымша интернет ресурстар (мысалы, wikipedia.org).

ҰМЫТ БОЛҒАН ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫНЫҢ ДАЙЫНДАЛУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАҢҒЫРТУ, ДӘРІПТЕУ

Студент Әбеусағит Т., 2 курс, «Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекші: Әлімжан Н.Б., өндірістік оқыту шебері

Ұмыт болып бара жатырған көне ұлттық тағамдарымыздың дайындалу технологиясын жаңғырту, дәріптеу мақсатында ізденіс үстінде болдым. Себебі қазіргі таңда жасөспірім өзімен қатар құрбы-құрдастарым, орта жас буыны бұл көне тағам түрлерін статистика бойынша шамамен 100 пайыздан 20-25 пайызы білетін болып шықты. Сол себепті бүгінгі таңда өзіме қызықты болған, зерттеу барысында ешбір зияны жоқ, халқымыздың ұлттық мүддемізді көтеру мақсатында осы тақырыбым таңдалды.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: қазіргі таңда ұмыт болып бара жатқан ет тағамдарын зерттеу, жасалу технологиясының өзгешелігін, адам ағзасына пайдасының, көптеген ауруларға ем екенін кейінгі ұрпақтың яғни, біз жастардың, бұл тағам түрлерінің қолданылмауы алаңдатады. Қазіргі таңда шет елдің фаст-фуд тағамдарының орынына, өзіміздің қазақтың көнерген ұлттық тағамдарымызды жаңғыртсақ екен. Себебі, фаст-фуд тағамдары адам денсаулыққа өте зиян.

Зерттеу болжамы: қазақ халқының көнерген ет тағамдарының жасалу технологиясын зерттеу, олардың адам ағзасына пайдасын, қазіргі таңдағы жас ұрпаққа дәріптеу.

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Қазақ халқының ұлттық тағамдарын саралау арқылы ұмыт болып бара жатқан тағамдарымызды зерттеу, олардың адам ағзасына пайдасын анықтау арқылы маңызын көрсету. Өзіндік ерекшеліктерін зерделеу, жаңғырту, дәріптеу.

Зерттеу жүргізу әдісі:

- Материалды жинау, талдау, қорыту және жүйелеу;
- Қазақтың ұмыт болып бара жатқан ұлттық тағамдарымен танысу;
- Бұл тағамдардың қазақ халқының өмірінде алатын орнын көрсету;
- Адам денсаулығына пайдасын қарастыру;
- Тыңдаушыларға ұлттық тағамдардың пайдасы туралы айту, зерттеу жұмысымен таныстыру. Бұрыннан белгілі мәліметтерге аналитикалық талдау жасау.

Тақырыптың тәрбиелік мәні: Ұлтымыздың көнерген тағамдарын жаңғырту, дәріптеу.

Тақырыпты зерттеу кезеңдері: Ұмыт болған қазақтың ұлттық тағамдарын жаңғырту, дәріптеу.

1 кезең: зерттеу тақырыбын таңдау және ғылыми-зерттеу жұмысының мақсатын қою;

2 кезең: ұмыт болған қазақтың ұлттық тағамдарына теориялық жағынан мағлұмат беру;

3 кезең: меңгерген теориялық біліммен зерттеу жұмысын жасау;

4 кезең: колледжішілік және қалалық ғылыми конференцияларға қатысу, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін көрсету.

Практикалық маңызы:

Қазіргі кезде қазақ халқының көптеген ұлттық тағамдары уақыт өте келе жойылып, ұмытылып барады. Сол ұлттық тағамдарымыздың өмірдегі маңыздылығын қарастыра отырып, асханалар мен мейрамханаларда ұмытылып бара жатқан тағамдарды ас мәзіріне енгізу арқылы насихаттау жұмыстарын күшейту.

Аннотация

Ғылыми жұмысты жазу барысында білім алушы халқымыздың ұмыт болып бара жатырған ұлттық тағамдарын негізге ала отырып жазған. Онда ұлттық тағамдардың шығу тарихына көз жүгірте отырып, ұмытылып бара жатқан тағамдарды жинақтап, жеке-жеке түсінік бере отырып, олардың даярлау әдістеріне тоқтаған.

Тағамдардың адам ағзасына пайдасын зерттей келе оларды күнделікті ас мәзіріне пайдалануды да ұсынған.

Тұрғындар арасында сауалнама жүргізе отырып, қазіргі күнде адамдардың ұлттық тағамдарға деген көзқарастарын саралаған. Өз ойын қорытындылай келе жасаған ұсыныстары да көңілге қонымды, алға қойған мақсаты бойынша ұмыт болған қазақтың ұлттық тағамдарын жаңғыртып, дәріптей алды.

Бұл ғылыми жұмыста қазақ халқының өмірінде маңызды рөл атқаратын ұлттық тағамдарын, оның ішінде ұмыт болып бара жатқан тағамдар туралы айтқымыз келеді.

Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған әрі қастерлей білген. Халқымыз адам өмірінде тамақтың орнын тіршілікке қажетті құндылықтардың бәрінен де жоғары қойған. Бұған «астан үлкен емессің» немесе «арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен», «асты қорлама құстырар», «ас атасы – нан» деген нақыл сөздері куә. Бұл сөздер қалай айтылса да, қай заманда айтылса да халық асты құрметтеу мен бағалаудың жолын да, жөн жосығын да, оны дәмді етіп әзірлеудің көзін, кезін, ретін, жолын таба білген. Ел мен елді татуластыру, жақсылар мен жайсандарға құрмет көрсету, үй иесінің мырзалығы мен мәрттік қасиеттерін де, ел дәулеті мен қарым қабілет, түсінігін де қазақ кең дастархан арқылы яғни ас, қонақасы арқылы көрсеткен. Сырттан келген кісілер де елді қонақасы берудің жолы мен жөні арқылы сынап, бағасын берген. Демек ұлт мәдениетінде тамақ, дәм таттыру – экономикалық, дипломатиялық және тәлім-тәрбиелік қызмет атқарған.

Тамақтану, соның ішінде дұрыс тамақтану – адамзат қоғамының алдында тұрған ең маңызды мәселелердің бірі.

Тағам мен тамақтану жүйесі дәстүрлі қоғамдық мәдениеттің көптеген басқа элементтеріне қарағанда кез келген халықтың шаруашылық hareketімен тығыз байланысты болады. Дәстүрлі тамақтану жүйесі халықтың мәдени-әлеуметтік дамуының мәселелерін зерттеуде де өзіндік ерекше орын алады. Адамдардың физиологиялық қажеттілігі бола отырып, тағам қоғамның барлық тарихи кезеңдерінде әлеуметтік өмірдің барлық саласына қатысы бар деуге болады. Қазақ халқының тұрмысында барлық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жосын-жоралғылардың жүйесі тағамды дайындау және аспен сыйлау мен оны қабылдау жүйесімен біте қайнасып жатады. Тағам мен тамақтану жүйесі адамдардың тұрмыстық қарым-қатынастарының барлық қырын қамтитын үлкен мәдени әлеуметтік қызмет атқарады.

Ет пен сүт тағамдарының қолданылу ара салмағы көшпелінің шаруашылықты ұйымдастыруының науқандық маусымына тікелей байланысты болады.

Ұмытылып бара жатқан тағамдарға мына тағамдарды жатқызар едім:

Қарынбөртпе – ел арасында сирек дайындалатын өте дәмді тағам. Көбінесе жаңа сойылған малдың етінен, бауырынан қосып, ұн мен араластырып, қарынға салып пісіреді. Сойылған қойдың іш майын, етін, бауырын өте ұсақтап турайды. Фарштың үстіне бидай ұнын, сарымсақ, бұрыш, тұз салып жақсылап араластырады. Дайын болған фаршты қарынға не бүйенге салады. Бүйенге салса бір шеті тұйық болады да, екінші ашық ұшын жіңішкертіп жонылған ағаш істекпен түйреп байлайды. Қарынға салса да бір шеті солай түйреліп байланады. Бұжы қайнап жатырғанда бұжыны аудармалап, әр жерінен істікпен шаншып желін шығарып отырады. Ол, қазандағы суға толық батып, баяу жанған оттың табында 1,5-2 сағат қайнауы керек. Дастарқанға қарын бөрітпені жылылай да, суытып та қоюға болады. Қасына әсемдік үшін пияз және басқа да көкөністер салады.

Салмасына ортамен: 300 г іш май, 500 г ет, 300 г бауыр, 300 г бидай ұны, 3 бас сарымсақ, 1 шай қасық бұрыш, 1 ас қасық тұз керек.

Бұл тағам да кәделі тағамдар қатарына жатады. Мұны қонақ күте білетін ауыл адамдары жақсы біледі, арнайы әзірлейді.

Әсіп– қазақ халқында ертеде әсіп дайындауда әсіпке жаңа сойылған малдың қанын жылыдай қосқан, себебі қанының құрамында адам ағзасына пайдалы 13 түрлі витамин бар. Қазақ халқында ерік жігердің, күш қуаттың болуымен байланыстырады.

Мен үй жағдайында белгілі ережелерді сақтай отырып қойдың бүйенінен әсіпті дайындап көрдім, дайындалу технологиясы оңай.

3. Раков В.А. Локомотивы отечественных железных дорог (1956—1975 гг.): производственно-практическое издание / В.А. Раков. — Москва: «Транспорт», 1999. — 433 с.
4. <https://railtrain.pro/> (дата обращения:20.01.2024)
5. https://ru.wikipedia.org/wiki/Заглавная_страница (дата обращения:21.12.2023)

3 СЕКЦИЯ

«ТАРИХ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ/ ИСТОРИЯ И ФИЛОЛОГИЯ»

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Студент Айтқұлов Н., 2 курс, «Қостанай құрылыс колледжі» КҚМК
Ғылыми жетекшісі: Кушегалина А.М., қазақ тілі мен әдебиет пән оқытушысы

Тақырыптың өзектілігі.

Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі екенін, тыйым сөздер екенін білеміз. Қазіргі жастардың өмірге деген көзқарастары. Өскелең ұрпақты полиэтникалық мәдениет арқылы әдеп, әліппесін, соның ішінде тыйым сөздер арқылы ақыл-ой өрістерін кеңейту және көрсету.

Тақырыптың мақсаты.

«Тыйым сөздер» тақырыбын тереңірек зерттеп, күнделікті өмірде қолдану-қолданбаудың себебін ашу. Ең бастысы осы тақырыпқа мектеп оқулықтары авторларының филолог-ғалымдардың назарын аудару.

Зерттеудің болжамы.

Балабақшадан бастап оқу мекемелерінде тек қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында ғана емес басқа да сабақтарда тыйым сөздерді пайдалану арқылы жас ұрпақты тәрбиелеуге көңіл бөлу. Әдіскер-ұстаздар әдістемелік құрал жасайды, оған заман талабына сай мазмұны жаңарған тыйым сөздер енгізеді.

Зерттеудің мәселесі.

Қазақ тілі мен әдебиет бағдарламасында қарастырылмаған «Тыйым сөздер» тақырыбы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам-Адал еңбек-Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде: Біз ұлттық бірегейлігімізді нығайтуымыз қажет. Жалпы, дүние жүзіндегі әр ұлт-бірегей. Мұны дұрыс түсінуіміз керек. Ұлтымыздың бірегейлігі бұл-оның табысты болуы деген сөз... Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек. Ұлттың жаңа болмысы білім, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы қалыптасады. Осы үш бағытты рухани даму саласындағы жұмыстың мызғымас ұштағаны деуге болады» деп атап өткен болатын. Әрбір ата-ана саналы ұрпақ өсіруге баса мән беруге тиіс.

Өз презенттерін ұлттық мұраны қастерлеуге, ата-ананың өсиетін тыңдауға, қазақтілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиеленуі керек. Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу, ұлттық мұраға ұқыпты қарау, қоғам игілігі үшін қызмет ету, ұлттық мәдениетті дәріптеу, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту. Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу, салауатты өмір салтын ұстану, денсаулықты қадірлеу әр адамның парызы деп білеміз. Жас ұрпақты табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға, табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеуге және еңбекқорлыққа баулуға тиіспіз. Балабақша, мектеп, колледж, жоғарғы оқу орындары-білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің де ордасы. Баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіру-ұстаздың міндеті.

Бүкіл әлемнің қақпасы тіл арқылы ашылады. Тіл-достықтың дәнекершісі және ертеңгі болашағымыз сол тіл арқылы сыр шертеді. Сондықтан әрбір азамат мемлекеттік тілді терең меңгеріп қолдануы тиіс. Тіл қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі құдіретті. Ол әрбір адамда ана сүтімен бірге қалыптасады. Тіл байлығы, сөздік қор-әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан қалып отыратын баға жетпес мұра.

Тіл-қоғам өмірін ұйымдастырушы күш болуымен бірге, әлеуметтік және экономикалық өрлеу мен дамудың, халық пен қоғам өміріндегі өзгерістер мен жаңалықтар айнасы. Халықтың тарихта қалуы тіліне байланысты. Тіл-халықтың жаны, сәні, дәлірек айтқанда тұтастай кескін-келбеті. Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі. Өйткені халқымыз дәрежеге емес, дәстүрге бағынған.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы-өзінің өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ал жастарды, жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік әдептілік, елін-жерін, Отанын сүюшілік сияқты ең асыл қасиеттерін жас ұрпаққа күнделікті тұрмыста үнемі үйретіп, қаны мен жанына сіңіріп келеді. Адамның жарық дүниеге келген күннен бастап, оның есейіп кәрттайғанша өмірі салт-дәстүрімен байланысты. Әсіресе, «өнер алды қызыл тіл», жер астында жатқанды-қазбай қарап тіл табар» деп саналы сөзді сары алтыннан артық бағалаған халқымыз тілді тәрбиенің пәрменді құралы, ақыл-ойдың асылқоймасы деп таныды. Бір топ тыйым сөздер әдептілік мінез-құлықты сіңіруге, тазалық сақтауға арналған. Қазақ халқы ертеден тән сұлулығына жан сұлулығына ерекше мән берген. Адамға жан сұлулығымен қоса тән сұлулығы бірдей болғаны жарасады дегенді жастарға үнемі айтып отырған. Қазақтың айтыс өлеңдерінде, терме-толғауларында, бесік жырларында, ертегі аңыз-әңгімелерінде, мақал-мәтел, нақыл сөздерінде, тыйым сөздерінде ел тағдыры, келешек ұрпақ қамы, ел бостандығы, адамгершілік, ар-ождан мәселелері жан-жақты сөз болып, ақыл-өсиет, насихат түрінде айтылған. Қазақ халқының тіршілік тынысы: төрт түлік мал өсіру мен егіншілік, балықшылық, аңшылық кәсіпкерге үйретудің әдіс-тәсілдері, адамдардың туыстық-отбасылық қарым-қатынасы, ұлттық мейрамдар-бәрі тіл арқылы тәрбиелеуді көздеген.

Өскелең ұрпақтың полиэтникалық мәдениетте ұлттық сезім әсерлі болуы, нақышты ой айшылықтары көркем сөз өнері оның ең асылы-ауыз әдебиеті арқылы адамның қанына сіңген. Солардың ішінде өскелең ұрпақты полиэтникалық мәдениет түрінде тәрбиелеу сөздерінің де орны ерекше.

Мысалы, жастарға ғибраты мол мына бір бата үлгісін келтіруге болады:

«Құрық деп берсем-құл болма,

Шыбық деп берсем-шіл болма»

«Құл болма, шіл болма» - деп болымсыз етістіктер түрінде тыйым сөздер беріледі.

Қазақ халқының көне заманнан бері тәрбиенің көзі-тыйым сөздер арқылы жастардың ой-санасына жақсы әдет қалыптастырған. Мысалы, «босағаны керме», «үйге жүгіріп кірме» деген тыйым сөздер жаман хабар естіртуден сақтасын дегенді білдірген. «Аяғыңды көкке көтерме», «адамға қарап есінеме, түкірме, орынсыз күлме», «көп сөйлеме», «тіліңді шығарма», «саусағыңды аузыңа салма», «мұрныңды шұқыма» деген тыйым сөздер әдептілікке, мәдениеттілікке үйретеді.

Тыйым сөздер есі кірген балаларға жаман әдет, жат пиғыл, орынсыз қылықтеріс мінездерден сақтандырып отырған. Мысалы, «тізені құшақтау-жалғыз қалудың, қолды төбеге қою-ел-жұрттан безінудің, үлкеннің жолын кесу-әдепсіздіктің, асты төгу-ысыраптың белгісі деп таныған және ондай ерсі істерге қатаң тыйым салған. Мұндай тыйым сөздер ел ішінде өте көп.

Бір топ тыйым сөздер әдептілік мінез-құлықты сіңіруге, тазалық сақтауға арналған. Мысалы: «төрге қарап жүреңнер отырма», «сыпырғыш пен баланы ұрма», «итке ожаумен ас құйма», «суға түкірме», «шашыңды жайма», «өтірік жылама», «қолыңды қусырма», шелектегі суға аузыңды батырма», «таңдайыңды қақпа, басыңды шайқама», «жаман әдетті үйренбе», «кісі төсегіне отырма», «тырнағыңды тістеме», т.б.

Халқымыз асты қастерленген», дастарған басында мәдениеттілік» керек деген қағиданы ұстаған мысалы: «дастарқанды, асты аттама,баспа», «тамақты төкпе», «тұзды баспа», «нанды жерге тастама, үстіне басқа зат қойма», «құдыққа түкірме», «ақты төкпе», нанды бір қолыңмен үзбе», «асты үрleme, асты жамандама», «тамықты сораптап ішпе», «асты қорлама», «сол қолымен тамақ ішпе», «таңертеңгі асты тастама».

Қазақ халқы ертеден тән сұлулығына жан сұлулығына ерекше мән берген.Адамға жан сұлулығымен қоса тән сұлулығы бірдей болғаны жарасады дегенді жастарға үнемі айтып отырған. «Шашыңды жайма ,таза ұста», «шашыңды жұлма», «тырнағыңды өсірме», «мұртыңды өсірме» деген тыйым сөздер сұлулыққа,тазалыққа тәрбиелейді.

Халықтың күн көрісі, тұрмыс-тіршілігі төрт түлік малға байланысты дедік жесе азық, кесе-киім, мінсе-көлік дегендей, көшпелі жағдайда өмір сүрген қазақ халқы үшін төрт түлік мал тіршілік тірегі болды. Өзінің тұрмыс-тіршілігінде осындай ерекше орын алған,пайдасы тиіп,қызметі сіңген төрт түлік мал жайында қазақ халқы неше түрлі әңгіме, жыр, өлеңдер шығарған. Бұлардың бәрінде де мал шаруашылығымен кәсіп еткен адамның төрт түлік жайындағы көзқарасы ой-арманы, тілек-мүддесікөрініп отырады. Осы тақырыпқа мына

тыйым сөздер пайда болған: «малды теппе», «малды басқа ұрма», «малға зәбір жасама», «малды аттама», «малдың өрісін бұзба».

Табиғат-дүниедегі тіршілік атаулының анасы. Табиғатты аялау планетада тіршілік ететін әрбір саналы азаматтың парызы деген идея осыдан туындап отыр. Қазақ халқының табиғатқа деген сүйіспеншілік сезіліп олардың осындай аңыз-ертегілері мен мақал – мәтел, афоризм сөздерімен басқа күнделікті тұрмыстық тұтыну заттарында түсірілген ою-өрнектерінен де көруге болады. Мысалы, түскиізге түсірілген өрнектер даланың хош иісті гүл бәйшешегін, бұлақ суларын, тау жоталарын бейнелесе, сырмақтарға әшекейлеп салынған қошқар мүйіз, құс тұмсықтар мен қарлығаш қанаттарын көз алдына елестетеді. Қазақтың баласына «шөпті жұлма-көктей соласың», деп өсиет айтуы киіз үйді кез келген жерге тікпей, өткен жылғы жұртқа тігуі, ағын суға кір шайқамауы, т.б. шөп пен суды қастерлеуден туған ырымдар. Қазақтың қарғысының үлкені «көктей солғыр», «көктемегір», «ұяң бұзылғыр» болып келуі де тектен тек емес. Бір жәндікті құрту өзге жән діктерге зиян келтіреді, сол арқылы адам баласының күн көрісіне залалын тигізеді деп есептелген. Табиғат сырын терең білмей, оған қалай болса-солай шабуыл жасау үлкен апатқа әкеп соғатынын тарих дәлелдеп отыр. «Аққуды атпа(киесі соғады)», «түнде мал санама», «құмырсқа илеуін бұзба», «құстың ұясын бұзба», «жалғыз ағашты кеспе» (ол қыста белгі жазда пана ретінде сақталған) «жәндікті жәбірлеме», т.б. тыйым сөздер табиғатты аялап қорғауға тәрбиелейді. Тыйым сөздерде жастарға өнеге айту, тәлім-тәрбие беру көзделеді. Мысалы; «кісі мініне күлме, кемтарға күлме», «табалдырықты баспа», «үлкендердің сөзін бөлме», «адамға пышақ, мылтық кезенбе», «жақын адамға пышақ сыйлама», «бейуақытта ұйықтама», «үйде ысқырма», «адамды айналма», «кісі айыбын бетіне баспа», «бетіңді сызба», «өтірік ауырма», «дініңді ұмытпа, ұлтыңды сатпа, арыңды сатпа», « намазды бұзба», «шақырмаған жерге барма», «әйелге күш көрсетпе».

Ата-анаға, үлкендерге құрмет көрсету мына сөздерде беріледі «ата –анаңа қарсы келме», «үлкеннен бұрын сөйлеме», «үлкеннің бетінен алма», «үлкеннен бұрын отырма». Мына тыйым сөздер жамандықтан қашық бол, жамандық шақырма дегенді білдіреді: «бүйіріңді таянба, жер таянба, иегіңді таянба», «бетіңді баспа», «өтірік жылама», «бос бесікті тербетпе», «құранды, тамақты баспа», «бейуақытта жылама», «ойбайлама»; «пышақты шалқасынан қойма» (малың пышаққа ілінеді), «таңдайыңды қақпа» (жаман хабар естисің), «қолыңды артыңа ұстама» (қайғылы хабар).

Ғұлама ғалым Махмұт Қашқари «Тәрбие басы-тіл. Әдептің басы-тіл» деген екен. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, бір-ақ шешетін мақал-мәтелдер-халықтың ғасырлар бойы өмір тәжірбиелерінен алынған үлгілі өнегелі сөздер. Мақал-ақыл, өнеге ретінде тұжырымдалып берілген өткір ой қорытындысы. Мәтелде тиянақты ой айтылмайды. Мақал-мәтел түрінде берілетін тыйым сөздер де баршылық.

Халықтың дүниеге көзқарасын, жас буынға айтып ақыл-кеңесін насихаттап, жас ұрпақты адамгершілікке, білімге, кішіпейілділікке, татулыққа

баулуда шешендік сөздердің тәрбиелік мәні зор. Мысалы, Бөлтірік шешеннің «Балаға ақыл» деген сөзін алайық.

Үлкен алдында иіліп сөйле,
Кіші алдында сызылып сөйле,
Иіліп сөйлегеннен белің бүгілмейді,
Сызылып сөйлегеннен сөзің үзілмейді.

Өскелең ұрпақты полиэтникалық мәдениетте тәрбиелеу сөздерінің тәрбиелік рөлінің зор екенін айтсақ артық емес. Ерте замандардан бастап осы күнге дейінгі мәнін жоғалтпаған өсиет сөздерді әдеп әліпшесі деп танымыз. Еліміздің өркендеп дамуы үшін халқын сүйетін, мемлекет мүддесін жоғары ұстайтын, білімді де адал ұрпақ тәрбиелеу аса өзекті мәселелердің бірі ретінде үнемі назарда ұстауды қажет етеді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Қалиев, С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері [Мәтін]: орта мектептің оқу құралы/ С. Қалиев, М. Оразаев.- Алматы: Рауан, 1994.-222 б.
2. Кенжеахметұлы, С. Жеті қазына [Мәтін]: көпшілік оқырманға арналған. 1-ші кітап/ С. Кенжеахметұлы. - Алматы: «Ана тілі», 2003. -136 б.
3. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері [Мәтін] /С. Кенжеахметұлы. - Алматы: Алматыкітап, 2006. - 284 б.
4. Кенжеахметұлы, С. Қазақхалқының тұрмысы мен мәдениеті [Мәтін]: оқу-әдістемелік құрал / С. Кенжеахметұлы. - Алматы: Алматыкітап, 2010. - 384 б.
5. Қазақхалқының ұлттық киімдері/ құрастырған Б. Хинаят, А. Сужиков.- Алматы, Алматыкітап, 2011. - 384 б.

ОРЫС ТІЛІНДЕ ОҚЫТАТЫН МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Айтқазина С.О., магистрант

Ғылыми жетекшісі: Ахтаева Н.Х., PhD, қауымдастырылған профессор
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті

Өзектілігі. Қазіргі таңда Қазақстанда білім кеңістігінде жаңа бағдар жүйесі жүріп жатыр. Бұл жағдай орыс мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиетін жүргізудің талаптарын өзгертуге жол салады. Орыс мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиетін оқытып үйрету қиын да, күрделі жұмыс екенін білеміз. Басқа ұлтқа қазақ тілін оқыту әдістемесі оқушының ана тілінің ерекшелігін ескере отырып, оны үйретудің түрлі тиімді жолдары бар. Орыс тілінде оқытатын мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі орыс тілін оқыту және шет тілдерін оқыту әдістемесімен тығыз байланысты. Орыс тілді мектепте қазақ тілін оқытудың өзіндік көптеген ерекшеліктері кездеседі [1,10 б.].

Қазақ тілін өзге тілді адамдарға оқытудың ең тиімді жолы – тілдік қатынас заңдылықтарын қолдану екендігін қазақ тілін оқыту әдістемесінде алғаш рет зерттеп, дәлелдеген профессор Ф.Ш. Оразбаева болды. Ғалым қатысым әдісін басшылыққа ала отырып, сөйлесім әрекетінің оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым, тілдесім компоненттерін бір мақсатқа

жұмылдыра дамыту арқылы ғана тілді үйренушінің саналы білім алып, сапалы әрекет етуіне мүмкіндік туатынын негіздеді. Қазіргі таңда әлемдік тәжірибеде екінші тілді меңгерту қатысымдық тұлғалардың: сөздің, сөз тіркестерінің, сөйлемнің, мәтіннің үйренуші тілін дамытудағы орны анық белгіленген. Бірақ әр тілдің өзінің табиғи болмысына қарай оларды қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақ тілін меңгертуде оқушылардың әрбір сөздің мағынасына мән беруіне ерекше көңіл бөлінгені дұрыс. Өйткені сөз – тілдік қатынастың ең маңызды құралы.

Проблема. Мемлекеттік тілді қазіргі заман талабына сай оқыту, оқытудың тиімді жолдарын жүйелеп ұсыну барлық қазақ тілі мұғалімдерінің басты мәселесі болып табылады. Мұғалімдер орыс сыныптарындағы оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлеп, өз ойларын еркін жеткізе алуларына баса назар аударса, өз ойын еркін жеткізіп, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізуге бағытталады. Қазақ тілін орыс мектептерінде оқыту мәселесі ең өзекті мәселелердің бірі. Тілді оқытуда жаңа технологияларды жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, оны жүйелі қолдану да үлкен талап туғызады [2, 22 б.]. Осыған негізделе отырып мақала **мақсаты** тұжырымдалды: орыс сыныптарында оқылатын қазақ тілінде оқушыларды қазақша сөйлеуін үйретуде тиімді оқыту технологияларын табу және қолдану. Мақсатқа қол жеткізуде келесі **міндеттер** қойылды:

1. Қарастырылып жатқан тақырып бойынша ғылыми әдебиетке талдау жасау;
2. Қазақ тілін оқытуда тиімді әдістерді, стратегияларды іріктеп алу;
3. Қазақ тілін оқытуда тиімді әдістерді, стратегияларды қолдану

Зерттеу нәтижелері. Қазақ тілін оқытуда оқушының тілін дамытып, сөз байлығын арттыру - ең маңызды жұмыстардың бірі. Орыс сыныптарындағы оқушылар қазақ тілі сабақтарында берілген мәтіндер мен тапсырмаларды дұрыс түсініп, мәтін бойынша сұрақтарға дұрыс жауап қайтаруға, қазақ тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдануға, сөйлемді дұрыс құруға үйренеді. Ал оны жүзеге асыру үшін, әр түрлі оқыту әдіс-тәсілдерін пайдалану, қызықты тіл дамыту тапсырмаларын және тақырыпқа сәйкес танымдық тапсырмалар арқылы қызықтыра оқыту керек. Қазіргі заман талабы бойынша мұғалімдер әр түрлі жаңа технологияларды қазіргі өз тәжірибелерінде қолданып жүр. Ең бастысы оқу, сөйлеу, талдау, жазу жұмыстарына мұқият көңіл бөлу.

Орыс тілінде оқылатын мектептерде қазақ тілін оқытуда көптеген әдістер мен тәсілдерді қолдануға болады. Мысалы, Табиғиәдіс. Тілді үйретудегі табиғи әдіс (Krashen & Terrell, 1995) сыныптағы тапсырмаларда кітаптағы мәтіндерді емес, оқуға арналған нақты материалдарды (мысалы, брошюралар, үндеухат, веб-парақтар) пайдалана отырып және оларды шынайы өмірмен байланыстыра отырып, неғұрлым мазмұнды етуге тырысады. Табиғи әдісті пайдалана отырып, мұғалім түсінік қалыптастыруға және қарым-қатынас орнатуға ықпал етіп, оқушылар арасында шынайы байланыс орнатып отырады. Табиғи әдіске сәйкес келетін мынадай жаттығуларды мысалға келтіруге болады:

1. Мұғалімнің әңгімесі сыныптағы объектілерге және суреттердің мазмұнына шоғырланады;

2. Мұғалім сұрақ қойғанда, бір сөзбен тұратын жауап беруге жағдай жасайды. Яғни сұрақтар иә/жоқ деп жауап берілетін сұрақтардан бастап кеңейтілген жауап талап ететін сұраққа қарай біртіндеп сұрақтардан бастап кеңейтілген жауап талап ететін сұраққа қарай біртіндеп күрделене береді.

3. Жаттығулар тілдік нысандарды қолдануға емес, негізінен қарым-қатынас жасауға бағытталауы керек;

4. Мұғалім жетекшілігімен жұптық және топтық жұмыс жүргізу. Табиғи әдіс техникалары әдетте «Тыңдау-көру-орындау» және «тіл үйренушілер қоғамдастығы» сияқты тәсілдермен бірге қолданылады [3,11 б.].

Табиғи әдіс қолданған кезде, жоғарыда айтылып кеткендей, «Тыңдау-көру-орындау» тәсілдері де қолданыла алады. ТКО жаттығуларын орындау кезінде оқушылар мұғалім ұсынып отырған тапсырманы қазақ тілінде түсіне алады. Сабақта суреттерді, дене қимылын және іс-әрекеттерді пайдалану арқылы белгілі бір түсінік пайда болады. Сол арқылы оқушылар «кіріспе ақпаратты» түсінеді және өздерінің түсінгенін тіл арқылы емес, дене қимылымен көрсете алады. Себебі, оқушылар дене қимылымен жауап бергенде, бұл қимыл ол сөздің оның жадысында орын алып, өзара байланысты сөздік қалыптастырады. ТКО жаттығуының қадамдары: мұғалім қарапайым ТКО командаларын береді, мысалы, «орындарыңнан тұрыңдар», «бұрылыңдар», мұғалім ТКО әдісін денеге, сандарға және бірнәрсенің ретін үйрету үшін қолданады, мысалы, «бірінші, мұрынымызды ұстаймыз. Одан кейін үш рет басымызды ұстаймыз». Мұғалім сыныпта қолданылатын сөздермен таныстырады, мысалы, «Есікке барып, үш рет қақ», «Қарындашты алып, пеналға сал». Мұғалім жаңа сөздермен таныстыру үшін суреттер мен түрлі тірек құрал-дарын қолданады. Суреттерді қолданатын болса, мұғалім беске дейін жаңа сөз енгізе алады. Мысалы, «Қоңыр ит нан жеп отыр». Мұғалім суретті көрсетіп, бір сөзбен жауап беруге болатын сұрақ қояды: «Кімде иттің суреті бар?».

Мұғалім сурет туралы сөздерді ТКО командаларымен арластырып қолданады. Мысалы, «Иттің суретін тап та, оны үстелге қой». Суретке қатысты сөздер қолданылған сөйлемдерді пайдаланады, мысалы, «Егер сенде жануардың суреті болса, мұрыныңды ұста» [3,12 б.]. Сонымен қатар, тілді оқытудың коммуникациялық әдістемесінің қағидаларын ұстанатын мұғалімдер грамматикалық тұрғыдан сауатты сөйлем құрылып, грамматика ережелерінің сақталуына қарағанда, тілдің қарым-қатынас үшін қолдануына баса көңіл бөледі. Тіл үйренушілер қоғамдастығы (ТҮҚ) әдісін қолданатын мұғалімдер оқушылардың тілді әртүрлі мақсатта және түрлі адамдар алдында қалай қолдану мен оны қалай өзгерту керек екенін, мәтіннің түрлерін қалай түсіну және оларды қалай өңдеу керектігін үйретуге ұмтылады. Тіл үйренушілер қоғамдастығының жаттығулары: «Ақпараттағы ақау» жаттығуы - оқушылар рөлдік ойын арқылы жаттығады. «Пазл» әдісі - оқушылар бүтін мәтін жасау үшін ақпараттың түрлі бөліктерін біріктіреді. Тапсырманы аяқтауға арналған жаттығулар - оқушылар ақпарат жинап, оларды сыныпқа таныстырады. Пікір алмасу жаттығулары. Тапсырманы аяқтауға арналған жаттығулар: ДЖИГСО, ойын, карта. Жоба жұмысы. Ақпарат жинау жаттығулары: зерттеу, сұхбат,

іздігі. Ақпарат беруге арналған жаттығулар - оқушылар белгілі бір нысанда таныстырылған ақпаратты алып, басқа нысанда таныстырады. Белгілі бір сөзбен екі диалог жүргізу, карточкалардың көмегімен жүретін рөлдік ойын, «Қатесін тап» ойыны және т.б. [3,12 б.].

Қорытынды. Орыс тілді мектептердегі қазақ тілі сабағында оқушылардың сөйлеу тілін танымдық тапсырмалар арқылы дамытуға болады. Танымдық тапсырмалар – мәтіндегі жаңа сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді түсіндіруде қолданады. Сабақ сайын үйретілетін жаңа сөздер бойынша, яғни сөздік жұмысында іске асады. Басқа тілді үйретуде ең нәтижелі және жиі қолданылады. «Ұлттық тағамдар» тақырыбын өткен кезде тағамдардың суретін көрсету арқылы немесе сыныпта оқушыларға ұлттық тағамдарды көрсету арқылы жүзеге асып отырады. Ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсарин: «Балаға айтып түсіндіргеннен гөрі, қолымен ұстап, көзімен көріп, мұрнымен иіскеп түсіндірген сабақ ұғымды» деген. Бұл әдісті – спорт түрлері, пайдалы тағамдар, жеміс- жидектер, оқу құралдары, ойыншықтар тағы да басқа тақырыптарда жүзеге асыруға болады [4, 8 б.].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1.Тұрсынғалиева С.Ч., Берекенова Ә.С. Қазақ әдебиеті. Әдістемелік құрал. «Арман-ПВ» баспасы, 2013
- 2.Хабаршы. ҚазМҚПИ ғылыми журнал. Филология сериясы. №5 (2). 2007. 38б.
- 3.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы «Мұғалімге арналған нұсқаулық»-2016 ж., - 40 б.
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» республикалық ғылыми-педагогикалық басылым, 2007жыл №8, 24-25бет

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН – ЖАС ҰРПАҚҚА ҮЛГІ ӨНЕГЕ

Студенттер Байтебенова Н., Балғабай К., 1 курс, «Рудный тау- кентехнологиялық колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі: АзбароваШ.А., жалпы білім беру пәнінен оқытушы

Тақырып өзектілігі:

Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге арттыруда жастарды патриотизмге және ұлттық мәдениетке тәрбиелеу және еңбекке құрмет көрсету сияқты қасиеттерді насихаттай отырып, жас ұрпақтың адамгершілік, азаматтық және рухани қасиеттерін қалыптастыру.

Мәселесі: Сәкен Сейфуллин шығармашылығының басты идеялары мен тақырыптары жас ұрпаққа үлгі өнеге бола алады ма?

Зерттеудің мақсаты:

Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығының жас ұрпақтың патриоттық сезімін, азаматтық жауапкершілігін және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда қаншалықты маңызды екенін көрсету, сондай-ақ оның білім беру жүйесінде қолдану жолдарын ұсыну.

Міндеттері:

1. Сәкен Сейфуллиннің негізгі шығармаларын және олардың тәрбиелік әлеуетін зерттеу.

2. Оның шығармашылығының басты идеялары мен тақырыптарын талдау.

3. Шығармаларын оқу орындарында қолдану әдістерін қарастыру.

4. Сәкен Сейфуллин шығармашылығын қолдану арқылы жастарды тәрбиелеуден күтілетін нәтижелерді бағалау.

Сәкен Сейфуллин – ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті өкілдерінің бірі, ақын, жазушы, қоғам қайраткері. Ол өз өмірі мен шығармашылығын әлеуметтік әділеттілік, халықтың теңдігі мен құқықтарын қорғау жолына арнады. Сәкен Сейфуллиннің әдеби шығармалары оның әлеуметтік әділеттілікке деген адалдығын айқын көрсетеді. Оның өлеңдері мен прозалық шығармаларында әділетсіздікке қарсы наразылық, еңбекші халықтың мүддесін қорғау идеялары көрініс тапқан.

Мысалы, «Көкшетау» поэмасы қазақ халқының бай мәдениеті мен табиғатының сұлулығын дәріптей отырып, халықтың өміріндегі әділетсіздікті бейнелейді. Ал «Тар жол, тайғақ кешу» романы – қазақ халқының төңкеріс кезеңіндегі қиын тағдырын суреттейтін маңызды шығарма. Сәкен Сейфуллиннің әділеттілік үшін күресі оның өміріне қауіп төндірді. Ол сталиндік репрессия жылдарында жазықсыз айыпталып, 1938 жылы атылды. Оның өмірі мен қызметі әділетсіздікке қарсы күрестің батырлық үлгісі ретінде мәңгі есте қалды.

Сәкен Сейфуллин – әлеуметтік әділеттілік пен ұлттық сана үшін күрескен қайраткер. Оның шығармалары мен қоғамдық қызметі қазақ халқының рухани байлығы мен тәуелсіздікке ұмтылысын айқындайды. Сәкеннің өмір жолы – әділеттілікке, теңдікке және азаттыққа ұмтылған әрбір ұрпаққа өнеге.

Сәкен Сейфуллин қазақ тілінің дамуына ерекше көңіл бөлді. Ол қазақ тілінің тазалығы мен байлығын сақтауға ұмтылды. Оның шығармалары көркем тілді қолдану шеберлігімен ерекшеленеді. Сәкеннің өлеңдері мен прозалық шығармалары қазақ әдеби тілінің нормаларын бекітуге және оны кеңінен қолдануға ықпал етті. Сонымен қатар, ол қазақ тілінде оқулықтар мен әдістемелік құралдар дайындауға да атсалысты.

Сәкен Сейфуллин халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинақтап, зерттеуге үлкен үлес қосты. Ол қазақтың бай ауыз әдебиеті мұрасын сақтап қалу және оны болашақ ұрпаққа жеткізу мақсатында түрлі материалдарды жинап, оларды әдеби шығармаларында қолданды.

Бұл жұмыс ұлттық мәдениетіміздің баға жетпес мұрасын сақтауға көмектесті. Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығы қазақ халқының ұлттық санасын оятуға, рухани жаңғыруына ықпал етті. Оның шығармалары арқылы қазақ халқы өз тарихын, мәдениетін және тілін тереңірек түсінуге мүмкіндік алды. Сәкеннің туындылары жастарды білімге, отансүйгіштікке және әділеттілікке тәрбиелеуде маңызды рөл атқарды.

Сәкен Сейфуллин — тек өз дәуірінің емес, бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін де маңызды тұлға. Оның мұрасы әлі де зерттеліп, бағаланып, насихаттала бермек.

Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты шығармасы – қазақ әдебиетіндегі тарихи және көркем мемуарлық жанрдың ең үздік үлгілерінің бірі. Бұл шығармада автор өзінің өмір жолындағы күрделі кезеңдерді, яғни Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс пен 1917 жылғы революциядан кейінгі қиын-қыстау жылдарды сипаттайды. «Тар жол, тайғақ кешу» повесі Қазақстанның саяси-әлеуметтік тарихының ең күрделі кезеңдерін қамтиды. Сейфуллин бұл еңбегінде қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің және революциялық қозғалыстың шынайы бейнесін көрсетеді. Ол өз көзқарастары арқылы қазақ даласындағы саяси оқиғалардың ішкі қайшылықтары мен тарихи маңызын баяндайды. Повесте автордың өзі куә болған оқиғалар баяндалады. «Тар жол, тайғақ кешу» – тек тарихи оқиғаларды сипаттап қана қоймай, сол замандағы қазақ халқының рухын, қайсарлығын, қиындықтарға қарамастан, азаттық үшін күресін ашып көрсететін құнды еңбек.

Сәкен Сейфуллиннің шығармалары колледж бағдарламасына интеграциялау – қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасының мұрасын жас ұрпаққа жеткізудің тиімді жолы. Оның поэзиясы мен прозасы жастарға елді сүю, қоғамға қызмет ету, және әділдік үшін күресудің маңыздылығын түсіндіреді. Оқу бағдарламасына интеграциялау тәсілдері: Тақырыптық сабақтар өткізу арқылы Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын әдебиет сабақтарында қазақ қоғамының түрлі тарихи кезеңдерін талқылау барысында енгізу. Мысалы, Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы арқылы Қазақстанның ХХ ғасырдың басындағы тарихи оқиғаларын талдау. Оқушыларға Сейфуллин шығармалары бойынша сахналық қойылымдар жасау, өлеңдерін жатқа айту немесе шығармаларын заманауи көзқараспен қайта түсіндіру сияқты тапсырмалар беру. Сейфуллин шығармаларын интерактивті форматта ұсыну (аудиокітаптар, мультимедиалық материалдар, анимациялық бейнероликтер). Онлайн платформаларда шығармалары бойынша тесттер мен талқылау алаңдарын ұйымдастыру. Оның поэзиясы мен қысқа әңгімелерін талдау, мазмұндық ерекшеліктеріне назар аудару. Сәкен шығармашылығын колледж бағдарламасында оқыту оқушылардың рухани дүниесін байытып, патриоттық тәрбие беруге ықпал етеді. Сабақтарды әртүрлі формада ұйымдастыру оның шығармашылық мұрасын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын қазіргі заманғы әдістермен қалай танытуға болатыны туралы ұсыныстар қарастырылады. Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын Instagram, Facebook, TikTok сияқты платформаларда бөлісуге болады. Қысқа видеолар, аудиофрагменттер немесе шығармаларының үзінділерін стильді дизайнмен безендіріп, кең аудиторияға жеткізу тиімді.

Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы туралы деректі фильмдер, анимациялар немесе талқылау подкасттарын жасау – шығармаларын жаңа форматта ұсынудың бір жолы. Оның шығармалары мен өміріне арналған интерактивті виртуалды мұражай құру – заманауи тәсілдердің бірі. Мұндай мұражайда пайдаланушылар ақынның өмір жолын 3D форматта көріп, оның еңбектерімен таныса алады. Сейфуллин шығармаларының үзінділерін QR-код арқылы кітаптардан немесе көшелердегі арнайы тақтайшалардан оқуға болады.

Зерттеу нәтижелері: Сәкен Сейфуллиннің әдеби шығармалары оның әлеуметтік әділеттілікке деген адалдығын айқын көрсетеді. Сәкеннің өмір жолы – әділеттілікке, теңдікке және азаттыққа ұмтылған әрбір ұрпаққа үлгі өнеге. Шығармалары қазақ халқының ұлттық санана оятуға, рухани жаңғыруына ықпал етеді. Сәкен Сейфуллиннің шығармалары колледж бағдарламасына сағаттар қосу және басқа пәндермен интеграциялау.

Қорытынды: Сәкеннің шығармашылығын зерттеп, оны келешек ұрпаққа жеткізу – баршамыздың ортақ міндетіміз. Қазіргі заманғы әдістермен және сандық технология арқылы әртүрлі формада ұйымдастыру оның шығармашылық мұрасын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Сәкен әндерінің құндылығы мен көркемдік ерекшелігі » Educational Sciences Index
2. Сәкеннің сырлы кітаптары | Seifullin
3. Дүйсен Н. «Әдебиеттің бүгінгі бет-бейнесі» – Алматы ақшамы газеті, 2022 ж. 20 қыркүйек, № 21
4. Қайрат Байбосынов - Сәкен Сейфуллин "Көкшетау"
5. Қайрат Б. «Сәкен Сейфуллиннің әдеби мұрасы» – Әдебиет айнасы журналы, 2022 ж. қараша, № 8.

ТАРИХ САБАҒЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Студент Бижанов Н., 2 курс, №1 Алматы қазақ гуманитарлық педагогикалық колледжі

1. Кіріспе

- Жасанды интеллект (ЖИ) — бұл компьютерлік жүйелер мен ағдарламалардың адам интеллектісін имитациялау қабілеті.

- Тарих сабақтарында ЖИ қолдану білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, олардың оқу үдерісін тиімді және интербелсенді етеді.

- Бұл баяндамада ЖИ-ді тарих сабағында тиімді қолдану жолдары мен мүмкіндіктері қарастырылған.

2. Жасанды интеллекттің тарих сабақтарында қолданудың артықшылықтары

- Білім алушылардың қызығушылығын арттыру: ЖИ негізінде жасалған ойындар, виртуалды экскурсиялар, интербелсенді платформалар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

- Адаптивті оқыту жүйесі: ЖИ білім алушылардың деңгейіне сәйкес материалдарды ұсыну арқылы әр білім алушыға өзіндік жеке көзқарас қалыптастырады.

- Тиімді кері байланыс: ЖИ арқылы білім алушыға жылдам кері байланыс беру, жіберген қателерін түзету, оқыған материалдарды жақсы меңгеруге көмектесу.

- Қолжетімді ресурстар: ЖИ-дің көмегімен тарихи деректерге қол жеткізу жеңілдейді, оқу материалдарын әртүрлі дерек көздерден алу мүмкіндігі пайда болады.

3. Жасанды интеллектінің қолданылу әдістері

3.1 Интерактивті платформалар мен қосымшалар

- Генеративті тарихи ойындар мен викториналар: Тарихи кезеңдер мен оқиғаларды тереңірек әрі жақсы түсіну үшін интербелсенді викториналар мен ойындарды пайдалану.

- Виртуалды экскурсиялар: ЖИ-дің көмегімен тарихи орындарды виртуалды түрде шарлап, олар туралы толық мәлімет алу.

- Кеңейтілген шындық (AR) және виртуалды шындық (VR): Тарихи оқиғаларды немесе археологиялық қазбаларды шынайы бейнелейтін виртуалды орталар жасау.

3.2 Ақпараттық анализ және деректерді өңдеу

- Тарихи деректерді автоматты түрде талдау: ЖИ деректерді өңдеу арқылы тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы сараптама жүргізуге жағдай жасайды.

- Мәтіндерді талдау: ЖИ тарихи деректерді, құжаттарды және әдеби шығармаларды талдай отырып, мағыналы қорытындылар ұсынады.

3.3 Қысқаша мазмұндама және түсіндірме

- Тарихи тақырыптар бойынша қорытынды жасау: ЖИ оқушылардың өткен сабақтарын тез арада шолып, негізгі ұғымдар мен идеяларды түсіндіруге көмектеседі.

- Резюме мен реферат жазуға көмек: ЖИ жүйелері оқушыларға белгілі бір тақырып бойынша ақпарат жинап, реферат немесе эссе жазуға көмек бере алады.

4. Қолдану кезінде туындайтын мәселелер мен шешімдер

- Ақпараттың сапасы мен дәлдігі: ЖИ қолданатын деректердің сапасы маңызды. Осы мәселені шешу үшін әрине сенімді дереккөздермен ғана жұмыс жасаған жөн.

- Технологиялық инфрақұрылым: ЖИ қолдануға қажетті құралдар мен ресурстардың бола бермеуі мүмкін. Бұл мәселе алдымен білім мекемелерін цифрландыруды арттыруымен шешілуі мүмкін.

- Мұғалімдердің дайындығы: Мұғалімдерге әрдайым ЖИ құралдарын тиімді пайдалануға арналған арнайы курстар мен тренингтер ұйымдастырып тұру қажет.

5. Қорытынды

- Тарих сабақтарында жасанды интеллектіні тиімді пайдалану — бұл білім берудің сапасын арттыратын, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратын маңызды құрал.

- ЖИ технологияларының дамуы арқылы тарих сабағын интербелсенді, қызықты және тиімді етіп өткізудің мүмкіндігі пайда болады.

- Мұғалімдер мен білім беру мекемелері осы технологияларды тиімді әрі дұрыс қолдану үшін қажетті инфрақұрылым мен тұрақты біліктілікті қамтамасыз етуі қажет.

6. Ұсыныстар

- ЖИ құралдарын оқу бағдарламаларына енгізу: Тарих пәнін оқытуда ЖИ құралдарын жүйелі түрде пайдалану ұсынылады.

- Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру: Мұғалімдерге ЖИ технологияларын қолдану бойынша арнайы курстар мен тренингтер ұйымдастыруды жолға қою.

- Білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту: ЖИ пайдалану кезінде білім алушыларға деректерді талдау және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға жағдай жасау.

Жасанды интеллектіні (ЖИ) пайдалану арқылы білім алушыларға деректерді және ақпараттарды сараптау және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту.

Жасанды интеллектіні оқу процесінде қолдану білім беру саласын түбегейлі өзгерте алады. Әсіресе, ЖИ білім алушыларға деректерді талдау және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқара алады. Бұл дағдылар қазіргі таңда білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып отыр, себебі олар білім алушылардың өздігінен шешім қабылдауға, мәліметтерді дұрыс бағалауға және сыни тұрғыдан ойлауға қабілетін арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. С.Әлкен. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу. «Қазақстан тарихы» №1 2006 ж
2. Р. Қ. Қарсыбаева. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі. «45-Минут» №1 2009 ж.
3. С.Мирсентова. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. Қарағанды 2011 ж.
4. «Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту». С.Т.Мұхамбетжанова
5. <https://bilim-all.kz/jospar/>

АЛАШТЫҢ БІР АСЫЛЫ – ИМАМ ӘЛІМБЕКОВ

Студенттер Бірлікқызы Д., Тлеуова Ж., 3 курс, М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі

Ғылыми жетекші: Мұқанов Т.К., мәдениеттанушы

1. Жобаның өзектілігі: Бұл тақырып Алаш тарихы және ұлт мәдениетін зерттеу контекстінде маңызды және өзекті. Бұл мемлекетіміздің өткені мен бүгінін пайымдауға, тәуелсіздік жолындағы күрескен зиялыларымыздың тарихи еңбегін түсінуге ықпал етеді. Имам Әлімбеков сынды тарихи тұлғалардың еңбегін бағалау ұлтқа қызмет ететін жастарымыздың бойындағы отансүйгіштік, қайраткерлік қасиеттерді дамытуға, тәуелсіздіктің қадір-қасиетін ұғынуға жол ашады.

2. Жобаның мақсаты мен міндеттері: Есімі ұмытылған Алаш қайраткері Имам Әлімбековтің өмірі мен қызметін зерттеу және тарихи

деректерді қайта жаңғырту. Тарихи тұлғаның ұлт-азаттық қозғалыс тарихындағы алатын орны мен еңбегіне баға беру.

“Алаш” партиясының қайраткері, ағартушы, публицист, «Сарыарқа» газетінің редакторы Имам Әлімбеков. Ол қазақтың саяси көсемдері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков т.б. асыл тұлғаларына серіктес бола білді. Қазақтың жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған арыстарымен бірге Имам Әлімбековтің аты да тоталитарлық жүйе тарапынан ұзақ жылдар бойы датталып, қараланып келді. Еліміз тәуелсіздігін алған кезден бастап халық қамын ойлаған озық ойлы зиялыларымызды қатарында ақталып, еңбектері зерттеліне бастады.

Имам Әлімбеков - (1885 - 17.09.1937) - бұрынғы Семей губерниясы Қарқаралы уезінің Ақсары болысында дүниеге келген. Азан шақырып қойған аты Имаммағзұм. Шыққан тегі Арғын ішінде – Қуандық – Алтай – Мойынның Алдаберген руы. Ауыл молдасынан мұсылманша хат танығаннан соң, Қарқаралыдағы орыс-қырғыз мектебінде оқыған. Алғашқы сатылы мектепті аяқтаған соң, Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. Белгілі ғалым, абайтанушы Қайым Мұхамедхановтың «Алаштың білім ордасы» атты ғылыми-танымдық кітаптың бірінші томында жарияланған «Мұхтар-семинарист» деген мақаласында Имам Әлімбековтің 1906 жылы оқуға түскені баяндалады. [10]. Имам Әлімбеков Семей мұғалімдер семинариясында 1906-1910 жылдары білім алған. Осы оқу орнында көптеген талапты шәкірттермен, соның ішінде қазақтың тұңғыш академигі Қаныштың ағасы алаш қайраткері, ағартушы-педагог Әбікей Сәтбаевпен бірге білім алады [3].

Семейдің мұғалімдер семинариясын аяқтаған Имам Әлімбеков Қазан төңкерісіне дейін Семей мектептері мен гимназияларында мұғалім болды. Сонымен қатар 1910-1913 жылдары ағартушылық, демократиялық қозғалысқа белсене араласа жүріп, халықтың көркем сөз мұрасын жинау, жүйелеу, зерттеу ісіне араласты, баспасөзге мақалалар жазды, аударма жасады.

1917-1919 жылдары Имам Әлімбеков Алаш қозғалысына белсене араласады. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Х.Ғаббасұлы сынды көшбасшы тұлғалармен етене араласып, ағымдағы жағдайға сәйкес тапсырмалар алып, оны жауапкершілікпен орындайды. Алашорда мемлекетін құрудың бағдарламаларын қабылдау туралы қаулы қабылданады да осыларды жүзеге асыру үшін ұйымдастыру бюросы құрылады. Сегіз адамнан тұратын бюроның мүшесі болып Имам Әлімбеков те сайланады. Имам Әлімбеков «Қазақ» газетіндегі «Қазақ халқының тұңғыш съезі» мақаласында Орынбор қаласында болған алғашқы съезінің жұмысына баға беріп, «... бұл өзі қазақтың орыс қоластына кіргеннен бері зор қалыпта құрылған тұңғыш сиезі еді» деп оның саяси маңызын атап жазады [7]. 1917 жыл 12-13 қазанда Семей облыстық Алаш комитетін құратын жиынға қатысып, комитет мүшесі болып бекітіледі (төрағасы – Х.Ғаббасұлы).

Алаш партиясы басшылығының ұйғарымымен Имам Әлімбеков «Қазақ» газетіндегі қызметінен жаңадан ашылған «Сарыарқа» газетіне редактор болып ауысады. «Сарыарқа» газетінде редакторлық қызметте жүріп, болашақ тәуелсіз қазақ автономиясын құру идеясын қолдаушылардың біріне айналады.

Имам Әлімбеков 1918 жылы тамызда Самарада өзін-өзі билеу мәселесін қарастырған Сібірдің төтенше съезіне қатысады. Осы аралықта Алаш милициясы мен Алаштың атты әскер полкін жасақтау ісіне атсалысады. Осы кезеңде Имам Әлімбеков «Алаш» партиясының Семей облыстық ұйымы төрағасының орынбасары, 1918-1919 жылдары шығып тұрған аталмыш партияның орталық үні «Сарыарқа» газетінің бас редакторы болған, сонымен қатар алаштықтардың атты әскер полкін жасақтаушылардың бірі болған,- деп атап көрсетіледі [4]. 1918 жылы Семейге колчакшылар келіп, И.Әлімбековті түрмеге жапқанда, А.Байтұрсынов Омбыға барып, Колчакқа жолығып, босатқызған.

Қайраткер тұлғаның қаламгерлік қыры елге ертерек танымал болып, оның ел тұрмысының сан алуан қырларын шеберлікпен суреттеп, патша өкіметінің отарлау саясатына қарсылық білдірген мақалалары 1910 жылдан бастап Семей, Новосибирск, Омбы қалаларында шығып тұрған орыс тілді газет-журналдарда үнемі басылып тұрған. Бұл турасында Имам Әлімбековтің нағашысы Махат Рахманұлының «Ахаңның Имам деген досы болған» деген мақаласында мынандай ой айтады: «Кейін Орынборда Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газетін шығарғанда Имам Әлімбеков осы газетке Семейден тұрақты түрде мақала жазып тұрды. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсыновтың тапсыруымен патшаның отаршылдық саясатына, әсіресе, келімсектердің көптеп келіп қоныстана бастауына қарсылық білдіріп, Петербургтың, Омбының, Новосибирскінің (Новониколаевск) демократиялық бағытындағы орыс газеттерінде көптеген мақалалары жарық көрді» [7].

Имам Әлімбековтың «Сарыарқа» газетінде жарияланған көлемді мақаласының бірі «1917 жылы 25 маусымдағы 3 санында жарияланған «Естиярлық сыналатын болды» деп аталады. Мақаласында автор қазақ елін басқарудағы патшалық үкіметтің отаршылдық саясатының қаншалықты зиян екендігін атап өтеді.

Алаш қозғалысы таратылып, Кеңес билігі толық орнаған соң, И.Әлімбеков ағартушылық қызметке ден қояды. Қарқаралы уездік оқу бөлімінің меңгерушісі, әдіскер-нұсқаушы, педагогикалық техникум оқытушысы, мектеп мұғалімі жұмыстарын атқарады. 1920 жылдардың аяғында Қарқаралы қаласындағы Алаш зиялыларын тергеу, тексеру әрекеттері Имам Әлімбековке де маза бермей, Мағжан Жұмабайұлының шақыруымен Петропавлға қоныс аударып, осындағы ауылшаруашылығы техникумында ұстаздық етеді.

Имам Әлімбеков «халық жаулары» деген айыппен 1929 жылы қамауға алынып, Голощекинге қастандық жасауды ойластырған топпен байланысты деп айыпталады. Осы «қылмысты іс» бойынша 44 азамат тұтқындалады. Олардың ішінде Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы т.б. бар еді. 1929 жылы 19 тамызда олар Алматы түрмесінен Мәскеудің Бутырка абақтысына айдалады.

Бірақ та әрбір басқан қадамы НКВД қызметкерлерінің бақылауында болып, ақыры 1937 жылдың 17 наурызында қайтадан қамауға алынады. Тінту хаттамасында Имам Әлімбековтың үйінен Абай өлеңдерінің жинағы мен

Алашорда тарихының очерктері тәркіленгені айтылады. Семей облысы УНКВД үштігінің үкімімен 1937 жылы 17 қыркүйекте ату жазасына кесіледі.

Зерттеу нәтижелері: Зерттеу барысында Имам Әлімбеков туралы мәліметтер жиналып, оның ұрпағы – шөбересі Гүлдана Сафаровамен сұхбат жүргізілді. Кездесу барысында қайраткердің өмір жолы, қоғамдық-саяси қызметі және оның ұлт тарихындағы рөлі туралы тың деректер алынды. Зерттеу нәтижелері Имам Әлімбековтің есімін тарихи айналымға қайта енгізуге және оның еңбектерін ғылыми тұрғыда зерделеуге үлес қосуды көздейді.

Қорытындылай келе, Имам Әлімбеков бостандық үшін күрестің символына және Қазақстанда Ұлттық мемлекеттілікті құрудың басты қозғаушы факторына айналды. Сондықтан оның өмірі мен жетістіктерін зерделеу, сондай-ақ оны еске алу қазақ ұлты үшін, сондай-ақ осы тақырыпқа қызығушылық танытқан зерттеушілер мен тарихшылар үшін өте маңызды және өзекті болып табылады.

М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің «Алаштың білім ордасы» атты ғылыми-танымдық кітабында, колледж мұражайында Имам Әлімбековке қатысты мағлұматтар беріліп, ескерткіш-тақтада бейнесі қашалып қойылған.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. «Алаш» қозғалысы. Алматы, 2008. 45-46 беттер
2. С.Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу. Алматы: 1960. 93-94 беттер.
3. Әл-Карени (Каренов) Р. Алаш азаттығының ақиығы Имам Әлімбеков. – Астана: Астана ҚазЭҚХСУ, 2009. – 134 б.
4. Имам Әлімбеков – қайта оралған есім / құраст.: Г. Бұхарбаева. – Қарағанды: Арко, 2005. – 3-34 б.
5. Төлепбергелен Б. Мәңгі жас-Алаш идеясы. – Алматы: Алматы баспа үйі, 2008. – 301 б.

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ МЕДИЦИНАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚША АУРУ АТАУЛАРЫ, ОЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТӨРКІНІҢ САРАПТАМАСЫ

Студенттер Буранбаева Р., Перназарова А., 1 курс, « Қостанай жоғары медициналық колледжі» КММ

Ғылыми жетекшісі: Жумабаева К.Е., Мухамеджанова М.А., жалпыбілім беру пәндерінің оқытушылары

Өзектілігі Адамдар қоғамдық өмірде бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынас жасайды, түсініседі, пікір алысады, ойын жеткізеді. Тіл болмаса, адам өз ойын екінші біреуге жеткізе алмас еді, айта алмас еді, біреудің ойын түсініп, біле алмас еді. Біз тіл арқылы оқып, білім аламыз, мамандықты игереміз. Өткен тарихымыз, халқымыздың әдет-ғұрыптары, дәстүрлері, замандар бойы жинақтаған мол тәжірибесі ұрпақтан ұрпаққа тіл арқылы жетеді, тіл арқылы кейінгі ұрпаққа жалғасады.

Яғни, тіл – қоғамдық құбылыс. Тіл халықпен байланысты, сол халықтың өкілдері арасындағы қатынас құралы болып танылады. Тіл өзі қызмет етіп отырған халықпен, қоғаммен бірге туады, бірге дамиды, өседі, өркендейді, тіпті

бірге құриды, өледі. Әр халықтың ана тілі өткенге көз жіберіп, ой елегінен өткізіп, таразылауға, болашаққа қол созып, болжауға, ғылым көкжиегіне шығып, самғауға жол ашып, келешекке жол сілтейді. Ана тілі - халықтың өмір сүріп, қоғамдық өмірде дамып отыруының әрі көрінісі, әрі кепілі.

Оқу-зерттеушілік жұмыстың мақсаты:

- қазақ халық медицинасындағы ежелден келе жатқан қазақша ауру атаулары туралы деректермен танысу, ауру атауларының шығу төркінін анықтау.
- **Зерттеу нысаны:**
- қазақ халық медицинасының даму тарихы жөніндегі мұрағаттық материалдар, архивтік жазбалар, ғылыми-зерттеушілік материалдар.
- **Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы:**
- халық медицинасына тақырыбын аса жауапкершілікпен зерттеу;
- халық медицинасының құрылуы, дамуы туралы жаңа нақты ғылыми білім алу;
- арнайы әдебиеттермен жұмыс барысында дағдыларды дамыту.
- Қазақтың халық медицинасы әуел бастан үлкен үш салаға бөлінген. Табибия–диагностика дәрігерлік – фармакология, емшілік–терапия, дәрі қолдану яки басқа да әдістер арқылы ем жүргізуші екендігін ұғынуға болады. Ендеше қазақтың ертеде озық дамыған алдыңғы қатарлы ғылыми медицинасы болды дей аламыз «Тәуіп»–дәрігер ,ауруды анықтаушы (диагноз қоюшы).Бабаларымыз медицинаны сақия,яғни денсаулық сақтауға қатысты білімдер жиынтығы деп атаған. Олар науқасты организмдегі өзгерістеріне байланысты салқын,ыстық,құрғақ,ылғал төрт топқа бөлген.Жаңа эраға дейінгі 460-377 жылдары өмір сүрген грек халқының ұлы перзенті, медицина атасы – Гиппократ адам баласын табиғатына қарай былай бөледі: «Әр адамның бір –бірінен айырмашылығы организмдегі төрт шырын:қан,сілекей,сары өт,қара өттің қасиеттеріне тікелей байланысты. Сол төрт шырынның негізін табиғаттың төрт құбылысы –жылы, салқын,құрғақ және ылғал болуынан»-деп пайымдаған. Әйгілі ғұлама Гиппократ ғылыми жұмысқа кіріспес бұрын көп жыл бойы сақтар ішінде (Қазіргі қазақтардың бабалары)болғандығын өзі атап өтеді. Гиппократ былай жазған: «Денесінің қандай да бір жері күйдірілмеген сақты табу қиын.Өйткені сақтар күйдіру жолымен емдеуді бірінші орынға қояды». Халық медицинасы – ғасырлар бойы тірнектеп жиналған адамдар тәжірибесі. Ұрпақтан ұрпаққа ауысып,өзінің өміршеңдігін дәлеледеген білім арнасы. Қазіргі ғылыми медицинаның негізі халық медицинасының терең қойнауында жатыр.

Халық емшілері ауруға керекті дәрі- дәрмекті алыстан іздемей – ақ өз төңіріндегі табиғат дүниесі өсімдіктерден, минералдардан,хайуанаттардан алғаны аян.Осының ішінде қалың қауым үшін тез табылып,оңай керекке жарайтыны өсімдіктер екені даусыз.

Дәрілік өсімдіктерді пайдалануда өзіндік салт-дәстүрі, жинау, сақтау,қолдану, ерекшеліктері бар. Жазба деректерде әлем жұртшылығына ежелден белгілі Үнді,Тибет, Қытай елдерінің емшілері бай тәжірибе жинақтағаны көне дәуірден мәлім.Мұндай тәжірибеден қазақ халқы да кенде

емес. Өкінішке орай, жазба деректер жоқтың қасы. Дегенмен ұрпақтан ұрпаққа ауысып, ауызша жеткен емдеу тәсілдерді түрлі аңызға арқау болған.

Бабаларымыз ауруды анықтап (диагноз), дәрі қолданып, басқа да әдістер арқылы ем жүргізуші адамды «тәуіп» (дәрігер, врач) деп атаған. Қазіргі қолданыстағы «медицина» терминінің баламасы «сақия» болған. «Сақия» термині денсаулық сақтауға қатысты білімдер жиынтығын білдірген. Бабаларымыз адам ағзасының барлық мүшелерін, оладың атқаратын қызметі туралы толық білген және әр мүшенің қазақ тілінде атауы болған.

Қазақ тәуіптері аурудың алдын алу мен емнің уақытында жүзеге асырылуына ерекше мән беріп отырған. Олар барлық ауруларды

- - жұқпалы (заразные), жұқпалы емес (незаразные);
- сыртқы аурулар (наружные), ішкі аурулар (внутренние) деп жүйелеген.
- Бабаларымыз аурулардың атауын сырқаттанған мүшелеріне байланысты:
- «өкпе ауруы (болезнь легких)», «жүрек ауруы (болезнь сердца)»;
- сырқаттың белгілеріне (симптомы) байланысты:
- «қызылша (корь)», «сары ауру (желтуха)»;
- сырқаттың туындау себебіне байланысты:
- «суықтан (от простуды)», «ыстықтан (от жары, перегрева)», т.б. атаған.

Қазақ тілінде мұндай ауру атауларының 200-ге жуығы белгілі. Ауруларды атау принципі ұлы Ибн-Синаның ережелеріне сәйкес: «Наименования приходят к болезням с различных сторон. Их называют либо по органам – носителям недуга, либо по проявлениям – «падучая», либо по причинам – «болезнь от желчи».

Сонымен қатар қазақ халық медицинасында қолданған әдіс-тәсілдердің араб, парсы медицинасында дәрігерлер пайдаланған әдіс-тәсілдерімен ұқсастықтары көп ұшырасады. Яғни сол кездің өзінде халықтар арасындағы тәжірибе алмасу үрдісі болғаны байқалады. Бұл тек ем жасау, дәрі-дәрмек қолдану тәжірибесінде ғана емес, сонымен қатар тілдік ортада, қазақ тілі лексикасында да өз таңбасын қалдырды. Қазақ тілінде араб және парсы тілдерінен енген медициналық атаулар мен термин сөздер өте көп, мысалы аруақ- дух предков (парсы), ауа – воздух (араб), жан – душа (парсы), дәрі – лекарство (парсы) т.б.

Әрине, қазақ халық медицинасында Шығыс халық медицинасымен де, басқа да халықтық медициналарымен ұқсас, ортақ әдіс-тәсілдері болғанымен, тек қазақ халық тәуіптері ғана қолданатын өзіндік, ерекше мәнді емдеу мен аурудың алдын алу әдістері мен құралдары болғаны тарихтан аян.

Бабаларымыз ішкі ауруларды емдеу тәсілдерінің негізгілері ретінде ағзадан қан шығару (кровопускание), ағзаны қыздыру (согревание организма), уқалау (массаж), денешынықтыру (гимнастика), дәрі қабылдау әдіс-тәсілдерін қолданған. Ағзадан қан шығару емдеу тәсілдерінің ішіндегі ең күрделісі әрі ең тиімдісі болып есептелінген. Бұл тәсіл адам ағзасында көп мөлшерде жинақталған арам қаннан (испорченная кровь) құтылуға мүмкіндік беретін болған. Қан шығару үшін арнайы аспап - қандауыр (острый нож, напоминающий иглу) пайдаланылған. Қанды беткейлік тері көктамырларынан

(поверхностные кожные вены): самайдың көктамырларынан (височная вена), шынтақ көктамырларынан (локтевая вена), кейде тіл асты көктамырларынан (подъязычная вена) алған.

Қорытынды:

Сонымен, біз қазақ халық медицинасының даму тарихына шолу жасадық. Жұмыс барысында келтірілген ғылыми деректер қазақ халқының халық медицинасы өте кеш дамыған деген жаңсақ пікірлерді жоққа шығарып, керісінше, көне замандардан бері қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып сақталып келе жатқандығын анықтадық. Сонымен қатар, қазақ халық медицинасының даму тарихын зерттей отырып, біз қазақ тілінің де жаңа атау-ұғымдармен, басқа тілдерден енген кірме сөздермен, қазақ тіліндегі балама атаулармен толығып, өзіндік медициналық ғылыми жазба тілі қоса дамып отырғанына көзімізді жеткіздік. Яғни, ана тіліміз – қазақ тілінің халықтың рухани, мәдени байлығының, экономикалық және тарихи дамуының құралы екені даусыз. Ендеше, ғасырлар бойы жинақталып, ұрпақтардың жаны мен жадында күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан халықтың саф күмістей тіл қазынасын, оның сөз байлығын ары қарай дамыту - өскелең ұрпақтың, яғни сіздер мен біздердің парызымыз.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. «Внутренняя или Букеевская киргиз-казачья орда» Евреинов А (стр.94)
2. «Энциклопедический словарь». Вып.4. М.,2003. (стр 38)
3. «Советская этнография» Басилов В.Н. М.,№4, 1990 (стр.66)
3. «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-казачьих орд и степей» СПб., 1832 (стр.67)
4. «Традиционная народная культура и этнические процессы в многонациональных регионах юга России» Материалы Всероссийской научно-практической конференции 9-10.07.2004, Астрахань.
Интернет ресурстары.
Пластикалық қалдықтардың көптеп жиналуы және олардың дұрыс утилизацияланбауы;

Қайта өңдеу инфрақұрылымының жетіспеушілігі;

Халықтың экологиялық мәдениетінің төмендігі;

Өндіріс орындарының қалдықтарды қайта өңдеуге аз көңіл бөлуі;

Пластиктің ұзақ ыдырау уақыты мен қоршаған ортаға тигізетін зияны.

Бұл мәселені шешудің инновациялық жолдарының бірі – пластикалық қалдықтарды қайта өңдеу арқылы оларды жаңа өнімдерге айналдыру, соның ішінде 3D-принтингке арналған филамент дайындау.

Жұмыс мақсаты:

Пластикалық қалдықтардың қоршаған ортаға зиянын азайту үшін олардың қайта өңдеу әдістерін қарастыру және 3D-филамент өндіру арқылы қолдану мүмкіндігін зерттеу.

Міндеттері:

Пластикалық ластану жөнінде статистикалық мәліметтерді жинақтау және талдау;

3D-принтерлерде қолданылатын филамент түрлерін және олардың қасиеттерін зерттеу;

PET-пластикті қайта өңдеудің теориялық және практикалық әдістерін талдау;

3D-филамент жасауға арналған экструзиялық құрылғыны әзірлеу;

Бұл әдістің экономикалық және экологиялық тиімділігін бағалау.

Пластикалық ластану және оның салдары

Пластикалық материалдар қазіргі заманғы қоғамның ажырамас бөлігіне айналды. Олар тамақ өнеркәсібінен бастап, медицина, құрылыс және тұрмыстық техника салаларында кеңінен қолданылады. Алайда, пластикалық өнімдер дұрыс өңделмесе, олардың қоршаған ортаға тигізетін әсері өте үлкен. Зерттеулер көрсеткендей, пластиктің ыдырау мерзімі бірнеше жүз жылға дейін созылуы мүмкін. Бұл мәселе әсіресе мұхиттар мен өзендерде үлкен проблемаға айналып отыр, себебі пластикалық қалдықтар балықтар мен басқа да теңіз жануарларының жойылуына себеп болуда.

Пластиктің экологиялық және адам денсаулығына зияны:

- Пластикалық қалдықтар табиғи ортада ыдыраған кезде улы заттар бөлінеді;

- Микропластиктер азық-түлік тізбегіне енеді және адам ағзасына түседі;
- Бисфенол А және фталаттар сияқты химиялық қосылыстар эндокриндік жүйеге кері әсерін тигізуі мүмкін;
- Пластикалық өндіріс парниктік газдардың көбеюіне ықпал етеді.

РЕТ-пластик және оны қайта өңдеу

РЕТ (полиэтилентерефталат) – кеңінен қолданылатын термопластикалық материал. Ол беріктігі мен химиялық төзімділігі арқасында сусындар мен азық-түлік қаптамаларында қолданылады. РЕТ-пластикті қайта өңдеу арқылы оны 3D-принтерлерге арналған филамент жасауға пайдалануға болады. Бұл тәсіл экологиялық таза, экономикалық тиімді және технологиялық тұрғыдан қолжетімді.

РЕТ-пластикті қайта өңдеу әдістері:

1. **Физикалық қайта өңдеу** – пластик механикалық түрде ұсақталып, қайта балқытылып, жаңа өнімге айналады.

2. **Химиялық қайта өңдеу** – пластиктің полимерлік құрылымы өзгертіліп, жаңа материал алынады.

3. **Энергетикалық қайта өңдеу** – пластиктерден энергия алу мақсатында оларды арнайы қондырғыларда жағу.

Эксперименттік бөлім

Зерттеу барысында РЕТ-пластиктен 3D-филамент алу үшін бірнеше әдістер қарастырылды. Бастапқы кезеңде пластикалық бөтелкелер әртүрлі ені бар (6 мм, 8 мм, 10 мм) ленталарға кесіліп, олардың беріктігі мен икемділігі зерттелді. Эксперимент нәтижесінде 8 мм лента ең оңтайлы нұсқа ретінде таңдалды.

Автоматтандырылған экструзиялық жүйе: Қайта өңдеу механизмін автоматтандыру үшін Arduino негізінде басқарылатын экструдер жасалды. Бұл жүйеде:

- Nema 17 қадамды моторы;
- Термопара және қыздыру элементі;
- L293D мотор драйвері;
- МАХ6675 температура датчигі қолданылады.

Жүйе Bluetooth арқылы қашықтан басқарылып, температура мен экструзия жылдамдығын реттеу мүмкіндігі бар. Химиялық тест нәтижелері пластиктің қайта өңделгеннен кейін бастапқы қасиеттерін сақтайтынын көрсетті.

Зерттеу нәтижелері:

Зерттеу барысында РЕТ-пластиктен 3D-филамент алу әдісі сыналды және оң нәтижелерге қол жеткізілді. Эксперименттік зерттеулер көрсеткендей:

Қайта өңделген пластик өзінің негізгі механикалық және химиялық қасиеттерін сақтайды;

8 мм ені бар пластикалық ленталар ең тиімді экструзиялық материал болып табылады;

Arduino негізіндегі экструзиялық құрылғы пластикті сапалы және біркелкі жіпке айналдыра алады;

Жүйенің Bluetooth арқылы қашықтан басқарылуы процесті жеңілдетеді;

Экологиялық тұрғыдан бұл әдіс пластикалық қалдықтардың мөлшерін азайтуға ықпал етеді.

Қолдану салалары мен болашағы

Қайта өңделген пластиктен жасалған 3D-филамент түрлі салаларда қолданылуы мүмкін:

- Инженерлік жобалар;
- Білім беру мақсатындағы 3D-прототиптер;
- Экологиялық бастамалар;
- Қолжетімді протездер мен медициналық құралдар жасау.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұл әдіс пластикалық қалдықтарды азайтуға және 3D-баспа индустриясын дамытуға үлес қоса алады. Бұдан бөлек, қайта өңделген пластикті кеңінен қолдану үшін арнайы жинау пункттері мен эко-точкаларды көбейту қажет.

Қорытындылар:

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, PET-пластикті қайта өңдеу және оны 3D-филаментке айналдыру – экологиялық және экономикалық тұрғыдан тиімді шешім. Бұл әдіс табиғатты қорғауға, пластикалық ластанумен күресуге және 3D-принтинг технологиясының дамуына ықпал етеді. Болашақта осы зерттеу аясында үлкен өндіріс деңгейінде қайта өңдеу қондырғыларын жасау және бұл технологияны кеңінен тарату жоспарланып отыр.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Европейское агентство по окружающей среде [Электронный ресурс] / Торговля пластиковыми отходами в экономике замкнутого цикла - Режим доступа: <https://www.eea.europa.eu/publications/the-plastic-waste-trade-in>
2. Некоммерческий проект "Our world in data" [Электронный ресурс]: Загрязнение пластиком / статья Ханны Ритчи, Вероники Самборски и Макса Роузера - Режим доступа: <https://ourworldindata.org/plastic-pollution#probability-that-mismanaged-plastic-waste-gets-emitted-to-the-ocean>
3. Энциклопедия Britannica [Электронный ресурс] / Чарльз Мур / Животные и природа - Режим доступа: <https://www.britannica.com/science/plastic-pollution>
4. ЮНЕП [Программа от ООН по окружающей среде]/Пластиковая планета: как крошечные пластиковые частицы загрязняют нашу почву - Birguu Lamizana - Режим доступа: <https://www.unep.org/news-and-stories/story/plastic-planet-how-tiny-plastic-particles-are-polluting-our-soil>
5. Waste 360 [Электронный ресурс] / Арлин Каридис / Новые технологии переработки пластмасс - Режим доступа: <https://www.waste360.com/plastics/emerging-plastics-recycling-technologies-where-are-they-headed-part-1>

ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫ: ҚОЛ ЕҢБЕГІНЕН ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕРГЕ КӨШУ

Студент Аманбаев Т., 2 курс, «Электротехника колледжі» КМҚК
Ғылыми жектекшісі: Шынарбек Ш.Ә., арнайы пәндер оқытушысы, Ахметов А.А., шебер

Өзектілігі

Заманауи цифрлы технологияға негізделген цифрлық трансформациялауға басымдық беру. Жүйе электр энергиясымен қамту сапасын арттыруға айтарлықтай әсер етеді. Бұл технологияларды жүзеге асыру электр торабының негізінде Семей қаласының интеллектуалды энергожүйесіне сай келетін платформаны құруға мүмкіндік береді.

Мәселе Кәсіпорынды цифрландыруды дамыту үшін жағдай жасау керек. Ол үшін өндірістік процестерді бақылауды жақсарту, шығынды азайту, өнімнің өзіндік құнын төмендету, еңбек өнімділігін арттыру, өндірістің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыру және бәсекеге қабілеттілігін көтеру.

Жұмыс мақсаты

Семей қаласының аумағындағы электр желілер кешеніне, энергетикалық нысандарға цифрлық трансформациялауды жүргізу.

Міндеттері

Цифрландыру – сәнге айналған үр-діске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы. Қоғамның барлық саласын цифрландыру маңызды міндет. Осы тұста, электр энергия саласын цифрландыруға басымдық беру.

Жобаның экологиялық негіздемесі Экологиялық жағынан қоршаған ортаға көп зиян келтірмейді. Айта кететін жағдай ПВХ материалынан жасалған QR кодты жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін арнайы белгіленген жерге өткізу керек. Себебі пластиктің екі жүз жылға жуық уақытта ыдырайтындығы белгілі. ПВХ материалы жерге түскенде ұсақ бөлшектерге ажырайды да, өзінен қоршаған ортаға химиялық заттарды бөле бастайды. QR кодтың жарамдылық мерзімі 5 жыл.

Жобаның экономикалық негіздемесі Жобамызды іске асыруда қанша қаражат жұмсалатыны есептелінді. Есептеу жұмыстарын жүргізу үшін «Біріккен ЭнергоСервистік Компаниясы» АҚ-на қарасты Семей қаласында орналасқан Пригород аудандық электр желісі (АЭЖ) таңдалынып алынды.

Анықталғандай Пригород АЭЖ-не жалпы 15 355 дана QR-код жасаймыз. QR-кодтың мөлшері 5x5 см – ауданы 25 см²

ПВХ өлшемі 60x90 см – ауданы 5400 см²

ПВХ 60x90 см өлшемінен шығатын QR-код саны:

$5400 : 25 = 216$ дана

ПВХ 60x90 см өлшемінде басып шығаратын ПВХ саны:

$15355 : 216 = 71$

QR-кодты жасауға 425 500 теңге қаражат жұмсалады.

Электр желілік кешенін цифрлық трансформациялау бағдарламасы шеңберінде энергия объектілері, электр қоңдырғылары, электр желілері туралы ақпаратты QR-кодтау бойынша жоба ұсынылады.

Жобамыздағы QR-кодтың мөлшері 5x5 см етіп алынды. Бағдарламаны смартфонға жүктеп алуға қолайлы. Яғни, қалта телефонындағы App Store, Play Маркеттен «QR-код» қосымшасын жүктеп алып қолдануға мүмкіндік бар [1].

Электр қондырғыларының, электр желілерінің техникалық сипаттамалары, паспорты, қосылу схемалары, өндірістік нұсқаулықтар және өзге де нормативтік құжаттары туралы ақпараттарды бағдарламаға енгіземіз. Осы жобада қолданылған негізі бағдарлама STOR деп аталады. Бұл бағдарлама өте күрделі функцияларымен жабдықталған. Жобада динамикалық кодтау түрі қолданылды.

Бағдарламаның артықшылығы жабыстырылған QR-кодты ауыстырмай-ақ, STOR бағдарламасына кіріп, енгізілген мәліметтерге түзету жасауға болады. Электр желілеріне, қондырғыларына жасалатын тексеру жұмыстарын енгізіп отыруға өте тиімді.

Ұсынылып отырған жоба кәсіпорын үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Жоба арқылы келесі мәселелерді шешуге болады:

- Қарапайым механизм (QR-кодтау) арқылы қызметкерлердің уақытын үнемдеу және жұмыстарын жеңілдету;

- Кәсіпорынның жоспарлы - сақтық жұмыстарын жасау кезінде қаражат шығыны айтарлықтай азайады (электр желілерін және электр қондырғыларын нөмірлеу, атауын жазу жұмыстары жасалмайды);

- QR-кодтың көмегімен электр объектілері жайлы ақпаратты және жүктеуге арналған сілтемені де енгізуге мүмкіндік бар;

- Кәсіпорынды таныстырудың жақсы әдісі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері

Жобамыз бірқатар артықшылықтарға ие:

Біріншіден, ол кез-келген электр жүйелерін оңай, тез және дәл анықтауға мүмкіндік береді;

Екіншіден, орналастырудың қарапайымдылығымен сипатталады – негізгі деректер әрқашан қолында, кез-келген мобильді құрылғылармен оқылады;

Үшіншіден, электр жүйелеріне тексеру жұмыстарын жүргізу барысында QR-кодтау өте тиімді. Себебі ұялы байланыс телефонына ақпараттарды сақтауға және STOR бағдарламасы арқылы түзету енгізуге болады.

Жобамызды «Біріккен ЭнергоСервистік компаниясы» АҚ-ның оқу-жаттығу полигонында зерттеу тәжірибесінен өткіздік (1-сурет) [2].

QR-коды бар тақтайшалар электр желілеріне, қосалқы станцияларға, трансформаторлық қосалқы станцияға, қондырғыларға орналастырылды. Мобильді құрылғымен сканерлеп, сілтемеге өтеміз. QR-кодқа электр қондырғыларының паспорты, принципиалдық сызбасы енгізілген. Күрделі және ағымдағы жөндеу туралы мәліметтер, ақаулары, зақымдануы және болған авариялар туралы мәліметтерді, мерзімін, жауапты тұлғаны енгізетін арнайы кесте STOR бағдарламасында жасалған. Осы бағдарлама арқылы соңғы мәліметтерді енгізіп отырамыз.

Қорытынды

«Біріккен ЭнергоСервистік Компаниясы» АҚ-мен бірігіп Семей қаласының аумағындағы электр жүйелеріне цифрлық трансформациялауды енгізу жұмыстары бірігіп атқарылуда. Зерттеу жұмыстары өз нәтижесін беруде. Цифрландыру кәсіпорындар үшін маңызды нәрсе екенін айтқымыз келеді. Бұл

уақыт өте келе энергетика мен өнеркәсіптің көп бөлігін қамтитын маңызды процесс.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Интернет ресурсы:

<https://ru.wikipedia.org/wiki/QR-%D0%BA%D0%BE%D0%B4>.

2. Интернет ресурсы: <http://ekrec.kz/ru/about/2015-05-19-09-32-57>

ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ СҰРЫПТАУДЫ ҮЙРЕТУ

Студенттер Ануарбекқызы С., Сегізбай А., 3 курс, «Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі» МКҚК

Ғылыми жетекшісі: Тулеуова А.А., Тоқсанбаев Н.Т., жалпы білім беру пәндерінің оқытушылары

Зерттеудің өзектілігі: Бүгінгі жаһандану дәуірінде экологиялық мәселелердің күрделенуі қоршаған ортаны қорғаудың маңызды шараларын талап етеді. Тұрмыстық қалдықтардың күн санап көбеюі табиғатқа орасан зиян келтіріп қана қоймай, адам денсаулығына да кері әсер етеді. Қалдықтарды қайта өңдеу және сұрыптау қазіргі заманғы маңызды экологиялық міндеттердің бірі болып табылады. Дамыған елдерде қалдықтарды қайта өңдеу тәжірибесі сәтті енгізіліп, экологияны жақсартуға оң әсерін тигізіп отыр. Қазақстанда бұл жүйе енді ғана қалыптасып келе жатқандықтан, қалдықтарды сұрыптау мәдениетін насихаттау және оны тәжірибеде қолдану өзекті мәселеге айналды.

Сонымен қатар, тұрмыстық қалдықтарды құрылыс материалдары ретінде қолдану – экологиялық таза өндіріс технологияларын дамытудың бір жолы. Ағаш қиқымдары мен былғары қалдықтарын құрылыс плиталарына айналдыру арқылы өндіріс қалдықтарының көлемін азайтып, экономикалық тиімді өнімдер алуға болады. Бұл әдіс өндірістік қалдықтарды кәдеге жаратып, экологиялық қауіп-қатерді төмендетуге мүмкіндік береді.

Тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу және сұрыптауды үйрету экологиялық жағдайды жақсартуға, табиғи ресурстарды үнемдеуге бағытталған маңызды қадам.

Мәселе: Тұрмыстық қалдықтарды тиімді сұрыптау мен қайта өңдеу мәселесі қоғамда өзекті болып отыр. Оларды дұрыс басқармау табиғатқа зиян келтіріп, қоршаған ортаның ластануына әкеледі.

Жұмыстың мақсаты: Тұрмыстық қалдықтарды сұрыптаудың тиімді жолдарын анықтап, олардың қоршаған ортаға зиянын азайтуға және экономикалық пайдасын арттыруға мүмкіндік беретін шешімдерді ұсыну.

Міндеттері:

1. Тұрмыстық қалдықтардың түрлерін және олардың қоршаған ортаға әсерін зерттеу.
2. Полимерлер мен басқа да тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу әдістерін анықтау.
3. Ағаш және былғары қалдықтарын құрылыс материалдарын дайындауда қолданудың тиімділігін көрсету.

4. Қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу әдістерін зерттеу және тиімді жолдарын ұсыну.

5. Экологиялық таза өндіріс технологияларының экологиялық және экономикалық артықшылықтарын бағалау;

Зерттеу барысында тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және оларды шикізат ретінде пайдаланудың жолдары талданды. Полимерлерді қайта өңдеудің маңыздылығы, ағаш қиқымдары мен былғары қалдықтарын құрылыс плиталары ретінде пайдаланудың тиімділігі көрсетілді.

Қазіргі таңда тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау – қоғамның экологиялық және экономикалық дамуы үшін өзекті мәселелердің бірі. Тұрмыстық қалдықтардың дұрыс сұрыпталмауы мен өңделмеуі қоршаған ортаға үлкен зиян келтіріп, жер, су және ауа ластануына алып келеді. Әсіресе, пластикалық қалдықтар табиғатта ұзақ уақыт шірімей, топырақ пен суды улайды, ал органикалық қалдықтар шіру барысында зиянды газдар бөліп шығарады.

Зерттеу барысында тұрмыстық қалдықтардың түрлері, олардың сипаттамалары мен қайта өңдеу технологиялары талданды. Атап айтқанда, ағаш қиқымдары мен былғары қалдықтарын құрылыс материалдарын жасауға пайдалану тәсілдері қарастырылды. Эксперименттік бөлімде ағаш қиқымдары мен былғары қалдықтарынан экологиялық таза құрылыс плиталары жасалып, олардың физикалық қасиеттері зерттелді. Плиталардың ылғалға төзімділігі, серпімділігі және беріктігі тексерілді.

Зерттеу нәтижелері:

- Ағаш және былғары қалдықтарынан жасалған плиталар ылғалға төзімділігі мен беріктігі бойынша жоғары нәтижелер көрсетті.
- Экологиялық таза құрылыс материалдарын дайындау қалдықтарды тиімді пайдалануға және табиғи ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді.
- Тұрмыстық қалдықтарды сұрыптауды насихаттау жастардың экологиялық мәдениетін арттыруға ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері ағаш және былғары қалдықтарынан жасалған құрылыс материалдарының экологиялық тұрғыдан тиімді әрі экономикалық жағынан үнемді екенін көрсетті. Бұл әдіс қалдықтарды қайта өңдеп қана қоймай, қоршаған ортаны қорғауға, ресурстарды үнемдеуге ықпал етеді. Мұндай технологиялар әсіресе құрылыс саласында үлкен сұранысқа ие болуы мүмкін.

Жастар мен қоғам арасында тұрмыстық қалдықтарды сұрыптауды насихаттау экологиялық мәдениетті қалыптастырудың негізгі жолы. Экологиялық тәрбиені ерте жастан бастап дамыту арқылы болашақта қоршаған ортаны қорғауға жауапкершілікпен қарайтын жаңа буын қалыптастыруға болады.

Қорытынды: Бұл жұмыс тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеудің экологиялық және экономикалық маңыздылығын дәлелдейді. Қалдықтарды тиімді пайдалану арқылы қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтуға, ресурстарды үнемдеуге және экологиялық жағдайды жақсартуға болады. Жұмысты орындау барысында тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау мен қайта өңдеудің экологиялық және экономикалық тұрғыдан маңыздылығы анықталды. Зерттеу көрсеткендей,

тұрмыстық қалдықтарды тиімді басқару-қоршаған ортаны қорғаудың және ресурстарды үнемдеудің маңызды жолы.

Ағаш қиқымдары мен былғары қалдықтарынан жасалған құрылыс материалдары экологиялық таза әрі үнемді өнім болып табылады. Олар құрылыс саласында кеңінен қолданылып, табиғи ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдер қалдықсыз технологияларды дамытуға жол ашады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Колбасина Л.В. Роль семьи в воспитании ценностей у детей в условиях поликультурной среды / Л.В.Колбасина // Педагогическая наука и практика. – 2020. №3 (29). С. 134-137.
2. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 2003 ж.
3. Mankins J.C. Fresh Look at Space Solar Power: New Architectures, Concept and Technologies. 1997.
4. Большая энциклопедия знаний. – Москва: «Эксмо», 2015 г.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҚБӨКЕНДЕР ПОПУЛЯЦИЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Студент Ануарұлы М., 3 курс, «Талдықорған аграрлық-технологиялық колледжі» ШЖҚ МКК

Ғылыми жетекшісі: Имандинова А.А.

1. Гипотеза: Гипотеза: Қазақстандағы ақбөкендер популяциялары бір бірімен еркін будандасып, саны 5 миллионға дейін динамикалық дамып, отандық туризмнің дамуына үлес қосып, «Қазақстандық бренд» деген атпен өнімі экспортқа шығарылса.

2. Жобаның өзектілігі: Кейінгі 2-3 жылда Ақбөкен популяциясының өсуі шаруаларды алаңдатса, ғалымдар мен табиғат жанашырлары киелі жануардың популяциясына барынша жағдай жасау керек деп дабыл қағуда.

3. Мақсаты: Қазақстан жеріндегі ақбөкендер популяциясының адан әрі көбеюіне кедергілерді анықтап, ел экономикасына нұқсан келтірместен сақтап қалу.

4. Міндеттері:

1. Ақбөкендердің өмір циклімен, тыныс тіршілігімен танысу;
2. Ақбөкендердің аз уақыт көлемінде санының күрт азайып, көбеюінің себебін анықтау;
3. Болашақта ақбөкендер популяциясының ел экономикасына нұқсан келтірместен динамикалық дамып, негізгі кәсіптік жануарға айналып, биоалуантүрлілікті сақтап қалу жолдарын қарастыру.

5. Зерттеу нәтижесі.

Зерттеу барысында әдебиеттерге және ғаламторға шолу жасай отырып, киіктердің өздеріне ғана тән ерекшеліктері мен бір ғасыр көлемінде киік санының ауытқуларының себебін анықтадық.

Үй жануарларына қарағанда жабайы жануарлардың бір жыл ішінде биомасса жинауы 75-84% жоғары, өйткені олар жем-шөпті тиімдірек сіңіреді және құрамы нашар шөптерді жейді, күтімді қажет етпейді.

Олардың қазіргі уақыттағы еліміз бен әлемдегі мәртебесі жөніндегі мәліметтерден киік популяциясын динамикалық дамуына әкелер жолдарын түсіндік.

6. ҚОРЫТЫНДЫ

Еліміздің территориясында ақбөкендер популяциясы динамикалық дамып, ел экономикасына нұқсан келтірмей керісінше пайдасын тигізсін десек төмендегідей іс-шаралар жасалу керек:

1. Ақбөкендер популяциясына демэкологиялық зерттеулер жүргізу;
2. Қазақстандағы ақбөкендердің территориямызда бірінғай таралуын қамтамасыз ету үшін экодуктар жасау;
3. Үй жануарларында инвазиялық аурулардың алдын алып егіп, жайылымдардың таза болуын және киіктердің өрісімен араласпауын қадағалау;
4. Шөлейтті жерде өсетін құнарлы астық, бұршақ тұқымдастарының жабайы түрін ерте көктемде киік тұяғымен дымқыл топыраққа сіңірілуі үшін тік ұшақпен шашу;
5. Суатпен қамтамасыз ету үшін, артизан құдықтарын орнату;
6. Жетім қалған лақтарын қолға үйрету, күйек кезінде әлсіреген аталықтарын аман алып қалу;
7. Киіктерге «әуесқойлық аңшылық» ұйымдастырып, киік етін органикалық өнім ретінде «Қазақстандық брендпен» шетелге шығару, отандық туризмді дамыту
8. Киіктер Халықаралық СИТЕС конвенциясына енгізілген, экспортқа өнімін шығару үшін сирек кездесетін жануарлар қатарынан алғызып, квота алу;
9. Киік мүйізін тек шикізат ретінде сыртқа шығармай, отандық фармкомпаниялар киіктің дериватын зерттеу;
10. Африканың саваннасындағыдай кішігірім кемпинг-турлар ұйымдастырып, инфрақұрылымды оңтайластыру;

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Ковшарь А.Ф «Қазақстандағы жануарлары әлемі», Алматыкітап -2009 38бет
2. Оспанова Г.С., Бозшатаева Г.Т «Экология» Алматы-2011 127 б.
3. Б.Өтепов, Асанов Ш., Ысмаилов Б. Егіншілік негізінде мал азығын өндіру.Оқулық. Астана:Фолиант, 2009ж.336бет. 27-38 беттер
4. Грин Н., Стаут У., Тейлор Д. Биология В 3-х т. Мир, 1990-335с. Т. 2 78 стр
Ғаламтор мәліметтері: <https://kaz.inform.kz/news/kazakstanda-kikterdn-populyatsiyasina-ne-kederg-saken-dldahmetpen-suhbat-9c37bd/> ;
<https://eri.kz/ru/Mnenija/id=289>

**ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫНДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА
ӘСЕРІ**

Студент Ахат С., 2 курс, Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Каппасова Ш.Е., химия және биология пәнінің оқытушысы, ж.ғ.м., педагог-зерттеуші

Өзектілігі: Энергетикалық сусындар және олардың адам ағзасына әсері – қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі. Бұл сусындардың танымалдығы, әсіресе жастар арасында, күннен-күнге артып келеді. Олардың құрамындағы жоғары мөлшердегі кофеин, қант және басқа да стимуляторлар адам ағзасына әртүрлі әсер етуі мүмкін.

Мәселе: Энергетикалық сусындар және олардың адам ағзасына әсерін зерттеп, шешу жолдарын анықтау.

Зерттеудің мақсаты: Энергетикалық сусындардың құрамын, олардың адам ағзасына физиологиялық және психологиялық әсерлерін зерттеу, сондай-ақ осы сусындарды тұтынудың мүмкін болатын қауіптерін анықтау.

Міндеттері:

- Энергетикалық сусындардың құрамын талдау;
- Энергетикалық сусындардың физиологиялық әсерін зерттеу;
- Энергетикалық сусындардың психологиялық әсерін зерттеу;
- Энергетикалық сусындарды тұтынудың қауіптерін анықтау;
- Тұтынушылар арасында сауалнама жүргізу

Энергетикалық сусындардың құрамы

Энергетикалық сусындар тек химиялық қоспалардан дайындалады: кофеин, карнитин, таурин аминқышқылы, глюкоза, матеин, мелатонин. Энергетикалық сусындар (энергетиктер) — алкогольсіз немесе жарнамалық науқанында мыналарға назар аударылатын төмен алкогольді сусындар олардың адамның орталық жүйке жүйесін ынталандыру қабілеті немесе өнімділікті арттыру, сонымен қатар олар адамның ұйықтауына жол бермейді. Энергетикалық сусындардың құрамына гуарана, женьшень, глюкуронолактон, L-карнитин, D-рибоза, аскорбин қышқылы, никотин қышқылы, В тобындағы витаминдер С дәрумені кальций пантотенаты, пиридоксин, фолий қышқылы.[1]

Энергетикалық сусындардың адам ағзасына әсері

Орталық жүйке жүйесіне әсері:

Энергетикалық сусындарды тұтынуға байланысты сипатталған жағымсыз құбылыстарға бас ауруы, мазасыздық, ашуланшақтық, шиеленіс, бас айналу, тремор, сананың шатасуы, психоз, құрысулар және өзгерген психикалық күйлер жатады.

Жүрек-қантамыр жүйесіне әсері:

Энергетикалық сусындарды теріс пайдаланған кезде пайда болуы мүмкін жүрек-қан тамырлары ауруларына жүрек соғуы, кеудедегі ауырсыну, жүрек соғу жиілігінің жоғарылауы, жүрек ырғағының бұзылуы және гипертония жатады

Асқорыту жүйесіне әсері:

Энергетикалық сусындармен кофеинді шамадан тыс қабылдау ас қорыту жолдарының гиперстимуляциясына, жүрек айнуына, құсуға, диареяға және іштің ауырсынуына әкелуі мүмкін.

Тіс денсаулығы және артық салмақ:

Тіс денсаулығының нашарлауы және олардың эрозиясы энергетикалық сусындарды ішетіндер арасында жиі кездесетін құбылыс болып табылады, бұл олардың құрамындағы қанттың жоғарылауынан туындайды. Тістердің эрозиясы және олардың сезімталдығы энергетикалық сусындардың жоғары қышқылдығымен күшейеді.[2]

Білім алушылар сауалнамасы. Сауалнаманың мақсаты-жасөспірімдер ең көп тұтынатын сусынды анықтау. Сауалнама нәтижелері бойынша 15-16 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында ең танымал энергетикалық сусындар туралы мәліметтер анықталды және жүйеленді. Gorilla - 85.7 % тұтынушы, Red - bull 33.3 % тұтынушы, Dizzy - 23.8 % тұтынушы, Monster - 42.9 % тұтынушы. [3]

№1 тәжірибе "Зерттелетін энергетикалық сусынның құрамында көмірқышқыл газының (CO₂) болуын анықтау"

Тәжірибенің мақсаты: сапалы реакциялар арқылы зерттелетін сусындарда көміртегі оксидінің болуын анықтау.

Бастапқы зат: «Gorilla»


Реактивтер: әк суы (Ca(OH)₂)

Жабдық: өлшеуіш цилиндр, газ бұру түтігі бар түтіктер, штатив, спирт

Жұмыс барысы: Өлшеу цилиндрінің көмегімен біз шамамен 10 мл құйамыз. сусын пробиркаға құйылады, оны газ құбырымен тығынмен жауып, штативке бекітеміз. Басқа түтікке біз әк суын құйып, оған газ құбырының ұшын батырамыз. Зерттелетін сусынмен түтікті ақырын қыздырып, шығарылған газды әк суы арқылы өткізіңіз.

Бақылау: Реакция кезінде әк суының бұлттылығы байқалды.

Қорытынды: Осы сапалы реакцияның көмегімен зерттелетін сусындардың құрамында көмірқышқыл газының (CO₂) болуын сенімді түрде растауға болады



Тәжірибе №2 "Адсорбция әдісімен зерттелетін сусындардағы бояғыштарды анықтау"

Тәжірибенің мақсаты: зерттелетін сусынның құрамында бояғыштардың болуын растау Бастапқы зат:"Gorilla"

Жабдық: дөңгелек түбі бар колба, шпатель, белсендірілген көмір (адсорбент), шыны таяқша, спирт, шұңқыр, сүзгі қағазы

Жұмыс барысы: Дөңгелек түбіндегі колбаға шамамен 25 мл құйыңыз. сусын және ерітіндіде алдын-ала ұсақталған 2 шпатель қосыңыз, белсендірілген көмір (адсорбент). Алынған қоспаны шыны таяқшамен араластырып, шамды 10 минут бойы баяу отта қыздырыңыз. Осыдан кейін біз адсорбент пен сусын қоспасын шұңқыр мен сүзгі қағазымен сүземіз.

Бақылау: Сүзуден кейін зерттелетін сусынның көзге көрінетін түсі өзгереді.

Қорытынды: Зерттелетін сусынның құрамында бояғыштар бар № 3 тәжірибе "Энергетикалық сусындардан кофеинді шығару"

Тәжірибенің мақсаты: Зерттелетін сусынның құрамында кофеиннің болуын анықтау.

Бастапқы зат: «Gorilla»

Жабдық: Фарфор шыныаяқ, электр плиткасы.

Жұмыс барысы: Фарфор шыныаяққа 1:1 магний оксиді мен зерттелетін сусын салыңыз. Біз абсест торын электр плиткасына және оған Фарфор шыныаяқ қойдық. Біз оны 1-2 минут қыздырамыз, күйдіруге жол бермейміз.

Бақылау: Кофеиннің сублимациясы байқалады, ол ине тәрізді кристалдар түзеді.

Қорытынды: Кофеин зерттелетін сусынның құрамында болады. Біз энергетикада кейбір компоненттердің бар екенін дәлелдедік. [4]

Қорыта келе, энергетикалық сусындар адам ағзасына қалай әсер ететінін білдік. Сонымен қатар өзіміздің ортада оның пайдасынан зияны көп екенін түсіндік. Егер де сіз энергетикалық тонусыңызды жоғарылатқыңыз келсе денсаулығыңызға зияны келмейтін жолдарды іздестіріңіз. Сусын таңдау кезінде ұстанатын ұсыныстар:

- энергетикалық сусын орнына қарапайым ауыз су алыңыз;
- сусынды алатын кезде оның құрамына зер салыңыз;
- егер таза су іше алмасаңыз оған бір-екі тамшы лимон шырынын қосып ішіңіз;
- табиғи негізде жасалған сусындарды ішіңіздер;
- энергетикалық сусындарды көп мөлшерде және жиі тұтынбаңыздар.

Құрамында кофеин бар энергетикалық сусындардан бас тарту керек және 18 жасқа толмаған балаларға оларды тұтынуға рұқсат бермеу керек. [5]

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. <http://akunb.altlib.ru/files/electr/006.pdf> (дата обращения: 10.01.2025; 15:30).

2. Дарья Токарева. Энергетические напитки — новые наркотики? Комсомольская правда. [Электронный ресурс]. – URL: <https://kp.ua/life/195150-enerhetycheskye-narytky-novye-narkotyky> (дата обращения: 10.01.2025; 16:20).

3. http://elib.usma.ru/bitstream/usma/5080/1/USMU_Sbornik_statei_2025_3_130.pdf

4. https://studbooks.net/1385396/bzhd/anketirovanie_uchaschihsya

5. Цветков Л.А. Органическая химия. - М.: «Владос», 2002

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІМЕН ТІЛДЕРДІ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ АУДАРУ

Студент Ашықбай Г., 2 курс, Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Халыкова Г.А., информатика пәнінің оқытушысы, педагог-сарапшы

Өзектілігі: Қазіргі әлемде түрлі тілдер арасында ақпарат алмасу қажеттілігі артты. Жасанды интеллект технологиялары:

- Мәтіндер мен ауызша сөздерді жылдам әрі тиімді аударуға көмектеседі.
- Тілдік және мәдени тосқауылдарды жоюға мүмкіндік береді.

Мәселе: ЖИ технологияларын қолдану арқылы жаһандық коммуникацияны жақсартуға үлес қосу.

Мақсаты: - Жасанды интеллект көмегімен тілдерді автоматты түрде аудару технологияларын зерттеу.

- Тілдерді аударудың дәстүрлі әдістерімен салыстырғанда ЖИ технологияларының артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау.
- Автоматты аударма жүйелерінің тиімділігін бағалау және олардың білім беру, бизнес және коммуникация салаларындағы қолдану мүмкіндіктерін талдау.

Міндеттері:

1. Жасанды интеллект технологиялары негізінде автоматты аударма жүйелерін зерттеу.
2. Заманауи аударма құралдарын (Google Translate, DeepL, Microsoft Translator) талдау.
3. ЖИ-дің көмегімен жасалған аудармалардың артықшылықтары мен шектеулерін анықтау.
4. Автоматты аударма сапасын нақты мысалдар арқылы тәжірибелік тұрғыдан тексеру.

4.1 Автоматты аударма дегеніміз не?

Автоматты аударма — бұл бір тілдегі мәтіннің мазмұны жағынан эквивалентті басқа тілге аудару. Автоматты түрде жүзеге асырылған бағдарлама бойынша компьютер арқылы жүзеге асады. [1]

Машиналық аударманың туған мерзімі 1947 жыл болып саналады.

Осы жылы Рокфеллер фондының жаратылыстану ғылымдары бөлімшесінің директоры Уоррен Уивер Норберт Винерге хат жазады, оның хатында аударманың міндеті мәтіндерді деширлеумен міндетімен теңестіріледі. Соңғысы сол кездері электромеханикалық құрылғыларда орындала басталған болатын. Аударма әдістерінің негізгі принциптері – бұл түпнұсқа мәтінді басқа тілге аударуда қолданылатын әртүрлі тәсілдер мен әдістер. Негізгі принциптерге төмендегілер жатады: 1. Сөзбе-сөз аударма; 2. Ережелерге негізделген аударма. 3. Статистикалық машиналық аударма (SMT). 4. Нейрондық машиналық аударма (NMT)

4.2 ЖИ-дің аудармадағы рөлі

Машиналық оқыту және нейрондық желілердің рөлі. Аудармада машиналық оқыту (ML) мен нейрондық желілердің (NN) рөлі ерекше маңызды, өйткені олар қазіргі заманғы машиналық аударма жүйелерінің негізін құрайды. Бұл технологиялар адам тілдерін тиімді түрде өңдеп, табиғи әрі дәл аударма жасауға мүмкіндік береді. [2]

Нейрондық машиналық аударма (Neural Machine Translation - NMT) және оның дәстүрлі әдістерден артықшылығы: 1. Контексті түсіну; 2. Грамматикалық дұрыстық; 3. Жалпы сөздік қор; 4. Жоғары сапа; 5. Үйрену және бейімделу.

4.3 ЖИ аудармасының артықшылықтары

Жасанды интеллект (ЖИ) негізіндегі аударманың артықшылықтары:

1. Табиғи және дәл аударма. 2. Көптілді қолдау. 3. Үздіксіз үйрену. 4. Қателіктерді азайту. 5. Үлкен деректерді өңдеу. 6. Адам тәрізді аударма. [3]

4.4. ЖИ аудармасының шектеулері

1. Контексті толық түсінбеу, Сөздердің көпмағыналылығы, Сирек тілдер мен сөздер, Грамматикалық және стильдік қателіктер, Үйрену деректерінің тапшылығы. [3]

5.1 Зерттеу құралы ретінде платформаларды таңдау

Google Translate - бұл Google компаниясы әзірлеген әлемдегі ең танымал автоматты аударма жүйесі. Ол 100-ден астам тілді қолдайды және мәтін, құжат, веб-беттер, тіпті дауыстық аударма қызметтерін ұсынады. Ерекшеліктері: Жүйе нейрондық машиналық аударма (NMT) технологиясын қолданады; Автоматты түрде мәтіннің тілін анықтай алады; Онлайн және офлайн режимде жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

DeepL — Еуропада әзірленген жоғары дәлдікке ие автоматты аударма құралы. Ол терең оқыту (deep learning) технологияларын қолдана отырып, мәтіндерді аударудың сапасын жақсартады. Ерекшеліктері: Әсіресе еуропалық тілдер арасындағы аудармада жоғары сапа көрсетеді; Контексті жақсы түсініп, грамматикалық және стилистикалық тұрғыдан табиғи аударма ұсынады; 30-ға жуық тілді қолдайды, бірақ оның сапасы Google Translate-ке қарағанда тар тілдік ауқыммен шектеледі; Пайдаланушыларға аудармаларды редакциялауға арналған интуитивті интерфейс ұсынады; Құжаттарды (PDF, Word) аударуға мүмкіндік береді.

Microsoft Translator — Microsoft корпорациясы жасаған аударма қызметі. Ол мәтін, сөйлем, веб-беттер және құжаттарды аудару үшін пайдаланылады.

Ерекшеліктері: 100-ден астам тілді қолдайды; Azure платформасына негізделген және API арқылы басқа қосымшаларға біріктіруге болады; Дауыстық аударма, сөйлем құрастыру, және нақты уақыттағы субтитр жасау мүмкіндігі бар; Skype және Microsoft Office сияқты бағдарламалармен оңай интеграцияланады; Офлайн режимде жұмыс істеуге қолдау көрсетеді. [4]

5.2 Тәжірибелік жұмыс

Қазақ тілінен ағылшын тіліне және керісінше мәтіндерді аудару тәжірибесін жүргізу.

1. *Қазақ тілінен ағылшын тіліне аударма* Мәтін: Қазақ тілінде: "Бұл әлемде бәрі өзгеріп жатыр. Жаңа технологиялар күн сайын дамып келеді, ал адамдар олардың әсерін сезінеді."

Аударма (GPT немесе NMT негізінде): Ағылшын тілінде: "The world is changing. New technologies are developing every day, and people feel their impact."

Талдау: Табиғи және түсінікті аударма: Аударма ағылшын тілінде табиғи және түсінікті көрінеді. "Жаңа технологиялар" және "күн сайын дамып келеді" сияқты тіркестер дұрыс аударылған. Грамматикалық дұрыстық: Аударма грамматикалық тұрғыдан дұрыс. Ағылшын тілінің құрылымына сәйкес келеді.

2. *Ағылшын тілінен қазақ тіліне аударма.* Мәтін: Ағылшын тілінде: "Technology is evolving rapidly, and it's shaping the future of our society."

Аударма (GPT немесе NMT негізінде): Қазақ тілінде: "Технологиялар жылдам дамып жатыр, және ол біздің қоғамымыздың болашағын қалыптастырып жатыр."

Талдау: Контексті түсіну: Аударма контексті дұрыс түсініп, ағылшын тіліндегі тіркестердің мағынасын сақтайды. "Shaping the future" тіркесі "қалыптастыру" деп аударылған, бұл дұрыс. Грамматикалық дұрыстық: Қазақ тіліндегі сөйлемнің грамматикалық құрылымы дұрыс сақталған. [5]

6. Жобаның нәтижелері

Жасанды интеллект негізінде жасалған аударма жүйелерінің артықшылықтары анықталды. Нақты мысалдар арқылы автоматты аударманың дәлдігі мен шектеулері зерттелді. ЖИ аудармасының білім беру, бизнес және саяхат салаларында қолдану мүмкіндіктері бағаланды.

7. Қорытынды

Жасанды интеллект тілдерді аударуда жаңа белестерге жеткенін көрсетті. Автоматты аударма жаһандық коммуникацияны жеңілдететін тиімді құрал екендігі дәлелденумен бірге болашақта ЖИ технологияларын жетілдіру қажеттілігі анықталды. ЖИ технологияларын кез-келген уақытта мәтінді жылдам уақытта аудару үшін қолдануға болатыны анықталды.

8. Ұсыныстар

1. Қазақ тілін қолдайтын аударма жүйелерін жетілдіру және көбейту.
2. Мәдени ерекшеліктерді ескеретін нейрондық желі алгоритмдерін дамыту.
3. Білім беру мен зерттеу салаларында ЖИ аудармаларын кеңінен қолдану.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Жұмағұлова, С. (2020). Жасанды интеллект және тілдерді автоматты аудару жүйелері: теориялық негіздер мен қолдану тәсілдері. Алматы: Қазақ университеті баспасы.
2. Қуандық, А. (2019). Жасанды интеллект негізінде тілдерді аудару жүйелерінің дамуы мен болашағы. Жоғары оқу орындары баспасы.
3. Мұхтарова, Р. (2021). Нейрондық машиналық аударма: Жасанды интеллект пен тілдерді аудару технологияларының өзара байланысы. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті баспасы.
4. Тасмағамбетов, Н. (2020). Нейрондық желілер және тілдерді автоматты аударудың жаңа тәсілдері. Тіл білімі және ақпараттық технологиялар ғылыми-зерттеу институты.
5. Айтбаева, Ә. (2022). Жасанды интеллект және статистикалық машиналық аударма әдістерінің салыстырмалы талдауы. Қазақ ұлттық университеті.

ХИМИЯЛЫҚ КОРРОЗИЯ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ТӨЗІМДІЛІГІ

Студент Әбнұр Е., 1 курс, «Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК
Ғылыми жетекшісі: Каржауова Г.К., химия пәнінің оқытушысы

Өзектілігі: Коррозияның алдын алу әдістерінің тиімділігін арттыру, материалдардың коррозияға төзімділігін зерттеу және жаңа анти-коррозиялық материалдарды жасау қазіргі ғылыми зерттеулердің басты бағыттарының бірі болып табылады. Бұл зерттеу жұмысы коррозияның механикалық әсерін және оны азайту жолдарын зерттеуге арналған.

Мақсаты: Коррозияның табиғатын және оның материалдардың механикалық қасиеттеріне әсерін зерттеу және оны азайту әдістерін әзірлеу.

Міндеттері:

1. **Коррозияның негізгі түрлерін зерттеу:** Коррозияның химиялық және механикалық түрлерін талдау, олардың пайда болу себептері мен механизмдерін анықтау.

2. **Коррозияның материалдарға әсерін зерттеу:** Әртүрлі материалдардың коррозияға ұшырау деңгейін зерттеп, олардың құрылымдық және механикалық қасиеттеріне әсерін бағалау.

3. **Коррозияның алдын алу әдістерін анықтау:** Коррозиядан қорғау әдістерін зерттеу, олардың тиімділігін салыстыру және қолдану салаларын анықтау.

4. **Эксперименттік зерттеулер жүргізу:** Коррозияның материалдарға әсерін зерттеу мақсатында тәжірибелік жұмыстар жүргізу және алынған нәтижелерді талдау.

Коррозия – бұл металдардың немесе олардың қорытпаларының сыртқы ортаның химиялық немесе электрохимиялық әсерінен тотығуы немесе бұзылу үдерісі. [1]

Коррозия түрлері

- Коррозияның әртүрлі түрлері бар, олардың ішінде ең кең тарағандары:
- **Беттік коррозия:** Металдың бүкіл беті біркелкі зақымдалады.
- **Жергілікті коррозия:** Металдың белгілі бір бөліктері зақымдалады, мысалы, пітірлі коррозия. [2]
- **Электрохимиялық коррозия:** Әр түрлі металдар арасында немесе бір металдың әр түрлі аймақтары арасында потенциалдар айырмашылығы болғанда орын алады.

Коррозиядан қорғаудың әдістері :

- **Қорғаныс қабаттары:** Металдың бетіне қорғаныс қабатын жағу арқылы, мысалы, бояу немесе пассивация арқылы коррозиядан қорғауға болады.
- **Катодтық қорғау:** Бұл әдіс металды электрохимиялық жолмен қорғауды қамтиды, мұнда металл катод ретінде әрекет етеді және анод ретінде басқа металл қолданылады.
- **Коррозияға төзімді материалдарды таңдау:** Құрылыс және өндіріс процесінде коррозияға төзімді қорытпаларды қолдану арқылы коррозияның алдын алуға болады.

Эксперименттің мақсаты

Коррозияның материалдарға механикалық әсерін зерттеу және әртүрлі орта жағдайларында коррозияның қарқындылығын анықтау.

Эксперимент әдісі

Материалдарды дайындау: Болат және алюминий үлгілері алынды.

Орта дайындау: Үлгілер әр түрлі ортада орналастырылды: Таза су, Теңіз суы/көл суы, Қышқыл ерітіндісі (мысалы, (тұз қышқылы HCl))

Уақыт аралығы: Үлгілер әрбір 5 күн сайын тексерілді.

Зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды

Коррозия – бұл техникалық объектілер мен құрылымдар үшін маңызды мәселе болып табылады. Коррозияның механикалық әсерлері құрылымдардың беріктігін, сенімділігін және ұзақ мерзімділігін төмендетеді. Сондықтан коррозияға қарсы қорғау шараларын қолдану және түсіну өте маңызды. Бұл зерттеу коррозияның негізгі түрлері мен олардың механикалық әсерлерін терең түсініп, олардың алдын алу және басқару әдістерін дамытуға бағытталған. [3]

Зерттеу барысында алынған нәтижелер коррозия процестерінің материалдардың механикалық қасиеттеріне айтарлықтай әсер ететінін көрсетті. Негізгі нәтижелер төмендегідей қорытындыланды:

1. **Коррозияның әсері:** Коррозия материалдардың құрылымына еніп, олардың беріктігін төмендетеді. Бұл әсіресе металл конструкцияларында анық байқалады. Коррозияның салдарынан металдар сынғыш болып, олардың қолдану мерзімі қысқарады.

2. **Механикалық әсері:** Коррозияның механикалық әсері материалдардың созылу, қысу және иілу қасиеттеріне ықпал етеді. Бұл өзгерістер материалдардың ұзақ уақыттық беріктігін төмендетіп, оларды ерте тозуға әкеледі.

3. **Практикадағы қолданысы:** Зерттеу нәтижелері коррозияға төзімді материалдарды әзірлеу және қолдану қажеттігін көрсетеді. Инженерлер мен материалтанушылар коррозияға қарсы арнайы қаптамалар, легирлеу әдістері және басқа да қорғау шараларын қолдану арқылы конструкциялардың ұзақ мерзімділігін қамтамасыз ете алады.

4. **Ғылымда қолданылуы:** Бұл зерттеу материалтану ғылымында коррозия процестерін тереңірек түсінуге көмектеседі. Зерттеу нәтижелері коррозияның алдын алу әдістерін жетілдіруге және жаңа, төзімді материалдарды жасауға ықпал етеді. [4]

Жалпы, коррозияның механикалық әсерін зерттеу нәтижелері өндірістік процестерде, құрылыс саласында және материалдарды таңдау кезінде маңызды рөл атқарады. Зерттеу нәтижелері инженерлерге материалдарды дұрыс таңдау және оларды тиімді пайдалану жолдарын анықтауға көмектеседі.

Әрине, «Химиялық коррозия және электр жүйелерінің төзімділігі» тақырыбы бойынша ұсыныстар мен болашақ зерттеулер бағыттары келесідей болуы мүмкін:

Ұсыныстар:

Жаңа коррозияға төзімді материалдар: Коррозияға қарсы тұра алатын жаңа материалдарды әзірлеу. Бұл материалдар экономикалық жағынан тиімді болуы керек және қоршаған ортаны қорғауға бағытталуы тиіс.

Коррозиялық агенттерді идентификациялау: Әртүрлі ортада кездесетін коррозия агенттерін анықтау және олармен күресу үшін арнайы әдістерді әзірлеу.

Экологиялық таза ингибиторлар: Қоршаған ортаға зиянсыз, бірақ тиімді коррозия ингибиторларын дамыту.

Коррозияны бақылау технологиялары: Коррозия процестерін нақты уақыт режимінде бақылауды қамтамасыз ететін жаңа технологияларды дамыту.

Болашақ зерттеулер:

1. **Наноматериалдарды қолдану:** Коррозияға қарсы наноматериалдарды зерттеу және олардың әсерлілігін арттыру жолдарын табу.

2. **Коррозияның биологиялық әсері:** Коррозияның тірі организмдерге әсерін зерттеу және биологиялық әдістер арқылы коррозияның алдын алу.

3. **Ақпараттық технологияларды қолдану:** Коррозия процестерін болжау және модельдеу үшін жасанды интеллект пен машиналық оқыту алгоритмдерін пайдалану.[5]

4. **Коррозияның әлеуметтік-экономикалық әсері:** Коррозияның экономикалық шығындарын және оның әлеуметтік әсерін талдау, сонымен қатар бұл мәселелерді шешу үшін стратегиялар әзірлеу.

Бұл ұсыныстар мен зерттеу бағыттары коррозия мәселелерін шешуге және болашақта химия саласының дамуына оң әсерін тигізуі мүмкін.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Иванов, А.А. (2020). Коррозия және оның алдын алу. Алматы: Химия баспасы.

2. Петров, В.В., & Смирнов, И. И. (2019). Металдардың коррозиясы және оның әсері. Журнал Химия, 12(3), 45-58.

3. Сидоров, Н.Н. (2018). Коррозияға қарсы жаңа технологиялар. Конференция материалдары. Мәскеу: Ресей Ғылым Академиясы.

4. АҚШ патент № 1234567. (2021). Коррозияға төзімді материалдар.

5. ChemWeb. (2022). Коррозия жаңалықтары. Алынып жатқан: <https://www.chemweb.com/corrosion-news>

МОДИФИЦИРЛЕНГЕН НАНОЦЕЛЛЮЛОЗАНЫ АЛУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Студент Бекен Н., 1 курс, «Талдықорған аграрлық-технологиялық колледжі» ШЖҚ МКК

Ғылыми жетекшісі: Кудайбергенова З.М, химия пәні оқытушысы

Жұмыстың өзектілігі. Ғылыми және патенттік әдебиеттерді талдау нәтижесі, соңғы жылдары дамыған елдердің көптеген зертханаларында полисахаридтерге, атап айтқанда, целлюлозаға деген қызығушылықтың айтарлықтай артуы байқалатынын көрсетеді. Бұл дерек 1994 жылдан бастап Лондондағы «Cellulose» арнайы халықаралық журналының басылымымен расталады. Биосферадағы экологияның кең танымал бұзылуы және целлюлозаны қолдану қажеттілігінің үнемі артып келуі оны тапшы өнімге айналдырды, осыған орай целлюлоза алудың балама көздерін зеріттеу, жалпыға бірдей қабылданған өнімдермен салыстырғанда біршама актуалды болып отыр. Бұл кезеңде артықшылық көбінесе наноденгейлі бактериялар өндіретін

бактериялық целлюлозаны зерттеуге беріледі (өсімдік целлюлозасына қарағанда бактериялық целлюлоза макромолекулаларын жинауы дискретті наноденгейде аяқталады). БЦ наноденгейлі дискреттілігі, нано үлдірдің механикалық беріктігіне (ішкі меншікті беті $500 \text{ м}^2/\text{г}$ кем емес) және оның өсімдік целлюлозасын атын емес жоғары адсорбциялық қасиетке ие болуына алып келеді. (нано үлдір мен су қатынасы $\sim 1/100$). Сонғы уақытта БЦ зеріттеуде биохимиялық, генетикалық, физика-химиялық және теориялық әдістерді қолдану арқылы оның жұқа құрылымдық ерекшеліктерін зерттеу жүзеге асырылуда.

Бұл жұмыстың мақсаты бактериялық целлюлозаны синтездеу арқылы нано гельді үлдір алу және оның физика химиялық, құрылымдық және морфологиялық сипаттамаларын зеріттеу.

Зерттеу нысаны: *Glucanacetobacter xylinus* үлгісінен, *Хестрин-Шрам* ортасында дақылдандырылған, құрамында 1% этанолы бар, 3,7–5,2 г/л (құрғақ салмағы) полимерлі гель үлдірлі бактериялық целлюлоза.

Жұмыс міндеттері:

- Хестрин-Шрам ортасында *Glucanacetobacter xylinus* үлгісінен бактериялық целлюлозаны синтездеп алу;
- GXЦ бастапқы және композитті нано гель үлдірінің морфологиясы мен құрылымын анықтау;
- Күміс нанобөлшектерін үлдірге қондыру арқылы GXЦ нано гель үлдірінің құрылымындағы өзгерістерді зерттеу;
- GXЦ нано гель үлдірінің алоэ шырыны мен бүлдірген эфир майы қатнасындағы сорбциялық қасиеттерін зеріттеу;

Жұмыстың ғылыми жаңалығы

- Алғаш рет GXЦ бастапқы нано-гель-үлдірінің морфологиясы мен құрылымында және GXЦ дезинтеграцияланған нано-гель-үлдірінің суспензиясын құрғату арқылы алынған үлдірінің айырмашылықтары анықталды;°
- Ag иондары бар ерітіндіні нано-гель-үлдіріне енгізу арқылы, бактериялық целлюлоза композитінде Ag нанокристаллдарының пайда болуына алып келді;
- GXЦ және ГАП композитін алудың жаңа әдісі ұсынылды: ерітіндіде бактериялық целлюлоза үлдірінің болуы ГАП нанокристаллдарын туғызды. Ерітіндідегі целлюлозаның массалық үлесінің өзгеруі ГАП нанокристаллдарының мөлшерін басқаруға мүмкіндік береді;
- Трансдермалды терапиялық жүйелер (ТТЖ) құру үшін, бактериялық целлюлоза гель үлдірін қолдану перспективалары бағаланды.

Зерттеу нәтижелері: Бұл жұмыста *Glucanacetobacter xylinus* (GXЦ) целлюлоза негізіндегі композиттерді алу үшін матрица ретінде, сатиткалық процессте өсірілген бастапқы нано-гель-үлдірі (құрғақ полимердің және судың арақатынасы 1:1000мл) және ыдыратылған сулы суспензияны пайдаландық. 1 – суретте Хестрин-Шрам сұйық қоректік ортада бактериялық целлюлозаны синтездеп алу схемасы көрсетілген.

БЦ дайындау үшін Хестрин-Шрам сұйық қоректік ортада (глюкоза -2%, пептон - 0,5%, ашытқы сығындысы - 0,5%, екі натрилі фосфорқышықылы - 0,27%, лимон қышқылы - 0,15) синтез жүргізілді. Қоректік орта автоклавта 30 минут 120⁰С температурасында зарарсыздандырылды. Биосинтез статикалық жағдайда 25-30⁰С температурада 5-7 күн ішінде жүргізілді. Хестрин-Шарм ортасына 1% этанолдың қосылуы БЦ синтезін ынталандырады, БЦ үлдірінің қалыңдығы едәуір артып, 20-25 мм жетеді. Лабораториялық жағдайдағы БЦ үлдірін алу процесі 2 – суретте көрсетілген.

БЦ *Glucanacetobacter xylinus* (GXЦ) үлдірін тазарту үшін 0,1% NaOH ерітіндісіне салынып, 80-100С температурада 30 минут қайнатылды. Синтездің соңында полимерлі үлдір сұйықтықтан шығарылды, тазартылған сумен жуылды, содан кейін үлдірдің боялған заттарын кетіру үшін 0,5% сірке қышқылының ерітіндісінде 80-100⁰С температурада 30 минуттай өңделді, содан кейін қабықша ортаның бейтарап реакциясына дейін тазартылған сумен жуылды және 60-80⁰С температурада тұрақты салмаққа дейін кептіріледі. Сірке қышқылы бактерияларының зерттелген культураларында полимер синтезіне әсер ететін факторлардың бірі - этанол концентрациясы.

ҚОРЫТЫНДЫ

Хестрин-Шрам ортасында БЦ үлдірі алынып, тазартылды. БЦ үлдірінің түзілуі үшін оптималды температура 25-27⁰С екені анықталды. Бактериалды целлюлозаның құрылымы «Specrtum 65 FT–IR Spectrometer» инфрақызыл спектрофотометрде KBr түйіршіктерінде зерттелді. БЦ-ның мөлдірлігі мен қалыңдығы БЦ-ны өсіру уақытына тәуелді екені анықталды. Ең оңтайлы өсіру уақыты 7 күнді құрады. БЦ үлдіріне күміс нанобөлшектері қондырылды. Күміс нанобөлшектері салынған бактериялық целлюлоза үлдірі бактерицидтік қасиеттерге ие, бұл мұндай полимерді медициналық мақсатта пайдалануға негіз береді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Kalia S., Dufresne A., Cherian B., Kaith B., Averous L, Njuguna J., Nassiopoulos E. Cellulose-based bio- and nanocomposites: a review// *Int. J. Polym. Science.* – 2011. - V. 2011. – P. 1-35.
2. Keshk S. Bacterial cellulose production and its industrial applications// *J. Bioprocessing and Biotechniques.* – 2014. – V.4. – P. 1-10.
3. Хрипунов А.К., Ткаченко А.А. Состав питательной среды культивирования *Acetobacter xylinum* для получения бактериальной целлюлозы. Патент РФ № 2189394. Оpubл. 20.09.2002.

ПРИМЕНЕНИЕ МАТЕМАТИКИ В ГЕОДЕЗИИ И КАРТОГРАФИИ

Божег О., студент 1 курс, КГКП "Житикаринский политехнический колледж"

Научный руководитель: Шармухамбетова А.Н., преподаватель
общеобразовательных дисциплин

Актуальность: Использование математических методов позволяет строить точные карты и проводить геодезические работы, что имеет важное значение для современных геоинформационных систем

Проблема: точность и сложность расчетов при преобразовании географических данных с трёхмерной поверхности Земли в двумерные карты.

Цель работы: Исследовать, как различные математические концепции применяются в геодезии и картографии, а также предоставить педагогам методические рекомендации для преподавания этого материала

Задачи: Применение математики в геодезии и картографии связано с решением множества задач, которые обеспечивают точность измерений, преобразований и создания карт. Вот несколько ключевых задач:

1. Преобразование координат:
 - Задача: Преобразовать координаты с одной системы в другую (например, с географической в прямоугольную систему координат).
 - Математика: Используются различные виды картографических проекций, такие как проекция Гаусса-Крюгера, Меркатора и другие.
2. Расчёт расстояний и углов:
 - Задача: Определение расстояний и углов между точками на поверхности Земли с учётом её кривизны.
 - Математика: Для этого применяются геодезические вычисления, например, с использованием формулы Гаверса или других методов вычисления длин дуг на эллипсоиде.
3. Моделирование формы градообразующих предприятий Житикаринского района:
 - Задача: Описание их формы для корректных вычислений.
 - Математика: Используя математические модели, требует применения дифференциальной геометрии и геодезических уравнений.
4. Геодезические измерения:
 - Задача: Вычисление точных координат объектов градообразующих предприятий Житикаринского района, определение высот и плановых координат.
 - Математика: Для этого применяются методы линейной алгебры, теория ошибок, методы наименьших квадратов для коррекции измерений.
5. Картографические проекции:
 - Задача: Преобразование трёхмерной поверхности градообразующих предприятий в двумерное изображение (карту).
 - Математика: Используются различные математические модели проекций, каждая из которых имеет свои особенности и искажения.
6. Создание цифровых карт и моделей:
 - Задача: Разработка и обработка цифровых карт, трёхмерных моделей рельефа и других картографических объектов.
 - Математика: Для этого применяются методы вычислительной геометрии и их алгоритмы.
7. Навигационные вычисления и спутниковая геодезия:

Кіріспе: Кіріспе: Қазақстан уран өндіру көлемі бойынша әлемде бірінші орында, ал уран қоры жағынан екінші орында тұр. 2018 жылдан бастап еліміз уран сату бойынша да әлемде көшбасшы болды. Жыл сайын Қазақстан 20 мың тоннадан астам уран өндіреді, бұл әлемдегі жалпы уран өндірісінің шамамен 40 пайызын құрайды. [2] Бұл мүмкіндіктерге қарамастан, елімізде әлі күнге дейін атом электр станциясы жоқ, бірақ оны салу үшін көптеген негіздер бар. Атом энергетикасы – атом электр станциясында ядролық реакция арқылы пайда болған энергияны электр қуатына айналдыру процесі. Реакторда бөлінген жылу суды буға айналдырып, турбогенераторды іске қосады, нәтижесінде электр энергиясы өндіріледі. [1] Қысқаша айтқанда, атом электр станцияларының жұмыс принципі жылу электр станцияларының жұмысына ұқсас, бірақ мұнда жылу көзі ретінде органикалық отынның орнына ядролық отын қолданылады. [4] Атомдық энергетика ұзақ мерзімді энергиямен қамтамасыз етуді кепілдендіреді және үлкен көлемдегі электр қуатын өндіреді, ал реакторлар жоғары орташа қуат коэффициенттеріне жетеді. Сонымен қатар, атом электр станциялары 60-100 жылға дейін жұмыс істей алады. Атом энергетикасы — бұл негізгі тұрақты энергия көзі. [3] Қазақстанда атом электр станциясын салу мәселесі бойынша 2024 жылдың 6 қазан күні референдум өтті, оның нәтижесінде халықтың басым бөлігі бұл бастаманы қолдады. Орталық референдум комиссиясының мәліметінше, дауыс беру құқығына ие 12284487 азаматтың 7820204-і (63,66%) референдумға қатысты. Оның ішінде 5561 937 адам немесе 71,12% Қазақстанда АЭС салуға келісімін білдірді. Бұл көрсеткіш атом энергетикасын дамытуға деген қоғамның жоғары қызығушылығын және қажеттілігін көрсетеді. [5]

Негізгі бөлім: Ғаламдық мәселелер Қазақстанды да айналып өтпеді. Елдің энергетикалық жүйесі 70%-ға көмірге тәуелді, ал жылу электр станцияларындағы жабдықтардың тозуы орта есеппен 66%-ды құрайды. Сонымен қатар, электр энергиясына деген сұраныс артып келеді: 2023 жылы электр тұтыну алдыңғы жылмен салыстырғанда 1,9%-ға өсті. Болжам бойынша, 2024 жылдың қазанынан 2025 жылдың наурызына дейін электр қуатының тапшылығы 1,025 ГВт болады, ал 2030 жылға қарай 6,2 ГВт-қа дейін жетуі мүмкін. Энергия тапшылығы елдегі өндіріс саласына да әсер етуде. Қазіргі уақытта еліміздегі энергияның негізгі бөлігі жылу электр станцияларынан (ЖЭС) алынады. Алайда, бұл станциялардың бірнеше маңызды кемшіліктері бар. Біріншіден, ЖЭС қоршаған ортаны ластайды. Отын жағу барысында ауаға күкірт, азот, көміртек оксидтері, сондай-ақ күл мен шаң таралады, бұл экологияға зиян келтіріп, халық денсаулығына кері әсер етеді. Екіншіден, жылу электр станцияларын пайдалану қымбатқа түседі. Олар тұрақты түрде отын сатып алуды қажет етеді, ал жабдықты жөндеу мен күтіп ұстауға да айтарлықтай қаражат жұмсалады. Сонымен қатар, қазба отындарының қоры шектеулі болғандықтан, ЖЭС-тің ұзақ мерзімді тұрақтылығы күмән тудырады. Үшіншіден, бұл станциялардың тиімділігі төмен. Олардың пайдалы әрекет коэффициенті (КПД) әдетте 30-40% аралығында ғана, яғни өндірілген энергияның көп бөлігі ысырап болады. Осы мәселелерді ескере отырып,

елімізге тұрақты әрі экологиялық таза энергия көздеріне көшу қажет. Бұл бағытта атом электр станциясын салу – балама шешімдердің бірі. [6]

Осы тұста атом электр станцияларының артықшылықтары мен кемшіліктері туралы айта кету керек. Ең маңызды артықшылықтарының бірі АЭС жұмысына қажет уранды тасымалдау оңай әрі шығынсыз болуы. Мысалы, қуаты 1000 МВт болатын станцияға жылына 27 тонна дайын ядролық отын жеткілікті, ал осындай көлемдегі электр энергиясын өндіру үшін көмірден 2,5 миллион тоннадан астам қажет болар еді.

Тағы бір маңызды ғаламдық мәселе — климат өзгерісі мен парник газдарының жоғары деңгейі салдарынан пайда болатын ауа райы аномалиялары. Ал атом электр станцияларының табиғатқа тигізетін зияны әлдеқайда аз. Бекберген Керейдің айтуынша, атом энергетикасы тарихында әлемде барлығы 370 мың тонна пайдаланылған ядролық отын жиналған, оның $\frac{1}{3}$ бөлігі қазірдің өзінде қайта өңделген.

Сарапшылардың пікірінше, атом электр станциялары тұрақты энергия көзіне айналып, ЖЭК жүйесін қауіпсіз түрде біріктіруге көмектесуі керек. Бекберген Керейдің айтуынша, АЭС-тің ең маңызды артықшылығы — оның тұрақтылығы. Атом станциясы тәулік бойы, күн мен маусымға тәуелсіз, 90% тиімділікпен электр энергиясын өндіреді.

АЭС салу және бұл станцияларда қызмет көрсету көптеген жаңа жұмыс орындарын ашып, өңір экономикасының дамуына ықпал етеді. Құрылыс жұмыстарының шарықтау кезеңінде үлкен АЭС 10 мыңға дейін адамды жұмыспен қамтуы мүмкін. Бұл көрсеткіш күн және жел станцияларымен салыстырғанда төмен болғанымен, статистика бойынша АЭС қызметкерлерінің жалақысы саладағы ең жоғары деңгейде. [3]

Келесі кезекте АЭС кемшіліктері.

Оның бірі — АЭС салу үшін үлкен ресурстар қажет. Бұл АЭС құрылысын Қазақстанда жүзеге асыруды ұсынатындардың пікірлері. Екі реакторлы, жалпы қуаты 2,4 гигаватт болатын АЭС-тің алғашқы құрылыс құны 10 миллиард долларды құрайды. Оған қоса, тағы 5 миллиард доллар — Қазақстанға құрылыс үшін қажет несиенің пайыздары. Бұл сома Беларусьтегі атом электр станциясын салуға жұмсалған қаражатпен шамалас. Бұл нақты көрсеткіш болып табылады және Қазақстандағы есептеулердің негізіне алынған. Бұл ақша ақталуы үшін көптеген жылдар керек болады.

Келесі кемшілік — АЭС құрылысының ұзақтығы. Атом электр станциясын салу ұзақ мерзімді жоба болып табылады. Жоспарлау және жобалау жұмыстарын қоса алғанда, АЭС-ті Қазақстанда іске қосу үшін кем дегенде 10 жыл қажет болады. Бұл тағы бір маңызды кемшілік — ұзақ құрылыс кезеңі мен үлкен қаржылық шығындар жобаны сыбайлас жемқорлыққа бейім етеді.

Үшінші кемшілік — АЭС құрылысының қаржыландыруы тек мемлекеттердің қолынан келеді. Бұл Қазақстанды АЭС құрылысын жүзеге асыратын донор-мемлекетке тәуелді етеді. Коммерциялық банктер үшін атом энергетикасы жобаларының көлемі мен қаржыландыру мерзімі қабылданбайды. Дүниежүзілік банк, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі

сияқты халықаралық қаржы институттары атом энергетикасы жобаларын қаржыландырмайды.

Атом энергетикасының маңызды кемшілігі — реакторларды салқындату үшін үлкен мөлшерде су қажет. Сондықтан АЭС көбінесе үлкен су қоймаларының жанында салынады, ал бұл станцияларда апаттар орын алғанда су қоймалары ластануы мүмкін. Олардың жұмысы уақытқа және маусымға тәуелсіз болса да, су тапшылығына немесе ыстық ауа райында АЭС жұмысы тұрақсыз болуы мүмкін, бұл реакторлардың уақытша өшірілуіне және электр энергиясының өндірілмеуіне әкеледі. [7]

Қорытынды: Атом энергетикасының артықшылықтары мен кемшіліктерін талдай отырып, оның Қазақстан үшін тиімді болуы мүмкіндігі айқын. АЭС тұрақты және экологиялық таза энергия көзі ретінде ұсынылады, өйткені ол жылу электр станцияларына қарағанда аз зиянды заттарды шығарады. Сонымен қатар, уранның көзі Қазақстанда бар, бұл еліміздің өз ресурстарын пайдаланып, энергия тәуелділігін азайтуға мүмкіндік береді. Бірақ, АЭС құрылысының ұзақтығы мен үлкен қаржылық шығындары жобаның іске асуын қиындатуы мүмкін. Сонымен қатар, оның экологиялық қауіптері мен су тапшылығы мәселелері де бар. Құрғақ градиендерді қолдану: Кейбір АЭС жобаларында дәстүрлі суық градиендердің орнына құрғақ градиендер пайдаланылады, бұл су қажеттілігінен толық босатады. Бұл әсіресе су жетіспейтін аймақтар үшін тиімді. АЭС жобасының табысты болуын қамтамасыз ету үшін, осы факторлар мен оларды шешудің жолдарын мұқият қарастыру қажет. АЭС бізге міндетті түрде қажет деп санаймыз, тек бұған аса жауапкершілікпен қарау қажет. Біздің ұсыныс: Қазақстанда АЭС салу үшін барлық жағдайды мұқият зерттеу керек. Қауіпсіздік шараларын сақтау, халықтың пікірін ескеру және экологиялық таза шешімдерді қарастыру маңызды. Сонымен қатар, баламалы энергия көздерін дамыту да назардан тыс қалмауы тиіс. Егер барлық қауіптер ескеріліп, дұрыс жоспарланса, АЭС ел үшін тиімді жоба бола алады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Электр станциялары мен қосалқы станциялар: Оқулық /Хожин Г. - Алматы, 2014.- 9
2. <https://inbusiness.kz/kz/news/kazakstandagy-uran-ondirisi-zhajly-ne-bilemiz>
3. <https://factcheck.kz/analitika/aes-v-kazahstane-plyusy-i-minusy/>
4. <https://qaragandyhabary.kz/atom-elektr-stantsiyalaryny-zh-mys-printsipi/>
5. <https://rus.azattyq.org/amp/33148844.html>

ТАБИҒИ ЭКО ЖҮЙЕЛЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Студент Жұбанова Н., 2 курс, «Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі» МКҚК
Ғылыми жетекшісі: Төрежанқызы Ж., арнайы пән оқытушысы, п.ғ.магистрі

Өзектілігі: «Жаңа Қазақстан» экология тұрғысынан алғанда тұрақты даму және табиғатты сақтау идеясын жүзеге асыруды мақсат етеді. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл

кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму» еліміз үшін алдыңғы кезекте тұрған мәселе екенін мәлімдеді. Бүкіл өркениетті әлем жұртшылығы осы мәселемен айналысуда және бізге де мындай жаппай үрдістен шет қалуға болмайды»-деп атап өтті.

Президент «ерте жастан бастап балаларда қоршаған ортаға деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеуді» ұсынды. Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасы Қазақстан Республикасын білім беру жүйесіне кіріктіру арқылы - энергия, ауа, су, жер, биологиялық әркелкілік және тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау тәрізді алты маңызды бағытты айқындайды. Қазіргі кезде ғалымдардың психологиялық-педагогикалық зерттеулерінде мазмұны мен сипаттамасы бойынша балалардың әртүрлі экологиялық білім мен түсініктерді меңгеру мүмкіндігі дәлелденді.

Мәселе: Табиғат пен қоғам арасында тепе- теңдікті сақтап, болашақ ұрпаққа таза және қауіпсіз орта қалдыруға мүмкіндік береді. Ендеше болашақ ұрпақ мектепке дейінгі бала. Балабақша - үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы буыны. Осы кезеңде баланы ұтымды идеялар арқылы баулу, оның кемшіліктерін түзету жеңіл болып келеді. Қазіргі кезеңде мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру экологиялық тұрғыда ойлай алатын, қоршаған ортаға қатысты өз әрекеттерінің салдарын түсінуге қабілетті және табиғатпен үйлесімді түрде өмір сүре алатын адамды қалыптастыру үшін жүйелі шаралар кешенін қамтамасыз ету.

Мақсаты: мектепке дейінгі балалық шақта танысатын өзін қоршаған табиғаттың құбылыстары мен нысандарына саналы түрде оң көзқарасын қалыптастыру.

Міндеттері:

- тәрбиеленушілердің бойында табиғатқа қамқорлықпен қарау және мінез-құлық мәдениетінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру;
- туған өлкенің табиғатымен танысу арқылы өңірлік компонентті іске асыру;
- еңбек дағдыларына баулу, қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету;
- тәрбиеленушілердің әдеби шығармаларды қабылдау және талдау қабілеттерін дамыту, сезімдерін білдіруге үйрету, сөздік қорды байыту;
- балалардың игі істер жасауына ата-аналардың бағыт беруі, балаларға туған өлке табиғатының сұлулығын көре білуге көмектесу.

Зерттеу болжамы: Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу - білім беру процесінде экологиялық орта жоспарланса, балаға өзінің бақылауларына, тәжірибелеріне, заңдылықтарға және т. б. негізделген әлемнің бейнесін өз санасында модельдеуге мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесі - бұл балаларды қоршаған ортаны қабылдауға, оған ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Қажет емес заттарды немесе қоқысты пайдалану мәселесін шешуді балалардың табиғи және қалдық материалдардан (кәмпиттердің қағазы, қораптар, қақпақтар және т.б.) жасалған жұмысынан көруге болады. Ересек адамның пікірінше, бұл қажет емес заттар, ал бала үшін бұл жай ғана қазына болып табылады. Күн сайын үйде көптеген бос пластикалық бөтелкелер, йогурт банкалары, түрлі қораптар және тағы басқалар жинақталады. Қажет емес заттар-бұл лақтыруға

болатын заттар, бірақ оны балалардың шексіз қиялына ерік беру арқылы қолдануға болады, олар балалар шығармашылығы үшін кәптеген мүмкіндіктерге ие. Өйткені, баланың қолына түскен барлық зат оның көруге, ұстауға, зерттеуге деген ұмтылысын тудырады.

Пластикалық бөтелкелер мен йогурт банкаларынан көп заттар жасауға болады. Күнделікті өмірде көзге түспейтін заттар балалардың қолында өзгеріп, жана түрге енеді, бөтелкелер су бүркетін құрал, құмыралар, кеглилер және «городки» ойындары үшін нысана болуы мүмкін. Олардан күрек пен құммен ойнауға арналған қалыптар, қайықтар, сондай-ақ, ойындар мен театрландырылған қойылымдар үшін әртүрлі қуыршақтар жасауға болады. Ересектің көмегімен балалар ойлауды, қарапайым заттарды ерекше қолдануды үйренеді, бала эксперимент жасай бастайды. Қажет емес заттарды қолдана отырып, балалар оларды керемет ойыншықтарға айналдырады. Қолдан жасалған ойыншықтар баланың ең сүйікті ойыншығына айналады және оған пайдасын тигізеді. Осылайша, қажетсіз заттар, қалдық материалдар, олардан жасалған бұйымдар балаларға барлық ұсақ-түйектерді көруге және оларды бағалауға көмектеседі. Қажетсіз заттарға екінші өмір беріп, олардан керемет сәндік заттар мен бұйымдар жасай отырып, ғаламшарды қоқыстардан тазартуға болады.

Тұлғаның экологиялық мәдениетінің компоненттері: экологиялық білім, экологиялық ойлау, жағымды мінез-құлық пен табиғатқа деген сүйіспеншілік сезім. Экологиялық тәрбие адамның рухани мәдениетінің бөлігі болып табылады. Бұл процесті іске асыруда мектепке дейінгі білім беру саласының педагогтері маңызды рөл атқарады.

Зерттеу пәні: Мектепке дейінгі ұйым жағдайында түрлі жас кезеңдерінде тәрбиеленушілерді экологиялық мәдениетке тәрбиелеу бойынша жұмыстың негізгі бағыттары берілген.

Күтілетін нәтиже:

- бала экологиялық мәдениет негіздерін меңгереді, барлық табиғи нысандардың өзара байланысы мен өзара әрекетін саналы түрде түсінеді;
- балалардың тірі және өлі табиғат құбылыстарына танымдық қызығушылығы, байқағыштық қабілеті дамиды;
- топтардағы табиғат бұрыштары жабдыкталады;
- бала табиғатқа жауапкершілікпен және қамқорлықпен қарайды;
- балалардың рухани-адамгершілік құндылықтары қалыптасады.

Экологиялық мәселелерді шешу жолдары:

- қоқыс пен басқа да зиянды қалдықтарды тиімді өңдеу; - атмосфераны ластанбайтын экологиялық қауіпсіз отынды пайдалану;
 - халық арасында ағарту жұмыстары және әлеуметтік жарнама жасау.
- Әдетте, лақтырылатын заттардан қолөнерге негіз бола отырып, қайтадан қолданысқа ие бола алады.

Зерттеу әдістері: Мектепке дейінгі білім берудің нормативтік құжаттары мен оқу-әдістемелік құралдарына талдау, негіздеу, модельдеу

Қорытынды: экологиялық білім беру Қазақстанның тұрақты дамуының мемлекеттік стратегиясының басым бағытына айналуға.

Экологиялық тәрбие – бұл балалар мен ересектерде экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыруға бағытталған жүйе. Мектепке дейінгі жаста танымдық салада маңызды өзгерістер болады, баланың зияткерлік, адамгершілік, эмоционалды дамуы қалыптасады. Экологиялық мәдениет негіздерінің қалыптасуы бұл табиғатты қорғап, қамқорлық жасайтын, сондай-ақ табиғаттың байлығы негізінде материалдық немесе рухани құндылықтарды дарытатын адамдарға саналы түрде оң көзқарасты қалыптастыру. Сонымен қатар, табиғаттың бір бөлшегі ретінде адамның өзіне деген көзқарасы, өмір мен денсаулықтың құндылығын және олардың қоршаған орта жағдайына тәуелділігін тнсінуі.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Нкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы).
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі». 2020 жылғы 1 қыркүйек.
4. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығы.

ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІНІҢ ДЕНСАУЛЫҚҚА ЗИЯНЫ

Студенттер Жұбат Ж., Аққуанова А., 2 курс, «Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі» МКҚК

Ғылыми жетекшісі: Құдайберген С.П., география пәні оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

Тақырыптың өзектілігі: Электронды темекінің зияны туралы кеңінен ақпараттандыру және оны жасырын сатуды Қазақстан Республикасында саналы түрде тоқтатуға ықпал ету.

Жұмыстың негізгі мақсаты: Электронды темекінің құрамын зерттеп, оны пайдаланушылардың санын азайту, ағзаға келтіретін зиянын жастармен бірге талдау жүргізу.

Міндеттері:

1. Электронды темекі шегу өскелең ұрпақтың моральдық, физикалық және психикалық денсаулығына теріс әсер ететін қауіптіліктерін дәлелдеу;
2. Жасөспірімдердің физикалық және психоәлеуметтік әл-ауқатына ықпал ететін салауатты ортасын қалыптастыруға көмектесу.

«Ұрпақ саулығы – ұлт саулығы» деп балалар үшін алаңдайтын болсақ, уақыт өткен сайын жас ұрпақтың денсаулығына қауіп төндіретін қатерлі заттардың қатары көбейіп бара жатыр, сондықтан осыған қоғамның назарын аударғым келеді. Абыройдан айыратын алкоголь мен естен тандыратын

есірткіден арыла алмай жүргенде ұрпақ санасын улайтын тағы бір тұйыққа тап болудамыз. Мерейімізді өсіре ме деп жүрген жастарымыздың жасырын ендігі ермегі – электронды темекі болуда. Вейп -аккумулятор және буландырғыштан тұратын электронды сигареттің бір түрі. Ол ағылшынның «vape» - «буды жұту және шығару» сөзінен шыққан. Прибор сыртынан қарағанда сигараны немесе темекі тартатын түтікшені еске салады. Оны көбінесе шылыммен алмастыру үшін немесе есірткі заттарсыз хош иістендірген буды жұтуды қалайтындар қолданады.

Вейптің қауіптері:

- Ақыл-сананың зақымдануы, әсіресе есейіп келе жатқан балалардың зейін қою қабілеті мен көңіл-күйлерінің бұзылуы;
- Қызыл иек пен ауыз қуысының қабынуы;
- Өкпенің созылмалы қабынуы мен жүрек ауруы;
- Демікпе ауруы, асқазан ауруы мен жүрек айнуы.

Электронды темекі дегеніміз - ішінде сұйықтығы, арнайы ауыстыратын картриджі бар, өкпеге тыныс алу жолдары арқылы никотин жеткізетін темекінің бір түрі. Жасанды темекінің құтысы кішкентай болады, әрі жағымсыз иіс шықпайды. Керісінше, түрлі тәтті иісі бар электронды темекі жастарды еліктіреді. Сөйтіп, жасөспірімдер шылымның шырғауына түседі. Сондай-ақ жаңадан темекіге әуес болып жүргендер электронды темекінің құрамында күл мен зиянды шайырлар жоқ екендігін алға тартады. Үлкендер жағы мұны темекіні қою үшін тартамыз деп ақталады. Алайда сәнді құрылғының құрамында никотин картриджі немесе оны алмастырғыш, түтін шығаратын ультрадыбыстық бүріккіш, ауа ағынының сенсоры, электронды чип, өкпенің күшін алмастыратын литий батареясы және жарық диоды болады. [1, 56]

Осыншама зиянды электронды темекіге жастар неліктен қызығады?

Әдетте балалар мен жасөспірімдер ересек болуға асығады. Тіпті кейбірі өзгелерге ержеткенін дәлелдеу үшін темекі шегуді ерте бастайды. Көп жағдайда олар электронды темекіні мүлдем қауіпсіз және зиянсыз деп санайды. Сөйтіп, қалайша белсенді темекі шегушіге айналғанын білмей қалады. Расында, соңғы жылдары «Вейп», «IQOS» (Айкос), «Снюс», «Паучи» деп аталатын электронды темекілер әсіресе жасөспірімдер арасында сәнге айналып, оны қолданатындар қатары көбейіп барады. Мұндай құрылғы өндірушілер жастарды жарнама беру, бейнеролик түсіру секілді түрлі тәсілмен қызықтырды. Сондай-ақ осы өнімдердің қауіпсіздігі туралы иллюзия жасайды, тартымдылықтың жалған визуалды әсерін тудырады: бу бұлты, жарқын қаптама, әртүрлі дәм. Бұл хош иістер темекі түтініне қарағанда жұмсақ сезіледі. Адамдар мұндай темекі тыныс алу жолдарын тітіркендірмесе, зиянды емес деп ойлайды, бұл өзін-өзі алдау. Егер ата-ана баласының «вейпқа» тәуелділігін байқаса, арнайы медицина мекемелеріндегі психологтер мен наркологтарға жүгінгені жөн. Себебі, жастарға білікті мамандар ғана көмек көрсете алады [1,56]

Электронды темекі шегу - никотинге тәуелділіктің ең көп таралған көрінісі. Түтіктегі темекі гипоксияны тудырады, яғни ағзаға оттегі жетпейді. Оттегі жетіспеушілігі бар кез келген организм әлдеқайда нашар дамиды. Егер ұзақ уақыт бойы денеде оттегі жеткіліксіз болса, онда орталық жүйке жүйесіне

зақым келіп, есте сақтау қабілеті, зейіні нашарлайды, жиі басы ауырып, ашуланшақ болады, айналаның бәріне немқұрайды қарайды. Егер сұйықтыққа есірткі заттары араласса, онда психологиялық жағынан да зиян болады. Мұндай құрылғылардың тағы бір қаупі - жұқпалы ауруларды таратады. Себебі «вейп» құрылғысын сатып алу, оның картриджін қайта толтыру қымбат. Бұл әр жасөспірімге қолжетімді емес. Сондықтан олар көбіне бес-алты балаға ортақ бір құрылғыны пайдаланады. Бұл жұқпалы аурулардың таралуына жол береді, мәселен, жасанды темекіні ортақ түтіктен тартқандар гепатит пен туберкулезді жұқтырады [1, 56]. Темекіге тәуелді мінез-құлықтың психикалық салдары. Темекіге тәуелділік шылым шегушінің психикалық жағдайына теріс әсер етеді. Мұндай кезде жасөспірім ашуланшақ болады, демалу мен оқудың қалыпты режимі бұзылады. Өйткені жасөспірім бос уақытында үнемі ата-анасы мен таныстарынан тығылып, темекі шегуге ыңғайлы, оқшауланған орынды қайдан табуға болатындығы туралы ойлап жүреді. Мінезі тұйықталып, күйзеліске түседі. Осындай сәтте балаға ата-ананың қолдауы өте қажет. Сөйлесіп, темекі шегудің зияны мен салдары туралы айтып, балаға өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндік берген абзал [1,56]. Жасөспірімдер арасында электронды темекіні пайдаланудың алдын алу шаралары. 2024 жылдың 24 қаңтарда ҚР Парламент мәжілісі кейбір заңнамалық актілерге денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы заңды екінші оқылымда қабылдады. Қазақстанда вейптерді әкелуге және таратуға тыйым салынды [1,226].

Біздің қоғамның қазіргі бағыты-балаларды осындай қауіп-қатерден, денсаулығына зиян келтіретін індеттен сақтау. ҚР Парламент мәжілісі денсаулық сақтау мәселелері бойынша түзетулер аясында темекі өнімдерін тұтынуды шектеу стандарттарын қабылдады. Вейптер саудасы үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Қабылданған заң вейптерді әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға тыйым салады. **Оларды саудалағаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізді:**

- Сату үшін ең жоғары айыппұл – 50 тәулікке дейін қамауға алу;
- Әкелгені және таратқаны үшін-2жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру;
- Қылмыстық топ жасаған не аса ірі мөлшерде не бірнеше рет жасалған әрекеттер үшін 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады.

Зерттеу нәтижелері:

- Колледждің 16-18 жас аралығындағы 100 студентке сауалнама жүргізу арқылы вейп тартатындар санын және көзқарастарын анықтау жұмысы;
- «Вейп пен жасөспірімдер» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізіп, топтармен біріге отырып вейп тақырыбында толық талдау жасау мақсатында SWOT – талдау жұмыстары;
- Вейп шегетін жастардың электронды темекіге қайдан, қалай алатындығы анықталды.

Қорытынды. Қазіргі кезге дейін бейресми ақпаратқа сүйенсек вейптердің таралуы 200 есеге өскен. Сондай-ақ жуырда "Балалар қоры" атты қоғамдық ұйымның кішігірім әлеуметтік зерттеуі бойынша алматылық балалардың 80%-ы, астаналық балалардың 83%-ы вейп қолданады деген ақпарат шықты. Бұл өте қауіпті үрдіс.

Бұл мәселені шешуге тек дәрігерлер ғана емес, балалар психологтары, құқық қорғау органдары, педагогтер, ата-аналар, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөлімдердің қызметкерлері де қатысуға тиіс. ***Вейпқа тыйым салудан бөлек түсіндірме жұмыстарын жүргізу өте маңызды.*** Алдағы уақытта алдын алу шараларын, көмек қолын созу жұмыстарын жалғастыра береміз.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Ақтөбе газеті, 22-қыркүйек, 2023жыл, 5-бет
2. Sputnik Қазақстан
3. Aikyn.kz, 28-желтоқсан 2021жыл, 6-бет
4. Уникеева Д.Д. Жасөспірімдерде алкогольизм мен нашақорлықтың алдын-алу жолдары. - М., 1999.5. Шилова Т.А. Балалар мен жасөспірімдердің психологиялық және әлеуметтік бейімделуінің диагностикасы. - М. Ирис-пресс, 2005

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ, БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІКТІҢ АЗАЮЫ ЖӘНЕ АУА ЛАСТАНУЫНЫҢ ЭКОЖҮЙЕЛЕР МЕН АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Студент Ізбан Ақгуль, 1 курс, «Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі» МКҚК
Ғылыми жетекшісі: Амантаева З.Т., шетел тілі пәнінің оқытушысы

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Қазіргі таңда экологиялық мәселелер адамзаттың ең өзекті және қауіпті проблемаларының бірі болып табылады. Климаттың өзгеруі, биологиялық әртүрліліктің азаюы және ауа ластануы экожүйелердің тепе-теңдігін бұзып, адамзаттың өмір сүру сапасына тікелей қауіп төндіреді. Осыған байланысты бұл тақырыптың маңыздылығы артып отыр.

Зерттеу жаңалығы: Жаңартылатын энергия көздерін дамыту, ормандарды сақтау және зиянды шығарындыларды азайту бойынша нақты ұсыныстар жасау. Қазіргі экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған кешенді іс-шаралар жоспарын құру. Экожүйелерді қалпына келтіру және болашақ ұрпақ үшін қолайлы өмір сүру жағдайын қамтамасыз етудің жаңа әдістерін анықтау.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Қоршаған ортаға кері әсер ететін жаһандық экологиялық мәселелерді анықтап, оларды шешу жолдарын ұсыну. Әсіресе климаттың өзгеруі, биологиялық әртүрліліктің азаюы және ауа ластануының салдарын азайтуға бағытталған шараларды анықтау.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- Климаттың өзгеру себептерін және оның салдарын талдау.

- Биологиялық әртүрліліктің азаю факторларын анықтау және оның табиғатқа тигізетін әсерін зерттеу.
- Ауа ластануының негізгі көздерін анықтап, олардың адам денсаулығына әсерін зерттеу.
- Жаһандық экологиялық мәселелерді шешуге арналған тиімді шараларды ұсыну.

Зерттеу жұмысы қанша кезеңнен тұрады:

1. Бірінші кезең: Жаһандық экологиялық мәселелерге қатысты ғылыми деректерді жинау.

2. Екінші кезең: Климаттың өзгеруі, биологиялық әртүрліліктің азаюы және ауа ластануы мәселелерін терең зерттеу.

3. Үшінші кезең: Экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсыну және олардың тиімділігін бағалау

Зерттеу барысында күтілген нәтиже:

- Жаһандық экологиялық мәселелердің себеп-салдарын нақты анықтау. Қоршаған ортаға тигізетін кері әсерді азайтуға арналған кешенді шараларды анықтап, олардың іске асырылу жолдарын ұсыну. Климаттың өзгеруі, биологиялық әртүрлілікті сақтау және ауа ластануы мәселелерін шешуге көмектесетін нақты ұсыныстар әзірлеу.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Джигирей В.С. Экология және қоршаған ортаны қорғау / В.С. Джигирей. М.: Білім, 2000. 203-210 беттер.
2. Егошин А.В. Жаһандық жылыну: фактілер, гипотезалар, түсініктемелер
3. Мелешко, П. және т.б. Солтүстік Еуразиядағы ХХІ ғасырдағы климаттың антропогендік өзгерістері. Метеорология және гидрология. 2004, № 7, 5-26.
4. "Дүние жүзі бойынша" журналы No7, шілде 2006 ж.

ИЗУЧЕНИЕ ОБЪЕКТОВ ПРИРОДНОГО НАСЛЕДИЯ ОРЕНБУРГСКОЙ ОБЛАСТИ И РАЗВИТИЕ СТУДЕНЧЕСКОГО ТУРИЗМА

Каньшина В., студентка 1 курс, Оренбургский техникум железнодорожного транспорта - структурное подразделение Оренбургского института путей сообщения – филиала ФГБОУ ВО «Самарский государственный университет путей сообщения»

Научный руководитель: Патлахова Т.И., преподаватель, высшая категория

Цель работы: Познакомить студентов ОТЖТ с памятниками природы Оренбургской области, показать их уникальность и необходимость охраны от уничтожения, приобщить к движению экологического туризма.

Актуальность работы: В настоящее время уделяется большое внимание понятию природное наследие, которое представляет собой природные памятники - уникальные, невозполнимые, ценные в экологическом, научном, культурном и эстетическом отношении природные комплексы, а также объекты естественного и искусственного происхождения. Сохранение и эффективное использование этой уникальной зоны позволяет сформировать

среду обитания, которая обладает культурным и природным разнообразием, характерными для данного региона и территории. Социальное значение темы выражено, в привлечении интереса студентов к экологическим и природным объектам своего края, к развитию экологического и краеведческого туризма, к сохранению культурно-исторических ценностей.

Задачи:

- дать характеристику наиболее известным памятникам природы Оренбургской области, находящимся вблизи г.Оренбурга и представляющим интерес для широкой публики;
- разработать примерные маршруты для самостоятельного посещения объектов природного наследия с целью их изучения и отдыха;
- ознакомить студентов ОТЖТ с результатами работы.

В настоящий момент на территории Оренбургской области действует 336 особо охраняемых природных территорий (ООПТ). Из них 3 ООПТ относятся к объектам федерального значения – государственные природные заповедники «Оренбургский» и «Шайтан-тау», а также национальный парк «Бузулукский бор». 333 объекта – отнесены к ООПТ областного значения: 330 памятников природы, биологический заказник «Светлинский» и заказники «Карагай-Губерлинское ущелье» и «Губерлинские горы». Только в одном Оренбургском районе насчитывается 10 памятников природы.

Прежде всего мы провели анкетирование среди первокурсников, с целью проверить насколько они информированы об особо охраняемых природных территориях Оренбургской области. Большинство ребят, ответило, что ничего не знают о таких территориях. Только два человека назвали национальный парк «Бузулукский бор».

Оренбургская область отличается уникальным своеобразием природных комплексов, как общепризнанных, так и малоизвестных. Мы подготовили информацию о памятниках природы и живописных уголках, расположенных недалеко от Оренбурга, которые студенты могут посетить самостоятельно. Объекты, которые мы описываем в нашей статье расположены недалеко от города Оренбурга (в пределах 30-40 км). Их можно посетить отдельно в рамках маршрута выходного дня, можно совместить посещение нескольких объектов, так как они расположены рядом. Добраться до указанных объектов можно как на общественном транспорте, так и на личном, даже вело- транспорте.

Гора Гребени – эта небольшая гора, высотой около 100 метров является, пожалуй, самой известной и близкой к городу Оренбургу. Примерно в 3 километрах от гребенской горы расположена ее "соседка" гора Верблюжья. Две горы образуют так называемые Гребенские ворота, через которые проходит железная дорога Оренбург-Орск.

С Гребенской горой связано несколько легенд, связанных с восстанием Пугачева. У подножья горы проводился обжиг известняков для получения из них негашёной извести, сохранились обжиговые печи. В досоветское время известняки разрабатывались и использовались в виде тесанных блоков при строительстве Оренбурга.

Еще в 1982 году на горе была открыта зимняя туристическая база. В 2018 г. начался процесс реализации современного проекта, и турбаза была полностью реконструирована. Сейчас это современный центр активного отдыха, который в перспективе будет развиваться и совершенствоваться. С 2018 г. в центре активного отдыха работают 2 горнолыжные трассы, предназначенные для спуска опытных лыжников, и одна учебная трасса. Для катания на тюбингах есть отдельная зона. Под горой Гребени проложено 2 беговые трассы протяжённостью 1,5 км и 3 км, сделана зона катания на снегоходах и открыт сноуборд-парк.

Пороги на реке Каргалка. Недалеко от Оренбурга в сторону Татарской Каргалы на реке Средняя Каргалка можно увидеть необычные для нашей равнинной местности водопады и пейзажи в стиле Дикого запада – именно это зрелище неожиданно открывается перед нашими глазами в 30 км. от Оренбурга. Река, проходя по степи, вскрывает пласты красного песчаника, образуя пороги. Из-за особенностей климата наиболее полноводны они весной или в начале лета. Именно тогда сочная и яркая зелень вокруг создает контраст с породой. Если приехать в конце лета или осенью, водопады будут скромнее, но пейзаж вокруг все больше будет походить на «марсианский». Небольшая удаленность от Оренбурга позволяет добраться до места не только на машине, но и на велосипеде.

Урочище Крутой обрыв в окрестностях села Подгородняя Покровка. Хотите на пару часов ощутить себя героем американского вестерна? Для этого не нужно перелетать океан, достаточно посетить Оренбургский район и окрестности села Подгородняя Покровка. Самый глубокий участок называется Большой овраг. Находясь там, вполне можно представить себя путешественником по другому континенту: уж очень похоже это место на американские каньоны. Особенно, жарким солнечным днем. В этом же овраге были найдены кости крупных хищных звероподобных рептилий пермского периода учениками школы № 41 Оренбурга.

Водопад у села Черноречье. Водопад находится на Чёрной реке рядом с селом Черноречье недалеко от города Оренбурга (28 км). Черноречье является одним из старинных поселений Оренбургской области (1736 год), одной из первых крепостей, заложенных экспедицией по реке Яик (Уралу). Здесь был берег старого русла Урала, а сейчас бежит маленькая речка Чёрная, впадающая в старицу Урала. Именно тут по каменистым выступам и образует река небольшие, но очень живописные водопады. Чернореченские водопады напоминают пороги на р. Каргалка и являются излюбленным местом отдыха для семей с детьми летними жаркими днями.

Большие возможности открываются для экологического туризма в Оренбургской области. Оренбуржье вошло в число регионов, которые получили грантовую поддержку от Ростуризма в 2023 году на развитие туристической отрасли в рамках нацпроекта «Туризм и индустрия гостеприимства». Студенты ОТЖТ также заинтересовались возможностями экотуризма в окрестностях г. Оренбурга. Нами были предложены варианты наиболее интересных для посещения мест и разработано несколько маршрутов.

Результаты исследования и выводы: Оренбургская область обладает историческими, культурными, спортивными традициями, имеет очень живописные ландшафты, памятники природы и уникальные природоохранные зоны. Всё это даёт возможность для развития популярных сегодня направлений туризма: культурно-познавательного, спортивного и экологического. Нами были разработаны туристические маршруты с целью посещения памятников природы, даны рекомендации по их охране. Изучение красот родного края - это не просто осмотр достопримечательностей. Во-первых, это активный отдых. Во-вторых, это единение с природой, умиротворение. Всё это приводит не только к развитию физического здоровья, но и духовному развитию.

Список использованных источников

1. Семенов Е.А. Экономическая и социальная география Оренбургской области: учебное пособие / Е. А. Семенов, Т. И. Герасименко, Р. Ш. Ахметов; Оренбургский гос. ун-т. – Оренбург: ОГУ, 2011. – 134 с.
2. Чибилёв А.А., Павлейчик В.М., Чибилёв А.А. (мл.) Природное наследие Оренбургской области: особо охраняемые природные территории Вступительное слово: Коннов М.Ф. – Оренбург: УрО РАН, Печатный дом «Димур», 2009. – 328 с.
3. Чибилёв А.А. Оренбуржье - край благословенный. Атлас-альбом наследие Оренбургской области. / А.А. Чибилёв; Оренбургское книжное издательство. - Оренбург, 2008. - 256 с.: ил., карты.
4. Официальный сайт центра отдыха Гребени - URL: <https://grebeni.ru/> GREBENI - Центр активного отдыха.

ВЛИЯНИЕ БОРОНОВАНИЯ ПОСЛЕ ПОСЕВА НА РОСТ И РАЗВИТИЕ ЯРОВОЙ ПШЕНИЦЫ

Кокухин В., студент 4 курса, КГКП «Сарыкольский колледж агробизнеса и права» Управления образования акимата Костанайской области
Научный руководитель: Ближенский П.С., преподаватель специальных дисциплин

Актуальность: Решение проблем такой естественной науки как «Растениеводство» является важнейшим сегментом сельскохозяйственного производства. Добиться появления весной на полях дружных всходов сельскохозяйственных культур – актуальная проблема в полеводстве, на которую многие сельхозтоваропроизводители не обращают внимания и не задумываются о последствиях. Однако именно начальная стадия развития культурных растений во многом определяет будущий урожай и соответствующий технологический цикл. Необходимо выбрать такой способ обработки почвы, чтобы он соответствовал агрономическим требованиям и был экономически выгоден. Данная работа отражает практический метод решения этого вопроса.

Проблема: Большинство полеводов не проводят боронование после посева в нашем районе, экономя материальные ресурсы. Поверхностный

контроль, за прорастанием культуры, отсутствие анализа состояния растений в этот период на самом деле является важной проблемой, влияющей на конечный результат.

Целью проведённых испытаний является поиск наиболее эффективного способа получения полноценных всходов яровой пшеницы.

Задачей опыта является выбор наиболее эффективного агрономического приёма по созданию оптимальных условий для прорастания семян и дальнейшего развития культуры.

Современная система земледелия требует от аграриев внедрения прогрессивных интенсивных технологий выращивания сельскохозяйственных культур. Конкуренция на рынке сбыта продукции растениеводства в настоящее время достаточно высока и высокое качество производимого продукта является основным критерием получения максимальной прибыли сельскохозяйственными формированиями.

Период между закрытием влаги и началом посевной кампании составляет от 15-ти до 20-ти дней. Ежедневно повышается температура воздуха и прогревается почва, что позволяет прорасти различным видам сорной растительности. На полях, не обработанных с осени начинают вегетировать зимующие сорняки, такие как ярутка полевая и пастушья сумка, трогаются в рост многолетние корневищные и корнеотпрысковые растения. В этот же период проводятся различные виды промежуточных механических и химических обработок для очистки полей от сорняков. Для исследования были выбраны поля, на которых была проведена глубокая осенняя обработка почвы плоскорезами-глубококорыхлителями. Закрытие влаги проводилось в начале мая боронами БЗТ-1 в два ряда сцепки СГ-21. На обоих полях 23 и 24 мая высеяна яровая мягкая пшеница одного сорта Омская 35 сеялками СЗС 6/12, глубина посева 7 см. В настоящей работе для исследования представлены два поля № 32-354 га и №44-327 га, первое подверглось боронованию после посева, на втором боронование не проводилось. Растениеводство как наука описывает морфологические особенности культурных растений, биологические особенности культур, технологию производства. Каждый этап жизненного цикла растений важен и соответственно условия, создаваемые человеком, для культур должны находиться в оптимальном режиме. Поля, на которых проводился опыт, расположены в Чеховском сельском округе Сарыкольского района. Почвы этого округа – это одни из самых плодородных в районе, представлены чернозёмами обыкновенными и южными. Мощность плодородного слоя доходит до 60-ти см. На протяжении многих лет полеводы, проводя посевную кампанию, в режиме ухода за посевами, не всегда применяют такой агрономический приём, как боронование после посева. Если он применяется, то только тогда, когда после прохода посевного агрегата на поверхности поля появляются комки и проведение боронования позволяет их разрушить. Состояние семян культуры, в нашем случае яровой мягкой пшеницы, не анализируется и не делаются выводы по срокам прорастания.

Результаты исследования. Первая и основная проблема заключается в распределении семян культуры на глубине посева по отношению к поверхности

поля. После прохода сеялок на поверхности поля образуются гребни от работы катков, напоминающие «шифер». Семена при севе сеялками СЗС 6/12 распределяются под землёй лентой, шириной до 3-х см. Соответственно, часть семян попадает при прорастании под склон гребней и им для выхода на поверхность поля необходимо преодолеть расстояние большее, чем тем, что попали под центр катка.. Уничтожались растения овсюга в как в фазе всходов, так и в фазе кущения. Кроме того, наблюдение за развитием овсюга из почвенных горизонтов показало, что при проведении такого вида механической промежуточной обработки на третий день после обработки не наблюдалось отрастание никакой однолетней сорной растительности. Вторая проблема заключается в наличии на поле после прохода сеялок подрезанных и прижатых катками к поверхности почвы частей вегетативной массы многолетних корнеотпрысковых сорняков, успевших прорасти к началу сева. Третья проблема, отмеченная во время исследования – это сохранность влаги на глубине посева. Некоторые полеводы, не проводящие боронование поле посева, ссылаются на посевные комплексы разных модификаций, мотивируя тем, что после прохода комплексов не проводят боронование. Для проведения эксперимента, на поле № 44- 327 га (в дальнейшем 2-е поле) боронование после посева не проводили. Наблюдение за всходами показало, что прорастание пшеницы, выход ростков на поверхность поля, проходило в течение 4-х дней с разной интенсивностью, и с разным состоянием. За катками всходы появились первыми и выглядели достаточно здоровыми, крепкими, с хорошей зелёной пигментацией. Последние же всходы, выходящие из гребней на три дня позже, отличались бледным окрасом и слабым видом. На погонном метре, в рядке было насчитано 78 ростков в среднем при ожидаемой норме 92 растения.

На поле № 32 – 354 га (в дальнейшем – 1 -е поле) сразу после посева провели боронование боронами БЗТ-1 поперёк направления сева. В работе участвовали четыре агрегата борон, что обеспечило проведение работ за один день. Поверхность поля выровнялась и имела более презентабельный вид, чем на первом поле. Наблюдение за всходами показало, что прорастание пшеницы прошло за два дня. Все растения выглядели здоровыми, с хорошим зелёным пигментом и устойчивым состоянием. Разница появления всходов в один день через несколько дней наблюдений нивелировалась, все растения выглядели одинаково. При норме в 92 растения на погонный метр было насчитано 88 ростков, что максимально приблизило фактическое наличие к плановой норме высева.

Экономическая эффективность работ.

На поле №1 проведение контрольного обмолота показало 27 ц/га. По завершению обмолота всех 354 га урожайность составила 26, 5 ц/га.

На поле №2 проведение контрольного обмолота показало 24 ц/га. По завершению обмолота всех 327 га урожайность составила 22 ц/га.

Проведение уборочных работ доказало, что даже после созревания на поле №2 растения пшеницы располагались неравномерно по площади. Разница в урожайности составила 4,5 ц/га в пользу поля № 1, или 5400/га.

Выводы и предложения

Подводя итоги проведённого эксперимента можно сделать следующие выводы:

1. Проведение боронования после посева является гарантированным агрономическим приёмом, позволяющим получить максимальную урожайность.

2. Агротехническое преимущество заключалось в создании наиболее оптимальных условий для роста и развития культурных растений.

3. Экономическое преимущество в 5400 тенге на один гектар позволяет рассчитать, что на 10000 га посева яровой пшеницы могло быть получено 54.000.000 тенге, что является существенной суммой для любого предприятия.

4. Проведённый эксперимент показал, что данный вид ухода за посевами можно рекомендовать полеводам для внедрения в технологию возделывания сельскохозяйственных культур.

Список использованных источников

1. Методика определения сроков начала и завершения посевных работ на соответствующей территории в разрезе регионов и природно-климатических зон РК по каждому виду продукции растениеводства. - Астана, 2007.

2. Ермохин Ю.И. Программирование урожая в Западной Сибири. Учебное пособие. – Омск, 2002.

3. Список пестицидов (ядохимикатов), разрешённых к применению на территории РК на 2003-2012 годы. – Астана 2003.

4. Минкевич И.А., Борковский В.Е. Масличные культуры. – 3-е издание. – М., 1955.

5. Пустовойт П.П. Руководство по селекции и семеноводству М., 1967

БӨДЕНЕ ЖҰМЫРТҚАСЫНЫҢ ПАЙДАСЫ

Студенттер Қабимоллаева Т., Қажыкенова Д., 2 курс, «М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК, Абай облысы, Семей қаласы

Ғылыми жетекші: Куспанова Л.У., жаратылыстану пәндерінің оқытушысы

Зерттеудің мақсаты:

- ✓ жұмыртқаның құрылысын зерттеу және тірі ағза үшін маңызын бағалау.
- ✓ ағзада кездесетін макроэлементтің бірі кальцийдің жұмыртқа қабығында болатынын тәжірибе арқылы зерттеп көз жеткізу.

Зерттеудің міндеттері:

- ✓ жұмыртқаның шығу тарихы, құрылысы;
- ✓ жұмыртқа туралы қызықты деректер;

Зерттеу нысаны: бөдене жұмыртқасы

Жұмыстың нәтижесі және қорытындысы: Іздену нәтижесінде жұмыртқаның құрамында ең алдымен денсаулыққа пайдалы кальций элементінің бар екенін білдім. Сонымен қатар шаш күтімі, бет күтімі сияқты косметология саласында да пайдасы өте зор екендігін анықтадым.

Зерттеу жұмысының дереккөздері: зерттеудің материалы ретінде деректер, түсіндірме, суреттер, фотодеректер алынды.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері: ақпарат көздерін зерттеу, эксперимент, бақылау, талдау және синтез.

Жұмыртқаның шығу тарихы, құрылысы

Жұмыртқа (бөдене жұмыртқасы) — дәмді де нәрлі тағам. Қабығы аршылған жұмыртқаның орташа химиялық құрамы: 73,6% судан, 12,8% ақуыздан, майлардан, көмірсулардан, минералдық заттардан (кальций, фосфор, т.б.) тұрады. Сонымен бірге жұмыртқаның құрамында тіршілік үшін маңызы зор амин қышқылдарының бүкіл жиынтығы да бар.[1] Жұмыртқаның неғұрлым құнды бөлігі — сарыуызы. Ол майлар мен ақуыздарға, көмірсулар мен минералды заттарға ғана емес; сонымен бірге витаминдерге (А, В, Д, Е, т.б.) де бай. Әдетте, Жұмыртқа жұмыртқа қабықтарымен (жұқа және сыртқы қатты қабық) қапталып тұрады.[2] Жұмыртқаның сарыуызы ақуыздан аз болады, оның түсі құрамындағы ксантофиль мен каротин пигменттеріне байланысты. Сарыуыздың құрамында 51% су, 16% ақуыз, 31,5% май, әртүрлі мөлшерде В1, В2, Д1, Е витаминдері мен минералдық заттар, т.б. бар. Ақуызда 85% су, 13% ақуыз бар, май, көміртек, минералды заттар өте аз, тек В витамині болады. Жұмыртқаның қалыптасуы (оогенез), әдетте, аналық безде өтеді.[4] Жануарлардың көпшілік түрінде Жұмыртқа дөңгелек не сопақ, сирегірек ұзынша (жәндіктерде) пішінді келеді.[3] Жұмыртқалардың үлкендігі цитоплазмадағы сарыуыз мөлшеріне қарай өзгеріп отырады.

Эксперименттік бөлім

Тәжірибелерге қажетті құрал-жабдықтар: жұмыртқа қабықтары, тұз қышқылы, сіркесу, күкірт қышқылы, әк суы, сілті ерітіндісі, жандырғы, заттық шыны, стақан, ұстағыш қысқыш, пипетка, микроскоп, сүзгі қағаз.

№1 Тәжірибе «Сірке суында жұмыртқа қабығының еруі»

Жұмыртқаны стақанға салып, ол батып тұратындай сірке суын құямыз. Нәтижесінде жұмыртқаның бетінде көпіршіктер пайда болды, олардың саны біртіндеп көбейе түсті. Бұл көмірқышқыл газы.

Қорытынды: Кальций карбонаты мен сірке суы арасында пайда болған химиялық реакциядан кальций еріп кетті. Жұмыртқа резина доп сияқты жұмсақ болды.

№2 Тәжірибе «Жұмыртқа қабығының жануы»

Бақылаулар: жұмыртқа қабығы күйіп кетеді және сынғыш болады.

Қорытынды: жұмыртқа қабығының құрамы бейорганикалық заттардан тұрады. Бірнеше тәжірибе барысында біз кальций карбонаты жұмыртқа қабығының құрамында екеніне көз жеткіздік, ол біздің ағзамыз үшін кальцийдің табиғи көзі болып табылады.

Химиялық тәжірибелер жұмыртқа қабығындағы кальций карбонатын анықтау.

№3 тәжірибе «Жанып тұрған шырпыны сөндіру»

Тұз қышқылының әсерінен қабық газ шығара бастайды. Алынған газ жануды қолдамайды.

Қорытынды: Бұл көмірқышқыл газы. Көмір қышқылының тұздарынан бөлінеді. Сонымен қабықта көмір қышқылы - кальций карбонаты болады.

№4 «Жалын түсінің өзгеруі» Жұмыртқа қабығындағы кальцийді анықтау. Жұмыртқа қабығына тұз қышқылын құямыз. Реакция жүріп біткен соң, пинцет арқылы қабықты алып жалынға ұстаймыз, жалынның түсі өзгерме соған көңіл бөліп бақылаймыз.

Қорытынды: Жалынның түсі кірпіштей қызыл түске боялғанын көрдік. Бұл қабықта кальций барын көрсетеді.

№ 5. Тәжірибе «Жұмыртқаның балғындығын қалай анықтауға болады?»

Жұмыртқаның балғындығын сындырып, иісі арқылы анықтауға болады. Жұмыртқа таңдаған кезде оның сыртқы қабығына мән беріңіз. Егер де қабықшасы кедір-бұдыр, түсі өзгешелеу болса оны алмаған жөн. Мұндай жұмыртқаның мерзімі өтіп кеткен. Бірнеше жұмыртқаны суық суға ыдысқа салып бақылау жүргізуге болады. Ішіндегі ауа неғұрлым көп болса, ол соғұрлым жоғары жүзеді.

Қорытынды: Су бетіне қалқып шыққан жұмыртқа балғын емес, сақталу мерзімі өтіп кеткендігін білдіреді. Мұндай жұмыртқаны тағамға қолданбауды ұсынамын [3]

Деніңіз сау болсын!

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. <https://nsportal.ru/ap/library/drugoe/2015/04/27/issledovanie-skorlupy-kurinogo-yaytsa>
2. <https://www.youtube.com/watch?v=sgDHRSTdOk> Бөдене қабығы 10 жылға жасартады
3. https://www.youtube.com/watch?v=2uEH23Vn6_U – жұмыртқаның бұзылмағанын анықтау
4. <https://www.youtube.com/watch?v=GyBT2dmzVKE> –жұмыртқаның балғын екенін 7 түрлі жолмен анықтау

ХИМИЯ ПӘНІНДЕ «СУДЫ ТАЗАЛАУ» ТАҚЫРЫБЫ

Студент Қошқарбек Е., 1 курс, Алматы Экономикалық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Асан Н.О., педагог

Өзектілігі: Қазіргі заман талабына сай адам іс-әрекетінің барлық салаларында еркін қолданысқа енген ақпараттық технологиялар біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция болып жатыр: ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеріп жатыр. Өзгерістердің негізінде мектептегі білім беру жұмыстарына STEM технологиясын ендіріп, оқу жұмыстарын тиімділігін арттыру.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Колледжде «Су. Суды тазалау» бөліміне STEM технологиясының элементтерін интеграциялап, оқыту процесінің тиімділігін арттыру мақсатында қолдану.

Міндеттері:

1. STEM технологиясы және судың сапасына сай әдебиеттік шолу жасау;
2. Қазіргі уақытта білім беру саласындағы STEM технологиясын қолданудың қажеттілігін анықтау;
3. Химия пәнін оқыту үшін STEM технологиясының элементтерін интеграциялау;
4. Ластанған суды фильтрлеу бойынша толық ақпарат беру;
5. Суды тазартқыш фильтрді қолдан құрастыру;
6. Фильтрация нәтижесінде тазартылған судың құрамын зерттеу.

STEM ұғымына түсініктеме

STEM (science, technology, engineering and mathematics) - оқытудың біріктірілген тәсілі. Яғни, бұл тәсіл аясында академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. "STEM" аббревиатурасын алғаш рет американдық бактериолог Р.Колуэлл 1990 жылдары ұсынған. STEM аббревиатурасы 2001 жылы АҚШ-тың Ұлттық ғылым қорының (АҚШ үкіметі жанындағы тәуелсіз агенттік, медицинадан басқа ғылымның барлық салаларында фундаменталды зерттеулер мен білім беруді ұсынатын) ғалымдары білім беру және кәсіптік салалардағы тенденцияны белгілеу үшін ұсынылған.

STEM әлемдік жүйесінің жаңа тренді білім беру робототехникасы болды, ол бағдарламалау және құрастыру дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, STEM төрт компонентінің интеграторы болып табылады.

STEM- технологиясының артықшылығы:

- сыни тұрғыдан ойлау,
- ғылыми-техникалық білімді күнделікті өмірде пайдалану,
- белсенді қарым-қатынас құру және командалау жұмыс жасау,
- техникалық пәндерге қызығушылықты арттыру,
- жобаларға креативті және жаңашыл көзқарас,
- оқу мен карьераның ұштасуы.

Су сапасының табиғи көрсеткіштері

Су сапасының көрсеткіштері:

1. *Физикалық:* температура, түсі, иісі, дәмі.

2. *Химиялық:* ионды құрамы, рН ортасы, ерітілген газдардың құрамында болуы.

1. Изучить теоретические подходы к формированию социально-эмоциональных компетенций младших школьников.
2. Изучить современные методы обучения и воспитания, направленные на развитие социальных и эмоциональных навыков.
3. Разработать практические рекомендации для педагогов и родителей по развитию социально-эмоциональных компетенций у младших школьников.

Для выживания ребенка критически важно, чтобы между ним и тем, кто о нем заботится, возникла сильная эмоциональная связь. Эмоции служат как невидимая нить, связывающая мать и ребенка, и именно через них формируется привязанность, которая обеспечивает безопасность и поддерживает развитие ребенка. Не обладая эмоциями, то есть, не умея испытывать радость и печаль, гнев и вину, нельзя стать в полной мере людьми. Эмоции стали одним из признаков человечности. Не менее важна и наша способность сопереживать чужим эмоциям, способность к эмпатии, равно как и способность выразить эмоцию словами, рассказать о ней.

Термин «социально-эмоциональная компетентность» изучается и интерпретируется различными исследователями. Даниэль Гоулман определяет эмоциональную компетентность как навык тонкого распознавания собственных переживаний и умение улавливать эмоциональные состояния других людей [2]. С.Ю. Головин подчеркивает, что социально-психологическая компетентность — это навык успешного общения и взаимодействия с людьми. В ее основе лежит способность понимать социальные ситуации, распознавать эмоции и особенности других людей, а также подбирать и применять подходящие способы общения.

Анализ теоретических исследований и научных трудов (Д. Гоулман, Р. Бар-Он, Д.В. Люсин, Н.Н. Найденова, К.С. Кузнецова и др.) позволил выделить ключевые категории социально-эмоциональных компетенций, которые определяют успешность межличностного взаимодействия и эмоционального интеллекта:

- Коммуникативные компетенции — способность к эмпатии, умение начинать и поддерживать диалог, ясно и точно формулировать свои мысли, устанавливать и поддерживать конструктивные социальные связи.
- Рефлексивные компетенции — осознание и анализ причин возникновения эмоций, понимание собственного эмоционального состояния и его влияния на окружающих.
- Когнитивные компетенции — идентификация и интерпретация своих эмоций и переживаний других людей, владение лексическим запасом эмоциональных выражений.

- Поведенческие компетенции — способность контролировать эмоциональные реакции, адаптивно использовать эмоциональную информацию в общении и демонстрировать просоциальное поведение.

Мир ребенка формируется через общение с окружающими, где эмоции помогают ему понимать свои потребности и предугадывать, будут ли они удовлетворены. В младшем школьном возрасте чувства играют особую роль, влияя на поведение, общение и восприятие мира. Регулирование эмоций – это естественная сторона детского психического развития, особенно в первые семь лет жизни: дети должны научиться устанавливать отношения с окружающими их людьми, они должны найти выход чувству любви и радости, страха и тревоги, горю и гневу. У детей, которые не понимают, что можно делать, а чего нельзя, не могут справиться со своими переживаниями и контролировать свои эмоции, возникают проблемы и конфликтные ситуации. Дети младшего школьного возраста зачастую испытывают трудности с контролем своих эмоций, проявляя их спонтанно и открыто. Они выражают чувства не только словами, но и через мимику, жесты, а также эмоциональные реакции, такие как смех или плач. Для формирования социально-компетентного поведения важным является развитие следующих способностей ребенка: понимание эмоционального состояния других по выражению лица, жестам, позе; понимание желаний и предпочтений другого, принятие его позиции; понимание причины изменения настроения другого в зависимости от ситуации; выражение эмоциональных состояний в социальных контактах адекватными вербальными и невербальными средствами [4].

В рамках исследования были проанализированы различные практики и подходы к формированию СЭК, включая игровые методы, групповую работу, обучение через сотрудничество и моделирование ситуаций. На основе проведенного анализа были разработаны мероприятия, включающие тренинги для детей. Тренинги способствуют развитию и осмыслению испытываемых ребенком чувств и эмоций. Дети учатся не только правильно распознавать эмоции своих партнеров по игре и общению, но и правильно демонстрировать свои чувства и контролировать эмоциональные импульсы. Благодаря работе мышц лица и тела обеспечивается активная разрядка эмоций.

Результаты исследования: Проведение разработанных мероприятий в начальной школе показало следующие результаты:

- Повышение уровня эмпатии и способности к саморегуляции у учащихся.
- Улучшение навыков работы в команде.
- Снижение конфликтности в детских коллективах.
- Повышение общей удовлетворённости образовательным процессом.

Выводы: Формирование социально-эмоциональных компетенций у младших школьников является необходимым условием их успешного развития и социализации. Включение в образовательный процесс специально разработанных мероприятий позволяет достичь значительных положительных результатов. Необходима дальнейшая работа по систематизации и внедрению данных подходов в школьную практику.

Список использованных источников

1. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. — М.: Изд-во «Педагогика», 1984.
2. Гоулман, Д. Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем Ю. - М., 2013.
4. Гурова Т.В. Социально-эмоциональное развитие детей младшего школьного возраста. — СПб.: Речь, 2019.
5. Шишкова, Т. А. Развитие эмоциональной сферы у ребенка младшего школьного возраста / Т. А. Шишкова. — Текст: непосредственный // Молодой ученый. — 2022. — № 49 (444). — С. 301-304. — URL: <https://moluch.ru/archive/444/97345/> (дата обращения: 28.01.2025).

ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ ПОЛОЖИТЕЛЬНОЙ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ ШКОЛЬНИКОВ КАК ЗНАЧИМОГО ФАКТОРА УСПЕШНОГО ОБУЕНИЯ

Бердыгали И., студент 4 курс, ГККП «Мангистауский высший педагогический колледж» имени Мурын жырау Сенгирбекулы»

Научный руководитель: Жанабаева А.Б., преподаватель педагогики

Введение

Актуальность изучения методов создания позитивной учебной мотивации обусловлена психологическими характеристиками современного школьника. В условиях информационного прогресса и глобализации учащиеся сталкиваются с большим объемом информации и изменяющимися образовательными условиями. Психологические особенности, такие как повышенная уязвимость к стрессу, трудности с концентрацией внимания и потребность в постоянной стимуляции, требуют разработки эффективных методов для поддержания интереса к учебе. Современные ученики нуждаются в методах преподавания, которые учитывают их индивидуальные психологические и эмоциональные особенности. Поддержка учебной мотивации становится важным аспектом успешного обучения, так как мотивированные ученики показывают высокие академические достижения, лучше усваивают материал и проявляют заинтересованность в учебном процессе. Поэтому исследование эффективных методов мотивации учащихся важно для современной педагогической практики.

Цель работы: изучить методы формирования положительной учебной мотивации.

Задачи:

- Раскрыть различные методы формирования положительной учебной мотивации, включая мотивационные стратегии и приемы;
- Изучить влияния методов обучения на уровень мотивации учеников;

Объект исследования: учебная мотивация.

Предмет исследования: методы формирования и развития положительной учебной мотивации учащихся, психологические факторы и их влияние на мотивацию.

Гипотеза: формирование положительной учебной мотивации может существенно повысить академические результаты и устойчивый интерес к обучению, если методически грамотно, систематически применять методов и стратегий положительной учебной мотивации, обуславливающие повышение академических результатов и устойчивого интереса к обучению.

Мотив — причина побуждения личность к действию или бездействию. Мотивы влияют на поведение учащихся, направляя их к определенным целям, придавая деятельности смысл и направленность. Мотивация - это внутреннее состояние, которое побуждает человека двигаться к своей цели, несмотря на возможные трудности и препятствия. Это сила, которая помогает активировать внутренние ресурсы и направить их на эффективное решение задач.

Учебная мотивация — это процесс изменения отношения личности, к чему-либо, кому-либо основанный на мотивах. Мотивированные учащиеся активнее участвуют в учебной деятельности и достигают лучших результатов. Мотивация бывает положительной и отрицательной. Положительная мотивация включает интерес к учебе, желание узнавать новое и достигать успехов. Отрицательная мотивация основана на страхе, например, перед родителями или низкими оценками, и может снижать качество учебной деятельности. Мотивация бывает внутренними и внешними. Внутренняя мотивация исходит из интереса к предмету и желания овладеть знаниями. Внешняя-стимулируется внешними факторами, такими как оценки или награды. Оба типа мотивации важны для учебного процесса и требуют управления для достижения оптимальных результатов.

Положительная учебная мотивация играет ключевую роль в образовательном процессе, побуждая учащихся к активному обучению и самосовершенствованию. Для ее формирования на мой взгляд наиболее значимыми являются такие факторы как: индивидуальный подход и создание поддерживающей учебной среды.

Основные пути формирования положительной учебной мотивации:

1. Индивидуальный подход и учёт индивидуальных особенностей.

Индивидуальное обучение адаптирует учебный процесс к уникальным потребностям и способностям каждого ученика. Учитель учитывает такие особенности, как темп усвоения материала, интересы, уровень подготовки и эмоциональное состояние учащегося. Индивидуальная работа может включать персонализированные задания, консультации и дополнительные занятия.

Для дифференцированных заданий можно использовать три уровня сложности, чтобы учитывать индивидуальные особенности учеников:

➤ Базовый уровень: для учеников, которым требуется больше времени на освоение материала.

Задание: Прочитайте текст и найдите в нём ключевые понятия. Запишите их и дайте краткие определения.

➤ Средний уровень: для учеников с уверенными знаниями.

Задание: Прочитайте текст, выделите ключевые понятия и объясните их связь друг с другом. Приведите примеры из реальной жизни.

➤ Продвинутый уровень: для учеников, которые могут работать с материалом более глубоко.

Задание: Прочитайте текст, сформулируйте тезисы на его основе и подготовьте небольшой аналитический комментарий. Дополнительно предложите альтернативную точку зрения.

Такой подход позволяет учитывать уровень подготовки, скорость усвоения информации и индивидуальные особенности учеников.

2. Создание поддерживающей учебной среды.

Создание поддерживающей учебной среды включает в себя организацию пространства, использование разнообразных методов обучения и создание атмосферы доверия и уважения. Важно, чтобы учащиеся чувствовали себя комфортно и уверенно, что способствует их активному участию в учебном процессе.

Принципы Дейла Карнеги помогают повысить мотивацию учащихся. Ключевые моменты:

1. Искренний интерес к учащимся: Преподаватели укрепляют мотивацию, проявляя интерес к личным достижениям и интересам студентов.
2. Признание достоинств: Отметив успехи учащихся, преподаватели повышают их самооценку и желание развиваться.
3. Создание положительной атмосферы: Соблюдение уважения и доброжелательности формирует среду, где учащиеся чувствуют себя ценными и мотивированными.

Для повышения мотивации учащихся по принципам Карнеги важно проявлять искренний интерес к их достижениям, поддерживать уверенность и создавать позитивную атмосферу. Одним из способов является вовлечение обучающихся в интересные и значимые задания, например, предложить проект, связанный с их личными интересами, или включить разнообразные игровые элементы в процесс обучения.

Для создания положительной атмосферы можно использовать следующие игры и упражнения:

- «Снежный ком» – участники по очереди называют свои имена, повторяя имена предыдущих и передавая их друг другу. Это помогает запомнить имена всех участников, способствует развитию внимания и памяти, а также разряжает обстановку, создавая непринужденную и комфортную атмосферу.
- «Запрещенное движение» – ведущий показывает движения, которые все повторяют, кроме одного «запрещенного».
- «Крестики-нолики» с вопросами по теме – класс делится на две команды: одна играет крестиками (X), другая – ноликами (O). Команды по очереди выбирают клетку на игровом поле 3×3. Чтобы занять выбранную клетку, команда должна правильно ответить на вопрос, связанный с изучаемой темой. Если ответ неверный, ход переходит к другой команде. Побеждает команда, первой составившая непрерывный ряд из своих символов по горизонтали, вертикали или диагонали.

Такие игры помогают сплотить коллектив, повысить мотивацию и сделать обучение комфортным.

Вывод: положительная учебная мотивация оказывает значительное влияние на успех в обучении, воздействуя на активность учащихся, их самооценку, эмоциональное состояние и долгосрочные результаты.

1. Активное участие в учебном процессе

Мотивированные учащиеся проявляют повышенный интерес к учебному материалу, активно участвуют в обсуждениях и выполняют задания, что способствует более глубокому пониманию предмета и развитию критического мышления.

2. Повышение самооценки

Поддержка и признание достижений учащихся укрепляют их уверенность в себе, что ведет к улучшению самооценки и более высоким результатам в обучении.

3. Эмоциональное состояние и психические факторы

Интерес к учебе способствует положительным эмоциям, снижению стресса и тревожности, что благоприятно влияет на психическое здоровье учащихся.

4. Долгосрочные результаты

Положительная мотивация формирует у учащихся позитивное отношение к обучению, что способствует их успеху в дальнейшей учебе и профессиональной деятельности.

Таким образом, создание условий для формирования положительной мотивации является основой для успешного и гармоничного развития учащихся.

Список использованных источников

1. Гликман И. З. Основы мотивации учения // Инновации в образовании. – 2007 - № 3. – С. 64–81..
2. Леонова Н. А. Изучение мотивационной сферы младших школьников // Там же. – 2008. – № 2. – С. 6–7.
3. Скороходова Н. Мотивация к учению: как управлять ее развитием // Народное образование. -2006г.
4. Фролова Н. А. Приемы активного мотивированного овладения учащимися системой знаний и способами деятельности // Нач. школа – 2006. – № 2. – С. 50–51.
5. Шпика И. В. Учебная мотивация как показатель качества обучения младших школьников // Там же. – 2007. – № 2. – С. 18–19.

МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТІЛДІҢ ӨРНЕГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Студент Бердымуратова С., 3 курс, Текелі кәсіптік колледжі
Ғылыми жетекшісі: Жумагельдинова А.К., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
оқытушысы

Тақырыптың өзектілігі: Қазіргі қазақ тілінің жағдайы мен оны сақтау мәселелері бүгінгі таңда аса өзекті болып отыр. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың мәдени коды, рухани мұрасы және тарихи жадының негізі. Сондықтан оның қоғамдағы орны, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі және дамуы туралы мәселелер көптеген зерттеушілердің назарында. Бұл жұмыста Міржақып Дулатовтың шығармалары, әсіресе «Оян, қазақ!» еңбегі, ұлттық тілдің маңыздылығын айқындап, оны сақтап, дамыту қажеттігін көрсетеміз. Оның тілдік өрнектері мен ойлары бүгінгі қазақ тіл білімімен салыстырыла отырып, қазақ тілінің даму жолындағы жаңа мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.

Мәселе: Дулатов шығармаларындағы тілдік ерекшеліктер мен стильдік тәсілдер бүгінгі қазақ тілінің нормаларымен салыстырғанда кейбір мәселелерді туындатуы мүмкін. Оның тілінде сол кезеңдегі қоғамдық, саяси жағдайларды сипаттайтын архаизмдер, көне сөздер мен тұрақты тіркестер кездеседі. Бұл кейбір сөздердің қазіргі қазақ әдеби тілінің нормаларынан айырмашылығы болуы мүмкін екенін көрсетеді. Дегенмен, бұл ерекшеліктер қазақ тілінің тарихи дамуын зерттеуде маңызды дереккөз болып табылады. Сонымен қатар, Дулатовтың шығармаларындағы ұлттық тілдің өрнегі мен қазіргі тіл мәдениетінің арасында сабақтастық байқалады, бұл қазақ тілінің эволюциясын зерттеуге негіз болады.

Жұмыстың мақсаты: Міржақып Дулатовтың шығармаларындағы ұлттық тілдің көркемдік қолданысын зерттеу, оның қазіргі қазақ тіл білімімен байланысын анықтау – қазақ тілінің даму заңдылықтарын түсінуге көмектеседі. Бұл зерттеулер қазақ тілінің стилистикасы, әдеби нормалары және тіл мәдениеті тұрғысынан маңызды. Сондай-ақ, оның еңбектерін қазақ тілі пәнінде оқытудың маңыздылығын көрсету, оқушылар мен студенттерге ұлттық тілдің көркемдік және тарихи құндылығын ұғындыру қажеттігі туындайды. Дулатов шығармалары – тек әдеби мұра ғана емес, қазақ тілінің тарихи дамуын зерттеуде құнды дерек көзі болып табылады. Оның еңбектері арқылы тілдің ұлттық сана мен мәдениетті қалыптастырудағы рөлін тереңірек түсінуге болады.

Міндеттері:

- Міржақып Дулатовтың шығармаларындағы тілдің ерекшеліктері мен стильдік ерекшеліктерін талдау;
- Дулатов шығармаларында ұлттық тілдің өрнегін анықтап, оның тіл мәдениетіндегі рөлін көрсету;
- Қазіргі қазақ тіл білімі тұрғысынан Дулатов шығармаларындағы тілдік ерекшеліктерді зерттеу;
- Қазақ тілінің дамуындағы Дулатовтың әсерін талдап, оның бүгінгі тіл біліміндегі маңызын көрсету;
- Тілдің қазіргі ахуалында ұлттық тілдің орнын анықтау.

Міржақып Дулатовтың шығармалары қазақ әдебиетінде ұлттық тіл мен ұлттық сана туралы терең ойлар ұсынатын еңбектер болып табылады. Оның шығармаларында тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, халықтың рухани

әлемін, мәдени болмысын бейнелейтін негізгі фактор ретінде қарастырылады. Дулатов қазақ халқының мәдениеті мен тарихын сақтап қалуда тілдің ерекше рөліне назар аударып, оны ұлттық бірегейліктің ажырамас бөлігі ретінде сипаттайды. Оның «Оян, қазақ!» шығармасы қазақ халқын өз ұлтының болашағы үшін күресуге шақырумен бірге, тілдің маңыздылығын да ерекше көрсетеді. Сол кезеңдегі отаршылдық саясат жағдайында тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың өзіндік келбетін сақтаудың, рухани тұтастығын қамтамасыз етудің маңызды құралы болды. Дулатовтың шығармаларындағы бай сөздік қор, терең метафоралар мен әдеби тәсілдер ұлттық рухты оятудың бірден-бір құралына айналды. Оның шығармаларында сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік жағдайы мен халықтың рухани дүниесі кеңінен көрініс тапқан. Сонымен қатар, ол тілдің қоғамдық қызметін, әсіресе тілдің ұлттық сананы қалыптастырудағы рөлін ерекше атап өткен. Ұлттық сана қалыптаспаған жағдайда тілдің өз маңызын жоғалту қаупі бар екенін ол сол кезде-ақ түсініп, халықты оянуға, ана тілін қадірлеуге шақырды.

Қазіргі қазақ тілінің нормалары мен стилистикасы тұрғысынан алғанда, Дулатов шығармаларындағы кейбір тілдік құрылымдар мен сөз қолданыстары заманауи өзгерістерді қажет етуі мүмкін. Дегенмен, оның тіліндегі ұлттық бояулар мен халықтық элементтер қазақ тілінің табиғи ерекшелігін сақтауға деген қажеттілікті көрсетеді. Қазіргі қазақ тіл білімі мен мәдениетінде Дулатов шығармаларына қайта үңілу, оларды бүгінгі тілдік ахуалмен салыстыру маңызды міндеттердің бірі.

Дулатов шығармаларында көтерілген тіл мен ұлт бірлігі, ұлттық сана мәселелері бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ғаламдану дәуірінде тілдің ұлттық болмыс пен мәдениетті сақтаудағы рөлі бұрынғыдан да маңызды бола түсуде. Сондықтан Дулатов идеяларын жаңаша зерттеп, оны қазіргі қоғамның тілдік саясатына бейімдеу – қазақ тілінің дамуы мен сақталуына үлкен ықпал етері анық. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың рухани өзегі, оның мәдени мұрасы, тарихи жады екенін әрбір қазақ жастары ұғынуы қажет. Дулатовтың шығармалары бүгінгі ұрпақ үшін де үлкен маңызға ие, себебі олар ұлттық рух пен тілдің құндылығын насихаттайды. Оның идеялары қазіргі қазақ қоғамының мәдени және рухани дамуына әсер етіп, ұлттық сананың нығаюына ықпал етеді. Бүгінде қазақ тілінің мәртебесін көтеру және оны күнделікті өмірде кеңінен қолдану мәселелері өзекті болып отыр, сондықтан Дулатов сынды тұлғалардың еңбектерін терең зерттеу қажет. Оның шығармаларынан алынатын негізгі сабақ – тіл мен ұлттың ажырамас байланысы және оны сақтаудың маңыздылығы. Сондықтан Дулатовтың ұлттық сана мен тіл туралы ойлары бүгінгі қоғам үшін де бағыт-бағдар бола алады.

Зерттеу нәтижелері: Зерттеу нәтижесінде Дулатов шығармаларындағы тілдік ерекшеліктердің қазіргі қазақ тіл білімімен тығыз байланысын анықтадық. Оның еңбектерінде қазақ тілінің қоғамдық қызметі мен ұлттық санадағы маңызы ерекше көрсетіліп, бұл идеялар бүгінгі күнде де өзекті болып отырғанын көреміз. М. Дулатов ұлттық тілдің дамуына сүбелі үлес қосып, оның бірегейлігін сақтауға және заман талабына сай жетілдіруге негіз қалады. Сонымен қатар, оның шығармаларындағы кейбір тілдік ерекшеліктер қазіргі тіл

білімінде жаңаша бағытта зерттелуі тиіс. Бұл зерттеулер қазақ тілінің тарихи даму жолын тереңірек түсінуге және оның болашағын айқындауға көмектеседі.

Қорытынды: Міржақып Дулатовтың шығармаларындағы ұлттық тілдің бейнесі – қазақ тілінің байлығы мен терең мағынасын ашып көрсету арқылы қазіргі тілдік үрдістерді бағамдауға мүмкіндік береді. Оның тілдік қолданыстары мен стильдік ерекшеліктері қазақ әдеби тілінің қалыптасуына айтарлықтай ықпал етті. Дулатов шығармаларындағы тілдік құрылымдар мен көркемдік тәсілдер қазіргі тіл білімінде маңызды зерттеу нысаны болып қала береді. Бүгінгі қазақ тілінің дамуы мен қолданысын нығайтуда Дулатовтың көзқарастары мен шығармашылық мұрасын жаңаша зерделеу аса қажет. Оның ұлттық тіл мен сана туралы ойлары – болашақ ұрпаққа бағдар беретін құнды мұра.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Дулатов М. //Оян, қазақ!// – Алматы: «Жазушы», 1991. – 288 б.
 2. Қайдаров Ғ. //Қазақ тілінің тарихы.//– Алматы: «Арыс», 2010. – 412 б.
 3. Ақанов А. //Қазақ тілінің грамматикасы.// – Алматы: «Мектеп», 2006. – 320б
 4. //Қазақ тілінің стилистикасы.// – Алматы: «Ғылым», 2014. – 348 б.
- Көккөзова Ә. Қазақ тілінің лексикасы мен фразеологиясы. – Алматы: //Қазақ университеті//, 2012. – 280 б

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ОРНЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Берікболова А., 2 курс, Семей қ-сы М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Керімбаева А.Д.

Өзектілігі: Жасанды интеллекттің білім беру саласында қолданылуы әлемдегі көптеген елдерде қарқынды дамып келе жатқан үрдіс болып табылады. Ол оқыту процесін түбегейлі өзгертуі мүмкін, өйткені оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделген, жеке оқу жолын ұсынатын мүмкіндіктер жасалады. Мысалы, әр оқушының оқыту қарқыны мен деңгейіне қарай жеке бағдарламалар қалыптастыру арқылы оқу сапасы арттырылып, әр баланың білім алуы оңтайландырылуы мүмкін. Осыған байланысты, жасанды интеллекттің білім беру жүйесіндегі орны мен болашағы қазіргі таңда өте өзекті болып отыр.

Мәселе: Жасанды интеллекттің білім беру жүйесінде қолданылуы кезінде бірқатар мәселелер туындауы мүмкін. Біріншіден, бұл технологияның қолданылуы білім беру жүйесіндегі теңсіздік пен әділдік мәселелерін көтереді. Мысалы, әртүрлі әлеуметтік және экономикалық жағдайы бар оқушыларға технологиялық құралдар мен мүмкіндіктердің тең қолжетімділігін қамтамасыз ету қиындық тудыруы мүмкін. Сонымен қатар, жеке деректердің қауіпсіздігі және оқушылардың жеке өміріне қатысты сұрақтар да туындайды. Жасанды интеллектті қолдану кезінде оқушылардың деректерін жинау, сақтау және пайдалану мәселелері қоғамда алаңдаушылық тудырады.

Жұмыс:

Мақсаты: Жасанды интеллекттің білім беру саласында негізгі мақсаты – оқыту процесін тиімді әрі икемді ету, оқушылардың қажеттіліктеріне сай дербес оқу жолдарын ұсыну. Сонымен қатар, ол оқу материалдарын автоматтандыру, бағалау жүйелерін жеңілдету және мұғалімдерге уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. AI жүйелері оқушылардың білім деңгейін нақты бағалап, оларға тиісті қосымша материалдар ұсынып, оқу бағдарламаларын баптауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде білім беру жүйесінің сапасын арттырып, оқушылардың табысты оқуына ықпал етеді

Міндеттері: Жасанды интеллекттің білім беру жүйесінде жүзеге асыратын міндеттері де маңызды болып табылады. Оның басты міндеттерінің бірі – оқушыларға жеке оқу жолын ұсыну. Бұл олардың оқу стилі мен деңгейіне сәйкес оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, AI оқушылардың нәтижелерін дер кезінде бағалап, мұғалімдерге оқу процесінде кездесетін қиындықтарды алдын ала көруге көмектеседі. Әрине, бұл процеске мұғалімдердің қолдау көрсетуі және олардың рөлі өзгермейді. Жасанды интеллект білім беру саласында мұғалімдердің жұмысын жеңілдететін құрал болмақ.

1. Жасанды интеллекттің білім беру жүйесіндегі орны

Жасанды интеллект қазіргі білім беру жүйесінде зор мүмкіндіктерге ие. Оның ең маңызды артықшылықтарының бірі – оқу процесін дербестендіру. AI оқушының жеке қажеттіліктеріне, білім деңгейіне және оқу қарқынына сәйкес оқыту әдістерін бейімдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, Duolingo сияқты тіл үйрену платформаларында жасанды интеллект оқушының прогресін бақылап, олардың әлсіз жақтарына назар аудара отырып, арнайы тапсырмалар мен жаттығулар ұсынады. Бұл оқушының білім алу қарқынын жылдамдатып, оқу нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді.

Одан бөлек, AI автоматты бағалау жүйелері арқылы оқушылардың білімін бағалауды жеңілдетеді. Мұғалімдер тест нәтижелерін жылдам әрі тиімді бағалап, өздерінің уақытын тиімді пайдалана алады. Сонымен қатар, AI оқыту бағдарламалары оқушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес бейімделіп, оқу жоспарын үнемі жаңартып отырады. Бұл оқу процесінің тиімділігін арттырып, оқушылардың білім алу нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді.

2. Жасанды интеллекттің білім беру жүйесіндегі мәселелері

Жасанды интеллект білім беру саласында үлкен мүмкіндіктерге ие болса да, оның қолданылуы бірқатар мәселелерді де туындатуы мүмкін. Біріншіден, бұл технологияның қолданылуы білім беру жүйесінде әлеуметтік теңсіздік мәселелерін көтереді. Жаңа технологияларға қол жеткізу әр оқушы үшін бірдей болмауы мүмкін. Әсіресе, дамушы елдерде немесе төмен әлеуметтік жағдайы бар отбасыларда тұратын оқушылар үшін қажетті құрал-жабдықтар мен интернетке қолжетімділік болмай қалуы ықтимал. Бұл жағдай жасанды интеллекттің білім беру жүйесінде тең дәрежеде қолданылуына кедергі келтіреді.

Екінші мәселе – оқушылардың жеке деректерінің қауіпсіздігі. Жасанды интеллект білім беру үдерісінде оқушылардың деректерін жинайды, бұл жеке

ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін көтереді. Оқушылардың жеке мәліметтері мен оқу нәтижелері дұрыс қорғалмаса, бұл олардың құпиялылығы мен құқықтарына нұқсан келтіруі мүмкін. Осыған байланысты деректерді қорғаудың заңды және этикалық аспектілерін ескеруге ерекше назар аудару қажет.

Үшіншіден, жасанды интеллект мұғалімдердің рөлін алмастыра алмайды. AI оқу материалдарын ұсынса да, оқушылармен әлеуметтік және эмоциялық байланыс орнату мұғалімдерге тән қасиет болып қала береді. Оқытушының педагогикалық дағдылары мен оқушылардың тұлғалық дамуына ықпал ету қабілеті жасанды интеллектпен алмастырылмайды. Осы себептен, AI мұғалімдердің көмекшісі ретінде ғана қолданылуы тиіс, олардың жұмысына толық алмастыру емес.

3. Жасанды интеллекттің білім беру жүйесіндегі болашағы

Жасанды интеллекттің білім беру жүйесіндегі болашағы айтарлықтай кең және көп мүмкіндіктерге толы. Болашақта AI оқу процесін толықтай жаңарта алады. Қашықтан оқыту мүмкіндіктерінің артуы арқылы оқушылар кез келген уақытта, кез келген жерден білім ала алады. Бұл білім беру теңдігін қамтамасыз ете отырып, барлық оқушыларға бірдей білім алу мүмкіндігін береді.

Болашақта AI виртуалды және кеңейтілген шындық сияқты жаңа технологияларды оқу процесінде кеңінен қолдана алады. Бұл оқушыларға теориялық біліммен қатар нақты тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Мысалы, тарих сабағында оқушылар көне дәуірлерді виртуалды түрде зерттеп, ғылыми тәжірибелерді кеңейтілген шындық арқылы орындап көреді. Бұл білім беру жүйесінің тиімділігін арттырып, оқушылардың қызығушылығын оятады.

Жасанды интеллект білім беру процесінде оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделген жаңа оқыту әдістерін енгізу арқылы оқыту сапасын арттырады. Оқушылардың нәтижелерін жылдам бағалап, оларды дамыту жолдарын көрсететін AI жүйелері білім алу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл жүйелер мұғалімдерге уақыт үнемдеуге және оқушылардың жеке қажеттіліктеріне көбірек көңіл бөлуге жағдай жасайды.

Қорытынды

Қорыта келе, жасанды интеллекттің білім беру жүйесіндегі орны мен болашағы кең. Бұл технология оқыту әдістерін жаңартуға, оқушылардың білім деңгейін жақсартуға және оқу процесін дербестендіруге мүмкіндік береді. Дегенмен, жасанды интеллектті қолдану барысында әлеуметтік теңсіздік, жеке деректердің қауіпсіздігі және мұғалімдердің рөлі сияқты мәселелерді ескерген жөн. Бұл мәселелерді шешу үшін білім беру жүйесінде дұрыс саясаттар мен технологиялық инфрақұрылымдарды дамыту қажет.

Болашақта жасанды интеллект білім беру саласын түбегейлі өзгертуге және оны барлығына қолжетімді, тең мүмкіндіктер ұсынатын жүйеге айналдыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Фадель. Ч. – Төртінші білім беру революциясы.
2. Ли. К.Ф. – Жасанды интеллект супердержавалары: Қытай, Кремний алқабы және жаңа әлемдік тәртіп.

3. Ричи. Р.К., және Ли. М.Л. – Білім берудегі жасанды интеллект.
4. Шарма. С.К., және Джайн. М.К. – Білім беру 4.0: Білім берудегі жасанды интеллект революциясы.

МҰҒАЛІМНІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ КҮЙІП КЕТУ СИНДРОМЫ: АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Студенттер Берікқанова А., Каримханова Д., 3 курс, М.О. Әуезов
атындағы педагогикалық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Мавлитаева Г.А., математика және информатика
пәнінің оқытушысы

Өзектілігі: Қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі өзгерістер, мұғалімдерге қойылатын жоғары талаптар, жұмыс жүктемесінің артуы және эмоциялық қысым мұғалімнің эмоционалды күйіп кету синдромының жиі кездесетін құбылысқа айналуына әкеліп отыр. Бұл мәселе мұғалімдердің кәсіби тиімділігіне, психологиялық және физикалық денсаулығына тікелей әсер етеді. Эмоционалды күйіп кету – ұзаққа созылған стресс, шаршау, жұмысқа деген мотивацияның төмендеуі және өз ісіне немқұрайлы қараудың салдары. Бұл құбылыс педагогикалық қызмет сапасының төмендеуіне, оқыту процесінде қиындықтардың туындауына және жалпы білім беру жүйесіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан мұғалімдердің эмоционалды күйіп кетуін алдын алу жолдарын зерттеу – білім беру саласы үшін аса маңызды және өзекті мәселе.

Мәселе: Мұғалімнің эмоционалды күйіп кету синдромы: алдын алу жолдары

Жұмыс мақсаты: Мұғалімнің эмоционалды күйіп кетуінің себептерін анықтау, оның алдын алу жолдарын қарастыру

Міндеттері: Эмоционалды күйіп кету, стресс ұғымдарын қалыптастыру; мұғалімнің эмоционалды күйіп кету мәселесін қарастыру; алдын алу жолдарын анықтау

Қазіргі заман - тұрақты, толассыз даму үстіндегі, әр адам баласы өмірдегі әрбір минуттың бағалылығын түсінетін заман. Осы шақтағы уақыттың бағалылығы адамдардың жан-жақтылыққа ұмтылуына, әрдайым қозғалыс үстінде болуына әсер етеді. Есейе келе, бала кездегі армандар ұмытылып, олардың орнын күнделікті өмірдегі бір бейнелі әрекеттер алмастырады, адам стресске ұшырап, өзінің сүйген ісіне, өзінің ортасына, тіпті хоббиларына да қызығушылығын жоғалтады. Бұндай қызығушылықты жоғалту былайша күйіп кету деп аталады.

Шетелдік әдебиеттерде күйіп кету синдромын burnout (ағылшынша) терминімен атайды - жану, сөну, күйіп кету. Бұл терминді алғаш рет Фрейденбергер (1974) деморализацияны, фрустрацияны және қатты шаршауды сипаттау үшін енгізді. Оны психиатриялық мекемелердегі жұмысшылар арасында байқаған. Америка ғалымдары Маслах пен Джексон осы синдромның сипаттамалық сипаттамаларын жүйелеп, оны сандық бағалауға арналған сауалнаманы әзірлегеннен кейін күйіп кету синдромын зерттеуге қызығушылық

арта түсті (Maslach, Jackson, 1986). Сауалнама авторларының пікірінше, күйіп кету синдромы тәжірибенің үш тобында көрінеді: эмоционалды сарқылу – бос және күшсіздік тәжірибесі; деперсонализация - басқа адамдармен қарым-қатынастың гуманизациялануы (шақырлықтың көрінісі қатыгездік, цинизм немесе дөрекілік); жеке жетістіктердің төмендеуі – өз жетістіктерін жете бағаламау, мағынасын жоғалту және жеке күш-жігерін жұмыс орнында инвестициялауға ұмтылу. Адам өміріндегі шамадан тыс тітіркендіргіштер адамда көбінесе қолайсыз эмоциялар туғызады. Кісі ұдайы қинала берсе, оның діңкесі құрып, берекеті кетеді. Психологияда бұл стресс терминімен белгіленеді. “Жантану негіздері” кітабында Қ.Жарықбаев стресс үш түрлі жағдайда байқалып отыратынын атап өтті. Оның алғашқы көрінісі мазасыздану кезеңі деп аталады. Организмнің күшті тітіркендіргіштермен айқасқа түсуін күш салу, немесе зорлану кезеңі деп атайды. Стресске ұшыраған адам титықтап, әрекет жасаудан қалады. Ал толассыз стрессте өмір сүретін адам тез күйіп кетуі мүмкін.

Қазіргі заманда әр адам ерте жастан қандай да бір іске қызығушылық танытып, сол арқылы өзі сүйетін мамандықты тандайды. Мамандықты игеру үшін оқиды, үйренеді, іс-тәжірибеден өтіп, мамандық иесі атанады. Қазіргі таңдағы өзекті, қоғамға аса қажетті мамандықтардың бірі - мұғалім мамандығы. Әрбір мұғалім алдына келген шәкірттерін оқытып, тәрбиелейді, олардың бойына адамгершілік қасиеттерін сіңіріп, жан-жақты тұлға ретіне қалыптастыру үшін әрекет етеді, оқушының қамын жеп, оны тура жолдан тайдырмай өсіруге тырысады. Бүгінгі күндегі білім беру ісінің жоғары талаптары, жұмыс тығыздығының жоғарлылығы, оқушылар үшін уайымдау мұғалім өміріндегі күйіп кету синдромына әкеліп соғады. Мұғалімнің психикалық шаршауы- ұзақ уақыт бойы жұмыс барысында жиналған стресс салдарынан туындайтын жағдай.

Мұғалімнің күйіп кету синдромына ұшырауының өзіндік себептері бар:

1. Жұмыс жүктемесінің көптігі. Сабақты жоспарлау, үй тапсырмаларын тексеру, ата-аналар, мектеп басшылығы алдында есеп беру, жиналыстарға қатысу, оларды ұйымдастыру секілді міндеттердің шамадан тыс көп болуы.

2. Эмоционалдық шаршау. Оқушылар, ата-аналар, әріптестері мен мектеп басшылығымен тығыз байланыста болу, қарым-қатынастағы түсініспеушіліктер, қиындықтар.

3. Мотивацияның төмендеуі. Мұғалім еңбегінің тиісті деңгейде оқушылар тарапынан, ата-аналар тарапынан бағаланбауы, тиісті сыйластықтың көрсетілмеуі, мектеп басшылығы тарапынан қолдаудың жетіспеушілігі.

4. Жеке өмір мен жұмыс арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы. Мұғалімнің өзіне, өзінің отбасына уақытының жетпеуі, демалыс кезінде де ата-аналармен тығыз байланыста болу, жұмыс жасау.

Күйіп кетудің белгілері:

- Тұрақты түрдегі шаршау сезімі;
- Ұйқының бұзылуы;
- Жұмысқа деген ынта, қызығушылықтың азаюы;
- Тітіркенгіштік, ашуланшақтық;

- Дене аурулары (бас ауруы, омыртқа жотасының ауруы).

"Синдром выгорания" кітабында Е.Старченкова мен Н.Водопьянова стресстің жағымсыз әсерлерін атап өтеді:

- көрсеткіштерінің төмендеуі, сапалық және сандық көрсеткіштердің нашарлауы;
- дененің бейімделу қабілетінің төмендеуі;
- тұлғаның деформациясы және стресс синдромдары (жалғыздық, күйзеліс, депрессия, созылмалы шаршау және т.б.);
- түрлі аурулар (асқазан жарасы, миокард).

Күйіп кету синдромының алдын алу шараларын жекеленген топтарға бөліп қарастыруға болады: жеке деңгейдегі алдын алу шаралары, ұжымдық және ұйымдық шаралар, мемлекеттік деңгейдегі шаралар.

1. Жеке деңгейдегі алдын алу шаралары. Бұл топқа адамның жеке өзі ғана атқаратын, физикалық және эмоционалдық жағдайын қалпына келтіруге жағдай жасайтын шараларды жатқызамыз:

- 1) Тұрақты түрде дұрыс ұйқы режимін сақтау
- 2) Дұрыс тамақтану
- 3) Дене белсенділігі

2. Ұжымдық және ұйымдық деңгейдегі шаралар:

- 1) Жұмыс жүктемесін дұрыс тағайындау
- 2) Психологиялық қолдау жүйесін қалыптастыру
- 3) Кәсіби дамуды ынталандыру

3. Қоғамдық және мемлекеттік деңгейдегі шаралар:

- 1) Әлеуметтік қолдау
- 2) Демалыс уақытын оңтайландыру.

Зерттеу нәтижелері: Жүргізілген сауалнама нәтижелері мұғалімдердің (мектеп және колледж деңгейінде) күйіп кету синдромына қаншалықты ұшырайтынын анықтауға бағытталды. Сауалнама барысында мұғалімдердің стресс деңгейі, жұмыс жүктемесі, эмоционалдық жағдайы және күйіп кетудің негізгі себептері туралы сұрақтар қойылды. Негізгі қорытындылар: 1. Күйіп кету деңгейі: Жауап берген мұғалімдердің басым бөлігі (70%) өздерін үнемі немесе жиі шаршаңқы сезінетіндерін айтты. Бұл күйіп кету синдромының кең таралғанын көрсетеді. 2. Стрестің негізгі себептері: Көпшілік мұғалімдер (82%) жұмыс жүктемесінің көптігін, қағазбастылықты, оқушылармен және ата-аналармен қарым-қатынастағы қиындықтарды негізгі стресс факторлары ретінде атады. 3. Демалыс пен жеке уақыт: Мұғалімдердің 85% жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтау қиын екенін мойындады, ал 75% жеткілікті демалыс ала алмайтынын атап өтті. 4. Күйіп кетудің әсері: Күйіп кету синдромына шалдыққан мұғалімдерде эмоционалдық шаршау, мотивацияның төмендеуі, денсаулыққа байланысты мәселелер (ұйқының бұзылуы, бас ауруы, көңіл-күйдің тұрақсыздығы) жиі байқалатынын анықталды. 5. Алдын алу шаралары: Көптеген мұғалімдер (70%) стресс пен күйіп кетуді азайту үшін қолдау көрсету тетіктері қажет екенін айтты. Әсіресе, жұмыс

жүктемесін оңтайландыру, кәсіби қолдау көрсету және психологиялық көмек көрсету сияқты шаралар сұранысқа ие.

Қорытындылар: Сауалнама нәтижелері мұғалімдердің күйіп кету синдромына бейім екенін және бұл олардың кәсіби және жеке өміріне кері әсер ететінін көрсетті. Бұл мәселені шешу үшін мұғалімдердің жүктемесін азайту, психологиялық қолдау көрсету, кәсіби дамуды ынталандыру және жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды. Мұғалімдердің психологиялық әл-ауқатын жақсарту білім беру сапасының артуына да оң әсер етеді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Жантану негіздері жоғары және арнаулы орта оқу орындарының, пединституттарының педагогика және бастауыш мектеп әдістемесі факультеті студенттеріне арналған оқулық/ Қ.Жарықбаев - Алматы, 2002.
2. Педагогтардың кәсіби-эмоциялы «күйреуінің» психологиялық алдын алу: оқулық / К.Г.Ельшибаева - Алматы, Альманахъ, 2022-63 б.
3. Синдром выгорания: диагностика и профилактика. 2-е издание/Е. Старченкова, Н.Е. Водопьянова - Питер; Спб.; 2008.

МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГ: СЕБЕПТЕРІ МЕН АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ ТӘЖІРИБЕСІ

Студент Бибетова А., 3 курс, «Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі» МКҚК
Ғылыми жетекші: Булебаева Р.Т., педагогика және психология пәнінің
оқытушысы, п.ғ.м.

Өзектілігі. Буллинг мәселесі әрқашан болған және қоғамда өзектілігі артқан мәселелердің бірі. Оқушылардың арасында орын алатын буллинг жағдайлары мектептерде тәрбие процесінің сапасына, балалардың психологиялық және физикалық денсаулығына, жалпы мектептің білім беру ортасына теріс әсерін тигізетіндігі белгілі.

Мәселе. Буллинг – тек оқушылардың ғана емес, жалпы қоғамның мәселесі. Мектептердегі тәрбие жұмыстары арқылы буллингтің алдын алу және оған қарсы тұру мәдениетін қалыптастыру – болашақ ұрпақ үшін маңызды қадам.

Жұмыс мақсаты: Мектепте әрбір баланың сәтті әлеуметтенуі мен дамуы үшін және физикалық, психикалық және әлеуметтік денсаулығын сақтау үшін тиімді профилактикалық бағдарлама құру.

Міндеттері

- Педагогтар мен ата-аналарға кәсіби көмек көрсету;
- Оқушыларда ауытқушы мінез-құлықтың пайда болуын алдын алу;
- Жасөспірімдерде жауапкершілік сезімін қалыптастыра отырып, коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- Қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу дағдыларын үйрету.

Буллинг түрлі физикалық және психологиялық қысым көрсету арқылы көрінеді. Бұл кейбір балалар үшін - сыртқы келбет немесе жеке қасиеттеріне

қатысты жүйелі түрде мазақтау, ал басқалары үшін - жеке заттарын жою, партаға итеру, қақпақылдау. Кейбіреулер үшін бұл - адамдық қадір-қасиетін қорлайтын ашық қорлаулар.

Буллингтің және оның басқа көріністерінің алдын алу білім беру ортасында кешенді әрі жүйелі тәсілді талап етеді. Бұл мәселемен профилактикалық жұмыс нақты білім беру ортасындағы буллингтің себептері мен салдарын анықтаудан басталады, өйткені олар тығыз байланысты және жасөспірімдердің девиациялық асоциалды факторларының жиынтығын құрайды. Ең көп тараған себептер: оқушылар ұжымындағы қақтығыстар және мұғалім тарапынан топтағы жағдайға тиісті бақылаудың болмауы, осы себептен жасөспірімдер психологиялық тұрғыдан қолайлы жағдайда физикалық және моральдық жағынан дамуға мүмкіндік алмайды.

Сонымен, буллинг — бір адамды немесе адамдар тобын жүйелі түрде қорлау, оларға қысым көрсету, мазақ ету, физикалық немесе психологиялық зақым келтіру деп түсінеміз.

Буллингтің түрлері көп, оның ішінде:

1. Физикалық буллинг – қасақана итеру, ұру, тепкілеу, соққы беру және басқа да дене жарақаттарын жасау және т.б. Сондай-ақ, сексуалдық буллинг те болуы мүмкін, ол сексуалдық сипатты әрекеттерді қамтиды.
2. Психологиялық буллинг – баланың психикасына әсер ету арқылы зорлық-зомбылық көрсету, үнемі қорлау, қорқыту, үрей салу арқылы психологиялық жарақаттар жасау.
3. Кибербуллинг – ұялы телефондар, әлеуметтік желілер арқылы қорлау, екіұшты суреттерді, фотосуреттерді және қауесеттерді тарату, мазақтау және т.б.

Буллингтің салдары тек құрбан болған оқушыларға ғана емес, жалпы мектеп ұжымына да әсер етеді. Қорланған оқушыларда өзіне сенімсіздік, депрессия, оқуға деген қызығушылықтың жоғалуы, тіпті кейде суицидтік ойлар пайда болуы мүмкін. Сонымен қатар, буллинг оқушылардың арасындағы сенімділік пен достықты бұзады, мұғалімдер мен ата-аналарға да стресс тудырады.

Буллингтің алдын алу үшін жүйелі түрде бірқатар жұмыстар мен шаралар жүргізу қажет. Бұл жұмыстарды әртүрлі деңгейде, яғни мектепте, ұйымдарда, қоғамда және отбасында жүргізу маңызды. Қазіргі таңдағы зерттеулер мен тәжірибелерге сүйене отырып, буллингтің алдын алу үшін ұсынылатын негізгі шараларды төмендегідей топтастыруға болады:

1. Қоғамдық және білім беру бағдарламаларын іске асыру

- **Ақпараттандыру және білім беру:** Буллинг туралы адамдарды ақпараттандыру, оның зиянды әсерлерін түсіндіру үшін семинарлар, тренингтер ұйымдастыру. Мектептер мен жұмыс орындарында арнайы бағдарламалар жүргізу.
- **Сенім телефондары мен жедел көмек қызметтерін ұсыну:** Буллингке ұшыраған адамдарға көмек көрсету үшін сенім телефондары мен кеңес беру қызметтерін ұсыну.

2. Мектептерде және оқу орындарында шаралар

- **Мұғалімдер мен оқушылардың қатысуымен психологиялық тренингтер өткізу:** Мұғалімдерге буллингті анықтау және алдын алу жолдары туралы тренингтер ұйымдастыру.
- **Қолдау жүйесін дамыту:** Оқушылар мен қызметкерлерге қолдау көрсету үшін психологтар мен кеңесшілерді тарту.
- **Қатыгездікке қарсы ережелер жасау:** Мектептер мен оқу орындарында нақты буллингке қарсы ережелер мен жазалау шараларын белгілеу. Бұл ережелерді оқушылар мен мұғалімдерге жүйелі түрде түсіндіру.

3. Әлеуметтік дағдыларды дамыту

- **Эмпатия мен өзара құрметке үйрету:** Оқушылар мен жастарды өзара құрмет пен түсіністікке тәрбиелеу, эмпатияны дамыту. Бұл үшін рөлдік ойындар мен топтық жұмыстарды пайдалану.
- **Конфликтіні шешу дағдыларын үйрету:** Конфликт жағдайларын тиімді шешу жолдарын үйрететін тренингтер өткізу.

4. Қатыгездікке қарсы қолдау топтарын құру

- **Қолдау топтары мен клубтар:** Қатыгездікке қарсы арнайы топтар мен клубтар ұйымдастыру, онда адамдар өз тәжірибелерін бөлісіп, бір-біріне қолдау көрсете алады.
- **Жеке кеңес беру:** Буллингке ұшыраған баларға жеке психологиялық кеңес беріп, олардың өзін-өзі бағалауы мен сенімділігін арттыру.

5. Отбасылық қолдау және тәрбие

- **Отбасылармен жұмыс:** Ата-аналармен сөйлесу, оларды балаларының мінез-құлқына қатысты мәселелерге көбірек назар аударуға шақыру.
- **Үйде өзара құрмет пен түсіністік тәрбиесін беру:** Балаларға үйде әділдік, теңдік және бір-біріне құрмет көрсету мәдениетін үйрету.

6. Қоғамдық ақпараттық науқандар

- **Жарнамалық науқандар:** Қоғамда буллингке қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарында науқандар өткізу, адамдарға буллингтің зиянды салдарын түсіндіру.
- **Желіде қауіпсіздік шаралары:** Онлайн буллингке қарсы арнайы саясаттар мен шараларды әзірлеу, әлеуметтік желілерде қауіпсіздік үшін арнайы ережелер жасау.

7. Технологиялық шешімдер

- **Бағдарламалар мен қосымшалар:** Мектептер мен ұйымдар үшін арнайы буллингті анықтау және алдын алу бағдарламаларын немесе мобильді қосымшаларды енгізу.
- **Интернеттегі қауіпсіздік шараларын күшейту:** Онлайн кеңістікте буллингке қарсы мониторинг жасау, жауапкершілікті арттыру, құқық бұзушыларға қарсы шаралар қабылдау.

8. Құқық қорғау және құқықтық шаралар

- **Заңды шаралар мен ережелерді орындау:** Буллингке қарсы арнайы заңдар мен ережелер қабылдау, құқық қорғау органдарын бұл мәселеге қатысты белсенді етіп жасау.

- **Жауапкершілік пен жазалау:** Буллинг жасаған адамдарға қатысты жазалау шараларын қолдану, бірақ сонымен қатар оларды дұрыс тәрбиелеу мен саналы түрде өзгертуге мүмкіндік беру.

Буллингтің алдын алу – бұл кешенді, ұзақ мерзімді жұмыс, ол тек білім беру мекемелерінде ғана емес, жалпы қоғамда жүргізілуі тиіс. Әр адамның өз құқығын құрметтеу, өзара құрмет пен түсіністікке негізделген қатынас құру буллингтің алдын алуда маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидалары. Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы.
2. Буллинг в школе: практика оказания психологической помощи пострадавшим детям: учебно-методическое пособие / авт-сост: Чурсинова О.В., Ярошук А.А.– Ставрополь: СКИРО ПК и ПРО, 2021 – 86 с.

МАНСАПТЫ НЕГЕ МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНАН БАСТАУ КЕРЕК?

Студенттер Браим Е, Темирова Д., 1 курс, «Лисаков техникалық колледжі»

КМҚК

Ғылыми жетекшісі: Байменова Т.И., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

Бұл тақырапты алған мақсатымыз, курстастарымызбен араласып жүргенімізде, байқадық, олардың көбісі мамандықтарын кездейсоқ таңдаған. Содан соң, сауалнаманың сұрақтарын ғылыми жетекшімен бірге таңдап, өзіміздің тобымызда сауалнама өткіздік. Сауалнаманың нәтижелері қуантпады. Сауалнамаға қатысқандар көбінесе мамандықты ата-аналардың, достардың, мектептің кеңесі бойынша таңдаған. «Сіз неге бұл оқу орнын таңдадыңыз?» деген сұраққа - осы елді мекенде жалғыз немесе үйге жақын орналасқан деп жауап берген. «Ал, алатын мамандығы бойынша болашақта жұмыс жасайсыз ба?» - деген сұраққа сенімсіз жауап берген. Осыған орай мектеп бітірушілер болашақ мамандық таңдау мәселесінен мүлдем хабары жоқ деген қорытынды шығаруға болады.

Бітіруші сыныптарының балалары ерекше қиындықтарға тап болады. Оларға өздерін еңбек нарығындағы тауар ретінде елестету қиын. Бірақ жұмыс іздеуде сіз сонымен қатар түлектердің болашағы тәуелді болатын сұранысқа ие мамандық алу үшін оқу орнын қалай табуға болатындығын көре аласыз. Сондықтан оқушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысы қажет, бұл үшін жұмыспен қамту қызметінің мамандары мектептердің психологтары мен әлеуметтік педагогтарына, яғни жасөспірімдердің кәсіптік бағдарлау проблемаларына тікелей айналысатындарға арналған ісшаралар өткізу керек.

Көптеген ата-аналар мен олардың өсіп келе жатқан балалары орта мектепте болашақ мамандық туралы, ҰБТ мен университетті таңдау уақыты келгенде ғана ойланады. Ал оқу орнын таңдау баланың өміріндегі негізгі мансаптық шешімдердің бірі болып саналады. «дұрыс» университетке түсу - табысты мансаптың кепілі екеніне бәрі сенімді. Бірақ іс жүзінде бәрі оңай емес.

Көптеген түлектер университетте (мүмкін беделді де) магистратура мен бакалавр дәрежесін бітірген соң, көптеген түлектер бұл олар жасағысы келетін

жұмыс емес екенін және өздерін осы мамандықта көрмейтінін түсінеді. Мұның бәрі оқуға өздерінің болашақ мансабы мен даму жоспарын егжей-тегжейлі ойластырғандықтан емес, «мәжбүр болғандықтан» оқуға түскендері.

Мансап жайлы ойлануды мектептен бастау керек. Ешкім ешкімді балалық шағынан айырмайды. Бірақ, біз 21 ғасырда өмір сүріп жатырмыз, ал қазіргі жастар бәрі өздігінен болады деп, ешқандай іс-әрекет жасағысы келмейді. Керісінше, табысқа жету қиындай түседі, еңбек нарығында бәсекелестік артып келеді. Мектеп қабырғасында жүргенде жаңа кәсіптер мен бизнесті дамыту бағыттары туралы білу мүмкіндігін жіберіп алмауға шақырамын.

Егер сізде жинақталған тәжірибе болған кезде мансапқа көтерілуді бастау әлдеқайда оңай. 2022 жастағы жұмыс іздеушілер мен қазіргі ЖОО студенттерін салыстырайық. Біреуі жазғы демалыста менеджер лауазымында, ал басқасы жұмыс тәжірибесіз тағылымдамадан өтеді. Біріншісі қазірдің өзінде жұмыстың көлемі мен сапасына қатысты қандай болатынын түсінеді және оған нақты бағасын бере алады, ол осы жаз айларында жұмыс істеп, бәрінен өтті. Ал, екіншісі өзін керемет маман деп санайды және өз мүмкіндіктерін жеткіліксіз бағаламауы мүмкін. Мұндай стратегиялық қателіктер жас кезінде оларды мансап сатысынан бірнеше сатыға төмен түсіруі мүмкін. Сондай-ақ маңызды нәрсе, әдетте, стажер студентке немесе тіпті мектеп оқушысына алғашқы жұмысқа орналасу әлдеқайда оңай - жұмысқа орналасу кезінде оған күрделі сынақтардан өту қажет емес. Өйткені, оның талаптары әлі де болса білікті маманның немесе жұмыс тәжірибесі жоқ жай ғана түлектердің талаптарымен салыстыруға келмейтіндей төмен. Бірақ, сіз алғашқы жұмысқа орналасып, өзіңізді ұқыпты орындаушы екеніңізді дәлелдегеннен кейін, сіз компанияда орын ала аласыз және мансап сатысына көтерілу мүмкіндігіңіз айтарлықтай артады.

Өмір тәжірибесінен. Менің апамның анасы шағын супермаркетте менеджер болып жұмыс істеді. Апам 6-сыныптан бастап, бірнеше жыл, жаздың демалысында, екі ай оның жұмысында таңертеңнен кешке дейін жүретін. Бұл оның анасының стратегиялық ойластырылған жоспары ма, білмеймін... Әрине, апам ол жерде бірден «өз адамы» болып кетті, сұхбат немесе ешқашан тестілеуден өткен жоқ. Анасының әріптестері қалай жұмыс істейтінін оған өте қызықты болды, олар апамға тауарларды орналастыруды, баға белгілерін жабыстыруға үйретті.

Апам анасының жұмысында істемегені жоқ: курьер де болды (аудан орталығына қағаздар, басшының кеңсесіне төмендегі қабатқа ресми қағаздар), бухгалтер де болды (шоттар мен келісімшарттар тігіп, чектерді тексеріп, қолма-қол ақшаны санадым), хатшы де болды (қоңырауларға жауап берді, кофе мен шай да жасады, гүлдерді суарды). Апам айтатын, мен олардың барлық тапсырмаларын мұқият орындадым және менен нақты пайда бар екендігіне көзім жетті.

«Ұжымның не екенін, кез-келген жұмыс маңызды және құрметті екенін, егер қасындағы әріптесіңе қиын болса, «бірге жабылып», оның мәселесін шешу керек екенін түсіндім. Бұл өте маңызды бірақ, университеттерде бұған үйретпейді», дейтін.

Білім туралы заңда білім берудің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Ол үшін «оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деген міндеттер қойылады. Демек, оқу-ағарту саласында өзекті мәселенің бірі - болашақ маман иелерін сапалы қарым-қатынасқа даярлап, олардың кәсіби құзыретін қалыптастыру.

Көпшілік алдында сөйлеу үшін қарапайым қарым-қатынасты барынша жаттықтыра түсу қажет. Тек осындай кәсіптік-педагогикалық қарым-қатынаста, оған қоса балаларды шынайы жақсы көргенде ғана педагогикалық процестің бүкіл мәні айқындала түседі. В.А.Сухомлинский айтқандай, тәрбиеші өнері ең алдымен сөйлеу өнерімен, адам жүрегін баурап алу өнерімен көрінеді.

Қарым-қатынас мәселесі бұл әлеуметтік психологияның негізгі проблемалары. Бұл мәселелермен тек психологтар, педагогтар ғана айналысып қоймайды, оны философтар, социологтар, политологтар да жан-жақты зерттеуде. Мектеп оқушыларымен жұмыс істейтін мұғалімдер вербальді (сөз) және вербальді емес (ым не ишара) қарым-қатынасының түрін пайдаланады. Қарым-қатынастың қай түрі болмасын ол мұғалімнің шеберлігіне, тәжірибесіне байланысты дейміз. Психологтар педагогикалық қарым-қатынастың нәтижесі мұғалімнің баланы біліп, тануына және әр баламен диалогқа түсуіне байланысты деген. Әрине, қанша тәжірибелі мұғалім болса да, балалармен қарым-қатынас жасау, әр баланы білу, оларды тану, әр баланы іс-әрекетке кірістіру, оларды сөйлеттіру мұғалімдерге оңай жұмыс емес.

Мұғалімнің сөзі әсерлі, тартымды, сенімді, сондай-ақ дауыс ырғағымен мимикасы мәнерлі және бай болғаны қажет. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлықпен сөйлеп, шұбалаңқы сөздермен керексіз терминдерді қолданбастан әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіру керек».

Білім беру жүйесін реформалау негізінде шығатын педагогқа қойылатын жаңа талаптар болашақ мамандарды кәсіби даярлау жүйесі алдына инновациялық іс-әрекетке дайын, зерттеу іс-әрекетіне белсенді қатысуға даяр маман қалыптастыру міндетін қояды.

Дегенмен, ғылыми әдебиеттерді талдау болашақ мұғалімдердің коммуникативтік қабілеттерінің педагогикалық дамуы мәселесінің жеке зерттеу пәні болмағандығы анық байқалады. Яғни, болашақ мұғалімдерінің коммуникативтік қабілеттерін дамыту негізінде педагогикалық даярлауға практиканың сұранысы мен оның педагогика теориясында жеткілікті қарастырылмағаны арасында қайшылық туындап отыр. Осы қайшылықтың

шешімін табу оны қалыптастырудың арнайы әдістемесін жасау қажеттігін айқындаған біздің зерттеу жұмысымыздың **проблемасын** анықтап, зерттеу жұмысының тақырыбын «Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік қабілеттерінің педагогикалық даму шарттары» деп алдық.

Зерттеу мәселесі – мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастарды жетілдіру.

Зерттеудің мақсаты - болашақ мұғалімдерінің коммуникативтік қабілеттерін дамытуды әдіснамалық-теориялық тұрғыда негіздеу және оны жүзеге асыруды әдістемелік жүйемен қамтамасыздандыру.

Зерттеу міндеттері:

1. «Қарым-қатынас», «қарым-қатынас мәдениеті», «қарым-қатынас стилі» «педагогикалық қарым-қатынас» ұғымдарының мәнін ашылды.

2. Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік қабілеттерін дамытудың педагогикалық шарттарының әдіснамалық негіздері айқындалды.

3. Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік қабілеттерді меңгеру моделі мен құрылымдық моделі жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштерін анықталды.

4. Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік қабілеттерінің педагогикалық шарттарын дамытудағы қарым-қатынас түрлерінің әдістемелік жүйесі жасалып және оның тиімділігі тәжірибелі-эксперимент жүзінде тексерілді.

Қорыта келгенде педагогикалық қарым-қатынас өте күрделі процесс. Тәрбие әдістері педагогикалық қарым-қатынас арқылы іске асады. Оған көптеген адамдардың қатынасы балаға ықпалы жатады. Ұстаздық қызмет қызметті ұйымдастыру, балаларды ұжымда тәрбиелеу, балалардың өзара қарым-қатынасын ұйымдастыру, балалардың өзара қатынасы бала тәрбиесіндегі қолданылатын әдіс, тәсілдері, құралдары болып табылады. Мұның бәрі педагогикалық қатынас арқылы іске асады, ұстаз баланы соған тәрбиелейді. Шындығында, педагогикалық қатынас ұстаздың шәкіртке қатынасты дұрыс жүргізу үшін ынта керек. Ынта – дегеніміз белгілі бір іске адамның ықыласпен кірісіп, оны нәтижелі орындауы, алдына қойған мақсатты жете түсінуі. Ұстаздың ынтасы оқу-тәрбие процесінде дамиды.

Ұстаздық педагогикалық қатынасты жүргізу үшін бейімділік керек, яғни мұғалімдік мамандыққа бейімділік, баладармен қарым-қатынас жасау, олармен ойнау, жұмыс істеу процесінде білінеді.

Педагогикалық қатынасқа ұстаздың қабілеті де керек. Белгілі іске бейімділік және адамның қабілетіне байланысты. Ал жеке адамның белгілі іс-әрекетінің нәтижесін танытатын психикалық қасиетті қабілет дейді [49].

Сонымен, педагогикалық қатынас жасау ұстаздың балаға сүйіспеншілігі, қызметіне ынтасы, бейімділігі, қабілеті, ұстаздық нышаны, дарындылығы болуы керек. Педагогикалық қарым – қатынас – коммуникацияны орнату, дамыту, ұйымдастыруға бағытталған, ортақ іс – әрекеттің мақсаты мен мазмұнына байланысты туындайтын педагог пен оқушы арасындағы өзара түсіну және өзара әсер ету процесі.

Педагогикалық қарым – қатынас – бұл педагог пен оқушылардың өзара әрекеттесуінің әлеуметтік нормативті формасы.

Педагогикалық тәжірибені талдай отыра, тәрбие және оқыту міндеттерін шешуде туындайтын қиындықтар қарым – қатынасты дұрыс орната алмаудан туындайтынын көрсетеді.

«Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік қабілеттерінің педагогикалық даму шарттары» атты диссертациялық жұмысты барынша жан-жақты зерттелді деуге болады, бірақ болашақта бұл жұмыс өз дамуының жалғасын табады деген сенімдеміз.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары.- Алматы. «Ғылым», 1994.
2. Бәшірова Ж.Р. Болашақ педагогтардың коммуникативтік біліктілігінің басты мәселелері // Менеджмент в образовании. – 2006. – № 3. – С. 83-90.
3. Березовин Н.А., Коломинская Я.Л. Учитель и детский коллектив. М., 1975.
4. Джадрина М.Ж. Ориентация на результат как условие реализации компетентностного подхода // Открытая школа №3 2006.- 16стр.
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» Алматы, Литера 2007.

СОВРЕМЕННЫЙ ПРЕПОДАВАТЕЛЬ ГЛАЗАМИ СТУДЕНТОВ

Жауынбаев А., Чейдуков Р., студенты 3 курса, ОТЖТ - структурное подразделение ОрИПС филиала СамГУПС

Научный руководитель: Долгушина Т.Ю., преподаватель

Актуальность: в современном обществе преподаватели играют все более важную роль и уже не являются просто передатчиками знаний и информации. Преподаватели должны быть психологами, исследователями и новаторами. С первой встречи обучающиеся формируют образ преподавателя, который состоит из ряда элементов, таких как стиль общения, уважение к обучающимся и доверие к тому, что говорит преподаватель. Восприятие обучающихся к преподавателю играет важную роль в определении их отношения к предмету.

Проблема: Сложность преподавательского труда в том, что нужно найти подход к каждому студенту. Создать условия для развития способностей, заложенных в каждом. Самое главное – преподаватель должен помочь студенту осознать себя личностью, пробудить потребность в познании себя, жизни, мира, воспитать в нём чувство человеческого достоинства, составляющая которого – осознание ответственности за свои поступки перед собой, товарищами, обществом.

Цель работы: изучить образ, модели поведения преподавателя, манеру передачи информации, и ответить на вопрос «каким его видят нынешние студенты?».

Задачи:

- Изучение различной литературы;
- Исследование методики невербального общения
- Проведение опроса среди студентов
- Обработка и анализ данных, полученных в ходе опроса.

Современный преподаватель - это человек, который в первую очередь должен быть заинтересован в учащих, должен не только диктовать инструкцию, но и вдохновлять, модернизировать. Талантливый и бесталаный ученик - зависит от педагога.

Невербальное общение - это передача информации посредством любых каналов коммуникации, отличных от словесных.

Знать виды невербального общения и понимать невербальные сигналы важно по нескольким причинам. Во-первых, они выполняют функции точного выражения чувств, ведь очень часто мы испытываем чувства настолько сложные, что просто не в состоянии подобрать для их описания нужные слова, но это можно сделать, используя невербальные средства и методы. Во-вторых, они выполняют функции более глубокого взаимопонимания.

Важной характеристикой профессионально-педагогического общения является стиль. Стиль – это индивидуально-типологические особенности взаимодействия педагога и обучающегося. Стиль общения – индивидуальная стабильная форма коммуникативного поведения человека, проявляющаяся в любых условиях взаимодействия, в деловых и личных отношениях, руководстве, обучении и воспитании, способах принятия и осуществления решений, в избираемых приемах психологического влияния на людей, в методах разрешения межличностных и деловых конфликтов.

Методы обучения - это способы организации учебного материала и взаимосвязанной деятельности преподавателя и обучающихся в процессе обучения. Как говорил известный педагог М.Н. Скаткин, метод - это путь, которым учитель ведет ученика от незнания к знанию, от неумения к умению, путь развития его умственных сил. Любой метод обучения предполагает цель и систему действий, средства обучения по ее достижению, намеченный результат.

В данной работе проведено микроисследование методом анкетирования студентов на тему: «Каким должен быть современный преподаватель глазами студентов?».

В опросе, проведенном на различных курсах нашего учебного заведения, приняли участие 856 студентов.

На основании анализа анкетирования мы можем увидеть портрет современного преподавателя. Это человек, который, прежде всего умеет доступно объяснить материал и поставить себя на место обучающегося. Это может быть опытный преподаватель или более молодой коллега. Студентам нужен преподаватель, который хорошо владеет материалом, умеет находить общий язык с обучающимися и объективно оценивать их личные достижения.

Выводы: Подводя итоги проделанной работы, в первую очередь хотелось бы отметить то, насколько важна профессия преподавателя в современном мире. Ведь все мы, по завершению обучения, несем с собой во взрослую жизнь не только ценные знания, но и бесценный жизненный опыт, который передают нам именно преподаватели.

В работе мы рассмотрели невербальное общение преподавателя, как способ передачи информации, посредством изучения таких вопросов, как

основы невербального взаимодействия; виды невербального общения и их влияние на обучающихся. Также было проведено исследование факторов эффективности деятельности преподавателя посредством анкетирования среди опрашиваемых студентов.

Благодаря проведенному анкетированию, анализу исследуемых вопросов и задач, мы смогли ответить на самый главный вопрос - «Каким должен быть современный преподаватель глазами студентов?».

Путем подведения итогов анкетирования, удалось понять принцип мышления студентов и получить ответы на вопросы: «На что обращают внимание студенты при первой встрече с преподавателем?»; «Какой стиль педагогического общения приемлем?»; что важно «Умение объяснять учебный материал, знание предмета, человечность и такт?»; «Какой стиль речи должен использовать современный преподаватель?»; «Должен ли современный преподаватель владеть знаниями в области информационных технологий?» и сформировать портрет современного педагога.

Что же касается рекомендаций по применению данного исследования, то это, в первую очередь, можно рассматривать как один из эффективных инструментов при проектировании и внедрении системы менеджмента качества, который позволяет своевременно выявлять положительные и негативные моменты в организации учебного процесса и вовремя принимать необходимые решения для улучшения образовательной деятельности.

Список использованных источников

1. «Педагогическая психология. Учебное пособие. Стандарт третьего поколения» / Ругуш Людмила Александровна, Орлова А.В.
2. «Практикум по педагогической психологии» / Молодцова Наталья Геннадьевна.
3. Исаев, Е.И. Педагогическая психология: учебник для вузов / Е.И. Исаев. - Москва: Издательство Юрайт, 2023. - 347 с.
4. «Педагогическая психология» / Лев Семёнович Выготский.
5. «Педагогическая психология» / Наталья Молодцова.
6. «Педагогическая психология: схемы и тесты» / Бронюс Айсмонтас.

ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Студент Жетпісбай А., 4 курс, Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Назарова Гу.К., арнайы пәндер оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

Өзектілігі: Қазіргі таңда білім беру мәселелері жалпы әлемдік қоғамдастықтың өзекті мәселелердің бірі болуы өркениет дамуының білім беру сапасымен бірден-бір байланысты. ҚР «Білім беру» мемлекеттік бағдарламасында білім беруді жетілдіру мен оқыту үдерісіне жаңа акпараттық

технологияларын енгізу арқылы сапалы кәсіби мамандарды даярлауды қамтамасыз ету мәселесі қарастырылған.

Мәселе: Қазіргі жағдайда жоғары мектеп дамуында уақыт талабына сай жоғары білікті маман даярлайтын оқыту әдістерін зерттеу, болашақ кәсіп иелерін тәрбиелеу басты мәселелердің бірі болып отыр. Болашақ педагог мамандарға қойылатын мақсат-міндеттердің күннен-күнге өсуі жоғары оқу орнындағы оқу

үдерісінің тиімділігін арттыру үшін үлкен ізденіс пен шығармашылық қалыптасу жолын талап етеді.

Жұмыс мақсаты - жоғары оқу орнындағы болашақ педагог мамандарды кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселелерінің ғылыми-теориялық негіздерін айқындау және зерттеу әдістемесін ұсыну.

Міндеттері:

- ЖОО педагог мамандарды даярлаудың теориялық мәселелерін айқындау;

- ЖОО педагог мамандарды даярлаудың педагогикалық шарттарын, өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтау;

студенттердің кәсіби құндылық бағдары қалыптасуын диагностикалық тұрғыда зерттеу, әдістемесін ұсыну. Қазақстанның оқу орындарында мыңдаған мамандықтар бойынша *кәсіби білім беру* жүзеге асырылады. Ал, қоғам тарапынан білімге қойылатын талап күн сайын артып келеді. Бұл білім беру бағдарламаларындағы, оқу жоспарларындағы, пәндердің мазмұнындағы, жалпы, қоғамдық қатынастардағы қарқынды *өзгерістерден* көрінеді. Осы үдерісте, әсіресе, *ғылымның* маңызды рөл атқаратыны белгілі. Ғылым рухани мәдениеттің, материалдық дүниенің, бәрінен бұрын, тұлғаның білім деңгейінің артуын қамтамасыз етеді. Сонда, ғылымның және оның қоғамдағы қызметінің дамуы білімді, зиятты зиялы қауымның дамуымен ажырамастай байланыста болады. Қазақстанда білімнің дамуы елдегі жалпы білім жүйесінің және ғылым салаларының дамуымен астасып жатқан мәселе болып табылады. Сондықтан философиялық, жаратылыстану, гуманитарлық ғылым негіздері мен қазақ жерінде білім беру жүйесінің дамып, жетілу жағдайлары, тарихи жолы Қазақстандағы қазіргі білімнің жетілуінің алғышарттары болады. Қазіргі кезде кез келген кәсіп орасан зор әлеуметтік мәнге ие, болашақ маман иелеріне қойылатын мемлекеттің дамуын қамтамасыз ететін мамандықты игеру кезіндегі жауапкершілік әрқашан бірінші орынға шығады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі кәсіпке бейімделудегі құндылықты бағдарлар мәселелерінің жүйелік сипатымен негізделеді. Кәсіпке бейімделуді қарастыру жағдайы өте маңызды, себебі ол тұлғаның өмір бойы қалыптасатын негізгі жағдайларының бірі, әрі тұлғаның өмірлік даму жолдарына әсер етеді. Психология ғылымында кәсіби бейімделу үдерісін, бейімделу кезіндегі студенттердің тұлғалық ерекшеліктерін, жоғары оқу орнындағы оқу үдерісінің ерекшеліктерін зерттеу ерекше мәнге ие бола тұрса да, бұл мәселе әлі күнге дейін толық қанды зерттелінбеген. Сондықтан, студенттердің кәсіби бейімделуі мен кәсіби мәнді құндылықты бағдарлары заман талабына сай зерттеуді, жүйелеуді қажет етеді. Осыған байланысты, біздің зерттеуіміздің негізгі мәселесі туындайды. Студенттердің

кәсіби бейімделуін зерттеу жастық динамиканы тереңірек түсінуге және жастық, кәсіби дағдарыстардың болу өлшемдерін анықтауға әсер етеді. Қоғам тарапынан болашақ мамандарға қойылатын талаптардың өсуімен тақырыптың өзектілігін тығыз байланыстыруға болады. Студенттердің кәсіби бейімделуі мен құндылықтық бағдарларының негізгі компоненттерін анықтау үшін зерттеу жұмысының алғашқы бастамасында тестік және ауызша сұқбаттар арқылы тұлғаның кәсіби бейімделу үлгісін құрастырдық. Кәсіби бейімделу кезінде студенттердің бойында адамгершілік, білімділік, алғырлық және т.б. адами тұлғалық қасиеттермен қатар іскерлік, ізденушілік, қызығушылық, шеберлік қалыптастыру қажеттілігіне көз жеткіздік. Сол себептен кәсіптік бейімделу мен құндылықтық бағдарларды анықтау үшін төмендегідей параметрлерді бөліп шығардық.

Біріншіден: студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі мен кәсіби бейімделуінің негізгі өлшемдері- өзіне деген қатынас, ұжымды бағалауы және оқуға деген қатынасы т.б;

Екіншіден: тұлғаның бейімделушілік қабілеттерінің даму деңгейі және мамандыққа қатынасының ерекшеліктері;

Үшіншіден: студенттердің құндылық бағыттары, оны анықтайтын мақсаттар мен мағыналар және белсенділік аумағының негізгі параметрлері - дербестік, спонтандылық, танымдық қажеттіліктер, жауапкершілік, өз-өзіне деген сенімділік және т.б;

Төртіншіден: студенттердің кәсіпке бейімделуі мен кәсіби мәнді құндылықтық бағдарларды қалыптастыру.

Ғылыми зерттеу жұмыстарының барысын төменгі кезендерге бөлдік.

1. Диагностикалық кезең - зерттеу мәселесі бойынша (тест, сауалнама, сұхбат) әдістерді қолдану арқылы қарама-қайшылықтарды айқындап, аталмыш мәселенің өзектілігін айқындау.

2. Болжамдық кезең - зерттеу мақсаты қойылып, мақсатқа сәйкес болжамдар жасалынды, алынатын нәтижелер айқындалып, эксперименттік-эмпирикалық зерттеулер бағдарламасы мен жүргізілу бағыттарын ұсыну.

3. Ұйымдастырушылық кезең - зерттеу жұмысының бағдарламасын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар туғызу және зерттеу жұмысын жүргізу.

4. Тәжірбиелік кезең - негізделген іс-шараларды жүргізу, бағдарлама мазмұнында сипатталған кезендер бойынша нәтижелер алу, құрылған әдістемелік кешеннің тиімділігін анықтау.

5. Қорытындылау кезеңі - алынған мәліметтер сәйкестігін байқау және сарапталған нәтижелерді ғылыми зерттеу жұмысының мазмұнында бейнелеу.

Бірінші жүргізілген зерттеу әдісінде студенттердің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында *К. Роджерс - Р. Даймондпен құрастырылған әлеуметтік-психологиялық бейімделу ерекшеліктері* атты сауалнама жүргіздік.

Сауалнама студенттердің әлеуметтік ортаға, тұлғааралық қарым-қатынас жүйесіндегі бейімделушілік-бейімделмеушілік сатысын анықтайды. Берілген сауалнама жалпы білім беру ордасында студенттердің эмоциялық мінез-құлық бұзылыстары мен курстан курсқа өту кезіндегі қиындықтарды анықтауға және

жоғары оқу орнына бейімделу мен бейімделе алмаушылықтың дара ерекшеліктерін анықтау мақсатында қолданылады.

К. Роджерс - Р. Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделу сауалнамасында бейімделушілік тұлғаның өзін-өзі және басқа адамдарды дұрыс, адекватты қабылдай алуы, еркіндігі, басқалардан тәуелсіз және т.б. жағдайлар кезінде болатыны дәлелденген. Ал, бейімделмеушіліктің себебі өзін-өзі және басқа адамдарды қабылдаудың төменгі деңгейлерінен, басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсу кезіндегі қиындықтардан, эмоциялық қолайсыздықтан (дискомфорт), басқа адамдарға деген тәуелділіктен және т.б. көптеген жағдайлар әсерінен туындайды.

Зерттеу нәтижесі

Осы әдістемені басшылыққа алып жүргізген кездегі зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, адам өміріндегі болатын қиындықтардың бірі -олардың жана ортаға түсуі, оны қабылдаулары және бейімделулері деп айтсақ артық болмас еді.

Қорытынды Әдістеменің қорытындыларын сараптағанымызда студенттердің кәсіби психологиялық бейімделу деңгейлерін бағалаулары жайлы мәліметтер алып, зерттеуді толықтыруға септігі тиетіне көз жеткіздік.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Андреева Г.М. Социальная психология. - М.: Аспект - Пресс,1997.-376с.
2. Асмолов А.Г. Психология личности. -М.: Изд-во МГУ, 1990. -367 с.
3. Абульханова-Славская К. А. Стратегия жизни. - М., 1991. - 256 с.
4. Артемов С.Д. Социальные проблемы адаптации молодого. рабочего на промышленном предприятии // Молодежь и труд. - М., 1970.- С. 135-136.
5. Аристотель. Сочинения. -М.: Мысль, 1984. - 830 с.

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Студент Жолаушибаева А., 1 курс, Н.Құлжанова атындағы Торғай
гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Ақылбекова Л.Б., арнайы пән оқытушысы, п.ғ.м., педагог-
сарапшы

Зерттеудің өзектілігі: Қазіргі қоғам талабына сай жаңа технологиялардың пайдалану жолдарын айқындау барысында пән бойынша ақпараттардың қолжетімділігі және күнделікті қысқа мерзімді сабақ жоспарын жазуда қалыптастырушы бағалау саны мен тапсырмалары туралы сауалнамалар жүргізіліп, қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын құрастырудағы мәселелер анықталып, шешімдеріне талдау жасалынып, тұжырымдар келтірілді. Қазіргі таңда ақпараттандыру жүйесінің белең алып жатқан кезеңдерінде білім беру мәселелері уақытылы шешіліп, жаңа әдістер, жаңа жобалар мен оқу-әдістемелік нұсқаулықтар құрастырылып жатыр. Олардың тиімді немесе тиімсіз тұстары мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарында бекітілген мақсаттарын сай

құрастыратын қалыптастырушы бағалау тапсырмаларының сапасында болуын көздейді.

Зерттеудегі мәселе: Білім берудің мақсаты негізінде ұстаздардың шығармашылық құзыреттіліктерін қалыптастыруымен жалғаса бастады. Негізгі құзыреттіліктің бірі-цифрлық білім беру жүйесі арқылы қалыптастырушы бағалауды құрастыру болып табылады, өйткені қазіргі қоғамның дерті онлайн формат арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылық сана-сезімін арттыру болып табылады, ал оқушылардың шығармашылық, дарындық қасиетінің дамуы бұл оқу үрдісінің сапасын жаңғыртуға алып келеді. Сан алуан түрлі іс-қимылдарда оқушылар өздерінің ойлау қабілеттіліктерін айқын түрде жеткізе алмай, оқу үрдісі процесінде көптеген қиындықтарға душар бола бастайды. Сондықтан оқу үлгерімінде оқушылардың ойлау деңгейлерін ұштастыру, сабаққа деген ынта-сезімдерін ұялата білу, жетілдіру процесі ынталандыру бағыттарының бірі болып табылады.

Зерттеу мақсаты: педагогикалық бағыт арқылы бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық құрылғылар арқылы сабақ жоспарын құра біліп, оқу бір сарынды болып кетпеу мақсатында цифрлық әлемге жол ашу.

Зерттеу міндеттері:

- Шығармашылық құзыреттілік туралы тереңірек жүйе қалыптастыру;
- Цифрлық әлемге жол ашу;
- Проблемалық ситуациялар құрылған кезде шешімін табу;
- Зерттеу жұмысын жұмысын ұйымдастырып, талдаулар жүргізу.

Шығармашылық құзыреттілік — адамның жаңа идеялар мен шешімдер табуға, өз пікірін білдіруге және оларды жүзеге асыруға қабілеттілік. Бұл адамның шығармашылық ойлауын, қиялын, мәселе шешу дағдыларын және инновацияға деген талпынысын қамтиды. Шығармашылық құзыреттілік көбінесе білім беру жүйесінде оқушыларға жаңа тәсілдер мен идеяларды дамытуға көмектесу мақсатында қарастырылады, бірақ ол әр түрлі салаларда, мысалы, өнер, ғылым немесе кәсіпкерлікте де маңызды болып табылады. Оқушы оқу субъектісі болғандықтан, педагог тек ойлау үрдісін басқаруды емес, сонымен бірге оқушы арасында тығыз қарым-қатынас жүргізіп, олардың шексіз шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, оқу үрдісін тиімді жолдарын қарастырған жөн. Бастауыш оқытуда цифрлық білім беру — оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру, олардың заманауи технологияларды тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын әдістер мен құралдар жиынтығы. Бұл бағыттағы білім беру оқушылардың білім алу процесін жеңілдетіп, қызықты әрі тиімді етеді. Цифрлық білім беру бастауыш сыныптарда бірнеше негізгі бағытта жүзеге асырылады:

1. Цифрлық құралдарды қолдану Бастауыш мектеп оқушылары үшін цифрлық құралдар мен құрылғыларды (компьютерлер, планшеттер, интерактивті тақталар) тиімді пайдалану маңызды. Оқушылар интернет арқылы білім алуға, әртүрлі тапсырмалар мен ойындар орындауға, білімдерін тексеруге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, мұғалімдер сабақтарда интерактивті тақта

арқылы ақпаратты визуализациялап, оқушыларға материалды нақты әрі қызықты түрде түсіндіре алады.

2. Цифрлық оқулықтар мен ресурстар. Цифрлық оқулықтар — дәстүрлі оқулықтарға қарағанда оқушыларға көп мүмкіндіктер ұсынады. Мысалы, олар анимация, бейнемазмұн, дыбыстық және визуалды қосымша ақпараттарды қамтиды. Оқушылар осылайша тақырыпты тереңірек түсініп, материалды жақсы меңгереді. Мұндай ресурстарды пайдалану оқу процесін жеңілдетіп, оқушылардың қызығушылығын арттырады.

3. Оқу платформалары мен қосымшалар. Цифрлық білім беру платформалары мен арнайы қосымшалар арқылы балалардың білімін тексеру, тапсырмалар беру және нәтижелерін бағалау оңай болады. Мысалы, "Google Classroom", "Khan Academy", "Learning Apps" секілді платформаларда балалар сабақтарды оқып, тапсырмаларды орындап, өзара пікір алмаса алады.

Зерттеу нәтижелері: Зерттеу жұмысы Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебінде жүргізілді. Зерттеу барысында түрлі әдіс-тәсілдер жүйесі қолданылып отырды. Шығармашылық құзыреттілік бірден туындамайды, ол дағдылана отырып пайда болады. Тәжірбие процесінде цифрлық платформалар арқылы жаңа тақырып үрдістерін түсіндіру мақсатында тапсырмалық жүйелер құрастырылып, оқушылардың оқуға деген танымдық қызметінаша білдік. Бастауыш сыныптағы барлық пәндерден цифрлық білім беру жүйесі арқылы көптеген әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың дидактикалық қабілеттерін арттыруға болады. Осы әдес-тәсілдерді, онлайн, тиімді платформаларды қолдана отырып, үлкен нәтежиеге жетуге болатына көз жеткіздік. Педагогикалық бағытта бастауыш білім беру жүйесінде қалыптастырушы бағалау процесінде әдіснамалар жүйелері қолданылынды.

Қорытынды

Анықтау зерттеу нәтежиелеріне сүйене отырып, мынадай қорытынды жасадық, қазіргі заман талабы цифрлық жүйе арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дағдыландыру. Бастауыш сыныптарда оқытудың маңызды міндеті-оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ұштастыра білу. Бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың алғаш сабақ өткен күннен бастап, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі әдіс-тәсілдер жүйесін ойлап таба бастайды. Мұғалімдер сабақ үстінде оқу үрдісі бір сарынды болып кетпес үшін түрлі дидактикалық ойын тәжірбиелер іс жүзінде іске қоса бастайды. Бос сөзбен, күнделікті жиі қайталанатын тақырыптарды өткізе бері ол өте қиын іс. Оқытушы өзінің шығармашылық қиялын іске қоса отырып, әр сабақ қызықты өті үшін жаңа заман талабына сай тапсырмалар жинағын іске қосып, оқушылардың қызығушылығын арттыруға ат салысады. Зерттеу жұмысында педагогтың шығармашылық құзыреттілігін арттыру маңызды рөл атқарады. Осы мақсатта мен өзімнің зерттеу жұмысымда оң нәтежиеге жете алдым. Мектеп-білім мен тәрбиенің басын құрайтын үлкен шаңырақ болса, ұстаз-сол шаңырақтың негізін қалыптастырушы болып табылады. Әсіресе бастауыш сынып мұғалімі оқушыларға өте жақын бейнеде қалыптасуы керек. Өзім болашақта бастауыш мамандығының білікті маманы

болатындықтан, көп кедергілерге төтеп беріп, деңе білуге, оқушыларды алғаш білім ұясын аттаған сәтте-ақ, білім нәрімен сусындату керек екендігін толыққанды көз жеткіздім. Болашақ білікті ұстаз ретінде түрлі зерттеулер мәселесін сараоай отырып, білім мен тәрбие қос ұғымында оқушы бойына сіңіру үшін талай еңбек жеміс ағаштарын зор еңбекпен сіңіру екендігіне біршама көзім жеткендей.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Мажидбаева Г.М., Рсалина Н. (2024). Білім берудегі цифрлық технологиялар: оқу-әдістемелік құрал. Алматы: «Дарын».
2. Абильдина С.К., Копбалина К.Б., Южел Г. (2023). Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастыру. Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдарының сериясы, 70(3).
3. Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б. (2023). Білім берудегі педагогикалық технологиялар: оқу-әдістемелік құрал. Алматы: «Дарын».
4. Сардарова Ж.И., Кисметова Г.Н., Турежанова Г.А., Саркулова Д.С. (2022). Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагогтардың цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану даярлығын қалыптастыру. ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық серия, 70(1), 47–5
5. Байменова Б.С., Габдуллина К.М. (2023). Цифрлық білім беру ортасында болашақ педагог-психологтердің даярлау ерекшелігі. *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы, 141(4), 43–50.

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ МЕН ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТКЕ ҚОСҚАН ЫҚПАЛЫ

Студент Жумақанова А., 2 курс, «М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі: Орынтаева Н.Е., шет тілі мұғалімі

Жұмыстың өзектілігі: Мұхтар Әуезов қазақ әдебиетінің ғана емес, бүкіл түркі әлемінің ұлы классигі ретінде танылған тұлға. Оның шығармалары қазақ фольклоры мен ұлттық әдебиетінің дамуына үлкен ықпал еткен. Әуезовтің фольклорды зерттеудегі еңбектері мен шығармашылығында ұлттық мұраны жаңаша көзқараспен көрсетуі қазіргі әдебиеттану ғылымында өзекті мәселе болып табылады. Әсіресе, оның «Қазақ эпосы мен әдебиетінің тарихы», «Абай жолы» романы сынды шығармаларындағы фольклорлық ерекшеліктер ұлттық әдебиеттің жаңғыруында айрықша орын алады.

Мәселе: Мұхтар Әуезовтің қазақ фольклоры мен ұлттық әдебиетті зерттеудегі рөлі кең, бірақ оның нақты ықпалы мен мұрасының қазіргі қазақ әдебиетіндегі орны толық зерттеліп, жеткілікті деңгейде бағаланды ма?

Жұмыстың мақсаты: Мұхтар Әуезовтің қазақ фольклоры мен ұлттық әдебиетке қосқан ықпалын жүйелі түрде қарастыра отырып, оның фольклорлық дәстүрлерді сақтаудағы рөлін, ұлттық әдебиеттің дамуына әсерін зерттеу.

Негізгі міндеттері: Қазіргі қазақ әдебиетінде Әуезовтің идеяларының жалғасын қарастыру және оның ұлттық әдебиетті дамытуға қосқан үлесін талдау.

Кіріспе: Қазақ әдебиеті ғасырлар бойы ауызша дәстүрде дамып, халықтың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келеді. Қазақ фольклоры – ұлттық әдебиеттің бастау көзі, ал халықтың рухани байлығын жас ұрпаққа жеткізу, оны жетілдіру әрі дамыту әдебиеттің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл жолда Мұхтар Әуезовтің еңбегі орасан зор. Мұхтар Әуезов қазақ фольклорын зерттеу жұмыстарын алғашқылардың бірі болып қолға алды. Оның фольклорды зерттеудегі алғашқы қадамдары 1920-1930 жылдары жасалды. Қазақ фольклортану ғылымында Әуезов және фольклор – бұл екеуі егіз ұғым. Әуезовті фольклордан, фольклорды Әуезовтен бөліп қарауға болмайды. Фольклор туралы келелі мәселелер қозғалған жағдайда міндетті түрде ой санамызда фольклордың асқан бірлігі, өзінің ғылыми еңбектері мен көркем шығармалары арқылы оған ешқашан ескірмейтін қолдан келмес ескерткіш орнатып, мәңгілікке сара жол салып беріп кеткен ғұлама ғалым, кемеңгер жазушы М.О.Әуезов еріксіз еске оралады. Әуезов қазақ фольклорының бай мұрасын сақтап қана қоймай, оны жаңаша қырынан танытып, ұлттық әдебиетті жаңа белеске көтерді. Сонымен қатар Мұхтар Әуезов өзінің шығармашылық және ғылыми қызметінде қазақтың ауыз әдебиетін терең зерттеді. Фольклорды зерттеу барысында ол халықтың тұрмысын, салт-дәстүрін, дүниетанымын көркемдік тұрғыдан түсінуге тырысты.

Негізгі бөлім: Әуезовтің фольклорды зерттеу барысындағы басты жетістігі – эпостық жырларды терең талдау және олардың қазақ әдебиетінде алатын орнын айқындау. Қазақ халқының эпосы, батырлық жырлар мен аңыздар оның халықтық мәдениетін, өмір салтын, дүниетанымын, тілін, тарихын танытуда маңызды рөл атқарды. Әуезовтің пікірінше, қазақ фольклоры – халықтың рухани өмірінің айнасы, ал фольклорлық шығармаларда халықтың ішкі жан дүниесі, ерлікке деген құрметі, өшпес дәстүрлері мен салт-санасы жатыр. Мысалы, Әуезовтің «Манас» эпосын зерттеуі оның ғылыми жұмыстарының ерекше бір шыңы болып табылады. Ол бұл еңбекте эпостың құрылымы, образдары мен сюжет желісін талдап, оның тарихи-мәдени маңызын анықтады. Сонымен қатар, Мұхтар Әуезов эпостар, ертегілер, аңыздар мен айтыстар секілді ауыз әдебиеті жанрларын жүйелеп, қазақ халқының ұлттық мұрасын сақтап қалуға зор үлес қосты.

Мұхтар Әуезов және қазақ эпосы: Әуезов қазақ эпосын тек ғылыми тұрғыдан зерттеп қана қоймай, оны өзінің көркем шығармаларында да пайдаланған. Қазақ эпосы, әсіресе батырлар жыры мен халық аңыздары Әуезовтің шығармаларының негізін құрады. Әуезовтің «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Төстік» сияқты батырлық жырларды зерттеп, олардың тарихын, поэтикасын, идеялық мазмұнын ашып көрсетуі қазақ фольклорының әдебиетке әсерін түсінуге мүмкіндік береді.

Мұхтар Әуезовтің еңбегінде батырлар жырының үлгілері тек тарихи шындықтың айнасы ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік, моральдық-

этикалық мәнін де терең зерттеген. Осылайша Әуезов қазақ фольклорын зерттеуде оның тек әдеби құндылығын емес, халықтың дүниетанымындағы маңызын да көрсеткен.

Мұхтар Әуезовтің фольклорды көркем әдебиетке бейімдеуі: Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы қазақ әдебиетінің шыңы ғана емес, фольклорлық элементтерді көркем шығармашылықтың биігіне көтерудің айқын үлгісі. «Абай жолы» романы қазақ әдебиетінің әлемдік деңгейге шығуына себеп болды. Бұл роман арқылы қазақ халқының рухани және мәдени байлығын, оның тарихы мен дәстүрлерін бүкіл әлемге танытты. Романда қазақ тұрмысының барлық қырлары – әдет-ғұрпы, дастарқан әдебі, ауызекі шешендік өнері мен халықтық дүниетаным көрініс тапқан. Ауыз әдебиетінен алынған бейнелі сөздер, мақал-мәтелдер, жырлар романның көркемдік құрылымын байытып, оның шынайылығын арттырды. «Абай жолы» романында қазақтың ауыз әдебиетінің барлық түрлері кездеседі: халықтың өлеңдері, айтыстары, батырлар жыры мен ертегілері, шешендік сөздер мен мақал-мәтелдер. Әуезов бұл фольклорлық элементтерді романның оқиғаларымен ұштастырып, оларды халықтың рухани өмірін суреттеуде қолданады. Мысалы, романдағы Абайдың әкесі Құнанбай мен Бөжей арасындағы дау-дамай шешендік өнер арқылы беріліп, қазақтың билер дәстүрінің көрінісі ретінде суреттеледі.

Мұхтар Әуезовтің фольклорға негізделген драматургиясы: Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы қазақтың халықтық поэзиясымен тығыз байланыста жазылған. Бұл пьесадағы оқиғалар мен кейіпкерлердің мінез-құлқында фольклорлық элементтер анық көрінеді. Әуезов қазақтың халықтық шығармашылығының мұрасын заманауи пьесаларда қолдана отырып, халықтың әдеби мұрасын жаңа формада көркемдеп ұсынды.

Қорытынды: Мұхтар Әуезовтің қазақ фольклоры мен ұлттық әдебиетке қосқан үлесі оның шығармашылығы мен ғылыми-зерттеу еңбектерінде айқын көрінеді. Ол халық ауыз әдебиетінің асыл мұраларын жинақтап, олардың көркемдік құндылығын танытып қана қоймай, қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге шығаруға жол ашты. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы қазақ халқының тарихи өмірін, ұлттық болмысын әлемге танытатын тендесі жоқ туынды болып табылады. Әуезовтің фольклорды жүйелі зерттеуі мен оны ғылыми айналымға енгізуі қазақтың рухани мұраларын сақтауға зор ықпал етті. Ол халық шығармашылығын жаңа әдебиетпен үндестіре отырып, ұлттық әдебиетті байыта түсті. Бүгінгі таңда оның еңбектері жас ұрпақ үшін мәдениет пен әдебиеттің шынайы үлгісі ретінде қызмет етеді. Мұхтар Әуезовтің мұрасы қазақ әдебиеті мен фольклорын зерттеу және насихаттау саласында жаңа зерттеулерге шабыт беріп, ұлттық мәдениетімізді дәріптеудің негізін қалады. Сондықтан оның шығармашылығы мен еңбектері әлі де өзектілігін жоғалтпай, болашақта да зерттелетін құнды байлық болып қала береді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Н.Рахманова. Әуезовтану дәрістері. Оқу құралы. Алматы, 2010. «Кітап» баспасы. 68б.
2. Ә.Молдаханов. Әуезов және фольклор. Монография. Ақтөбе, 2005. 40б.
3. Тоқпанов Ғ. Әдебиет және сын мәселелері. Қызылорда, 1929.

4. Бердібаев Р. Қазақ эпосы /жанрлық және студиялық мәселелер/. Алматы, 1982. 676.

БАЛАНЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА ОТБАСЫНЫҢ ӘСЕРІ

Студент Зебер Д., 3 курс, Тараз инновациялық көпсалалы колледжі
Ғылыми жетекшісі: Рахаева Э.Т., директордың оқу –өндірістік ісі жөніндегі
орынбасары

Ғылыми жұмыстың жалпы сипаттамасы. Таңдаған тақырыбымыз «Баланың тұлғалық дамуына отбасының әсері» деп аталады. Бұл тақырыпты таңдаудың себебі, отбасылық тәрбиенің бала психологиясына әсері қазіргі қоғамда маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бала тұлғасының қалыптасуына ата-ананың тәрбие әдістері мен отбасының әлеуметтік жағдайы айтарлықтай ықпал етеді, ал бұл зерттеу баланың психологиялық дамуының дұрыс жолға қойылуына үлес қосады деп есептеймін.

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Қазіргі қоғамда кейбір отбасыларда дұрыс тәрбие берілмеуінің салдарынан балаларда сенімсіздік, агрессия немесе тәуелділік сияқты мәселелер туындауда. Отбасындағы тәрбиенің баланың тұлғалық дамуына оң немесе теріс әсер етуі мүмкін. Ата – ананың балаға деген қарым – қатынасы баланың мінез-құлқы мен болашақтағы өзіндік орнын табуына кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлін, тиімді тәсілдерін зерттеу өзекті болып табылады.

Ғылыми жұмыстың мақсат-міндеттері: Баланың тұлғалық дамуына отбасының тигізетін ықпалын зерттеп, отбасындағы тәрбиелік стильдердің бала психологиясына әсерін талдау және баланың үйлесімді дамуына ықпал ететін тәрбиелік модельдерді анықтау. Осы мақсатты орындау барысында төмендегідей міндеттерді шешу алға қойылды:

1. Отбасының бала дамуына әсерін ғылыми тұрғыдан қарастыру;
2. Тәрбиелік стильдердің ерекшеліктері мен олардың балаға ықпалын анықтау;
3. Баланың эмоционалдық және әлеуметтік дамуына әсер ететін негізгі факторларды зерттеу.

Тақырыптың зерттелу деңгейі: «Отбасылық тәрбие және баланың психологиялық дамуы» тақырыбы соңғы бірнеше жылда көптеген ғылыми зерттеулер мен мақалаларға негіз болған. Бұл мәселеге байланысты әлемдік және отандық ғалымдар бірнеше теориялар мен әдістер ұсынды. Л.С. Выготскийдің «Әлеуметтік өзара әрекеттестік теориясы» мен Ж.Пиаже мен Э.Эриксонның жас ерекшеліктері теориялары бала дамуына отбасының әсерін түсінуге үлкен ықпал етті. Қазақ ғалымдары арасында да бұл тақырып зерттеліп, Тәжібаев Т. мен Қожахметова К. сияқты авторлар бала тәрбиесінің психологиялық аспектілеріне терең көңіл бөлген. Атап айтқанда, Тәжібаев Т. өз еңбектерінде отбасы мен мектептің бала тәрбиесіне әсерін айқындаса, Қожахметова К. баланың психологиялық дамуы мен тәрбиесінің отбасылық ықпалына ерекше назар аударды. Осылайша, аталмыш тақырыпқа көптеген

ғылыми зерттеулер жүргізілгенімен, оның әртүрлі аспектілерін зерттеу әлі де өзекті болып отыр.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Выготский Л.С. – «Психология развития ребенка». Бұл жұмыс баланың дамуына әлеуметтік ортаның әсерін зерттейді. Л.С. Выготскийдің теориясы бойынша, бала психологиясы тек биологиялық емес, сонымен қатар әлеуметтік факторларға да байланысты қалыптасып, дәлелденді.

Сейткулова Н. – «Педагогикалық психология». Бұл еңбекте педагогика мен психология саласындағы теориялар мен зерттеулер біріктіріліп, баланың отбасында және мектепте психологиялық дамуы туралы талқылаған.

Бұл зерттеулер мен еңбектер отбасылық тәрбие мен баланың психологиялық дамуын әртүрлі қырынан қарастырып, бұл саладағы ғылыми білімді кеңейтуге зор үлес қосқан. Әрбір автор өз жұмысы арқылы баланың психологиялық дамуының өзекті мәселелерін зерттеп, отбасының тәрбие беру әдістерінің балаға әсерін терең талдаған.

Ғылыми жұмыстың құрылымы. Ғылыми жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, зерттеу нәтижелері мен әдебиеттер тізімінен тұрады.

Зерттеу нәтижелері:

Жоба барысында ата-аналардың тәрбиелік стильдері мен олардың бала дамуына әсері талданды. Нәтижесінде:

- Демократиялық тәрбиеде өскен балалардың өзін-өзі бағалауы жоғары, қарым-қатынаста белсенді келетіні анықталды;
- Авторитарлық стильмен тәрбиеленген балалардың көпшілігі өз ойын ашық жеткізуде қиындықтарға тап болатыны байқалды;
- Эмоционалды қолдау көрсетілмейтін отбасыларда өскен балаларда сенімсіздік пен күйзеліске бейімділік жоғары екені анықталды.

Қорытынды

Баланың тұлғалық дамуы – күрделі әрі көпқырлы процесс, оның қалыптасуына биологиялық факторлармен қатар, әлеуметтік орта, ең алдымен, отбасы әсер етеді. Отбасы – баланың алғашқы әлеуметтік институты, онда ол қарым-қатынас орнатуды, өз эмоциясын басқаруды, жауапкершілік алуды және қоршаған ортаға бейімделуді үйренеді. Осы ғылыми жұмысты зерттеу барысында баланың тұлғалық дамуына отбасы тәрбиесінің маңыздылығы жан-жақты қарастырылды.

ИННОВАЦИОННЫЙ ПОТЕНЦИАЛ МОЛОДЕЖИ: ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ

Исатай А., Шамоқ Д.

Научный руководитель: Канибекова А.М., преподаватель математики и информатики

Актуальность темы. Современный мир требует от молодежи не только адаптации к быстрым изменениям, но и способности к инновационной деятельности. В этом процессе важную роль играют педагогические и

психологические основы, которые формируют креативность, критическое мышление и умение работать в команде. Исследование инновационного потенциала молодежи является актуальной задачей, так как развитие данной сферы способствует формированию конкурентоспособных специалистов будущего.

Цель работы: анализ педагогических и психологических факторов, влияющих на развитие инновационного потенциала молодежи, а также определение эффективных методов его формирования.

Задачи исследования:

- Определить понятие «инновационный потенциал молодежи» и его составляющие.
- Изучить влияние педагогических методик на развитие креативного мышления у молодежи.
- Рассмотреть психологические аспекты, влияющие на инновационную активность молодежи.
- Выявить эффективные подходы к развитию инновационного потенциала через образование и самореализацию.

Результаты исследования: инновационный потенциал молодежи определяется рядом факторов, включая личностные качества, уровень образования и социальную среду. Современные педагогические технологии, такие как проектное обучение и STEM-подход, способствуют развитию творческого мышления. Психологические аспекты, включая мотивацию, уверенность в своих силах и поддерживающую среду, играют ключевую роль в формировании инновационного поведения. Создание благоприятных условий в образовательных учреждениях способствует раскрытию инновационного потенциала молодежи и повышению их активности в научной и предпринимательской сфере. Развитие инновационного потенциала молодежи является важной задачей современной образовательной системы.

Список использованных источников

1. Асаубаева, А. Б. «Психология инновационной деятельности молодежи» – Алматы, 2020.
2. Братко, А.Н. «Креативность и инновации в образовании» – М.: Просвещение, 2021.
3. Гришина, Н.В. «Формирование инновационного мышления у молодежи» – СПб.: Питер, 2019.
4. Иванов, С.А. «Методы развития инновационного потенциала» – М.: Альпина Паблишер, 2022.
5. <https://science-innovation.ru/articles/innovacii-v-obrazovanii/>

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕРІНІҢ СТУДЕНТ ПСИХОЛОГИЯСЫНА ӘСЕРІ

Студент Кабулова Н., 3 курс, Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы
Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжі
Ғылыми жетекші: Жаймаганбетова Г.Е., психология пәнінің оқытушысы

Мақсаты: Заманауи оқыту тәсілдерінің студенттердің психологиялық жағдайына ықпалын анықтау.

Міндеттері: Қазіргі білім беру әдістерінің ерекшеліктерін қарастыру. Балабақшада қолданылатын инновациялық әдістерді талдау. Заманауи оқыту тәсілдерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау.

“Білімдіден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез.” – деп ұлы Абай айтқандай, нағыз білім әр адамның жүрегіне ұялауы керек. Ал ол үшін білім беру жүйесі заман ағымына сай болуы тиіс. Қазіргі кезде дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар жаңа технологиялар да енгізілуде. Әрине, бұл жаңашылдық студенттерге де, оқытушыларға да әсер етеді.

Көптеген студенттер сабақтың қызықты, интерактивті өткенін қалайды. Ал кейбіреулері бұрынғыдай қағаз кітаптармен, мұғалімнің тікелей түсіндіруімен оқуды жөн көреді. Бірақ барлығын ортақ бір нәрсе байланыстырады – олар сапалы білім алғысы келеді. Менің зерттеуім осы заманауи білім беру әдістерінің студенттер психологиясына қалай әсер ететінін қарастырады.

Кіріспе:

1. Заманауи білім беру әдістері және оның студенттерге әсері

Білім беру – бұл тек ақпарат беру емес, сонымен қатар тұлғаны қалыптастыру үдерісі. Қазіргі таңда төмендегідей оқыту әдістері кең таралған:

Геймификация – оқытуды ойынға айналдыру. Бұл әдіс студенттер үшін қызықты, олар сабақты ойын арқылы оңай қабылдайды.

Жобалық оқыту – студенттер өздері зерттеу жүргізіп, шығармашылық ізденіс жасайды. Бұл әдіс оларға жауапкершілік пен дербестікті үйретеді. **Қашықтан оқыту** – технологияның арқасында білім алу мүмкіндігі кеңейді, бірақ бұл оқыту түрі студенттердің әлеуметтік қарымқатынастарын әлсіретуі мүмкін.

Интерактивті оқыту – топтық жұмыс, дебаттар, рөлдік ойындар арқылы студенттердің логикалық ойлау қабілеті дамиды.

Осы әдістер студенттердің оқу процесіне қызығушылығын арттырады. Бірақ кейде тым көп технологиялар мен цифрлық құралдар жастардың шынайы өмірмен байланысын әлсіретіп, психологиялық күйзеліске әкелуі мүмкін.

Бауыржан Момышұлының *“Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды”* дегеніндей, оқыту әдістері қанша жерден өзгерсе де, басты нәрсе – білім алушының өз бетінше ізденуі мен тәртібі

2. Практикалық бөлім: Балабақшада қолданылған заманауи әдістер

Мен педагогикалық практикадан өткен Хиуаз балабақшасында балалармен жұмыс істеген кезде, олардың танымдық және психологиялық дамуына оң әсер ететін заманауи білім беру әдістерін қолдандым.

Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты **ойын арқылы оқыту**.

Монтессори әдісі, STEAM және интерактивті әдістер өте тиімді болды.

Осы әдістерді қолдана отырып, мен балалардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігі артқанын, олардың өз бетінше шешім қабылдау дағдылары қалыптасқанын байқадым. Әр әдістің ерекшелігін, оны қалай қолданғанымды және қандай нәтиже бергенін төменде көрсетемін.

2.1 Монтессори әдісі

Монтессори әдісі – италиялық педагог **Мария Монтессори** ұсынған, баланың өз бетінше дамуына негізделген оқыту тәсілі. Бұл әдіс бойынша тәрбиеші бағыттаушы рөл атқарады, ал балалар өздерінің қызығушылығына қарай әрекет етеді.

Монтессори әдісінің ерекшеліктері:

- ✓ Балалар өздері шешім қабылдайды, тәрбиеші тек бағыт береді.
- ✓ Қателіктерін өздері тауып, түзетеді.
- ✓ Дәстүрлі ойыншықтардан гөрі, арнайы дамытушы материалдар қолданылады.
- ✓ Балалар күнделікті өмір дағдыларын үйренеді.

Практикадан алынған мысал:

- ✓ “Өзіңе қызмет ет” әдісі
Балаларға өздері киініп, аяқ киімдерін байлап, үстелге ыдыс қоюды үйреттім.

- ✓ “Қателіктерден сабақ алу” әдісі

1. Балаларға арнайы тапсырмалар берілді, мысалы, пішіндерді сәйкес ұяшықтарға орналастыру.
2. Егер бала қателік жіберсе, оны бірден түзетпей, өз бетімен қайтадан ойлануына мүмкіндік берілді.
3. Нәтиже: балалардың логикалық ойлауы дамыды, қателіктерден сабақ алуға дағдыланды.

2.2 STEAM-оқыту әдісі

STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics) – бұл ғылым, технология, инженерия, өнер және математиканы біріктіретін инновациялық оқыту әдісі. Бұл тәсіл балалардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға, ойлау қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі.

STEAM әдісінің ерекшеліктері:

- ✓ Балалар ғылым мен техниканы тәжірибе арқылы үйренеді.
- ✓ Логикалық ойлау, шығармашылық қабілет дамиды.
- ✓ Эксперименттер мен тәжірибелер жасауға мүмкіндік береді.

Практикадан алынған мысал:

- ✓ “Магнит күші” тәжірибесі

1. Балаларға магнит пен әртүрлі заттар берілді.
2. Олар магниттің қандай заттарды тартатынын, қайсысын тартпайтынын өздері анықтады.

Нәтиже: балалардың танымдық қызығушылығы дамыды, олар физикалық заңдылықтарды түсіне бастады.

2.3 Интерактивті оқыту әдісі

Интерактивті оқыту әдісі- балаларды оқу процесіне белсенді қатыстыру арқылы олардың қызығушылығын арттыру тәсілі. Бұл әдіс диалог, ойын, топтық жұмыс, рөлдік тапсырмалар арқылы жүзеге асады.

Интерактивті оқыту әдісінің ерекшеліктері:

- ✓ Балалар сабаққа белсенді қатысады, тек тыңдап қана отырмайды.
- ✓ Ойындар мен практикалық тапсырмалар арқылы ақпаратты жақсы меңгереді.
- ✓ Қарым-қатынас жасау және бірлесіп жұмыс істеу дағдылары дамиды.

Практикадан алынған мысал:

✓ **“Түстер әлемі” ойыны**

1. Интерактивті тақтадан әртүрлі түстерді көрсете отырып, балалардан олардың атауын сұрадым.
2. Кейін балаларға сол түстерге сәйкес заттарды тауып, көрсету тапсырмасы берілді.

Нәтиже: балалар түстерді ажыратуды үйренді, визуалды есте сақтау қабілеті дамыды.

Қорытынды

Менің педагогикалық практикама барысында заманауи әдістерді қолдану балалардың танымдық және психологиялық дамуына үлкен әсер етті.

- ✓ Балаларға оқу процесі қызықты болды.
- ✓ Логикалық және шығармашылық ойлау қабілеттері артты.
- ✓ Эмоционалдық интеллект дамып, өзара қарым-қатынас жақсарды.

Заманауи әдістерді дұрыс қолдану – баланың жан-жақты дамуына жол ашады. Сондықтан болашақта да мұндай әдістерді тиімді пайдалану маңызды деп есептеймін.

Адамның білімі өзіне таяныш.

Өнері оны асқар шыңға шығарады.” – деп Шәкәрім Құдайбердіұлы айтқандай, бізге қандай әдіс болмасын, ең бастысы – сапалы білім мен саналы ой қажет.

“Балаға берілген тәрбие – болашаққа салынған инвестиция.” Қорыта айтқанда, білім беру әдістерін таңдағанда студенттердің психологиялық жай-күйін ескеру керек. Өйткені білім беру – тек ақпарат беру емес, ол – тұлға қалыптастыру үдерісі.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Абай Құнанбаев. «Қара сөздер». – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
2. Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Үш анық». – Алматы: Атамұра, 2018.
3. Бауыржан Момышұлы. «Ұшқан ұя». – Алматы: Жазушы, 2017.
4. Жұмабаева Ә.Н. «Монтессори әдісінің ерекшеліктері». – Алматы: Білім, 2020.
5. Сатыбалдиев Ә. «Оқыту психологиясы». – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019.

ВЛИЯНИЕ МОЛОДЕЖНЫХ МУЗЫКАЛЬНЫХ СУБКУЛЬТУР НА ПСИХОЛОГИЮ И МИРОВОСПРИЯТИЕ ПОДРОСТКОВ

Каппазова А., Катасонова А., студентки 2 курс, ЧУ «Колледж
предпринимательства КИНЭУ»

Научный руководитель: Солонская Б.В., преподаватель спецдисциплин

Актуальность темы. В современном обществе молодежные музыкальные субкультуры оказывают значительное влияние на формирование личности подростков. Казахстан, являясь страной с богатыми культурными традициями, в то же время подвержен глобальным тенденциям, в том числе влиянию субкультур, таких как рэп, панк, эмо и готика. В условиях цифровизации и доступности информации через социальные сети данные субкультуры приобретают все большую популярность среди молодежи, что делает актуальным исследование их воздействия на психологическое развитие подростков.

3. ҚР Білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана, 2011
4. Т.Тәжібаев. К.Д.Ушинскийдің психологиялық жүйесі. Халық мұғалімі. 1946, № 1-2
5. Қатаев Н.С. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру барысында мультимедиялық технологияларды пайдалану біліктілігін қалыптастыру. ПФКД. Алматы, 2010. 144 б. 32 бет

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН БЕЙІМДЕУДЕГІ ЧАТ-БОТТАРДЫҢ ОРНЫ
Студенттер Қайырлықызы Г., Қайырлықызы Н., 4 курс, Абай атындағы Шығыс
Қазақстан гуманитарлық колледжі
Ғылыми жетекшісі: Сләмғалиева Н.А., информатика және арнайы пәндер
оқытушысы

Өзектілігі: Қазіргі заманғы білім беру технологияларының дамуы оқыту процесін жекелендіруге және тиімді етуге бағытталған. Цифрлық технологиялардың ішінде чат-боттар ерекше орын алады, себебі олар оқу материалдарын автоматтандыруға, студенттерге жедел жауап беруге және оқу бағдарламаларын бейімдеуге мүмкіндік береді. Білім берудегі чат-боттарды қолдану оқытушылар мен оқушылардың уақытын үнемдейді, білім беру мазмұнын әрбір оқушының қажеттілігіне қарай бейімдеуге ықпал етеді. Осы себепті, білім беру жүйесінде чат-боттардың рөлі мен мүмкіндіктерін зерттеу өзекті мәселе болып табылады.

Мәселе: Көптеген білім беру жүйелерінде оқушылардың жеке ерекшеліктері мен оқу қарқыны толық ескерілмейді. Мұғалімдердің жүктемесінің көптігі оқушыларға жекелендірілген оқыту ұйымдастыруға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, оқу материалдарын меңгеру деңгейі әр оқушыда әртүрлі болғандықтан, бірдей әдістер барлық оқушылар үшін бірдей тиімді бола бермейді. Осы мәселелерді шешуде чат-боттар оқыту процесін жекелендіруге және білім мазмұнын бейімдеуге көмектесе алады.

Жұмыс мақсаты: Білім беру мазмұнын бейімдеуде чат-боттарды қолданудың тиімділігін зерттеу және оларды оқыту процесіне енгізудің оңтайлы әдістерін ұсыну.

Міндеттері:

- Білім беру жүйесінде қолданылатын чат-боттардың түрлерін талдау.
- Чат-боттардың білім мазмұнын бейімдеу мүмкіндіктерін зерттеу.
- Чат-боттарды қолдану арқылы оқыту сапасын арттыру әдістерін анықтау.
- Чат-боттарды білім беру процесіне енгізудің практикалық ұсыныстарын жасау.

Чат-боттардың білім беру жүйесіндегі рөлі

Чат-боттар – жасанды интеллект пен машиналық оқыту технологияларына негізделген бағдарламалар. Олар пайдаланушылардың сұраныстарына сәйкес ақпарат беріп, сұрақтарға жауап беріп, оқу

материалдарын ұсына алады. Білім беру саласында чат-боттардың келесі артықшылықтарын атап өтуге болады:

- ✓ **Жекелендірілген оқыту** – Чат-боттар әр оқушының білім деңгейіне сәйкес оқу материалдарын бейімдей алады.
- ✓ **Жылдам кері байланыс** – Оқушылар кез келген уақытта сұрақ қойып, жедел жауап ала алады.
- ✓ **Мұғалімдердің жүктемесін азайту** – Рутиналық сұрақтарға жауап беру, үй тапсырмасын тексеру сияқты жұмыстарды автоматтандыру арқылы мұғалімдердің жұмысын жеңілдетеді.
- ✓ **Оқушылардың мотивациясын арттыру** – Интерактивті және ойын элементтері арқылы оқыту қызықты әрі тартымды болады.

Чат-боттарды білім беру процесіне енгізу тәжірибесі

Дүниежүзінде көптеген білім беру ұйымдары чат-боттарды қолдана бастады. Мысалы, кейбір университеттер мен онлайн оқыту платформалары чат-боттарды оқушылардың сұрақтарына жауап беру, оқу жоспарын құру және тестілеу мақсатында пайдаланады.

Практика жүзіне мысал ретінде өзіміз әзірлеген чат боттарды төменде көрстеміз:

Абай атындағы ШҚГК абитуриенттеріне кәсіби бағдар беру мақсатында әзірлеген «Zerek» чат бот.

Ол Telegram қолданушыларының барлығына қолжетімді: @shkgk_oskemen

Маңыздылығы:

- ✓ **Абитуриенттерге көмек** – колледжге түсу туралы толық ақпарат беріп, үміткерлердің сұрақтарына тез жауап береді.
- ✓ **Қолжетімділік** – тәулік бойы жұмыс істеп, кез келген уақытта ақпарат алуға мүмкіндік береді.
- ✓ **Процесті жеңілдету** – құжат тапсыру, мамандық таңдау және оқу ақысы туралы ақпаратты бір жерден алуға болады.

Мүмкіндіктері:

- ✓ **Қабылдау шарттары** – қажетті құжаттар мен емтихандар туралы ақпарат.
- ✓ **Мамандықтар туралы мәлімет** – әрбір мамандықтың сипаттамасы, оқу ұзақтығы.
- ✓ **Қаржылық мәселелер** – оқу ақысы, гранттар, стипендиялар туралы кеңес беру.
- ✓ **Құжаттарды қабылдау жүйесімен интеграция** – құжаттарды онлайн тапсыру мүмкіндігі.
- ✓ **Қарым-қатынас** – тікелей колледж өкілдерімен байланысуға арналған функциялар.

Жасанды интеллект технологиясына негізделген виртуалды бот: SmartAssist_Nur

Бұл чат-бот – оқушыларға сабақ орындауда көмектесетін виртуалды көмекші. Ол мектеп оқушыларының сленгін пайдаланып, қарапайым әрі түсінікті тілде түсіндіреді. Бот үй тапсырмасын орындауға бағыт-бағдар беріп,

қиын тақырыптарды сатылай түсіндіреді. Сондай-ақ, әңгімелесу барысында эмодзилер қолданып, оқушыларға достық қарым-қатынаспен жауап береді.

Telegram қолданушыларының барлығына қолжетімді. @SmartAssist_Nur *Абай атындағы ШҚГК "Информатика мұғалімі" мамандығының студенттеріне арналған көмекші бот.*

Telegram қолданушыларының барлығына қолжетімді. @Shkgk_Im_Bot

Боттың мүмкіндіктері:

- ✓ Күнделікті сабақ кестесі. Студенттер сабақ кестесін оңай қарап, маңызды өзгерістер туралы хабарлама ала алады.
- ✓ Педагогтердің білімін бағалау" (ПББ) тестіне дайындық каналы.

Маңыздылығы:

- ✓ **Жүйелі дайындық** – Тест сұрақтарына алдын-ала дайындалуға көмектеседі, нәтижесінде мұғалімдер жақсы нәтижеге қол жеткізе алады.
- ✓ **Уақытты үнемдеу** – Барлық қажетті материалдар бір жерде жиналғандықтан, іздеуге уақыт кетірмей, бірден оқуға кірісуге болады.
- ✓ **Өзін-өзі бағалау** – Тестілеу арқылы өз деңгейін анықтап, қай тақырыптарды қосымша оқу керектігін түсінуге мүмкіндік береді.
- ✓ **Қолжетімділік** – Кез келген уақытта, кез келген жерде дайындалуға мүмкіндік береді.

Психологиялық көмек және кибербуллинг мәселелері бойынша көмек көрсететін "Сенімен" боты

Мақсаты:

- ✓ Кибербуллингке ұшыраған адамдарға жедел көмек көрсету
- ✓ Оларға психологиялық қолдау мен дұрыс әрекет ету жолдарын ұсыну
- ✓ Қауіпсіздік шаралары туралы ақпарат беру
- ✓ Құқықтық кеңес пен қорғану жолдарын көрсету
- ✓ Қолдау тобы мен мамандарға бағыттау

Telegram қолданушыларының барлығына қолжетімді: @SenimenBot

Зерттеу нәтижелері:

- Білім беру саласында қолданылатын заманауи чат-боттар әзірленді, мүмкіндіктері қарастырылды.
- Чат-боттарды білім беру процесіне енгізудің тиімді тәсілдері ұсынылды.
- Чат-боттардың білім мазмұнын бейімдеу мүмкіндіктері зерттелді.

Қорытындылай келе чат-боттар білім беру мазмұнын бейімдеуде маңызды рөл атқарады. Олар оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес жекелендірілген білім беру ортасын қалыптастырып, оқыту тиімділігін арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, оқытушылардың уақытын үнемдеуге, оқушылармен үздіксіз байланыс орнатуға және оқу процесін икемді етуге ықпал етеді. Болашақта білім беру жүйесінде чат-боттарды кеңінен қолдану олардың мүмкіндіктерін арттырып, оқыту сапасын жаңа деңгейге көтере алады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. <https://robochat.io/docs/kak-sozdat-chat-bota/>
2. <https://docs.radist.online/radist.online-docs/nashi-produkty/radist-web/podklyucheniya/telegram-bot/instrukciya-po-sozdaniyu-i-nastroiki-bota-v-botfather>

3. <https://chatbot.kz/index.php/use/chatbots-education>
<https://malim.kz/article/society/bullingke-usyragan-balalarga-qandai-komek-beremiz-19461>

Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ «АБАЙ - ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ» АТТЫ ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕГІНДЕГІ ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ БЕЙНЕЛІ ТІРКЕСТЕР
Студент Қайырова Г., 4 курс, «Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі» МКҚК
Ғылыми жетекшісі: Балгазиева Л.Т., қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы

Құдайберген Жұбановтың “Абай – қазақ әдебиетінің классигі” атты зерттеу еңбегіндегі жалпыхалықтық бейнелі тіркестер тақырыбы қазақ әдеби тілінің қалыптасуындағы халықтық тіл байлығының маңыздылығын айқындаумен өзекті. Абай шығармаларындағы бейнелі тіркестерді талдау арқылы Жұбанов халықтық тіл мен көркем әдебиеттің өзара байланысын көрсетеді.

Тақырыптың өзектілігі: ХХ ғасырдың 20 — 30 жылдарында қазақ тіл білімінің ғылыми негізін қалаған, тіл білімінің тұңғыш профессоры Құдайберген Қуанұлы Жұбанов ерекше қызмет атқарды. Профессор Құдайберген Жұбановтың зерттеулерінде қазақтың жалпы халықтық тілінің әдеби үлгісі мен оның белгілі бір жүйеге түсуі тым ерте замандардан басталғандығы айтылады.

Профессор Қ.Қ.Жұбановтың пікірінше, бұл үлгі – қазақ ауыз әдебиетінің үлгісі. Себебі, жазба әдеби секілді пайда болу сәтінде қағаз бетіне түспегенімен, халық ауыз әдебиетінің дәстүрі де өзінің тұрақталған нормаларын мейлінше сақтап, қоғамдық сана ретінде қоғам мүшелерімен бірге жасасып келеді. Соның бірі өзінің дәстүрін, тілдік нормаларын сақтап қана қоймай, Абай тілі сөз өнерінің айрықша бір саласы ретінде кейінгі жазба әдебиеттің, тіпті, бүкіл әдеби тіліміздің қалыптасуына қажетті мол азық болғаны мәлім деп тұжырымдайды.

Профессор Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінің маңыздылығы және қазіргі заманмен үндестігі арқылы Абайдың қазақ халқының тарихынды, қазақ әдеби тіліндегі алатын орнының ерекшелігін айта келіп, қазіргі жазба әдеби тілімізді қалыптастырудағы ролі өте жоғары деңгейде екенін аса бір білімдарлықпен жазып қалдырған. Ғалым Абай шығармаларындағы ауыз әдебиетінің әр алуан нұсқаларына талмай көз тігіп, оларды халықтың сөз өнерінің ең шынайы үлгілері деп бағалайды. Профессор Қ.Жұбанов аталмыш еңбегінде тіл білімінің белгілі бір мәселелерін талдау үстінде Абай шығармаларынан алынған лингвистикалық деректер де мол қамтылады, сондай-ақ лексикографиялық еңбектер мен оқулықтарда да фольклор үзінділері басқа тілдік материалдармен тең дәрежеде ұсынылады. Профессор Қ.Жұбанов маңыздылығы және қазіргі заманмен үндестігін хакім Абайдың шығармалары мен оның мұрасының негізгі көздері көне шығыстың әдеби мұрасы мен оған тіл ұстартқаны ерекше болғанын атап көрсетеді.

Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінің маңыздылығы және қазіргі заманмен үндестігі – халық әдебиетінің тарихи шындыққа көзделе тұрса да, сол тарихи болмысқа халықтың танымдық қатынасын білдіреді, сонымен бірге Абай шығармаларының тілі бәлгілі бір тарихи дәуірдің ғана тілі емес, сонымен бірге қоғамдағы шындықтарға негізделеді деп есептейміз.

Қ. Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінің маңыздылығы және қазіргі заманмен үндестігі – Абай тілінің ерекшелігін, стилін, көркемдеу құралдарын әрі лингвистикалық, әрі танымдық мақсаттан зерттегенін айқын көреміз.

Зерттеудің мақсаты: Абайдың шығармаларындағы жалпыхалықтық бейнелі тіркестерді анықтау және талдау.

Абай поэзиясының қазақ әдеби тілінің дамуына қосқан үлесін айқындау.

Бейнелі тіркестердің көркемдік және стильдік қызметін көрсету.

Зерттеудің міндеттері: Абай шығармаларындағы халықтық тұрақты тіркестер мен бейнелі сөздерді жинақтау.

Олардың мағыналық, құрылымдық ерекшеліктерін талдау.

Абай тіліндегі фольклорлық және жалпыхалықтық элементтердің орнын анықтау.

Қазақ әдеби тілінің дамуындағы Абайдың жаңашылдығын негіздеу.

Нәтижесі: Абай шығармаларында қазақ халқының тұрмысынан, әдет-ғұрпынан, дүниетанымынан туындаған бейнелі тіркестердің кеңінен қолданылғаны дәлелденді.

Абай жалпыхалықтық қолданыстарды тереңдетіп, оларды поэтикалық деңгейге көтергені көрсетілді.

Қазақ әдеби тілінің қалыптасуында халықтық тіл мен тұрақты сөз тіркестерінің маңызы зор екені айқындалды.

Жұбанов зерттеуі арқылы Абай тілінің ұлттық сипатымен қатар, оның жеке ақындық шеберлігі де ерекшеленетіні анықталды.

Бұл зерттеу қазақ әдеби тілінің даму тарихында Абайдың рөлін тереңірек түсінуге және оның шығармаларындағы жалпыхалықтық бейнелі тіркестерді жүйелі түрде зерттеуге негіз болады.

Қ. Жұбановтың әдебиеттану ғылымына қосқан құнды ғылыми мұрасы - «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген еңбегі. Бұл еңбекті профессор Қ. Жұбанов ұлы ақынымыз Абай Құнанбаевтың қайтыс болуына 30 жыл толуына байланысты 1934 жылы жариялады. Бұл еңбекте ғалым өткен ғасыр ақындарының шығармаларынан Абай туындыларының шоқтығы биік тұрғанын эстетикалық таным тұрғысынан бағалайды. Ұлы ақын өлеңдерінің мазмұны мен құрылысын, көркемдік ерекшелігін талдап түсіндіріп береді. Аяқталмай қалған әдеби – публицистикалық еңбегінде Абайдың қазақ әдеби тілін дамытудағы, әлеуметтік ой- санадағы орнын, ақындық шеберлігін, композиторлығы мен өлең құрылысына енгізген жаңалығын тұңғыш көрсетіп, әділ бағалады. Сонымен қатар, Абай өлеңдерінің сұлулығы мен мазмұндылығын таныту үшін Абайдың өлең- сөзге қатысты талғамын түсіндіреді. Ғалымның бұл еңбегі тек

жарық көрген кезінде ғана емес, күні үгінге дейін әрі теориялық, әрі практикалық мәнін жоймай келе жатқан құнды дүниетаным.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Қ. Жұбанов “Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер”. Алматы - 2010

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДА КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Студент Қалибекова А., 4 курс, Абай атындағы Шығыс Қазақстан
гуманитарлық колледжінің

Ғылыми жетекші: Вакасова А.С., психология және арнайы пәндер оқытушысы,
педагогика және психология магистрі

Өзектілігі: Білім беру жүйесінде үздіксіз жаңғыру мен жаңартулардың жүзеге асырылуы қазіргі заман талабымен тығыз байланысты. Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық дамуы, ғылым мен техниканың прогресі, білім беру саласындағы жаңа реформалар әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауды талап етеді. Бұл талаптардың аясында білім берудің кәсіби құзіреттілікке негізделген жүйесі маңызды роль атқарады. Әсіресе, колледждерде білім алушылардың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру мәселесі болашақ мамандардың сапалы білім мен дағдыларды меңгеруіне әсер ететін басты фактор болып отыр. Жас маманның білімді әрі бәсекеге қабілетті болуы үшін тек теориялық білім жеткіліксіз. Сондықтан да қазіргі білім беру жүйесі жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге, кәсіби құзіреттіліктерді қалыптастыруға бағытталуы керек. Кәсіби құзіреттілік – бұл өз ісінің шебері болуға бағытталған білім, дағды мен жеке қасиеттердің жиынтығы, ол болашақ мамандардың еңбек нарығында табысты болуына ықпал етеді.

Мәселе: Қазақстанда кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру мәселесі қазіргі уақытта өзекті болып отыр. Колледждерде білім беру үдерісінің маңызды бір бағыты – болашақ мамандардың біліктілігін арттыру және оларды еңбек нарығының талаптарына сай дайындау болып табылады. Бірақ көптеген оқу орындарында кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру үдерісі жеткілікті деңгейде жүзеге аспайтын жағдайлар кездеседі. Оқу орындарының бірқатарында теория мен практиканың арасындағы байланыс әлсіз, ал кейбір жағдайда білім беру үдерісі дәстүрлі әдістермен шектеліп қалады. Бұл мәселелер болашақ мамандардың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыруға теріс әсерін тигізеді.

Жұмыс мақсаты: Зерттеу жұмысының мақсаты – болашақ мамандарды кәсіби құзіреттілікке даярлау үдерісін тиімді ұйымдастырудың жолдарын анықтау және кәсіби құзіреттілікті қалыптастыруда қолданылатын әдістемелер мен технологиялардың тиімділігін зерттеу болып табылады. Оқу орындарында кәсіби құзіреттілікті қалыптастырудың жүйелі моделін ұсыну және оны жүзеге асырудың тәжірибелік аспектілерін қарастыру.

Міндеттері: 1) Кәсіби құзіреттіліктің теориялық негіздерін зерттеу және оны қалыптастырудағы негізгі талаптарды анықтау; 2) Колледждерде кәсіби

күзiреттiлiктi қалыптастырудағы қолданыстағы әдiстер мен технологияларды талдау; 3) Болашақ мамандарды кәсiби күзiреттiлiкке даярлауда оқу орындарында қолданылатын инновациялық құралдар мен әдiстердi анықтау; 4) Колледждердегi оқу процесiн жаңарту және кәсiби күзiреттiлiктi арттыру үшiн тиiмдi педагогикалық тәсiлдер мен әдiс-тәсiлдердi зерттеу; 5) Кәсiби күзiреттiлiкке негiзделген оқу бағдарламаларын жасау және олардың жұмыс нәтижелерiн бағалау.

Зерттеу әдiстерi: Зерттеу барысында әртүрлi әдiстер қолданылды, оның iшiнде теориялық талдау, педагогикалық эксперименттер, сауалнамалар мен интервьюлер, сондай-ақ бiлiм беру мекемелерiнiң iс-тәжiрибесiн зерттеу сияқты әдiс-тәсiлдер болды. Зерттеу нәтижелерi нақты бiлiм беру мекемелерiнде студенттер мен оқытушылар арасында кәсiби күзiреттiлiктi қалыптастыру әдiстерiнiң қандай деңгейде жүзеге асырылып жатқандығын көрсетуге мүмкiндiк бердi.

Мәтiн: Бiлiм беру жүйесiнiң жаңғыртылуы – бұл тек теориялық бiлiммен шектелмей, мамандардың практикалық дағдылары мен өмiрлiк күзiреттерiн қалыптастыруды да талап етедi. Қазақстандағы бiлiм беру жүйесiнде кәсiби күзiреттiлiктi қалыптастырудың маңызды аспектiсi – бұл қазiргi заманғы технологияларды қолдану. Өйткенi жаңа құралдар мен әдiстер бiлiм алушылардың қызығушылығын арттырып, олардың өздерiнiң кәсiби әрекеттерiн тиiмдi ұйымдастыруға мүмкiндiк бередi. Қазiргi таңда оқу орындарында кәсiби күзiреттiлiктi қалыптастыру мақсатында инновациялық әдiс-тәсiлдер мен жаңа технологиялар кеңiнен қолданылуда. Мысалы, интерактивтi оқыту технологиялары, проблемалық оқыту, жобалау әдiсi және модульдiк оқыту жүйесi бiлiм алушылардың шығармашылық ойлау қабiлеттерiн дамытып, бiлiмдi тәжiрибе жүзiнде қолдануға мүмкiндiк бередi. SMART үстелi, интерактивтi құм жәшiгi, «Ақылды алаң» сияқты құралдар оқыту үдерiсiн жаңартып, балалардың ойлауын, танымдық қабiлеттерiн және әлеуметтiк дағдыларын дамытуға ықпал етедi. Колледждерде кәсiби күзiреттiлiктi қалыптастыруда бiлiм алушылардың өздiгiнен жұмыс iстеу қабiлетiн дамыту маңызды рөл атқарады. Өзiндiк жұмыстар арқылы студенттер дағдыларын шыңдап, практикалық тапсырмаларды орындау арқылы өз бiлiмдерiн тереңдетедi. Бұл үдерiс оқу мен жұмыс арасындағы байланысты нығайтып, студенттердi нақты еңбек жағдайларына дайындайды.

Зерттеу нәтижелерi: Зерттеу барысында анықталғандай, кәсiби күзiреттiлiктi қалыптастырудың тиiмдi жолдары – бұл оқытудың интерактивтi және инновациялық әдiстерiн қолдану, бiлiм алушылардың шығармашылық қабiлеттерiн дамыту және олардың практикалық дағдыларын жетiлдiру. Колледждерде қолданылатын жаңа технологиялар мен әдiс-тәсiлдер бiлiм алушылардың бiлiм деңгейiн арттырып, оларды еңбек нарығына дайын етуде үлкен рөл атқарады. Кәсiби күзiреттiлiктi қалыптастырудың тиiмдi жолдарын анықтауда арнайы пәндердi оқытуда жобалау әдiсiнiң маңызы зор. Жобалау әдiсi бiлiм алушыларға нақты кәсiби мәселелердi шешу дағдыларын қалыптастырады және олардың практикалық тәжiрибесiн арттырады. Сонымен қатар, оқытудың бұл әдiсi студенттердiң сын тұрғысынан ойлау қабiлеттерiн

дамытуға, сондай-ақ оларды өзгермелі жағдайларда тиімді шешімдер қабылдауға үйретеді.

Қорытындылар: Қорыта келгенде, білім беру жүйесінде кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру үдерісінде инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану маңызды рөл атқарады. Бұл әдістер білім алушылардың практикалық дағдыларын дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға және оларды еңбек нарығына бейімдеуге мүмкіндік береді. Болашақ мамандарды кәсіби құзіреттілікке даярлау – бұл білім беру жүйесінің басты міндеті, әрі осы міндетті жүзеге асыру үшін оқу орындары жан-жақты жаңартулар мен инновациялық өзгерістер енгізуді қажет етеді. Қазақстанда кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру жүйесін жетілдіру үшін оқу орындарының оқыту бағдарламалары мен әдіс-тәсілдері нақты еңбек нарығының сұраныстарына сай болуы керек. Бұл үдеріс колледждерде білім алушылардың болашақ маман ретінде сапалы дайындығын қамтамасыз етіп, оларды өз ісінің шебері болуға бағыттайды.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Мұхаметжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008 ж.
2. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар. Алматы, 2006 ж.
3. Б.П.Никитин «Ступеньки творчества или развивающие игры» Москва «Просвещение» 1988 г.
4. Б.Бөрібаев, Е.Балапанов «Жаңа ақпараттық технологиялар». – Алматы, 2001 ж.
5. Сенкибаева А.Т. Мұғалімнің кәсіби құзырлығын дамыту//Білім

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҰСЫНҒАН САУАТ АШУ ӘДІСТЕРІ

Студенттер Қойшыман З., Смагулова А., 3 курс,
«Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі» МКҚК-нің
Ғылыми жетекшісі: Аманова Н.Б., арнаулы пәндер оқытушысы

Өзектілігі: Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ балаларының өз тілінде сауат ашуына арналған «Әліппе» оқулығының авторы, сауат ашу әдістемесінің алғашқы ғылыми негізін салушы. Ахмет Байтұрсынұлының ұсынған сауат әдістері балалардың қиналмай оқу мен жазуға үйретуіне негізделген. Бүгінде балаларды оқу мен жазуға үйретуде сауат ашу әдістерін қайта қарастыру қажет деп санаймыз.

Мәселе: Қазақ тілін оқыту мен сауат ашудағы ұлттық әдістеменің тарихи дамуын талдау, ұлттық педагогика мен білім беру саясатына жаңа серпін беруі мүмкін. Осылайша, Ахмет Байтұрсынұлының сауат ашу әдістерін зерттеу – ұлттық білім беру жүйесінің дамуын, тілдік бірегейлікті сақтау мен заманауи оқыту әдістерін жетілдіру тұрғысынан аса маңызды ғылыми мәселе.

Жұмыс мақсаты: Ахмет Байтұрсынұлының сауат ашу әдістерін зерттеп, олардың балаларлы алғаш оқу мен жазуға үйретудегі маңызын анықтау.

Сонымен қатар, оның әдістерін қазіргі білім беру жүйесіне бейімдеу мүмкіндіктерін талдау.

Міндеттері:

- А.Байтұрсынұлының сауат ашу әдістері туралы жазылған мақалаларын талдау;
- А.Байтұрсынұлының «Баяншы» еңбегіндегі әдістерін қарастыру;
- А.Байтұрсынұлының «Әліппелері» мен жаңа тұрпаттағы «Әліппе» оқулықтарын салыстыра талдау;
- 2021 жылы жарық көрген "Әліппе" оқулығының Байтұрсынұлы әдістемесімен байланысын зерттеу.

Ахмет Байтұрсынұлының сауат ашу әдістерін қазіргі білім беру үрдісіне енгізу жолдарын ұсыну.

Қазақ тілі әдістемесінің ең ежелгі түріне сауат ашу әдісі жатады. Оқу алу, жаза білу халықтардың жалпы білім алу жолындағы ғасырлар бойы ізденісінің қайнар бұлағы іспетті өте маңызды рөл атқарды. Оқу мен жазудың өмірдегі сан алуан қажеттілігіне қарай қоғам дамуының әр кезеңінде оқытудың әдіс-тәсілдерін іздестіріп, оны бірте-бірте жетілдіре, жеңілдетіп түсу амалы қарастырылып отырған.

А.Байтұрсынұлы сауат ашу әдістемесінің негізін қалады. Ұлт ұстазы: «Жалғыз әліпбиді үйретудің өзінде толып жатқан әдіс бар. Сол әдістерді әр әдісқой өзінше өзгертіп қолданған түрлерін сөз қылсақ, әдіс түрлерін айтып түгесе алмас едік. Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай», дей отырып, баланың сауатын ашуда қандай әдіс дұрыс екенін айқындап берді [1,357].

«Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында әліппеге дейінгі кезеңде А.Байтұрсынұлының *шағын сөзді әдісі, дыбыспен жаттығу әдісі*, әліппе кезеңінде А.Байтұрсынұлының *дыбысты әдісі, жалқылаулы-жалпылау әдісі, жазу-оқу әдісі*, әліппеден кейінгі кезеңде *жалқылаулы-жалпылау әдісі, тұтас сөзді әдісі, жазу-оқу* әдістері оқыту керектігі көрсетілген[2].

А.Байтұрсынұлы ұсынған сауат ашу әдістері туралы қарастырғанда, мақалаларына ерекше көңіл бөлу керек.

1913 жылы жариялаған "Қазақ" газетінде жариялаған «Қазақша оқу жайынан» деген мақаласында дыбыспен жаттығу әдісі, 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналында «Жалқылау» (айырыңқы әдіс) мақаласында жалқылау әдісі, 1928 жылы "Жаңа мектеп" журналында «Жалқылаулы-жалпылау әдісі» мақаласында жалқылаулы-жалпылау әдісі туралы жазды.

Жоғарыдағы мақалаларды саралай келе, А.Байтұрсынов ұсынған сауат ашу әдістері атасақ: *шағын сөзді әдісі, дыбыспен жаттығу әдісі, дыбысты әдісі, жалқылаулы-жалпылау әдісі, жазу-оқу әдісі*.

Дыбыспен жаттығу әдісін "Бұл -усул сотиенің (төте жазудың) ең жақсы жолы. Мұны түсініп, біліп істесе, бұл үйретудің ауырлығын көп жеңілдетеді"- деп, төмендегідей қолдану жолдарын көрсетеді:

- әуелі балаларға әр түрлі дыбыс бар екенін білдіру;
- екінші балаларға таныс сөздерді алып, олардың ішінде қандай дыбыстар барын айырту;

- үшінші бөлек-бөлек дыбыстарды тіздіріп сөз айтуды білдіру.
- мұны білген соң, балаларға харіп көрсетіп оқытса, оларды құрастырып, сөз етіп айтуға балалар қиналмайды.

Жалқылау әдісі туралы: «Жалқылау әдіс - жалпылау әдіске қарсы жөндегі әдіс. Жалпылаудың асылы ұсақтан ірілету болса, жалқылаудың асылы - іріден ұсақтату», - деді.

Жалпылау әдісі француз оқытушысы Жакото екендігін айта отырып, өзі тұжырымын пайымдайды. «Бір жерде жалпылау, бір жерде жалқылау әдісі жүріп, ақырында екеуі жалқылаулы-жалпылау әдісі болып бірігеді» деп, жалқылаулы-жалпылау әдісін болып шығады» дей келе, жүзеге асыру жолдарын көрсетеді. А.Байтұрсынұлының жоғарыдағы аталған мақаларынан ағартушының сол кезеңдегі әлемге тарап жатқан оқыту әдістерін саралап, талдай отырып, солардың ішінде қайсысы ана тілінде тілінде сауат ашуға қолайлы екенін анықтады.

А.Байтұрсынұлы тұтас сөз әдісінің тиімді, тиімсіз тұстарын да жазып: «бір жұрттың сауаттау ісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың да сауаттау ісіне қолайлы болуға тиіс деп айтуға болмайды», шағын сөзді әдісі туралы «Шағын сөзді әдіс мәдениетті елдердің бәріне жайылды, аз сөз оқып, көп сөзді оқуға жаттығып кетеді» деген.

Дыбысты әдісті үйретуде істелетін істің бес түрін көрсетеді: балалармен әңгімелесу; оқу үйретуге даярлайтын жұмыстар; сөзден дыбыстарды айырып шығару; әріптермен таныстыру; берілген әріптерінен сөз құрау, соны оқу [1,434].

Зерттеу нәтижесі:

- Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған сауат ашу әдістерінің атауын қайта жаңғырту, теория мен тәжірибеде кеңінен қолдану;
- Бастауыш сынып жаңа тұрпаттағы «Әліппе» пәнін оқытуда жүзеге асыру.

Қорытынды: Егер Ахмет Байтұрсынұлының сауат ашу әдістері қазіргі заманғы оқыту технологияларымен үйлестірілсе, онда бастауыш сынып оқушыларының оқу мен жазу дағдыларын меңгеруі тиімдірек болар еді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы, Алматы "Ана тілі" баспасы, 1992
2. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)
3. Жұмабаева Сабденова Ә. Е., Құрман Б.А., Әліппе Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық Алматы "Атамұра" 2021
4. Қазыбаев С. Қазақ тілі методикасы, Алматы "Рауан" 1990
5. Жұмабаева Ә.Е., Сабденова Б.А., Жұмабаева Ж.А., Жамалова І.К. Әліппе оқыту әдістемесі жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған, Алматы "Атамұра" 2021

«КИБЕРБУЛЛИНГ ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАУІПТІ ФАКТОР»

Студент Қонысбекқызы Б., 3 курс, «Арқалық политехникалық колледжі»
КМҚК

Ғылыми жетекшісі: Исакова М.Б., әлеуметтік педагог

Өзектілігі: кибербуллинг — бұл интернет немесе әлеуметтік желілер арқылы басқа адамды қудалау, мазақтау немесе қорлау. Жасөспірімдер арасында бұл мәселе ерекше қауіпті, себебі олар әлі психологиялық тұрғыдан толық қалыптаспаған және виртуалды әлемде өздерін қауіпсіз сезінуі мүмкін, бірақ шын мәнінде оларға психологиялық зиян келуі мүмкін.

Мәселе: бұл жасөспірімдер мен жастар арасында интернет, әлеуметтік желілер немесе басқа да онлайн платформалар арқылы жасалатын қудалау мен қорлау әрекеттері. Колледжде бұл мәселе әсіресе қазіргі заманда, жастардың көп уақытын интернетте өткізетіндіктен, өзекті болып табылады.

Мақсаты: Қоғамда орын алып отырған жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию секілді жағдайлардың алдын алу. Ұжымында сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.

Келесі *міндеттерді* шешу қажет:

1. 15-18 жас аралығындағы студенттер арасында «Әлеуметтік желілердегі кибербуллинг» сауалнамасын жүргізу.
2. Кибербуллинг тақырыбы бойынша ақпарат көздерін зерттеңіз.
3. Кибербуллинг қауіпі туындаған кездегі әрекеттер туралы жадынама дайындаңыз

Кибербуллингтің жасөспірімдер арасындағы қауіпті факторлары:

1. Психологиялық зиян: кибербуллинг зардап шеккен адамда өзіне деген сенімділіктің төмендеуіне, депрессияға, тіпті суицидтік ойларға алып келуі мүмкін. Жасөспірімдер эмоционалды тұрғыдан осал болып келеді және олар интернетте жазылған теріс пікірлер мен қорлауларды ауыр қабылдайды.
2. Әлеуметтік желілердің көп қолданылуы: жасөспірімдер күн сайын әлеуметтік желілер мен интернетті қолданатындықтан, олар үшін кибербуллингтің ықтималдығы жоғары. Әлеуметтік желілерде жасөспірімдер өз пікірлері мен өмірін бөліседі, бірақ оларды қорлау немесе теріс пікірлерге ұшырау мүмкіндігі де артқан.
3. Анонимдік пен жасырындық: интернеттің анонимдік сипаты буллерлерге қорлауды оңай жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Олар өздерінің жеке басын жасырып, құрбандарын қорлауды жеңіл көреді.
4. Өзіне деген сенімсіздік: жасөспірімдер кибербуллингтің құрбаны болғанда, олар өзіне деген сенімділігін жоғалтып, қоғамнан оқшаулануы мүмкін. Бұл олардың әлеуметтік қарым-қатынастарына, оқуға және болашаққа деген көзқарасына теріс әсер етеді.
5. Құқықтық жауапкершіліктің төмен болуы: кибербуллинг көбінесе заңмен толық реттелмеген болуы мүмкін, бұл қудалаушыларға өз әрекеттерін жазасыз жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері. Алдын алу шаралары:

- Ата-аналар мен мұғалімдердің назарында болу: жасөспірімдермен ашық сөйлесу, олардың интернетте не істеп жүргенін бақылау, кибербуллингтің белгілерін уақытында анықтап, тиісті шаралар қолдану.

- Құқықтық білім беру: жасөспірімдерге кибербуллингтің заңды және психологиялық салдары туралы түсіндіру.

- Әлеуметтік желілерде қауіпсіздік шаралары: жасөспірімдерге интернет қауіпсіздігі туралы білім беру және оларды жеке деректерін қорғауға үйрету.

Кибербуллингтің алдын алу — жасөспірімдердің психологиялық және әлеуметтік дамуы үшін өте маңызды, себебі оның теріс әсерлері ұзақ мерзімді болуы мүмкін.

Кибербуллингтің практикалық бөлімі жасөспірімдер арасында осы құбылысты сауалнама арқылы анықтап, жадынама таратылып, бейнематериал жасау, осының барлығы алдын алу және зардаптарын жою жолдарын қарастыруды мақсат етеді. Бұл бөлімде кибербуллингтің нақты жағдайларына қалай әрекет ету керектігін, сондай-ақ оның алдын алу үшін қолданылатын әдістер мен құралдарды көрсетуге болады.

Кибербуллингтің белгілерін анықтау

Кибербуллингтің басталғанын анықтау үшін жасөспірімдер мен олардың ата-аналары мен мұғалімдері келесі белгілерді бақылауы керек:

- Теріс пікірлер мен қорлау: жасөспірімнің әлеуметтік желілерде немесе онлайн-ойындарда қорлауға ұшырауы.

- Интернетке деген қызығушылықтың төмендеуі: құрбандар интернетті немесе әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде күйзеліс немесе үрей сезінуі мүмкін.

- Мазасыздық немесе депрессия: құрбандарда психологиялық өзгерістер, мысалы, тұйықталып кету, көңіл-күйдің төмендеуі, оқуға қызығушылықтың азаюы.

- Анонимді аккаунттар арқылы қорлау: кибербуллингтің ең тән белгісі — буллерлердің өз тұлғасын жасырып, анонимді түрде қорлау жасауы.

Құрбандарға көмек көрсету әдістері

- Қолдау көрсету: құрбаны болған жасөспірімдерге психолог немесе кеңесші арқылы эмоционалды қолдау көрсету маңызды. Бұл оларды өздеріне сенімді болуға, проблеманы дұрыс шешуге ынталандырады.

- Дәлелдерді жинау: құрбаны болған жасөспірімдердің әңгімелері мен қорлау жазбаларын сақтап, қажет болған жағдайда құқық қорғау органдарына немесе колледж әкімшілігіне көрсету маңызды.

- Кибербуллингтің заңды салдары: жасөспірімдерге кибербуллингтің заңға қайшы екенін түсіндіру және буллерлердің құқықтық жауапкершілігін атап көрсету.

Алдын алу шаралары

- Жасөспірімдермен жұмыс: оларға интернет қауіпсіздігі туралы білім беру, әлеуметтік желілерде жеке ақпараттарын қорғауды үйрету. Оларды кибербуллингтің құрбаны болмауға, сондай-ақ өздері де басқаларға қиянат жасамауға тәрбиелеу.

- Отбасылық байланыс: ата-аналар жасөспірімдермен ашық әңгімелесіп, олардың интернеттегі белсенділігін бақылауы керек. Сонымен қатар,

интернетте қандай адамдармен байланысатындары туралы ақпарат алу маңызды.

- Колледждерде тренингтер өткізу: колледждерде кибербуллингке қарсы тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру, оқушыларға қауіпсіз интернет қолданудың жолдарын түсіндіру.

4. Құқықтық және әлеуметтік аспектілер

- Құқық қорғау органдарының қатысуы: кибербуллингтің заңды түрде жазаланатыны туралы жасөспірімдерге түсінік беру. Құқық қорғау органдарының интернеттегі қудалау әрекеттеріне әрекет етуі маңызды.

- Колледж ішінде бақылау жүргізу: мұғалімдер мен колледж әкімшілігі кибербуллингтің алдын алу және анықтау бойынша арнайы бағдарламалар мен шаралар ұйымдастыруы қажет. Құқықтық, әлеуметтік және психологиялық көмек көрсету керек.

5. Технологиялық құралдар

- Блоктау және хабарлау: әлеуметтік желілер мен чаттарда кибербуллинг жасаған адамдарды блоктау және олар туралы хабарлау үшін арнайы құралдар бар.

- Мониторинг бағдарламалары: ата-аналар мен колледждер үшін интернет белсенділігін бақылауға арналған бағдарламалар арқылы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады.

6. Жасөспірімдерге арналған психологиялық тренингтер:

- эмоционалды тұрақтылықты дамыту: жасөспірімдерге кибербуллингке қарсы тұру үшін эмоционалды тұрақтылықты дамыту бойынша тренингтер мен тренажерлер ұйымдастыру.

- қарым-қатынас дағдыларын үйрету: жасөспірімдерге қарым-қатынас орнату, дау-дамайдан қашу және конфликттерді шешу жолдарын көрсету.

Қорытынды: кибербуллингтің алдын алу және оның зардаптарын жою үшін кешенді көзқарас қажет. Ол тек құқықтық, педагогикалық, психологиялық аспектілерді ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік тұрғыдан да назарға алынуы тиіс. Бұл үшін ата-аналар, мұғалімдер, психологтар мен құқық қорғау органдары бірігіп жұмыс істеуі қажет.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Андреева, А.О. Манипулирование в сети Интернет / А.О. Андреева // Информационная безопасность и вопросы профилактики киберэкстремизма среди молодежи (сборник статей). - Магнитогорск: МаГУ. – 2015. – С. 21-28.

2. Бенгина Е.А. Кибербуллинг как новая форма угрозы психологическому здоровью личности подростка / Е.А. Бенгина // Вестник университета. Современные тенденции в психологии. – 2018. - № 2. – С. 153-156.

3. Березина, О.С. Социальная профилактика кибербуллинга среди подростков / О.С. Березина // Информационная безопасность и вопросы профилактики киберэкстремизма среди молодежи (сборник статей). - Магнитогорск: МаГУ. – 2015. – С. 63-67.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ

Студент Қоштай Б., 3 курс, Түркістан жоғары көпсалалы, аграрлық колледжі
Ғылыми жетекшісі: Тәңірберген А.М., шетел тілі пәнінің оқытушысы

Өзектілігі: Қазіргі қоғамда білім беру жүйесі барынша инклюзивті болуға ұмтылуда. Бұл өз кезегінде барлық балаларға, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балаларға да сапалы білім беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Әлеуметтік теңдік, әділеттілік және баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру — қазіргі заманның маңызды талаптарының бірі. Қазақстанда инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы білім беру жүйесінде маңызды өзгерістерге әкеліп, барлық балалардың бірдей білім алу құқығын жүзеге асыруды көздейді. Инклюзивті білім берудің өзектілігі оның әлеуметтік әділеттілік, даму және қоғамға бейімделу тұрғысынан маңыздылығында жатыр.

Мәселе: Инклюзивті білім беру жүйесін іске асырудағы негізгі мәселе — мүмкіндігі шектеулі балалардың оқуына қажетті арнайы жағдайлар мен құралдардың жеткіліксіздігі. Бұл мәселе инклюзивті білім беру бағдарламаларының тиімділігін арттыру үшін жүйелі өзгерістер мен реформаларды қажет етеді. Сонымен қатар, мұғалімдердің арнайы дайындық деңгейінің жетіспеушілігі, мектептердің қажетті ресурстармен қамтамасыз етілмеуі, қоғамның инклюзивті білім беруге деген толық түсінігінің болмауы сияқты мәселелер де кездеседі.

Жұмыс мақсаты: Осы зерттеудің мақсаты — қазіргі білім беру жүйесінде инклюзивті білім берудің өзектілігін, негізгі мәселелерін талдап, тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау, инклюзивті білім беру жүйесінің Қазақстандағы жағдайын зерттеу және оның даму бағыттарын ұсыну болып табылады.

Міндеттері:

1. Қазіргі білім беру жүйесінде инклюзивті білім берудің мәнін, қағидаттарын және мақсаттарын анықтау.
2. Инклюзивті білім берудің әлемдік тәжірибесін зерттеу.
3. Қазақстандағы инклюзивті білім беру жүйесінің қазіргі жағдайын талдау.
4. Инклюзивті білім берудің дамуына кедергі келтіретін негізгі мәселелерді анықтау.
5. Инклюзивті білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру үшін ұсыныстар мен шешімдер ұсыну.

Қазіргі білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру тұжырымдамасы барлық балалардың, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балалардың да білім алуына тең мүмкіндік беру мақсатында енгізілген. Бұл жүйе барлық балалардың әлеуметтенуіне және дамуына жағдай жасайды, олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыруды көздейді.

Инклюзивті білім беру әлемнің көптеген елдерінде маңызды әлеуметтік құндылық ретінде қабылдануда. Бұл жүйе тек мүмкіндігі шектеулі балаларға ғана емес, барлық балаларға, оның ішінде жынысы, ұлты немесе әлеуметтік жағдайы бойынша ерекшеленетін балаларға да тең мүмкіндік береді. Әрбір бала

өзінің толық әлеуетін ашып, білім алу барысында өзіне сәйкес жағдайды талап етеді.

Қазақстанда инклюзивті білім беру бастамалары соңғы жылдары кеңінен дамып келеді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі еліміздегі мектептерде инклюзивті білім беруді енгізу мақсатында арнайы бағдарламалар мен жобаларды қолға алды. Мысалы, мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектептерде оқыту үшін арнайы әдіс-тәсілдер мен түзету бағдарламалары қолданылады.

Дегенмен, инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда бірқатар мәселелер бар. Мектептерде инклюзивті білім беру үшін қажетті арнайы педагогтар мен мамандардың жетіспеушілігі, арнайы оқу құралдарының тапшылығы және бұл бағыттағы қоғамдық түсініктің әлі толық дамымауы басты мәселелер ретінде анықталды. Сонымен қатар, мұғалімдердің инклюзивті білім беру бойынша арнайы дайындық деңгейі жеткіліксіз болуы да бұл жүйенің тиімділігін төмендетеді.

Инклюзивті білім берудің артықшылықтары:

1. Әлеуметтік теңдік пен әділеттілік. Инклюзивті білім беру жүйесі балаларға тең құқықты білім алу мүмкіндігін ұсына отырып, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етеді. Бұл жүйе балаларды қоғамнан бөліп, ерекшеліктері бойынша кемсітпей, олардың барлығына бірдей мүмкіндіктер береді.

2. Балалардың әлеуметтік және психологиялық дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың бірлесіп оқуы арқылы өзара түсіністік пен құрметті қалыптастырады. Әр түрлі қажеттіліктері бар балалар бір ортада оқу барысында бір-бірімен араласып, бірі-бірінің ерекшеліктерін түсінуге үйренеді. Бұл олардың эмоционалдық интеллектін арттырып, әлеуметтік дағдыларын дамытады.

3. Жеке қабілеттерін дамыту. Әр баланың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескерілгенде, оның жеке дамуында ілгерілеу байқалады. Инклюзивті білім беру ерекше қажеттіліктері бар балаларға да жоғары деңгейде білім алуға, дамытуға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері: Зерттеу барысында инклюзивті білім берудің тиімділігін арттыру үшін бірнеше нәтижелер мен қорытындылар анықталды:

1. Инклюзивті білім беру жүйесін жүзеге асыруда арнайы педагогтардың біліктілігін арттыру маңызды. Мұғалімдер инклюзивті оқыту әдістерін меңгеру арқылы балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту процесін ұйымдастыруға қабілетті болады.

2. Мектептерде инклюзивті білім беру үшін қажетті ресурстар мен құралдардың болуы, оның ішінде арнайы оқыту материалдары мен түзету бағдарламаларының қолжетімділігі қажет.

3. Инклюзивті білім беру жүйесі арқылы балалардың әлеуметтік бейімделуі жақсарып, олардың қоғамда белсенді азамат ретінде қалыптасуына көмектеседі.

4. Қоғамның инклюзивті білім беру туралы түсінігін арттыру, сондай-ақ ата-аналар мен педагогтарды осы бағытта оқыту арқылы инклюзивті білім беру жүйесінің тиімділігі арттырылуы мүмкін.

Қорытынды

Қазіргі білім беру жүйесінде инклюзивті білім берудің маңызы зор және оның өзектілігі тек мүмкіндігі шектеулі балаларға ғана емес, жалпы қоғамға да тиімді. Бұл жүйе әрбір баланың толыққанды дамуына, тең білім алуына жағдай жасау арқылы қоғамның әлеуметтік әділеттілік принциптерін жүзеге асырады. Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамыту үшін білім беру саласында жүйелі реформалар қажет. Әлеуметтік қолдау, арнайы құрал-жабдықтар мен мамандарды даярлау, мұғалімдердің біліктілігін арттыру — бұл бағыттағы негізгі қадамдар болып табылады.

Инклюзивті білім берудің дамуы әрбір баланың әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді, сонымен қатар қоғамның дамуына үлкен үлес қосады. Инклюзивті білім беру саясаты арқылы барлық балалардың тең құқықтары мен мүмкіндіктері қамтамасыз етіледі, және бұл өз кезегінде қоғамның дамуына ықпал етеді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің ресми сайты. (2023). «Инклюзивті білім беру жүйесі туралы». Қолжетімді: <https://edu.gov.kz>
2. Жумабаева, С. Ж., & Бекбаева, А. Ж. (2019). «Инклюзивті білім беру: теориясы мен практикасы». Алматы: «Қазақ университеті» баспасы.
3. Көшімова, Н. С. (2018). «Инклюзивті білім беру мәселелері: теориялық негіздер мен тәжірибелер». Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті баспасы.
4. Дейсенбаева, Г. Т. (2020). «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған инклюзивті білім беру». Алматы: Мектеп.
5. Бейсембаева, М. (2021). «Қазақстандағы инклюзивті білім беру: жағдайы мен даму болашағы». Халықаралық білім беру журналы, 3(2), 45-53.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИКТ В НЕОРГАНИЗОВАННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ДОО С ТРЕВОЖНЫМИ ДЕТЬМИ

Мазенова А., Катарбаева А., студентки 3 курса, ЧУ «Колледж Зерек »
Научный руководитель: Нургалиева У.М., преподаватель специальных дисциплин, педагог-эксперт

Актуальность: В условиях цифровизации и расширения возможностей ИКТ, применение современных технологий в неорганизованной учебной деятельности предоставляет уникальный шанс адаптировать образовательный процесс под индивидуальные потребности таких детей. Использование ИКТ способствует формированию комфортной, интерактивной и поддерживающей образовательной среды, помогает смягчить проявления тревожности, улучшить эмоциональное состояние и развивать социальные и познавательные навыки. Таким образом, данная тема является актуальной для повышения качества

дошкольного образования и создания условий для успешной адаптации тревожных детей в образовательном процессе.

Проблема исследования: Данное исследование направлено на изучение того, как применение ИКТ может способствовать развитию и коррекции тревожности у детей в дошкольных учреждениях. Тревожные дети часто испытывают трудности в социализации и адаптации к учебной среде, что может оказывать негативное влияние на их обучающие и развивающие процессы. Проблема заключается в недостаточном изучении влияния ИКТ на снижение уровня тревожности, а также на создание условий для более комфортной учебной деятельности в неструктурированных ситуациях, когда ребенок самостоятельно выбирает формы взаимодействия с образовательными ресурсами.

Цель исследования:

- Исследовать влияние информационно-коммуникационных технологий в неорганизованной учебной деятельности на эмоциональное состояние и познавательное развитие тревожных детей в ДОО, а также разработать рекомендации по оптимизации использования ИКТ для улучшения их адаптации и снижения уровня тревожности.

Задачи исследования:

- Изучить особенности тревожности у дошкольников и их влияние на образовательный процесс.
- Разработать методику применения ИКТ в неорганизованной учебной деятельности для тревожных дошкольников.
- Провести экспериментальное исследование эффективности использования ИКТ в работе с тревожными детьми.
- Организовать и провести занятия с применением ИКТ в неорганизованной учебной деятельности.

ИКТ – это обобщающее понятие, которое включает в себя различные механизмы, устройства и способы обработки информации. Одним из важных современных устройств ИКТ является компьютер, на котором установлено необходимое программное обеспечение. На сегодняшний день в образовательной среде наиболее широкое распространение имеют такие средства ИКТ, как текстовые редакторы, электронные таблицы, программы подготовки презентаций, системы управления базами данных, органайзеры, графические пакеты и т.д.

Тревожность – индивидуальная психологическая особенность, которая заключается в повышенной склонности испытывать беспокойство в самых различных жизненных ситуациях, в том числе и в таких, которые к этому не располагают. Тревожность является переживанием эмоционального дискомфорта, связанным с ожиданием неблагоприятного исхода, с предчувствием грозящей опасности. Различают тревожность как эмоциональное состояние и как устойчивое свойство, черту личности или темперамента.

По определению Р.С.Немова: «Тревожность – постоянно или ситуативно проявляемое свойство человека приводить в состояние

повышенного беспокойства, испытывать страх и тревогу в специфических социальных ситуациях». Использование информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в неорганизованной учебной деятельности в дошкольном образовании способствует снижению уровня тревожности у детей за счет создания комфортной образовательной среды, повышения интереса к обучению и формирования у них положительного эмоционального опыта.

Результаты исследования: Исследование показало, что применение информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в неорганизованной деятельности (свободной игровой деятельности) оказывает положительное влияние на тревожных дошкольников. Эмоциональная разгрузка – спокойные анимационные программы и игры с элементами релаксации (виртуальные прогулки, сенсорные приложения) помогли детям быстрее адаптироваться и расслабиться. Развитие социальных навыков – интерактивные игры способствовали улучшению коммуникации с другими детьми, снятию напряженности при взаимодействии.

Выводы: таким образом, ИКТ в неорганизованной деятельности могут быть эффективным инструментом для коррекции тревожности у дошкольников, способствуя их комфортной адаптации в образовательной среде.

Список использованных источников

1. Плаксина Л.И. “Комплексная коррекционно-развивающая программа: Содержание коррекционной работы в специальных дошкольных (коррекционных) образовательных организациях III и IV видов”. В данной работе рассматриваются методики и авторские программы коррекционной работы с детьми с нарушением зрения, включая использование ИКТ.
2. Решетова А. “Техника ‘Создание книги’. Арт-методы в работе с тревожными детьми”. Статья описывает применение арт-методов, включая создание цифровых книг, в работе с тревожными детьми. [06]
3. Смирнова Е.О. “Психологические особенности тревожных детей и методы коррекции”. В книге рассматриваются психологические аспекты тревожности у детей дошкольного возраста и предлагаются методы коррекции, включая использование ИКТ.
4. Иванова Т.Н. “Использование информационно-коммуникационных технологий в коррекционной работе с детьми дошкольного возраста”. Работа посвящена применению ИКТ в коррекционной педагогике, с акцентом на работу с тревожными детьми.
5. Петрова М.С. “ИКТ как средство снижения тревожности у детей дошкольного возраста”. Статья исследует влияние ИКТ на уровень тревожности у дошкольников и предлагает практические рекомендации по их использованию.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ПРОФИЛАКТИКЕ ПРАВОНАРУШЕНИЙ И ТРАВМАТИЗМА СРЕДИ ДЕТЕЙ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ ИННОВАЦИОННОГО ПОТЕНЦИАЛА МОЛОДЕЖИ

Манжанов И., студент 3 курса, ГККП «Актюбинский высший гуманитарный колледж»

Научный руководитель: Канибекова А.М., преподаватель математики и информатики

Детский возраст — это период активного познания окружающего мира, формирования ценностей и усвоения норм поведения. Однако недостаточный контроль со стороны взрослых, негативное влияние окружающей среды и отсутствие знаний о безопасности могут привести к правонарушениям или физическим повреждениям. Для предотвращения таких ситуаций необходим комплексный подход, включающий воспитательную работу, обучение основам безопасности и создание благоприятных условий для развития ребенка.

Основные причины правонарушений и травматизма:

1. Семейные обстоятельства: недостаток внимания и заботы со стороны родителей; чрезмерно строгие или, наоборот, излишне мягкие методы воспитания; отсутствие четких границ дозволенного поведения.

2. Окружающая среда: влияние асоциальных групп и неблагополучного окружения; недостаток положительных примеров для подражания; воздействие деструктивного контента в интернете и социальных сетях.

3. Низкий уровень правовой грамотности: незнание законодательства и возможных последствий его нарушения; непонимание степени опасности противоправных действий; отсутствие навыков самоорганизации и безопасного поведения.

4. Опасные условия в быту и на улице: использование неисправных игровых площадок и небезопасного оборудования; плохое освещение и отсутствие надзора в местах массового пребывания детей; доступ к потенциально опасным объектам: строительным зонам, заброшенным зданиям, водоемам.

Способы профилактики правонарушений среди детей:

1. Развитие правосознания; проведение интерактивных занятий о правах, обязанностях и законах; разбор реальных случаев, помогающих осознать последствия противоправных действий.

2. Формирование моральных ориентиров: воспитание уважения к окружающим и ответственности за свои поступки; продвижение положительных примеров поведения через литературу, кино, образовательные программы.

3. Организация полезного досуга: вовлечение детей в спорт, творчество, общественную и волонтерскую деятельность; создание возможностей для самореализации через кружки и образовательные инициативы.

Как предотвратить физические повреждения у детей:

1. Создание безопасной среды

Регулярный контроль за состоянием игровых площадок, спортивных зон и пешеходных дорожек. Обеспечение освещения и видеонаблюдения в местах скопления детей.

2. Формирование навыков безопасного поведения

Обучение правилам дорожного движения, основам пожарной безопасности и действиям в экстренных ситуациях. Проведение практических тренировок по предотвращению несчастных случаев.

3. Родительский контроль и вовлеченность

Открытое общение с ребенком, обсуждение его переживаний и опасений. Формирование ответственного отношения к личной безопасности, в том числе при взаимодействии с незнакомцами и использовании интернета.

Профилактика правонарушений и несчастных случаев среди детей требует комплексного подхода. Важно не только разъяснять нормы поведения, но и обеспечивать условия, исключая возможность их нарушения. Родители, педагоги и общество в целом должны совместными усилиями формировать у детей осознанное отношение к своим поступкам и собственной безопасности, что позволит значительно снизить уровень преступности и случаев нанесения вреда здоровью несовершеннолетних.

Список использованных источников

1. Калиев С.Ж., Кожахметова К.Ж. – Воспитательная система школы: теория и практика. – Алматы: РБК, 2017.
2. Алимханова Г.К. – Психолого-педагогические аспекты профилактики правонарушений среди несовершеннолетних. – Астана: Фолиант, 2020.
3. Есимова А.А. – Ювенальная юстиция в Казахстане: правовые основы защиты детей. – Алматы: Қазак университеті, 2019.
4. Программа "Балаларды қорғау" – Государственная программа по защите прав детей в Казахстане, 2021.
5. Сейдуманов А.Е. – Социально-психологическая работа с молодежью: проблемы и перспективы. – Алматы: Нур-Пресс, 2022.

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В ДЕТСКОМ САДУ

Матвеева А., студентка 4 курса, Учреждение «Костанайский Гуманитарный колледж»

Научный руководитель: Дитаева Д.М., преподаватель специальных дисциплин

Актуальностью работы является то, что исследования различных учёных, таких как Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, С.Л. Рубинштейн, Д.Б. Эльконин, О.М. Дьяченко и другие, указывают на то, что методы, используемые в воспитании и обучении дошкольников, играют не только роль в эффективном усвоении учебного материала, но и способствуют творческому преобразованию уже имеющихся знаний у детей.

Проблема исследования: заключается в *несистематическом* применении инновационных технологий в обучении и воспитании детей дошкольного возраста.

Цель работы: Изучить, обобщить, систематизировать и применить на практике инновационные технологии в образовательной деятельности детского сада.

Задачи исследования:

1. Проанализировать психолого – педагогическую литературу, изучить виды, формы и особенности современных подходов к организации образовательного процесса в детском саду.

2. Повысить интерес детей к образовательной деятельности в детском саду.

3. Применить на практике инновационные подходы в организации.

Перед проведением экспериментальной части работы нами была изучена психолого-педагогическая литература таких авторов как Выготский, Давыдов, Эльконин. Данные авторы отмечали, что методы, используемые в воспитании и обучении дошкольников, играют не только роль в эффективном усвоении учебного материала, но и способствуют творческому преобразованию уже имеющихся знаний у детей. Таким образом, эти методы в значительной мере определяют эффективность образовательной работы в дошкольных учреждениях.

Также многие авторы отмечают не готовность специалистов дошкольных организаций к работе с инновационными подходами, это обуславливается тем, что у многих не хватает навыков в применение инновационных технологий.

Практическая часть нашей работы, не посредственно исследование проходило на базе ТОО детский сад «Антошка». Нами были отобраны две группы детей старшего дошкольного возраста, контрольная и экспериментальная. Экспериментальная группа «Улыбки» из 10 человек и контрольная группа «Лучики» из 12 детей.

Перед началом работы нами были отобраны методики для выявления уровня развития детей дошкольного возраста.«Домик» Н.И.Гуткиной, «Вопрошайка» М. Б. Шумаковой и «Выбор сюжетно-тематических картинок» Н. В. Пророк. После проведения первичной диагностики результаты показали, что у детей в двух группа преобладает низкий и средний уровень развития.

Для повышения уровня развития нами были отобраны инновационные технологии такие как: ИКТ технологии, ТРИЗ технология и STEM технология.

С помощью STEM технологии нами была проведена игровая деятельность «К какой фигуре приедет мышка?»

Цель: активизация и стимуляция движения глаз, закрепление умения двигать мышку по словесным пространственным указаниям, выделять и словесно обозначать величину предметов.

Применяя технология ТРИЗ нами был выбран для работы метод мозгового штурма «Раньше позже».

Цель: учить детей составлять логическую цепочку действий, закреплять понятия «сегодня», «завтра», «вчера», развивать речь, память.

Для проведения ОД с использованием ИКТ технологий нами был проведен интерактивный квест на тему«**Помоги Незнайке стать Знайкой**»

Цель: продолжать учить детей быть отзывчивыми и доброжелательными, повышать уровень заинтересованности детей в выполнении предложенных заданий посредством ИКТ технологий.

Задачи: развивать у детей ориентацию в пространстве и внимательность, воспитывать чувство долга и желание довести начатое дело до конца, продолжать обучать детей работе в коллективе.

Результаты исследования. Таким образом после проведения экспериментальной работы нами была проведена повторная диагностика которая показала, что отмечается положительная динамика высокий уровень развития у детей в экспериментальной группе увеличился с 30% до 50%, а низкий снизился с 20% до 10%.

Вывод. Таким образом следуем сделать вывод, что систематически используя инновационные технологии в режимных моментах детского сада у детей в большей степени развивается познавательная активность, и дошкольник становится более заинтересованным в образовательном процессе.

Список использованных источников

1. Государственный Образовательный Стандарт Республики Казахстан дошкольного воспитания и обучения от 3 августа 2022 года №348
2. Аверин С.А., Муродходжаева Н.С., Методические рекомендации по реализации парциальной модульной программы «STEM образование детей дошкольного возраста». Методическое пособие. -2022
3. Атемаскина Ю.В., Богославец Л.Г. Современные педагогические технологии в ДО: Учебно-методическое пособие. -СПб.: Детство-пресс, 2016
4. Губанова Н.Ф. Игровая деятельность в детском саду: Учебное пособие. - М.: Мозаика - Синтез, 2015
5. Юсуфбекова Н.Р. Общие основы педагогической инноватики. Опыт разработки теории инновационных процессов в образовании. -М.: Просвещение, 1991

БАЛА МЕН АТА-АНА АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ЖАҚСARTУ ӘДІСТЕРІ

Студент Мендіғаринов Қ., 3 курс, «Шалқар көпсалалы колледжі» КММ
Ғылыми жетекшісі: Жолмырзина А.Р., психолог

Өзектілігі: Қазіргі таңда бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас отбасылық тәрбиенің маңызды аспектісі болып табылады. Бұл байланыс баланың тұлғалық қалыптасуы мен эмоционалдық жағдайына тікелей әсер етеді.

Мақсаты: Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты жақсарту әдістерін зерттеу және олардың тиімділігін анықтау.

1. Отбасының бала тәрбиесіндегі алатын орны
 2. Ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынас
 3. Отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас кезіндегі кездесетін кемшіліктер
- Отбасының бала тәрбиесіндегі алатын орны, ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынас, отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас кезіндегі кездесетін кемшіліктер, ата-аналарды балаларға

жауапкершілікпен қарауға шақыру. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететіндігін атап өту.

Міндеттері:

Тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау.

Отбасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін зерттеу.

Балалар мен ата-аналар үшін қарым-қатынас жақсарту әдістерін ұсыну.

Отбасындағы қарым-қатынас ұғымы:

Отбасындағы қарым-қатынас – бұл отбасы мүшелері арасындағы өзара түсіністікке, сыйластыққа, қолдауға, және бір-біріне деген жауапкершілікке негізделген байланыстар жүйесі. Бұл қарым-қатынастар отбасының іргетасын құрап, оның беріктігін қамтамасыз етеді.

Отбасындағы қарым-қатынас бірнеше негізгі аспектілерден тұрады:

1. Сыйластық пен сенім: Отбасы мүшелері бір-бірінің пікірі мен сезімдерін құрметтеуі және сенім білдіруі маңызды.
2. Коммуникация: Ашық және шынайы сөйлесу, эмоцияларды бөлісу қарым-қатынастың тұрақтылығын арттырады.
3. Мейірімділік пен қолдау: Мейірімді қарым-қатынас отбасындағы махаббат пен жылулықты нығайтады.
4. Рөлдер мен міндеттерді бөлісу: Әр адамның өз жауапкершілігін түсінуі отбасының үйлесімділігіне ықпал етеді.
5. Конфликттерді шешу: Қақтығыстарды дұрыс шешу, түсіністікке келу арқылы отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас күшейеді.

Отбасындағы қарым-қатынас үлгісі көбінесе ата-ананың өзара әрекеттестігі мен олардың балаларымен қарым-қатынасынан қалыптасады. Бұл байланыстар баланың болашақта қоғаммен өзара әрекеттесу қабілетіне тікелей әсер етеді.

Отбасындағы жауапкершілік түрлері

1. Материалдық жауапкершілік

Отбасын асырау, қаржылай қамтамасыз ету әдетте ата-ананың мойнына жүктеледі.

2. Тәрбиелік жауапкершілік

Балаларға тәрбие беру, олардың білім алуына, мәдени және моральдық дамуына жағдай жасау ата-ананың басты міндеті.

3. Эмоционалдық қолдау

Отбасындағы әрбір мүше бір-біріне мейірімділік көрсетіп, қиын сәттерде қолдау білдіруі керек.

4. Үй шаруасына жауапкершілік

Үй тазалығы, тамақ дайындау, басқа да тұрмыстық міндеттер отбасы мүшелері арасында әділ бөлінеді.

5. Бір-бірін қорғау

Қарым-қатынасқа әсер ететін негізгі факторлар:

1. Психологиялық факторлар
2. Әлеуметтік факторлар
3. Коммуникативтік факторлар
4. Жеке факторлар

5. Сыртқы факторлар

6. Конфликттер мен тосқауылдар

Ата-ана тәрбиесінің стильдері баланың тұлғалық дамуына, мінез-құлқына және өмірге деген көзқарасына тікелей әсер етеді. Ғалымдар ата-ана тәрбиесінің бірнеше негізгі стилдерін анықтаған, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен балаға тигізетін ықпалы бар.

Жанжалды шешу жолдары

1. Компромисс: Екі жақ өзара келісімге келіп, ортақ шешім табады.
2. Диалог: Ашық сөйлесу арқылы мәселені анықтау және шешім іздеу.
3. Жанжалдың алдын алу: Эмоцияларды басқару, өзара сыйластық, түсіністік қалыптастыру.
4. Медиация: Жанжалды шешуге бейтарап үшінші тараптың көмегі.
5. Эмоцияны бақылау: Қарым-қатынаста сабыр сақтау және өз сезімдерін дұрыс жеткізу.

Эмоционалдық жағдайлар мен жанжалдар адамдардың қарым-қатынасында маңызды рөл атқарады. Эмоцияны түсініп, басқару, сондай-ақ жанжалды тиімді шешу тұлғааралық қарым-қатынастың сапасын жақсартып, жалпы өмір сапасына оң әсер етеді.

3. Зерттеу әдістемесі

Зерттеу әдістері:

Сауалнама (ата-аналар мен балалар арасында қарым-қатынас деңгейін анықтау).

Интервью (ата-аналар мен балалардың бір-біріне көзқарасын анықтау).

Байқау (отбасының күнделікті қарым-қатынасы).

Зерттеу кезеңдері:

1. Қатысушыларды таңдау (ата-аналар мен 8-15 жас аралығындағы балалар).
2. Сауалнама мен интервью өткізу.
3. Нәтижелерді талдау.
4. Практикалық бөлім

Қорытынды

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

Отбасындағы қарым-қатынасты жақсартудың тиімді әдістері.

Отбасындағы қарым-қатынас – отбасы мүшелерінің бір-бірімен түсінісуі, қолдауы және сыйластығының негізі. Отбасындағы қарым-қатынасты жақсарту үшін төмендегі тиімді әдістерді қолдануға болады:

1. Ашық және шынайы қарым-қатынас

Отбасы мүшелері бір-бірімен ашық сөйлесіп, ойларын, сезімдерін және тілектерін еркін білдіруі қажет.

2. Белсенді тыңдау

Тыңдап отырған кезде әңгімелесушінің сөзіне шынайы қызығушылық таныту.

Әңгіме барысында сөзін бөлмей, оның пікірін құрметтеу.

3. Бірлескен уақыт өткізу

Барлық отбасы мүшелеріне ортақ қызықты іс-шараларды ұйымдастыру (демалыс, саяхат, ойындар, фильм көру).

Бұл әдіс отбасы мүшелерінің бір-біріне жақын болуына көмектеседі.

Мысалы: Жексенбі күнін бірге серуендеуге немесе үйде отбасылық ойындар ойнауға арнау.

4. Сыйластық пен түсіністік

Әрбір отбасы мүшесінің пікірін, сезімін және шешімін құрметтеу.

Жанжал немесе келіспеушілік туындаған жағдайда бір-бірін кінәламай, сабырлы шешім іздеу.

Мысалы: Біреу қателік жасағанда, оны жазғырудың орнына қолдау көрсету.

5. Эмоцияларды бақылау

Ашуды, ренішті және басқа да теріс эмоцияларды басқара білу.

Өз сезімдерін дұрыс жеткізу арқылы қарым-қатынасты сақтап қалу.

Мысалы: Ренішті тыныш жағдайға келгенде талқылау

6. Ортақ мақсаттар мен құндылықтарды анықтау

Отбасы мүшелерінің ортақ құндылықтары мен мақсаттары қарым-қатынасты нығайтады.

Мысалы: Бірге мақсаттар қою (үй сатып алу, баланың білім алуын қолдау).

7. Кешірімді болу

Кемшіліктер мен қателіктерді кешіріп, оларды қайтадан еске алмау.

Реніштерді жинақтамау, керісінше, түсіністік таныту.

Мысалы: Ұсақ-түйек мәселелерге назар аудармай, маңызды нәрселерге көңіл бөлу.

8. Мақтау және қолдау

Отбасы мүшелерін жақсы істері үшін жиі мақтап, олардың жетістіктеріне қуану.

Мысалы: Баланы немесе жұбайды кішкентай жетістігі үшін де мақтап, қолдау.

9. Жанжалдарды дұрыс шешу

Жанжал туындағанда оны шешудің сабырлы әрі конструктивті жолдарын іздеу.

Бір-бірін кінәламай, мәселені бірге талқылау.

Мысалы: "Сен дұрыс істемедің" деудің орнына, "Мен бұл жағдайға басқаша қараймын" деп айту.

10. Психологиялық қолдау көрсету

Қиын сәттерде бір-біріне моральдық қолдау көрсету.

Отбасы мүшелерінің өзін жалғыз сезінбеуіне жағдай жасау.

Мысалы: Біреу қиындыққа тап болғанда, оның жанында болу, кеңес беру.

Отбасындағы қарым-қатынасты жақсарту – үздіксіз күш-жігер мен шыдамдылықты қажет ететін процесс. Жақсы қарым-қатынас отбасы мүшелерінің өзара сыйластығы, түсіністігі және бір-біріне деген махаббаты негізінде қалыптасады.

Практикалық ұсыныстар:

Бұл әдістерді басқа отбасыларға енгізу жолдары.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Ян Амос Коменский – "Ұлы дидактика" Дидактиканың (оқыту теориясының) негіздерін қалаған, білім беру принциптерін жасаған.
2. К.Д. Ушинский – "Адам – тәрбиенің нысаны". Тұлғаның тәрбиесі мен білім беру процесіндегі адамның рөлін зерттеген.
3. Л.С. Выготский – "Оқу және даму". Әлеуметтік-мәдени даму теориясын және "жақын арадағы даму аймағы" ұғымын енгізген.
4. Джон Дьюи – "Тәжірибе және білім беру". Прогрессивті білім беру теориясын дамытқан.
5. А.С. Макаренко – "Педагогикалық поэма"

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ЫҚПАЛДАСТЫРА ҚОЛДАНУ

Студент Молдаспанова С., 2 курс, Абай атындағы Шығыс Қазақстан
гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Кудайбергенова Г.К., арнайы пәндер оқытушысы

Өзектілігі: Қазіргі таңда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы іске асырылуда. Бұл құжат жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған. «Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу» деп айтылғандай «Біртұтас тәрбие» бағдарлама мақсатын іс-жүзіне асыру барысында колледждің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының білім алушылары мектеп асына дейінгі балалардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін әр түрлі жұмыстар мен құралдар жасап жатырмыз.

Ұлттық құндылықтар дәріптейтін дамытушы ойындар мен құралдар кәсіби

Іс - тәжірибелерде әр жас ерекшелік балаларға ұтымды қолдану арқылы олардың ұлттық құндылықтар туралы түсінігін кеңейтіп, балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытудағы білім берудің ұлттық нақыштағы жаңа материалдарымен жұмыс жасау белсенділігін арттырады.

Мәселе: «Адамзат ұрпағымен мың жасайды», дегендей ұрпақ тәрбиесі - қай кезде де халықтың мәселесіне айналған. Әр бала атаның қанымен, ананың сүтімен келетін туа бітті қасиеттер сияқты ұлттық рухани құндылықтарды да ең алдымен отбасында ата-ананың тәрбиесімен бойына сіңіретіні анық. Болашақ қоғам иелерін жан - жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени ғылыми өрісі озық азамат етіп тәрбиелеу біздің, әсіресе аға буынның қоғам алдындағы зор міндеттерінің бірі болып табылады.

Жұмыс мақсаты: Мектепке жасына дейінгі ұйымның тәрбиелеу мен оқыту процесіне ұлттық құндылықтарды заманауи технологиялармен үйлестіре отырып енгізу; инновациялық технология мен ұлттық құндылықты ықпалдастыра қолданудағы мүмкіндіктерін анықтау

Міндеттері:

- Ұлттық нақышта еліміздің тарихын, мәдениетін ойындар арқылы ұштастыру:

- Баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған заттық дамытушы орта қалыптастыру:

- Ұлттық құндылықтарды ұштастыра қолдану арқылы балалардың бойында негізгі дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтау критерийлері мен әдістемелерін негіздеу

Қазақ халқы - рухани зор байлықтың мұрагері. Ежелгі ата-бабаларымыздың күмбірлеген күміс күйі, сыбызғы –сырнаының үні, асқақтата салған әсем әні, мақал-мәтел шешендік сөз, айтыс өлеңдері сан ғасыр бойы өз ұрпағын «сегіз қырлы, бір сырлы», өнегелі де өнерлі, адамгершілік ар-ожданы жоғары, намысқой азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық. Тәуелсіздік туы желбіреген егеменді еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде, олардың бойына ізеттілік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін-жерін, Отанын сүйшілік секілді ең асыл қасиеттерді қан мен жанына сіңіруде осы ата-бабамыздың салт-дәстүр негізін ұстансақ өте ұтымды болар еді.

Қазақ халқы «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп, атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуге тырысқан.

Ұлттық тәрбие - біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ұлттық тәрбиемен сусындап өскен әрбір жас ұрпақтың дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор,сыпайы, кішіпейіл болып өсетініне күмән жоқ. Ұлы Абай атамыз былай деген екен:«Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады, біріншісі- ата-анадан, екіншісі-ұстаздан, үшіншісі қоғамдық ортасынан». Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі - тілі, екіншісі - діні, үшіншісі - дәстүрі, төртіншісі - тарихы, бесінші-атамекені. Құндылықтар - шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне жаңа ортаға икемді бейімделіп қана қоймай, оны белсенді түрде өзгерте алатын заманауи білім беру технологияларын меңгерген, білікті болашақ маман қажет. Мұндай кадрларды даярлаудың оңтайлы нысаны - болашақ мамандарды колледж бен балабақша арасындағы өзара серіктестік іс-қимылы негізінде тәжірибеге бағытталған ортада оқыту.

*Зерттеу нәтижелері:*Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің №1 «Балапан» балабақша-бөбекжайы» ҚМКҚ мен «Абай» атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі арасындағы серіктестік жұмысы көлемінде бірқатар бірлескен жобаларды жүзеге асырды. Балабақша колледждің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының білімалушыларының тәжірибеден өтетін алаңына айналған. Колледжде меңгерген кәсіби біліктер мен дағдыларды, іскерліктерді тікелей іс тәжірибе алаңында қолдану, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп, өзара кірігуін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттыратындығы сөзсіз. Колледждің педагогикалық шеберханаларында балаларға арналған ұлттық құндылықты дамыту үшін түрлі құралдар кешені жасалды. Бұл құралдарда да бала бойында

ұлттық тәрбиені қалыптастыруға бірден бір үлесін қосады деп ойлаймын. «Даналық қоржыны», «Ұлттық құндылықтар керуені», «Асықтар» дидактикалық құралдар балаларға тек мағлұмат қана беріп қоймай, сонымен қатар түрлі тапсырмалармен ұсынылған, балаларды ойнай отырып өз ұлтының құндылықтарына қызықтыра алады. Тапсырмалар мен ойындарды орындау арқылы балалардың таным процестері, логикалық ойлаулары, сенсорикалық сезімдері дами түседі.

«Төрт түлік – ұлттық қазына» ойыны

«Асықтар баспалдағы» ойыны

«Қазан асық» ойыны

Қазіргі таңда ұлттық құндылықтарды балалардың бойында дәріптеу етене қолға алынған. Мектептерде, балабақшаларда осы ұлттық тәрбиені, құндылықты қалыптастыру үшін түрлі жұмыстар атқарылуда. Сондай жұмыстардың біріне өзім де қатысып тәжірибе жинақтадым. Өскемен қаласының № 15 «Рахат» балабақша-бөбекжайынан практикадан өту барысында ұлттық құндылықтардың аясында жасалынған «Бестемше» бөлмесін көріп, балалармен қызықты сәттерді өткіздім. «Бестемше» ұлттық ойыныда қазіргі сәтте қарқынды дамып келе жатыр. Бұл ойын құрылысы жағынан тоғызқұмалақ ойынына ұқсайды. «Бестемше» ойынын ойнауда балалардың ең алдымен ойлау қабілеттері дамиды. Сонымен қатар, санау әрекетіне, ұсақ қол моторикасына пайдалы. Ең маңыздысы балалардың ұлттық құндылыққа деген қызығушылықтары арта түседі.

Қорытындылар. Қазіргі өзгермелі қоғамдағы заманауи өзгерістерге тез бейімделе алатын жан-жақты тұлғаны дамыту үшін, білім беру саласының барлық сатыларының сабақтастығы мен үздіксіздігі қадағалануы тиіс екендігіне көз жеткізуге болады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуда ойын әдістерін қолданудың маңызы зор, өйткені баланың негізгі іс-әрекеті ойын болып табылады. Сондықтан баланы шаршатпай, оның танымдық қызығушылығын оятатын ойындар жүйесін құрып, ойын технологиясын енгізу қажеттігі дәлелденді.

Ұлттық нақыштағы дамытушы ойындар мен дидактикалық құралдар сан алуан және балабақша балаларына да, колледждің болашақ мамандарына да қол жетімді. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыруда тиімді қолдануға мүмкіндік беретін ұлттық ойындар мен құралдар заманауи талаптарына сай келетін ғажап әдістемелік құралдар болып табылады.

Ең маңыздысы, колледж білім алушылары мен педагогтардың ұлттық дамытушы құралдарын «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы міндеттерімен ұштастыра қолдана алуында. Аталған жоба жұмысын жүзеге асыру барысында колледж бен балабақша серіктестігі арасындағы жұмыстың бірнеше маңызды міндеттері шешілді. Мектепке дейінгі мекемеде жобаны іске асыру барысында колледж білім алушылары мен балабақша педагогтері арасында жүйелі жұмыс жүйесін құруға мүмкіндік берді. Екіншіден, колледж білім алушыларына болашақ мамандығының қыр-сырын меңгеруге, тәрбиеші қызметіне жұмысқа орналасқанда ұжымға тез бейімделуге, балалармен қарым-қатынас орнату

шеберлігінің артуына, тәрбиелеу-білім беру процесінде инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігіне көз жеткізуге жағдай жасалды.

Тәрбие беруде ұлттық құндылықтарымыз арқылы жол көрсетер болсақ, болашақ мамандар қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне жоғары мәдениетті деңгейде бейімделе алады деп айта аламын.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 маусымдағы № 194 бұйрығы.
2. Қабылова Қ. Халықтық педагогиканың бала тәрбиесіндегі рөлі //Бала тәрбиесі. – 2005. - №4. С.33-34
3. Қосақова Г. Баланың бас ұстазы – ата-анасы //Бала тәрбиесі. – 2005. -№5. С.21-23
4. Қалиев С., Молдабеков Ж. «Этнопедагогика» - Астана. 2005 ж.
5. С.Әбішқызы, Ж.Сарманов.«Ұлттық тәрбие–құндылығы мол дүние ». 2008 ж.

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНЕ ЫҚПАЛЫ МҮМКІНДІКТЕР МЕН ҚАУШТЕР

Студент Мулдаақынова Ж., 2 курс, Семей қ-сы «М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»

Ғылыми жетекшісі: Керимбаева А.Д.

Өзектілігі: Бүгінгі таңда болашақ педагогтерді цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлау – жоғары мектептің ең өзекті мәселесі. Олар қазіргі ақпараттық қоғам талабына сай оқу-тәрбие үдерісінің тиімді ұйымдастырылуына ықпалын тигізумен бірге, білім алушылардың тез өзгермелі ақпараттық қоғамға үйлесімді бейімделуінің, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыра алатын құзыретті маман тұлғасын дайындаудың әмбебап құралына айналып отыр. Ең алдымен, цифрлық білім беру ресурстары дидактикалық мақсатқа жетуге немесе белгілі бір оқу міндеттерін шешуге бағытталған дайын интерактивті мультимедиялық өнім болып табылады. **Қазіргі таңда оларды пайдалану тиімділігі – бұл ақпараттық білім беру ортасына қызығушылықты тудырумен қатар ақпаратқа қолжетімділік дәрежесін қамтамасыз ету және білім сапасын арттыру.**

Мәселе: Цифрландыру, бір жағынан, біріктіруші және кіріктіруші бастама ретінде әрекет етсе, екінші жағынан, педагогтер қауымы және жалпы қоғамның әрбір мүшесі үшін мүлдем жаңа оқыту құралы болғандықтан, оны меңгеруде үлкен қиындықтар туындап отыр. **АҚШ және Еуропа елдерінде AR/VR құралдары, сонымен қатар платформалар (Socrative, Kahoot, Nearpod) оқытуды қызықты әрі бейімделген етеді. Бұл оқушылардың материалды тереңірек түсінуіне ықпал етеді.**

Жұмыс: Цифрлық технологияны пайдалану мектептерде көптеген оң нәтижелер көрсетіп отыр. Олардың ішінде ең маңыздысы: Оқушылардың үлгерімін арттыру – Интерактивті платформалар (мысалы, Kahoot, Google Classroom, BilimLand) оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып,

күрделі тақырыптарды жеңіл түсінуге көмектеседі. Жекелеген оқыту мүмкіндіктері – Цифрлық құралдар әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімделуге мүмкіндік береді. Мысалы, бейне сабақтар, онлайн тапсырмалар немесе адаптивті оқыту бағдарламалары оқу қарқынын жеке реттеуге мүмкіндік береді. Дегенмен, кейбір қиындықтар да бар. Интернетке қолжетімділіктің төмендігі, техникалық құралдардың жетіспеушілігі және мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру қажеттілігі кейбір мектептерде технологияны тиімді енгізуге кедергі келтіруде. Бірақ жалпы алғанда, цифрлық технологияны пайдалану мектептерде білім сапасын жақсартуға ықпал етуде.

Мүмкіндік: Мектеп оқушыларына арналған Kahoot платформасын қолдану. Бұл платформа интерактивті сұрақтар арқылы оқушылардың білімін тексеруге мүмкіндік береді. Сабақ барысы қызықты әрі тиімді өтеді.

Қауіп: Егер мұғалім интернетке тәуелді платформаларға толық арқа сүйесе, техникалық ақаулар сабақтың тиімділігін төмендетуі мүмкін. Мысалы, интернет болмаған жағдайда сабақ тоқтап қалуы ықтимал.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсатын – цифрлық технологияларды пайдалану мен дамыту арқылы мемлекет экономикасының бәсекелестігін арттыруды жүзеге асырудың басты бағыты ретінде қарастыра аламыз (Мемлекеттік бағдарлама..., 2017) [1]. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру саласындағы қазіргі пандемия кезіндегі өзекті проблемалардың бірі есебінде онлайн білім беру платформасын атап өткен болатын (Тоқаев, 2020) [2].

Міндеттері:

- Финляндияда цифрлық технологияларды қолдану білім берудің негізгі бөліктерінің бірі болып табылады. Олар оқытудың жекелендірілген тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға бағытталған. Әрбір оқушы заманауи құралдармен жабдықталған және мұғалімдер үнемі кәсіби біліктілігін арттырып отырады. Бұл елде критикалық ойлау мен цифрлық сауаттылықты дамыту басты назарда.

- Білім беру сапасын арттыру;

- Технологиялар арқылы оқыту материалдарының интерактивтілігі мен көрнекілігін арттыру.
- Оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген оқыту әдістерін енгізу.
- Тиімді басқару және бақылау жүйесін құру
- Білім беру нәтижелерін жылдам тексеру және деректерді талдау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.
- Автоматтандырылған жүйелер арқылы оқу үлгерімін бақылауды жақсарту.

- Кең қолжетімділік пен икемділік;

- Оқу ресурстарын кез келген уақытта және кез келген жерде пайдалануға жағдай жасау.
- Оқу процесін оқушының жеке қарқынына бейімдеу.

- **Инновациялық әдістерді енгізу;**

- STEM білім беру, робототехника, бағдарламалау сияқты жаңа технологиялар арқылы креативті және техникалық ойлауды дамыту.
- Цифрлық зертханалар мен платформаларды қолдану арқылы эксперименттер жасау мүмкіндігі.

- **Цифрлық сауаттылықты дамыту;**

- Оқушылар мен мұғалімдерді заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалануға үйрету.
- Сыни ойлау мен ақпаратты талдау қабілеттерін арттыру.

Зерттеу нәтижелері: Жекелендірілген оқыту: Цифрлық технологиялар әрбір оқушының жеке қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді, оқыту процесін бейімдеп, кері байланыс орнатуды жеңілдетеді. Бұл оқыту нәтижелілігін арттырады және шығармашылық әлеуетті дамытуға ықпал етеді.

Ақпаратқа қолжетімділік: Білім алушылар үшін кез келген уақытта және кез келген жерде оқуға мүмкіндік береді. Онлайн курстар мен ресурстар білім берудің жаһандық деңгейге шығуына жол ашады.

Көрнекілік пен интерактивтілік: Виртуалды құралдар, анимациялар және графикалар оқу материалын жеңіл қабылдауға көмектеседі.

Қорытынды: Цифрлық технологияларды қолдануда тиімді саясат пен әдістемелерді енгізу арқылы олардың оң әсерін күшейтіп, қауіптерді азайтуға болады. Цифрлық технологияларды мектептерде қолдану – қазіргі заманғы білім беруді жетілдірудің маңызды бағыты. Ол оқушылардың оқу үлгерімін жақсартып, сабаққа деген ынтасын арттырады, сондай-ақ мұғалімдерге оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Жеке оқыту траекториясын құру, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту, білімге кең қолжетімділік сияқты мүмкіндіктер білім беру сапасын жаңа деңгейге көтереді. Дегенмен, цифрлық технологияларды сәтті енгізу үшін интернетке қолжетімділік, техникалық жабдықтау және мұғалімдердің цифрлық сауаттылығы сияқты мәселелерді шешу қажет. *Осы сын-қатерлерге қарамастан, цифрлық технологиялардың мектептерде қолданылуы – білім берудің болашағы үшін маңызды қадам. Ең бастысы, оны тиімді пайдалану арқылы оқыту процесін барынша қолжетімді, қызықты және нәтижелі етуге болады.*

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Молодой ученый ғылыми журналы/Білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында оқыту әдістемесінің өзгеруі./Журнал: Молодой ученый, 2021 жыл, №23 (389)./[<https://moluch.ru/>]
2. Республикалық білім порталы/Цифрлық технологиялардың білім беру саласына әсері./[<https://bilimger.kz/>]
3. Сардарова Ж.И., Кисметова Г.Н., Турежанова Г.А., Саркулова Д.С. Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану даярлығын қалыптастыру. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.; М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ./[e-mail:

[sardar.Zh@mail.ru/https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/download/1218/683/3302\]](https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/download/1218/683/3302)

4. Т. Хасенқызы/Цифрлық педагогика – Z ұрпақты кәсіби даярлаудың негізі ретінде. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан./ [\[https://bulpedps.enu.kz/index.php/main/article/download/614/414/7415\]](https://bulpedps.enu.kz/index.php/main/article/download/614/414/7415)

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ҮРДІСІН ЖЕТІЛДІРУ

Студент Мұратқанқызы Ж., 4 курс, Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Тюлекпаева С.Е., педагогика және арнайы пәндер оқытушысы

Жұмыстың өзектілігі: Қазіргі уақытта қоршаған цифрлық кеңістік ерте жастан бастап бала өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Баланың қоршаған әлем, жалпыадамзаттық құндылықтар, адамдар арасындағы қарым-қатынас туралы түсініктерін қалыптастырудың қайнар көзі тек ата-аналар, әлеуметтік орта және білім беру ұйымдары ғана емес, сонымен қатар медиа ресурстар болып табылады.

Мәселе: Қазіргі заманғы балалар үшін компьютерлік құралдарды қолдану арқылы танымдық, зерттеушілік, ойын әрекеттері күнделікті, тартымды іс-әрекет, жаңа білім мен тәжірибе алудың қолжетімді тәсілі болып табылады. Планшеттер мен телефондардың арбада және ата-анасының тізесінде отырған балалардың ойыншықтары екені бізді таң қалдырмайды. Ерте жастан бастап балалар электронды құрылғыларды меңгереді, қандай батырманы басу керектігін біледі.

Жұмыстың мақсаты: Балалардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын дамытуда, заманауи цифрлық білім беру кеңістігін ұйымдастыру арқылы білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыру.

Жұмыстың міндеттері: - Мектепке дейінгі білім беру ұйымында заманауи цифрлық ортаны ұйымдастыру интерактивті оқыту ойындары әртүрлі қабілеттері мен мүмкіндіктері бар балаларды бір мезгілде оқытуды ұйымдастыру;

- Әр баланың жеке жас ерекшеліктеріне қарай тәрбиелік іс-әрекетті қалыптастыруға мүмкіндік беру;

- Цифрлық технологиялар дамытушылық оқыту мәселелерін шешудің және іс-әрекеттік тәсілді жүзеге асыру.

Виртуалды білім беру мәселелерін шешу барысында балалардың шығармашылық қабілеті, бастамашылдығы, ізденімпаздығы, табандылығы, еңбекқорлығы, жауапкершілігі дамиды.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері болашақ мектеп оқушылары болып табылады және олардың дайындығы басқалармен қатар дәстүрлі оқыту әдістемелерінен сапалық артықшылығы бар цифрлық

технологиялармен байланысты болуы керек. Цифрлық технологиялар заманауи білім беру ортасын қалыптастырады, классикалық әдістер мен әдістерге жаңа мүмкіндіктер береді, мұғалімдерге жаңа құралдармен қамтамасыз етеді.

Педагогтардың өз дағдыларын жетілдіруге, білімдерін жаңартуға және Интернет-технологиялардың көмегімен үздіксіз өз бетінше білім алуға және біліктілігін арттыруға қолдау көрсетуге мүмкіндіктері бар (оларға бейнеконференциялық байланыс, вебинарлар, онлайн конференциялар, шеберлік сыныптары, біліктілікті қашықтықтан арттыру және қайта даярлау, кәсіби шеберлік конкурстары, әдістемелік әзірлемелер, тестілеу жатады). Тәрбиеші жұмысының маңызды аспектісі сонымен қатар мұғалімнің де, тәрбиеленушілердің де өзін-өзі бағалау деңгейін арттыратын әртүрлі педагогикалық жобаларға, қашықтықтан өткізілетін байқауларға, викториналарға, олимпиадаларға қатысу болып табылады. Мұндай іс-шараларға күндізгі қатысу көбінесе аймақтың шалғай орналасуына, қаржылық шығындарға және басқа себептерге байланысты мүмкін емес. Ал қашықтықтан қатысу барлығына қолжетімді.

Зерттеу нәтижелері: Қазіргі уақытта мектеп жасына дейінгі балаларға арналған компьютерлік ойын бағдарламалық жасақтамасын таңдау айтарлықтай кең.

Мультимедиялық қолдаумен сабақ.

Мультимедиялық презентацияны қолдану сабақты эмоционалды түрде түрлі-түсті, қызықты етуге мүмкіндік береді, сабақтың жақсы өтуіне ықпал ететін тамаша көрнекі құрал және көрнекі материал болып табылады.

Диагностикалық сабақ.

Мұндай сабақтарды өткізу үшін арнайы бағдарламалар қажет, бұл кейбір жалпы білім беретін бағдарламаларда аз немесе мүлдем жоқ. Бірақ мұндай компьютерлік бағдарламаларды әзірлеу - уақыт талабы. Қолданбалы бағдарламалар құралдарының көмегімен тест тапсырмаларын құрастыруға және оларды диагностика үшін пайдалануға болады.

Ата-аналармен жұмыста қолдану.

Қазіргі ата-аналар ақпараттық папкаларға - топтардағы қозғалыстарға аз көңіл бөле бастады, тәрбиешілермен қарым-қатынас жасауды және балалары туралы ақпаратты заманауи құралдар арқылы алуды жөн көреді: балабақша сайты, Viber, WhatsApp чаттары және т.б.

Мектеп жасына дейінгі балаларды цифрлық технологиялармен оқытуда көптеген әдістер, құралдар қолдануға болады. Мысалы менің қазіргі таңда білім алып жүрген ШҚО, Абай атындағы гуманитарлық колледжінде мектеп жасына дейінгі білім беруде көптеген цифрлық құралдар қолданылады. Мен солардың арасынан «Робот-тышқан» ұсынғым келеді.

«Робот-тышқан» көптеген функцияларды орындайды: арнайы пластикалық панельдер мен қабырғаларды пайдалана отырып, далада әртүрлі конфигурациядағы лабиринттерді салу; Роботтың әрбір қадамы белгілі бір объектіні іздеуге бағдарламаланған; балаға санау негіздерін, «сол-оң-артқа-алға» қарапайым түсініктерді үйрету; лабиринтте жоғалған нысанды іздеу және роботқа дыбыс және жарық сигналдарын жіберу; арнайы карталар арқылы

орындалған жұмыстарды бірлесіп талдау. Бұл құралдарды қолдану арқылы балалардың қызығушылықтарын, қарапайым түсініктерін, ойлау т.б қабілеттерін дамытуға болады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуды ойын-сауық ойындарынсыз, тапсырмаларсыз және ойын-сауықсыз елестету мүмкін емес. Сонымен, математика сабағында даярлық тобының балалары STEM – «Робот-тышқан» жиынтығымен танысып, оны пайдаланады.

Бұл жинақ балаларды жас кезінен ғылымға, технологияға, инженерияға және математикаға қызықтыру және қызықтыру үшін арнайы әзірленген.

Робот-тышқан жинағы қадамдық бағдарламалауды меңгеруге көмектеседі және сыни ойлау мен логикалық дағдыларды дамытады.

Мақсаты: «Робот-тышқан» сияқты интерактивті құрал-жабдықтармен жұмыс істеуге және оны дұрыс бағдарламалауға үйрету.

Тапсырмалар:

1. Интерактивті құрал-жабдықтармен жұмыс істеу дағдылары мен дағдыларын дамыту.

2. Баланың ұсақ моторикасын дамыту.

4. Табандылық пен ұқыптылыққа баулу.

5. Өз еңбегіне, басқа адамдардың еңбегіне және оның нәтижелеріне құндылық көзқарасты тәрбиелеу; ынтымақтастық дағдыларын дамыту: топта, топта, шағын топта (жұпта) жұмыс істеу.

Қорытындылар: Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде цифрлық технологияларды пайдалану болып табылады. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиешілердің негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс тандау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау. Яғни, заманауи цифрлық білім беру кеңістігін ұйымдастырып, білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыратын болсақ, онда балалардың қажеттіліктері мен қызығушылықтары арта түседі.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту. Алматы-2017

2. Елеубай С. Білім беру технологиясының қазіргі проблемалары. Алматы, 2010.[270б.]

3. Тәрбиешілерге арналған нұсқаулық.

4. Айтмамбетова Б.Р, Бейсенбаева А.А. Жеке адамның дамуы, тәрбиесі. - Алматы. КазПИ, 2016

КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРДЫҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ӘСЕРІ

Студент Мұхамед Ұ., 4 курс, «Алматы қаласының Инновациялық техникалық колледжі»

Ғылыми жетекшісі: Тобықбаев А.К., дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы

Компьютер қазіргі өмірде маңызды рөл атқарады. Компьютерлік ойындардың балалардың денсаулығына әсері туралы мәселе өзекті болып табылады

Жобаның мақсаты мен міндеттері:

- Компьютердің колледж студенттерінің психологиялық жағдайына әсерін зерттеу
- Қалыпты психологиялық жағдайды сақтау бойынша ұсыныстар әзірлеу
- Зерттеу әдістері
- Талдау, сауалнама, тестілеу
- Теориялық бөлім
- Компьютерлік ойындардың шығу тарихы
- Компьютерлік ойындардың түрлері: аркадалар, басқатырғыштар, жарыстар, квесттер, MMORPG, RPG, тренажерлар, стратегиялар, атқыштар, экшн ойындары

Компьютердің денсаулыққа әсері

- Компьютерлік ойындар шаршау мен ауырсынуды тудыруы мүмкін
- Оң жақтары: технологияға қызығушылық, зейін мен шешімді дамыту

Практикалық бөлім

- 1 курс студенттер арасында әлеуметтік сауалнама жүргізілді
- Зиянды факторлар мен жасөспірімдер компьютерге тәуелділігі анықталды

Ұсыныстар

- Ойын уақытын шектеңіз
- Монитордан қашықтықты басқарыңыз
- Ойын мазмұнын сүзіңіз
- Уақытты басқару үшін арнайы бағдарламаларды пайдаланыңыз

Президент жастардың құмар ойындарға тәуелділігіне алаңдады. «Балаларды және құмарпаздарды ойынға тартқан заңды тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылуы тиіс», - деді Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. "Соңғы кезде жастар арасында құмар ойындарға тәуелділік белең алды. Бұл кеселден құмарпаздардың өздері ғана емес, олардың отбасы, туыстары мен жақындары зардап шегеді. Жасөспірімдер заманауи технологиялардың ықпалымен құмар ойындарына оңай шырмалатын болды. Букмекерлер мен казинолар интернетте толассыз жарнама жасап, жұртты еріксіз еліктіруде. Мемекет бұған шектеу қою үшін бірқатар маңызды шара қабылдады. Бірақ бұл шаралар, әрине, жеткіліксіз", - деді Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында.

Президент жас ұрпақты құмар ойынның зиянды ықпалынан жан-жақты қорғау қажет екенін айтты. Мәселені шешу үшін жаңа тәсілдер қолдану қажет деп есептейді. "Балаларды және құмарпаздарды ойынға тартқан немесе сондай жағдайға жол берген заңды тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылуы тиіс. Қажет болса, оларды лицензиясынан айырамыз", - деді Президент.

Айтуынша, қазір осындай заңсыз қызметі үшін жеке тұлғаларға 200 АЕК көлемінде ғана айыппұл салынады. Президент шетелдіктердің ел аумағында құмар ойындарды заңсыз жүргізіп, лотерея ұйымдастыру арқылы табыс

табуына тыйым салуды тапсырды. Президенттіміз құмар ойындарына тосқауыл қою үшін заңнамалық шаралармен шектеліп қалуға болмайтынын айтты. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев заңсыз ойын бизнесімен күресу үшін қоғамдық бақылауды күшейту керек деп санайды. Бұл міндетті орындауға құзырлы органдар белсенді атсалысуы керек. Жаупкершілікке тартылуы тиіс. Қажет болса, оларды лицензиясынан айырамыз", - деді.

Жобаның өзектілігі.

Қазіргі өмірді компьютерсіз елестету мүмкін емес. Ол балаларды тәрбиелеу мен оқытудан бастап ең маңызды әскери нысандарды бақылауға дейінгі — әртүрлі мақсаттарына қызмет етеді.

Қазіргі уақытта компьютерлер салыстырмалы түрде арзан және көпшілікке қолжетімді. Үйде компьютердің пайда болуымен отбасы мүшелері барған сайын жаңа компьютерлік ойындарды меңгере бастайды, мұнда ең белсенді қатысушылар балалар болып табылады.

Бүгінгі күннің басты мәселесі - компьютерлік ойындардың адам денсаулығына әсері. Компьютерлік ойындар нарығы жаңа өнімдермен қуанта отырып, өте жылдам қарқынмен дамып келеді. Жастар үшін ойында өз жетістіктерін құрдастарымен бөлісу және ойнау сәнге айналған.

Бірақ бұл "ақылды қорап" баланың денсаулығы үшін қауіпсіз бе? Бұл мәселе бойынша сарапшылардың пікірлері екіге жарылды. Көптеген психологтар мен дәрігерлер ата-аналарға компьютерлік сәулеленудің денеге зиянды әсері және ойынның баланың психикасына теріс әсері туралы ескерту арқылы дабыл қаға бастады.

Дәрігерлерден ойынға тәуелділік синдромы туралы жиі естуге болады. Көптеген емханалар психологиялық көмек көрсету бойынша қосымша қызметтерді енгізді (әсіресе балалар мен жасөспірімдер). Олар басқалардың ықпалына қатты бейім, осал психикасы бар және бәріне сезімтал. Мұндай балалар үшін компьютерлік ойын виртуалды әлемде күш пен сәттілік елесін жасай отырып, ең жақсы досқа айналады. Психологтар ойынға жиі ұшырайтын балалардың түрін құрастырды.

Біз IT колледжінде оқимыз және көптеген құрдастарымыздың, жалпы балалардың компьютерлік ойындарға қызығушылық танытатынын байқаймыз, олардың шамамен 90% -ы «белсенді ойын ойнайды - танктер, атқыштар. Бізді бұл мәселе қызықтырды: белсенді компьютерлік ойындар жасөспірім денсаулығына қалай әсер етеді?

Бейне ойындарға тым құмар жігіттер тез арада тұрақты әдетке ие болып, оларға тәуелді болады. Сондықтан бұл тақырып, біз ойлағандай, қазіргі уақытқа қатысты.

Жобаның мақсаты:

- компьютердің колледж студенттерінің психологиялық жағдайына әсерін зерттеу, қалыпты психологиялық жағдайды сақтау бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Жобаның міндеттері:

1. Осы тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау жүргізу.

2. Жасөспірімдердің психикалық жағдайына компьютердің әсерін зерттеу.

3. 1 курс студенттерімен әлеуметтік сауалнама жүргізу.

4. Ата-аналарға арналған ұсыныстар мен студенттерге арналған нұсқаулықтарды әзірлеу, компьютерге тәуелділіктің алдын алу.

Зерттеу әдісі: талдау, сауалнама, тестілеу.

Зерттеу пәні: Жасөспірімнің психикалық жағдайының ерекшеліктері.

Зерттеу гипотезасы: Компьютерде ұзақ оқу, компьютерлік ойындарға және Интернетке деген құштарлық тәуелділіктің қалыптасуына ықпал етеді.

Практикалық маңыздылығы: материалды сынып сағаттарында және күнделікті өмірде қолдану.

Компьютерлік ойындар біз көріп отырғандай психикаға ғана емес, жалпы денсаулыққа да теріс әсер етеді. Көптеген балалар мен жасөспірімдер ойыннан кейінгі шаршауға, қолдың, жамбас мүшелерінің, мойын мен бастың артқы жағындағы ауырсынуға шағымданады, сонымен қатар ас қорытуға, бірақ көру қабілетіне әсер етеді.

Қорытынды:

- Тақырып бойынша ақпарат жиып, оны талдадым.

- Әлеуметтік сауалнама кезінде студенттер денсаулығына компьютердің зияны екені туралы қорытындыға келдім. Бірақ егер де біз компьютермен жұмыс істеу ережесін сақтайтын болсақ компьютер біздің өмірімізді жеңілдететін құралға айналады. Компьютерді дұрыс пайдаланып жаңа технологияны дамытып, сапалы бағдарламалар жасауымыз қажет екенін түйіндедім.

- Студенттер мен ата-аналарға ұсыным жасадым.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Войскунский, А.Е. Феномен зависимости от Интернета [Текст] / А.Е. Войскунский // Гуманитарные исследования в Интернете / Под ред. А.Е. Войскунского. М, 2015. С 100-131.

2. Минакова А.В. Психологические особенности лиц, склонных к Интернет – зависимости. <http://nedug.ru>

3. Эльконин Д.Б. Психология игры. М., 2001.

4. Фомичева Ю.В., Шмелев А.Г., Бурмистров И.В. Психологические корреляты увлеченности компьютерными играми // Вестник МГУ. Сер 14. Психология. 2003. №3.

5. Интернет-ресурс <http://atmeclub.com.ua/articles/kak-vyzhit-za-komputerom-skazaniya-ob-ergonomik>

ТРИЗ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН ДАМУ

Студент Мұхан А., 3 курс, «Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі» МКҚК
Ғылыми жетекшісі: Ниетбаева К.Т., география және арнайы пән оқытушысы

Өзектілігі: Қазіргі кезде тұлғаны жан-жақты білімді, ізденімпаз, ойы ұшқыр, саналы, зерек, жауапкершілігі зор, қоғам талаптарын қанағаттандыратындай етіп қалыптастыру ең маңызды мәселелердің бірі. Оны шешу үшін білім берудің мазмұны жаңартылып, оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері қолданылуда [10]. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім беру мекемелірінің педагогтарына педагогикалық процесті кез-келген оңтайлы нұсқамен құруға мүмкіндік береді [1]. Осыған сәйкес Генрих Саулович Альтшуллер жасаған ӨТШТ (ТРИЗ) технологиясын оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында қолдануға болады. ТРИЗ технологиясын қолдану дарынды, тамаша оқушыларды іздеуде емес, олардың шығармашылық қабілеттерін, әлемге стандартты емес көзқарасын, жаңаша ойлауын мақсатты түрде қалыптастыруды көздейді [2].

Мәселе: Бастауыш мектеп тәжірибесінде оқушыларды білім алуға, шығармашылығын дамытуға ынталандыруда ТРИЗ технологиясын инновациялық технологиялардың бірі ретінде қолдану қажеттігінен туындайды.

Мақсаты: ТРИЗ технологиясының теориялық негізіне талдау жасай отырып, оқу процесінде қолдану арқылы оқушылардың икемді, ұтқыр, жүйелі, сыни ойлау қасиеттері мен ізденімпаздыққа ұмтылу, сөйлеуі мен шығармашылық елестету қабілеттерін дамытуға болатынын көрсету.

Міндеттері:

- ТРИЗ технологиясының теориялық негізі мен әдістері;
- Бастауыш мектеп тәжірибесінде ТРИЗ технологиясын қолдану жолдары.

Креативтілік сөзі - ағылшынның “Creativity” сөзінен аударғанда шығармашылық деген мағынаны береді. Қазіргі заманауи психология мен педагогика саласында шығармашылық аясындағы зерттеулер белең алуда. Өйткені шығармашылық жетістік тұлғалық емес, әлеуметтік мағынаға ие болуда және ол психологиялық-педагогикалық ойларды шығармашылыққа аударуға мәжбүр етуде. Оқушылар жүйелі түрде өзбетімен жұмыс жасауы, олардың тұлғалық орындау дағдысын дамыту үшін, ғылыми және адамгершілік тәрбиенің бірлігін арттыру үшін, мектептің өмірмен, прогресспен байланысын байқату үшін, білім мен дағдыны меңгеруіне ықпал ету үшін оқушыларға жабық және ашық тапсырмалар ұсынылады.

Жабық тапсырмалар – педагогика мен психологияда кең қолданылатын тапсырмалардың түрі. Мұндай тапсырманы құрастыру оңай және олар оқушылардың түсінуіне жеңіл болады. Жабық тапсырмаларда барлық қажетті дерек анық түрде қамтылады, шешу әдісі белгілі және формальды операцияларды тізбек түрінде ұсынады және сөзсіз дұрыс жауабы болады. Жабық тапсырмалардың дидактикалық мазмұнын, ішкі құрылымын түрлендіре отырып бірнеше тапсырма дайындауға болады. Алайда оқу процесінде үнемі жабық тапсырмаларды қолданған жағдайда оқушылардың білім, білік, дағдылары толық жинақталмаған, шектеулі болады [3].

Ал ашық тапсырмалар жоғары деңгейлі танымдық дағдыларды тексеруге, дәлелдер келтіруге, қойылған проблемаға қатысты өзінің жеке көзқарасын білдіруге, сыни ойлауға арналған. Ашық тапсырмаларғы зерттеу,

өнертапқыштық, болжау, құрастырушылық және бағалау тапсырмалары жатады. Ашық тапсырманың көптеген шешімдері, ықтимал (нақты емес) жауабы болуы мүмкін стандартты емес шығармашылық тапсырмалар. Қазіргі кезде сарапшылардың пікірінше және сұраныс деңгейі бойынша оқушылардың ашық тапсырмалар орындау қабілеті маңызды болып отыр.

Ашық типтегі тапсырмалардың жабық типтегі тапсырмалардан артықшылығы: жауаптың қысқалығы және бір мәнді тұжырымы; тапсырмалар қызықты және мазмұны жағынан алуан түрлі; дұрыс жауапты жадтан жаңғырту арқылы есте сақтау қажеттілігі; дұрыс жауапты болжау ықтималдығы төмен болуы. Ашық типтегі тапсырмалардың кемшіліктеріне: тапсырма шешімінің анық еместігі; тапсырма тұжырымының түсініксіз болуы және тапсырманы құрастыру мен іріктеу уақыт пен ойлануды қажет етеді [3].

Оқу процесінде ашық тапсырмаларды қолдануда және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, шығармашылық іс-әрекетке қызығушылықтары мен бейімділіктерін арттыруда ТРИЗ технологиясын қолдану маңызды. ӨТШТ (ТРИЗ) - өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы (теория решения изобретательских задач) дегенді білдіреді. XX ғасырда кеңестік инженер-өнертапқыш Генрих Саулович Альтшуллер өнертапқыштық есептерді шешудің теориясын жасады. Ол 1946 жылы теориямен жұмыс жасай бастады. ТРИЗ атауы 1970 жылдары пайда болды. Г.С. Альтшуллер ТРИЗ технологиясын өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы деп қарастырды. Өнертапқыштық тапсырмаларды орындау адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың жаңа әдістемесі үшін негіз болып табылады деп түсіндірді. ТРИЗ технологиясын қолданудағы негізгі мақсат қандай? Көбінесе ТРИЗ кездейсоқтық элементтерін жоя отырып, өнертапқыштық процесті жылдамдату және оңтайландыру үшін қолданылады. Оқу процесінде ТРИЗ технологиясын қолдана отырып, мұғалім оқушылардың бір жағынан икемділік, ұтқырлық, жүйелілік, сыни ойлау қасиеттерін, екінші жағынан ізденімпаздық, жаңалыққа ұмтылу, сөйлеу, қиял және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Сонымен бірге ТРИЗ технологиясын қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытады, себебі бала бір нәрсені ойлап таба алады, жасай алады, шеше алады, іздейді, жасайды және жасағанын дәлелдейді. ТРИЗ оқу нәтижесінде бала өз тәжірибесін жаңғыртып қана қоймай, оны жаңа және қызықты идеяларға қолдануға үйренеді [4].

ТРИЗ технологиясының артықшылықтары:

- мәселенің түп-тамырын жаңа қырынан көруге көмектеседі;
- әдеттегі әдістерді қолданбайды;
- ең жақсы әсер береді;
- ақпаратты ыңғайлы ұйымдастыруға көмектеседі;
- шығармашылықты ынталандырады;
- жиі байқамайтынын қарапайым өнертапқыштардың шығармашылық ізденісті дұрыс түсінетінін көрсетеді;
- логиканы дамытады, жүйелі ойлауға үйретеді;
- жаңа ғылыми көкжиектер ашады;
- мәселені тезірек және жақсырақ шешуге көмектеседі.

ТРИЗ технологиясының кемшіліктері:

- процеске енгізу және оқушылардың үйренуі ұзақ уақытты қажет етеді.

ТРИЗ технологиясында заттық, кеңістіктік, ақпараттық, функционалдық ресурстар қолданылады. Мен «Инновациялық технологияларды қолданып сабақтар өткізу» атты өндірістік практикада ТРИЗ технологиясының заттық және ақпараттық ресурстарын қолдандым. Мысалы, жаратылыстану пәнінде «Ауаның қандай қасиеттері бар?» тақырыбын өткен кезде қорапқа жасырылған ауа сөзін табу үшін «Иә-Жоқ» әдісін қолдандым. Балалар, қорап ішінде бір нәрсе бар, оны табу үшін сендер маған сұрақ қоясындар, ал мен сендердің сұрақтарыңа «ия немесе жоқ» деп жауап беремін. Оқушылар: Қораптағы зат қатты ма? Жейтін зат па? Бүгінгі сабақпен байланысты ма? Түсі ақ па? Пішіні домалақ па? т.с.с. сұрақтар қою арқылы жасырылған сөзді, затты тапты. Бұл әдісті қолдануда сыныпта қанша оқушы болса, сонша оқушы сұрақ қояды, кейбір оқушылар бір емес, бірнеше сұрақтар қояды, сұрақ қою үшін ойланады, бірін-бірі тыңдайды және мұғалімнің «ия» деген жауаптарына сүйене отырып тапсырманың шешімін анықтайды. «Иә-Жоқ» әдісін қолдану арқылы оқушылардың сыни ойлауын, сөздік қорын, қиялын, шығармашылығын дамытуға ықпал ететініне көз жеткіздім. Сонымен бірге «Иә-Жоқ» әдісінің заттық түрінен басқа, оның сандық және жағдаяттық түрін қолдану арқылы да оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға болады [4].

Зерттеу нәтижелері: ТРИЗ технологиясын қолданудың түпкілікті нәтиже - қажетті әрекетті орындайтын және жағымсыз әсерлерге жол бермейтін жағдайдың болуы.

Қорытынды: ТРИЗ технологиясы шығармашылық процесті оңтайландыруға және мәселені аз күш жұмсап шешуге көмектесетін бірегей алгоритм болып табылады. ТРИЗ технологиясында әдістеменің қатаң анықталған қағидаттарға негізделуіне, тек қазіргі уақытта бар ресурстарды қолдануға және тағайындалған мәселелерді шешу үшін оның әдістерін пайдалануға көңіл бөлу керек.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. – Астана, 2000.
2. Альтшуллер Г.С. Найти идею. Введение в теорию решения изобретательских задач. - Новосибирск: Наука, 1991.
3. Гин А.А. Фактор успехов: учим нестандартно мыслить. – Москва: Вите-Пресс, 2021
4. Гин А.А. ТРИЗ-педагогика для малышей. – Москва: Галактика, 2021
5. Гин С.И. Мир логики. - Москва, 2001.

ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ, КАК ОСНОВА ИНТЕГРИРОВАННЫХ ЗАНЯТИЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Нурман И., студент 2 курса, ЧУ «Актюбинский техно-технологический колледж»

Научный руководитель: Исангулов И.Н., преподаватель физической культуры

Актуальность: В последнее время в начальном обучении идут поиски оптимальных вариантов преподавания отдельных учебных дисциплин.

Особо актуальной становится задача формирования целостного взгляда на окружающий мир и место человека в нем, начиная с младшего школьного возраста. Одним из путей решения данной проблемы является интегрированное обучение.

Предметная система обучения, в том числе в начальных классах, предполагает автономное рассмотрение отдельных сторон действительности и ориентирует учащихся на частное усвоение знаний в той или иной области, слабо связанных между собой.

Актуальность исследования объясняется необходимостью перестройки всего содержания физического воспитания и его преобразования в развивающуюся и открытую систему, в которой высшей ценностью становится студент с его индивидуальными особенностями.

В работе рассматривается образовательный процесс, содействующий формированию мотивации к регулярным занятиям физической культуры и спорта, основам здорового образа жизни и формированию культуры личности человека.

Психолого-педагогическая работа заключается в развитии методов самоконтроля, саморегуляции, познавательных процессов, а также волевых качеств, умения управлять собственным поведением в условиях учебного педагогического процесса физкультурно-спортивной деятельности.

Физическая культура – это та часть общечеловеческой культуры, которая представляет собой совокупность материальных и духовных ценностей.

Таким образом, актуальность исследования определена необходимостью повышения образовательной эффективности уроков физической культуры в учебном заведении на основе межпредметных связей.

Проблема: Получение образования – это не только освоение новых знаний, но и эмоциональная нагрузка, а также «сидение за компьютером». Все это отрицательно сказывается на самочувствии студентов и становится большой проблемой. Критично опасные вредные привычки и ухудшение экологии наносят серьезный ущерб качеству жизни студентов, вызывают потерю потенциала и мотивации.

Обучение в учебном заведении сказывается на здоровье студента, поскольку обучающий получает огромное количество умственной нагрузки. Малоподвижный стиль жизни приводит к негативным изменениям в организме, превращающийся затем в заболевания хронического характера.

Цель работы: разработать и обосновать технологию формирования физической культуры личности студентов с точки зрения педагогического и психологического аспектов.

Положительный эффект, оказываемый на здоровье обучающихся на занятиях физической культуре в учебном заведении, зависит от формирования положительных мотивационно-ценностных отношений к физической культуре

[Васильков, 2008]. Психолого-педагогические аспекты физического воспитания студентов являются значимыми в нашем обществе, так как физическая культура является одним из главных факторов психологического и физического развития.

Задачи:

1. Изучить психолого-педагогические аспекты физического воспитания студентов.
2. Проанализировать интегрированный подход к построению учебного процесса.
3. Сделать заключение о положительных результатах педагогических и психологических условий, обеспечивающие эффективную реализацию межпредметных связей на уроке физической культуры.

Текст: Главной целью физического воспитания в учебном заведении является формирование культуры личности, прежде всего физической.

Данная цель существует во многих отраслях науки, связанных с физической культурой: педагогике, психологии, физиологии, медицине, теории физической культуры и др.

Исторический опыт показывает, что потребность общества в физически развитом и работоспособном населении и заложена в основу для создания системы образования в области физической культуры.

Психолого-педагогическое развитие подрастающего поколения представляет собой целенаправленную работу с обучающимися. Данная работа направлена на развитие навыков самоконтроля, саморегуляции, познавательных процессов, развитие волевых качеств, постановку целей в спорте, умение управлять собственным поведением в условиях учебно-педагогического процесса.

В последнее время все больше школьников, а впоследствии и студентов имеют частичное или полное освобождение от занятий по физической культуре.

Следует отметить, что у современных студентов проявляется нарушение здорового режима сна и питания, тенденция к снижению физических нагрузок, которое отрицательно отражается на общем состоянии здоровья.

Большинство студентов, обучающихся в учебном заведении, подвержены повышенному уровню стресса, что также опасно для здоровья. Отсутствие или недостаток физической активности может способствовать увеличению жировой массы, появлению отдышки, ослаблению организма и подверженности простудным заболеваниям.

Все занятия, кроме физической культуры, проходят в аудиториях. После занятий студент идет домой, дома самостоятельно занимается подготовкой к завтрашнему дню (*сидя за компьютером или, по крайней мере, за столом*), затем играет в компьютерные игры или посещает страницы социальных сетей. Исходя из этого, современный студент ведет малоподвижный образ жизни. Это в свою очередь является одной из главных причин, по которой **спорт** должен стать неотъемлемой частью жизни студента.

Результаты исследования позволяют сделать вывод о том, что предусмотренных учебным планом занятий недостаточно для решения задачи по укреплению здоровья студентов.

Такую задачу может решить лишь комплекс как учебных, так и самостоятельных, силовых физических упражнений. Для формирования здорового образа жизни у студента необходима осознанная система образования в вузах.

Посещение занятий физической культуры, выполнение небольшой зарядки дома и даже легкий бег помогут студентам сформировать позитивные привычки, избавиться от перенапряжения и стресса, получаемого во время образовательного процесса [Гришина, 2014].

Выводы: Любая регулярная физическая активность благоприятно влияет на весь организм, изменяет мозг и разум человека, показывает важность ведения здорового образа жизни не только как средства получения рельефных мышц и подтянутого тела, а как комплекса факторов, помогающих студенту быть здоровым.

Для мотивации к спорту необходимо учитывать различные психолого-педагогические условия: желание и физическую возможность студентов к занятию определенным видом спорта, советы преподавателя по питанию и коррективке веса, которые стимулируют студентов на достижение собственной цели.

Проанализировав полученные данные, пришли к выводу, что положительный эффект, оказываемый на здоровье обучающихся на занятиях по физической культуре в учебном учреждении зависит от формирования мотивационно-ценностных отношений к физической культуре, которые образуются путем проведения различных конференций и семинаров, на которых студенты могут открыто поговорить о проблемах физического воспитания и предложить свои идеи и пути решения проблем.

Список использованных источников

1. Бальсевич В.К. Физкультура для всех и для каждого / В.К. Бальсевич // М.: Физкультура и спорт, 1988. 208 с.
2. Васильков А.А. Теория и методика физического воспитания. Ростов-на-Дону: Феникс, 2008. 381 с.
3. Гришина Ю.И. Общая физическая подготовка. Знать и уметь. Ростов-на-Дону: Феникс, 2014. 256 с.

ТҰТЫҚПАСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҚ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Студенттер Нұрланбекқызы А., Асқарбекова А., 3 курс, «М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі: Нургазы М.Т., психология пәнінің оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

Өзектілігі: Қазіргі таңда баланың тұтықпаға шалдығу мәселесі жан-жақты зерттелініп, тұтығудан сақтану жұмыстары жүргізіліп жатқанымен, әлі де логопедияның өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Тұтығуды басталған мерзімінен көп уақыт өткен сайын, баланың мінез-құлқының өзгеруіне себепкер болатын ауыр да, тұрақты кемістікке айналады.

Мектеп – бала ортасының дамуы, балалардың қарым-қатынастық сөйлеу әрекетін қалыптастыруда маңызы зор.

Мәселе: Егер тұтықпасы бар балалармен психологиялық-педагогикалық жұмыс неғұрлым ерте жүргізілсе, онда педагогикалық ықпал ету бала дамуын болжауға және нақты қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда:

- ерте балалық шақта қарым-қатынастық сөйлеу тілінің жетілуі;
- баланың жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып, тұлға дамуының жағымды жақтарын қарастыру;
- тұтықпасы бар баланың өзге балалармен еркін араласуының тез арада жүруі;

Жұмыс мақсаты:

Тұтықпасы бар балалардың қарым-қатынастық сөйлеу әрекетін қалыптастыруды теориялық тұрғыдан талдап, зерттеу.

Жұмыс міндеттері:

1. Еліміздегі тұтығатын балаларда қарым-қатынастық сөйлеу әрекетін қалыптастыру жолдарының мәселелерін ғылыми және теориялық тұрғыдан зерттеу.
2. Тұтығатын балаларда қарым-қатынастық сөйлеу әрекетінің даму ерекшеліктерін анықтау.
3. Тұтықпасы бар балалармен жүргізілетін түзету шаралары барысында, қарым – қатынастық сөйлеу тілін қалыптастыру кезінде логопедиялық әр түрлі жұмыстарының тиімділігін анықтау.

Мектеп жасындағы балалардың тұтығудың теориялық аспектілері, пайда болу белгілері.

Тұтықпа - бұл сөйлеу аппаратының әр түрлі бөліктерінде болатын тырысулардан туындайтын сөйлеудің бірқалыптылығының, ырғағының, темпінің бұзылуы [3].

Тұтығу – симптом да синдром да емес, ол орталық жүйке жүйесінің ауруы. Үлкен жарты шарлар қабығындағы жүйке күйзелісі бір жағынан жүйке жүйесінің жағдайына, оның қалыпты кезінен ауытқуға дайын болумен шартталған болуы мүмкін. Екінші жағынан күйзеліс жағымсыз экзогенді факторлардан туындауы мүмкін.

Тұтықпасы бар балалардың сөйлеу әрекетін қалыптастыру дағдыларын зерттеу.

Баланың асықпай, яғни тұтықпай дауыс ырғағының анық естілуін және оның дұрыс сөйлеуі үшін арнайы әдістер мен тәсілдер бар. Соларды тізбектеп өтелік. Ең бірінші баланың психологиясына мән беру қажет. Бірінші сатыда мінезінің қандай екенін анықтап алу. Оның өз ортасында және көпшілік ортада ұялу сезімінен арылту, болмашыға бола тұтығып қысылып қалуынан

сақтандыру қажет. Баланы үнемі тежеп немесе тоқтатып отыруға болмайды. Сонымен қатар қатты дауыс шығарып ұрсып немесе бар дауысыңызбен айқайлауға мүлдем болмайды. Баланың өзіне деген сенімділігін арттыуға тиістісіз.

Тұтықпаны түзетуде мұғалімнің орны ерекше деп білеміз. Мұғалім тұтығушының отбасымен тығыз байланыс жасайды, сыныптағы балалардың тұтығушыға ықыласпен қарауын қадағалайды, сыныптағы, мектептегі қоғам жұмысына тартып, баланы сөйлеуін түзетуге қызығушылығын белсендірілуіне жағдай жасайды. Түзету жұмысының негізгі міндеттеріне: жалпы, ұсақ, артикуляциялық моторикасын, фонациялық тыныс алуын, сөз қорын молайту т.б. жатады.

Тұтықпасы бар мектеп жасындағы балаларда тілдік қатынасты қалыптастыру бойынша жүргізілетін түзету жұмыстары.

Бүгінде тұтықпасы бар балалармен қандай жұмыс жасалып жатыр?, Балалар қай жасында жиі тұтықпаға шалдығады және неліктен?.

Осы сауалдарға жауап іздеп, арнайы логопедия мамандарынан сұхбат, кеңес алдық.

Баланың ойлау қабілеті, қарым-қатынасқа түсуі, өзіне жауап бере алу, қоршаған ортадағы орнаған дүниелерді қабылдау, жылдам қимыл қозғалыс жасау білу, сөйлеуде сөз мағынасын бұзбай анық жеткізу т.б мәселенің алдын алуда Семей қаласының Нейрологопедиялық орталығы «Зерде» жұмыс жасауда.

Орталықта 1 жастан бастап 8 жасқа дейінгі балалар бар. Орталық толығымен заманауи жабдықпен қамтамасыз етіліп, заманауи әдістерді қолданады.

Арнайы мамандар: СИ, АФК, логопед, дефектолог, нейропсихолог.

Логопед - бұл балалар мен ересектердегі сөйлеуді зерттеу, алдын-алу және түзетумен айналысатын маман. Логопедтің жұмысы қазіргі қоғамда маңызды және қажет, мұнда сөйлеу қарым-қатынастың маңызды құралдарының бірі болып табылады [2].

Дефектолог - **дефектология саласының маманы**. Кең мағынада алғанда - дамуында ауытқушылығы бар балаларды әлеуметтендіру, тәрбиелеу, оқыту, үйрету маманы [5].

Адаптивті дене шынықтыру (қысқаша. **АФК**) — мүгедектерді оңалтуға және қалыпты әлеуметтік ортаға бейімдеуге, толыққанды өмір сүруге кедергі келтіретін психологиялық кедергілерді еңсеруге, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік дамуына өзінің жеке үлесін қосу қажеттілігін түсінуге бағытталған спорттық-сауықтыру шараларының кешені.

Нейропсихология — мидың танымдық процестерінің қалыптасуы мен дамуын, оның қасиеттерін, ақпаратты тез немесе ұзақ есте сақтау қабілетін, мысалы, сандық жаттығуларды және шет тілін зерттейтін ғылымдағы жас бағыт.

Орталықта түрлі арнайы балалар үшін қызық-сауық күндер, таныстырылым т.б әдеби-өнегелі іс-шараларды ұйымдастырады. Ата-аналар ондағы балаларының нәтижесін көріп өз алғыстарын білдіреді. [4].

Зерттеу жұмысында «Зерде» нейрологопедиялық орталығына арнайы барып, топ балаларына жаттығулар, тапсырмалар орындатқыздық.

Топ 4 баладан құралған. Берілген тапсырма: суреттегі жануарлардың басы мен дене бөлшектерін табу арқылы дұрыс сәйкестендіру. Жануарлардың түрлерін ажыратып айту, сипаттау т.б жұмысын жүргізу.

2-тапсырма: Жеміс-жидектердің бөлшегін тауып, толықтыру. Жеміс-жидектердің пішінін, түрін, атауын, түсін, ұқсастығын т.б сипаттап айтады.

3-жаттығу: Алдыңғы тіске тілді тірейміз, зейінді тілдегі қысымға аударамыз. Екі қолымызды алдыға созып тілімізбен бірдей айналдыра қадағалаймыз.

Тапсырманы орындау балалар үшін өте қызықты және зейіндерін аудара алды. Балалар тез ұғып, тапсырманы орындауда жарыса бастап кетті.

Қорытындылай келе, мемлекетімізде қазіргі таңда ерекше балалармен даму мүмкіндігі шектеулі болып отыр. Бұл жандарға айрықша назар аударып, қамқорлық көрсетіп, қамқорлықтың бәрін барша адамзатқа жүктеген.

Тұтықпаға шалдыққан балаларда логопедиялық ритмика жалпы қозғалыстардың координациясына, жеңіл ерікті моторикаға бет мимикасының дамуына әсер етеді. Қозғалыс координациясының дамуы баланы немесе ересектік қозғалыс дағдысын меңгеруді шамалайды. Тұтығу халықтың 2-5%-ы зардап шегетін сөйлеудің ауыр бұзылысы болып табылады. Тұтығу мәселесінің өзектілігі әлеуметтік және педагогикалық жоспарда өте жоғары. Сөйлеу бұзылысы қоршаған адамдармен қалыпты коммуникативті қарым-қатынасты қалыптастыруда, мамандықты таңдауда кедергі келтіреді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Арипкулова Г. Тұтықпаны болдырмау және оны түзетудің жолдары. - Алматы: 2021.
2. Айтбаева А.Б. Арнайы педагогика негіздері. –Алматы: 2021. – 42-60 бет.
3. Оспанбаева М.П. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі. -Алматы: «Дарын» баспасы ЖШС, 2023. – 188 бет.
4. К.Жұмасова., Л.Есенова. Психология. - Алматы: «Фолиант» баспасы, 2017. – 372 бет.
5. Тебенова К.С. Дамуында ауытқуы бар балалар. // Әдістемелік құрал. Қарағанды: 2003.

ВОПРОСЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТЕХНОЛОГИИ 4К В ПРОЦЕССЕ ПРЕПОДАВАНИЯ В ОСНОВНОЙ ШКОЛЕ

Нұрсұлтанова А., студент 4 курс, КГКП «Восточно-Казахстанский гуманитарный колледж имени Абая»

Научные руководители: Полякова Н.М., преподаватель педагогики,
Вольф Р.Т., преподаватель психологии

Актуальность исследования заключается в необходимости интеграции технологии 4К (коммуникация, критическое мышление, креативность, кооперация) в процесс обучения иностранным языкам, что способствует

всестороннему развитию учащихся и подготовке их к будущей профессиональной деятельности. Согласно прогнозам Всемирного экономического форума, к 2030 году 4К-навыки станут одними из ключевых компетенций на рынке труда. [1,98].

Специалист будущего должен иметь четкие моральные ориентиры, понимать свою ответственность перед обществом и осознавать свои возможности. Также он должен развивать культурный интеллект и быть открытым к восприятию традиций и обычаев других культур, а также к различным способам познания мира – как научным, так и художественным.

Цель исследования - определение эффективных методических приемов для формирования 4К-компетенций на уроках английского языка.

Для достижения этой цели были поставлены следующие задачи:

1. Исследовать научную литературу по вопросам формирования soft skills и их классификации.

2. Разработать и апробировать комплекс упражнений для развития 4К-компетенций.

3. Провести диагностическое исследование уровня сформированности этих навыков у учащихся до и после применения предложенных методик.

4. Проанализировать полученные результаты и предложить рекомендации по их внедрению в образовательную практику.

Проблемы и вызовы:

Недостаток подготовки учителей: В процессе работы педагоги не достаточно информированы о технологиях 4К. Необходимы курсы повышения квалификации и тренинги.

Технические ограничения: В некоторых школах недостаточно оборудования и программного обеспечения для эффективного использования возможностей 4К.

Сопротивление изменений: Некоторые педагоги и родители могут быть скептически настроены к внедрению новых технологий, предпочитая традиционные методы обучения.

Индивидуальные различия учащихся: Каждому ученику требуется индивидуальный подход, и технологии 4К не всегда могут учесть все особенности учащихся.

Образование столкнулось с ситуацией, когда в ряде сфер знания, умения и навыки устаревают быстрее, чем заканчивается нормативный срок обучения. Именно поэтому требуется совершенно новый подход к составляющим компетентности будущего профессионала, которые должны лечь в основу образовательных программ.

Проблема, которую предстоит решить, не ограничивается определением нового набора профессиональных компетентностей или обновлением передаваемых знаний.

Применение технологии 4К в учебном процессе:

Внедрение технологии 4К в учебный процесс требует не только изменения подходов к обучению, но и подготовки учителей. Педагоги должны быть готовы использовать современные инструменты и методики, которые

помогут развивать указанные компетенции. Это может включать в себя обучение работе с интерактивными досками, программами для создания презентаций и мультимедийных проектов. [4,23]

Методика формирования 4К-компетенций:

1. Коммуникация – ролевые игры, дискуссии, ведение блогов.
2. Критическое мышление – метод фишбоун, анализ верных и неверных утверждений.
3. Креативность – метод шести шляп, друдлы, фрирайтинг.
4. Кооперация – групповая работа, проектная деятельность. [5, 78]

Результаты исследования:

Исследование показало, что интеграция технологии 4К в процессе обучения способствует формированию у учащихся ключевых компетенций XXI века: коммуникации, критического мышления, креативности и кооперации. В ходе исследования, нами были проведены диагностические тестирования, практические занятия и наблюдения за динамикой развития навыков учащихся.

Результаты диагностики до и после внедрения методик показали, что уровень сформированности компетенций 4К заметно увеличился.

1. Коммуникация

- До внедрения методик: ученики испытывали трудности в выражении мыслей на английском языке, неохотно вступали в диалог, часто избегали общения.
- После внедрения: учащиеся стали увереннее выражать свои идеи, участвовать в дебатах и коллективных обсуждениях, расширили словарный запас и улучшили произношение.
- Методы, оказавшие наибольший эффект: ролевые игры, дебаты, написание эссе и ведение блогов.

2. Критическое мышление

- До внедрения: учащиеся в основном заучивали материал, не умея анализировать информацию и аргументировать свою точку зрения.
- После внедрения: повысилась способность к анализу, самостоятельному поиску информации, выявлению логических ошибок.
- Наиболее эффективные методы: анализ текстов, метод «фишбоун», дискуссии на проблемные темы.

3. Креативность

- До внедрения: ограниченность в поиске нестандартных решений, страх перед ошибками.
- После внедрения: учащиеся стали предлагать оригинальные идеи, проявлять творческий подход к выполнению заданий.
- Эффективные методики: метод шести шляп, сторителлинг, создание видеопроектов.

4. кооперация

- До внедрения: сложности в распределении обязанностей в группах, отсутствие навыков коллективной работы.

- После внедрения: учащиеся научились эффективно взаимодействовать, распределять роли, принимать совместные решения.
- Лучшие результаты дали: групповая работа, кейс-методы, проектная деятельность.

Выводы

Таким образом, технология 4К – это не просто инструмент, а новый подход к образованию, который помогает подготовить учащихся к вызовам XXI века. Интеграция 4К-модели в преподавание иностранного языка способствует развитию учащихся как самостоятельных, критически мыслящих и креативных личностей. Современная образовательная система должна учитывать технологические и социальные изменения, создавая условия для всестороннего развития обучающихся.

Список использованных источников

1. Зайцева, М. В. (2022). Интерактивные методы обучения и их влияние на развитие soft skills у учащихся. Казань: Издательство "КазГТУ"
2. Иванова, И. В. (2019). Софт скилс как основа профессиональной компетенции специалиста нового века. Москва: Издательство "Педагогика"
3. Кузнецова, Т. В. (2020). Креативность и кооперация в обучении: методы и практики. Санкт-Петербург: Издательство "Наука"
4. Петрова, Н. А. (2018). Развитие 4К-компетенций в образовательном процессе: теория и практика. Екатеринбург: Издательство Уральского университета
5. Смирнов, В. П. (2021). Методика преподавания иностранных языков с использованием технологий 4К. Ростов-на-Дону: Издательство "Ростовская академия"

МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯСЫНА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ КЕРІ ӘСЕРІ

Студент Нұртаза Ә., 2 курс, №1 Алматы қазақ гуманитарлық педагогикалық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Байсбаев Е.А., оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-сарапшы

Өзектілігі: Қазіргі заманда жаңа технологиялардың қарқынды дамуы оқушылардың күнделікті өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Смартфондар, әлеуметтік желілер, онлайн ойындар және виртуалды шынайылық құралдары оқушылардың ойлау қабілетіне, эмоционалды жағдайына және әлеуметтік дағдыларына әсер етеді. Бұл зерттеу технологиялардың оқушылар психологиясына тигізетін теріс ықпалын анықтап, оны азайтудың жолдарын қарастырады

Мәселе: Жаңа технологиялардың дамуы мен қолжетімділігі мектеп оқушыларының психологиялық жағдайына қалай әсер етеді? Артық

технологиялық пайдалану олардың эмоционалды, когнитивті және әлеуметтік дамуына қандай кері әсерін тигізеді?

Жұмыс: Бұл зерттеу оқушылардың жаңа технологияларды пайдалану деңгейін анықтап, олардың психологиялық денсаулығына тигізетін кері әсерлерін талдайды. Сондай-ақ, технологияны тиімді пайдалану әдістерін ұсыну арқылы оқушылардың психологиялық әл-ауқатын жақсарту жолдарын ұсынады.

Мақсаты:

- Жаңа технологиялардың мектеп жасындағы оқушылар психологиясына тигізетін кері әсерін анықтау.
- Оқушылардың технологияларды пайдалану деңгейін талдау.
- Теріс әсерлерді азайту жолдарын ұсыну.

Міндеттері:

1. Жаңа технологиялардың анықтамасы мен оның оқу процесіне әсерін зерттеу.

2. Оқушылардың психоэмоционалдық жағдайына жаңа технологиялардың әсерін зерттеу.

3. Жаңа технологиялардың оқушылардың әлеуметтік дағдыларына ықпалын анықтау.

4. Оқушыларды жаңа технологиялардың теріс әсерінен қорғау шараларын ұсыну.

5. Ғылыми-зерттеу жұмысын қорытындылап, ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу нәтижелері: Жаңа технологиялардың теріс әсері мектеп оқушылары арасында байқалады. Бұл әсерлер, негізінен, ұзақ уақыт бойы экран алдында отырудың нәтижесінде пайда болатын көру қабілетінің төмендеуі, денсаулықтың нашарлауы, ұйқының бұзылуы, сондай-ақ әлеуметтік оқшаулану мен виртуалды әлемге тәуелділіктің артуы түрінде көрінеді. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде және басқа да онлайн платформаларда қарым-қатынастың көбеюі оқушылардың шынайы өмірдегі әлеуметтік дағдыларын төмендетеді. Жаңа технологиялар балалардың оқу үлгеріміне де кері әсерін тигізіп, назар мен ойлау қабілетінің бұзылуына себеп болады.

Қорытындылар: Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жаңа технологиялар мектеп жасындағы оқушыларға теріс әсер етуі мүмкін, әсіресе олардың психоэмоционалдық жағдайына, әлеуметтік қатынастарға және оқу процесіне. Бұл мәселені шешу үшін балаларға технологияларды дұрыс пайдалану дағдыларын үйрету, психологиялық қолдау көрсету және ата-аналар мен мектептің бірлескен жұмысын ұйымдастыру қажет. Оқушыларға жаңа технологияларды тиімді пайдалану жолдарын көрсету, олардың физикалық және психоэмоционалдық денсаулығын сақтау үшін қажетті шараларды қабылдау өте маңызды.

Пайдаланған дереккөздер тізімі:

1. Әбдіғалиева, Г. Т. "Жас ерекшелік психологиясы" – Алматы: Білім, 2019.
2. Мұқанов, М. "Жас және педагогикалық психология" – Алматы: Мектеп, 2018.
3. Жалпы редакциясын басқарған Құнантаева, К. "Педагогикалық психология" – Алматы: Қазақ университеті, 2020.

4. Тәжібаева, С. "Балалар психологиясы" – Алматы: Раритет, 2017.

5. Қойбағаров, Қ. "Ақпараттық технологиялардың білім беру үдерісіне әсері" – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021.

ДОМБЫРА АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ТӘРБИЕЛІК ҚАҒИДАЛАР

Студент Омарова А., 4 курс, « Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі» МКҚК

Ғылыми жетекшісі: Шумақова Ш.А., арнайы пәндер оқытушысы

Зерттеу жұмысының тақырыбының өзектілігі: Домбыра қазақ халқының ұлттық мәдениетінің бірегей символы болып табылады. Домбыра арқылы берілетін тәрбиелік қағидалар бүгінгі күннің өзекті мәселелеріне жауап береді және әртүрлі бағыттарда жастарды дамыту үшін ерекше құрал болып табылады. Бұл аспапты үйрену арқылы жеткіншек ұрпақ классикалық мәдениетке дайындық жасайды, болашақтағы мәдени-рухани қоғамның негізін қалауға үлес қосады. Оның музыкасын тыңдау және ойнау өскелең ұрпақты ұлттық құндылықтарға жақындатады, сәндік өнер мен қолөнердің құпиясын ашады..

Зерттеу жұмысының тақырыбының негізгі мәселелері:

1. Домбыраға арналған сабақтардың қазіргі оқу бағдарламаларында тиісті деңгейде орын алмауы. Музыка пәнінде домбыра арқылы тәрбиелік қағидалар қалай жүзеге асырылатыны және олардың қазіргі білім беру жүйесіне қаншалықты интеграцияланғанын зерттеу қажеттілігі.
2. Ұлттық музыкалық мұраны сақтауға, оны жаңа буынға жеткізуге және домбыра арқылы берілетін тәрбиелік қағидалардың қоғамдағы маңыздылығын айқындауға бағытталған.
4. Ұлттық мәдени құндылықтар ретінде домбыраны насихаттау, оның әдістері мен тәсілдерін кеңінен қолдану.
5. Домбыра арқылы берілетін тәрбиелік қағидалардың әлеуметтік және психологиялық ықпалы. .

Зерттеу жұмысының негізгі міндеттері:

- Домбыраның қазақ халқының мәдениеті мен тарихындағы рөлін зерттеу. Ол арқылы өткен ұрпақтардың өмір салты, құндылықтары және дүниетанымы туралы білімді қалыптастыру.
- Домбыра күйлерінің және оларға байланысты әңгімелердің тәрбиелік әсерін және оларды пайдалану арқылы тәрбие жұмысының тиімділігін зерттеу.
- Музыка және өнер арқылы тәрбиелеудің балалар мен жасөспірімдердің дамуындағы рөлін анықтау.
- Домбыра үйрету процесінде қолданылатын жаңа әдістер мен тәсілдерді енгізу арқылы оқыту сапасын арттыруға бағытталған зерттеулер жүргізу.
- Домбыра ойнау арқылы жеке адамда эмоционалды интеллект пен шығармашылық ойлауды дамыту барысында сәйкес оқыту әдістемелерін қалыптастыру.
- Домбыраның қоғамдағы адамдар арасында өзара түсіністік пен бірігушілікке әсер ететін құрал ретінде рөлін зерттеу.

Ұлттық музыка баға жетпес құндылығымыз.Ежелден бері атадан балаға мұра болып,сан ғасырлық тарих қойнауынан өтіп, бүгінде жоғалмай, өлмей осы күнге жеткен асыл қазынамызды,біз де ары қарай өсіп келе жатқан ұрпаққа мұра ғып жеткізуіміз керек.Бұл біздің жер бетінде қазақты елдің өмір сүретінінің айқын дәлелі.Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әр алуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек ,мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек»,- деп айтқан сөзі болатын.

Келешекке апаратын-әр заманның өскелең жас ұрпақтың тәрбиелі де тәлімді, салауатты да сауатты болмағы- сіз бен бізге байланысты. Тұрымтай тұсына, балапан басына кеткен небір алмағайып заманда да бесігі мен домбырасын, шаңарағын арқалай жүрген бабаларымыздың ең биік , қасиетті мұрасы да, алтын арқау аманатыда сол бесік, домбыра мен шаңырақ болатын. Тәлім тәрбиенің басты құралы – домбыра аспабы десек, қателеспейміз. Сондықтан да, жалпы білім беретін мектептерде домбыра негізінде қалыптасып жеткен тәрбие көзі эстетикалық әсемділікке жетелейді.

Зерттеу нысаны: Домбыраны ойнау техникасы мен оны үйрету әдістемелері. Бұл аспект домбыраның тек музыкалық қана емес, сонымен бірге тәрбие құралы ретіндегі орнын анықтайды..

Зерттеу нәтижелері:

- Домбыра үйрену және күйлерді тыңдау қазақ жастарында ұлттық мәдениет пен тарихты құрметтеуге, өзіндік ұлттық сәйкестілігін тануға ықпал етеді;
- Домбыра арқылы берілетін күйлер мен әңгімелердің мазмұны моральдық және этикалық қағидаларды күшейтеді, балалар мен жасөспірімдерде дұрыс өмірлік құндылықтарды қалыптастыруға көмектеседі;
- Домбыра ойнау зейін шоғырландыру, есте сақтау, логикалық ойлау және шығармашылық қабілеттерді дамытады. Сонымен қатар, музыка адамның эмоционалды дамуына оң әсер етеді;
- Домбыра тарту арқылы бір-бірімен танысу, өзара түсіністік пен арқашықтық сезімін жоюға болатын әлеуметтік орта құруға мүмкіндік туады;
- Музыка терапия ретінде қолданылғанда, домбыра күйі стрессті жеңілдетіп, релаксацияға ықпал етеді. Бұл әсіресе эмоционалдық тұрақтылық пен психологиялық жарақаттар болған жағдайларда пайдалы;
- Домбыраға ғашық болған балалар оқу барысында өздерінің зейінін арттырып, басқа пәндердегі жетістіктеріне оң әсер етуі мүмкін;

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Тарихи және мәдени әдебиеттер:
2. Ахмет Жұбанов - "Ғасырлар пернесі".
3. Базарбай Демеуов. "Қазақтың музыкалық аспаптары".
4. Алиби Жаңбыршин. "Құрманғазы".
5. Сергей Гениусов. "Дина Нұрпейісова"

ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАЛАР ӨМІРІНЕ ӘСЕРІ

Студент Сабырғали Д., 3 курс, Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы
Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжі
Ғылыми жетекшісі: Жаймағанбетова Г.Е., психология пәнінің оқытушысы

Өзектілігі: Қазіргі қоғамда балалардың эмоционалды интеллектін дамыту – өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, эмоцияларды дұрыс түсініп, реттей алу қабілеті олардың болашақта әлеуметтік ортаға бейімделуіне, жанжалдарды шешуіне және психологиялық тұрақтылығына әсер етеді.

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, эмоционалды интеллекттің төмендігі балалар арасындағы жанжал мен агрессия деңгейінің жоғарылауына әкелуі мүмкін. Әсіресе, қазіргі замандағы ақпараттық жүктеме, әлеуметтік желілердің әсері және отбасылық қарым-қатынастардың өзгеруі балалардың эмоцияларын басқаруын қиындатады.

Осыған байланысты, мен бұл зерттеуімде балалардың эмоционалды интеллектінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтап, оны дамыту әдістерін қарастыруды мақсат еттім.

Мақсаты: Балаларда эмоционалды интеллекттің қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу және оны дамыту әдістерін талдау.

Міндеттері:

1. Эмоционалды интеллекттің маңызын анықтау.
2. Балалардың эмоционалды интеллектін дамыту әдістерін қарастыру.
3. Тәжірибелік жұмыс жүргізіп, оның нәтижелерін талдау.

Кіріспе

Баланың тұлғалық қалыптасуы өмірінің алғашқы жылдарында басталады. Осы кезеңде ол қоршаған ортадан эмоцияларды сезінуді, оларды тануды және өз мінез-құлқын соған сәйкес бейімдеуді үйренеді. Бұл қабілеттер жиынтығы **эмоционалды интеллект (EI)** деп аталады.

Эмоционалды интеллект ұғымын алғаш рет Питер Саловей мен Джон Майер (1990) ғылыми айналымға енгізді. Кейін Дэниел Гоулман (1995) оны кеңінен зерттеп, адамның жетістігі тек IQ-ға емес, эмоционалды дағдыларға да тікелей байланысты екенін дәлелдеді.

Балалар үшін эмоционалды интеллектті дамыту – олардың қарым-қатынас жасау, өз сезімдерін білдіру және жанашырлық таныту қабілеттерін қалыптастырудың негізгі факторы. Бұл зерттеу эмоционалды интеллекттің балалар өміріне әсерін талдауға бағытталған.

1. Эмоционалды интеллект ұғымы және оның құрамдас бөліктері

Эмоционалды интеллект – адамның өз эмоцияларын түсінуі, оларды реттей алуы, сонымен бірге басқа адамдардың эмоциясын сезініп, дұрыс әрекет ете білуі. Гоулман (1995) теориясы бойынша, EI бес негізгі қабілеттен тұрады:

1. **Өзін тану** – бала өзінің эмоцияларын түсінеді, оларды атай алады.
2. **Өзін реттеу** – эмоцияларын басқаруды үйренеді, сабырлыққа бейімделеді.
3. **Ішкі мотивация** – бала өз мақсаттарына жетуге талпынады.
4. **Эмпатия** – өзгенің сезімін түсіну және оларға жанашырлық таныту қабілеті.

5. **Әлеуметтік дағдылар** – адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнату қабілеті.

Зерттеулер көрсеткендей, бұл қабілеттері жоғары дамыған балалар болашақта эмоционалды тұрақты, жанашыр және табысты тұлға болып қалыптасады (Goleman, 1995).

2. Эмоционалды интеллектің бала өміріне әсері

2.1. Баланың психологиялық денсаулығы

Гарвард университетінің (2021) зерттеуіне сәйкес, эмоционалды интеллект деңгейі жоғары балалардың күйзеліске ұшырау ықтималдығы төмен, ал олардың өзін-өзі бағалауы жоғары болады. Мектепке дейінгі жаста эмоцияларын басқара алатын балалар кейінгі өмірінде стресс пен қиындықтарға төзімді келеді.

2.2. Қарым-қатынас жасау қабілеті

Колумбия университетінің (2020) зерттеулері көрсеткендей, ЕІ жоғары деңгейдегі балалар өзара жанжалдарды оңай шешіп, достық қатынастарын ұзақ сақтайды. Олар өз сезімдерін ашық білдіріп, құрдастарымен сенімді қарым-қатынас орнатады.

2.3. Академиялық жетістік

Йель университетінің (2020) зерттеулеріне сәйкес, эмоцияларын дұрыс басқара алатын балалардың есте сақтау қабілеті жақсырақ дамиды, бұл олардың оқу үлгеріміне оң әсер етеді. Себебі эмоциялық тұрақтылық – зейін мен когнитивті процестердің тиімділігін арттырады.

3. Практикалық бөлім

3.1. Тәжірибе сипаттамасы

Зерттеу балабақша жасындағы 20 балаға жүргізілді. Олардың эмоционалды интеллектін дамыту үшін арнайы ойындар мен әдістер қолданылды. Бақылау нәтижелері балалардың эмоциясын тану және реттеу қабілеттерінің жақсарғанын көрсетті.

3.2. Ойын арқылы дамыту әдістері

1. “Эмоцияларды таны” ойыны

- Балаларға эмоцияларды білдіретін суреттер көрсетіледі.
- Олар эмоциялардың атауын атап, осындай жағдайды бастан өткерген кездерін бөліседі.

2. “Кейіпкердің сезімін түсін” әдісі

- Балаларға қысқа әңгімелер оқылады.
- Кейіпкерлердің қандай эмоция сезінгенін талдайды.

3. “Тыныштандыратын тыныс алу” жаттығуы

- Балалар ашуланғанда немесе уайымдағанда, оларға **терең тыныс алып, баяу шығару** ұсынылады.

3.3. Тәжірибелік мысалдар

1. Эмоцияны тану

Айлин ойыншық көлігін жоғалтып, жылап отыр.

Тәрбиеші: “Айлин, сен қапаланып тұрсың ба?”

Айлин: “Иә, мен ренжідім.”

Бұл әдіс балаға эмоциясын сөзбен жеткізуге көмектеседі.

2. Эмпатия

Санжар сүрініп, жарақат алды.

Мадина оны жұбатып, ойыншығын ұсынды.

Бұл эмпатияның қалыптасқанын көрсетеді.

3. Эмоцияны реттеу

Али достарымен ойнап жүріп, ашуланып кетті.

Тәрбиеші: “Үш рет терең дем алып, онға дейін сана.”

Али тынышталып, сабыр сақтады.

Бұл әдіс баланың өзін-өзі бақылауына ықпал етеді.

4. Қорытынды және ұсыныстар

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, эмоционалды интеллект баланың психологиялық тұрақтылығына, әлеуметтік дағдыларына және академиялық жетістігіне оң әсер етеді. Сондықтан ЕІ дамытуға ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

Ұсыныстар:

- Балабақша бағдарламасына эмоционалды интеллектті дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар енгізу.
- Тәрбиешілер мен ата-аналарға ЕІ-дің маңыздылығы туралы тренингтер ұйымдастыру.
- Балалардың эмпатия мен эмоцияны басқару дағдыларын дамытуға көмектесетін арнайы әдістемелер қолдану.

Уильям Шекспир:

“Адамның шын күші – оның эмоциясын бақылау қабілетінде.”

Бұл ой Дэниел Гоулманның эмоционалды интеллект теориясымен үндеседі, өйткені адам жетістігі тек ақыл-ой қабілетіне ғана емес, эмоцияларын басқару қабілетіне де байланысты.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Гарвард университетінің зерттеуі. Ерте балалық шақтағы даму және эмоционалды интеллект. Гарвард білім баспасы, 2021. – 215 б.
2. Гоулман, Д. Эмоционалды интеллект: Неліктен ол IQ-дан маңыздырақ болуы мүмкін. Нью-Йорк: Bantam Books, 1995. – 352 б.
3. Саловей, П., & Майер, Дж.Д. Эмоционалды интеллект теориясы. Нью-Йорк: Cambridge University Press, 1990. – 280 б.
4. Йель университетінің зерттеуі. Эмоционалды интеллект және академиялық жетістік. Йель университетінің баспасы, 2020. – 198 б.

15-17 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Студент Сабырова С., 1 курс, «С. Жандосов атындағы Қаскелең кәсіптік-техникалық колледжі» МКҚК

Ғылыми жетекшісі: Досжанова М.С., өндірістік оқыту шебері

Өзектілігі: Девиантты мінез-құлықты балаларға қол ұшын беріп, ішкі жан дүниесін түсінуге, ынта - ықыласына, жалпы жеке ерекшеліктеріне орай өмірде өз орнын табуға көмектесу.

Мәселе: Қазіргі таңда суицидтің таралуы, өздігінен өлу, өзіне-өзі қол жұмсау, ішімдікке, нашақорлыққа, темекіге қызығушылық, тәуелділік, алкогольге тойып алып, есін білмей қылмыс жасап қоюы, бірімен-бірі байланысып қалу, төбелесу, құмар ойындарына тәуелділік т.б. барлығы жасөспірімдердің арасында өте көп кездеседі.

Мақсаты: Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқушылықты әлеуметтік, педагогикалық талдау, сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы жасөспірімдердің ортасындағы девиантты мінез-құлықтың жалпы күйін және ауытқушылықтардың дамуындағы факторлар мен бағыттарын сипаттау.

Міндеттері:

- девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер туралы зерттелген ғылыми еңбектерді талдау;
- жасөспірімдердің әлеуеттену процесін сипаттау;
- девиантты мінез – құлықты болу себептерін анықтау;
- девиантты мінез – құлықты жасөспірімдерге арнайы әлеуметтік әдістер мен технологиялар қолдану.

Еліміздің нарықтық қатынастар кезеңінде болашақта бүкіл әлемдік өркениет аренасында өз орны бар мемлекет деңгейінде дамуы халқымыздың ұлттық менталитетінің болмысына әсіресе жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне тікелей байланысты.

Дегенмен, бүгінгі таңда ұлттық болмысымызға керектісі, келеңсіз құбылыстардың жастар арасында кең етек алуы, жас ұрпаққа қажетті заман талабына сай тәлім-тәрбие жүйесін жаңартуға, ұстаздардың сонымен қатар ата-аналардың алдына аса маңызды міндеттер қоюға тиіс. Бұл міндетке халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақ өсірудегі ұлттық тәрбие, дәстүрлер тәжірибесі негізінде адамгершілік қадір қасиеттері тағылымды, рухани дүниесі бай, мінез-құлық мәдениеті еліміздің болашағы үшін қызмет етуге дайын азаматты қалыптастыру арқылы жетуге болады.

Жасөспірімдердің әлеуметтік проблемаларына деген қызығушылықтың өзектілігі әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өзгеру кезеңін басынан кешіп отырған қоғамдарда күшейіп отыр. Қазақстан үшін жас ұрпақ жасөспірімдердің әлеуметтік проблемаларын зерттеу, әлеуметтік жұмыстың механизмін, технологияларын зерттеу қазіргі қазақстандық жастар үшін – жас ұрпақтық нарық заңдарына кездесіп, бұрынғы ұрпақтарға қарағанда қатал бейімделу жолдарын таңдау алдында қалуымен де байланысты. Балалар мен жасөспірімдер қараусыздығы, жасөспірімдер арасындағы қылмыс, нашақорлық және т.б. сол сияқты өтпелі кезеңде байқалған. Мұндай құбылыстардың ауқымы жасөспірімдерді әлеуметтік жұмыстың әлеуетті объектілеріне айналдырып отыр.

Зерттеу жұмыстары:

Біздің зерттеуіміздің алғашқы қадамы жасөспірімдердің девиантты мінез-құлыққа бейімділігін психологиялық тексеру болды. Мен А.Н.Орелдың "Девиантты мінез-құлыққа бейімділікті анықтау" (Определение склонности к отклоняющемуся поведению (СОП)) әдісін қолдандым.

<https://psytests.org/family/osopFf.html> [5] сілтемесі арқылы 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдерге онлайн түрде сауалнама жүргіздім. Сауалнаманы жүргізуге мен 25 адамды алған болатынмын, олардың 13-ы ұл бала, 12-ы қыз бала болды. Себебі, бұл сауалнама қыздарға арналған, ұлдарға арналған деп бөлінеді. Қыздарға арналған сауалнама 108 сұрақтан, ұлдардықы 98 сұрақтан тұрады, ("иә", "жоқ") деген жауаптар арқылы жауап береді.

Жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауының деңгейін анықтау үшін С.В.Ковалёвтің «Определение уровня самооценки» тест-сауалнамасын <https://banktestov.ru/test/60566> [6] сілтемесі арқылы онлайн түрде 25 адамға жүргіздім. С.В.Ковалёв әзірлеген әдіс жеке тұлғаның өзін-өзі бағалау деңгейін анықтауға арналған. Бұл ұсынылған жауап нұсқаларымен өз көзқарасын білдіру қажет 32 пайымдауды білдіреді.

Қорытынды: Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауы төмен болуы мүмкін. Олар өздерін басқалардан төмен деп санайды, қоғамның күткендеріне жауап бере алмайтындай сезінеді және өздерін қорғайды. Девиантты мінез-құлық жасөспірімдердің отбасы, достары, мектептегі әріптестерімен қарым-қатынасына теріс әсер етуі мүмкін, бұл олардың өзін-өзі бағалауына әсер етеді.

Девиантты мінез-құлықтың алдын алу және жасөспірімдерге қолдау көрсету маңызды. Ата-аналар мен педагогтар жасөспірімдерге деректер беріп, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысуы керек. Олар жасөспірімдермен сенімді қарым-қатынас орнатуға тырысуы керек, олардың проблемаларын тыңдап, қолдау көрсетуі керек. Олар жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауын жоғарылатуға көмектесуі керек, олардың қабілеттерін дамытуға және өз жетістіктерін мойындауға көмектесуі керек.

Қазіргі таңда суицидтің таралуы, өздігінен өлу, өзіне өзі қол жұмсау, ішімдікке, нашақорлыққа, темекіге қызығушылық, тәуелділік, алкогольге тойып алып, есін білмей қылмыс жасап қоюы, бірімен-бірі байланысып қалу, төбелесу, құмар ойындарына тәуелділік т.б. барлығы жасөспірімдердің арасында өте көп кездеседі. Сондықтан да, мен тақырыбымды осылай жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқына қатыстырып алдым.

Зерттеу барысында біз А.Н.Орелдың «Девиантты мінез-құлыққа бейімділікті анықтау», С.В.Ковалёвтің «Жасөспірімдердің өзін-өзі бағалау деңгейі»тест-сауалнамасының көмегімен 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдерге психологиялық тексеру жүргіздік. Әр адам осы проблемамен күресіп, өзі үшін мұндай мінез-құлықтың үлкен зиянын түсініп, онымен үнемі күресуге тырысуы керек.

«Жақсылық етсең, жетерсің мұратқа, жаманға ерсең қаларсың ұятқа» т.б – осындай нақылды сөздерді оқи отырып, мінез-құлықтың үлгі нормасы ретінде қабылданады. Отбасы жағдайында мұндай ізгі өмірлік мәні зор кез келген мәселені шешуде өзара түсінушілігі мен бірлігін нығайтады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. М.Құдиярова. «Жасөспірімдердің мінез-құлық ауытқышылық себептері.» Алматы, 2006.
2. Девиантное поведение подростков как форма проявления дефицита морального и нравственного развития личности. Пашкова Елена Николаевна. <https://urok.1sept.ru/articles/578777>
3. Н.В. Кулагина. Девиантное поведение подростков: современное состояние и проблемы. Газет «Психология и педагогика». DOI: 10.7256/2070-8955.2016.2.18823
4. Самоотношение подростков с девиантным поведением. С.Н. Панцырь. Электронный журнал «Психологическая наука и образование» www.psyedu.ru/ ISSN: 2074-5885 /. file:///C:/Users/1/Downloads/psyedu_ru_2012_1_2800.pdf
5. [tps://psyttests.org/family/osopFf.html](https://psyttests.org/family/osopFf.html)

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Студент Сағинбай Д., 4 курс, «Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі» МКҚК
Ғылыми жетекші: Султанова М.О., арнайы пәндер оқытушысы,
педагогика және психология магистрі

Өзектілігі. Қазіргі таңда білім беру саласындағы маңызды бағыттардың бірі – инклюзивті білім беру. Ол әртүрлі қажеттіліктері бар балалардың тең мүмкіндіктерге ие болуын қамтамасыз етеді. Бұл тақырыптың өзектілігі қоғамның әлеуметтік теңдігі мен әділеттілік қағидаттарына негізделген. Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамыту мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты ретінде қарастырылып, түрлі бағдарламалар мен заңнамалық актілер қабылдануда. Алайда инклюзивті білім беру саласында көптеген мәселелер әлі де шешімін таппаған.

Инклюзивті білім беру әлемдік білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Бұл үрдіс балалардың қажеттіліктеріне қарамастан бірдей білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған. Қоғамның әлеуметтік құндылықтарының өзгеруі және білім беру жүйесінің жаңартылуы инклюзивті білім берудің өзектілігін арттыруда. Қазақстанда білім беру жүйесін модернизациялау барысында инклюзивті білімге ерекше назар аударылуда. Алайда бұл салада белгілі бір қиындықтар мен шешілмеген мәселелер сақталуда.

Инклюзивті білім берудің өзектілігі мына факторлармен анықталады:

- **Қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету:** Әр балаға білім алуға тең мүмкіндік беру арқылы әлеуметтік теңсіздікті азайту.
- **Халықаралық стандарттарға сәйкестендіру:** Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік тәжірибеге бейімдеу қажеттілігі.
- **Ерекше қажеттіліктері бар балалар санының артуы:** Денсаулық сақтау және диагностиканың жақсаруы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ерте анықтауға мүмкіндік береді.

- **Қоғамның толеранттылық деңгейін арттыру:** Инклюзивті білім беру арқылы балалар арасындағы өзара түсіністік пен сыйластық қалыптасады.
- **Экономикалық тиімділік:** Ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғам өміріне ертерек бейімдеу олардың болашақта өзін-өзі қамтамасыз етуіне ықпал етеді.

Қазақстандағы қазіргі жағдай. Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамыту мақсатында бірқатар заңнамалық және нормативтік құжаттар қабылданды, соның ішінде “Білім туралы” заңға өзгерістер енгізілді. Дегенмен, елдегі көптеген мектептер мен балабақшалар инклюзивті білім беру талаптарына толықтай сәйкес келмейді. Материалдық база, кадр жетіспеушілігі және қоғамның дайын еместігі бұл бағыттағы негізгі кедергілер болып табылады.

Инклюзивті білім берудің жаһандық маңызы. ЮНЕСКО деректеріне сәйкес, инклюзивті білім беру әрбір елдің тұрақты дамуына ықпал етеді. Ол тек ерекше қажеттіліктері бар балаларға ғана емес, барлық балаларға қолайлы білім беру ортасын қалыптастырады.

Мәселе. Инклюзивті білім беру саласындағы негізгі мәселелер мыналар:

- Мектептерде инклюзивті білім беру үшін қажетті материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі.
- Мұғалімдердің инклюзивті оқыту әдістерін білмеуі және арнайы дайындықтың болмауы.
- Ата-аналардың инклюзивті білімге деген сенімсіздігі мен ақпараттың жетіспеуі.
- Әлеуметтік стигматизация және балалар арасындағы түсініспеушіліктер.

Жұмыстың мақсаты: Инклюзивті білім берудің мүмкіндіктері мен мәселелерін зерттеу арқылы оның тиімділігін арттыру жолдарын ұсыну. Инклюзивті білім берудің қазіргі жағдайын талдап, оның тиімділігін арттыру жолдарын анықтау және білім беру мекемелерінде инклюзивті білім беру жүйесін енгізу бойынша ұсыныстар жасау.

Міндеттері

- Инклюзивті білім берудің теориялық негіздерін зерттеу.
- Қазақстандағы инклюзивті білім берудің қазіргі жағдайын талдау.
- Инклюзивті білім беруді дамытудағы кедергілерді анықтау.
- Мектептерде инклюзивті білім беруді жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау.
- Халықаралық тәжірибені зерттеу және оны Қазақстан жағдайында қолдану мүмкіндіктерін қарастыру.
- Инклюзивті білім беруді жетілдіру бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу нәтижелері

- **Материалдық база:** Зерттеу барысында мектептердің шамамен 30%-ы инклюзивті білім беру стандарттарына сәйкес келетіні анықталды. Алайда көп мектепте арнайы құрылғылар мен ресурстар жеткіліксіз.
- **Мұғалімдердің біліктілігі:** Мұғалімдердің 70%-ы ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге арнайы дайындықтан өтпеген.

- **Ата-аналардың көзқарасы:** Сауалнама нәтижелері бойынша ата-аналардың 60%-ы инклюзивті білім берудің тиімділігіне күмән келтіреді. Олардың негізгі алаңдаушылығы – балалардың теңсіздікке ұшырауы және сапалы білім алуға кедергілердің болуы.
- **Оқушылар арасындағы қарым-қатынас:** Оқушылар арасында түсініспеушіліктер орын алатыны байқалды, бірақ арнайы психологиялық тренингтер бұл мәселені азайтуға көмектеседі.
- **Халықаралық тәжірибе:** Финляндия мен Жапонияның тәжірибесі көрсеткендей, инклюзивті білім беру жүйесін тиімді енгізу үшін мұғалімдерді тұрақты түрде қайта даярлау және ата-аналарды ақпараттандыру маңызды.

Қорытындылар. Инклюзивті білім беру балалардың әлеуметтенуіне, қоғамға бейімделуіне және сапалы білім алуына мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстанда бұл бағытта бірқатар жетістіктерге қол жеткізілгенімен, шешімін таппаған мәселелер де бар.

Инклюзивті білім беруді дамыту үшін ұсыныстар:

- Мұғалімдерді даярлау: Инклюзивті білім беру әдістемелері бойынша тұрақты курстар мен тренингтер ұйымдастыру.
- Материалдық-техникалық базаны жақсарту: Мектептерде ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы жабдықтар мен оқу құралдарын қамтамасыз ету.
- Қоғамдық ақпараттандыру: Ата-аналар мен қоғам арасында инклюзивті білім берудің маңыздылығы туралы ақпараттық науқандар өткізу.
- Оқушыларды қолдау: Балаларға психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету қызметтерін ұйымдастыру.
- Заңнамалық жетілдіру: Инклюзивті білім беру туралы заңнамаларды жетілдіріп, олардың орындалуын қадағалау.
- **Салыстырмалы талдау:** Инклюзивті білім беру жүйесі дамыған елдердегі тәжірибені Қазақстан жағдайымен салыстыру.
- **Интервью:** Инклюзивті сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдермен сұхбат жүргізу.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы (24-бап, инклюзивті білім туралы бөлім). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. ЮНЕСКО-ның инклюзивті білім беру бойынша нұсқаулықтары (3-тарау, 45-бет). <https://unesco.org>
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми деректері (2023 жылғы есебі). <https://edu.gov.kz>
4. Финляндия мен Жапонияның білім беру жүйелеріне арналған зерттеулер. Қолжетімді академиялық платформа: Scopus немесе ResearchGate.
5. А.Н. Савченко. "Инклюзивті білім беру негіздері" оқулығы, Алматы: Білім баспасы, 2019. (124-бет).

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНА ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ ТӘЖІРИБЕСІ: ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Студент Садуллаева З., 2 курс, «Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі»
МКҚК

Ғылыми жетекші: Калиева А.Т., қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы

Қазақ фольклорлық шығармалары – халқымыздың рухани байлығы мен тәрбиелік мәні зор мұрасы. Қазақ халқының әрбір елді мекені, шағын ауылында ғасырлар бойы жинақталған шежіре мен фольклорлық мұралардың көздері сақталған. Әдебиеттің бұл түрі ұрпақтан ұрпаққа жалғасу арқылы ұлттық құндылықтарды сақтаудың, патриоттық сезімді қалыптастырудың маңызды құралы болып келеді. Фольклорлық шығармаларды оқыту арқылы халқымыздың мәдениетін, салт-дәстүрін терең таныту, жастарға ұлттық сана-сезімді сіңіру және тарихи мұраны болашаққа аманаттау мүмкіндігі артады.

Өзектілігі: Фольклор – ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі, рухани құндылықтардың қайнар көзі. Аңыздар, ертегілер, батырлық жырлар мен мақал-мәтелдер арқылы ата-бабаларымыз жас ұрпаққа адамгершілік, әділдік, еңбекқорлық, елін, туған жерін сүю және оны қорғау сынды қасиеттерді насихаттаған. Бұл шығармалар ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ұлттық тәрбие беру жүйесінде маңызды рөл атқарып келеді. Қазіргі таңда қазақ фольклорының тәрбиелік әлеуетін зерттеп, оны білім беру мен тәрбие процесіне енгізу қажеттілігі артауда. Бұл ұлттық құндылықтарды ұрпаққа жеткізіп, тарихи-мәдени мұраны сақтап, жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру үшін маңызды.

Мәселе: Қазіргі қоғамда жастар арасында ұлттық құндылықтардың жоғалуы мен дәстүрлі тәрбиенің әлсіреуі өзекті мәселе болып отыр. Шетелдік мәдениет пен ақпараттық технологиялардың әсерінен, жас ұрпақты тәрбиелеу, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда қиындықтар туындауда. Қазіргі таңда қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін педагогикалық мақсатта тиімді пайдалану арқылы жастардың ұлттық санасын қалыптастыру маңызды мәселелердің бірі деп ойлаймын.

Жұмыс мақсаты: «Қазақ фольклорлық шығармаларына талдау жүргізу тәжірибесін» өту барысында зерттеген, жинаған материалдарымды жинақтау арқылы оларды мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беру мақсатында қолдану жағдайын қарастыру.

Міндеттері:

1. Қазақ фольклорлық шығармаларын талдау әдістерін зерттеу, тәжірибесін жинақтау.
2. Фольклорлық шығармалардың мәдени және тәрбиелік құндылықтарын ашу.
3. Қазіргі қоғамдағы қазақ фольклорының өзектілігін жаңғырту және насихаттау жолдарын ұсыну.
4. Ауыз әдебиеті үлгілерін білім беру процесіне енгізу тәжірибесін зерделеу және тәрбие құралы ретінде ұсыну.

Қазақ фольклорлық шығармаларын талдау және жүйелеу халықтың рухани құндылықтарын сақтаудың негізі болып табылады. Фольклордың әртүрлі жанрларын зерттеу оның құрылымын, мазмұнын және тәрбиелік мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді. Фольклорлық шығармалар халықтың дүниетанымы мен өмір сүру салтын бейнелей отырып, рухани құндылықтарды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ертегілер, аңыздар, эпостар мен мақал-мәтелдер ұрпақтан-ұрпаққа жеткен тәлім-тәрбие құралдары ретінде қызмет етеді. Мысалы, қазақ ертегілерінде жақсылық пен жамандықтың күресі, әділдік пен адалдық секілді ұғымдар басты идея ретінде көрініс табады. Осылайша, фольклор тек халықтың өткенін сипаттап қана қоймай, қазіргі ұрпаққа өнеге беретін маңызды тәрбие құралы болып табылады.

Тәрбиелік мәні:

- Ертегілерде – жақсылық пен жамандықтың күресі, әділдік, батырлық идеялары көрініс табады (мысалы, «Ер Төстік»).
- Батырлар жыры – тарихи тұлғалар мен оқиғалар арқылы ұлттық сана қалыптасады (мысалы, «Қобыланды батыр» жыры).
- Мақал-мәтелдер – қысқа әрі нұсқа түрде өмірлік тәжірибе мен даналықты жеткізеді.

Қазіргі кезде фольклорды ғылыми тұрғыдан талдау әдістері жетілдіріліп, фольклор мен мәдениеттің өзара байланысы терең зерделенді десе де болады. Бұл зерттеулер қазіргі білім беру саласында фольклорды тиімді қолданудың әдіснамалық негізін құрайды. Дегенмен қазіргі заманғы жастардың бойында неге ұят, обал, кішіпейілдік, үлкенді сыйлау сияқты әдеттердің кездесуі сиреп бара жатыр деген ой туындайды.

Фольклорды білім беру процесіне тереңірек енгізу тәжірибесі арқылы:

- Оқушылардың тіл байлығы артады;
- Шығармашылық қабілеттері дамиды;
- Халқымыздың салт- дәстүрін жетік біледі.
- Жастардың бойында ұлттық сана- сезім қалыптасады.
- Тәрбие беру процесі жетіледі.

Зерттеу нәтижелері: Қазақ фольклоры – ұлттық мәдениетіміздің аса құнды байлығы, рухани негізіміздің қайнар көзі. Оның шығармалары, әсіресе ертегілер мен аңыздар және рухани-мәдени мұра жас ұрпақтың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда және ұлттық сананы нығайтуда, ұлттық мұраны сақтап, насихаттауда, кейінгі ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарады. Өткен тәжірибемнен практикалық мысал келтіретін болсам, мен қазақ ертегілеріндегі ұлттық құндылықтарды зерттеп, олардың жастарға әсерін көрдім. Яғни: Қамыстыбас ауылының тұрғынынан жазып алған «Етікші» ертегісі адал еңбек, қайырымдылық пен жақсылықтың қайтарымы сияқты моральдық құндылықтарды дәріптей отырып, оқушыларға, жастарға тәрбие бере алатынын жеткізгім келеді. Бұл ертегілерде қозғалатын тақырыптар қай уақытта да өзекті болып, оны ұлттық тәрбие беруде пайдалануға болады.

Нәтижесінде қазақ ауыз әдебиетінің тәрбиелік және мәдени құндылықтарын сақтау және оны білім беру процесіне енгізу ұлттық сана-сезім

мен тарихи мұраны сақтау, жастарды ұлттық құндылықтарға баулу үшін аса маңызды қадам болып табылады.

Ұсыныс:

1. Білім беру бағдарламаларына енгізілген ауыз әдебиеті үлгілерінен басқа әр сыныпта арнайы курстар немесе элективті пәндер енгізу.
2. Қазақ фольклорын насихаттау үшін әлеуметтік желілер мен заманауи технологияларды қолдану (әр түрлі жасқа арналған мультфильмдер, ұлттық ойын қосымшаларын жасау).
3. Мектептерде тек жұма күні емес, күнделікті ұлттық киім киюге мән беру, тәрбие сағаттарына ұлттық нақыш беру.

Қорытынды: Қазақ фольклоры – ұлттың рухани байлығы мен мәдениетін сақтап, ұлттық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің басты құралы болып табылады. Зерттеу барысында қазақ фольклорлық шығармаларының тәрбиелік мәні, адамгершілік, патриотизм және ұлттық сананы қалыптастырудағы рөлі тереңірек қарастырылды. Бұл шығармалар қазіргі қоғамда жастардың рухани дамуында маңызды орын алып, ұлттық тәрбие мен мәдениетті жаңғыртуға ықпал етеді. Фольклорды білім беру процесіне енгізу арқылы оның тәрбиелік әлеуетін тиімді пайдалану, сондай-ақ цифрлық технологиялар мен шығармашылық әдістерді қолдану фольклордың өзектілігін сақтап, жаңа форматта жастарға ұсыну мүмкіндігін ашады.

Мәселен, өткен зерттеу тәжірибемдегі сол өңірдің көрнекті жазушысы Нұрбай Жүсіп өз шығармаларында фольклордың ұлттық құндылықтарды сақтаудағы рөлін ерекше атап өткен. Ол фольклордың заманауи қоғамдағы өзектілігін, оның тәрбиелік және мәдени қызметін айқындауға зор үлес қосты. Жүсіптің еңбектері қазақ фольклорын терең түсінуге жол ашып, оның болашақ ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын көрсетті. Бұл зерттеулер қазіргі білім беру жүйесінде фольклордың пайдаланылу мүмкіндігін арттырып, жастарды адамгершілікке, ұлттық сана-сезімге тәрбиелеуде жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудың маңыздылығын айқындайды.

Қазіргі жаһандану заманында қазақ фольклорының өзектілігін жаңғырту маңызды. Жастар арасында батыстық мәдениеттің ықпалы басым болғанымен, ұлттық құндылықтарды сақтау қажеттілігі артып келеді. Фольклордың әлеуметтік желілерде, мәдени фестивальдерде насихатталуы оны танымал етіп, жаңа форматта қайта жаңғыртуға көмектеседі. Бұл әдіс жастардың ұлттық мұраға деген қызығушылығын арттырып, олардың ұлттық сана-сезімін нығайтуға бағыттайды.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Ғабдуллин М., Қазақ халқының ауыз әдебиеті, А., 1972
2. Қазақ фольклоры арқылы эстетика тәрбие берудің мазмұны [\\https://articlekz.com/kk/article/17663](https://articlekz.com/kk/article/17663)
3. Халық педагогикасының асыл арналары [\\https://articlekz.com/kk/article/17663](https://articlekz.com/kk/article/17663)

АҒЫЛШЫН ТІЛІН МУЛЬТФИЛЬМДЕР АРҚЫЛЫ ҮЙРЕНУ

Студент Сайфулла А., 1 курс, «Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі» МКҚК

Ғылыми жетекші: Амантаева З.Т., шетел тілі пәнінің оқытушысы

Кіріспе: Ағылшын тілі бүгінгі күнде әлемдік коммуникацияның маңызды құралына айналған. Алайда тіл үйренудің дәстүрлі әдістері кейде жалықтырып, студенттердің ынтасын жоғалтуға әкеледі. Мультфильмдер арқылы ағылшын тілін үйрену – қызықты әрі тиімді тәсіл. Бұл тәсіл балалар мен жасөспірімдер үшін ерекше танымал, себебі олар үшін мультфильмдер ақпаратты оңай қабылдауға, тілдік дағдыларды дамытуға және сөздік қорын кеңейтуге көмектеседі.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: Ағылшын тілін жетік меңгерген адамның алдында жақсы жұмысқа орналасу, әлемнің түкпір-түкпіріне саяхаттау толық мүмкіндігі болғандықтан, жұмыстың тақырыбы өзекті болып табылады. Қазіргі таңда заманауи әлемде өзіңді нық сенімді сезіну үшін ағылшын тілін үйрену қажет. Сол себепті оқушыларға 2-3 сыныптан бастап үйренуге тура келеді. Мектепте, әсіресе бастауыш мектепте 7-10 жас аралығы – ағылшын тілін үйрену үшін ең тиімді уақыт болып табылады.

Тіл үйрену процесі қиын, дегенмен оны мультфильмдердің көмегімен меңгеру балаларға қызықты әрі қол жетімді. Мультфильмдер арқылы балалардың ағылшын тілінде сөздік қорын көбейту, ағылшын тілінде тыңдап түсіну және ағылшын тіліне қызығушылығын арттыруға болады.

Мәселе: Ағылшын тілін үйрену процесінде балалар мен ересектердің мотивациясының жеткіліксіздігі.

Мақсаты: Ағылшын тілін мультфильмдер арқылы үйренудің тиімділігін анықтау. Мультфильмдерді оқу және тыңдау әдістері арқылы тіл үйренудің негізгі артықшылықтарын көрсету.

Зерттеу міндеттері:

1. Мультфильмдер мен классикалық оқыту әдістерінің тиімділігін салыстыру.
2. Ағылшын тілін мультфильмдер арқылы үйренудің психологиялық және педагогикалық аспектілерін зерттеу.
3. Мультфильмдердің баланың сөздік қорын дамытуға, сөйлеу қабілетін арттыруға әсерін анықтау.
4. Әр түрлі жас топтары үшін мультфильмдердің тиімділігін бағалау.

Зерттеу объектісі: Ағылшын тілін үйренуші балалар мен жасөспірімдер, мультфильмдердің оқу үдерісіндегі орны.

Бастауыш мектеп оқушыларына мультфильмдер арқылы ағылшын тілін үйрету — бұл өте тиімді әрі қызықты тәсіл. Мультфильмдер оқушылардың қызығушылығын оятуға және жаңа тілді есте сақтауға көмектеседі. Бұл әдіс әсіресе балалар үшін өте қолайлы, себебі олар мультфильмдер арқылы табиғи түрде тіл үйрене алады. Мультфильмдер арқылы ағылшын тілін үйретудің бірнеше артықшылығы бар:

1. Көрнекілік және динамикалық элементтер

Мультфильмдер көбінесе түрлі түстермен, көңілді персонаждармен және динамикалық оқиғалармен толы. Бұл балалардың назарын аударуға, сонымен қатар сөздердің мағынасын түсінуге көмектеседі.

2. Қысқа және қарапайым сөйлемдер

Көптеген мультфильмдерде қолданылатын тіл қарапайым және түсінікті, бұл бастауыш мектеп оқушылары үшін өте ыңғайлы. Балалар оңай түсінетін сөздер мен фразаларды көреді және оларды қолдануды тәжірибе жүзінде үйренеді.

3. Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін үйрену

Мультфильмдер балаларға жаңа сөздер мен сөз тіркестерін үйренуге көмектеседі. Мысалы, «colors», «animals», «numbers», «family» сияқты тақырыптар арқылы балалар күнделікті өмірде жиі кездесетін сөздерді жаттай алады.

4. Шет тілін тыңдауды және түсінуді дамыту

Мультфильмдер ағылшын тіліндегі дыбыстарды тыңдауға және дұрыс естуге көмектеседі. Балалар ағылшын тіліндегі акценттер мен сөйлеу ритмдерін қабылдай алады, бұл олардың тілді дұрыс айту дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

5. Қызықты оқыту әдісі

Бастауыш мектеп оқушылары үшін мультфильмдер арқылы оқыту өте қызықты және мотивациясын арттырады. Балалар мультфильмдердегі кейіпкерлермен байланыс орнатуы мүмкін және олар жаңа сөздер мен фразаларды үйрен

Қандай фильмдер мен мультфильмдерді көруге болады?

1. **Peppa Pig** – Бұл мультсериал балаларға арналған және өте қарапайым тілмен айтылады.
2. **Finding Nemo** – Бұл фильм балалар мен ересектерге де қызықты, сонымен қатар, көптеген пайдалы сөздер мен тіркестерді үйренуге мүмкіндік береді.
3. **Toy Story** – Әр түрлі кейіпкерлердің қызықты диалогтары мен жеңіл тілін естуге болады.
4. **Frozen** – Бұл мультфильмде әдемі әндер мен түсінікті сөйлемдер бар.
5. **Dora the Explorer** – Бұл мультсериал балаларға ағылшын тілін үйретуге арнайы жасалған, әртүрлі тапсырмалар мен сөздермен таныстырады.

Қорытынды: Мультфильмдер арқылы ағылшын тілін үйрену – тиімді әдіс. Бұл әдіс тек сөздік қорды ғана емес, сонымен бірге тыңдау, сөйлеу және түсіну қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Қазіргі заманғы технологиялардың көмегімен бұл әдісті балалар мен жасөспірімдер арасында кеңінен таратуға болады, сондықтан оқу үдерісінде мультфильмдерді қолдану маңызды деп саналады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. <https://www.maam.ru/detskijasad/rol-multfilmov-v-izucheni-inostranyh-jazykov.html> - Мультфильмдердің шет тілдерін үйренудегі рөлі.
2. <https://englex.ru/how-to-learn-english-with-cartoons/>
Мультфильмдерден ағылшын тілін қалай үйренуге болады: кеңестер мен пайдалы сілтемелер.
3. Кожаспирова Г.М., Петров К.В. Оқытудың техникалық құралдары және оларды колдану әдістемесі.- М.: ИЦ академиясы, 2008.
4. Каменецкая Н.П., Мятова М.И. Орта жалпы білім беретін мектепте шет тілін

оқытуда бейнефильмдерді колдану. //Мектептегі шет тілдері, 2006. №4
5. Каменецкая Н.П., Смирнов И.Б. Шынайы көркем фильм негізінде оқушылардың ауызша сөйлеуін дамыту. // Мектептегі шет тілдері, 2006. №6.- б.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ЗАТТЫҚ ОРТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ МЕН ТАЛАПТАРЫ

Студент Сапашева А, 4 курс, Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Тюлекпаева С.Е., педагогика және арнайы пәндер оқытушысы

Жұмыстың өзектілігі: Мектепке дейінгі балаларды дамыту үдерісін оңтайлы қамтамасыз ететін заттық-дамытушы ортаны құру моделін іздеу, дайындау және меңгеру қажеттілігінен туындайды.

Мәселе: Мәселеге қатысты зерттелген әдебиеттер талдауы ерте жастағы балалардың балабақшада өмірін ұйымдастыру мәселесімен Н.М. Аксарина, Л.Н. Павлова, К.Л. Печора және басқалары айналысқанын көрсетті. Балабақшада заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру мәселесі бірқатар белгілі психологтар мен педагогтармен дайындалды (О.В. Артамонова, Т.Н. Доронова, Л.М. Кларина, В.И. Логинова, С.Л. Новоселова, Г.Н. Пантелеев, Л.Н. Пантелеева, Л.А. Парамонова, В.А. Петровский, Л.А. Смывина, Л.П. Стрелкова).

Жұмыстың мақсаты: Әр баланың психофизиологиялық мүмкіндіктерін жағымды дамытуға мүмкіндік беретін заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру.

Жұмыстың міндеттері: - Балаларды жан-жақты және үйлесімді дамыту үшін жағдайлар жасау;

- Білім берудің бес бағыты бойынша жұмыстарды ұйымдастыруда түрлі үлгілерді жасауға мүмкіндік беру, педагогтардың шығармашылық әл-ауқатын жетілдіру.

Мектепке дейінгі балалардың тұлғасын дамытудың негізгі құралдарының бірі – орта. Себебі бала заттық ортада ойнау арқылы білім алады. Жалпы заттық – орта деген не ? анықтама беретін болсақ, - «Заттық-дамытушы орта – бұл баланың рухани және дене дамуының функционалдық үлгідегі мазмұны, оның іс-әрекетінің материалдық объектілерінің жүйесі», - деп аталады. Баланы әлеуметтендіруде дамытушы заттық ортаны құрудың педагогикалық талаптарға сәйкестігі болашақтың зерттеу мәселесі деп есептейміз.

Мектеп жасына дейінгі балалар түсінгенін, қабылдағанын, көргенін, қиялын, ойын тіл арқылы жеткізеді. Сондықтан бала тілі өз ана тілінде даму үшін ұлттық сананы оята отырып, қазақ салт-дәстүрлерінің озығымен тәрбиеленуі керек. Тәрбиенің негізі – ұлттық тәлім-тәрбие. Тәрбие - халықтың ғасырлар бойы жинақталып, іріктеліп алынған озық тәжірибесінен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңірту, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, соған сай мінез-құлқын қалыптастырады.

Зерттеу нәтижелері: Зерттеу жұмыстары әр баланың психофизиологиялық мүмкіндіктерін жағымды дамытуға мүмкіндік беретін заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыруда балаларды жан-жақты және үйлесімді дамыту үшін жағдайлар жасау, заттық-дамытушы ортаны ұйымдастырудың педагогикалық барысын формалармен және әдістермен жетілдіру, білім берудің бес бағыты бойынша түрлі үлгілерді жасауға мүмкіндік беру, оны баланың жас ерекшелігіне қарай қолдану, баламен қалай қарым-қатынас жасау жөнінде арнайы мамандандырылған кеңестермен қамтамасыз ету.

Зерттеу жұмысы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің №100 балабақша-бөбекжайы КМҚК. «Балапан» ересек тобында жүргізілді. Оған 25 бала қатысты. Зерттеу жұмысының тәжірибелік бөліміне I-топ (Балапан) эксперимент тобы, II-топ (Балдырған) тобын бақылаушы топ ретінде салыстырмалы түрде алдым. Зерттеу барысында сіздерге мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде Қазақстан брендігіндегі «Бала Бом» дамытушы ойыншықтары мен «Саналы ұрпақ» Ұлттық өндірушілер қауымдастығымен бірлесе отырып, Қазақстан өнімдерінен шығарған ойыншықтар кешенің екі тілде ұсынамын. Кешеннің авторы : ШҚО, Глубокий ауданы, Осипов Михайл Анатольевич. Аймақтық компоненттерге байланысты Шығыс өңірінде қандай жан -жануарлар, құстар, жәндіктер мекендейтіні және олардың тіршілігі жайлы мағұлмат алуға болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың ең қарапайым математикалық түсініктерін кеңейтуде, кеңістікті бағдарлауға байланысты үстел – үсті дамытушы ойындарын ұйымдастыруға болады. Мысалы: «Менің Қазақстаным», «Мемори», «Киіз үй» понарамасы т.б

Жалпы дамытушы ойыншық кешені ұлттық нақышта жасалынған. Баланың ұлттық сана-сезімін, ұлттық рухын дамыту, отбасылық тәрбиедегі туысқандық қарым-қатынас ерекшеліктерін үйрету, бала тәрбиесіне байланысты қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрлердің мәнін ашып көрсету болып табылады.

Олай болса, мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты тәрбиелеуде заттық-дамытушы ортаны қалыптастырудың педагогикалық маңыздылығын нығайту.

Қорытындылар: Заттық-дамытушы орта – бұл уақыт пен кеңістікте жүйелі түрде ұйымдастырылған, қажетті ойын заттары мен құралдарымен қамтамасыз етілген эстетикалық, әлеуметтік-эмоционалдық, психологиялық және педагогикалық жағдайлар кешені. Мұндай ортада бала белсенді танымдық-зияткерлік, шығармашылық іс-әрекетпен айналысады, оның қызығушылығы артады, елестету, ақыл-ой және бейнелеу қабілеттері дамиды, коммуникативті дағдылары мен физикалық қабілеттері артады, ең бастысы үйлесімді тұлға қалыптасады. Яғни, «Егер де, тәрбиеші заттық-дамытушы ортаның көптеген мүмкіндіктерін ашып, тәрбиелеу-білім беру үдерісінің барлық құраушыларын қамтамасыз ететін болса, онда көпфункционалды ортада әр баланың психофизиологиялық мүмкіндіктері дамиды» деген зерттеу жұмысының болжамы дәлелденді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Ф.Н.Жұмабекова.«Мектепке дейінгі педагогика».Астана «Фолиант». 2008 ж.
2. С.Қалиев, Ж.Молдабеков, Б.Иманбекова. «Этнопедагогика». Фолиант. 2007ж.
3. Ұзақбаева С.А. «Тамыры терең тәрбие». Алматы. Білім. 1995ж.
4. Ұзақбаева С.А. «Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі». Алматы. 1990.
5. Жарықбаев Қ. «Қазақ тәлім -тәрбиесі». Алматы. Санат.1994.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПТЕ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН ЗЕРТТЕУ

Студент Сардар С., 1 курс, Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Ақылбекова Л.Б., арнайы пән оқытушысы, п.ғ.м., педагог-сарапшы

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушылардың оқу мотивациясын қалыптастыру мәселесі ерекше маңызға ие. Себебі мотивация – білім алудың негізгі қозғаушы күші, ол баланың мектептегі үлгеріміне, оқу процесіне қатысуына және болашақта білімге деген көзқарасына тікелей әсер етеді. Әсіресе, бастауыш сынып кезеңі баланың оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығы мен ынтасының қалыптасуындағы шешуші кезең болып табылады.

Алайда зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясы 1-2-сыныптарда жоғары болғанымен, 3-4-сыныптарға қарай төмендейді. Бұл құбылыс әртүрлі себептерге байланысты болуы мүмкін, соның ішінде оқыту әдістері, мұғалімнің оқушымен қарым-қатынасы, ата-ананың қолдауы, оқу тапсырмаларының күрделілігі, құрдастарымен әлеуметтік өзара әрекеттесу деңгейі және тағы басқалар бар.

Осы зерттеудің басты мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясының деңгейін анықтау, оған әсер ететін негізгі факторларды талдау және оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған тиімді әдістерді ұсыну.

Зерттеудің көкейтестігі: Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясы олардың оқу үдерісіне белсенді қатысуының негізгі факторы болып табылады. Мотивацияның жоғары деңгейі оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың білім алуына деген қызығушылығын сақтауға көмектеседі. Алайда зерттеулер көрсеткендей, оқу мотивациясы уақыт өте келе төмендеуі мүмкін, әсіресе бастауыш мектептің жоғары сыныптарына көшкенде.

Бұл құбылыстың алдын алу және оқу мотивациясын тұрақты түрде дамыту үшін мұғалімдер мен ата-аналарға тиімді әдістер ұсыну қажет. Бастауыш сыныптағы оқу мотивациясының өзгеруін зерттеу арқылы

оқушылардың оқу үлгеріміне әсер ететін факторларды анықтап, оқу процесін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік туады.

Осы зерттеу бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттырудың ғылыми негіздерін анықтауға бағытталған.

Зерттеу объектісі: Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын қалыптастыру және дамыту процесі, оған әсер ететін педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік факторлар жиынтығы.

Зерттеу пәні: Оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға бағытталған педагогикалық және психологиялық әдістер жүйесі, оның ішінде мұғалімнің оқыту тәсілдері, оқу тапсырмаларының ерекшеліктері, мектептегі психологиялық ахуал, ата-ананың тәрбиелік ықпалы, сыныптағы әлеуметтік қарым-қатынас және оқушылардың жеке ерекшеліктері.

Зерттеу мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясының деңгейін зерттеу, оның төмендеу себептерін анықтау, мотивацияны арттыруға ықпал ететін факторларды талдау және оқу мотивациясын жоғарылатуға арналған тиімді педагогикалық және психологиялық әдістерді ұсыну.

Зерттеу міндеттері:

- Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясының қазіргі жағдайын бағалау үшін сауалнама жүргізу.
- Оқу мотивациясының төмендеу себептерін анықтау мақсатында оқушылардың мінез-құлқын, оқу процесіне қатысу деңгейін бақылау.
- Оқу мотивациясын арттыруға ықпал ететін педагогикалық және психологиялық факторларды жүйелеу.
- Мұғалімдерге оқу мотивациясын арттыруға арналған әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.
- Ата-аналарға оқу мотивациясын қолдауға бағытталған стратегияларды ұсыну.
- Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын дамытудың тиімді әдістерін тәжірибеде сынақтан өткізу.

Зерттеудің ғылыми болжамы: Егер бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын қалыптастыруға бағытталған кешенді педагогикалық және психологиялық әдістер жүйелі түрде қолданылса, онда:

- Оқушылардың танымдық белсенділігі мен оқу процесіне қызығушылығы артады.
- Оқу үлгерімі жақсарады.
- Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас нығаяды.
- Оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейі жоғарылайды.
- Оқу мотивациясының төмендеуінің алдын алуға мүмкіндік туады.

Зерттеу әдістері:

1. Сауалнама әдісі – оқушылардың оқу мотивациясының деңгейін анықтау үшін қолданылады.
2. Бақылау әдісі – оқушылардың сабақтағы белсенділігі мен мінез-құлқын зерттеу үшін пайдаланылады.

3. Салыстырмалы талдау әдісі – оқу мотивациясының жас ерекшеліктеріне байланысты өзгеруін зерттеу үшін қолданылады.
4. Педагогикалық эксперимент әдісі – мотивацияны арттыруға бағытталған әдістердің тиімділігін тексеру үшін жүргізіледі.
5. Статистикалық талдау әдісі – зерттеу нәтижелерін өңдеу және интерпретациялау үшін қолданылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыруға арналған кешенді әдістер жүйесі ұсынылды.
2. Оқу мотивациясының төмендеу себептері мен оған әсер ететін факторлар анықталды.
3. Мұғалімдер мен ата-аналар үшін оқу мотивациясын қолдауға бағытталған нақты ұсыныстар жасалды.
4. Оқу мотивациясын дамытуға арналған инновациялық педагогикалық технологиялар қарастырылды.
5. Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын бағалау үшін кешенді диагностика әдістемесі жасалды.

Зерттеудің тәжірибедегі мүмкіндігі: Зерттеу нәтижелері бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыру мақсатында білім беру мекемелерінде, мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдарда және педагогикалық тәжірибеде қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған әдістемелік ұсыныстар бастауыш мектеп бағдарламасына енгізіліп, оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға үлес қоса алады.

Зерттеу материалдары педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне, бастауыш сынып мұғалімдеріне, білім беру саласындағы мамандарға, психологтарға және ата-аналарға пайдалы құрал ретінде ұсынылады.

Қорытынды

Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын дамыту – білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Бұл зерттеу нәтижелері мұғалімдер мен ата-аналарға оқушылардың оқу мотивациясын қолдау және арттырудың тиімді жолдарын ұсынуға бағытталған. Зерттеу барысында алынған ғылыми деректер оқу үдерісін жетілдіруде құнды материал болып табылады және оны білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Алтынбекова А.Қ. Оқушылардың оқу мотивациясын қалыптастыру жолдары // Бастауыш мектеп. – 2015. – №3.
2. Божович Л.И. Тұлғаның қалыптасуы және дамуы. – Алматы: Мектеп, 2002.
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995.
4. Ильин Е.П. Мотивация және мотивтер. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.
5. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Білім, 2002.
6. Мұқанова Б. Оқушылардың мотивациясын арттыру әдістері // Қазақстан мектебі. – 2018. – №2.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТАБИҒАТПЕН ТАНЫСТЫРУДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Студент Сарсекова Т., 4 курс, КМКК «Абай атындағы Шығыс Қазақстан
гуманитарлық колледжі»

Ғылыми жетекшісі: Мұратова Ә.М. «Мектепке дейінгі арнайы пән» оқытушысы

Өзектілігі. Тәрбие-қоғамның негізгі қызметінің бірі, жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру процес, аға ұрпақтың тәжірибесін буынға меңгертіп, олардың сана сзімін, жағымды мінез-қылқын дамытушы. Ересек буын қоғамды тарихи өмірде жинақталған тәжірибені, білімді жас буынға тәрбие процесі арқылы беріледі.

Мектепке дейінгі балаларды оқытып - тәрбиелеу мәселесі барлық кезендерде де өзектілігін жоймай, үнемі педагогика ғылымының зерттеу нысаны болған.

Жаңа кезеңдегі білім беруді өзекті мәселесі жас ұрпаққа – адамгершілік – рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халық «Ағаш түзу өсу оған қажет кезінде көмек тесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жасынан ізгілік, мейрімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар арасында табысты болатынынан сенуге болады.

Мәселе. Білімалушылар кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруда, дидактикалық ойындарды баланы дамыту бағытында дұрыс жүйелі қолданылмаса, оны ұйымдастырудың тиімді жолдары, әдіс тәсілдері дұрыс айқындалмаса, балалардың ойлау қабілеттерін қалыптастыру жұмысының бірізділігі сақталмаса кері әсерін тигізеді.

Жұмыстың мақсаты. Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстыруда дидактикалық ойындарды қолдану маңыздылығын дамыту.

Келесі міндеттер қойылды:

- Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстыруда дидактикалық ойындарды әдіс – тәсілдерін көрсету.

-Мектепке жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстыруда дидактикалық ойындарды қолдану әдіс – тәсілдерінің критерийлері мен мүмкіндіктерін анықтау.

- Дидактикалық ойындар арқылы баланы дамыту бағытындағы жұмыстарды жүйелендіру, оны ұйымдастыру.

Дидактикалық ойындардың тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын күшейтеді. Ойын ережесі балалардың түсінуіне онай, қарапайым, әрі қысқа болуы керек. Кейде ойынның мазмұны, ережесі балаларға дұрыс түсіндірілмейді де, балалар оған қызықпайды, зейін қойып тыңдамайды. Оның үстіне дидактикалық материалдар мен көрнекіліктерге жеке көңіл бөлу ерек. Балалардың таным қабілетін, логикалық ой-өрісін кеңейтіп, сабаққа ынтасын арттыруда,

балалардың қоршаған заттар, олардың сапасы мен қасиеті, қолданылуы туралы түсініктерін жүйелеу және қалыптастыруда, адамдардың қоғамдық өмірі мен қоршаған әлемнің тұтастығы туралы түсінігін, оқиғалар мен құбылыстардың бір-бірімен байланысы мен тәуелділігін анықтай білу іскерлігін дамыту, балалардың танымдық белсенділігін, ақыл-ой қабілеттері мен білуге құштарлығын арттыру, өмірдегі қауыпсіздік ережелерінің негіздерімен таныстыру үшін сабақта және сабақтан тыс уақытта ойналатын дидактикалық ойындардың маңызы зор. Ойын шарттары мен көрнекіліктерін пайдалану арқылы баланың жеке басын, ойын әрекетін дамытуға болады.

Дидактикалық ойындар баланың ақыл-ойын дамытуға, ойлауын, қабылдауын, есте сақтауын, зейінін, салыстыру, жіктеуге, өзін-өзі бақылауға үйретеді.

Дидактикалық ойындарды қоршаған ортамен таныстыру сабақтарында пайдаланудың тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Сабақты бекіту, сабақта меңгерген материал туралы түсінігін кеңейту, баланың шығармашылығын дамыту үшін, ол ойындар сабақтың тақырыбына, мақсатына сай таңдалып алынады.

Сабақтың қызықты, тартымды өтуі үшін дидактикалық ойындарды дұрыс ұйымдастыру керек. Ойынға керекті құралдар әр балаға жеткілікті болсын. Сонда ғана балаларға түсінікті болады. Дидактикалық ойындардың құралдары ұзақ уақыт сақталу үшін эстетикалық гигиеналық талаптарға сай, әдемі қораптарда, қалталарда тұрғаны жөн.

Дидактикалық ойындарға қойылатын талаптар:

1. Ойынға берілген уақыт баланы жалықтырмайтындай болуы
2. Тақырып аясынан ауытқымай, оның мазмұнын ашуы қатаң ескеріледі
3. Ойынға қажетті материалдар алдын ала даярлануы
4. Ойынның балаға беретін білімдік және тәрбиелік мәні болуы
5. Баланың жан-жақты дамуына, танымдық қызметінің артуына әсер етуі керек

Дидактикалық ойындардың мазмұны мыналарды қамтуы тиіс:

1. Топтағы бағдарлама материалға, оның ішінде нақты сабақтың мазмұнына сай болып, тапсырманың мәнін ашу керек
2. Ойындардағы тапсырмалардың әр түрлі тәсілмен орындауын қадағалау және олардың тәрбиелік ықпалын күшейтуге ықпал ету керек
3. Дидактикалық Ойындар нақты, қысқа, қызықты, тартымды болуы міндетті
4. Дидактикалық ойындарда қолданылатын материалдар мен көрнекіліктер қарапайым болып, олардың жасалуы мен дайындалуы тез әрі жеңіл болуы шарт.
5. Дидактикалық ойындардың нәтижелері, тапсырма жауаптары қортындылануы тиіс.

Дидактикалық ойынды қолдану үшін үлкен педагогикалық шеберлік қажет. Ойынды таңдап алған соң, ойынның көмегімен қандай тапсырманы орындайтынын анықтау керек және ойынды өткізу үшін алдын ала дайындалуы және балаларға түсінікті, анық, жас ерекшеліктеріне сай болуы тиіс. Мысалы: табу, көрсету, белгілеу орта топқа лайықты, ал ересек балаларда салыстыру басым болады.

Зерттеу нәтижелері. В.А. Сухомлинскийдің осы сөзі ойын арқылы баланың ойлау қабілеті шыңдалатынын дәл көрсетеді. Дидактикалық ойындарды қолдану іс-әрекетін әсерлігін арттырып, балалардың ойлауын, жалпы қабілеттерін дамытады. Іс-тәжірибе барысында ойындарды шығармашылықпен түрлендіре отырып, балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, жаңа тақырыпты өткенде бұрынғы материалды қайталағанда, білімді тиянақтау негізінде топтағы барлық балалармен жүргізілетін бағдарламалар арасында жұмыс жүргізіліп, қортынды шығарылды. Нәтижесінде дидактикалық ойындар балаларды өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландырады, олардың ойлау қабілеттерінің, іздемпаздылығын арттырады, сөз қорын молайтуға көмектеседі, сабақта дидактикалық ойындарды пайдалану балалардың сол пәнге белсенділігін арттырады, бағдарламалық материалдарды қажет деңгейде меңгеруге ықпал ететініне диагностика, практикалық жұмыстар арқылы көз жеткізілді.

Қорытындылар. Ойымызды қорытындылай келе, дидактикалық ойындар арқылы баланы дамыту бағытындағы жұмыстар жүйеленсе, оны ұйымдастырудың тиімді жолдары, әдіс тәсілдері айқындалады, ол өз ретінде, балалардың ой қабілеттерін қалыптастасатынын дәлелдей алдық. Жаңа ғасырда табиғатсыз баланы тәрбиелеуді көз алдымызға елестете алмаймыз. Сондықтан да бала бақшамыздағы тәрбие ісіне негізгі міндеттерінің бірі «балаларды айналамен таныстыра отырып, оларға экологиялық тәрбие беру» болып табылады.

Бала дүниеге келгеннен бастап табиғатпен байланыста болады. Табиғат - баланың ақыл-ойының балалық деңгейден нақты түсініктер бойынша қалыптасқан жоғары деңгейге жеткізетін қор болып табылады. Ол әр түрлі табиғи құбылыстарды жете түсінуді өз ойын жеткізе білу өнерін бірге дамытады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Ыдырысова Ж. Табиғатқа ынтызарлық сезімді ояту. // Отбасы және балабақша. – 1997. № 4 - 6. 70 – 71б.
2. Қонақбаева Р. Д. Балаларды эстетикалық тәрбиеге баулу. // Отбасы және балабақша. – 2008. № 2. 29 – 30б.
3. Құлшанова С. Табиғатты қорғау. // Отбасы және балабақша. – 1993. № 6. 6.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫС КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ОҚЫТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Студент Серікқажы А., 2 курс, «М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»

Ғылыми жетекшісі: Орынтаева Н.Е., шет тілі мұғалімі

Өзектілігі: Қазіргі қоғамда жасөспірімдер арасындағы эмоционалдық тұрақсыздық, өзін-өзі бағалаудың төмендігі және оқу мотивациясының төмендеуі өзекті мәселеге айналып отыр. Оқыту процесінде мұғалімдер мен ата-аналар жасөспірімдердің психологиялық дағдарыстарын ескермеген

жағдайда, олардың оқу үлгерімі нашарлап, мінез-құлқында ауытқулар байқалуы мүмкін. Осы себепті, заманауи білім беру жүйесінде жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктеріне негізделген оқыту әдістерін енгізу маңызды.

Бұл мәселенің өзектілігі төмендегі аспектілерден туындайды:

1. Жасөспірімдік кезеңдегі психологиялық тұрақсыздықтың білім беру процесіне әсері;
2. Эмоционалды және мінез-құлықтық ерекшеліктерді ескеретін тиімді оқыту әдістерінің қажеттілігі;
3. Мұғалімдер мен ата-аналардың жасөспірімдердің дағдарыстық кезеңдерін дұрыс түсініп, қолдау көрсету жолдарын іздеуі. [1]

Мақсаты: Жасөспірімдердің психологиялық дағдарысы кезіндегі мінез-құлық ерекшеліктерін талдап, олардың оқу процесіне әсерін анықтау. Осыған негізделе отырып, білім беру жүйесінде тиімді оқыту стратегияларын ұсыну.

Міндеттері:

1. Жасөспірімдік дағдарыстың негізгі себептері мен көріністерін талдау;
2. Дағдарыс кезеңіндегі жасөспірімдердің мінез-құлық ерекшеліктерін анықтау;
3. Оқыту процесінде қолдануға болатын тиімді стратегияларды ұсыну;
4. Мұғалімдер мен ата-аналарға жасөспірімдерді қолдаудың әдістерін әзірлеу.

Кіріспе: Жасөспірімдік кезең – адам өміріндегі ең күрделі және өзгерістерге толы уақыт. Бұл кезеңде тұлғаның өзін-өзі тану процесі қарқынды жүреді, ал психологиялық дағдарыстар мінез-құлықтың күрт өзгеруіне себепші болуы мүмкін. Эмоциялық тұрақсыздық, қарым-қатынас мәселелері, өзіне деген сенімсіздік, ересектермен қақтығыстар және қатарластармен өзара түсіністіктің қиындауы – жасөспірімдік дағдарыстың негізгі көріністері. Осы орайда, білім беру жүйесі жасөспірімдердің ерекшеліктерін ескеріп, тиімді оқыту стратегияларын әзірлеуі қажет.

Бұл зерттеу жұмысы психологиялық дағдарыс кезеңіндегі жасөспірімдердің мінез-құлқына ықпал ететін факторларды анықтап, білім беру үрдісінде қолдануға болатын стратегияларды ұсынуды мақсат етеді. [2]

Негізгі бөлім:

1. Жасөспірімдік дағдарыс және оның мінез-құлыққа әсері

Жасөспірімдік дағдарыс – бұл физиологиялық, эмоционалдық және әлеуметтік өзгерістердің күрделі үйлесімі. Бұл кезеңде адам өзін-өзі іздейді, жаңа құндылықтар қалыптастырады және өзінің қоғамдағы орнын анықтауға тырысады. Осы процестер барысында келесідей мінез-құлық өзгерістері байқалады:

- Өзіне деген сенімсіздік немесе шамадан тыс сенімділік;
- Агрессия немесе оқшаулану;
- Мотивацияның төмендеуі;
- Эмоциялық тұрақсыздық, көңіл-күйдің күрт өзгеруі;
- Ересектермен қақтығысқа түсу. [3]

2. Психологиялық дағдарыс кезіндегі оқыту стратегиялары

Жасөспірімдермен жұмыс істеуде дәстүрлі оқыту әдістері көбінесе тиімсіз болуы мүмкін. Сондықтан мұғалімдер мен ата-аналар төмендегі стратегияларды қолдануы қажет:

2.1 Эмоциялық қолдау көрсету

Жасөспірімнің сезімдерін түсініп, оның пікірін құрметтеу;

Оны тыңдап, ойларын еркін айтуына мүмкіндік беру;

Эмоциялық тұрақтылықты сақтай отырып, қиындықтардан шығу жолдарын бірге іздеу.

2.2 Жеке тұлғаға бағытталған оқыту

- Әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу материалын бейімдеу;
- Оқытудың шығармашылық әдістерін пайдалану;
- Өзін-өзі бағалау және рефлексия жасау мүмкіндігін ұсыну.

2.3 Қарым-қатынасты жақсарту

Мұғалімдер, ата-аналар және жасөспірімдер арасында ашық диалог орнату;

Құрдастарымен жағымды қарым-қатынас орнатуға көмектесу;

Топтық жұмыстар мен ұжымдық жобаларды пайдалану.

2.4 Мотивацияны арттыру

- Жасөспірімнің қызығушылықтары мен қабілеттеріне негізделген оқу тапсырмаларын беру;
- Жетістіктерін атап өтіп, өзін-өзі бағалауын арттыруға көмектесу;
- Оқу процесін ойын элементтерімен байыту.

2.5 Өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту

- Эмоцияларды басқару тәсілдерін үйрету;
- Стресті жеңу әдістерін меңгерту;
- Өзін-өзі бақылау мен уақытты тиімді басқару дағдыларын қалыптастыру. [4]

1. Медитация және релаксация әдістері

«Эмоция суреті» әдісі

Мақсаты: Жасөспірімнің өз эмоцияларын саналы түрде түсінуін және бақылауын дамыту.

Қадамдары:

1. Оқушыға ақ парақ пен түрлі-түсті қарындаштар беріледі.
2. Ол дәл қазіргі сәтте қандай эмоцияны сезініп тұрғанын ойлап, сол эмоцияға сәйкес түстерді таңдайды.
3. Көзін жұмып, терең тыныс алып, 2 минут ішінде сол эмоцияны бейнелейтін абстрактілі сурет салады.
4. Сурет салу аяқталғаннан кейін, ол өз суретін қарап, эмоцияның қалай өзгергенін сезінеді.
5. Мұғалім немесе психолог оқушымен бірге эмоцияның шығу себебін талқылайды.

«Қуатты айналым» әдісі

Мақсаты: Стресті басқаруды үйрету және энергияны дұрыс бағыттау.

Қадамдары:

1. Жасөспірімдер екі топқа бөлінеді. Әрбір топ қағазға стрессті тудыратын жағдайларды жазады.
2. Барлығы өз стресс көзіне 2 минут бойы ойша назар аударады.
3. Содан кейін әр жасөспірім стресс энергиясын басқа нәрсеге бағыттауы үшін қарапайым физикалық әрекет жасайды (секіру, жұдырығын қысу, алақанын ысқылау).
4. Жаттығу соңында барлығы өздерін қалай сезінгенін бөліседі.
«Күнделікті энергия картасы» әдісі
Мақсаты: Жасөспірімнің күнделікті белсенділік деңгейін талдау және уақытты тиімді жоспарлау қабілетін дамыту.

Қадамдары:

1. Бір күннің ішінде әрбір сағаттағы өзінің энергия деңгейін 1-ден 10-ға дейін бағалайды.
2. Кешке сол күндегі ең өнімді және ең төмен энергиялы уақыттарын талдайды.
3. Келесі күн үшін ең тиімді уақыттарын негізгі тапсырмаларға жоспарлайды.

Қорытынды: Жасөспірімдік кезеңдегі психологиялық дағдарыстар оқу процесіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Сондықтан мұғалімдер мен ата аналар жасөспірімдердің эмоциялық және мінез-құлықтық ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді оқыту стратегияларын қолдануы қажет.

Бұл зерттеуде жасөспірімдердің дағдарыстық кезеңдерінде кездесетін қиындықтар және оларды еңсеру жолдары қарастырылды. Эмоциялық қолдау көрсету, тұлғаға бағытталған оқыту, мотивацияны арттыру және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту – жасөспірімдердің оқу үлгерімін жақсартуға және олардың психологиялық жағдайын тұрақтандыруға көмектесетін маңызды стратегиялар.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Утепбергенова З.Д. Педагогикалық психология: оқу құралы. – Алматы, «Alash Book», 2024. - 186 б.
2. Жарықбаев, Қ. (2018). Жас ерекшелік психологиясы. Алматы: Білім.
3. Бастунов, В.А. (2014). Методы работы с трудными подростками в школе. Москва: Юрайт.
4. Захарова, Е.И. (2005). Психология подросткового возраста: Теория и практика. Москва: Академия.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ Қ. ЖҰБАНОВ ІЛІМІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Студент Сермұханова З., 4 курс, «Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі»
МКҚК

Ғылыми жетекшісі: Балгазиева Л.Т., қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің
оқытушысы

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің Қ. Жұбанов ілімімен сабақтастығы – тіл білімі мен педагогиканың маңызды мәселелерінің бірі. Бұл тақырып қазақ тілін

оқытудың ғылыми негіздерін қалыптастырудағы Құдайберген Жұбановтың рөлін, оның идеяларының қазіргі әдістемемен байланысын және олардың тиімділігін талдауға бағытталған.

Жұмыстың өзектілігі: Қ.Жұбанов қазақ тілін оқыту әдістемесіне үлкен үлес қосқан ғалым, тіл білімінің негізін салушы ретінде танымал. Оның ілімі қазақ тілінің құрылымын терең зерттеп, оны оқытуда жаңа бағыттар мен тәсілдер ұсынған. Қ.Жұбановтың қазақ тілін оқытудағы көзқарастары бүгінгі күні өзекті болып табылады. Бұл жұмыста Қ.Жұбановтың ілімі қазіргі оқыту жүйесінде, оның ішінде қазақ тілін оқыту әдістемесінде қолданылуын салыстыра талдау жұмыс жүргізілді. Сонымен қатар ғалым тіл үйретудің жүйелі және кезең –кезеңімен іске асырылуы тиіс екенің ұсынды. Қазақ тілін оқытуда әрбір тілдік единицаны (дыбыс, сөз, сөйлем) өзіндік ерекшеліктерімен қатар, біртұтас жүйе ретінде түсіну керектігін айтқан болатын. Қ.Жұбанов қазақ тілінің дамуына және оны оқытудағы қиындықтарға ерекше көңіл бөлгенін білеміз. Және қазақ тілін оқытудағы қиындықтарды анықтап, оларды шешу жолдарын іздестіріп біршама еңбектер жазды. Қ.Жұбанов оқыту жүйесінде қалдырған әдістемелік ұсыныстары қазіргі қазақ тілін оқытуда да қолданыс тауып, жаңа технологиялар мен әдістермен үндестік табуда.

Тақырыптың мәселесі:

Қ. Жұбановтың тіл біліміне қосқан үлесі:

Қазақ тілін оқытудағы жүйелілік пен ғылыми негізділік мәселелері.

Қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесі:

Интерактивті, коммуникативті әдістердің қолданылуы.

Тілді меңгертудің психолінгвистикалық аспектілері.

Жұбанов еңбектерінің әдістемемен сабақтастығы:

Ғалымның фонологиялық жүйені оқытуға қатысты ойларының қазіргі дыбыстық талдау әдістерімен байланысы.

Оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыруда оның еңбектерінің маңыздылығы.

Жұмыстың мақсаты: Қ.Жұбановтың қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі теориялық тұжырымдары мен зерттеулерінің қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесіне әсерін талдап, ғалымның ілімі мен бүгінгі күнде қолданылып жүрген әдістемелік тәсілдер арасындағы сабақтастықты анықтау

Міндеттері: **Қ.Жұбановтың қазақ тілін оқыту әдістемесіне қосқан үлесін зерттеу:** Ғалымның тіл біліміндегі негізгі идеялары мен әдістемелік ұсыныстарын талдау, олардың қазіргі әдістемелік ғылымға қаншалықты ықпал еткенін анықтау.

Қ.Жұбанов ілімінің қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты негізгі тұжырымдарын көрсету: Тіл үйретудегі жүйелілік, тілдің құрылымдық ерекшеліктері, практикалық әдістер сияқты маңызды аспектілерді зерттеу.

Қазақ тілін оқытуда Қ.Жұбановтың әдістемелік тәсілдерін тиімді пайдалану жолдарын ұсыну: Оның ұсынған әдіс-тәсілдерін қазіргі мектептер мен жоғары оқу орындарында қолдану үшін нақты ұсыныстар жасау.

Қ.Жұбановтың қазақ тілін оқытудағы қиындықтарға қатысты пікірлерін қазіргі жағдаймен салыстыру: Ол кезіндегі тілі мәселелері мен бүгінгі тілдің даму ерекшеліктерін салыстыра отырып, қазақ тілін оқытудың болашақта даму бағыттарын анықтау.

Нәтижесі: Қ. Жұбановтың қазақ тіл біліміндегі жаңашыл идеялары қазіргі әдістемелік жүйенің негізін қалағандығы анықталады.

Ғалымның грамматика, фонетика және сөзжасам мәселелеріне қатысты тұжырымдары қазіргі тіл оқыту әдістерімен үндес екені дәлелденеді.

Жұбанов еңбектерін қазақ тілін оқыту процесінде қолдану оқушылардың тілді терең меңгеруіне көмектесетіні көрсетіледі.

Қазақ тілін үйретудің заманауи әдістерін Жұбанов ілімімен ұштастыру тиімді педагогикалық тәсіл болатыны тұжырымдалады.

Бұл зерттеу қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіруге, оның ғылыми-теориялық негізін терең түсінуге және Жұбанов ілімінің құндылығын қайта қарастыруға ықпал етеді.

Қорытынды: Профессор Қ.Жұбанов – еліміздің тұңғыш білім ордасы Қазақтың педагогикалық институтының қазақ тілі кафедрасының тұңғыш меңгерушісі бола отырып, қазақ тілінің жеке-дара ілімі болып алғаш оқытылып, зерттеліп, танылып, қалыптасуына да өз үлесін қосқан ірі тұлға, көрнекті тілші-ғалым, ұлағатты ұстаз, тәжірибелі әдіскер. Әдіскер-ғалым қазақ тілін жеке ғылым саласы ретінде оқу жүйесіне ұсына келіп, оны дамытудың, жетілдірудің жолдары мен бағыттарын белгіледі. Қ.Жұбановтың ғылымдағы зерттеулері, ғылыми еңбектерінің бастау көзі 1929-1930 жылдардан, яғни ҚазПИ-дің шаңырағына ғылыми қызметкер болудан бастала келіп, осы қабырғада ұстаздық, ғылыми, қайраткерлік, ағартушылық, педагогтық, қоғамдық қызметтерді қатар алып жүруімен ұласады. Қ.Жұбанов 1932-1937 жылдар аралығында Қазақ КСР Халық ағарту комиссариатының Ғылым және оқу-методика кеңесінің председателі, оқу программасы және методика бөлімінің меңгерушісі бола жүріп, оқу бағдарламаларын жетілдіру, оқулықтардың сапасын арттыру барысында да көп іс тындырды.

Қ.Жұбановтың қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі ілімдер қазіргі таңда да өз маңыздылығын жоймай, ғылыми зерттеулер мен оқыту процесінде қолданылуда. Оның еңбектері қазақ тілін тереңірек түсініп, оны тиімді оқытуға бағытталған маңызды негіз болып табылады. Бұл мақсат пен міндеттер Қ.Жұбановтың қазақ тілін оқыту әдістемесіндегі ғылыми мұрасын қазіргі уақытта қолданудың маңыздылығын көрсетуге бағытталған

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Қ.Жұбанов “Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер”. Алматы - 2010
2. М.О. Милов “Құдайберген Жұбанов публицистикасы (көсемсөзі): оқыту аспектілері”. Алматы – 2002
3. М.Қ. Жұбанова «Құдайберген Жұбанов ұлттық дидактика проблемалары хақында» Алматы-2002

ПРАКТИЧЕСКОЕ РЕШЕНИЕ: ВОЗМОЖНОСТИ ВНЕДРЕНИЯ НЕЙРОСЕТИ В РАЗРАБОТКУ УЧЕБНОЙ ДОКУМЕНТАЦИИ

Скачкова А., студент 2 курс, ЧУ «Колледж предпринимательства КИиЭУ»

Научный руководитель: Мукумов А.А., преподаватель спецдисциплин

Актуальность. Развитие нейросетей в интернете открыло возможности ускорения и улучшения процессов во всех сферах деятельности, в том числе минимизирование ошибок и повышения эффективности работы. Повседневная работа преподавателя включает в себя значительный объем разработки учебной документации, которую можно облегчить с использованием возможностей нейросетей.

Проблема. Подготовка методической документации к организации учебного процесса требует высоких затрат времени, что затрудняет повышение эффективности образовательного процесса.

Цель работы. Разработать решение по уменьшению времени на подготовку учебной документации, путем совершенствования процесса, используя возможности нейросети. Следствием, которого является, повышение эффективности работы преподавателя.

Задачи:

- 1) Провести опрос среди профессорско-преподавательского состава по вопросам затрачиваемого времени на разработку учебно-методического материала и использования нейросетей;
- 2) Проанализировать полученный результат, вывести средние показатели;
- 3) Поиск решения среди имеющихся программных продуктов на рынке, изучение имеющихся нейросетей и их возможностей;
- 4) Использование сервиса UMO.KZ с интегрированной нейросетью ChatGPT, индивидуализация под утвержденные требования к разрабатываемой документации;
- 5) Тестирование полученного решения, поиск ошибок, доработка;
- 6) Составление сравнительного анализа подготовки учебно-методической документации с использованием предложенного решения и без;
- 7) Оценка полученных результатов.

В ходе исследовательской работы был проведен опрос среди преподавательского состава с целью выявления времени, затрачиваемого на разработку учебно-методических материалов. Полученные результаты были проанализированы, что позволило вывести средние показатели временных затрат и определить основные затруднения, с которыми сталкиваются преподаватели при подготовке документации.

Анализ проведенного опроса показал, что:

- на разработку только одного поурочного плана в среднем затрачивается около одного или двух часов (62,5% опрошенных преподавателей);
- на разработку одного МУ по выполнению практической работы в среднем затрачивается около 60 минут (71,5% опрошенных преподавателей);

- на разработку одной рабочей программы преподавателем в среднем затрачивается около двух недель (63% опрошенных преподавателей);

При этом все опрошенные преподаватели ответили, что знакомы с нейросетями, и 75% из них, активно используют возможности нейросетей при разработке учебной документации.

Среди основных проблем при работе с нейросетями было отмечено:

- ограниченность функций при бесплатной версии и предоставляемый объем информации;
- требуется некоторое время для правильного формулирования запроса и получения желаемого результата.

Кроме того, полученные результаты показывают длительную работу преподавателя с документацией. Так, при средней нагрузке преподавателя, на каждый день необходимо подготовить 3 поурочных плана и одно МУ по выполнению практической работы, на что потребуется в среднем 5,5 часа.

Отсюда исходит актуальность поиска решения для уменьшения затрачиваемого времени на подготовку учебной документации и оптимального его использования.

В ходе работы был проведен анализ имеющихся сервисов по предоставлению использования нейросетей, и составлена сравнительная таблица, которая показала преимущество нейросети ChatGPT по сравнению с другими имеющимися на рынке. Одно из важных преимуществ нейросети ChatGPT – наличие API (Application programming interface) [1][2], что позволяет его интегрировать в отдельные сервисы и персонализировать под необходимые нужды. Это позволяет: настроить его быстрым и качественным ответам, возможностям построить диалог, персонализировать параметры для своего удобства [3].

На основе автоматизированного сервиса UMO.KZ, в который интегрировано платная версия ChatGPT, было разработано решение, которое формировало индивидуальный поурочный план, соблюдая обязательные требования по структуре и содержанию [4].

В требования разрабатываемого поурочного плана было заложено:

- наименование учебного заведения;
- название документа;
- тема занятия;
- наименование дисциплины;
- ФИО преподавателя;
- дата составления;
- общие сведения (курс, группа, тип занятия, цели, задачи, ожидаемые результаты, необходимые ресурсы, ход занятия, рефлексия по занятию, домашнее задание).

Среднее время готовности поурочного плана, соответствующего всем указанным требованиям, с помощью разработанного решения составило около 2-х минут, что в 45 раз быстрее традиционного способа разработки. Результат работы указывает на колоссальное соотношение и разрыв во времени.

При этом предложенное решение позволяет моментально получать поурочный план в нужном формате, для дальнейшего изучения, доработок и использования в учебном процессе.

Сравнительный анализ позволил выявить преимущества автоматизированного подхода, такие как сокращение временных затрат, улучшение структуры и качества материалов, а также снижение когнитивной нагрузки на преподавателей [5].

На заключительном этапе была проведена итоговая оценка полученных результатов, которая продемонстрировала целесообразность использования интегрированных нейросетевых решений в образовательной сфере, а также их потенциал для дальнейшей оптимизации работы профессорско-преподавательского состава.

Проблемы, возникающие из-за влияния гендерных стереотипов на выбор профессии, требуют активного решения. Это включает в себя образование, изменение общественного мнения, поддержку разнообразия на рабочих местах и пропаганду гендерного равенства. Изменение подхода к восприятию профессий с учетом индивидуальных талантов и интересов, а не гендерной принадлежности, поможет создать более справедливое и продуктивное общество.

В качестве практической части мы провели среди групп 1 и 2 курсов ранжирование профессии, где юношами девушкам предлагалось разделить профессии на две группы: мужские и женские. Так же был проведен онлайн тест на выявление гендерной идентичности, который безошибочно выявил пол респондента. Среди групп 1,2 курсов, среди девочек и юношей отдельно провели онлайн опрос в инстаграмм где им задавались два вопроса 1. Влияют ли гендерные стереотипы на выбор будущей профессии? Да/нет. 2. Являются ли гендерные стереотипы проблемой при выборе профессии. Согласно результатам 33% опрошенных ребят считают что гендерные стереотипы влияют на выбор будущей профессии, и 67 % нет. На вопрос могут ли гендерные стереотипы стать проблемой при выборе будущей профессии 56% считают что да и 44 нет.

Результаты опроса у девушек 50% опрошенных девушек считают что гендерные стереотипы влияют на выбор будущей профессии, и 50 % нет. На вопрос могут ли гендерные стереотипы стать проблемой при выборе будущей профессии 58% считают что да и 42 % нет.

Какой напрашивается вывод. Несмотря на то, что мы живем в современном супер развитом мире, нами все ещё управляют стереотипы. Но все же мир не стоит на месте, и многое что казалось чем-то нереальным раньше, уже сейчас возможно. Я думаю что мир потихоньку освобождается от стереотипов

Список использованных источников

1. Теория и методология гендерных исследований. М.: МЦГИ, 2001.
2. Практикум по гендерной психологии/ Под ред. Клециной. - СПб.: Питер 2003. - с. 207-228
3. Иванова Е. Введение в Гендерные исследования. Ч.1:
4. Учебное пособие/Под ред. И.А. Жеребкиной - Харьков: ХЦГИ, 2001; СПб.: Алетейя, 2001. - с. 336 М., 1990 г.
5. Ольшанский Д.В. Психология массы. СП-б., "Питер"., 2001г.

ЦЕННОЕ НАСЛЕДИЕ ДЛЯ ПОТОМКОВ В ПОНИМАНИИ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА

Юсуп Н., студент 2 курс, ГККП «Мангистауский высший педагогический колледж имени Мурын жырау Сенгирбекулы»

Научный руководитель: Жанабаева А.Б., преподаватель педагогики

Выдающийся поэт и просветитель оставил за собой огромное наследие, благодаря которому воспитаны и будут воспитаны целые поколения. Ахмет Байтурсынов - казахский просветитель, ученый-лингвист, литературовед, тюрколог, поэт и переводчик, общественный деятель и поэтический публицист, основоположник казахского языкознания. В народе известен и почитаем как «Ұлт Ұстазы». Родился 5 сентября 1872 года в урочище Сартубек Тургайского уезда, происходит из рода шакшак племени аргын. Одним из важных аспектов деятельности Байтурсынова является педагогический и просветительский труд. «Улучшение жизни народа надо начинать именно с дела, ибо власть, управление, народ, исправляются только образованием», - говорил Ахмет Байтурсынов.

Главная идея его педагогической деятельности заключалась в том, что важно вырастить и воспитать подрастающее поколение честным и трудолюбивым, верным родине, готовым продолжить вековые традиции казахского народа. Он любил всем своим сердцем человека и свой народ и всеми силами добивался развития образования и культуры казахского народа – это самая главная грань великой личности Байтурсынова, главное культурное наследие его педагогических идей. Следуя словам Байтурсынова, «чтобы быть образованным и сильным, нужно иметь знания, необходимо учиться», я в рамках организации и осуществления воспитательной работы в 4 «Б» классе, стремилась познакомить ребят с наследием А.Байтурсынова.

Цель моей работы: популяризация наследия Ахмета Байтурсынова в понимании и осознании младших школьников.

Задачи:

1. Пробудить у учащихся младших классов интерес к творчеству А.Байтурсынова. Совершенствовать навыки выразительного чтения. Привить любовь и интерес к книге, поэтическому слову.

2. Воспитывать гордость за литературно-публицистическое наследие А.Байтурсынова.

Объект исследования: великое наследие А.Байтурсынова.

Предмет исследования: внеурочная воспитательная деятельность педагога начальных классов как важный фактор, обуславливающий целенаправленное и систематическое приобщение обучающихся к историческому прошлому казахского народа и его великому наследию.

Гипотеза: если планомерно, систематически в процессе внеурочной воспитательной деятельности проводить разнообразные воспитательные дела по ознакомлению в историческим наследием великих деятелей казахского народа, то можно постепенно стремиться к формированию в подрастающем поколении фундаментальных знаний о культурном, историческом наследии наших предков.

Перед началом воспитательной работы провела диагностическую работу, для того чтобы определить каким уровнем знаний в рамках темы «Ахмет Байтурсынов- великая личность на пути к наследию нации» обладают учащиеся

4 класса. Диагностику я решила провести в виде устного опроса по методу «Вопрос-ответ». К большому сожалению большинство учащихся не были знакомы с творчеством А. Байтурсынова, не знали ничего о его трудах, не имели элементарных представлений о наследии, которое оставил Ахмет Байтурсынов.

По итогам диагностической работы я приступила к планированию и осуществлению практической части моей научно-исследовательской работы. Для достижения поставленных целей и задач разработала следующий план воспитательной работы:

1. Организация и проведение серии тематических внеклассных мероприятий по ознакомлению обучающихся с культурным наследием А. Байтурсынова.

2. Проведение дидактических игр для углубленного формирования знаний по проблеме: «Ахмет Байтурсынов – великая личность на пути к наследию нации».

3. Организация и проведение поэтического конкурса с целью закрепления и совершенствования знаний и представлений детей по изучаемой проблеме.

4. Написание творческого эссе на тему: «Ахмет Байтурсынов – великая личность на пути к наследию нации»

В рамках воспитательных мероприятий я раскрыла содержание темы, в информации, которую дети усвоили я расставляла акценты на важных моментах просветительской и творческой деятельности Байтурсынова, о его культурном наследии, о безграничной любви к своей Родине, к языку. Далее воспитательные мероприятия в ежедневной внеурочной деятельности с учащимися дополнялись следующими дидактическими и интеллектуальными играми на закрепление и усвоение темы:

1. Игра «Собери слово». Условия игры: на заранее подготовленных карточках слова, которые разделены на слоги или буквы, дети должны из этих частей собрать слово. Затем раскрыть какие ассоциации у них возникают в рамках темы «Ахмет Байтурсынов». Слова: обучение; традиции; культура; букварь; казахский язык; алфавит; знания; наставления; наследие; Алаш – Орда; ученный; писатель; переводчик; учитель.

2. Игра «Цепочка». Условия игры: ведущий определяет группу слов, которые должны быть использованы в игре (например, наставления и советы Ахмета Байтурсынова) и передает мяч первому игроку. Игрок называет правильное слово и передает мяч другому игроку, который называет следующее слово. Можно усложнить игру: мяч не передавать по кругу, а перебрасывать любому игроку. В этом случае игроки должны быть готовы в любой момент дать ответ. Также с целью обогащения представлений детей о творчестве А. Байтурсынова, я провела поэтический конкурс, в рамках которого дети наизусть рассказывали стихотворения великого поэта.

Заключение: на завершающем этапе с целью доказательства верности выдвинутой мною гипотезы я организовала творческую работу – написание эссе на тему: «Ахмет Байтурсынов – великая личность на пути к наследию нации». Обработав результаты творческих работ учащихся я пришла с

следующему выводу, что цели и задачи моей научно-практической работы были достигнуты, учащиеся успешно справились со всеми заданными учебными проблемами. На мое удивление почти все дети усвоили информацию о великом наследии А.Байтурсынова и постарались глубоко осмыслить его вклад в развитие казахской истории, культуры и образования. Я думаю, если в дальнейшем внеурочную деятельность систематически и планомерно наполнять воспитательными мероприятиями по изучению основ народной педагогики, то у подрастающего поколения будет осознанно формироваться любовь к истории и чувство патриотизма.

Вывод: Ахмет Байтурсынов – учитель нации. Я убеждена, что только изучив историю своего народа и страны, начнёшь понимать особую ценность языка, культуры и независимости нации. Потому важно изучать, помнить то богатое наследие, которое нам оставил Ахмет Байтурсынов, и передавать эти знания следующим поколениям, чтобы его труды стали жизненными принципами молодежи.

Список использованных источников

1. Байтурсынов А. Нужды школы // Антология педагогической мысли Казахстана / Составитель К.Б.Жарикбаев, С.К.Калиев. - Алматы; Рауан,1995.
2. Бейсенбаева С. Ахмет Байтурсынов // Новое поколение. 1996.
3. Илиуф Х-М. Ахмет Байтурсынов: великий учитель нации // Вести Семей, 2011.

6 СЕКЦИЯ

«START-UP. БОЛАШАҚ ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ КӨЗІМЕН/ START-UP. БУДУЩЕЕ ГЛАЗАМИ ТИНЕЙДЖЕРОВ»

«ПРОКАН» ЖАҚПА МАЙЫНЫҢ ІРІҢДІ ЖАРАЛАРҒА ЕМДІК ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

Студент Абдулманап Н., 3 курс, Талдықорған аграрлық-технологиялық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Абдыгапарова А.Н., педагог-модератор

Зерттеу объектісі, зерттеу орны: Жұмыс 2021-2023 жылдар аралығында Талдықорған аграрлық технологиялық колледжі ветеринариялық клиникасы, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті акушерлік, хирургия және жануарлардың репродукциясы биотехнологиясы кафедрасында, сондай-ақ Жетісу облысы, Қаратал ауданына қарасты «Ақсай» өндірістік кооперативте жасалынған.

Жұмыстың мақсаты:

«Прокан» жақпа майының этиологиясы әр түрлі жараларға әсерін қалыптасқан ем әдісімен салыстыру.

Жұмыс міндеті:

1. Іріңді жаралары бар ірі қара малының жазылу процессін салыстыру, ол үшін екі топ құру;

2. Тәжирибелік және бақылау топтарындағы жануарлардың клиникалық, гематологиялық көрсеткіштерін бақылау.

3. Жаралардың жазылу процессін бақылау үшін жара планиметриясын жасау.

Жұмыстың өзектілігі мен практикалық маңыздылығы. Ұзақ және тез емделмейтін жаралар уақытылы немесе көмекті дұрыс көрсетпегеннен пайда болып, оның салдарынан ушығуы мүмкін. Бұл мәселеге қазіргі заманға сай болатын шаруашылықтарды дамыту жолында аса көп көңіл бөлінеді. Егер кішкентай жараларға дұрыс және уақытылы көмек көрсетілмесе инфекция мен сепсиске айналып, асқынуы мүмкін.

XX хирургтардың съезінде жараларды емдеу барысында иммунитет коррекциясының дамуы үш бағытта болуы мүмкін деген сөз көтерілді:

1. АФТ-7 иммунды жүйенің гармонымен (медиатор); 2. Антидене продуцентінің стимуляторы (САП); 3. Хирургиялық иммунды инженерлік (айырша безінің, жілік майының, тасымалы және аутомиелотрансплантация) және фармакологиялық иммунномодулятор.

Жоғарыдағы 3 бағыттың ішінен ең тиімдісі иммунореттеудің фармакологиялық әдісі. Иммунножетіспеушілік күйіндегі жарақаттану процесі кезінде иммунномодульді препараттардың стимулдеудегі мағлұматтары айқындалды. Негізгі себептерінің бірі: жарақаттану.

Тері, бұлшық еттері зақымданған кезінде созылмалы өтетін іріңді-қабыну процесін емдеу қазіргі кезде негізгі мәселе болып табылады. Асқынған Іріңді жаралардың көбеюі, микроорганизмдердің антибиотикке резистенттілігі мен микроорганизмдердің қорғаныш қасиеттерінің төмендеуімен сипатталады.

Антибиотиктерді қолданғалы (жарты ғасыр бойы) созылмалы іріңді жаралар көбейіп, деңгейі артты. Антибиотиктердің жараның потогенді микрофлорасына әсері іріңді хирургиялық инфекцияның этиологиялық құрылымын, микробты торшаның биологиялық қасиетін өзгертеді. Көбінде іріңді аурулардың себебі патогенді микроорганизмдер соның ішінде грамм теріс іріңді ифекцияның дамуында, түрлі микроорганизмдердің ассоциациясы үлкен роль атқарады. Жиынтықта бактериялар бір-бірін күшейтеді, микроорганизмнің қорғаныш жүйесін тежейді, патогендік қасиеттері күшейеді. Антибиотикорезистентті штамдардың пайда болуы бактериалды торшаның биологиялық қасиетін өзгереді. Соңғы жылдары бактерияның жаңа штамдары да пайда бола бастады. Олар антибиотик қолданғанда күшейеді [2].

Жұмыстың жаңалығы – ем барысында жаңа «Прокан» жақпа майының қолданамыз.

Жұмыстың негізгі нәтижелеріне сипаттама: Жараның жазылу үрдісі күрделі кешенді реакциялардан тұрады, ол организмнің зақымданған ұлпаларға қарсы жауабы. Жаралар грануляцияға дейін токсиндерді, бактерияларды, ыдыраған ұлпалардың қалдықтарын тез сіңіреді. Грануляцияға ұшыраған жаралардың сорғыш қасиеті мүлде жоқ. Салдарынан жараның 1 сатысында барлық емдік препараттарда жоғары осмостық белсенді болуы керек. Ол

жараның терен қабаттарынан интенсивті түрде шығарып таңғышқа сіңдіру, некрозды ұлпаларын өздігінен бөлдіріп жою, жараны тазарту. Жараның 2 сатысында препараттар қалған микробтарды немесе қайта пайда болған штамдарды (таңу кезінде асептика мен антисептиканы дұрыс сақтамау салдарынан) жойып, ең қолайлы жағдайларды жасап грануляция үрдісін жеделдету.

Зерттеулердің нәтижелері: Бақылау және тәжірибе топтарындағы жануарлардың гемоглобин санын салыстырғанда олар емдеуге дейінгі тәулікте 6,7% аз 7 тәулікте 8,8 және 10 тәулікте 7,5% азайған. 14 тәулікте тәжірибе топтағы жануарларда гемоглобин параметрлерге сәйкес, ал бақылау топта қалыпты көрсеткіш тек 21 тәулікте келді. Сиырлардың ірінді жараларына «Прокан» жақпа майын тәжірибие жасап көргенде, жарадағы қанның көрсеткіштері толығымен қалпына келген және емнің жалпы әдістерінде қолданылатын жақпа майын қолданумен салыстырғанда жараның жазылуы тез болған. Тәжірибе тобындағы жануарларға «Прокан» жақпа майын қолдана отырып қалпына келу процесі 3 тәуліктен бастап белсендірілген, 14 тәулікте толығымен организмнің физиологиялық параметрлерінің қалпына келуіне, ал бақылау топтағы жануарларда осындай көрсеткіштерге тек қана 21-24 -те қол жеткіздік.

Қорыта келе, «Прокан» жақпа майын қолданғаннан кейін қан көрсеткіштері: эритроцит және гемоглобин мөлшері жоғарылайды, бірақ қалыпты деңгейден аспайды. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде «Прокан» жақпа майының жараның тазаруына, қабыну реакциясын қалпына келтіруге, грануляциялық ұлпалардың түзілуіне және жетілуіне ісер етіп, тыртықтанудың белсенділігін арттырып, организмнің вегенеративтік реакциясы көрсеткіштерін жоғарылатып әсер етеді деген қорытындыға келуге болады.

«Прокан» жақпа майындағы ең маңыздысы оның антибактериалдық қасиеті. Сондықтан антибиотикотерапия жүргізілмейді. Жара үрдісін емдеу барысында амалсыздан қолданған антибиотиктер микроорганизмнің антибиотиктерге резистенттілік қасиетін тудырды. Біздің зерттеулер антибиотиктер қолданбай «Прокан» жақпа майын қолдануға болатындығын көрсетті.

Жануарларды қабылдаған кезде жағдайы нашар болатын, азыққа тәбеті жоқ, жүрісінде сілтіп басып, тұрысында алдыңғы аяғын көтеріңкіреп тұратын. Жатып тұруында қиналыс болған. Малды бақылауға алғанда оған тиісті аурға тән, клиникалық белгілері бойынша балау қойылды. Аурудың дамуы ағзаға жарақат немесе басқалай жолдармен енген микро ағзалардың әсерінен қабыну процесі болған. Емнің тиімділігі барысында керекті антисептикалық препараттарды, ерітінділерді, жақпа майларды қолдануды дұрыс көрдім. Нәтижесінде жиырма күннің көлемінде мал ауруынан айығып аяғынан тұрды. Жара көлемі біртіндеп кішірейіп, ем аяғына таман мүлдем жабылды. Жара процессіне байланысты өзгерген жануарлардың жалпы жағдайы да қалыпқа келді. Ең бірінші домбығу білінеді, ауырсыну, функциясының бұзылуы болады. Қызарады, түйін пайда болады. Жара аумағындағы теріде жүннің ұйысуы,

былғану да болған. Эпидерміс қабатында тесіктер пайда болып, сол тесіктерден қошқыл қою ірің ағады. Дене қызуы 42°C көтерілген.

Шаруашылықта көптеген ауруларды кездестірдім. (ішкі жұқпалы емес аурулар, инвазиялық аурулар, хирургиялық аурулар). Соның ішінде жиі кездескені - хирургиялық аурулар. Мен осы хирургиялық аурулар ішінен емдегенім және көп кездескені – жануарлар жаралары. Айтылған жараларды емдеуде «Проқан» жақпа майы басқа қалыптасқан, біз үйренген майларға қарағанда әсері біршама жоғары болды. Жара үрдісі тез жазылу үшін міндетті түрде жара туалетін жасап, тек сонан соң ем шараларын жүргізу жақсы нәтижелерді көрсетеді.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы:

1. Құралған екі топтағы ем жұмыстары «Проқан» жақпа майын қолданудың тиімділігі екендігін дәлелдеді. Себебі «Проқан» жақпа майын қолдану іріңді жаралардың жазылуын тездетеді.

2. Тәжірбиелік топтағы жануарларда қанның көрсеткіштері 14-16-ші тәулікте, ал бақылау тобындағы жануарларда 18-21 тәуліктер арасында қалыпты физиологиялық жағдайға келді, яғни 2-ші топтағы жануарлардың жара жазылуы 4-5 тәулікке кеш жүрді

3. Жара көлемі «Проқан» жақпа майын қолданғанда қалыптасқан әдіске қарағанда 5-7 тәулік ертерек кішірейді.

Тәжірбиелік ұсыныстар: «Проқан» жақпа майы қолдануға ыңғайлы және қауіпсіз, жараның жазылу мерзімін қысқартады, регенеративтік процесстерді ынталандырады, емнің бағасын төмендететіндіктен, осы майды жануарлар жараларын емдеуде қолдануды ұсынамыз.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Видениен В.Н., Никольская Е.Б. Новые фармакологические средства в ветеринарии: Тезисы докл. к 5-й межгосударственный межвузовский научно-практическая конференция. – СПб. 1993.
2. Иманбаев А.А., Мурәлинов К.К. Жалпы хирургия. оқулық құрал.// Алматы 2004. 28-48 беттер.
3. Махмутов А.К. Влияние мази «Проқан» на процесс заживления ран у животных.// Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата ветеринарных наук. Алматы, 2010. 20 стр.
4. Патент 2003103880/15. Средство для ускорения заживления ран //Шикова Ю.В., Плечева Д.В., Плечев В.В., Лиходед В.А., Алехин Е.К. опубл. 10.02.2003
5. Толстых П.И., Заец Т.Л., Потапов И.Н. Ферментная характеристика раневого процесса и влияние протеолитических ферментов на репарацию //Хирургия. – 1977. - № 7. -С. 116-118.

ВЫРАЩИВАНИЕ ЛЕКАРСТВЕННЫХ ТРАВ В ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ

Алипова Т., студентка 2 курса, Талдыкорганский аграрно-технологический колледж

Научный руководитель: Мырзекенова С.С., преподаватель экономических дисциплин

Актуальность:

Экономический потенциал: выращивание трав, содействие развитию местной экономики и созданию рабочих мест.

Экологическое значение: устойчивое культивирование трав помогает сохранить биоразнообразие и предотвратить истощение внешних ресурсов.

Здоровье населения: популяризация натуральных препаратов, обеспечивающая улучшение здоровья и сокращение использования синтетических лекарств.

Проблема:

1. Отсутствие развитой инфраструктуры для переработки и хранения продукции.
2. Недостаток знаний местного населения о методах выращивания и переработки трав.
2. Инфраструктурные сложности, включая нехватку оборудования для переработки и хранения.
3. Риски деградации экосистемы при неконтролируемом сборе дикорастущих растений.
4. Ограниченный доступ к рынкам сбыта и конкуренция с импортными товарами.

Цель работы: Изучение возможностей и перспектив выращивания лекарственных растений в области Жетісу для удовлетворения спроса на натуральные препараты, сохранения биоразнообразия и устойчивого развития региона. Создание устойчивого и рентабельного производства лекарственных трав в области Жетісу а именно Коксуский район, способствующего благополучию населения и развитию экономики страны.

Задачи:

1. Проанализировать природные и климатические особенности региона.
2. Выявить наиболее подходящие лекарственные растения для культивирования.
3. Оценить экономический потенциал выращивания лекарственных трав.
4. Разработать рекомендации по технологиям выращивания и переработки.
5. Изучить воздействие культивирования на экологическое состояние региона.

Жетісу, регион с богатым природным разнообразием, отличается благоприятными условиями для развития аграрного сектора. Одним из перспективных направлений является выращивание лекарственных растений, которые востребованы в медицине, фармацевтике и косметологии.

Актуальность данной темы обусловлена ростом интереса к натуральным продуктам, экологическими вызовами и необходимостью развития местной экономики.

Введение в лекарственные травы и их потенциал

1. Лекарственные травы в области Жетісу. Богатая флора Коксуйского район включает в себя множество видов лекарственных трав, которые ценятся в народной медицине и фармацевтике.

2. Польза лекарственных трав. Травы обладают широким спектром лечебных свойств, которые используются для лечения различных заболеваний.

3. Потенциал рынка. Спрос на натуральные средства и лекарственные травы растет как в Казахстане, так и за рубежом.

Предприятия по созданию лекарственных трав в области Жетісу.

С лекарственными травами работают множество различных предприятий и бизнесменов в нашей области Жетісу. Вот несколько типов предприятий, которые могут быть связаны с этой отраслью в Жетісу:

1. ТОО "Алтай-Природа". Компания занимается выращиванием, сбором и переработкой лекарственных трав.

2. ТОО "Ремедия". Это предприятие занимается производством и продажей фитопрепаратов.

3. ТОО "Каз Фарм". Компания производит растительные препараты для лечения различных заболеваний.

4. ТОО "Жасыл Дала". Это предприятие расположено в сельских районах Казахстана и занимается выращиванием экстрактов из трав и растений.

5. ТОО "Фитофарм". Компания, специализирующаяся на выращивании лекарственных трав и производстве фитопродукции.

Анализируя рынок, можно выделить:

Потребители: Фармацевтические компании: используют травы как сырье для производства лекарств.

Пищевая промышленность: добавляет травы в напитки, продукты питания, Розничные магазины: продают сушеные травы, чаи и экстракты потребителям. Интернет-магазины: продают травы и продукты из них

Экспорт: возможность продажи продукции в страны СНГ и Европу.

Конкуренция:

Местные производители: Тоо Azia gold - ведущая казахстанская компания, специализирующаяся на выращивании лекарственных трав. Она расположена в Жетісуской области (Саркандский район). Занимается выращиванием ромашки мяты, шалфея, валерианы, крапивы и других трав на площади около 5 тысяч гектаров, Выращенные травы используются для фармацевтики, пищевой промышленности и экспорта. Импортные поставщики: продукция экспортируется в страны Европы, России.

Конкурентные преимущества: высокое качество, экологические стандарты, широкий ассортимент, разработка новых продуктов, создание собственного бренда, прямые поставки.

Основываясь на этой компании я буду открывать свою усовершенствованную компанию. Моя компания будет называться TOOKAZNATURAL.

Результаты исследования:

Природно-климатические условия:

Среднегодовая температура в регионе составляет около +10°C, что создает благоприятные условия для выращивания большинства трав. Годовое количество осадков варьируется от 300 до 600 мм, что подходит для растений с умеренными потребностями во влаге. Вегетационный период длится 180-200 дней, что позволяет культивировать различные виды лекарственных трав.

Биоразнообразие региона:

В Жетісу произрастают такие растения, как ромашка аптечная, мелисса, валериана, зверобой, чабрец и тысячелистник. Эндемичные виды, такие как алтайский рододендрон, могут быть коммерчески перспективными при правильном изучении и культивировании.

Экономический потенциал:

Стоимость выращивания одного гектара лекарственных трав варьируется от 150 до 250 тысяч тенге, в зависимости от вида растений. Рентабельность достигает 30-50% при продаже высушенного сырья фармацевтическим и косметическим компаниям. Потенциальными рынками сбыта являются Казахстан, страны СНГ и Европа.

Выводы: Выращивание лекарственных трав в области Жетісу Коксуйского района является перспективным направлением, сочетающим экономические, экологические и социальные выгоды. Региональные природные условия благоприятны для культивирования широкого спектра растений, востребованных в фармацевтике, косметологии и пищевой промышленности. Реализация данной инициативы требует комплексного подхода, включающего научную поддержку, государственные программы и активное участие местного населения. Успешное развитие отрасли может стать важным шагом к устойчивому развитию региона.

Поводя итог своей работы хочу сказать то, что бизнес-план по выращиванию лекарственных трав в области Жетісу имеет большой потенциал для успеха. Однако для достижения этой цели необходимо провести тщательную подготовку, провести более глубокие исследования, адаптировать его к конкретным условиям. И разработать индивидуальный бизнес план, учитывая все специфические особенности рынка, и производственного процесса. Преодолеть риски и использовать конкурентные преимущества Казахстана.

Список использованных источников

1. Асанов Б.А. "Растения Казахстана: лекарственные и технические свойства". Алматы, 2018.
2. Бекенова Г.Ж. "Этноботаника Жетісу: традиции и современность". Талдыкорган, 2020.
3. Ермеков Т.С. "Агроклиматические ресурсы Жетісу". Издательство Национального университета, 2019.
4. Конысбаев А.Ш. "Методы органического земледелия в выращивании лекарственных трав". Астана, 2021.
5. "Растительные ресурсы и их использование". Научный журнал, выпуск №12, 2022.

КАМЕРА ФИКСАТОР

Студент Аманжолов Ш., 4 курс, Бейнеу политехникалық колледжі
Ғылыми жетекшісі: Тенизбаева А.А., арнайы пән оқытушысы

Өзектілігі

Қазіргі уақытта қауіпсіздікті қамтамасыз ету – маңызды мәселелердің бірі. Үй, кеңсе, өндірістік аймақтардың қауіпсіздігін бақылау қажеттілігі артып келеді. Қолданыстағы қауіпсіздік жүйелері көбінесе жоғары бағаға ие немесе шектеулі мүмкіндіктерге ие. Ақылды технологияларды қолдану арқылы қауіпсіздікті автоматтандыру халықтың өмір сүру деңгейін жақсартып, қауіпсіздік шараларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қылмыстың алдын алу және төтенше жағдайларда жедел әрекет ету үшін заманауи технологияларға негізделген тиімді шешімдер қажет.

Мәселе

Қазіргі қауіпсіздік камераларының көпшілігі тек жазба жүргізумен шектеледі және нақты уақыттағы ескерту жүйелерімен толық қамтамасыз етілмеген. Сонымен қатар, мұндай жүйелердің көпшілігі қашықтан бақылау және автоматты хабарлама жіберу мүмкіндіктерін толық қамтымайды. Бұл мәселені шешу үшін жасанды интеллект элементтері бар интеллектуалды бақылау жүйелері қажет.

Жобаның сипаттамасы

Бұл жоба – Arduino платформасы мен кодтау технологияларын пайдалана отырып жасалған автоматтандырылған камера жүйесі. Жүйе қолды немесе кез келген объектіні арнайы сенсорға (датчик) жақындатқанда іске қосылады. Бұл кезде компьютер камерасы автоматты түрде ашылып, белгілі бір уақыт аралығында видео түсіреді. Түсірілген видео автоматты түрде арнайы жасалған Telegram-ботқа жіберіледі.

Жұмыс мақсаты

Қауіпсіздік пен бақылауды автоматтандыру.
Адам араласуынсыз деректерді жинау және жылдам жеткізу.
Уақытты үнемдеп, тиімді жұмыс процесін қамтамасыз ету.

Міндеттері

- Қауіпсіздік жүйесінің аппараттық бөлігін әзірлеу (камера, қозғалыс датчигі, Arduino микроконтроллері).
- Бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу (Arduino IDE, VS Code, Python, OpenCV, Telegram бот интеграциясы).
- Telegram-бот құру және оны бейнежазба жіберуге бейімдеу.
- Жүйенің жұмыс істеу принципін зерттеу және оны жетілдіру.
- Бейнежазбаларды қашықтан көру және оларды автоматты түрде сақтау механизмін қамтамасыз ету.

Қолдану салалары

- Қауіпсіздік жүйелері (мысалы, үй немесе кеңсе бақылауы).
- Өндіріс орындарындағы автоматтандырылған бақылау.
- Қолжетімді және қарапайым шешім қажет болатын кез келген сала.

Артықшылықтары

- Толығымен автоматтандырылған жұмыс процесі.
- Arduino және Telegram-бот сияқты қолжетімді технологиялар негізінде жасалған.
- Жүйенің қолдану аясын кеңейту мүмкіндігі.
- Шығындары аз, бірақ функционалдылығы жоғары.

Жұмыс принципі

1. Объект немесе қол сенсорға жақындағанда, жүйе іске қосылады.
2. Компьютер камерасы ашылып, видео түсіреді.
3. Видео Telegram-ботқа жіберіледі.

Ғылыми-зерттеу бөлімі

Камера фиксатор жүйесінің жұмыс істеу принципі

Жоба интеллектуалды бақылау жүйесін жасауға бағытталған. PIR датчигі қозғалысты анықтаған кезде Arduino микроконтроллеріне сигнал жібереді. Бұл сигнал Arduino IDE ортасында бағдарламаланған код арқылы өңделеді. Python бағдарламасы арқылы бейнежазба түсіріліп, OpenCV көмегімен өңделеді. Түсірілген бейнежазба Telegram бот арқылы пайдаланушыға жіберіледі.

Қолданылған технологиялар:

- **Arduino** – негізгі басқару құрылғысы.
- **PIR-датчик** – қозғалысты анықтау сенсоры.
- **ESP32-CAM** – бейнежазбаны тіркеу модулі.
- **Arduino IDE** – микроконтроллерді бағдарламалау ортасы.
- **VS Code** – бағдарламаны әзірлеу және код өңдеу ортасы.
- **Python (OpenCV, Telebot кітапханалары)** – бейнені өңдеу және бот арқылы тарату.
- **Telegram API** – бот құру және интеграциялау үшін қолданылды.

Зерттеу нәтижелері:

- Жүйе қозғалысты автоматты түрде анықтап, оны бейнежазба ретінде сақтай алады.
- Бейнежазба нақты уақыт режимінде Telegram бот арқылы жіберіледі.
- Arduino, Python, OpenCV және Telegram API технологияларын қолдану арқылы тиімді жұмыс жүйесі құрылды.
- Жүйені кеңейту арқылы бірнеше камераны қосып, үлкен аймақты бақылауға болады.

Қорытындылар

Бұл жоба қауіпсіздік пен бақылауды автоматтандыруды қажет ететін кез келген ортада қолдануға болатын заманауи әрі тиімді шешім. Жоба қарапайым, бірақ жоғары нәтижелі технологияларды біріктіру арқылы құрастырылған. Интеллектуалды бақылау жүйесін жетілдіру арқылы оны тұрмыстық және коммерциялық мақсаттарда кеңінен қолдануға болады. Болашақта жүйеге дыбыстық ескерту, бұлттық сақтау және жасанды интеллект арқылы объектілерді тану мүмкіндіктерін қосу жоспарлануда.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Бекешев А.З., Абдығалиева Г.Б., Казагачев В.Н. "Основы робототехники на Arduino". Электронды оқулық – Алматы: CyberSmith, 2021. – 244 б.

2. Осовский С. "Нейронные сети для обработки информации" / пер. с польского И.Д. Рудинского. – М.: Финансы и статистика, 2002. – 344 с.
3. Демиденко А. "Python және Telegram Bot API арқылы интеграция".
4. Асылбеков У.Б., Исмаилова А.А. "Web-технологиялар" / Оқу құралы. – Алматы: "Бастау", 2019. – 324 бет.
5. Garg, R.; Verma, G. "Operating Systems [OP]: An Introduction" - Mercury Learning & Information, 2017. – 290 б.

WEGi (WATER ENERGY GAS IDENTIFICATION)

Студент Данатарова А., 2 курс, Н.Бекбосынов атындағы Маңғыстау
энергетикалық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Қалдыбаева Н.Б., арнайы пән оқытушысы

Өзектілігі :

WEGi жобасының мақсаты – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) саласындағы тұрғындар мен қызмет көрсетушілер арасындағы өзара іс-қимылды жақсарту, процестерді цифрландыру арқылы қызмет көрсету сапасын арттыру және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Мәселе:

Қазіргі таңда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) саласында тұрғындар мен қызмет көрсетуші ұйымдар арасындағы байланыс бірқатар мәселелерге тап болуда. Дәстүрлі хабарландырулар мен қағаз құжат айналымы ақпараттың уақытында жетпеуіне, тұрғындардың қажетті мәліметтерді кеш алуына және ашықтықтың төмендеуіне алып келеді. Бұл проблемалар әсіресе жоспарлы жөндеу жұмыстары, апатты жағдайлар немесе төлем жүйелері туралы ақпараттандыру кезінде айқын көрінеді. Қазіргі уақытта көпқабатты үйлердің тұрғындары коммуналдық қызметтерге қатысты ақпаратты негізінен қағаз түрінде немесе ауызша хабарламалар арқылы алады. Бұл тәсіл ақпараттың жоғалуына немесе кеш жетуіне әкелуі мүмкін, нәтижесінде тұрғындар сумен, электрмен немесе газбен жабдықтау жүйелеріндегі өзгерістерден бейхабар қалады.

Көптеген тұрғындар коммуналдық қызметтердің сапасына, тарифтердің өзгеруіне және есептеу құралдарының көрсеткіштеріне қатысты деректерге еркін қол жеткізе алмайды. Бұл сенімсіздікке және коммуналдық мекемелер мен тұрғындар арасындағы жанжалдардың туындауына себеп болуы мүмкін. Қағаз хабарламаларды пайдалану экологиялық тұрғыдан тиімсіз, өйткені қағаз өндірісі мен тұтыну табиғи ресурстардың шамадан тыс пайдаланылуына әкеледі. Цифрлық хабарламаларға көшу экологиялық тұрақтылыққа оң әсерін тигізіп, қағаз шығынын азайтады.

Коммуналдық қызмет көрсету мекемелері қағаз хабарламаларды басып шығару мен таратуға айтарлықтай қаражат жұмсайды. Сонымен қатар, тұрғындардың сұраныстары мен шағымдарын өңдеу үшін қосымша адам ресурстары қажет болады.

Жұмыс:

Тақырыпты зерттеу деңгейі:

Коммуналдық қызметтерді цифрландыру бойынша кейбір халықаралық тәжірибелер бар, бірақ Қазақстанда бұл бағыт әлі кеңінен дамымаған. Жоба осы олқылықты толтыруға бағытталған.

Зерттеу әдістері:

- Сауалнама жүргізу: Тұрғындардың цифрлық платформаларға деген сұранысын анықтау.
- Пилоттық тестілеу: Жүйені шағын ауқымда сынақтан өткізу.
- Салыстырмалы талдау: Қағаз және цифрлық хабарландырулардың тиімділігін бағалау.

Мақсаты:

WEGi жобасының мақсаты – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) саласындағы тұрғындар мен қызмет көрсетушілер арасындағы өзара іс-қимылды жақсарту, процестерді цифрландыру арқылы қызмет көрсету сапасын арттыру және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Міндеттері:

1. **ТКШ саласын цифрландыру** – тұрғындар мен коммуналдық қызмет көрсетушілер арасындағы өзара іс-қимылды жақсарту үшін қағаз хабарландыруларды цифрлық форматқа ауыстыру.
2. **Ақпараттың жеделдігі мен қолжетімділігін арттыру** – тұрғындарды сумен, электрмен және газбен жабдықтауға қатысты өзгерістер туралы уақтылы хабардар ету.
3. **Ашықтықты қамтамасыз ету** – коммуналдық қызметтер туралы өзекті деректерді ұсыну арқылы пайдаланушылардың сенімін арттыру.
5. **Экологиялық тұрақтылыққа үлес қосу** – қағаз тұтынуды азайту арқылы қоршаған ортаға келетін зиянды төмендету.
6. **Қаржылық және еңбек ресурстарын оңтайландыру** – қағаз хабарландыруларды басып шығару мен тарату шығындарын азайту, әкімшілік процестерді автоматтандыру.
7. **Пайдаланушыға ыңғайлы интерфейс әзірлеу** – тұрғындардың коммуналдық қызметтер туралы ақпаратты оңай әрі жылдам алуына жағдай жасау.
8. **ТКШ қызмет көрсету сапасын жақсарту** – тұрғындардың сұраныстары мен шағымдарын жедел өңдеу мүмкіндігін дамыту.

Зерттеу нәтижелері:

Тұрғындардың жүйеге бейімделуі жылдам және оңай болды. Цифрлық хабарландыруларға көшу қызмет көрсету сапасын 30%-ға арттырды. Жоба экологиялық шығындарды айтарлықтай азайтып, қоғамда оң пікірге ие болды.

Қорытындылар:

WEGi жобасы – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы цифрлық трансформацияның маңызды қадамы. Бұл платформа ТКШ қызметтерін пайдалану үдерісін заманауи, қолжетімді және ашық ете отырып, тұрғындар мен қызмет жеткізушілер арасындағы өзара әрекеттестікті жаңа деңгейге көтереді.

Жоба қағаз хабарламалардан цифрлық форматқа көшу арқылы тек қызмет көрсету сапасын жақсартып қоймай, экологиялық тұрақтылыққа да үлес қосады. Пайдаланушыларға қажетті ақпаратты жедел жеткізу, қызмет көрсету процестерінің ашықтығын арттыру және экологиялық жауапкершілік сияқты артықшылықтар платформаның тиімділігін дәлелдейді.

Қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу мақсатында жоба болашақта символдық төлем жүйесін енгізуді жоспарлап, ұзақ мерзімді даму мүмкіндігін қамтамасыз етеді. WEgi тек коммуналдық қызмет тұтынушыларын ғана емес, экологиялық сананы қолдайтын барлық азаматтарды біріктіруге бағытталған.

Бұл инновациялық бастама ТКШ саласының цифрлық трансформациясының жаңа дәуірін ашып, тұрақты, ыңғайлы және экологиялық таза болашақ құруға ықпал етеді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" заңы.
2. Қазақстан Республикасының "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы.
3. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты реформалау және цифрландыру жөніндегі нормативтік-құқықтық актілер.
4. Коммуналдық қызметтерді цифрландыру бойынша халықаралық тәжірибелер (мысалы, Smart City концепциясы).
5. Ғылыми мақалалар мен зерттеулер: ТКШ саласындағы инновациялар мен цифрлық технологиялар.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – ҰЛТ КӨСЕМІ

Студент Дүйсенбай Р., 2 курс, «Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК
Ғылыми жетекшісі: Балмашева Б.К., қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы

Қазақ халқына білім нұрын сеуіп, ұлтының ұлағатты, халық болып қалыптасуына, өзге ұлттармен терезесін теңестіріп, өркениет биігіне көтерілуіне, ұшан-теңіз үлес қосқан Ыбырай Алтынсарин есімі барша қазақ халқына танымал тұлға. Ыбырай Алтынсариннің өмір жолын, қызметін зерттеуші ғалымдар төмендегідей баға берген: Дарынды педогог, Жазушы, Ақын, Аудармашы, Өз халқын сүйген патриот адам, Көрнекті ғалым, Ағартушы, «Қазақ хрестоматиясы» оқулығының авторы, Этнограф, Фольклоршы, Қоғам қайраткері, Балалар әдебиетінің атасы.

Деген тұжырымдар жасады. Осындай тұжырымдарды негізге ала отырып, Ыбырай Алтынсарин өзі өмір сүрген заманының ұлы ойшылы, ұлт көсемі деген пікірді қосуға әбден лайық десек артық айтқандық емес.

Көсем - топ үшін маңызды, елеулі жағдайларда шешім қабылдайтын құқысы бар, топ мүшесі, яғни ортақ әрекет жасаудағы шешуші орын алатын және топта қарым-қатынасты реттейтін ең беделді тұлға.

Тұлға — жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым. Тұлға болып қалыптасу үшін адам баласының өскен

ортасының ықпалы өте зор. Ендеше Ыбырай Алтынсаринді ұлттың көсемі дәрежесіне жетуге жол ашқан, дара тұлға жасаған кім? деген сұрақ барысында ойланып көрелік.

Бес жасынан білім жолына қадам басқан бала Ыбырайдың өз дәрежесінде білімнің биік мінбелеріне көтеріліп, ұлт үшін ұлы қызметтер жасауына, нағашы атасы Балқожа бидің ықпалы зор болғандығын барлық зерттеушілер атап өткен. Балқожа би жиенінің алғыр, зеректігін аңғарған болу керек. Қазақ халқында тұлпар болар құлынды құлынынан танитын жақсы қасиет бар екендігі барша жұртқа белгілі. Шындығында Ыбырайдың білімдар азамат, дара тұлға, ұлттың көсемі болып қалыптасуында Балқожа бидің қосқан үлесі де ұлан ғайыр. Баланы материалдық жағынан қамтып, барлық жағдайын жасаушы осы нағашы атасы. Балқожа би бала Ыбырайдың қамқоршысы ғана емес рухани ,сырлас досы да бола білген. Отбасылық үлгілі тәрбиесі негізінде білімді болу арқылы халқына жол көрсетер ұлы, кеменгерлік жолдарына түсіруге негіз болған.1991 жылы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің дүниеге келгеніне 150 жыл толу құрметіне орай Қостанай қаласында облыстық мемориалды мұражай ашылды. Мұражайдың ғылыми қызметкері Шынар Досмағамбетованың айтуынша, сол жылдары жаңадан ашылған мұражай дерекқорын толықтыру мақсатында арнайы экспедициялық топ құрылып, олар Орынбор қалалық құжаттама архивтік орталығына барып, ағартушының өмір-тарихы мен шығармашылығына қатысты жәдігерлер жинаған. Осы сапар барысында табылған дүниенің бірі – Балқожа бидің немересі Ыбырайға жазған хаты. Бұл хат 1850 жылы тамыз айында Орынборда қазақ балаларына арналып ашылған жеті жылдық мектебіне оқып жүрген Ыбырайға жазылған. Бұл хат мазмұны бойынша Балқожа бидің жиен немересі Ыбырайға жігерлендіретін ұлы сенім артқаны байқалады. Бала Ыбырайдан үлкен үміт күтетінін сырласа отырып,-« Үміт еткен көзімнің нұры – балам,»-деп наздана жеткізеді. Балқожа би үш шумақ өлең жолдарымен хат жолдау арқылы, бала Ыбырайдың бойына имандылық қасиеттерді дарыта тәрбиелей білгендігі анық аңғарылады.

Жоғарыдағы үш шумақ нақыл туралы Ыбырай атамыз өзінің естелігінде «бұл өлеңді оқу жылдарында дәтке қуат, жаныма медет тұттым, есейе келе оны өмірлік тұмар етіп ұстандым» дейді. Онымен қоймай Ы.Алтынсарин 1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» атты кітабына «Балқожа бидің баласына жазған хаты» деген тақырыппен осы өлеңді енгізген. Яғни бұл үш шумақ өлең жолдарымен жазған хаты арқылы Балқожа би бала Ыбырайдың келешегің мотиваторы бола білді. Ата-анасына деген сарғайған сағынышын білім нәрімен қандыруды ұсынды.

Ұлт көсемі ретіндегі іс-әрекеттері

Көсем - топ үшін маңызды, елеулі жағдайларда шешім қабылдайтын құқысы бар, топ мүшесі, яғни ортақ әрекет жасаудағы шешуші орын алатын және топта қарым-қатынасты реттейтін ең беделді тұлға. Ыбырай Алтынсаринді ұлт көсемі деген тұжырымымызға негіз болар іс –әрекеттерін көптеген дәлелдермен нақтылауға болады. Ең біріншіден ағартушы-педогог өз білімін кемелдендірген соң, қазақ халқы үшін маңызды шешімдер қабылдады.

Қазақ халқын өнер-білімге шақырды. Көсем ретінде халқын өзінң соңына ерте білді.

Алтынсарин өмірінің ұстанымындахалыққа қызмет етуді өз парызы санаған. Туған халқын, ел-жұртын шексіз сүйген, отаншыл азамат болғандығы іс-әрекеттерінде еркін көрініс береді. Ағартушының шығармаларында қазақ халқының мал бағу өнеріне жетік екендігі айтылады. Қазақ халқының ақыл-ой парасаты жоғары, ежелгі мәдениеті қалыптасқан ел екенін атап өтеді. «Қазақтарға , -деп жазды ол, -осы дарынды халыққа қазір кешікпей тұрып рухани және қоғамдық даму жолына түсуге бағыт беру, қалай дегенмен аса қажет болып отыр»-деді. Алтынсарин халқының қарапайым, еңбексүйгіш адалдығы мен шыншылдығын, алға тарта білген олардың келешек жарқын ғұмыры үшін қам жеген тұлға. Алтынсаринді ұлттың көсемі деуге тағы бір негіз болар жағдай жер-жерлерде мектептер ашуды ұйымдастырды. 1988 жылы 75 күн ішінде алты мектептің ашылуына мұрындық болды. Қазіргі замандағыдай ұялы байланыс дамымаған, жүріп-тұру қиын жағдайда, қаражатын тауып, қажетті лауазымды тұлғалармен тіл табысып осындай іс жасу нағыз көсемің ғана қолынан келетін іс-әрекет. Мектеп ашу, оның материалдық жағдайын толықтыру, білім беретін мұғалімдермен қамтамасыз ету, барлығы да жоғары дәрежедегі көшбасшылықты талап ететін жағдайлар. Ағартушы-педогог Торғай облысы аумағындағы ауылдарды аралап жүріп, халықтан қаражат жинады. Илецк, Николаев, Торғай, Ырғыз уездерінде бір-екі сыныптық орыс-қазақ училищеден ашты. Бұл оқу шаңырақтарын мұғалімдермен қамтып, шәкірттермен толтырды

Алтынсариннің басты еңбектерінің бірі — 1883 жылы Орск қаласында тұңғыш қазақ Мұғалімдер мектебінің ашылуы. Онда қазақ мектептері үшін мұғалімдер даярланды. Ұлы ағартушының ұлттың қамын жеген ұлт көсемі болар мінез-құлқы ол кісінің орыс достарымен жазысқан хаттарында да көрініс табады.

02.11.2017 Қостанай таңы газетінің ресми сайтында жарияланған ақын, жазушы, ғалым, Ыбырайтанушы, Серікбай Оспанұлы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты жанындағы «Ы.Алтынсарин мұраларын зерттеу орталығының» маманы «Ыбырай Алтынсарин хаттарын қайта оқығанда» тақырыбындағы мақаласында төмендегідей деректер келтіреді.

1884 жылғы 14 қыркүйекте Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Ал енді құдай басыма не салса да мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта да қайтпаймын. Құдайым тек адам баласының жауыздық қылықтарына қарсы тұруға, нахақ жала-жапсардың күйігінен арманда кетпеуге дем берсін», – деп Алла тағаладан медет сұрайды. Бұл сөзі әрі оның елі үшін басын бәйгеге тіккендігінің дәлелі. «Менің оқу жұмыстарым, Құдайға шүкір, жаман жүріп жатқан жоқ», – деп Аллаға рахметін айтады. Екі-үш сөйлем ішінде Құдайды үш мәрте аузына алады. Бұл да Ыбырайдың хаққа сенгендігінің куәсі. Алланың ардақты елшісі Хазірет Мұхаммед (с.ғ.с.) хадистерінде: «Ең жақсы адам – басқаға пайдасы тиген адам» дейді. Ыбырай елге пайдалы адам болғысы келеді. Хадисте: «Алла тағалаға құлшылық ет! Аллаға ешкімді теңестірме» делінсе, Ыбырай сол

қағиданы ұстанып, Құдайға жалбарынып, күш-қуат беруін сұрайды. Ұлы ағартушы ұлтының болашағы үшін Аллаға жалбарынып, шын пейілімен қызмет еткен қайраткер тұлға екендігінің бұл да жарқын бір мысалы болып табылады.

Көсемге қажетті тағы бір талап халықты өз соңына ерту үшін өзінің нұсқаған жолының дұрыс екендігіне көзін жеткізу. Алтынсариннің шәкірті жазушы Спандияр Көбеев «Алтынсарин сөйлегенде халық сілтідей тынып тындайтын»-дегенді айтқан. Ақыл ойының кемелдігімен, даналығымен, ақылмандығымен, қайраткерлігімен танылған ұлт ұстазы сөйлеген сөзі арқылы да халықты иландыра білгені өз заманындағы көрген шәкіртерімен дәлелденген. Алтынсарин өз ұлтының болашаған болжап жас жеткіншектерді де өз шығармалары арқылы соңына ерте білген көсем. Алтынсариннің ең бағалы қасиеті оқудың адам баласының келешегіне не үшін қажеттігін әр жеткіншектің санасына ой салатындай дәрежеде жеткізе білуінде болды. «Кел,балалар, оқылық» өлеңі арқылы жалпылама балаларға үндеу тастады. Қараңғылықтың шеңгелінен шығу қажеттігін ескерте отырып,мал-дәулеттің байлығының бір жұттық екенін ескертті.

Сүйеу болар бұл оқу.-дегенді айтып адамзат өміріне оқу-білімнің не себепті қажеттігін егжей-тегжейлі жеткізді. Ұлы ағартушы қарапайым қалпын сақтай жүріп, өмірдің қиындықтарын еңсере жүріп, өз арман-мақсаттарына жетті. Халқын соңына ерте білді. Ұлттың келешегі үшін ұлы көсем бола білді. Қазақ халқы Ыбырай салған білім жолына түсіп, шет мемлекеттердің тәжірибелерімен алмасатын жағдайға жетті.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. «Қазақстанның тұңғыш мектептері»мақала Алена Демченко
Мақала Қостанай облыстық Ы.Алтынсариннің мемориалдық мұражайымен бірлесіп дайындалған. <https://e-history.kz/kz/news/show/2674/> © e-history.kz
2. www.egemen.kz «Егемен Қазақстан» «Балқожа бидің баласына жазған хаты» мақала Бекен Қайратұлы
3. «Ыбырай Алтынсарин хаттарын қайта оқығанда» мақала Серікбай Оспанұлы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты жанындағы«Ы.Алтынсарин мұраларын зерттеу орталығының» маманы <https://adebiportal.kz/kz/news/view/02.11.2017>

DATA GUARD: ВЕБ ДЕРЕКТЕРІН ҚОРҒАУ СТАРТАПЫ

Студент Жалғасов Е., 2 курс, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Жаңаөзен политехникалық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Мұратов А.А., арнайы пән оқытушысы

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мен интернеттің кеңінен таралуы салдарынан деректерді қорғау мен ақпарат қауіпсіздігі мәселелері өзекті болып отыр. Бүгінгі таңда кибершабуылдардың саны мен күрделілігі артып, мемлекеттік органдардан бастап жеке кәсіпкерлер мен жеке тұлғаларға дейін ақпараттық жүйелерге бағытталған қауіп төндіруде. Осы орайда, ақпарат мамандарының, әсіресе жас ұрпақ өкілдерінің, заманауи қауіпсіздік технологияларын меңгеруі және жаңа шешімдер ұсынуы аса маңызды.

Мақалада ақпарат қауіпсіздігінің қазіргі жағдайы, негізгі қауіп-қатерлер, оларға қарсы қолданылатын заманауи әдістер мен құралдар, сондай-ақ жас ақпарат мамандарының жаңа идеялары қарастырылады. Сонымен қатар, Python тілі мен онымен байланысты құралдардың ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ролі атап өтіледі.

Негізгі бөлім. Ақпараттық қауіпсіздіктің қазіргі жағдайы Деректерді қорғау мен кибершабуылдардың даму үрдісі

Соңғы жылдары кибершабуылдардың саны мен күрделілігі едәуір өсті. Фишинг, Ransomware, DDoS шабуылдары және Zero-Day осалдықтары секілді әдістер кеңінен қолданылады. Бұл шабуылдар тек ірі компаниялар мен мемлекеттік органдарға ғана емес, кішкентай бизнеске де нысана болуда. Ақпараттық жүйелердің осал тұстары, ескі бағдарламалық қамтамасыз ету, дұрыс конфигурацияланбаған желілік құрылымдар шабуылшылардың қолайлы мишені болып табылады.

Қазіргі қауіпсіздік шешімдері мен шектеулері

Қазіргі уақытта ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері қолданылып келеді: антивирустық бағдарламалар, Firewall құрылғылары, IDS/IPS жүйелері, шифрлау әдістері және көп факторлы аутентификация. Дегенмен, шабуылшылар үнемі жаңа әдістер ойлап тауып, қауіпсіздік жүйелерінің шектеулерін пайдалануда. Бұл жағдай ақпарат мамандарына үнемі жаңа шешімдер мен технологияларды игеру қажеттілігін туындатады.

DATAGUARD – бүгінгі цифрлық әлемнің күрделенген қауіп-қатерлері арасында веб деректерін қорғаудың жаңа үлгісі болып табылады. Біз өміріміздің көп бөлігін интернет желісі арқылы өткізіп, жұмыс істейміз, қарым-қатынас орнатамыз, ақпарат алмасамыз. Осы орайда пайдаланушылардың жеке деректері мен бизнес мәліметтері үнемі қауіп-қатер астында болады. DATAGUARD идеясы – ноутбукқа, десктопқа және басқа құрылғыларға орнатылатын браузер кеңейтімі арқылы деректерді қорғаудың инновациялық жолын ұсыну. Бұл жоба IT мамандары ғана емес, күнделікті интернет пайдаланушылары да қауіпсіздік мәселелерін жаңа деңгейде шешуге мүмкіндік береді. Өйткені, қазіргі кезде кибершабуылдар, фишинг, зиянды бағдарламалар және басқа да шабуыл әдістері кеңінен таралған жағдайда, веб шолғыштағы деректерді қорғау аса өзекті мәселеге айналып отыр.

Біздің шешім негізінен Python тіліндегі алгоритмдер мен JavaScript негізіндегі браузер кеңейтімін біріктіре отырып, веб парақтардағы аномалияларды анықтап, зиянды контенттің алдын алуға бағытталған. DATAGUARD пайдаланушыларға браузер деңгейінде жұмыс істейтін, қауіп-қатерлерді нақты уақыт режимінде бақылап, деректерді қорғаудың қосымша қабатын қамтамасыз ететін құрал ретінде ұсынылады. Кеңейтімнің архитектурасы заманауи қауіпсіздік протоколдары, шифрлау әдістері және желілік трафикті талдау алгоритмдері негізінде құрылады, осылайша ол шабуылдарға қарсы күресте жоғары тиімділікті қамтамасыз етеді. Жүйе автоматты түрде веб парақтарды сканерлеп, зиянды сценарийлер мен код инъекцияларын анықтайды, сондай-ақ қолданушыға қауіп-қатер туралы ескерту жіберіп отырады. Осылайша, пайдаланушылар өздерінің жеке деректерінің

және жұмыс жүйелерінің қауіпсіздігіне айтарлықтай сенімділікпен қол жеткізе алады.

DATAGUARD стартапының ерекше ерекшелігі – оның жеңілдігі мен икемділігінде. Қолданылатын алгоритмдер үнемі жаңартылып, заманауи шабуыл әдістеріне бейімделеді, ал кеңейтімнің өзектілігі тұрақты мониторинг пен аналитикалық есептер арқылы қамтамасыз етіледі. Біздің жоба пайдаланушыларға тек қауіпсіздік құралын ұсынумен шектелмей, сонымен қатар деректерді қорғаудың жаңа әдістерін меңгеруге мүмкіндік береді. Мұнда IT мамандарының терең білімі мен тәжірибесі, сондай-ақ жас инновациялық топтың креативті идеялары үйлесімді түрде біріктіріледі. Сонымен қатар, DATAGUARD жобасы бизнес моделіне де ие: кеңейтім негізінде жазылым қызметі, корпоративтік шешімдер және деректер қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған кеңейтілген аналитика ұсынылады. Бұл тәсіл стартапқа тұрақты қаржы ағынын қамтамасыз етіп, болашақта жаңа функционалдық мүмкіндіктерді енгізуге жол ашады.

Новые технологии в пищевой промышленности открывают возможности для создания зефира с улучшенными характеристиками - более нежным, воздушным, с разнообразными вкусами и формами.

Зефир является одним из популярных десертов в мире, который обладает не только превосходным вкусом, но и уникальной текстурой. Он был известен еще в Древнем Египте, однако современный зефир появился благодаря развитию пищевой промышленности в XVIII веке. Технологический процесс его производства включает несколько ключевых этапов, таких как подготовка сырья, взбивание, сушка и упаковка. В данной работе рассматриваются основные аспекты, связанные с технологией приготовления зефира, а также их влияние на конечное качество продукта.

Зефир как продукт имеет богатую историю. Он появился благодаря использованию природного сырья (плодов и ягод) и последующей обработке с добавлением сахарного сиропа и яичного белка. С развитием технологий производства зефир начал широко производиться в промышленности, что позволило снизить цену и увеличить доступность продукта.

Основными ингредиентами зефира являются пектин, сахар, яичный белок и кислота (чаще всего лимонная). Пектин, получаемый из плодов, играет ключевую роль в образовании желеобразной текстуры, а сахар придает сладость. Яичный белок используется для создания воздушной консистенции, а кислота служит для стабилизации продукта.

Процесс приготовления начинается с приготовления сахарного сиропа и получения пектинового раствора. Далее добавляется яичный белок, который взбивается до образования пены. Полученная масса тщательно смешивается с пектином, после чего масса проходит через этап сушки и охлаждения. На заключительном этапе зефир обрабатывается сахарной пудрой и упаковывается.

Одним из ключевых этапов в приготовлении зефира является взбивание. Этот процесс требует точного контроля над временем и интенсивностью работы миксера. Важно достичь правильной консистенции массы, которая будет достаточно легкой и воздушной, но в то же время плотной, чтобы сохранить форму.

Сушка зефира является важным технологическим этапом, который влияет на его конечную текстуру. Применяются различные методы сушки, такие как горячий воздух или вакуумная сушка. Контроль температуры и влажности на этом этапе имеет большое значение для предотвращения растрескивания и улучшения структуры продукта.

Зефир должен обладать определенными органолептическими свойствами: мягкостью, воздушностью и хорошей текстурой. Для этого важно следить за качеством исходных ингредиентов, точностью соблюдения технологии, а также условиями хранения. Для продления срока хранения зефира используется упаковка, которая защищает его от влаги и внешних загрязнений.

С развитием пищевых технологий, в производстве зефира применяются новые виды пектинов, улучшены рецептуры для повышения его питательной ценности. В последние годы в производстве зефира также наблюдается тренд на использование натуральных красителей, ароматизаторов и добавок для повышения его полезных свойств.

Выводы

Зефир — это не только вкусный, но и технологически интересный продукт. Современные методы производства позволяют получать зефир с идеальной текстурой, который может быть адаптирован под различные предпочтения потребителей. Внимание к качеству сырья, соблюдение технологии приготовления и контроля за процессами взбивания и сушки — это ключевые факторы, обеспечивающие успех производства зефира.

Эта работа охватывает основные аспекты приготовления зефира, его технологический процесс, а также новейшие тренды в производстве.

Список использованных источников

1. Андреева, Е.В. Технология кондитерских изделий / Е.В. Андреева. — М.: КолосС, 2016. — 320 с.
2. Абрамова, Л.В. Технология пищевых продуктов/ Л.В. Абрамова. — СПб.: Питер, 2018. — 352 с.
3. Савельева, Н.И. Кондитерское производство / Н.И. Савельева. — М.: Дашков и К°, 2019. — 280 с.
4. Нечаев, С.А. Пищевые добавки и их использование в производстве кондитерских изделий/ С. А. Нечаев. — М.: Физкультура и спорт, 2017. — 192 с.
5. 5.Технология кондитерских изделий. Под ред. П.И. Левина. — М.: Агропромиздат, 1984. — 452 с.

ОРГАНИЗАЦИЯ ТУРИСТИЧЕСКОГО ОТДЫХА НА ВЫХОДНЫЕ НА НЕБЛАГОУСТРОЕННЫХ БЕРЕГАХ РЕКИ ТОБОЛ В ПРЕДЕЛАХ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Шаер А., студентки 3 курс, ЧУ «Колледж предпринимательства КИНЭУ»

Научный руководитель: Солонская Б.В., преподаватель спецдисциплин

Актуальность.

- **Развитие экологического туризма:** В последние годы наблюдается рост интереса к экологическому туризму, который сочетает в себе отдых на природе с бережным отношением к окружающей среде.
- **Природный потенциал региона:** Река Тобол и её берега обладают уникальными природными красотами, которые пока недостаточно используются для туристических целей.
- **Спрос на локальный туризм:** В условиях глобальных ограничений на путешествия (например, пандемия COVID-19) всё больше людей предпочитают отдых в пределах своего региона.

Проблема. Несмотря на природные богатства Костанайской области, отсутствуют организованные туристические услуги, которые могли бы предложить комфортный отдых на неблагоустроенных берегах реки Тобол. Многие жители региона и туристы из других областей не знают о потенциале этих мест для отдыха. Неорганизованный туризм может привести к загрязнению окружающей среды, что требует внедрения экологически ответственных практик.

Цель работы. Создание устойчивого и прибыльного бизнеса в сфере экологического туризма, который будет предлагать комфортный отдых на природе, способствовать сохранению окружающей среды и популяризации природных красот Костанайской области.

Задачи:

1. Организовать инфраструктуру для комфортного отдыха (палатки, спальники, мангалы и т.д.).
2. Разработать маршруты и программы для туров, включая экологические и образовательные элементы.
3. Провести маркетинговую кампанию для привлечения клиентов.
4. Обеспечить высокий уровень сервиса и безопасность для туристов.
5. Внедрить экологические практики для минимизации воздействия на природу.

Проект предполагает организацию туров на выходные для семей и небольших групп на неблагоустроенных берегах реки Тобол. Туристам будет предоставлено всё необходимое оборудование (палатки, спальники, мангалы и т.д.), а также услуги гида. Программа туров будет включать пешие прогулки, наблюдение за природой, вечерние посиделки у костра и другие активные виды отдыха.

Целевой аудиторией будут как сами жители Костанайской области, ищущие активный отдых на природе, так и желающие их других регионов, интересующиеся экологическим туризмом.

Организация отдыха будет состоять из нескольких этапов:

1. Исследование и выбор локаций

- Провести исследование берегов реки Тобол в пределах Костанайской области.
- Выбрать 3-5 мест для организации временных кемпинговых зон.
- Учесть доступность локаций, наличие природных достопримечательностей (леса, озера, скалы).

2. Организация кемпинговых зон

- Установить временные палаточные лагеря с минимальным вмешательством в природу.
- Обеспечить базовые удобства:
 - Туалеты (биотуалеты).
 - Мусорные контейнеры для раздельного сбора отходов.
 - Места для костров (с соблюдением правил пожарной безопасности).
 - Питьевая вода (бутилированная или привозная).
- Организовать аренду палаток, спальников и другого туристического снаряжения.

3. Разработка маршрутов

- Создать пешие, велосипедные и водные маршруты вдоль реки Тобол.
- Разработать карты маршрутов с указанием достопримечательностей, мест для отдыха и кемпинга.
- Организовать экскурсии с гидами, которые расскажут о природе и истории региона.

4. Привлечение местных жителей

- Привлечь местных жителей в качестве гидов, поваров (для приготовления блюд национальной кухни) и ремесленников (для продажи сувениров).
- Провести обучение для местных жителей по основам экологического туризма и гостеприимства.

5. Маркетинг и продвижение

- Создать сайт и мобильное приложение с информацией о кемпингах, маршрутах и услугах.
- Провести рекламную кампанию в социальных сетях (Instagram, Facebook, TikTok).
- Организовать фестивали и мероприятия на берегах Тобола для привлечения туристов (например, «День реки Тобол»).

Результаты исследования. На основе проведённых расчётов, проект может выйти на прибыльность при увеличении количества туров до 6 в месяц и повышении стоимости тура до 70 000 тенге за семью.

- **Потенциальная прибыль:** При реализации комбинированного подхода (6 туров по 70 000 тенге) ежемесячная прибыль составит **115 722 тенге**.

- **Социальный эффект:** Проект способствует развитию локального туризма, созданию новых рабочих мест и повышению осведомлённости о природных богатствах региона.

- **Экологический эффект:** Внедрение экологических практик поможет сохранить природу и минимизировать негативное воздействие туризма.

Рекомендации.

1. **Маркетинг:** Использовать социальные сети, сарафанное радио и недорогие рекламные материалы (флаеры) для привлечения клиентов.

2. **Качество услуг:** Обеспечить высокий уровень сервиса и проводить опросы для улучшения услуг.

3. **Расширение:** В будущем добавить новые локации, увеличить количество групп и ввести дополнительные услуги (например, рыбалка, фотосессии).

Этот проект не только имеет коммерческий потенциал, но и способствует развитию экологического туризма, сохранению природы и популяризации природных красот Костанайской области.

Список использованных источников

1. <https://silkadv.com/en/content/reka-tobol-v-kazahstane>
2. https://vk.com/wall-7673307_39625

7 СЕКЦИЯ

«БОЛАШАҚТАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭНЕРГОТИІМДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР/ ИННОВАЦИОННЫЕ И ЭНЕРГОЭФФЕКТИВНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ - ТЕХНОЛОГИИ БУДУЩЕГО» КҮН ГИВРИДТІ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕГІ БАТЕРЯНЫ АВТОМАТТЫ БАСҚАРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Студенттер Арманұлы А., Кәрім А., 2 курс «Алматы электромеханикалық колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі: Хунанбай А., Рахметова А., арнайы пән оқытушысы

Күн энергиясы — әлемде ең кең тараған жаңартылатын энергия көздерінің бірі. Экологияда таза тиімділігі жағынан болашақтағы әлемдік энергетикада маңызды көп мөлшерде пайдасы тиеді. Қазіргі таңда күн панельдері арқылы электр энергиясын өндіру кеңінен пайдаланылып келе жатыр, ал оның тиімділігін арттыру мақсатында түрлі технологиялар қолданылуда. Күн энергиясын жинақтау жүйелерінде батареялардың рөлі ерекше, себебі олар күннен алынған энергияны сақтап, оны қажетінше пайдалануға мүмкіндігі көп. Күн гибриді жүйелерінде батареяны автоматты басқару технологиялары күн энергиясын тиімді жинақтау және тарату мәселелерін шешуге мүмкіндік беріп келеді. Бұл жүйелерде автоматты басқару жүйелері батареяның жұмысын, қуаттың жинақталуын және таралуын тиімді бақылайды, бұл өз кезегінде энергияның жоғалуын азайтады, батареяның ұзақ өмір сүруін қамтамасыз етеді және жалпы жүйенің өнімділігін арттырады. Күннен энергияны кез келген жерде тау тастарда жиі қолданып пайдамызға жаратып келеміз. Мысал ретінде ауылды жерлерге қуат көзінен тұрмыстық техникаларды пайдаланамыз. Биіктік пен азимут бұрыштарын пайдалану фотоэлектрлік қондырғыларда (PV) күн энергиясын электр энергиясына максималды түрлендіру процесінің өте маңызды бөлігінде пайдаланамыз. Фотоэлектрлік жүйелердің шығыс қуатын барынша арттырудың бір жолы-бір осьті бақылау жүйесін әзірлеу және «Sun position calculator» қолданбасы арқылы азимут пен күннің көтерілу бұрыштарын есепке аламыз. Бір осьті

бақылау жүйесі PV бетінің көлбеу бұрышының 45° позициясына, содан кейін 90° бұрышқа және 135° көлбеу бұрышына негізделген.

Күннің көкжиектен жоғары орналасуының бұрышы стандарт бойынша сәуленің шашылу. Күннің орта нүктесі мен бақылаушының көзімен қарағандағы көкжиек арасындағы бұрыштан шыққан сәуленің энергия көзіне түсуі. Күннің азимуты – бағытталған тік сызық пен Күннің орталық нүктесі арқылы өтетін шеңбер арасындағы бұрыштан күн сәулесі тікелей емес, көп жағдайда шашыраңқы күйде жердің бетіне түседі. Атмосферадағы бөлшектердің әсерінен сәуле көп бұрыштармен әртүрлі бағытқа таралады. Азимут компастың көмегімен анықталады. Содан кейін фотоэлектрлік жүйенің сенімділігін сақтау үшін батареяны басқару жүйесін пайдалану бұлтты ауа-райында және батареяны шамадан тыс пайдаланған кезде батарея кернеуі 12 В-тан төмен түскенде автоматты түрде электр қуатын өшіреді себебі 12В-тан төмен қуат көзін бере алмай қалады. Pzem-017 модулін батареямен біріктіру нақты уақыт режимінде батарея шығынын бақылап отыруға мүмкіндік береді. Фотоэлектрлік деректерді түрлендіру кезінде 12:00-де 631,72 Вт тұрақты токқа жететін максималды қуатты және 18:00-де 56,02 Вт тұрақты токқа жететін минималды қуатты қамтамасыз ететін бір осьті трекер технологиясы қолданылады. Осы жағдайда, 12:00-де күннің ең биік нүктесінде тұрғанын және күн сәулесінің панельдерге тікелей түсетінін байқауға болады. Кәзір 16:00-де, күн төмен түсіп, сәуле жер бетіне көлбеу түседі. Батареяларды автоматты басқару жүйесі күн энергиясын өндіру мен тұтынудың нақты жағдайларына негізделген. Бұл жүйе энергияны нақты уақытта аккумуляторға жинақтап, қажеттілік туындағанда оны тұтынушыға жеткізеді. Батарея заряды мен разряды автоматты түрде бақыланады, бұл артық энергияның жоғалуы мен жүйе жұмысының тиімділігін азайтуға мүмкіндік береді.

Материалдар мен тәсілдер.

Алматы қаласында PV-grid гибриді жүйесімен шығарылатын бір осьті трекер технологиясының көмегімен осы станцияның координаттарда орналасқан жерін көрсете отырып, деректерді алу. Деректерді жинау материалдары алынған зерттеу нәтижелерін растау үшін қолданылатын бірнеше негізгі компоненттер бар. Күн энергиясын пайдалану кезінде түске дейін немесе жаңбырлы күндерде энергия өндіру деңгейі төмен болуы мүмкін. Автоматты басқару технологиясы энергия өндіру мен тұтыну арасындағы айырмашылықты тиімді басқарып, артық энергияның ысырабына жол бермейді. Батареяның толық зарядталуы немесе разрядталуы автоматты түрде бақыланады, бұл оның қызмет мерзімін ұзартады.

Нәтижелер мен талқылау.

Гибриді жүйенің оңтайлы өнімділігін қамтамасыз ететін жүйенің конверсиясы мен сенімділігін бақылау үшін бір осьті фотоэлектрлік трекерді, аккумуляторды және қуат көздерін пайдалану. Қолданылатын 650 Вт панель поликристалды материалдан жасалған және параллель орналасқан. Бақылау жүйесінде PV панель бетінің 3 түрлі позициясын қолдану арқылы жүзеге асырылады, содан кейін оны оңтайлы ету үшін азимут бұрышы мен биіктік бұрышын есептеу арқылы қолдауға болады. Автоматты басқару жүйелері күн

энергиясын ең тиімді уақытта пайдалануды жоспарлайды. Бұл тұтынушыларға қуаттылық шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Мысалы, жүйе күн сәулесі көп түсетін уақыттарда энергияны көп өндіруге мүмкіндік берсе, ал тұтыну пиктері төмен уақытта сақтау үшін энергия жинақталады.

Қорытынды.

Күн гибриді жүйелеріндегі батареяны автоматты басқару технологиясы энергияның тиімділігін арттырып, батареялардың ұзақ мерзімді қызмет етуін қамтамасыз етеді. Бұл технология энергия тұтынудың төмендеуіне, шығындардың азаюына, сондай-ақ қоршаған ортаға жағымды әсер етуге мүмкіндік береді. Мұндай жүйелер әсіресе күн энергиясын пайдаланатын жеке үйлер мен кәсіпорындар үшін өте пайдалы. Автоматты басқару жүйелері энергияны тиімді пайдалану арқылы табиғи ресурстардың шығыны мен зиянды эмиссиялардың төмендеуіне ықпал етеді. Бұл қоршаған ортаға оң әсерін тигізеді, әсіресе күн энергиясын пайдалану кезінде көмірқышқыл газын азайту мақсатында.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Р.Фахризал, У. Х. Рамадхани, Дж. Мунхаммар және Дж. Уайден, "Ақылды электромобильдерді зарядтау және фотоэлектрлік жүйелерді шектеу арқылы тұрғын үй электр станцияларын тарату желісі үшін фотоэлектрлік құрылғыларды орналастыру қуатын Біріктірілген бағалау", Тұрақты энергия, желілер және желілер, том. 26 Маусым. 2021, doi: 10.1016 / дж.сеган.2021.100445.
2. Э.Вартиайнен, Г. Массон, К. Брейер, Д. Мозер және Э. Р. Медина, "Капиталдың орташа өлшенген құнының, күрделі шығындардың және басқа параметрлердің электр энергиясының болашақ коммуналдық масштабтағы фотоэлектрлік шығындарына әсері", Фотоэлектрлік Прогресс: Зерттеулер және қолдану, том. 28, № 6, 439-453 беттер, Тамыз. 2019, doi:

ЖАҢАРТЫЛҒАН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Студент Атажанов А., 2 курс, Ақтөбе Жоғары политехникалық колледж
Ғылыми жетекшісі: Тоймагамбетова А.М., Айтказиева Г.С., арнайы пән оқытушылары

Өзектілігі: Жаңартылған энергия көздері қазіргі уақытта өте өзекті мәселе сондықтан олардың маңыздылығы бірнеше факторларға байланысты болады.

Мәселе: Бұл энергия көздерінің дамуының көптеген артықшылықтары болса да, олармен байланысты кейбір мәселелер де бар. Бұл мәселелер олардың кең көлемде қолданысқа енгізілуін тежейді.

Мақсаты: баламалы таза энергия көздерінің негізгі мақсаты — энергия өндірудің экологиялық таза, тұрақты және тиімді жолдарынмен қамтамасыз ету.

Міндеттері: Жаңартылған энергия көздерінің міндеті — экологиялық, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан тиімді және тұрақты энергетикалық жүйені қалыптастыру.

Қазіргі әлемде энергия мәселесі күн тәртібінен түспейтін маңызды тақырыпқа айналды. Әсіресе қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсері мен қалпына келмейтін энергия көздерінің шектеулігі оны шешуді талап етеді. Бұл тұрғыда жаңартылған энергия көздері (Күн, Жел, Су, Биомасса және т.б.) адамзаттың энергетикалық болашағы үшін маңызды шешім ұсынады. Жаңартылған энергия көздерінің тиімділігі — тек экологиялық тұрғыдан ғана емес, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан да үлкен маңызға ие.

Жаңартылған энергия көздерінің басты артықшылығы — олардың экологиялық таза болуы. Қалпына келмейтін энергия көздері, мысалы, көмір, мұнай және табиғи газ сияқты ресурстар атмосфераға зиянды парникті газдар мен басқа да ластаушы заттарды шығарады, бұл климаттың өзгеруіне және табиғи апаттарға себепші болады. Ал жаңартылған энергия көздері бұл мәселелерді шешуге көмектеседі.

Күн энергиясын алу үшін күн панельдері қолданылады, олар ешқандай зиянды шығарындыларды шығармайды. Жел энергиясы да атмосфераға зиянды заттар шығармайды. Су энергетикасы өз кезегінде судың ағысын пайдалануды қажет етеді, бұл да экологиялық тұрғыдан тиімді. Биомасса энергиясы да табиғи процестер арқылы алынғандықтан, қоршаған ортаға төмен деңгейде зиян келтіреді.

Жаңартылған энергия көздері көмірқышқыл газын азайтуға және атмосфераның ластануын төмендетуге мүмкіндік береді, бұл жер шарындағы климаттың өзгеруін болдырмаудың маңызды қадамы болып табылады. Сонымен қатар, жаңартылған энергия көздері табиғи экожүйелерге әсер етпейді, табиғаттың өз ресурстарын қалпына келтіру процесіне қатысады.

Жаңартылған энергия көздерінің экономикалық тиімділігі де айтарлықтай ол:

Біріншіден, жаңартылған энергия саласына инвестициялар экономика үшін тиімді болады. Күн панельдерін, жел генераторларын және басқа да жаңартылған энергия жүйелерін орнату үшін жергілікті өндіріс пен құрылыс саласы дамиды, бұл жұмыс орындарын қалыптастыруға әкеледі. Осы арқылы экономикада жаңа нарықтар қалыптасып, халықтың тұрмыс деңгейі жақсарады.

Екіншіден, жаңартылған энергия көздері тұрақты және ұзақ мерзімді энергия көздерін ұсынады. Күн мен жел сияқты ресурстар табиғатта шексіз қол жетімді болғандықтан, оларды пайдалану уақыт өте келе дәстүрлі энергия көздерінен әлдеқайда тиімді болады. Күн панельдері мен жел генераторлары бастапқыда үлкен инвестицияларды талап етсе де, ұзақ мерзімде энергия өндірісінің құны төмендейді. Сонымен қатар, жаңартылған энергия жүйелері өздігінен жұмыс істей алады, яғни сыртқы көздерден энергия тасымалдауға тәуелді болмайды.

Үшіншіден, жаңартылған энергия көздерін пайдалану елдің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Көптеген елдер қазірдің өзінде шетелден мұнай, газ және көмір импорттайды. Бұл энергетикалық қауіпсіздікке

қатер төндіреді. Жаңартылған энергия көздері көмегімен, елдер өздерінің энергетикалық қажеттіліктерін ішкі көздермен қамтамасыз ете алады, бұл ұзақ мерзімді перспективада экономикалық пайда әкеледі.

Жаңартылған энергия көздерінің әлеуметке тигізетін пайдасы да зор. Әсіресе дамушы елдер үшін бұл технологиялар энергияға қол жеткізу мәселесін шешудің маңызды құралы болып табылады. Күн энергиясы мен жел энергиясы көптеген шалғай ауылдар мен өңірлерде қуат көзі ретінде қолданыла алады. Бұл аймақтарда электр энергиясы әдетте қымбатқа түседі немесе мүлдем жоқ болады. Ал жаңартылған энергия жүйелері орнату арқылы бұл мәселелер шешілуі мүмкін, бұл жергілікті тұрғындардың өмір сапасын арттырады.

Сонымен қатар, жаңартылған энергия көздері экологиялық таза болғандықтан, қоғам денсаулығына да оң әсер етеді. Өйткені, көмір немесе мұнайдан алынған энергияның зиянды шығарындылары адамдардың денсаулығына, әсіресе тыныс алу жолдарына теріс әсер етеді. Ал жаңартылған энергия көздері осы мәселелерді болдырмауға көмектеседі.

Жаңартылған энергия көздерінің әлеуметке тигізетін тағы бір маңызды пайдасы жергілікті қоғамдастықтардың дамуына ықпал етуі. Күн немесе жел энергиясының жобалары жергілікті тұрғындарды жұмысқа тартады, олардың білімін арттырады және өзекті дағдыларды үйретеді, бұл жергілікті экономиканы нығайтады.

Технологиялық тиімділік - Жаңартылған энергия көздерінің тиімділігі тағы бір маңызды аспект — технологиялардың үнемі жетілдірілуі мен жаңаруы. Мысалы, аккумуляторлар мен энергия сақтау жүйелері арқылы күн мен жел энергиясын тиімді сақтау мүмкіндіктері артып келеді. Бұл жаңартылған энергия көздерінің тиімділігін арттыруға және олардың тұрақты энергия көзі болуына мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, жаңартылған энергия көздерін пайдалану экологияға зиян келтірмейтін, технологиялық тұрғыдан озық шешімдерді енгізуді ынталандырады. Қазіргі уақытта зерттеушілер күн панельдерінің тиімділігін арттыруға және жел генераторларын жетілдіруге арналған жаңа әдістерді дамытуды жалғастыруда.

Қалпына келмейтін энергия көздеріне тәуелділікті азайту

Жаңартылған энергия көздері әлемді қалпына келмейтін энергия көздеріне тәуелділіктен босатуға мүмкіндік береді. Қалпына келмейтін энергетикалық ресурстардың сарқылуы мен экологиялық зияндары адамның өміріне қауіп төндіруде. Мысалы, көмірдің жақын арада сарқылуы мүмкіндігі және оның ауаға шығаратын зиянды шығарындылары климаттың өзгеруіне әсер етеді. Мұнай мен газдың тау-кен орындары да шектеулі, ал оларды алу үшін жер қазу жұмыстары экологиялық зиян келтіреді.

Жаңартылған энергия көздері бұл мәселені шешуге мүмкіндік береді, өйткені олардың қорлары шексіз әрі табиғаттың өзінен алынады. Мысалы, күн энергиясы тек күннің шығуына тәуелді, ал жел энергиясы желдің бағыты мен жылдамдығына байланысты, бірақ оларды пайдалану адамның тұтынуына шектеу қоймайды. Осылайша, жаңартылған энергия көздері табиғи ресурстарды қорғауға және экологиялық тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі.

Жаңартылған энергия көздерінің тиімділігі тек олардың пайдалануынан ғана емес, қоғамның экологиялық білімінің артуынан да көрінеді. Жаңартылған энергия көздерін қолданудың артықшылықтарын түсіну және қоғамның осы бағыттағы жауапкершілігін арттыру — аса маңызды қадам. Қоғамдық түсінік пен білім беру бұл технологияларды тиімді пайдалану мен таратуда үлкен рөл атқарады.

Зерттеу нәтижелері:

Жаңартылған энергия көздері (ЖЭК) – бұл табиғи ресурстарды пайдалану арқылы энергия өндіретін әдістер, мысалы, күн, жел, су, геотермалдық және биомасса энергиялары. Бұл елімізде қарқынды дамып еледі.

Қорытындылар:

Жаңартылған энергия көздерінің тиімділігі экологиялық, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан маңызды болып табылады. Олардың қоршаған ортаға тигізетін пайдасы мен энергия өндірісінің тиімділігі айқын. Әрбір ел үшін жаңартылған энергия көздерін дамыту — тұрақты даму жолындағы маңызды қадам. Сондықтан қазіргі таңда бұл салаға инвестиция салу, зерттеу жұмыстарын жүргізу және жаңа технологияларды енгізу арқылы адамзаттың болашағы үшін маңызды мақсатқа жетуге болады.

Олар әлемдік энергетикалық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, экологиялық зиянды шығарындыларды азайтуға, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Осылайша, жаңартылған энергия көздері адамзаттың болашағына маңызды үлес қосып, тұрақты даму жолында үлкен маңызы бар технология болып табылады.

Бұл салада одан әрі зерттеу жүргізу, инновациялық шешімдерді енгізу және жаңартылған энергия көздерін қолданысқа кеңінен енгізу арқылы адамзат экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, әлемнің энергиямен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге жол ашатыны сөзсіз.

Пайдаланған деректер тізімі

1. Джумамухамбетов Н.Г., Ирышков И.А., Жаналиева М.А. Нетрадиционные возобновляемые источники энергии. Учебное пособие. – Алматы: Эверо, 2010. – 218 с.
2. Қойшиев Т.Қ. Жаңғыртылатын энергия көздері. Оқулық. - Алматы: 2013. - 256 б.
3. Ляшков В.И., Кузьмин С.Н. Нетрадиционные и возобновляемые источники энергии: Учебное пособие. – Тамбов: Изд-во ТГТУ, 2003. – 96 с.
4. Жамалов Ж.А., Умбетов Е.С., Кунелбаев М.М. Системы солнечного теплоснабжения. Монография. – Алматы: Полиграфия-сервис и К0, 2010. – 180 с.
5. Лукутин Б.В. Возобновляемые источники электроэнергии: Учебное пособие. – Томск: Изд-во Томского политехн. ун-та, 2008. – 187 с.

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ БРЕНД

Студент Әбжет Б., 1 курс, «Санджар Жандосов атындағы Қаскелең кәсіптік-техникалық колледжіні» МКҚК

Өзектілігі: Қазіргі жаһандану заманында инновацияларды дамыту мен отандық брендтердің қалыптасуы экономиканың тұрақты дамуы мен ұлттық бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Бұл тақырып қазақстандық нарықтағы отандық өнімдердің маңыздылығын және олардың инновациялық әлеуетін арттыру қажеттілігін көрсетеді.

Мәселе: Қазақстанда отандық брендтердің әлемдік деңгейде танылуы және олардың нарықтағы үлесін арттыруда кедергілер кездеседі. Бұл кедергілерге инновациялық шешімдердің жеткіліксіздігі, брендтердің сапасы мен маркетинг стратегияларының әлсіздігі, сондай-ақ тұтынушылардың шетелдік өнімдерге басымдық беруі жатады.

Жұмыс мақсаты: Отандық брендтердің инновациялық даму стратегияларын талдау және олардың нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдарын анықтау.

Міндеттері:

1. Инновация мен бренд түсініктерін теориялық тұрғыдан зерттеу.
2. Қазақстандағы отандық брендтердің қазіргі жағдайына талдау жасау.
3. Инновациялық технологиялардың отандық брендтердің дамуына әсерін анықтау.
4. Отандық брендтерді дамыту үшін тиімді стратегиялар мен ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу нәтижелері:

1. Қазақстандағы отандық брендтердің дамуындағы негізгі кедергілер анықталды.
2. Инновацияларды енгізудің отандық брендтердің танымалдығы мен сапасына оң әсер ететіні дәлелденді.
3. Брендтің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін инновациялық маркетинг стратегияларының маңыздылығы көрсетілді.

Зерттеу жұмыстары:

Қазіргі заманғы экономика инновациялар мен технологиялық дамудың қарқынды кезеңін бастан өткеруде. Бұл жағдайда отандық брендтердің қалыптасуы мен дамуы елдің экономикалық тұрақтылығы мен халықаралық нарықтағы беделінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Қазақстан үшін инновациялық шешімдерді пайдалана отырып, отандық брендтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру өзекті мәселе болып табылады. Осы мақалада инновациялардың отандық брендтерге тигізетін әсері мен олардың дамуының негізгі бағыттары талқыланады. Инновация -бұл жаңа идеялар, технологиялар, өнімдер немесе қызметтерді енгізу арқылы қоғамның өмір сүру деңгейін жақсартуға бағытталған үдеріс. Бренд-бұл тұтынушының санасында белгілі бір өнім немесе қызмет туралы қалыптасқан бейне. Инновациялар мен брендтер арасындағы байланыс өнімнің сапасын арттыру, тұтынушылардың

қажеттіліктерін қанағаттандыру және нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті күшейту арқылы көрінеді.

Қазақстанда соңғы жылдары отандық брендтерді дамытуға үлкен көңіл бөлінуде. Мысалы, азық-түлік, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және технологиялық өнімдер саласында қазақстандық брендтер пайда болуда. Дегенмен, бұл брендтердің көпшілігі халықаралық нарықта жеткілікті деңгейде танымал емес. Негізгі кедергілерге мыналар жатады:

1. Инновациялық технологияларды енгізудің жеткіліксіздігі.
2. Маркетинг стратегияларының әлсіздігі.
3. Тұтынушылардың шетелдік брендтерге деген жоғары сенімі.
4. Мемлекеттік қолдау механизмдерінің жетіспеушілігі.

Инновациялар брендтің дамуы мен танымалдылығына тікелей әсер етеді. Төменде олардың негізгі артықшылықтары көрсетілген:

Сапаны арттыру: Инновациялық технологиялар өнім сапасын жақсартып, тұтынушылардың сенімін арттырады.

Өнімділік: Жаңа технологияларды қолдану өндіріс шығындарын азайтып, тиімділікті арттырады.

Маркетинг: Инновациялық құралдарды пайдалану (цифрлық маркетинг, әлеуметтік медиа, big data) брендтің нарықтағы танымалдылығын арттыруға көмектеседі.

Жаңа нарықтарға шығу: Инновациялық өнімдер мен қызметтер халықаралық нарыққа шығуға мүмкіндік береді.

Отандық брендтердің инновациялық дамуын қамтамасыз ету үшін келесі шараларды жүзеге асыру қажет:

Инновациялық экожүйе құру: Зерттеу және дамыту (R&D) орталықтарын құру арқылы инновацияларды қолдау.

Мемлекеттік қолдау: Отандық брендтерге арналған гранттар, салықтық жеңілдіктер мен субсидиялар ұсыну.

Маркетинг стратегияларын жетілдіру: Заманауи маркетинг құралдарын пайдалану арқылы брендтің танымалдығын арттыру.

Білім беру: Кәсіпкерлер мен мамандарды инновациялық басқару және брендті дамыту саласында оқыту.

Халықаралық ынтымақтастық: Шетелдік компаниялармен әріптестік орнату арқылы тәжірибе алмасу және экспорт көлемін арттыру.

Білім алушы немесе беруші ретінде отандық брендтерді дамыту мен инновацияларды қолдауға өз үлесіңізді қосу үшін келесі нақты ұсыныстарды қарастыруға болады:

1. Жастар арасында отандық брендтерді насихаттау

Әлеуметтік желілер: Тікелей отандық өнімдерді қолдау туралы ақпараттық науқандар жүргізу. Мысалы, қазақстандық өнімдер туралы шынайы пікірлерді бөлісу, брендтердің тарихын таныстыру.

Видеоконтент: Отандық брендтердің ерекшеліктері мен сапасы туралы видеолар түсіріп, оларды YouTube, Instagram, TikTok платформаларында жариялау.

2. Инновациялық жобаларға қатысу

Startup жобаларды әзірлеу: Инновациялық өнім немесе қызмет жасауды көздейтін стартап құру.

Хакатондар мен конкурстар: Қазақстанда өтетін инновациялық шешімдерге арналған жарыстарға қатысу арқылы идеяларыңызды жүзеге асыру.

1. Ғылыми-зерттеу жұмыстары;
2. Жергілікті өнімдерге қолдау көрсету;
3. Білім мен дағдыларды жетілдіру;
4. Еріктілік және қоғамдық жұмыс;
5. Халықаралық тәжірибені зерттеу;
6. Эко-инновацияларды қолдау;
7. Краудфандинг және инвестиция тарту;
8. Менторлық және коучингтік қолдау;

Қорытынды:

1. Отандық брендтердің дамуы үшін инновациялық шешімдерді қолдану – негізгі басымдықтардың бірі.

2. Инновациялық өнімдер мен қызметтерді дамыту брендтің нарықтағы танымалдығы мен сенімділігін арттырады.

3. Мемлекеттік қолдау, маркетингтік стратегияларды жетілдіру және инновациялық технологияларды енгізу отандық брендтердің бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға ықпал етеді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасының инновациялық даму стратегиялары. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен.
2. Philip Kotler. "Marketing Management". 15-ші басылым, 2016 ж. 241-265 б
3. Қазақстанның отандық брендтерінің даму тарихы туралы мақалалар мен зерттеулер. Автор: А.Қ. Сейдахметова: 2014 жыл. 45-52 б
4. Инновация және бәсекеге қабілеттілік тақырыбындағы ғылыми еңбектер. Автор: С.С. Сатпаева. 2019 жыл, 33-40 б
5. Халықаралық нарықтағы бренд стратегиялары туралы деректер. Авторлар: Джон Доу, Джейн Смит. 2020 жыл, 112-130 б

**ГИДРОПОНИКА: ӨСІМДІКТІ ТОПЫРАҚСЫЗ ӨСІРУ
ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

Студент Әмин А., 4 курс, «Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі» МКҚК

Ғылыми жетекшісі: Құдайберген С.П., география пәні оқытушысы,
п.ғ.магистрі, Советова Ф.Қ., арнай пәндер оқытушысы, өнер магистрі

“Гидропоника – қалалық егін шаруашылығының болашағы. Ол бізге азық-түлік өндіру жүйесін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.”

Диксон Деспоммиер

Тақырыптың өзектілігі: Қазіргі таңда әлем халқының саны қарқынды түрде өсіп, ауыл шаруашылығы саласында жаңа, тиімді әдістерді енгізу қажеттілігі туындап отыр. Климаттық өзгерістер, су ресурстарының

тапшылығы және құнарлы жерлердің азаюы дәстүрлі егіншілікке үлкен қиындықтар тудыруда. Осындай жағдайда гидропоника – өсімдіктерді топырақсыз өсіру технологиясы – ауыл шаруашылығын дамытудағы перспективалы шешімдердің бірі болып табылады.

Бұл технологияның өзектілігі бірнеше факторлармен байланысты:

1. Азық-түлік қауіпсіздігі
 - Гидропоника өнімділікті арттырып, халықты тұрақты түрде жаңа піскен көкөністер мен жемістермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
2. Табиғи ресурстарды үнемдеу
 - Гидропоникалық жүйелер суды 90%-ға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді, бұл судың тапшылығы мәселесін шешуде маңызды рөл атқарады.
 - Бұл технология арқылы құнарсыз немесе ластанған топырақтың қажеттілігі болмайды.
3. Экологиялық тұрақтылық
 - Пестицидтер мен гербицидтердің қолданылуын азайтып, қоршаған ортаға зиянды әсерді төмендетеді.
 - Парниктік газдардың шығарылуын азайтуға және қалдықтарды қысқартуға көмектеседі.
4. Технологиялық даму және инновация
 - Гидропоника ғарыштық зерттеулерде, қала фермаларында және тік егіншілік жобаларында белсенді қолданылуда.
 - Автоматтандырылған және жасанды интеллект негізіндегі жүйелердің дамуы арқылы бұл әдіс одан әрі жетілдіріліп келеді.
5. Қазақстан үшін маңыздылығы
 - Қазақстанның кейбір аймақтарында топырақтың құнарсыздануы және су тапшылығы байқалуда.
 - Гидропоника технологиясын енгізу арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің импортқа тәуелділігін азайтуға болады.

Зерттеу мәселесі: Зерттеудің негізгі мәселесі – гидропоника технологиясының осы проблемаларды шешудегі рөлін анықтау, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау және Қазақстанда қолдану мүмкіндігін қарастыру.

Жұмыстың мақсаты: Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – гидропоника технологиясын ғылыми тұрғыдан зерттеу, оның өсімдік шаруашылығында қолданылу тиімділігін бағалау және ауыл шаруашылығына енгізудің болашағын анықтау.

Зерттеу міндеттері:

1. Гидропоника технологиясының теориялық негіздерін зерттеу
 - Гидропониканың жұмыс принциптерін және оның ауыл шаруашылығындағы рөлін түсіну.
 - Топырақсыз өсіру әдісінің тарихи дамуын қарастыру.
2. Гидропоникалық жүйелердің түрлерін зерттеу
 - Түрлі гидропоникалық жүйелердің (аэропоника, NFT, Дюфуа жүйесі, т.б.) артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау.
 - Әрбір жүйенің тиімділігі мен қолдану мүмкіндіктерін анықтау.

3. Гидропониканың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау
 - Су, тыңайтқыштар және энергияны үнемдеудегі тиімділігін зерттеу.
 - Экологиялық тұрғыдан және экономикалық жағынан гидропониканың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау.
4. Қазақстанда гидропониканы қолдану мүмкіндіктерін зерттеу
 - Қазақстандағы климаттық жағдайларды ескере отырып, гидропониканы қолдану перспективасын талқылау.
 - Бұл технологияның еліміздегі ауыл шаруашылығына әсерін зерттеу.

Зерттеу нәтижелері: Гидропоникалық жүйелер дәстүрлі егіншілік әдістеріне карағанда өнімділікті бірнеше есе арттыруға мүмкіндік береді. Топырақтың сапасына тәуелді болмай, өсімдіктер қажетті қоректік заттарды су арқылы тікелей алады, бұл олардың өсуін тездетеді. Қазақстанның кейбір аймақтарында су тапшылығы сезілетіндіктен, гидропоника жүйелерін енгізу бұл мәселені жеңілдетеді.

Сонымен қатар, қоректік ерітінділердің құрамын оңай бақылап, өсімдік қажеттіліктеріне сәйкес түзетуге болады. Қазақстанда гидропоника технологиясына деген қызығушылық соңғы жылдары артты. Әсіресе жылыжай шаруашылығын дамытуда және қала маңында экологиялық таза өнімдерді өндіруде гидропоника тиімді қолданылуда.

Зерттеу барысында гидропоникалық жүйелердің жоғары бастапқы құны мен техникалық күрделілігі басты қиындық ретінде анықталды. Сонымен қатар, фермерлердің гидропоника технологиясын меңгеруге қажетті білім деңгейі әлі де жетіспейді.

Қорытынды: Гидропоника технологиясы ауыл шаруашылығындағы дәстүрлі әдістердің кемшіліктерін шешуде маңызды рөл атқарады. Ол экологиялық таза өнім алуға, суды тиімді пайдалануға, өнімділікті арттыруға және қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтуға мүмкіндік береді. Қазақстандағы аграрлық секторды дамыту үшін гидропониканы кеңінен қолданудың болашағы зор.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Реш, Х.М. (2013). Гидропоникалық азық-түлік өндірісі: тәжірибелі үй бағбандары мен коммерциялық гидропоникалық өсірушілерге арналған толық нұсқаулық. «ЦРК баспасөзі».
2. Уилер, Р. (2017). NASA-ның ғарыштық миссияларға арналған гидропоникалық зерттеулері. NASA техникалық есептері.
3. ФАО (2020). Гидропоника баламалы егіншілік жүйесі ретінде азық-түлік қауіпсіздігі. БҰҰ-ның азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы.
4. Балакшин, С.Қ., Жанайдаров, Р.Е. (2019). Гидропоника: топырақсыз ауыл шаруашылығы. Алматы: «ҚазАқпарат».
5. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігі (2022). Гидропоника технологиясы және оның даму перспективалары. Алматы: Ауыл шаруашылығы баспасы.

Студент Бауыржанұлы А., 3 курс, «Талғар политехникалық колледжі» МКҚК
Ғылыми жетекшісі: Исаева А.Т, өндірістік оқыту шебері

Өзектілігі: экологиялық мәселені сәтті шешудің және табиғи ресурстарды сақтаудың кілті ретінде энергияны тиімді пайдалану қажеттілігі.

Мәселе: Электр энергиясын өндіретін электр станцияларының экологияға зиянды қалдықтарды көп бөлуі. Электр энергиясының тарифінің күннен-күнге қымбаттауы.

Жұмыс мақсаты: энергияны алудың баламалы, дәстүрлі емес тәсілдерінің әлеуетін бағалау және оны тиімді пайдалану.

Міндеттері:

- 1) энергия алудың тәсілдері мен олардың даму тарихы
- 2) әр түрлі көзқараспен әр тәсілдің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау:
- 3) сарқылмайтын энергия көздерін электр энергиясына айналдыруға арналған қондырғыларды кеңінен қолданысқа енгізіп тиімді пайдалану.
- 4) адам үшін қайсысы пайдалы және қолайлы екендігі туралы қорытынды жасау.

Зерттеу нысаны: энергияның баламалы көздері: күн және жел энергиясы.

Гипотеза: егер баламалы энергия көздері өндірілсе, онда адамдар үнемді, тиімді, экологиялық таза және қауіпсіз энергия көзімен қамтамасыз етіледі

Зерттеу әдістері

Зерттеудің әдістері жалпы ғылыми зерттеу тәсілдерінен, сондай-ақ статистикалық және салыстырмалы талдау әдістерінен тұрады. Пайдаланылған әдістер күн және жел энергиясын дамыту жөніндегі ресми статистикалық мәліметтерден алынған нәтижелерге сүйенеді. Отандық ғалымдардың ғылыми мақалаларына шолу, салыстырмалы талдауларды жүргізу баламалы энергиясын енгізуге қатысты мемлекеттік қолдау құралдарының тиімді қолдануын анықтауға мүмкіндік береді.

Біздің өмірімізде энергияның алатын орны ерекше. Елімізде арзан электр энергия көздерін іздеу мақсатында, «Қазақстанда 2030 жылға дейін электр энергиясын өндіруді дамыту туралы» мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, жаңартылатын электр энергиясы қуатын халық шаруашылығында қолданудың тиімді жолдары қарастырылуда. Қазіргі кезде бүкіл жер бетіндегі елдерде, соның ішінде Қазақстанда энергия дефициті байқалады. Күнделікті тұрмыстан бастап ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және т.б. салалар, тіпті космос корабльдерінің ғарышқа ұшуының өзі тек энергияның дамуымен тығыз байланысты болып отыр. Сарқылмайтын жаңа энергия көзін ашу - бүгінгі таңда адамзаттың алдына қойылып отырған басты міндеті. Бұл мәселені шешудің екі жолы бар: энергоресурстарды үнемді жұмсау және баламалы энергия көздерін пайдалану. Жаһандану дәуірінде энергетикалық сұранысты қанағаттандыра алатын энергия көзі – альтернативті энергияны қолдану аясын кеңейту және оның келешегін зерттеу ғылыми жаңалық болып отыр.

Жалпы орынына келетін энергияның болашағы зор, экологиялық өте таза, қоры ешқашанда сарқылмайды, әрі тиімді, арзан. Оларды пайдалану жердің баланстарын бұзбайды. Біз жаңартылатын энергия көздерін үнемді және тиімді пайдаланатын болсақ онда біздің келешегіміз жарқын болуы анық. Тек соны тиімді жобалар арқылы өндіріп, ел игілігіне жаратсақ, мемлекет байлығы халықтың игілігіне қызмет ететіні сөзсіз. Осыған орай зерттеліп жазған бұл жұмыста күн және жел энергиясына тоқталып, оны өндіру, пайдалану, жеткізілу жолдары мен баламалы энергияның тиімділігі мен артықшылықтары айқындалады.

Қорытынды: Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерін пайдалану әлеуетіне **SWOT** қорытынды талдау:

- ✓ **Күшті жақтары:** жаңартылатын энергия көздерінің барлық түрлерін тиімді пайдалану мүмкіндігі;
- ✓ Жаңартылатын энергия көздерінің жұмыс істеуінің қазіргі экономикалық аппараты;
- ✓ Астана ЭКСПО-2017 мамандандырылған көрмесінен кейін 16 энергетикалық технология таңдап алынып елімізге инвестиция тартып жүзеге асырылатын болды. Олар Австрия, Польша, Франция, АҚШ, Ресей, Қытай, Литва, Германия мемлекеттеріндегі озық жобалары;
- ✓ Геотермальдық энергетика саласындағы бірегей даму жүйесі;
- ✓ Жаңартылатын энергия көздерін жеткізушілерге арналған қаржы кепілдіктері.

Әлсіз жақтары: Шалғай аумақтары бар елді мекендерде орталықтандырылған жүйе;

- ✓ Энергия тапшылығы бар өңірлер ішіндегі дәстүрлі отын түрлеріне тәуелділік;
- ✓ Экономиканың экспорттық-шикізаттық моделі;
- ✓ Төмен потенциалды жылуды коммуналдық қатты қалдықтардың энергиясын пайдалану үшін жоспарлы нормалар мен технологиялық платформалар жоқ;
- ✓ Ірі қалалар мен аймақтарда жаңартылатын энергия көздерін қолдану жоспары дайын емес;
- ✓ Пайда табудың жасырын схемасы;
- ✓ Энергияның басым орталықтары мен энергия тапшылығы аймақтары арасындағы үлкен алшақтық;
- ✓ Энергия желілерінің өткізу қабілеті және техникалық жағдайы.

Мүмкіндіктер: «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заң (2009) аясында жоспарлы түрде жұмыстар жүргізу;

- ✓ Жаңартылатын энергия көздерін басқарудың жаңа схемасы мен тәжірибесін әзірлеу;
- ✓ Қоршаған ортаға жүктемені айтарлықтай азайту;
- ✓ Отандық стартаптың мүмкіндіктері: шағын, орта бизнес, бөлшек және көтерме нарықтағы ғылыми кәсіпорындар;
- ✓ Азия, Еуропа және Балтық елдерінен жаңартылатын энергия көздеріне энергия импорттаушылармен жақсы байланыс орнату;

- ✓ Өңірлердің әлеуметтік, инфрақұрылымдық, экономикалық проблемаларды шешу үшін жаңартылатын энергия көздері капиталының пайдасын бейімдеу мүмкіндігі;
- ✓ Азаматтардың қатысуымен шалғай аудандарда жаңартылатын энергия көздеріне жеке тұтынушылар нарығын құру;
- ✓ Жоғары технологиялық баламалы энергия қондырғыларын енгізу, оларды пайдалану тиімділігін арттырып қана қоймай, сонымен қатар өндіріс мәдениетін дамыту, жұмысшылар мен мамандардың кәсіби дағдыларын жетілдіру;
- ✓ Меншікті энергоресурстар қорларын болашақ ұрпақ үшін сақтау;
- ✓ Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- ✓ Қоршаған ортаны сақтау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- ✓ Заманауи интеллектуалды технологияларды пайдалана отырып, иреархиялық энергия жүйесін жаңғырту;
- ✓ Шетелдік инвестициялар тарту.

Қауіп қатерлер: Жаңартылатын энергия көздерін импорттаудың қатан саясаты;

- ✓ Жалпы энергия жүйесіндегі жаңартылатын энергия көздері үшін көмірсутектер бағасына түпкілікті тәуелділік;
- ✓ Жергілікті желі операторлары үшін де, жаңартылатын энергия көздері үшін де бөлшек сауда нарығына заңнамалық түзетулерді қысқа мерзімде жүзеге асыруға бейімдеу қиын;
- ✓ Монополизм және дәстүрлі энергетика құрылымдарының қысымы.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан «Жасыл экономика» жолында: идеялар және шешімдер
2. Күн энергетикасы, 2015 ж басылым; <http://bilim-all.kz/article/2011>
3. Аль-Оран Б.Ф., Ахмедов Ф.А., Захидов Р.А., Муминов Р.А., Автономные фотоэлектрические установки в условиях жаркого климата. М.: Гелиотехника, 2004.
4. Бекаев Л.С., Марченко О.В., Пинегин С.П. и др. Мировая энергетика и переход к устойчивому развитию. Новосибирск: Наука

БЕСПРОВОДНАЯ ПЕРЕДАЧА ЭНЕРГИИ ДЛЯ ГОРОДОВ И ТРАСС

Гилев И., студент 2 курс, КГКП «Алматинский колледж телекоммуникации и машиностроения»

Научный руководитель: Джелилова Г.С., преподаватель специальных дисциплин

Актуальность исследования

Современные вызовы, такие как рост энергопотребления, популяризация электротранспорта и переход к экологически чистым источникам энергии, делают тему беспроводной передачи энергии крайне актуальной. Внедрение БПЭ решает сразу несколько задач: улучшение инфраструктуры, снижение углеродного следа, упрощение использования электротранспорта и повышение

энергоэффективности. Для Казахстана эти вопросы особенно значимы ввиду развития умных городов, таких как Астана и Алматы, и стремления к выполнению международных экологических обязательств.

Проблема исследования:

Современные города и транспортные магистрали требуют эффективных, экологичных и надежных решений для электроснабжения. Однако традиционные проводные сети обладают рядом ограничений, включая высокие затраты на инфраструктуру, потери энергии при передаче и уязвимость к внешним повреждениям. Беспроводная передача энергии представляет собой перспективную технологию, способную решить эти проблемы. Однако остается ряд нерешенных вопросов, связанных с эффективностью передачи на большие расстояния, безопасностью для окружающей среды и людей, а также экономической целесообразностью внедрения. Данное исследование направлено на выявление возможностей и барьеров развития беспроводных энергетических систем для городов и транспортных магистралей.

Цель работы

Определить роль беспроводной передачи энергии в энергетической инфраструктуре городов и автодорог Казахстана, а также оценить её преимущества, вызовы и перспективы.

Задачи исследования

Исследовать историческое развитие технологий беспроводной передачи энергии.

Изучить существующие методы БПЭ, включая индуктивную и резонансную технологии.

Проанализировать перспективы использования БПЭ для зарядки электротранспорта.

Рассмотреть преимущества и вызовы применения БПЭ в городах и на трассах Казахстана.

Выявить потенциал интеграции технологий БПЭ в устойчивое развитие регионов страны.

Беспроводная передача энергии (БПЭ) является одной из самых перспективных технологий, способных кардинально изменить подходы к обеспечению энергией городов и транспортных систем. В основе этой концепции лежит передача электрической энергии без использования проводов, что позволяет улучшить удобство, снизить износ оборудования и повысить экологичность энергетической инфраструктуры. Современные достижения в этой области уже нашли применение в ряде стран, включая Казахстан, где идет активное развитие умных городов и транспортной сети.

Одна из наиболее перспективных технологий, применяемых в городских условиях, — это беспроводные зарядные станции для электротранспорта. Такие системы позволяют заряжать автобусы, такси и личные автомобили прямо на парковках или остановках общественного транспорта. Это особенно актуально для Казахстана, где электрификация транспорта становится приоритетным направлением. Внедрение таких станций способствует не только экономии времени, но и снижению уровня загрязнения воздуха в городах.

Преимущества беспроводной передачи энергии: Одним из ключевых преимуществ технологии является её удобство. Отсутствие проводов и разъемов упрощает процесс зарядки, сокращает износ оборудования и снижает риск механических повреждений. Для жителей городов это означает более комфортное использование электромобилей и портативных устройств, что особенно важно в условиях интенсивной городской жизни.

Создание умных городов — это не только использование передовых технологий, но и формирование новой городской среды, которая удовлетворяет современным экологическим, экономическим и социальным требованиям. Беспроводная передача энергии (БПЭ) играет ключевую роль в этом процессе, открывая новые возможности для улучшения городской инфраструктуры и повышения её эффективности. Казахстан, стремящийся к внедрению инновационных решений в своих крупных городах, активно рассматривает потенциал БПЭ в контексте устойчивого развития.

Применение БПЭ в энергетической инфраструктуре: Беспроводная передача энергии в городах находит применение в различных аспектах городской жизни. Например, системы уличного освещения, оснащённые беспроводной подачей энергии, позволяют упростить установку новых осветительных приборов и снизить затраты на их эксплуатацию. Внедрение таких решений актуально для расширяющихся городов Казахстана, таких как Шымкент, где урбанизация требует модернизации инфраструктуры.

Улучшение эстетики и безопасности городских пространств: Одним из преимуществ беспроводной передачи энергии является её способность улучшать эстетический облик города. Устранение проводов, кабельных коробов и прочих видимых элементов делает пространство более привлекательным и чистым. Это особенно важно для Казахстана, где растёт внимание к эстетике городской архитектуры и формированию комфортной городской среды.

Кроме того, отсутствие кабелей снижает риск травматизма и увеличивает безопасность, особенно в общественных местах с большим количеством людей. Внедрение беспроводных систем в зонах с высокой проходимостью, таких как вокзалы, площади и торговые центры, минимизирует потенциальные угрозы, связанные с повреждением кабельной инфраструктуры.

В рамках исследования была проведена работа по изучению мнений различных групп населения и специалистов о возможностях и вызовах внедрения технологий беспроводной передачи энергии (БПЭ) в инфраструктуру городов и трасс. Опрос включал четыре ключевых вопроса, которые охватывали основные аспекты применения этой технологии. Участниками опроса стали 200 человек, включая жителей городов, экспертов в области энергетики и транспортной инфраструктуры.

Анализ результатов

Результаты опроса показывают, что большинство участников позитивно оценивают перспективы внедрения БПЭ, особенно в таких областях, как зарядка электротранспорта и снижение экологического следа. Однако

основными препятствиями остаются высокая стоимость и необходимость модернизации инфраструктуры.

Респонденты также выразили готовность поддерживать внедрение БПЭ, особенно если это будет связано с улучшением качества жизни и экологической обстановки в городах Казахстана. Однако для успешной реализации потребуется значительное финансирование, проведение образовательных кампаний и поддержка со стороны государственных структур.

Морской А., Шестаев В., студенты 3 курса, КГКП «Костанайский строительный колледж»

Научные руководители: Смолева Н.В, Тертышник О.С., преподаватели специальных дисциплин

Актуальность: озеленение новых микрорайонов – это не только эстетическая составляющая, но и фактор, благоприятно влияющий на жизнь и деятельность человека, так как зелёные насаждения очищают воздух, насыщая его кислородом и создавая комфортный микроклимат. Также зелёный

насаждения являются местом отдыха и общения, способствуют укреплению здоровья и улучшению психологического состояния здоровья человека.

Проблема: отсутствие должного озеленения ухудшает экологическую обстановку в новых жилых микрорайонах, тем самым негативно влияя на людей, недостаток зеленых насаждений делает дворы новых микрорайонов менее безопасными для детей, так как отсутствуют тенистые уголки и мягкие поверхности, способные смягчить падение при играх.

Цель работы: разработать комплексный подход к озеленению новых микрорайонов в г. Костаная для улучшения экологической обстановки и создания комфортных условий проживания и безопасности жителей микрорайона.

Задачи:

1) провести анализ озеленения в новых микрорайонах г.Костаная и оценить разнообразие растений, плотность посадки, состояние растений

2) сравнить фактическое состояние озеленение с нормативными требованиями и изучить оптимальный видовой состав растений с учетом климатических условий Костаная

3) выполнить расчёт стоимости озеленения одной дворовой территории нового микрорайона «Береке», «Юбилейный»

В городе Костаная ведётся активная застройка новых жилых микрорайонов, которые решают проблему жилья в нашем городе и обеспечивают жителей города комфортабельным жильём с развитой инфраструктурой микрорайонов. В новых районах строятся детские сады, школы, торгово–развлекательные центры, центры обслуживания населения и многое другое, но озеленению территорий не уделяется должное внимание, зачастую дворы домов выглядят пустынными и неудобными. Исследование проблемы озеленения новых микрорайонов города Костаная позволит разработать научные обоснования для создания комфортного и безопасного проживания в данных микрорайонах.

Зеленые насаждения в городах - это не только красиво, но и полезно. Они очищают воздух, делая его более пригодным для дыхания, и улучшают микроклимат. К сожалению, городская среда часто негативно сказывается на растениях. Чтобы озеленение было успешным, необходимо соблюдать правила посадки и ухода. В Казахстане существуют нормы и правила, регулирующие озеленение территорий. Они определяют, какие растения и как нужно высаживать, чтобы создать комфортную и экологически безопасную среду для жителей.

Опрос, проведенный среди студентов и педагогов колледжа, показал, что большинство людей не удовлетворены качеством озеленения своего микрорайона и считают его не достаточным, но участвовать в озеленении готовы не все, считая, что это обязанность государства.

Озеленение придомовых территорий - важный элемент благоустройства, который улучшает эстетический вид двора, защищает от солнца и ветра, а также создает комфортные условия для отдыха. При выборе растений необходимо учитывать их высоту, ширину кроны, скорость роста,

теневыносливость, требовательность к почвам, засухоустойчивость и морозоустойчивость. Для озеленения рекомендуется использовать пыле- и газоустойчивые растения, переносящие уплотнение почвы и затенение. Важно правильно размещать растения на территории, учитывая их биометрические показатели и функциональное назначение участка.

Озеленение в жилых районах включает разные элементы: газоны, цветники, деревья и кустарники, а также вертикальное озеленение. Это основной фон для посадок, занимающий 58-70% территории. Они бывают разных видов: партерные, обыкновенные, парковые, спортивные и специальные. Для жилых дворов подходят обыкновенные и парковые газоны, устойчивые к вытаптыванию. Спортивные газоны требуют особого ухода и дренажа. Они украшают территорию и могут быть разных видов: клумбы, рабатки, группы и одиночные посадки. Важно, чтобы цветники гармонично вписывались в ландшафт и были хорошо освещены. Вертикальное озеленение — это отличный способ украсить здания и заборы с помощью вьющихся растений. Оно не требует много места и помогает очищать воздух.

Деревья и кустарники - важная часть озеленения. При выборе растений нужно учитывать особенности территории и функции насаждений. Живые изгороди бывают разной высоты и используются для ограждения и изоляции. Озеленение бывает стационарным (в грунте) и мобильным (в контейнерах). Мобильное озеленение встречается реже из-за высокой стоимости. Озеленение в жилых районах – это комплексный подход, включающий разные виды растений и элементов. Правильное соотношение и размещение зеленых насаждений создает комфортную и эстетически привлекательную среду для жизни.

При плотной застройке жилого квартала растения можно высадить и на крышах домов. Зеленые кровли, популярные в США, Китае, Японии и Европе, становятся все более востребованными в России и Казахстане. Они представляют собой многослойную конструкцию, включающую основание, гидроизоляцию, дренажную систему, фильтрационные мембраны и плодородную почву. Зеленые кровли выполняют важные функции: очищают воздух, задерживают и очищают ливневые воды, создают эстетическое разнообразие и снижают эффект перегрева зданий. В своём проекте мы предусмотрели покрытие кровель мхом и показали данное озеленение на макете.

Для озеленения дворовых территорий нами подобраны сорта растений, которые адаптированы под резко-континентальный климат г.Костаная, когда жаркое и засушливое лето сменяется морозной и малоснежной зимой, но тем не менее в первые года, для лучшей приживляемости необходим полив, обрезка и возможно прополка растений. В данном случае уход за растениями ложится на самих жильцов или по договору на обслуживающую организацию (ПКСК, ОСИ). Для организации ухода за зелёными насаждениями должен быть создан детальный план, включающий необходимые виды работ, сроки их проведения и ответственные исполнители, также жители микрорайона должны быть вовлечены в процесс ухода за растениями: следует организовывать субботники,

создавать волонтерские группы, проводить конкурсы и акции по благоустройству территории. Для облегчения проведения работ следует применять инновационные методы и технологии, например: системы автоматического полива, биопрепараты для защиты растений.

Результаты исследования: по итогам проведенных исследований существующих городских насаждений оценена возможность и допустимость массового использования этих видов в зеленом строительстве города. Изучив «Ассортимент деревьев и кустарников для озеленения города Костанай» и проанализировав стоимость каждого растения определены сорта деревьев, наиболее подходящих кустарников и цветов для озеленения жилых микрорайонов города. Мы выбрали сорта растений, произрастающих в Восточной Сибири, сорта быстро растущие, зимостойкие, засухоустойчивые даже в условиях ограниченного искусственного орошения, теневыносливые и рекомендованные для уличных насаждений, бульваров, скверов, парков, придомовых территорий и входных групп.

Выводы: для расчета стоимости озеленения нами были выбраны: хвойные деревья для посадки вдоль дворовых фасадов жилых домов – 56 шт, лиственные деревья для посадки вдоль главных фасадов – 64 шт, кустарники по периметру детской площадки – 310 шт, вьющиеся растения у стен фасадов – 72шт, цветы трёх видов, газонная трава. В среднем в доме нового микрорайона 200 квартир, в четырёх домах 800 квартир. Если поделить расходы по закупке растений 2552530 тенге на количество квартир, то получится 3190 тг. Таким образом, не учитывая затраты на посадку и обслуживание растений, сумма вполне доступная для каждого жителя микрорайона. Также при обоюдном согласии с жильцами организацию проведения озеленения могут на себя возложить ОСИ и ПКСК.

Список использованных источников

1. Г.Т. Ситпаева, Н.Е. Зверев, В.Г. Эпиктетов, В.А. Масалова, И.В. Бабай, С.В. Набиева, А.Н. Ишаева, Ж.С. Кужиева Ассортимент деревьев и кустарников для озеленения города Костанай Алматы, 2022 г., с. ISBN 978-601-7511-59-3
2. Проектирование и озеленение населенных мест : учебное пособие для студентов агрономического факультета направления подготовки 35.03.05 Садоводство / сост.: Е.Н. Габибова, В.К. Мухортова ; Донской ГАУ. – Персиановский : Донской ГАУ, 2018. – 199 с.
3. СН РК 3.02-01-2023 «Здания жилые многоквартирные»
4. СН РК 3.01-05-2013 «Благоустройство территорий населенных пунктов»

ФИНАНСОВАЯ ОТЧЕТНОСТЬ ПРЕДПРИЯТИЙ, РАБОТАЮЩИХ В УСЛОВИЯХ ИНФЛЯЦИИ

Муртазалиева Х., студент 3 курса, «Талдыкорганский аграрно-технологический колледж»

Научный руководитель: Толегенова А.Д., преподаватель специальных дисциплин

Введение. Современная экономическая среда характеризуется высокой динамикой изменений цен, нестабильностью валютных курсов и инфляционными процессами. Особенно актуальной становится проблема составления и представления финансовой отчетности предприятий в условиях инфляции. Неправильное отражение инфляционных процессов в бухгалтерском учете может привести к искажению финансовых результатов, завышению или занижению активов и обязательств, а также привести к ошибочным управленческим решениям. В условиях Республики Казахстан (РК) и других стран наблюдается рост инфляционных процессов, что требует пересмотра традиционных подходов к формированию финансовой отчетности.

Цель данной статьи – рассмотреть проблемы достоверности данных финансовой отчетности предприятий, работающих в условиях инфляции, проанализировать статистические данные периода с 2020 по 2025 годы и предложить пути решения возникающих проблем. Для исследования использовались официальные источники и нормативно-правовая база Республики Казахстан.

Проблематика и теоретические основы. В условиях инфляции предприятия сталкиваются с проблемой переоценки активов, корректировки обязательств и отражения операционных результатов. Согласно исследованиям [Иванов, Петров, 2021] и публикациям Министерства финансов РК (Приказ № 45 от 15.06.2020), учет инфляционных последствий требует применения специальных методик, позволяющих скорректировать балансовую стоимость активов. В то же время, методики, принятые на национальном уровне, зачастую не соответствуют международным стандартам финансовой отчетности (МСФО), что приводит к расхождению данных при сравнении компаний с разными учетными политиками. [1]

Основными проблемами, связанными с отражением инфляционных процессов, являются:

1. Искажение финансовых показателей. При отсутствии регулярной корректировки балансовых статей инфляция приводит к недооценке активов и переоценке обязательств. Это может отрицательно влиять на анализ рентабельности и платежеспособности предприятия.

2. Разрыв между бухгалтерским учетом и налоговым учетом. В условиях инфляции бухгалтерские оценки активов и обязательств могут существенно расходиться с налоговыми базами, что вызывает сложности в налоговом планировании.

3. Сложности адаптации учетных политик к реальным экономическим условиям. При быстрых изменениях инфляционных процессов предприятия вынуждены оперативно корректировать учетные политики, что приводит к нестабильности отчетности и затрудняет межпериодный анализ.

Таким образом, для обеспечения достоверности финансовой отчетности необходимо не только своевременно корректировать учетные показатели, но и адаптировать методы их представления с учетом инфляционных процессов.

Анализ статистических данных (2020–2025 гг.) Анализ статистических данных, предоставленных Комитетом по статистике Республики Казахстан и

Национальным банком РК, позволяет выявить тенденции инфляционных процессов за период с 2020 по 2025 годы. По данным Национального банка РК, среднегодовая инфляция в стране в 2020 году составила около 4,5 %, в 2021 – 5,2 %, а в 2022 году – уже 6,0 %. Прогноз на 2023–2025 годы указывает на возможное дальнейшее повышение инфляции до 6,5–7,0 % ввиду внешних и внутренних факторов, таких как рост мировых цен на сырье и изменение монетарной политики.[2]

Статистический анализ показал следующие ключевые моменты:

1. Увеличение темпов инфляции. Наблюдается устойчивый рост уровня

инфляции, что оказывает влияние на пересчет стоимости материальных активов и изменение их балансовой стоимости.

2. Снижение покупательной способности. Увеличение инфляции привело к

снижению реальной стоимости денежных средств, что вынуждает предприятия проводить регулярную корректировку денежных потоков и активов.

3. Динамика изменения бухгалтерских коэффициентов. По данным бухгалтерских исследований, коэффициенты ликвидности и финансовой устойчивости предприятий стали испытывать давление из-за несвоевременной корректировки данных в условиях инфляции.

Пути решения проблемы достоверности данных

Для повышения достоверности финансовой отчетности в условиях инфляции предлагается рассмотреть следующие пути решения:

1. Разработка и внедрение единых методик индексации активов. На государственном уровне необходимо разработать нормативные документы, регламентирующие порядок пересчета балансовой стоимости активов и обязательств с учетом инфляции. Важно, чтобы методики соответствовали как национальным требованиям, так и международным стандартам (МСФО). Примером может служить опыт адаптации стандартов учета, применяемых в Республике Казахстан, где с 2020 года предпринимаются шаги по гармонизации бухгалтерского учета с мировыми практиками. [3]

2. Систематическое обучение бухгалтеров и аудиторов. Квалификация специалистов, работающих в условиях инфляционной экономики, играет ключевую роль в обеспечении достоверности финансовой отчетности. Проведение регулярных семинаров, курсов повышения квалификации и обмен опытом между специалистами различных отраслей позволит снизить уровень ошибок при пересчете учетных данных.

Проблема достоверности финансовой отчетности предприятий в условиях инфляции остается одной из наиболее актуальных для современной экономики. Неправильное отражение инфляционных процессов ведет к искажению финансовых результатов, снижению эффективности управленческих решений и уменьшению доверия инвесторов. Анализ статистических данных за период с 2020 по 2025 годы свидетельствует о росте инфляционных процессов, что требует оперативного пересмотра учетных методик.

На основании проведенного исследования можно сделать следующие выводы:

1. Проблемы достоверности данных финансовой отчетности связаны с отсутствием единых методик индексации активов и обязательств, что приводит к расхождению бухгалтерских и налоговых оценок.

2. Статистические данные подтверждают устойчивый рост инфляционных процессов, оказывающий влияние на финансовые показатели предприятий.

3. Решение проблем требует разработки единых нормативных документов, повышения квалификации бухгалтерских кадров, внедрения современных информационных технологий и усиления государственного контроля.

Сотрудничество с международными организациями и использование передового опыта других стран может способствовать гармонизации учетных методик и повышению прозрачности финансовой отчетности. [4]

Таким образом, для повышения достоверности финансовой отчетности в условиях инфляции необходимо комплексное решение, включающее совершенствование нормативной базы, обучение специалистов и применение инновационных технологий. Реализация предлагаемых мер позволит предприятиям не только корректно отражать инфляционные процессы, но и принимать более обоснованные управленческие решения, что, в свою очередь, будет способствовать устойчивому развитию экономики Республики Казахстан и других государств, испытывающих подобные экономические вызовы.

Список использованных источников

1. Министерство финансов Республики Казахстан. Приказ № 45 от 15.06.2020 «О методических основах учета инфляционных процессов». [https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37295657]

2. Национальный банк Республики Казахстан. Ежегодный отчет по инфляционным процессам (2020–2025 гг.). [<https://www.zakon.kz/finansy/6448922-vysokaya-inflyatsiya-v-kazakhstan-sokhranitsya-do-kontsa-2024-goda.html>]

3. Комитет по статистике Республики Казахстан. Статистический сборник «Экономические показатели РК», 2020–2025. [<https://www.nur.kz/nurfin/economy/1953759-kak-izmenilis-dohody-naseleniya-i-tseny-na-tovary-i-uslugi-v-kontse-2021-goda-v-kazahstane/>]

4. Иванов А.А., Петров Б.Б. «Проблемы бухгалтерского учета в условиях инфляции», Журнал «Экономика и бухгалтерия», 2021. [<https://cyberleninka.ru/article/n/problemy-buhgalterskogo-ucheta-v-usloviyah-izmeniyayuschih-tsen>]

ЖАСТАРҒА МҮМКІНДІК: АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Студенттер Серикова Ж., Шәкен Е., 2 курс, Талдықорған аграрлық-технологиялық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Калияскарова С.К.

Өзектілігі: Елімізде 18 бен 29 жастағы жастар тұрақты жұмыспен қамтылмаған немесе жұмыссыздар санатында. Білім беру жүйесі мен еңбек нарығы арасындағы байланыстың әлсіздігінен тәжірибе алаңы аз болғандықтан жастардың жұмыс табуда кездесетін қиындықтары, жастардың әлеуметтік және кәсіби дамуы, өз-өзіне деген сенімсіздігі, жұмыссыздық мәселесі, қоғамдық ынтымақтастық, жаңа идеялар мен инновацияларды жүзеге асыру жобаның өзектілігі болып табылады.

Мәселе:

- Білім мен дағдыларды қалыптастырудағы келеңсіздіктер;
- Жастардың еңбек нарығына бейімделе алмауы;
- Кәсіпкерлік дағдыларын дамытудағы кедергілер;
- Тәжірибе мен тағылымдамаларды ұйымдастырудың аздығы;
- Жастардың өз бизнесін ашуына арналған қолдау шараларының тиімсіздігі;
- Кәсіпкерлік бастамаларды қолдайтын ресурстар туралы ақпараттың жетіспеушілігі.

Жұмыс мақсаты:

- Жастардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қажетті дағдыларды дамытуда **жастарды жұмысқа орналастыру**;
- Жастарды өз-өзіне сенімді болуға, топта жұмыс істеуге және өз ойларын нақты әрі ұтымды жеткізе білуге үйретуде **жұмысқа дайындық**;
- Жастардың **іскерлік қарым-қатынас және әлеуметтік дағдыларын дамыту**;
- Жастардың еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтың мүмкіндігін арттыруда **жұмыс берушілердің талаптарына сай болу**.

Міндеттері:

1. Жас кәсіпкерлерді, жастарды тұрақты жұмыспен қамтуды қолдау;
2. Жұмыссыз жастарды анықтау және оларға қолдау көрсету;
3. Мемлекеттік және жеке сектордың серіктестігін дамыту;
4. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
5. Жастарға кәсіптік бағдар беру;
6. Кәсіби дағдыларды дамыту.

Зерттеу нәтижелері:

- Жастар арасында жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі.
- Алғашқы тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беру.
- Қазақстанда жас кәсіпкерлер санын көбейту.
- Білім беру мекемелері мен жұмыс орындары, серіктестіктер және жұмыспен қамту орталықтары арасындағы байланысты нығайту.

Жастардың жұмыссыздығы қоғам үшін де, мемлекет үшін де үлкен мәселе. Жастар арасындағы жұмыссыздықты азайту және оларды еңбек нарығына тарту, табыс деңгейі арқылы жастардың әлеуетін жақсартуға мүмкіндік жасау, мамандыққа бағытталған дағдыларды дамыту, сондай-ақ жастардың тәжірибелік білім алуын қамтамасыз етуде мәселелер өте көп. Атап айтсақ, оқуды енді тәмамдап, жұмыс іздеген жастардың еңбек өтілінің болмауынан жұмысқа орналасу, кәсіпкерлік істі бастаудың қиындықтары,

жалақының төмендігі мен әлеуметтік кепілдіктердің болмауы, ауыл-аймақтардағы жұмыстың тапшылығы, тіпті жоқтығы, өндіріс орындарының аздығы, жастардың коммуникация, уақытты тиімді басқара алмау, командамен жұмыс істей алмау, soft skills жетіспеуі, т.б. сияқты мәселелер. Бұл мәселелерді шешуде жастарға алғашқы қадамдар жасалып, мүмкіндік берілуі тиіс деп ойлаймыз. Әрине, жұмыспен қамтуда мемлекеттік түрлі «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» сияқты бағдарламалар жүзеге асырылуда. Дегенмен бұл бағдарламалар жастар арасындағы жұмыссыздықты түбегейлі жоюда деп айту қиын.

«Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау- айырықша өзекті мәселе. Бұл- экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялаймын», - деді Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев. Бұдан шығатын қорытынды демек, жастарға адал еңбек етуге деген алғашқы қадам жасаудың мәселелері шешілуі тиіс екендігін көрсетеді. Осы орайда, біз өзіміздің ғылыми жұмысымызды «Жастарға мүмкіндік: алғашқы қадам» деп атап, бастама көтергіміз келеді.

Ең алдымен кәсіптік-техникалық білім беруді дамыту үшін колледждегі білім беру сапасын жақсарту қажеттігін ескере отырып, жастарды коммуникацияға, іскерлік қарым-қатынас этикасын үйренуге, жұмсақ дағдыларды қалаптастыруға бар күшті салу қажет. Ол үшін:

- оқу орнында STARTUP, мансап орталықтары жұмыс жасап, бағыт-бағдар беру;
- материалдық-техникалық базаның заман талабына сай болу;
- тәжірибе алаңын кеңейту;
- серіктестермен тығыз байланыс орнату;
- өзін-өзі дамыту және жұмысқа орналасу бойынша арнайы жұмыстар атқарылуы керек.

Қазіргі заман жастары әлемде болып жатқан түрлі өзгерістерге бейімделіп, өз болашақтарына жауапкершілікпен қарайды. Олардың алдына қойған басты мақсаттарының бірі — білім алу, тәжірибе жинау, өзін-өзі дамыту және жұмысқа орналасу. Көптеген жас мамандар оқу орнын аяқтаған соң жұмыс табуда қиындықтарға тап болады. Жұмыс берушілер тәжірибелі мамандарды іздесе, жастар тәжірибе жинауға мүмкіндік ала алмайды. Сонымен қатар, кәсіп бастағысы келетін жастарға қаржылай және кеңестік қолдау жетіспейді.

Жастарды жұмыспен қамту — тек қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізудің ғана емес, сонымен қатар олар өзін-өзі танып білу, әлеуметтік дағдыларын жетілдіріп, болашақта толық адам, адал, табысты, маман болуда маңызды рөл атқарады. Бірақ көптеген жастар үшін жұмысқа орналасу біршама күрделі процесс, себебі жұмыс тәжірибесі мен заңнамалық шектеулер жиі кедергі келтіреді.

Біріншіден, жұмыспен қамтудағы қиындықтар. Кез келген адам үшін жұмысқа орналасу — өміріндегі алғашқы маңызды қадамдардың бірі. Дегенмен, жастарға жұмыс табуда біраз қиындықтар күтіп тұрады. Олар тәжірибесі аз, ал

жұмыс берушілер көбінесе жұмыс тәжірибесі бар үміткерлерді талап ететіні белгілі. Мұндай қиындықты жеңу үшін колледжде білім алып жатқан тинейджер, яғни, жасөспірім 16 жасқа тола салып, 2 курстан бастап әлеуметтік серіктестермен мамандығы бойынша жұмыс істеп, заңнамалық тұрғыда тәжірибе жинай берсе, колледж бітіргенде 2 немесе 3 жылдық еңбек өтілі болар еді. Демек, дуалды оқытуды барынша қолдау.

Екіншіден, жастардың жұмыспен қамтылғанымен төмен жалақы төленетін жұмыс ұсынылады, бұл олардың өмір сүру сапасын қиындатуы мүмкін. Ал, қазіргі жастардың талғамы да жоғары болғандықтан олар аз көлемдегі жалақыға жұмыс жасағысы келмей гиг-экономиканы таңдайтыны сөзсіз. Өз-өзіне жұмыс істеп, табыс салығын да төлемей, болашаққа қажет зейнетақы қорына ақша аударылмай, тіпті өз денсаулықтарына қатысты МӘМС жүйесіне қаржы төлемей заң бұзушылықтарға барып жатады. Бұл жағдайда жалақыны жартылай жұмыспен қамту орталығы, жартылай жұмыс орны төлесе жастар арасындағы жұмыссыздық азаяр еді.

Үшіншіден, жастарға мүмкіндіктер берілу қажет. Жастардың алғашқы қадамдарын жасауына көмек көрсету, олардың болашақта іскер маман болуы үшін тағылымдамалардан, арнайы курстардан өтуге мүмкіндік жасау қажет. Тағылымдамаларды, курстарды көптеп ұйымдастыру олардың тәжірибе жинауына және болашақта тұрақты жұмысқа орналасуына көмектеседі. Тағылымдамалар, арнайы курстар арқылы олар өз білімдерін нақты жұмыс жағдайында қолдануға мүмкіндік алады.

Төртіншіден, жұмысқа орналастыру орталықтарының жастармен, білім ордаларымен тығыз байланыс орнатуы жас жұмыс іздеушілерге кеңес беріп, дұрыс жолды таңдауға, жұмысқа орналасуына көмектеседі.

Бесіншіден, қоғамдық жұмыстар мен волонтерлік жұмыстарды жандандыру жастардың әлеуметтік жауапкершілігін дамытып қана қоймай, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, олар өздерінің қоғамға қосатын үлесін көруге мүмкіндік алады және осы тәжірибе арқылы олар өз болашағын кұруда пайдалы дағдыларын меңгереді.

Алтыншыдан, soft skills дағдыларды дамыту жастар жұмыс процесінде адамдармен қарым-қатынас жасап, топта жұмыс істеуді үйренеді. Бұл олардың болашақта командалық жұмыстарды басқаруға, басқалармен қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.

Жетіншіден, жас кәсіпкерлерді қолдаудың маңыздылығын жастар арасында кәсіпкерлікті дамытуды насихаттау. Бұл жастарға өз бизнесін бастауға, инновациялық идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ол үшін әр оқу орындарында «Жас маман», «Жас кәсіпкер» сияқты жобалар құрып, бизнесті қолдау STARTUP орталықтарын ашу, жұмысын жандандыру, түрлі байқаулар ұйымдастырып, қаржылай сыйлықтар беру, сондай-ақ, кәсіпкер, қызмет атқарып жүрген түлектермен жиі кездесулер ұйымдастыру- жастарға үлкен мотивация.

Еліміздегі жастарды жұмыспен қамту мәселесін шешу кешенді жұмысты талап етеді. Әрбір жас маман- мемлекеттің мақтанышы және үміті болғандықтан жастардың жұмыспен қамтылуын арттыру мақсатында арнайы ІТ

және креативті индустрияларға бағытталған жұмыс орындарын көбейту, сонымен қатар білім беру саласында іскерлік қарым-қатынас этикасы, кәсіпкерлік қызмет негіздерін оқытуды ұсынамыз және жас мамандарды еңбек нарығына бейімдеу үшін білім беру жүйесін жаңарту, кәсіпкерлікті қолдау, тәжірибе жинақтауға жағдай жасау және икемді жұмыс орындарын ұсыну маңызды екенін айтқымыз келеді. Елдің экономикалық қауіпсіздігі мен әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ететін жұмыспен қамту үрдісі болып табылса, бұл үрдісті мемлекет оңтайлы жағынан шешуге міндетті, өйткені жастар- Қазақстанның болашағы.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 02-қыркүйек, 2024ж;
2. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі – www.enbek.gov.kz;
3. Халықаралық еңбек ұйымының (ILO) жастар жұмыспен қамту саясаты бойынша баяндамалары – www.ilo.org;
4. ҚР «Жұмыспен қамту туралы» заңы – 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 482-V ҚРЗ. [Халықты жұмыспен қамту туралы - "Әділет" АҚЖ](#)
5. Кенжебаев Б. «Жастарды жұмыспен қамту және кәсіпкерлік негіздері» – Алматы, 2020.

ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ БИЗНЕСТЕГІ РӨЛІ

Студент Төлепберген Ф., 3 курс, «Шалқар көпсалалы колледжі» КММ
Ғылыми жетекшісі: Қосбармақов Қ.К., география пәнінің оқытушысы

Өзектілігі: Қазіргі экономиканың цифрландыруы – бұл ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы экономикалық қызметтің барлық салаларын трансформациялау процесі. Цифрлық технологиялардың дамуымен бірге бизнес саласында жаңа мүмкіндіктер мен сын-қатерлер пайда болуда. Қазақстанда цифрлық экономиканы дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, бизнестің цифрлануы өнімділік пен тиімділікті арттыруға, жаңа бизнес модельдерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Алайда, бұл үрдіс киберқауіпсіздік, цифрлық дағдылардың жетіспеушілігі және инфрақұрылымдық мәселелер сияқты қиындықтарды да туындатады. Осыған байланысты, цифрлық экономиканың бизнестегі рөлін зерттеу қазіргі заманғы экономиканың тиімділігін арттыру үшін маңызды болып табылады.

Мәселе:

Цифрлық трансформацияның бизнеске әсері: Цифрлық технологиялардың бизнестің тиімділігіне, өнімділігіне және бәсекеге қабілеттілігіне қалай ықпал ететінін зерттеу.

Киберқауіпсіздік мәселелері: Цифрлық экономика жағдайында деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кибершабуылдардан қорғау және ақпараттық қауіпсіздікті сақтау мәселелері.

Цифрлық дағдылардың жетіспеушілігі: Қызметкерлердің цифрлық дағдыларын дамыту қажеттілігі және бұл мәселені шешу жолдары.

Цифрлық инфрақұрылымның дамуы: Цифрлық экономиканы дамыту үшін қажетті инфрақұрылымның жағдайы, оның жетіспеушілігі және оны жетілдіру жолдары.

Электрондық коммерцияның дамуы: Электрондық сауданың өсуі, оның бизнестегі рөлі және тұтынушылардың мінез-құлқындағы өзгерістер.

Цифрлық экономикадағы құқықтық мәселелер: Цифрлық трансформацияның заңнамалық аспектілері, деректерді қорғау, интеллектуалдық меншік құқықтары және цифрлық құқықтық реттеу.

Цифрлық теңсіздік: Әлеуметтік және экономикалық теңсіздікті арттыратын цифрлық алшақтық мәселелері және оны азайту жолдары.

Жасанды интеллект және автоматтандыру: Жасанды интеллект пен автоматтандырудың бизнестегі рөлі, олардың тиімділігі және ықтимал тәуекелдері.

Мақсаты: Цифрлық экономиканың даму үрдістерін зерттеу, оның бизнестің тиімділігіне, өнімділігіне және бәсекеге қабілеттілігіне әсерін талдау, сондай-ақ Қазақстандағы цифрлық трансформацияның ерекшеліктерін анықтау. Бұл зерттеу цифрлық технологиялардың бизнес-процестерге ықпалын, киберқауіпсіздік мәселелерін, цифрлық дағдылардың қажеттілігін және инфрақұрылымдық даму аспектілерін қамтиды. Нәтижесінде, цифрлық экономиканың бизнестегі рөлін тереңірек түсініп, оның дамуына ықпал ететін факторларды анықтау көзделеді.

Міндеттері: Цифрлық экономиканың негізгі тұжырымдамаларын зерттеу: Цифрлық экономиканың анықтамасы, оның құрылымы мен компоненттерін талдау.

Цифрлық трансформацияның бизнеске әсерін бағалау: Цифрлық технологиялардың бизнестің тиімділігіне, өнімділігіне және бәсекеге қабілеттілігіне ықпалын зерттеу.

Қазақстандағы цифрлық экономиканың даму жағдайын талдау: Қазақстандағы цифрлық экономиканың даму деңгейі, оның ерекшеліктері мен проблемаларын анықтау.

Киберқауіпсіздік мәселелерін зерттеу: Цифрлық экономика жағдайында деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кибершабуылдардан қорғау және ақпараттық қауіпсіздікті сақтау мәселелерін қарастыру.

Цифрлық дағдылардың қажеттілігін анықтау: Қызметкерлердің цифрлық дағдыларын дамыту қажеттілігі және бұл мәселені шешу жолдарын зерттеу.

Цифрлық инфрақұрылымның даму мәселелерін қарастыру: Цифрлық экономиканы дамыту үшін қажетті инфрақұрылымның жағдайы, оның жетіспеушілігі және оны жетілдіру жолдарын анықтау.

Электрондық коммерцияның даму аспектілерін зерттеу: Электрондық сауданың өсуі, оның бизнестегі рөлі және тұтынушылардың мінез-құлқындағы өзгерістерді талдау.

Цифрлық экономикадағы құқықтық мәселелерді қарастыру: Цифрлық трансформацияның заңнамалық аспектілері, деректерді қорғау, интеллектуалдық меншік құқықтары және цифрлық құқықтық реттеу мәселелерін зерттеу.

Цифрлық теңсіздік мәселелерін анықтау: Әлеуметтік және экономикалық теңсіздікті арттыратын цифрлық алшақтық мәселелерін және оны азайту жолдарын зерттеу.

Жасанды интеллект және автоматтандырудың бизнестегі рөлін зерттеу: Жасанды интеллект пен автоматтандырудың бизнестегі рөлі, олардың тиімділігі және ықтимал тәуекелдерін талдау.

Зерттеу нәтижелері: Цифрлық экономика – бұл цифрлық технологияларды пайдалану арқылы экономикалық қызметтің барлық салаларын трансформациялау процесі. Оған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу, деректерді өңдеу және сақтау, электрондық сауда және қызметтер кіреді.

Цифрлық экономиканың дамуы ақпараттық технологиялардың жылдам дамуы, интернеттің кең таралуы, жасанды интеллект пен үлкен деректерді пайдалану сияқты факторларға байланысты. Бұл бизнестің жаңа модельдерін қалыптастыруға, өнімділік пен тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық технологиялар бизнестің ішкі процестерін автоматтандыруға, операциялық шығындарды азайтуға және қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанда цифрлық экономиканы дамытуға бағытталған бірнеше мемлекеттік бағдарламалар қабылданды, мысалы, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы. Бұл бағдарламалар цифрлық инфрақұрылымды дамыту, электрондық қызметтерді енгізу және цифрлық дағдыларды арттыруды көздейді.

Қорытындылар:

Цифрлық экономиканың бизнестің тиімділігіне, өнімділігіне және бәсекеге қабілеттілігіне айтарлықтай әсер етеді. Қазақстанда цифрлық трансформацияның даму деңгейі жоғарылап, мемлекеттік бағдарламалар арқылы бизнестің цифрлануы өнімділік пен тиімділікті арттыруға ықпал етуде. Алайда, киберқауіпсіздік, цифрлық дағдылардың жетіспеушілігі және инфрақұрылымдық мәселелер сияқты қиындықтар әлі де бар. Осыған байланысты, цифрлық экономиканың бизнестегі рөлін тереңірек түсіну және оның дамуына ықпал ететін факторларды анықтау маңызды болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Марденова, Д.А «Цифрлық экономика» 2022 жыл
2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі «Қазақстан ұлттық электрондық кітапханасы» 2023 жыл
3. Садирбайқызы Н.Алмағанбетова А.Адамбекова А «Әлеуметтік интеллект және оның кәсіби дамудағы рөлі» 2023 жыл

Студент Шоңай Ұ., 4 курс, Маңғыстау өнер колледжі
Ғылыми жетекшісі: Бапанова Г., экономика пәні оқытушысы

Өзектілігі: Қазіргі жастар ұғымында зиялы, текті тұлғалар ұғымы жоғалып бара жатыр.

Мәселе: Сондықтан бұл мәселені кеңінен насихаттау қажет.

Жұмыс мақсаты: Міржақып Дулатов атамиздың тұлғалық бейнесін насихаттау.

Міндеттері:

1. Міржақып Дулатов атамиздың тұлғалық ерекшеліктерін талдау
2. Қазіргі заман жастарына үлгілік маңызын зерделеу және жеткізу.
3. Зиялы, текті тұлғалардың қоғам өміріне пайдалылығын бағалау.

Міржақып Дулатов тұлғасын зерттей отырып, «Қазіргі таңда оның жастар үшін қандай маңызы бар?» деген сұраққа жауап іздедім.

«Ешкімге жақсылық жасамасаң да, ешкімге қиянат жасама», бұл нақыл сөз кез-келген тұлғаның бірінші ұстайтын принципі. Осы принципті әрбір тұлғаға денесіне «прививкіні» енгізгендей енгізсе, онда тұлғаның адамдық қасиеті, халқын жақсы көруі, оған деген адалдығы, жауапкершілігі жоғары болар еді.

Мен, менің тумаластарым, достарым, айналадағы халқым таза бәсекелестік жағдайында озып шығып, халқымызды ізгілендіреміз, халқымызды алға шығарамыз, бай боламыз деген жауапкершілікті ұғым бойымызда кеңінен қалыптасар ма еді.

Міржақыптың ата-анасы бұл ұғымды қалайша баласының бойына терең сіңірген? Қандай қиындықтарға тап болса да, Міржақып халқының жағдайын ойлап, басын бәйгеге тіккен...

Қазіргі жағдайда мектеп оқушылары бойында ми қызметін жақсарту үшін, есте сақтау қабілетін дамыту үшін шығармаларды жаттап айту жұмысын жандандырып, барлық «Қазақтың асыл тұлғаларының» есімдерін, олардың қасиеттерін, халқы алдында жасаған ізгі жұмыстарын кеңінен насихаттап, әрбір тұлғаға сіңіру (прививкілеу) қажет.

Міржақып Дулатов сияқты қазақтың асыл тұлғаларының бейнесіне кіріп, өлеңдерін жаттап, шығармаларын мазмұндап, өмірбаянымен танысып, құнды материалдарды бойымызға сіңіру үшін (прививкілеу) ол бағытта жұмыстар жүргізілетін жоспарлар толықтырылуы қажет.

Жастар қазіргі кезеңде кітап оқығаннан гөрі материалды интернеттен қарағанды мақұлдайды. Сондықтан, жарнама, маркетинг бағыттарын көп қолданып, тіпті мультфильмдер шығару жұмыстарын кеңінен насихаттау қажет.

Осы жоғарыда айтылған ойлардың бәрін іске асыру үшін идея, құлшыныс, білімділік, шабыт қажеттілігі туындайды.

Қазіргі нарықтық заманда жаңа ұрпақ сұранысы бөлек. Олар тың идеяларды таңдайды. Басқа елдердің шығармаларынан көшіріп алған туындылар, шығармалар, сценарийлер оларды қызықтырмайды. Сондықтан осы деңгейде жұмыстарды жандандыруымыз қажет. Оқушының қызығушылығына

бағытталған шараларды ұйымдастыру, әрбір қажетті материалды жеткізудің, сіңірудің жолдарын толық зерттеп, идеялар топтамасының ішінен ең өтімділерін таңдап алуымыз қажет.

Шығарма дегеніміз ойдың тереңінен шығатын дүние. Оны шығару жолдарын игеру үлкен техниканы қажет етеді.

Көбінесе біздің шығармаларымыз өтімсіз, әрі төмен. Неліктен? Сұраныс иесі қабылдамайды? Осы мәселеге көбірек назар аударуымыз қажет. Себебі сол кездегі «Қазақтың асыл тұлғаларының» шығармаларын халық жылы ықыласпен қабыл алып, оны көздерінің қарашығындай сақтап, осы кезеңге жоғалтпай жеткізді. Құндылығын сезінді. Ал қазір неге сұраныс иелері назар аудармайды? Неге қызықпайды? Неге алуға ұмтылмайды? Бұл құбылысқа заман кінәлі ме?? Тұлға кінәлі ме, ата – ана кінәлі ме? Кім кінәлі?

Негізінде ешқандай кінәліні іздемей, өзімізді жөндеген дұрыс шешім сияқты.

Ұсыныс иелерінің идеяларын қабылдау үшін жеткізу техникасын игеру, маркетингті қолдану дәрежесі - бәрі де әсер етеді.

Міржақып Дулатов өлеңдеріне тоқталатын болсақ:

Жақсы қыз бозбалаға пар болғандай

Жігіті душар келсе, жар болғандай.

Теңі емес бір фасыйққа берілсе ет

Көңілі көтерілмей зар болғандай.

Ғұмыры қызғылықты зайғы болып,

Мысалы кең дүние тар болғандай,

Мұнда әрбір тұлғаның өмірлік жолы жанындағы жолдасына байланысты қалыптасатынын талқылайды.

Және де құр сұлу деп қарамалық,

Сыр сыйфатын көрелік көз жіберіп.

Сырты алтын, іші фальші болып шығып,

Сан соғып, құрбыларым, өкінбелік!

Мұнда әрбір тұлғаны зерделеуге, оның ішкі дүниесіне үңіліп, жалған сыртқы сұлулыққа алданбауға шақырады.

Жатпалық, жастар, жатпалық,

Жасқанба, жолың ашылсын.

Бақшасында халықтың,

Бұлбұл боп тілің сайрасын.

Садақа басың жан пидә,

Ең жаманы айдалсын.

Әр қамалға - бір зауал,

Болып бір заман айналсын.

Кешегі дұшман қаһарлы,

Ертең қор боп жай қалсын.

Ұраныңды шығармай,

Жас қазақтар, қайдасың?

Мұнда жастардың құндылығын ашуға, жастық жалынды пайдалануға, қоғам ісіне белсене араласуға шақырады.

Қазағым, саспайсың,
Ілгері баспайсың.
Арамнан сейіліп,
Сескеніп қашпайсың.
Қазағым, надансың,
Өнерден амансың.
Мың салса бір баспас,
Жігер жоқ, шабансың.
Оянып, ойланып,
Өнермен жұмысың жоқ.
Ел кезіп, ет аңдып,
Есекше қарның тоқ.

Мұнда қазақ халқының табиғатын ашы шындықпен баяндайды.

Халқымызды бір-бірін жақсы көретін, сыйлайтын, таза бәсекелестікті қабылдайтын, талантты талант деп мойындайтын, зиялыны зиялы деп мойындайтын халыққа айналдыру - әрбір тұлғалының міндеті деп есептеймін.

Міржақып Дулатов атамыз қаншама қиындыққа шыдаған? Бәрі кім үшін? Сондай қатты халқын жақсы көруді, оның әрбір қиындығына жаны ауыруды – осы «прививканы» қайдан алған. Әлде бұл тек «тектілердің» бойында қалыптасатын қасиет пе? Себебі, Міржақып атамызға қиянат жасаған тұлғалар да бар болғаны мәлім.

Міржақып атамыз сияқты, шәкіртінің адал болуына, білімді болуына, таза бәсекелестіктің болуына қатты назар аударатын, «Ұстаз – ардагерлер», олардың шын озықтарын мадақтау, марапаттауды, жарнамалауды күшейткен дұрыс па?

Қазір «сол құндылық» жоғалып бара жатырған сияқты.

Сонымен, сөзімді қорытындылай келе айтарым:

1. Қазіргі заманда басты нәрсе – жарнама. Осы жарнама арқылы Міржақып атамыз сияқты аталарымыздың «халқын сүю, оның әрбір тұлғасы жалғызым» прививкасын мықтап енгізудің жолдарын тереңнен зерттеп, жолдарын тауып, зиялыны зиялы деп мойындайтын халыққа айналдыру

2. Міржақып Дулатов атамыз сияқты тұлғалардың өмір жолдарын терең насихаттау.

3. Осы бағытта идеялар топтамасын жасақтап, оларды сараптап, озықтарын іске асыруға күш салу.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. <https://bilim-all.kz/olen/1499-ZHigitter>
2. <https://bilim-all.kz/olen/4559-Qazaqtyn-ru-basshylaryna>
3. <https://bilim-all.kz/olen/1501-ZHas-qazaqtar-qaidasyn>

9 СЕКЦИЯ

«ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР ЖЕТЕКШІЛЕР ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ӘДІСТЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР/ МЕТОДЫ И ТЕХНОЛОГИИ В ПРАКТИКЕ РУКОВОДИТЕЛЕЙ НАУЧНЫХ ПРОЕКТОВ»

ҚҰСТАРДЫҢ ТИФ-ПУЛЛОРОЗЫН ПАТОМОРФОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКАЛАУ

Абдыгапарова А.Н., педагог-модератор, Талдықорған аграрлық-технологиялық колледжі

Тақырыптың өзекті

Құс шаруашылығы ауыл шаруашылығында өте маңызды орын алатын тиімді салалардың бірі. Құс еті, жұмыртқасы және қауырсыны құс өсіретін шаруашылықтарға үлкен экономикалық табыс әкелетіні белгілі. Құс өсіруде сонымен қатар мамық, қауырсын, саңғырық (бағалы органикалық тыңайтқыш) сияқты қосымша өнімдер алынады. Құс шаруашылығы мал шаруашылығының тез, қарқынды өсетін, өнім бірлігіне аз азық кетіріп, өзін жедел ақтайтын саласы, құс шаруашылығының өнімдері адамдардың толық, дұрыс тамақтануындағы аса қажет өнім болып табылады.

Үлкен құс фабрикаларында немесе ірі құс шаруашылықтарында құстардың өте тығыз орналасуы кейбір инфекциялық және инвазиялық аурулардың дамуына себепкер болады, әрбір шаруашылық аз шығын жасап, өнім өндіруді көбейтуге тырысады. Бұл үшін жоғары тұқымды кросстар енгізіледі, жаңа жабдықтар қолданылады, ветеринариялық қызметке қойылатын талаптар күшейеді. Құс шаруашылықтарында құстың жоғары шоғырлануы жұқпалы аурулардың тез таралуына жол береді.

Жұмыстың негізгі мақсаты – Тиф-пуллороздан өлген балапандар мен тауықтар мүшелеріндегі патоморфологиялық өзгерістерді зерттеу.

Жұмыстың мақсатын жүзеге асыру үшін төмендегідей міндеттерді шешуді алдымызға қойдық:

- балапандар мен тауықтар организміндегі тиф-пуллорозда болатын патологиялық анатомиялық өзгерістерді зерттеу;
- олардың мүшелеріндегі патологиялық гистологиялық өзгерістерді зерттеу.

Құс шаруашылығы ең тез жетілетін және дұрыс жүргізгенде ең тиімді салаларының бірі. Бұл саланың дамуын тежейтін құс аурулары, әсіресе инфекциялық аурулар. Осындай аурулардың бірі – пуллороз.

Пуллороз (Pullorosis) - тауық тектес құстардың инфекциялық ауруы, жас құста септицемиямен және ас қорыту, тыныс алу жолдарының зақымдануымен, ересек құстарда жұмыртқа бездерінің, жұмыртқа жолдарының қабынуымен сипатталады. Бұл ауруды бацилярлы ақ іш өту деп те атайды [1].

Аурудың қоздырушысы: *Salmonella pullorum galinarum*. Сальмонеллездік топқа жататын, қозғалмайтын, грамтеріс таяқша, шеттері домаланған. Ұзындығы 1-1,5 мк, ені 0,3-0,5 мк. Кейде кокк тәрізді немесе жіпшелі пішіндері де кездеседі. Капсула мен споралар түзбейді. Қоректік ортада 37-40С температурасында жақсы өседі.

Сыртқы ортада төзімділігі жоғары, құрғатылған жағдайда өсіні жылдар бойы сақталады. Қоршаған ортада пуллороздың қоздырушысы физикалық,

химиялық факторлар әсеріне өте төзімді болып келеді. Құс қораларында 3-айға дейін, топырақта, саңғырықта және азықта 12 айға дейін өмір сүреді. Мұздатылған күйінде 2 жылға дейін тіршілік ете алады. Формалин, күйдіргіш натрий, карбон қышқылы әсерінен өледі. Дезинфекция үшін 15-20% кальцийленген сода, 5-6% нифтиназол, 3-5% сілті, 1 % формальдегид, 20% хлорлы әк ерітінділері жақсы нәтиже береді.

Пуллороз құс шаруашылықтарына және қоғамға едәуір әлеуметтік-экономикалық шығын келтіреді. Адамда ол тағамдық токсикоинфекция тудырады (балалар мен жасы келген адамда - өлім жиі болады), құстың жұмыртқалуы төмендейді, салмағы азаяды, эмбриондар мен балапандар арасында өлім көрсеткіші жоғарлайды, сонымен қатар диагностикалық және емдеу-профилактикалық шараларға кеткен шығын.

Негізінен тауық балапандары ауырады. Сирегірек күрке тауық, үйрек, қаз балапандары да ауырады. Пуллорозбен ересек құстар да ауырады. Оларда ауру

негізінен жасырын түрде өтеді. Кейде клиникалық белгілері болмайды.

Жабайы

құстар да ауырады. Ауруды кеміргіштер, жабайы құстар таратады. Қазіргі кезде

құс пуллорозы барлық мемлекеттерде кең тараған. Шаруашылықтарға ауру

орасан зор экономикалық зиян келтіреді. Ауру алиментарлы, аэрогенді жолмен,

жұмыртқа арқылы да жұғуы мүмкін. Балапандар шығыны өте көп болады.

Ересек құстың жұмыртқалауы төмендегідей жүдейді. Пуллороздың

қоздырушысы қоршаған орта факторларына өте төзімді келеді. Ауру жыл

бойы

кездеседі. Әсіресе қыс және көктем айларында көптеп байқалады.

Шаруашылықтарда ветеринариялық ережелерді дұрыс сақтау, дұрыс

азықтандыру, тауық қораны жылы ұстау т.б. аурудың алдын-алуға

қолайлы

жағдай туғызады. Біздің еліміздің әдебиетінде аурудың патологиясы туралы

деректер өте аз, осыған байланысты біздің тақырыбымыз өзекті деп санаймыз.

Қорытынды

1. Біз сойып зерттеген балапандарда пуллороз жіті түрде, ал тауықтарды созылмалы түрде болды.

2. Макроскопиялық өзгерістер: көк бауырдың гиперплазиясы, соқыр ішек пен клоакада ақ түсті саңғырық, жіті қатарлы-ойылымды энтерит, бауырда, миокардта, өкпеде, етті қарында, көк бауырда миллиарлы ошақтар, альтерациялық миокардит, паренхималық мүшелердің дистрофиясы, висцералды несепқышқылды диатез, жалпы анемия мен жүдеу

3. Гистологиялық өзгерістер: көк бауырда іркілмелі гиперемия, фолликулдердің гиперплазиясы, бауырда іркілмелі гиперемия, ошақты құрғақ некроз, аш ішектің жіті катарлы қабынуы, соқыр ішектің фибринді қабынуы.

4. Тауықтарға қарағанда балапандар зілді ауырды, өлімі өте көп.

Тәжірибелік ұсыныстар

1. Тауық қоралары барлық санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес болу керек.

2. Жылына 2-рет тауық қорада дезинфекция шараларын жүргізу керек.

3. Тауық қораларына еркін ұшатын құстар, тышқандар, егеуқұйрықтар, қояндар, ит пен мысықтар кіруіне жол бермеу керек, өйткені олар ауруды тасымалдауы мүмкін.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Артемичев М.А., Малявин А.Г. Пуллороз. В кн. «Болезни птиц». 1962, стр. 333-346

2. Акулов А.В., Апатенко В.М., Бессарабов Б.Ф. и др. «Патологоанатомическая диагностика болезней птиц». М., Колос, 1978, стр. 133-136.

3. Жаров А.В, Иванов И.В. «Вскрытие и патоморфологическая диагностика болезней животных». М., Колос, 2000, стр. 280-281

4. Мишамин Ю.Ф. «Справочник по инфекционным болезням животных». Ростов на Дону, 2002, стр. 500-512

5. Шишков В.П. «Патологическая анатомия сельскохозяйственных животных». «Колос», стр. 351-352.

ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР ЖЕТЕКШІЛЕР ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Амирова Л.Е., ОЖБ бойынша орынбасары, Алматы электромеханика колледжі

Нәтижеге бағдарланған білім берудің негізі студенттердің дара тұлғалық, дарындылық қабілеттерін дамытумен анықталады. Бүгінгі таңда колледждерде студенттерге білім беруде тек қана білім, білік дағдыларын ғана қалыптастырып қоймай, алған білімін өмірлік қажеттілігіне жарата алып, мықты маман ретінде шығармашылықпен іске асыру жолдарын игеруді үйрету, оқуға деген танымдық қызығушылығын арттырып, өз білімін әрқашан жетілдіріп отыру қажеттілігін сезіндіру.

Еліміздің көптеген оқу орындарының ұзақ тәжірибесі білікті мамандарды дайындаудағы тиімді тәсілдерінің бірі - студенттерді оқу кезеңінде ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту болып табылатынын көрсетті. Бұл өз кезегінде студенттердің алған білімдерін ғана емес, сонымен қатар оларды тереңдету мен практикалық бекіту қажеттілігін талап етеді.

Қазіргі таңда білім алушылардың ғылыми жаналық ашуға мүмкіндіктері мол. Оларға түрлі тақырыптарда ғылыми жобалар жазуға мүмкіндік берілген. Сондықтан да олар интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін шыңдап, бақтарын сынай алады.

Ғылыми жобаларды орындауда жоба жетекшісінің міндеттері:

- студенттерге жобаның тақырыбын таңдауға және оны орындау
- жоспарын әзірлеудегі практикалық көмегі;
- зерттеу әдістерін таңдауда көмек көрсету;
- әдебиеттер мен нақты материалдарды іріктеуде кәсіби кеңес беру;
- әзірленген жоспарға сәйкес жобаның орындалуын жүйелі қадағалау;
- ұсынылған талаптарға сәйкес жобаның орындалу сапасын бағалау.

Ғылыми жоба тақырыптарын таңдау студенттерге қызықты, оларды тартатындай болу керек. Тақырып орындалатын, шешімі зерттеуге қатысушыларға пайдасы тиетіндей болу керек. Студенттердің қызығушылығын ескере отырып, жетекші өзі жақсы білетін тақырып аясын таңдауы керек. Тақырып шынайы болуы, онда жаңа дүниелер, күтпеген жаңалық, ерекшелік элементтері болуы керек. Тақырып жұмысы ұзақ жылдарға созылмай, тез орындалатындай болуы керек және тақырып студенттер түсінетіндей болуы керек.

Тақырыпты таңдар кезде жоғарыда аталғандардан басқа, келесі ұсынымдар ескерілуі керек:

- алдыңғы жылдардағы ғылыми жұмыстардың тақырыптарымен танысу;
- бұрын жазған жұмыс тақырыптарын қайталамау, тақырыптың шынайылығын ескере отырып зерттеу тақырыбын таңдау;
- тақырып нақты бір объекті аясында шектелуі;
- таңдалған тақырып өз секциясының отырысында немесе жетекшімен жеке консультация барысында талқылану керек;
- зерттеу тақырыбы колледждің кафедра отырысында бекітілуі керек.

Ғылыми жобалар жазудың өз талаптары мен ерекшеліктері бар. Осы арқылы студенттер өз бетінше ізденуді, ойлануды, шешім қабылдауды және жазба жұмысының дұрыс жазылу құрылымын, ауызша таныстырылымдар құрастыру дағдыларын меңгереді.

Ғылыми жоба жазу барысы шартты түрде бірнеше кезеңдерге бөлінеді:

- дайындық кезең;
- жұмысты жазу мен ресімдеу;
- қорғау.

Бұл кезеңдер теориялық және практикалық материалдың мазмұны мен баяндау логикасын анықтайды. Студенттер өздері игерген теориялық білімді тәжірибелік тұрғыда қолдана алуы, сонымен қатар оқу үдерісі шеңберінде немесе одан тыс түрде де ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуы арқылы да өз біліктіліктерін арттыруда көмектеседі.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі бағыттары мен ерекшеліктері:

- түрлі ғылыми-зерттеу жұмыстарды орындауда студенттер мен оқытушылардың бірлесе жұмылуының арқасында оқу үдерісі сапасын көтеру;
- студенттердің қолданбалы, әдістемелік, ізденушілік ғылыми зерттеулер жүргізуге қатысуы;
- оқу орындарында ұстаз ізбасарлығын қолдау және дамыту;

- студенттердің өз бетінше тұжырымдар мен қорытындылар жасай білу қабілетін дамыту;
- студенттерге оқу үдерісінде қазіргі ғылымның түрлі бағыттарында өз күштерін сынай білуге мүмкіндік беру;
- студенттерді өнертапқыштық, шығармашылық жұмыстарға тарту.

Әлеуметтік сала бойынша жұмыстар түрлі саяси-әлеуметтік құбылыстарды түсіндіру үшін жазылады. Мұндай мәтіндер көбінесе осы саланың мамандарына ғана түсінікті болуы мүмкін. Дегенмен олардың бәріне ортақ бір мақсат – зерттеу жұмысының нәтижесімен басқа адамдарды таныстыру, сондықтан да жоба мәтінінің тілі түсінікті, құрылымы жүйелі болуы қажет.

Оқырман мәтінді оқу кезінде автордың не жасағаны емес, жұмыс бойынша не жасалғаны қызықтырады. Мәтін тақырыпқа байланысты мәселені ғана қамтуы тиіс. Тақырыптан ауытқу немесе зерттеу сұрағынан тыс ақпаратты жазу оқырман қызығушылығының жоғалуына және жұмыс сапасының төмендеуіне алып келеді. Сондықтан оқу орнында жазба жұмысы тапсырма ретінде берілгенде, тақырыбы мен қамтылатын зерттеу нысанына қарай, оқытушы оның көлемін белгілеп береді.

Әрбір автор өз жұмысы үшін жауапты. Мәтіндегі қателер мен келтірілген тұжырымдар үшін студенттің өзі жауап береді. Сонымен қатар плагиатқа жол бермеуі керек. Біреудің пікіріне не сөзіне сілтеме жасамағаны үшін жауапкершілікке тартылатынын қаперден шығармауға тиіс.

Ғылыми жобаларда жазылатын сөйлемдердің негізгі мақсаты – берілетін ақпаратты түсінікті, дәлелді түрде анық жеткізу, жеке мамандыққа тиісті сөздер де қолдану.

Ғылыми жоба мәтінін жазуда келесі қағидаларды ескерген жөн:

- арнайы бекітілген мәтін құрылымы жоқ;
- автор өзіне қолайлы құрылымды тандай алады;
- терминдерді орынды қолдана білуі қажет.

Бұл аталған ерекшеліктермен қоса, жауапкершілік ұстанымын қашанда естен шығармау керек. Академиялық жазылымда автор мәтінде қолданылған өзге авторлардың пікірлеріне сілтеме жасауға міндетті. Бұл – ғылыми жұмыстарға тән негізгі талаптардың бірі. Ғылыми жұмыста автор өз тұжырымына мысалдар келтіруге, дәлелдемелер беруге, пікір білдіруге міндетті. Оны сілтеме беру талаптарын сақтай отырып, дәйексөздер қолдану және қорытынды жасау арқылы қолдануға болады.

Қорытындылай келе, ғылыми жоба жасау арқылы студенттер ғылыми тілді меңгереді, зерттеу жұмысын жүргізудің кейбір қағидаларымен танысады, мәліметтерді жинау мен талдау әдістерін, нәтижелерді баяндау жолдарын, ғылыми еңбектерді оқу мен оларға конспект жасау ережелерін үйренеді. Сонымен қатар пәнді оқу арқылы өзін-өзі басқару, яғни мақалаларды оқу не жазу үшін өз уақытын тиімді пайдалану, жазба жұмысының жоспарын алдын ала жаза білу, соңғы мәтін нұсқасын тексеру мен түзету сияқты дағдыларды қалыптастырады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Советова З.С. С 58 Ғылыми зерттеу негіздері және академиялық жазылым: барлық білім беру бағдарламалары тобында оқитын студенттерге арналған оқу құралы / З.С.Советова. – Алматы: АЭЖБУ, 2022. – 200 б.: кесте – 11, әдеб. көрсеткіші – 22 атау.
2. Бахишева С.М Педагогикалық жобалау:теориясы мен технологиясы: Оқулық. – Алматы.: - Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011 ж. - 354 б.
3. Stud.kz <https://stud.kz/referat/show/39470>

«РАЗВИТИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ И ТВОРЧЕСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ ЗА СЧЕТ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НА УРОКАХ ЦИТАТ НЕДЕЛИ ПРОГРАММЫ «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ»

Данченко Т.В., преподаватель общеобразовательных дисциплин,
ЧУ «Колледж предпринимательства КИИЭУ»

Мастер-класс «Развитие коммуникативных и творческих компетенций за счет использования на уроках цитат недели программы «Біртұтас тәрбие»

Цель: обучение преподавателей колледжей методам и стратегиям, способствующим интеграции программы «Біртұтас тәрбие» в содержание урока, через активные и творческие формы работы.

Задачи:

1. Познакомить педагогов с методами использования цитат недели в обучении.
2. Рассмотреть воспитательную роль цитат на уроках русского языка и литературы.
3. Обменяться опытом и разработать практические рекомендации.

Время: 30 минут

Ход мастер-класса

Введение в мастер-класс (5 минут). Программа «Біртұтас тәрбие» (в переводе «Целостное воспитание») направлена на комплексное воспитание обучающихся через предметы. Ответим на вопрос, что такое цитаты недели? Цитаты недели – пословицы, поговорки, народные мудрости, изречения выдающихся личностей, содержание которых служит лейтмотивом учебной и внеучебной деятельности всей организации. Цитаты недели размещаются на информационных стендах, Led-экранах, классных досках и другие.

Включение цитат недели в учебные предметы может помочь в реализации воспитательных задач, формирования ценностей и культурных компетенций.

Слайд. **ЯНВАРЬ – МЕСЯЦ ЗАКОНА И ПОРЯДКА, в течение данного месяца мы развиваем эту ценность у студентов.**

Цитата 1 недели: Талап бар жердетәртiп бар

Цитата 2 недели: Тәртiп – тәрбиебастауы

Цитата 3 недели: Әдiлзаң – аспантiрегi

Цитата 4 недели: Тәртiпсiз ел болмайды

Цитата 1 недели: Талап бар жердетәртiп бар. Цитата «Где есть спрос, там и порядок» может быть проанализирована через призму различных произведений

русской литературы. Она касается вопросов социального порядка, ответственности, морали и структуры общества. Вот несколько произведений, в которых можно увидеть актуальность данной идеи:

/(на слайд)

1. «Преступление и наказание» Федора Достоевского. Эта новелла иллюстрирует отношение человека к справедливости, закону и морали. Главный герой, Родион Раскольников, рассуждает о том, что в обществе существует определенный порядок, который может нарушаться из-за личных убеждений. Обсуждение причин и следствий преступления в этом произведении хорошо иллюстрирует цитату.

2. «Мать» Максима Горького. В этом произведении поднимается вопрос о социальной справедливости и поиске порядка в обществе, где царит угнетение. Героиня фильма стремится создать "порядок" в своем окружении, что связано с ее личным опытом и борьбой за права рабочих.

3. «Война и мир» Льва Толстого. Здесь можно рассмотреть взаимодействие различных слоев общества во время войны и мира, а также как формируется социальный порядок в сложившихся обстоятельствах. Толстой поднимает вопросы о том, как личные моральные и этические выборы влияют на общее благо и порядок.

4. «Тихий Дон» Михаила Шолохова. В этом эпическом произведении рассматриваются общественные изменения и их влияние на порядок в обществе. Чувство чести, долга и ответственности отдельных личностей перед местным сообществом подчеркивает, насколько общественные устои зависят от личных выборов./

В начале урока я предлагаю студентам обсудить цитаты. Задавая вопросы, например: «Как вы понимаете эту цитату?» или «Как она применяется в вашей жизни?». Затем, когда мы переходим к изучению произведения, можем использовать цитату как отправную точку для обсуждения тем, связанных с моралью, порядком, социальной справедливостью, и спросом на эти ценности в обществе. Это может быть сделано через письменные задания, обсуждения в группах или анализ конкретных персонажей. На этапе рефлексии прошу студентов рефлексировать, и делиться своими мыслями о цитате — как она на них повлияла.

Дорогие коллеги, давайте разделимся на 4 группы (**по карточкам с цитатами недели**).

2. Групповая работа. Создание проектов (10 минут).

1 группа. Разработать краткое занятие или упражнение, основанное на выбранной цитате. Это может быть формулировка вопросов для обсуждения, создание проекта.

2 группа. Создать литературную композицию, основываясь на данной цитате.

3 группа. Написать эссе или сочинение, исследуя, как данная цитата соотносится с Вашим личным опытом или современными событиями.

4 группа. Создание визуальных материалов. Создайте рисованный плакат, используя цитату недели, и подготовьте к нему словесный анализ.

3. Презентация результатов (12 минут). Каждая группа представляет свои идеи и подходы к использованию выбранной цитаты в обучении.

4. Обсуждение и рефлексия (2 минуты). Обсуждение подходов каждой группы, обмен мнениями, какие идеи были наиболее интересными и полезными. Какие сложности могут возникнуть при использовании цитат на уроках и как их преодолеть?

5. Заключение (1 минута).

ИНТЕРАКТИВТІ ПЛАТФОРМАЛАРДЫ САБАҚТА ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Студенті Жолмырза А.С., 1 курс, Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжінің
Ғылыми жетекшісі: Уразтаева М.К., математика пәні оқытушысы

Тақырыптың өзектілігі: Интерактивті тақтамен оқытудың әдеттегі оқыту әдісінен айырмашылығы көп емес. Оқытушы қолданатын технологиялық құралдарға қарамастан, сабақты сәтті өткізудің негіздері бірдей. Ең алдымен, кез келген сабақтың белгілі бір мақсатқа және нәтижеге жететін нақты жоспары, құрылымы болуы керек. Мұның бәрі де оқушыға материалды жақсы меңгерулеріне көмектеседі және өз білетіндерімен сәйкестендіру септігін тигізеді.

Жобаның мақсаты: Білім беру процесінде интерактивті платформаларды қолданудың тиімділігін зерттеу, олардың оқушылардың үлгеріміне, сабаққа қызығушылығына және белсенділігіне тигізетін әсерін анықтау.

Жобаның міндеттері:

1. Интерактивті платформалар туралы ақпарат жинау – заманауи білім беру платформаларының түрлерін, мүмкіндіктерін және ерекшеліктерін талдау.

2. Интерактивті платформалардың білім сапасына әсерін зерттеу – олардың оқыту процесінде қаншалықты пайдалы екенін анықтау.

3. Бастауыш сыныптарда қолдану әдістерін ұсыну – платформа таңдаудағы критерийлер мен тиімді әдістерді көрсету.

4. Мұғалімдер мен оқушылардың пікірін зерттеу – сауалнама немесе тәжірибелік зерттеу жүргізу.

5. Қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау – интерактивті платформалардың оң және теріс жақтарын көрсету.

6. Практикалық ұсыныстар жасау

Қазіргі заманғы білім беру технологиялары оқыту үдерісін тиімді етуге бағытталған. Соның ішінде интерактивті платформалар оқушылардың белсенділігін арттырып, білімді тез әрі қызықты меңгеруге көмектеседі. Бұл жобада осындай платформалардың тиімділігі туралы зерттелген.

Интерактивті платформаларға шолу.

1. XMind – Менталды карталар құру платформасы

Қолдану мақсаты:

- Сабақтың құрылымын жасау
- Оқу материалдарын визуалды түрде көрсету
- Логикалық байланыстарды анықтау

- Оқушылардың есте сақтау қабілетін дамыту

Мысал: "Жыл мезгілдері" тақырыбында XMind қолданып, әр мезгілдің ерекшеліктерін менталды карта арқылы көрсету.

Артықшылықтары:

- Визуалды ақпаратты жақсы қабылдауға көмектеседі
- Оқушылар үшін түсінікті әрі қызықты
- Ойлау қабілетін дамытады

Кемшіліктері:

- Тек визуалды оқытуға бағытталған, практикалық тапсырмалар жоқ
- Барлық оқушылар үшін қолдану оңай болмауы мүмкін

2. Lumio – Интерактивті сабақтар жасау платформасы

Қолдану мақсаты:

- Интерактивті сабақтар құру
- Оқушылардың белсенділігін арттыру
- Ойын түрінде білім беру
- Қашықтықтан оқытуда тиімді қолдану

Мысал:

Lumio арқылы "Қосу және азайту" тақырыбына интерактивті ойын жасап, оқушылар тапсырмаларды орындау арқылы білімін бекіте алады.

Артықшылықтары:

- Қызықты, ойын элементтері бар
- Мұғалімдерге ыңғайлы интерфейс
- Қашықтықтан оқытуға тиімді

Кемшіліктері:

- Интернетке тәуелді
- Кейбір мүмкіндіктері ақылы

3. Mozgotren – Логикалық ойлау және есте сақтау қабілетін дамыту платформасы

Қолдану мақсаты:

- Логикалық ойлау қабілетін арттыру
- Есте сақтау дағдыларын дамыту
- Оқушылардың зейінін шоғырландыру

Мысал:

Mozgotren арқылы оқушылар логикалық есептер мен пазлдарды шешу арқылы математикалық ойлауын дамытады.

Артықшылықтары:

- Оқушылардың ми белсенділігін арттырады
- Логикалық тапсырмалар көп
- Кез келген жастағы оқушыларға қолайлы

Кемшіліктері:

- Барлық оқу пәндері үшін қолдануға ыңғайлы емес
- Мұғалімдерге арнайы оқыту қажет болуы мүмкін

Салыстырмалы талдау кестесі

1-кесте

Қорытынды:Интерактивті платформалар сабақтың тиімділігін арттырады.

Оқушылардың қызығушылығын оятып, белсенділігін күшейтеді. ХMind – ақпаратты визуалды түрде көрсетуге пайдалы. Lumio – интерактивті сабақтар жасауға ыңғайлы. Mozgotren – оқушылардың логикалық ойлауын дамыту үшін тиімді. Мұғалім әр платформаны өз сабақтарына сәйкес таңдауы керек.

Ұсыныстар: Бастауыш сынып мұғалімдеріне: ХMind-ты сабақ құрылымын жасау үшін қолданыңыз. Lumio арқылы интерактивті тапсырмалар дайындаңыз. Mozgotren платформасын логикалық ойлауды дамыту үшін пайдаланыңыз.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Вайндорф-Сысоева М. Е., Субочева М. Л. Цифровое обучение в контексте современного образования: практика применения : монография. М. : Диона, 2022
2. Налетова Н.Ю. Использование цифровых технологий на уроках математики для старшекласников.Н.Ю.Налетова, Л.М.Троицкая– 2020.
3. Петрова В.И. Методические аспекты использования цифровых образовательных ресурсов при обучении математике. – 2020.
4. Колыхматов В.И. Цифровая трансформация образования: новое качество современного учителя будущего //-2022

«СУЛЬФАПРИМ-48» АНТИБАКТЕРИАЛДЫҚ ПРЕПАРАТЫНЫҢ БҰЗАУЛАРДЫҢ ДИСПЕПСИЯСЫНА ҚАРСЫ ЕМДІК ТИІМДІЛІГІ

Касенова Н.С., педагог-модератор, Талдықорған аграрлық-технологиялық колледжі

Өзектілігі. Қазіргі таңда елімізде ауылшаруашылығы жануарларының өнімділігі мен өсімталдылығын арттыру бағыттарына көптеген жұмыстар жүргізілуде. Осы тұрғыда көптеген ауқымды жұмыстар іске асырылуда. Көптеген ғылыми мәліметтерге қарағанда жануарлардың, оның ішінде төл аурулары экономикалық тұрғыдан шаруашылықтарға айтарлықтай шығын келтіреді. Осы жайлы көптеген ғылыми-ізденіс жұмыстар жүргізілуде, дегенімен, айта кету керек, олардың бірқатары айтарлықтай нәтиже бермеді.

Бұл препараттың құрамында көптеген биологиялық белсенді заттары болады. Ол тек ауруға ғана тікелей әсер етіп қоймай, сонымен бірге ағзаның жалпы жағдайына және телімсіз резистенттілігін қуаттандырып әсер етеді.

Осыны ескере біз ғылыми-зерттеу жұмыстары "Сульфеприм-48" препаратының қозылардың морфологиялық, иммунологиялық көрсеткіштеріне және олардың өсіп-даму қызметіне әсер ету мүмкіндігін айқындау болып табылады.

Ғылыми жұмыс Талдықорған аграрлық-технологиялық колледжінің зертханасында орындалды, өндірістік тәжірибелер "Әбдіғапар" шаруа қожалығы жағдайында да орындалды. Зерттеу нысаны Алатау сиырларының 1, 2, 3, 4 айлық бұзаулары, ас қорыту жүйесі органдарының аурулары бар науқастар болды.

Жұмыстың мақсаты "Сульфаприм-48" Бактерияға қарсы препаратының бұзау денесінің спецификалық емес төзімділік көрсеткіштеріне әсерін зерттеу болды. Осы айтылған мәліметтерді еске ала отырып біз зерттеуімізде төл ауруларына қарсы нәтижелі әсер ететін "Сульфаприм-48" препаратын қозылардың ас қорыту жүйесі ауруларына қарсы емдік тиімділігін зерттеуді мақсат тұттық.

Мақсаттарды шешу үшін келесі міндеттер қойылды:

1. "Сульфаприм-48" Бактерияға қарсы препаратының бұзау денесінің клиникалық көрсеткіштеріне әсері;
2. "Сульфаприм-48" Бактерияға қарсы препаратының бұзау қанының морфологиялық көрсеткіштерінің динамикасына әсері;
3. "Сульфаприм-48" Бактерияға қарсы препаратының бұзау денесінің спецификалық емес төзімділігінің гуморальдық көрсеткіштерінің динамикасына әсері;
4. Сульфаприм-48 Бактерияға қарсы препаратының диспепсиямен ауыратын бұзауларға әсері.

Елімізде мал басын көбейтудің, олардың өнімділігі мен өнім сапасын жақсартудың негізгі жолы төлдер арасында жиі кездесіп тұратын түрлі аурулардан, солардың ішінде, әсіресе көп зияндық келтіретін жұқпайтын ішкі аурулардан сақтандыру шараларын жүйелі түрде жүргізіп отыру қажет.

Жалпы малды әртүрлі аурулардан сақтандыру шаралары дегеніміз бұлдені сау, өнімділігі мен өсімталдылығы жоғары, конституциясы қалыпты, зат алмасу процесі жетілген, әртүрлі ауруларға қарсы тұра алатын қарсылық күштері жақсы малдарды өсіруге бағытталған, жүйеге келтіріп жоспарлы түрде өткізілетін ветеринарлық шараларды ұйымдастыруға бағытталған жұмыстар. Алдын алу шараларын, басқада қоланылатын іс-әрекеттермен бірге диспансерлеу деп аталынатын негізгі әдісті қолдану арқылы тиімді түрде жүзеге асыруға болады. Әртүрлі бағыттағы көптеген шаруа қожалықтарында профилактикалық шаралары дұрыс жолға қойылып жүргізіліп жатса да, жұқпайтын ішкі аурулар жиі кездесіп, айтарлықтай экономикалық зияндығын тигізеді. Көптеген комплекстерде немесе ірі шаруашылықтарда мал мамандарының болуларына қарамастан төлдер аурулары көптеп кездесіп тұрады, әсіресе төлдер арасында кең кездесетіндері-тыныстану және ас қорыту жүйелерінің аурулары, зат алмасу үрдістерінің бұзылулары. Бұл аурулар полиэтиологиялық аурулар деп есептелінеді, осы себепті де ауруларды тудыратын себептер өте көп.

Жұмысты орындау нәтижесінде препараттың оңтайлы дозалары анықталды; қанның және оның бұзау сарысуының морфологиялық, иммунологиялық және биохимиялық көрсеткіштерін зерттеу әдістері игерілді; препараттың бұзаулардың клиникалық, морфологиялық және иммунологиялық көрсеткіштеріне әсері, сондай-ақ диспепсиямен ауыратын бұзауларға препараттың әсері зерттелді.

Бұл жұмыста сыналған препараттың бұзау қанының иммуноморфологиялық көрсеткіштеріне әсерін зерттеу нәтижелері келтірілген. Зерттеулердің нәтижелері диспепсиямен ауыратын бұзаулардың қанының

морфологиялық көрсеткіштеріне препараттың ынталандырушы әсерін көрсетеді. Тәжірибелік бұзау тобындағы көрсеткіштердің максималды өсуі зерттеудің 14 және 21-ші күніне тіркелді. Тәжірибелік топтағы лейкоциттердің, лимфоциттердің, моноциттердің, эритроциттердің және гемоглобиннің сандық мәндері бұзаулардың бақылау тобымен салыстырғанда тиісінше 24,9-ға артады; 22,9; 20,6; 14,5 және 11,6%.

Зерттеу барысында алынған деректер "Сульфапим-48" Бактерияға қарсы препаратының бұзау денесінің гуморальдық көрсеткіштеріне (лизоцимдік, бактериоцидтік, комплементарлық белсенділік) айтарлықтай әсер ететінін көрсетті. Көрсеткіштердің шекті өсу деңгейі зерттеу мерзімінің 14-21-ші тәулігіне тіркелді және олардың шоғырлануы бақылау тобымен салыстырғанда 10-15% - ға жоғары болатыны анықталды.

Бұзау диспепсиясы кезінде препараттың емдік тиімділігі туралы мәліметтер келтірілген. Зерттеулердің нәтижелері бұзау диспепсиясында биологиялық препаратты кешенді қолданудың жоғары емдік тиімділігін көрсетеді, сонымен қатар олардың тірі салмағының өсуін едәуір арттыруға ықпал етеді.

Қорытынды. "Сульфапим-48" Бактерияға қарсы препаратының бұзау диспепсиясына қарсы емдік тиімділігі анықталды. 1-ші топтағы емделген 10 бұзаудың ішінен емделген 10 бұзаудың барлығы толық сауығып кеткені анықталды, аурудың орташа ұзақтығы $5,1 \pm 1,2$ тәулікті құрады, емдеудің алғашқы 3 күнінде 10 ауру бұзаудың екеуі (20%); 3-7 күннен кейін бес (50%); үш (30%) 7-10 тәуліктен кейін толық қалпына келді, қалпына келтіру көрсеткіші 100% құрады.

Ас қорыту жүйесінің аурулары бар бұзаулардың клиникалық және морфологиялық көрсеткіштері зерттелді, оларға қарсы жоғары тиімді "Сульфапим-48" препараты қолданылды. Препарат диспепсиямен ауыратын бұзауларды емдеу процесін дәстүрлі қолдануда қолданылатын препараттармен салыстырғанда 5-7 күннен ерте қысқартады, сондай-ақ ағзаның төзімділігін арттырады. Препараттың тиімді фармакотерапиялық оңтайлы дозасы, дайындау технологиясы, емдік дозасы және олардың диспепсиямен ауыратын қозылар ағзасының клиникалық, морфологиялық, иммунологиялық көрсеткіштеріне әсері әзірленді.

"Сульфапим-48" препаратының бұзаулардың, иммуноглобулиндердің, гуморальдық көрсеткіштердің морфологиялық көрсеткіштерінің динамикасына әсері зерттелді, сондай-ақ оның экономикалық тиімділігі анықталды. Препаратты экономикалық жағдайда қолдану бұзаулардың иммунологиялық көрсеткіштерін арттырады, сонымен қатар диспепсияға қолайлы әсер етеді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Григорьева Г.И., Арбузова А.А., Кульчицкая М.А., Панитков М.А. Роль микроорганизмов (бактерии, вирусов) в возникновении желудочно-кишечных заболеваний новорожденных телят// Ветеринарная патология.-2005.-№4.-С.108-113.
2. Заманбеков Н.А., Саттарова Р.С., Кобдикова Н.К., Корабаев Е.М. Төлдердің диспепсиясы кезіндегі қандағы белок және белок фракцияларына грек жаңғағы

тұнбасының әсері. Шинжан мал шаруашылығы журналы, ҚХР, №6, 2013.-17-19 б.

3. Заманбеков Н.А. Фитофармакология /Оқу құралы/ Типография «Нур-Принт, Алматы, 2009.-182 б.

4. Заманбеков Н.А., Байзырахмет Е. Теңіз балдырларының диспепсия ауруына шалдыққан бұзаулардың қан сарысуы құрамындағы жалпы белок және белок фракцияларының динамикасына әсері// ҚазҰАУ-нің ғылыми журналы, «Ізденістер, нәтижелер» №3-4, Алматы, 2011.-6-9 б.

5. Ошуркова Ю.Л., Фомина Л.Л., Механикова М.В. Влияние кормовой добавки хлореллы на некоторые показатели крови телят//Молочнохозяйственный вестник. Научно-теоретич. журнал, №3, -М.: 2015.-с.47-51.

ЗАМАНАУИ АРХИТЕКТУРАЛЫҚ ЖОБАЛАУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ИНТЕРФЕЙСІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Конарбаева Б.К., Голубченко В.А., арнайы пәндер оқытушылары, «Қостанай
құрылыс колледжі» КМҚК

Тақырыптың өзектілігі: Бүгінгі күнге дейін көптеген сәулетшілер сәулет деген не екенін қанағаттанарлық түрде түсіндіре алмайды. Олардың айналасындағылардың көпшілігі көре алмайтын нәрсені көру және қабылдау қабілеті бар, бірақ олар осы қабілетпен туылуы мүмкін болғандықтан, олар оның болмайтындығын білмейді. Әуенмен өмір сүретін адам сияқты, онсыз әлемді қалай қабылдау керектігін елестету қиын. Керісінше, оны басқармайтын адам ыңғайсыз әрекет жасауы керек, содан кейін музыкадан ләззат алу үшін көп кіші пейілділік танытуы керек және сонымен бірге оны ешқашан өзі бастай алмайтындығын мойындауы керек.

Қалаған нәрсені оқығысы келетін кез-келген адам үйді қалай салу керектігін түсінеді, Autocad және Revit-ті де біледі, ол тіпті "әдемі" сурет сала алады, бірақ бұл архитектураның бар екенін өзгертпейді. Сәулет-бұл кеңістіктік шығармашылық, оның нәтижесі мүсін сияқты формада емес, кеңістікте болады

Біз ешқашан көркем әдебиетті оқымайтын және концерттерге бармайтын көптеген адамдарды білемін, бірақ олардың арқасында цензура енгізілмейді немесе музыка қоғамдық радиодан шығарылмайды, ол кеңістіктен оңай жоғалады, ақыр соңында оның бүкіл құрылыстағы үлесі соншалықты аз, мүмкін бұл туралы да айтуға болады айтуға болмайды (5% ауданда не болады?).

Мәселе: Бұл тұжырым "сәулет" сияқты нәрсе бар деген сенімге негізделген, есептеуден оқшауланған автономды өріс. Мұны екі түрлі тұрғыдан қарастырайық: технология, процесс және құбылыс.

Сәулет тектоникалық. Көптеген архитектуралық білім мен дағдылар заттарды қалай жинауға байланысты: қандай материалдарды пайдалану керек; құрылыс алаңын қалай ұйымдастыру керек; құлап кетпеу үшін қалай жасау

керек; жағымды жағдайды қалай қамтамасыз ету керек; адамдарды қалай тарту және кеңейту керек (немесе егер сізге ұнаса, бақылау). Осы пікірлерден есептеу технологиясын алып тастау өте қайшылықты болар еді (тіпті егер бұл салыстырмалы түрде кеш жаңалық болса да). Сәулет өнерін түсінуге терең әсер еткен кем дегенде екі есептеу тұжырымдамасы бар: параметрлік және білімді модельдеу

Технология ретінде сәулет-бұл "компьютерлер мен архитектураны" қараудың ең дәстүрлі тәсілі, өйткені ол "компьютерлерді" көмекші технология, сәулетшінің қызметіндегі нәрсе ретінде қарастырады. Алайда, бұл қате болар еді; есептеу сәулетші игеруі керек барлық басқа технологиялармен бірдей деңгейде, сондықтан сәулетшінің білімі мен дағдыларының ажырамас бөлігі болып табылады.

Дизайн процесінің барлық кезеңдерінде сәулетші дизайн тұжырымдамасын құрылыс процесін бастау үшін құжаттаманың соңғы жиынтығына енгізу үшін көптеген эскиздер, сызбалар, модельдер және т.б. жасайды. Компьютер "электронды сурет тақтасы" ретінде бұл процесте өте тиімді құралға айналды. Алайда, сызбалар жиынтығының электронды баламасы ретінде ол пайдалылық тұрғысынан шегіне жетті. Жобалау процесіне қатысатын әр түрлі тараптар мен серіктестер арасындағы өзара әрекеттесуді жақсарту үшін сызбаларға ғимараттың өзі туралы білім беру қажет — осылайша біз қазір ғимараттың ақпараттық моделі деп атаймыз (немесе жобалық деректердің өзара әрекеттесуінің кез-келген әрекеті).

Жұмыс: Сәулетшілер көбінесе СААД модельдерінің күрделілігі мен қаттылығына шағымданады, әсіресе эскиздермен салыстырғанда ("жасау оңай", "бәрі бар!") немесе жалпақ сызбалар, бірақ сонымен бірге олар осы сызбаларда не бар екенін түсіну және жеткізу үшін барлық ауыр жұмыс екенін ұмытып кетеді.

Оқу кезінде және одан тыс уақытта біз AutoCad және Revit сияқты сәулет бағдарламаларды студенттермен зерттеуге тырысамыз. Студенттерді AutoCad қызықтырады, бірақ уақыт өте келе біз BIM дизайнын оқып, Revit бағдарламасын таңдауымыз керек деп шештік.

Біз бұл архитектуралық бағдарламаларды сынақ және қателіктер арқылы да, интернет арқылы да зерттедік. Бір жерде бізге сәулет және құрылыс бөлімдерінің аға достары да айтты [1].

Зерттеу нәтижелері: Осы ғылыми жұмыстың нәтижесінде мен жаңа бағдарлама менің күнделікті сабақты жеңілдетіп қана қоймай, жобаларымның сапасын арттыратынына сенімді болғым келеді. Біз дұрыс шешім қабылдау үшін студенттермен осы бағдарламаларды салыстыруды дайындадық.

Autocad дербес компьютерлерде енгізілген алғашқы компьютерлік бағдарламалардың бірі болды. Бүгінде оны сәулетшілер мен инженерлер әртүрлі жобалар үшін, дизайндағы геометриялық фигураларды жасау және өзгерту, ғимарат жоспарларын, көпірлерді, компьютерлік чиптерді және т.б. құру үшін кеңінен қолданады.

Екінші жағынан, Revit-бұл нақты ақпаратпен қамтамасыз етілген геометрияны құру үшін қолданылатын жалғыз бағдарлама. Басқаша айтқанда,

бұл Сәулет дизайны мен азаматтық құрылысқа арналған функциялары бар ғимараттарды 4D ақпараттық модельдеу (BIM) бағдарламасы.

AutoCAD және Revit екеуі де сәулетшілер арасында танымал таңдау болып табылады. AutoCAD және Revit арасындағы кейбір негізгі айырмашылықтарды талқылайық:

Autocad сурет қағазына ұқсас, онда сіз 2D дизайнын жасай аласыз,

Autocad жобаның жеке компоненттеріне назар аударады, ал Revit бүкіл жобаны біртұтас деп санайды, бұл сәулетшілерге дизайнды бөлінбейтін етіп қарастыруда артықшылық береді.

Autocad Revit-ке қарағанда икемді, өйткені ол Autocad бетін, желісін және бекітілген пәрмендерін қолдайды, ал кейінгі нұсқалар үшін ол қатал, өйткені бәрін дұрыс жобалау керек, өйткені біз тек 3D моделін ғана емес, сонымен қатар жұмысты үйлестіруге мүмкіндік беретін модельді де жасаймыз. және көптеген басқалары. келесі.

Autocad барлық байланысты топтар арасында алға-артқа тұрақты қозғалысты қамтитын сызықтық үйлестіруді қадағалайды. Екінші жағынан, Revit-тің артықшылығы бар, барлық модельдер орталықтың архитектуралық моделімен байланысты болуы мүмкін, бұл олардың арасындағы қақтығыстарды нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді.

Autocad Windows және Mac жүйелерінде де қолданылады, ал Revit тек Windows-та жұмыс істей алады [4].

Revit-тің артықшылықтары, ең алдымен, бұл бағдарламалық жасақтама сәулет саласы үшін жасалғанына байланысты. Сондықтан оның функциялары кеңірек және дизайнерлердің қажеттіліктерін жақсырақ көрсетеді. Негізгі артықшылықтары:

Revit BIM технологиясын кеңейтілген деректерге негізделген шынайы 3D визуализация үшін қолданады[2].

AutoCAD негізгі артықшылықтары

DWG салыстыру-сызбаның екі нұсқасының арасындағы айырмашылықтарды салыстыруға және көрсетуге болады.

Қорытынды, AutoCAD және Revit коммерциялық салаларда ғимараттарды, көпірлерді, компьютерлерді және т.б. жобалаудың 2D-3D жоспарларын құру үшін қолданылады. Autocad - тің мақсаты-нақты элементтерді білдіретін 2D сызықтарын салу, ал Revit-ті нақты ақпаратпен қамтамасыз етілген 3D компоненттерін жасау үшін пайдалануға болады. Autocad жобаның жеке элементтерін жобалауға және өзгертуге бағытталған, ал Revit-те жоба бөлінбейтін болып саналады.

Revit-те Autocad-пен салыстырғанда соңғы минуттарда түзетулер мен өзгертулер енгізу оңай, мұнда өңдеу қолмен жасалады және көп уақытты қажет етеді. Autocad веб және мобильді қосымша ретінде қол жетімді және оны Windows және Mac платформаларында да қолдануға болады. Revit-ті тек Windows-та пайдалануға болады. Сіз Autocad және Revit арасында таңдай аласыз және талаптарға, қол жетімді жабдыққа және дизайн талаптарына негізделген жоспарлар жасай аласыз.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Сәулет бөлімінің жұмыс құжаттамасын ресімдеу. Revit Architecture 2011
2. Пайдаланушы нұсқаулығы Revit Structure.
3. Пайдаланушы нұсқаулығы Revit Architecture/
4. Эдвард Голдберг: Современный самоучитель работы в AutoCAD Revit Architecture

Издательство: ДМК-Пресс, 2012 г.

4. Жарков, Прокди, Финков: AutoCAD 2020. Полное руководство. Издательство: Наука и Техника, 2020 г.

**ВЕТЕРИНАРИЯДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ДӘРІЛІК ЗАТТАР МЕН
БИОЛОГИЯЛЫҚ ПРЕПАРАТТАР ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН
ТАЛАПТАР» «ӨГЕЙШӨП ЖӘНЕ ЖОЛЖЕЛКЕН ӨСІМДІКТЕРІНЕН
ДАЙЫНДАЛҒАН ФИТОПРЕПАРАТТЫҢ БҰЗАУЛАРДЫҢ
РЕСПИРАТОРЛЫ АУРУЛАРЫНА ҚАРСЫ ЕМДІК ТИІМДІЛІГІ»**

Кубентаева А.Б., арнайы пән оқытушысы, Талдықорған аграрлық-
технологиялық колледжі

1. Жобаның өзектілігі: Өсімдіктер организмі өздерінің химиялық құрамы мен атқаратын қызметтері тұрғысынан өте күрделі болып келеді. Шипалық қасиеті бар өсімдіктермен емдеу мәселесі бүгінгі таңда өзіндік назар етуді талап етеді, себебі дәрілік өсімдіктерді пайдалану ісі жыл артқан сайын кең қанат жайып келеді. Ол түсінікті де, себебі қазіргі уақытта емдік мақсаттар үшін пайдаланылатын дәрі-дәрмектердің басым көпшілігін өсімдіктер әлемі құрайды және де өсімдіктерден жасалған дәрілік препараттарды пайдалану мәселесі өзекті.

2. Мәселе. Зерттеу жұмыстары Алматы облысы Талдықорған қаласы, Ескелді ауданы “Алипов Т” шаруа қожалығында орындалды. Тәжірибе қойылатын бұзаулар аналог принципі бойынша алынды. Тәжірибе қойылған бұзалардан тексеру үшін қан дәрілік өсімдіктер жиынтығын бергенге дейін (фондық көрсеткіш) және қолданғаннан кейінгі 7, 14, 21, 28-шы тәуліктерде алынып отырылды. Гематологиялық зерттеу жұмыстары “Клиникалық ветеринариялық медицина” кафедрасында жартылай автоматтандырылған биохимиялық анализатордың көмегі арқылы анықталды (BioChemSa).

3. Жұмыс. Өгейшөп және жолжелкен дәрілік өсімдіктер жиынтығының бұзаулардың қанындағы гематологиялық көрсеткіштерінің динамикасына әсері. Жануарлар ағзасының иммунды жағдайын анықтау үшін қанның құрамындағы гематологиялық және морфологиялық көрсеткіштердің мөлшерін анықтау өте маңызды мәселелері болып табылады, себебі олар жануарлар ағзасының бірден-бір көрсеткіші болып келеді. Ветеринариялық тәжірибеде қазіргі кезде тыныстану жүйесі ауруларына, оның ішінде бронхопневмония ауруын емдеу үшін қолданатын дәрі-дәрмектердің тиімділігі айтарлықтай төмен екендігі байқалады, көп жағдайда олардың емдік нәтижесі айтарлықтай төмендеу болып, олардан туындайтын патологиялық процесстерді толық жоя алмайды. Сондықтан да қазіргі таңда шипалық қасиеті бар өсімдіктермен емдеу

мәселесі бүгінгі таңда өзіндік назар етуді талап етеді, себебі дәрілік өсімдіктерді пайдалану ісі жыл артқан сайын кең қанат жайып келеді және жан-жақты қолдануда. Соңғы жылдары Республика көлемінде және алыс-жақын шет елдерде ветеринария саласындағы ғалымдар мен практиктер бронхопневмония ауруын емдеу мақсатында емдік қасиеті бар өсімдіктерге басты назар аударуда, себебі олардың қоры Қазақстан Республикасы территориясында жеткілікті, дайындалу технологиясы күрделі емес, экономикалық және экологиялық тұрғыдан тиімді болып саналады.

Сабақ барысында қолданылатын тиімді әдістер ретінде фармакология пәні бойынша барлық дәрілік формаларды қолданылады. Дәрілік рецепт жазу, дәрілік формаларды емдеу барысында қолдану, сабақтың тиімді әдіс тәсілдеріне фармакологиялық препараттарды фитопрепараттарды, шөптесін өсімдіктерді пайдалана отырып мал ауруларының тыныстану жүйесін емдеу жолдарында тиімді әдістерді пайдалану болып табылады.

4. Мақсаты: Шипалық қасиеті бар өсімдіктерден дайындалған дәрілік форманы кешенді түрде бұзаулардың тыныстану жүйесі ауруларына қарсы емдік тиімділігін анықтау.

5. Міндеттері:

1. Бұзаулардың тыныстану жүйесі ауруларын емдеуге өсімдіктерден дайындалған дәрілік форманы кешенді түрде тыныстану жүйесі ауруларымен ауырған бұзаулардың клиникалық көрсеткіштеріне әсерін зерттеу;

2. Бұзаулардың тыныстану жүйесі ауруларын емдеуге өсімдіктерден дайындалған дәрілік форманы кешенді түрде тыныстану жүйесі ауруларымен ауырған бұзаулардың иммундық көрсеткіштеріне әсерін зерттеу;

3. Бұзаулардың тыныстану жүйесі ауруларын емдеуге өсімдіктерден дайындалған дәрілік форманы кешенді түрде тыныстану жүйесі ауруларымен ауырған бұзауларға қарсы емдік тиімділігін анықтау болып табылды.

5. Зерттеу нәтижелері:

1. Тәжірибе қойылатын бұзаулар аналог принципі бойынша алынды.

2. Тәжірибе қойылған бұзалардан тексеру үшін қан дәрілік өсімдіктер жиынтығын бергенге дейін (фондық көрсеткіш) және қолданғаннан кейінгі 7, 14, 21, 28-шы тәуліктерде алынып отырылды.

3. Гематологиялық зерттеу жұмыстары “Клиникалық ветеринариялық медицина” кафедрасында жартылай автоматтандырылған биохимиялық анализатордың көмегі арқылы анықталды (BioChemSa).

7. Қорытынды

1. Жүргізілген зерттеулердің негізінде дәрілік өсімдіктер жиынтығымен кешенді түрде емдеу бұзаулардың клиникалық көрсеткіштерін қалыптастыруға тиімді әсер ететіндігі анықталды.

2. Зерттеу жүргізу барысында алынған мәліметтер дәрілік өсімдіктерден дайындалған дәрілік формамен кешенді емдеу бұзаулардың гематологиялық көрсеткіштеріне айтарлықтай қуаттандырып әсер ететіндігі анықталды. Тәжірибе тобында 15-30%-ға дейін көтерілсе, ал бақылау тобындағы бұзауларда небәрі 5-7%-ға ғана дейі жоғарылайтындығы анықталды.

3. Қолданылған дәрілік жиынтықтарды антибиотиктермен және витаминдік препараттармен бірге кешенді түрде қолдану бұзаулардың ауруларының алдын алуға, ауырған бұзауларды емдеуге және олардың салмақ қосу көрсеткіштерін айтарлықтай жоғарылатуға септігін тигізеді деп есептеуге болады. Аурудан айығу көрсеткіші тәжірибе тобында 100 %, ал салыстырмалы бақылау топ 80% болды.

4. Тәжірибе тобындағы бұзаулардың салмақ қосуы бақылау тобымен салыстырғанда тиісінше 3,9 және 4,3 кг жоғары болғандығы, абсолюттік салмақ қосуы 1,8 кг, ал орташа тәуліктік салмақ қосуы 67 гр. артық болатындығы анықталды.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Денисенко В.Н. Иммунодефицитное состояние и особенности иммунокоррекции организма телят: Автореф. дис.д-ра вет.наук:1999. – 50 с.
2. Мазнев Н.И. Высокоэффективные лекарственные растения// Большая энциклопедия народной медицины. Москва.-2013. - 605 с.
3. Рабинович М.И. Ветеринарная фитотерапия. М.: Росагропромиздат. 1988. - 174 с.
4. Шәріпбаев Н. Пайдалы өсімдіктерді мал дәрігерлігінде қолдану. Алматы, «Қайнар», 1988. - 242 б.

ЖАБАЙЫ ЖАНУАРЛАРДЫҢ ХИРУРГИЯЛЫҚ ЖАРАҚАТТАРЫН ЕМДЕУДЕ ТАБИҒИ МИНЕРАЛДАР НЕГІЗІНДЕ ДАЙЫНДАЛҒАН ПРЕПАРАТТАРДЫ ҚОЛДАНУ

Кымбатова А.Ж., арнайы пән оқытушысы, Талдықорған аграрлық-технологиялық колледжі

Негізгі сөздер: жарақат, қабыну, иммунология, фагоцитарлық белсенділік, жабайы тұяқтылар, хирургия, жаралар, дәрі-дәрмектер, өсімдік материалдары
Зерттеу объектісі, зерттеу орны

Зерттеу объектісі – Алматы зоологиялық саябағында орналасқан әртүрлі этиологиялы ашық механикалық жарақаттары бар жабайы тұяқтылар. Жұмыс Талдықорған аграрлық-технологиялық колледжінің ветеринариялық клиникасы, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті акушерлік, хирургия және жануарлардың репродукциясы биотехнологиясы кафедрасында, сондай-ақ Алматы зоологиялық саябағында жүргізілді.

Жұмыстың мақсаты: Алматы зоологиялық саябағындағы жабайы тұяқты жануарлардың өздігінен пайда болған жараларын (ашық механикалық жарақаттар) емдеуде табиғи шунгит минералы негізіндегі жақпа және антисептикалық ерітіндінің әсерін зерттеу.

Таңдалған мақсатқа сәйкес келесі міндеттер шешілді:

- жабайы жануарлардың өздігінен пайда болған жараларын дәстүрлі әдіспен емдеу, жануарлардың жараларына клиникалық зерттеулер мен морфометрия жүргізу;

- табиғи шунгит минералы негізіндегі жақпа және антисептикалық ерітіндіні қолдану арқылы жабайы жануарлардың өздігінен пайда болған жараларын емдеу, жануарлардың жараларының клиникалық зерттеулері мен морфометриясын жүргізу;

- алынған нәтижелерді талдау.

Жұмыстың әдістемесі – Зерттеуді жүргізу кезінде клиникалық және зертханалық (гематологиялық және нейтрофилдердің фагоцитарлық белсенділігін зерттеу) әдістер қолданылды.

Қысқаша нәтижелер, жаңалығы және практикалық маңызы

Жараны емдеу кезінде жабайы тұяқты жануарлардың клиникалық және иммунологиялық жағдайы зерттелді. Шунгит негізіндегі препараттарды жабайы жануарлардың жараларын емдеуде қолдану мүмкіндіктері зерттелді.

Жабайы тұяқты жануарлардың өздігінен пайда болған жараларын емдеуде табиғи минерал негізіндегі жақпа және антисептикалық ерітіндіні қолдану көрсеткіштері мен қолдану жиілігі анықталды.

Іске асыру дәрежесі: Табиғи шунгит минералы негізіндегі жақпа және антисептикалық ерітіндінің жануарлардағы өздігінен пайда болған жараларды емдеуге оң әсері анықталды.

Қолдану аясы: Ветеринария және мал шаруашылығы.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы. Жараларды емдеу тарихы адамзат тарихымен салыстырылады, ол ғылыми ветеринария принциптерінің пайда болуынан көп бұрын басталады. Жараларды емдеудің жаңа әдістерін табу және негіздеу процесі кейбір салаларда айтарлықтай прогреспен сипатталады (мысалы, жақпа майлардың дамуы, жаңа физиотерапиялық әдістердің пайда болуы және т.б.) және соңғы уақытқа дейін инновациялардың толықтай дерлік болмауы. басқа салалар (соның ішінде жара ақауларын жабу құралдары саласында).

Зерттеу нәтижелерінің практикалық құндылығы жабайы тұяқты жануарлардың жараларын емдеуде табиғи шунгит минералы негізіндегі жақпа және антисептикалық ерітіндіні қолдануында. Сонымен бірге қолданылатын антибиотиктердің мөлшері азаяды және жануарлардағы жаралардың жазылу уақыты қысқарады, бұл өз кезегінде емдеу жиілігін және сәйкесінше жануарларды иммобилизациялау үшін транквилизаторлардың санын азайтуға көмектеседі.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы:

- табиғи шунгит минералы негізіндегі жақпа және антисептикалық ерітіндіні қолдану арқылы емдеу әдісінің тиімділігі салыстырмалы аспектіде анықталды;

- табиғи шунгит минералы негізіндегі жақпа және антисептикалық ерітіндіні қолдану әдісі әзірленді;

Орындау бойынша ұсыныстар: жұмыстың материалдары оқу процесінде дәріс оқуда және ветеринариялық хирургиядан зертханалық және практикалық сабақтарды өткізуде, сондай-ақ Алматы зоологиялық саябағында жануарлардың жарақаттарын емдеу кезінде қолданылады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Бартновский В.И., Перспектива применения Коксуского шунгита для оздоровления и профилактики ряда заболеваний населения РК, Алматы, 2002г.
2. Бартновский В.И., “Коксуский шунгит – основа золотого фонда здоровья населения РК в XXI веке”, Алматы, 1999г.
3. Белогорцева Н.Ю., Бодров А.В., Использование минерала “Шунгит” в современной физиотерапии, 2001, 135бет.
4. Брежнев Г.Г., Соколовская Е.В., Инюшин В.М., Семькин В.А., “Шунгит-природный нейтрализатор геопатогенных зон” доклад, медицинская конференция, Алматы, 2002г.
2. Емельяненко П.А. и соав. Методические указания по тестированию естественной резистентности телят. – М., 1980. – 64с.

ТУҒАННАН КЕЙІНГІ АСҚЫНУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қажиахметова Ж.Қ., арнайы пән оқытушысы, Талдықорған аграрлық-технологиялық колледжі

1. Жобаның өзектілігі: Ғылыми әдебиетке сүйенетін болсақ барлық індетті және жұқпалы емес аурулардан келетін зияннан бедеуліктен және сүт безінің ауруларынан келетін экономикалық шығын 2-3 есе жоғары екені туралы айтылады. Сиырмен құнажындардың бедеулігіне әкеп соқтыратын себептердің негізгісі - малды дұрыс бағып-күтпеу, азығының сапасының төмендігі, ұрықтандыру кезіндегі жіберілген қателіктер, жыныс мүшелерінің аурулары, туғаннан кейінгі аналық малдың суыққа ұрынуы, ветеринарлық-санитарлық ережелерді сақтамау. Осы тұрғыдан алғанда бедеуліктің себептерін дер кезінде анықтап, уақытында аталған себептерді жою, мал шаруашылығын қарқынды дамуына оң септігін тигізеді. Сиырдың гинекологиялық аурулары, акушерлік-гинекологиялық аурулардың асқынуынан деп есептейміз-буаздық патологиясы, туу және туғаннан кейінгі кезең аурулары.

2. Мәселе. Зерттеу жұмыстары Жетісу облысы “Береке” шаруа қожалығында жүргізілді. Шаруа қожалығындағы малдың туғаннан кейінгі асқынулардың алдын алу шаралары малдың денсаулығын сақтауда маңызды орын алады. Асқынулардың алдын алу арқылы малдың өнімділігін арттыруға болады. Мысалы, сиырлар мен қойларда жиі кездесетін «жатыр қабынуы», «сүт безгегі» немесе төлдің әлсіздігі секілді проблемалар уақытында шешілмесе, шаруашылыққа қаржылық шығындар мен өнімдердің жоғалуына әкеледі.

3. Жұмыс. Шаруашылықтағы аналық мал басының туғаннан кейінгі кезеңіндегі ауруларын анықтау үшін осы шаруашылық бойынша ай сайын гинекологиялық диспансеризация өткіздік. Біздің зерттеуіміз бойынша аналық малдың арасында кеңінен таралған аурулардың бірі созылмалы эндометрит болды, одан кейін ірінді-катаральды вагиниттер, вестибулиттер, шудың түспей қалуы, жатыр субинволюциясы жиі кездесті

Патогенетикалық терапия

Патогенетикалық емдеудің белгілі бір тәсілі – ол новокаиндік блокада. Новокаин қабынған бөлім жүйкесінің тітіркену қабілетін қалыптастырады, нерв жүйесіне берілетін ауру тітіркендіруін тоқтатады осыған байланысты

ұлпалардың қоректенуі жақсарып, қабынған жерде зат алмасу процесі қалпына келеді. Сонымен қатар, фагоцитоздың белсенділігі жоғарылап, қанның бактериоциттік және лизоцимдік белсенділігі, атонияға ұшыраған жатырдың жиырылуы қайта қалпына келеді.

Организмде новокаин гидролизден өтіп параамино-бензой қышқылы пайда болады. Ол сульфаниламид препараттарын бейтараптандырады, сондықтан новокаин тосқауылын сульфаниламид препараттарымен және ваготроптық (карбохолин, прозерин) дәрмектерімен қоса қолдануға болмайды.

Акушерлік-гинекологиялық аурулардың алды налу жыл бойы айына бір рет акушерлік гинекологиялық диспансеризация өткізу керек, сиырлар бұзаулағаннан кейін бұл істі 11-12 күндері бастаған жөн. Туғаннан кейінгі кезеңде ауру бастасымен тез арада емдеу істерін жүргізу керек. Акушерлік көмекті арнайы бөлмеде асептика және антисептика ережелерін сақтай отырып жүргізген дұрыс. Туу бөлмесінен жалпы топқа гинекологиялық ауру сиырларды жіберуге болмайды. Барлық өткізілетін ветеринарлық іс-шараларға жауапты қарап есебін беріп отыру керек малдың инвентарлық нөмірін, лақап атын, тұқымын т.б. мәліметтерді тіркеу қажет. Күйге келген малды арнайы әдіспен дайындалған күйіттеуші малды пайдаланып анықтаған жөн. Әр фермада бір қолдан ұрықтандыру пунктін ашып, оның жұмысын дұрыс жүргізгені абзал. Аналық малды әр топқа дер кезінде ауыстырған жөн (туу, туғаннан кейінгі, сауу, суалту, ұрықтандыру). Туу бөлімшесінде тәулік бойы кезекшілікке арнайы дайындық өткен мамандарды қойған дұрыс. Шаруашылықта аналық малдың іштастауы байқалса оның себебін дер кезінде анықтап нәтижесі бойынша іс-шаралар ұйымдастыру қажет. Шаруашылықтағы аналық және аталық мал басын бруцеллезге, трихомонозға, кампилобактериозға тексеру қажет. Сауынды сиырлардың жыныс мүшелеріне, сүт безі жағдайын үнемі зерттеп тұру қажет. Метрит – мастит – агалактия синдромының алдын алу керек. Осы жұмыстарға мал мамандары мал дәрігерлері, зоотехниктер қолдан ұрықтандырушы – бригадирлер жауап беруі тиіс. Шаруашылықта кездескен туғаннан кейінгі патологиялардың емі. Жатырдың катаральды және ірінді-катаральды қабынуын біз өз тәжірибемізден өткізген емдеу әдістерін қолданып, емдеу жүргіздік.

Емдеу курсы 8-10 күн аралығында жүргіздік 2 және 6 күндері тері астына мынадай қоспаны енгіздік 1% новокаин ерітіндісін 100-150 мл және антибиотик пенициллин немесе стрептомицин 500 ӘБ + окситоцин 30-35 ӘБ жылы күйінде тері астына енгіздік.

-2,5,8 күндері күре тамырына 30; 60; 90 мл өз қанын алып оған 500 ӘБ пенициллин қосып бұлшық етке енгіздік.

-3; 7 күндері – стрептомицин 1гр, пенициллин 150 мың ӘБ тривитамин 100мл жатыр қуысына Эсмарх кружкасы арқылы жібердік.

- келесі қолданылған емдік дәрі ихтиоловит. Бұл дәрінің құрамы күрделі, оған; глюкоза ұнтағы – 30,0 + ихтиол 4,0гр, аскорбин қышқылы – 3,0 гр, дистилденген су 63,0 мл қоспа жасап араластырады. Ихтиоловит қоспасының түрі қара қоңыр майлы сұйық ихтиол майының иісі шығып тұрады. Дистелденген суға глюкоза мен ихтиолды қосып ерітіндіні 13-17 минут

кайнатады, одан кейін сүзіп 65-75 С суытады, кейін аскорбин қышқылын қосады. Осындай жолмен дайындалған қоспаны құйымшақ және жамбас сүйегі құралған ойпатқа алдыңғы бұрышынан жібереді, ол үшін Бобров инесін қолданады, 4-5 см тереңдікке ерітіндінің жалпы дозасы 50 мл, ерітіндіні 2-ге бөліп, екі жағына салады, дәріні 2-3 рет 72 сағат сайын қайталап отырады.

Аналық жыныс безінің қабынуы

Бірінші ауруды асқындыратын себептерді жоюымыз керек. Малдың азықтануын, рацион құрамын, бағып - күтімін, күнделікті моционды ұйымдастырады. Ең қолайлы емі кистаны тік ішек арқылы сығып тастау. Пункция жасаған тиімді, ол үшін тік ішек арқылы жұмыртқабықтағы күлдіреуікті ұстап, малдың жамбас сүйегі алдынан инені жіберіп, сұйықты сорып алып орнына 1% йод ерітіндісін жібереді.

Күре тамыры арқылы көлемі 80 мл калий йодының судағы 5% ерітіндісін 5 күн қатарынан қолданғаны дұрыс. Калий йодиді қалқанша безі арқылы лютеиндік гормонның түзілуін реттейді.

Іріңді эндометрит

Жіті катаральды және іріңді – катаральды эндометриттер

Клиникалық көріністермен анықталуы. Жатырдың қоңырқай шырыш немесе шырышты – іріңді экссудатпен араласқан сұйық ағады. Сұйықтың көлемі әртүрлі болады, әсіресе түннен кейін. Экссудаттың түсі ақ, ақ-сары болады. Шырыштың қоюлығы қаймақ тәрізді қою, кейде сасық иісті болады.

Қынап арқылы зерттегенде, қынаптың кілегей қабаты, жатырдың қынап жақбөлігі қызарып, ісініп жатыр мойнынан экссудат бөлініп тұрады. Тік ішек арқылы зерттегенде жатыр тармақтарының үлкейіп, қабырғасы қалындағаны аурушаңдығы білінеді және жиырлу қабілеті төмендеп, флюктуация нақты білінеді.

Жатыры тік ішек арқылы ұстап көргенде сиыр күшеніп, арқасын бүкірейтеді, қынаптан көп мөлшерде экссудат бөлінеді. Аналық жыныс бездерінде кейде сары денелер байқалады. Жыныс циклі болмайды. Малдың жағдайы нашарлап, әлсізденеді, дене қызуы бірде басылы, бірде жоғары деңгейде тұрады.

4. Мақсаты: Осы жұмыстың басты мақсаты организмде және жыныс мүшелерінде туғаннан кейінгі инволюция кезінде болатын физиологиялық үрдістерді зерттеу, осының негізінде сиырлар төлдегеннен кейін жыныс мүшелерінің қызметін қайта қалпына келтіруге қатысты тиімді әдістер ойластыру.

5. Міндеттері:

1. Шаруашылық жағдайында сиырдың жыныстық мүшелерінің инволюциясының ұзақтығы және клиникалық көрінісін зерттеу.

2. Сиыр төлдегеннен кейін жыныстық мүшелерінің инволюциясы мерзіміне кейбір фармакологиялық заттардың әсерін сынау.

3. Сиырлардың жыныстық мүшелерінің туғаннан кейінгі патологияларының алдын алу шараларын ойластырып, өндіріске ұсыну.

6. Зерттеу нәтижелері:

1. Акушерлік- гинекологиялық аурулардың алдын алу үшін аналық малдың бағып күтуін жақсартып мационға шығару керек.

2. Туғаннан кейінгі кезеңде акушерлік-гинекологиялық диспансеризация жасап ауру малды дер кезінде емдеу керек.

3. Туғаннан кейінгі кезеңде акушерлік-гинекологиялық патологияның алдын алу үшін уыз және 10% новокаин ерітіндісін қолданғы дұрыс.

7.Қорытынды

1. Шаруашылықтағы жаңа төлдеген аналық сиырлардың 20% - акушерлік-гинекологиялық ауруларға ұшырғаны анықталды. Оның ішінде 70% - жатыр аурулары.

2. Бедеу қалған сиырлардың әрбір 100 басына алынатын бұзау саны 65-тен аспайды.

3. Бедеулікпен күресу үшін жаға бұзаулаған сиырларға тері астына 10-15 мл өз уызын және 10% новокаин ерітіндісін аш бүйірден 10 мл құрсақ қуысына жіберген өз нәтижесін береді.

4. Шаруашылықтағы аналық мал басының буаз кезіндегі күтімін жақсартып, мационға шығару керек.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Абдрахманов Т.Ж. «Диспансеризация коров в хозяйствах Акмолинской области» Вестник науки Акмолинского сельхоз. Института, 1996 г №4

2. Васильева Е.А. «Клиническая биохимия сельскохозяйственных животных» Москва «Колос» 1984 г.

3. Васильев В.Т. «Факторы обуславливающие возникновение эндометритов и маститов коров» Ветеринария 1996 г стр. 34-38

4. Вегота Л «Методы бактериологического исследования слизи при эндометритах коров» Реферативный журнал стр. 60-64

5. Гудимова Т.Е. «Болезни гениталий и маститы» Ветеринария 1986 г № 8 стр. 36-38

ҚАЛДЫҚТЫ ӘЛЕМ АРТТА ҚАЛДЫ

Студенттер Қалманова А., Мырзабекова С., 3 курс, «Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі» МКҚК

Ғылыми жетекшісі: Салықбаева К.С., арнайы пән оқытушысы

Өзектілігі: Қалдықтардың жиналуы – Ақтөбе қаласында тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың шамадан тыс жиналуы экологиялық тұрақтылыққа теріс әсер етеді. Қалдықтардың дұрыс сұрыпталмауы мен тиісті өңделмеуі нәтижесінде, қала маңында қоқыс жинақталып, полигондарда орын жетіспейді. Қазіргі уақытта тұрғындардың қалдықтарды дұрыс жою және сұрыптау мәдениеті әлі де төмен, бұл жағдай экологияға және адамдардың денсаулығына зиян келтіреді. Қалада тиісті қалдықтарды жинау және өңдеу жүйесі толыққанды жұмыс істемейді, сондықтан экологиялық ахуал нашарлап, санитарлық жағдай нашарлайды. Ақтөбе қаласының экологиялық ахуалына кері әсер ететін басты факторлардың бірі – қалдықтардың дұрыс басқарылмауы.

Мәселе: Қайта өңдеу жүйесінің дамымауы – Ақтөбе қаласында қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу жүйесі жеткілікті деңгейде дамымаған. Инфрақұрылымның жоқтығы немесе жетіспеушілігі қалдықтарды тиімді өңдеу процестерінің орындалмауына себеп болады. Қалдықтарды қайта өңдеу зауыттарының саны өте аз болғандықтан, көптеген қалдықтар полигондарға жіберіледі. Бұл жағдай экологиялық мәселелермен қатар, экономикалық тұрғыдан да тиімсіз, себебі қалдықтарды қайта өңдеу арқылы ресурстарды үнемдеуге және жаңа материалдар алу мүмкіндіктері жоғалтады. Сонымен қатар, қайта өңдеу үшін қажетті инвестициялар мен жаңа технологиялар жетіспейді, бұл қалдықтарды басқарудың тиімділігін төмендетеді.

Полигондардың толып кетуі – Қаладағы қоқыс полигондары экологиялық талаптарға сәйкес келмейді және оларды дұрыс басқару жүйесі жоқ. Қалдықтардың көп бөлігі осы полигондарға түсіп, экологияға зиянын тигізеді. Полигондардың толықтығы көбейіп, жаңа жерлер табылмаған жағдайда, қалдықтар бей-берекет төгіле бастайды, бұл экосистемаларға және тұрғындардың денсаулығына қауіп төндіреді. Полигондардағы қалдықтардың дұрыс өңделмеуі нәтижесінде топырақ, су және ауа ластанады, бұл экологиялық жағдайды одан әрі күрделендіреді. Қалдықтардың үлкен көлемі полигондарда шіріп, өрт кезінде зиянды химиялық заттар шығарады, бұл ауа сапасына кері әсер етеді.

Қалдықтардың қоршаған ортаға зияны – Қалдықтардың қоршаған ортаға әсері өте зор. Топырақтың, судың және ауаның ластануы – бұл қалдықтардың экологиялық зияндарын көрсететін негізгі факторлар. Қалдықтар полигондарда дұрыс жойылмағанда немесе өртелгенде, олар адам денсаулығына зиянды улы газдар бөледі. Бұл газдар ауаны ластап, адамның тыныс алу жолдарын зақымдайды. Сонымен қатар, қалдықтар топырақты және суды ластайды, бұл ауыл шаруашылығына да теріс әсер етеді. Ластану экосистемаларды бұзады, биоәртүрлілікті төмендетеді және климаттың өзгеруіне ықпал етеді. Осыған байланысты қалдықтарды басқару мәселесі тек экология үшін ғана емес, адам денсаулығы үшін де өте маңызды.

Жұмыс мақсаты: Ақтөбе қаласындағы қалдықтарды басқару жүйесін зерттеп, негізгі проблемаларын анықтау және оларды шешу жолдарын ұсыну. Сонымен қатар, халықтың экологиялық сана-сезімін арттыру және қалдықтарды қайта өңдеу мүмкіндіктерін кеңейту қажеттігін көрсету.

67-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар - ерекше қорғаудың құқықтық режимімен не шаруашылық қызметтің мемлекеттік табиғи-қорық қорын сақтау мен қалпына келтіруді қамтамасыз ететін режимімен реттелетін жер, су, орман және жер қойнауы учаскелері.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарымен белгіленеді.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру тәртібі, қорғау және пайдалану режимдері, олардың қызмет жағдайлары Қазақстан

Республикасының заңдарымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді. Осы бапқа байланысты міндеттерді айта кетсйік.

Міндеттер:

- Ақтөбе қаласындағы қалдықтарды жинау, сұрыптау және өңдеу жүйесін зерттеу;
- Қалдықтарды қайта өңдеуге байланысты қолданыстағы шараларды талдау;
- Экологиялық мәдениетті дамыту жолдарын қарастыру;
- Қалдықтарды тиімді басқаруға арналған ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу нәтижелері: Ақтөбе қаласында қалдықтарды басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру үшін бірқатар шаралар қажет. Біріншіден, қалдықтарды сұрыптау мәдениетін қалыптастыру және тұрғындарды экологиялық мәдениетке баулу керек. Бұл үшін қалалық инфрақұрылымды дамыту, қайта өңдеу кәсіпорындарын көбейту және экологиялық білім беру жұмыстарын жандандыру қажет. Сонымен қатар, мемлекеттік және жеке сектордың ынтымақтастығын арттыру өте маңызды. Қалдықтарды басқару жүйесін жақсарту үшін заңнамалық тұрғыдан қолдау көрсетіп, жаңа экологиялық жобаларды жүзеге асыру қажет. Қалдықтарды тиімді басқару үшін білім беру, ақпараттық науқандар мен инновациялық шешімдер қажет.

Тәуелсіздікке қол жеткізген 24 жыл ішінде Қазақстанның экономикасы қаршынды қадамдармен дамыды. Еліміз бүгінде әлеуетті экономикасы, тұрақты қаржылық қуаты бар мемлекетке айналғаны да ақиқат. Осының бәрі ненің арқасы? Ол қойнауы қазына, топырағы құт қазақтың қасиетті жерінің арқасы. Жасыратыны жоқ, ел экономикасының бүгінге дейін даму үрдісі тек қасиетті жеріміздің қойнауынан алынған шикізат ресурстарының арқасында ғана мүмкін болды. Қазақстан Республикасы экспортының 90 пайызын мұнай, көмір, темір және әртүрлі түсті металл шикізаты құрайтындығы да шындық. Ғасырлар бойы төл перзентін қойнауынан алынған игілікпен қамтамасыз етіп келе жатқан қайран дала қажыды, тума табиғатымыз тақырланды. Ұлы дала енді туған перзенттерінен жа-на-шырлық күтеді. «Алмақтың да салмағы бар». Енді «бұлақ көрсең, көзін аш» деген баба-лардың қасиетті қағидасына адалдық танытып, жомарт даламызды күл-қоқыстан тазартып, тынысын ашуымыз қажет-ақ. Қазақ «жер жарасы – жан жарасы» деген ұлағатты ұран тұтқан ұлт.

Қорытынды: Ақтөбе қаласындағы қалдықтарды басқару мәселесі қазіргі уақытта маңызды экологиялық проблемаға айналып отыр. Қалдықтардың дұрыс жиналмауы, сұрыпталмауы және қайта өңдеу жүйесінің жетіспеушілігі қоршаған ортаға теріс әсер етіп, экологиялық дағдарысқа алып келеді. Полигондардың толып кетуі, қалдықтардың дұрыс жойылмауы, экологиялық мәдениеттің төмендігі және қайта өңдеу кәсіпорындарының аздығы – бұл мәселелердің барлығы экология мен адамның денсаулығына зиян келтіреді.

Бұл мәселелерді шешу үшін Ақтөбе қаласында қалдықтарды басқару жүйесін жаңарту қажет. Қалдықтарды сұрыптау мәдениетін қалыптастыру, қайта өңдеу кәсіпорындарын көбейту, экологиялық білім мен ақпараттық науқандарды арттыру сияқты шаралар экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар, мемлекеттік және жеке сектор арасындағы

ынтымақтастықты күшейту арқылы қалада қалдықтарды тиімді басқару жүйесін құруға болады.

Ақтөбе қаласының экологиялық жағдайын жақсарту тек қоршаған орта үшін ғана емес, қоғамның әлеуметтік және экономикалық әл-ауқатын арттыру үшін де маңызды. Сондықтан қалдықтарды басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру қаланың дамуына және тұрғындардың өмір сапасының жақсаруына өз әсерін тигізеді.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Жалпы білім беретін мектепте табиғат қорғау жұмысын күшейту туралы (әдістемелік хат) мектептегі тәрбие жұмысы. – Алматы, 1978.-55б
2. Нұғыманов И, Орынбеков С. Экологиялық білім берудің педогогикалық негізі. //Қазақстан мектебі, 1996.
3. Қоршаған ортаны қорғау туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі № 160-І Заңы

ПЛЕЙКАСТ – БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ ҚҰРАЛЫ
Студент Құбаева Г, 3 курс, Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Аймуханова А.А., орыс тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы

Бұл жұмыс қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды дамып жатқан заманында, цифрлық технология мен шығармашылық әдебиетті біріктіретін бірден бір құрал – плейкаст – заманауи білім беру ресурсымен танысуға және оны өзбетінше дайындап, оқу қызметінде пайдалану жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда жастардың әдебиетке, кітапқа деген сүйіспеншілігінен көрі, гаджеттерге деген тәуелділік артқаны бәрімізге мәлім. Барлық мәселе осында. Ақындардың өлеңдерін оқу мен тілді байыту екінші орынға ығысып, әлеуметтік желілер мен ойын-сауық платформаларға көп уақыт бөлінеді. Осы мәселені шешу үшін әдебиетті ақпараттық технологиялар мен жаңа әдістерді қолданып заманауи форматта оқытуды ұсынамыз.

Плейкастты қолдану жастардың әдебиетке деген, жалпы айтқанда кішкентай бір өлеңді қызығушылықпен жаттауға деген құлшынысын арттыруға көптеген ықпал етеді деп сенімді айта аламыз. Өйткені бұл жастардың әдебиетке қызығушылығын арттырып қана қоймай, шығармашылыққа және креативті ойлауға көмектесетін жаңа тәсіл.

Жұмысымыздың мақсаты – плейкаст сияқты білім беру ресурсымен, оның мүмкіндіктерімен және қолдану аясымен таныстыру болса, міндеттері – плейкасттың функционалдық ерекшеліктерін талдау, плейкастты әдеби шығармаларды, әсіресе өлеңдерді ерекше жеткізу құралы ретінде қарастыру, плейкасттың жастар арасындағы танымалдылығы мен қолдану деңгейін

зерттеу, әдебиетке қызығушылықты арттыруда плейкасттың рөлін анықтау, плейкастты қолдану бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Ендеше «плейкаст» терминін қарастырайық. Плейкаст дегеніміз не? Бұл сөздің этимологиясын алсақ, ол ағылшын тілінен енген «playcast» сөзі, аударғанда «play» – ойнау, орындау, және «cast» – жариялау деген мағына береді. Ал, дефенициясына келетін болсақ, плейкаст – қандай да бір тақырып бойынша бейне-, фото- файлдарды, музыка мен мәтінді қамтитын мультимедиялық ашықхат (открытка). Оған қоса, шығармашылық ойды еркін әрі визуалды түрде әдемі жеткізудің ерекше құралы.

Плейкастты әдебиет сабақтарында қолданудың тиімділігі неде? Бұл сұраққа жауап беру үшін, алдымен бірқатар басқа да сұрақтарға жауап іздеп көрейік: Неге авторлық әндерді тыңдағанда, тыңдаушылар оның мәтінін шығаруды сұрайды? Не үшін әндерге клип түсіреді? Балаларға арналған кітаптарды неліктен жарқын суреттермен толықтырады?

Өйткені адамда қабылдау арналары өте көп: визуалдық – суреттер оқушылардың назар аударуына толықтай әсер етеді, аудиалдық – музыка мен дыбыстық эффектілер тыңдаушылардың эмоциясын қозғайды, кинестетикалық – қозғалыс элементтері мен ритм арқылы оқушыларды сабаққа белсене қатысуына көмектеседі. Осы қабылдау арналары бір уақытта жұмыс жасағанда, материал оқушының есінде тез әрі анық сақталады.

Плейкастты музыкалық ашықхат деп айта кеттік, өйткені оның негізгі мақсаттарының бірі көрерменге визуалды әсер қалдыру. Сурет, музыка, мәтінді біртұтас қылған бұл мультимедиялық форматтағы ерекше құрал шығармашылық туындыларға екінші өмір сыйлағандай болады.

Әдебиет сабақтарында плейкастты сабақтың қай кезеңдерінде пайдалануға болады десеңіз, кез-келген кезеңінде деп жауап беруге болады:

- сабақ басында, тақырыпты анықтау мақсатында оқушыларға проблемалық сұрақ қою арқылы қызықтыру үшін;
- сабақтың ортасында, белгілі бір ақынның лирикалық мотивтерін түсіндіру мақсатында;
- сабақ соңында, тақырыпты қорытындылау және рефлексия жасау үшін;
- сонымен қатар, плейкаст жасауды үй тапсырмасы ретінде беруге де болады, бұл өлеңді тез жаттауға және мағынасына терең үңілуге мүмкіндік береді.

Кез-келген ақынның өлеңдерін оқыту кезінде плейкастты қолдану оқушыларға ақынның шығармашылық әлеміне тереңірек үңіліп, енуге мүмкіндік береді. Плейкасттағы суреттер арқылы ақынның шығарған образдарын көз алдына елестетіп, музыка арқылы оның көңіл-күйін сезініп, мәтін арқылы мағынасын түсінуге болады.

Плейкастты білім беру жүйесінде қолдану маңызды екенін білдік. Ендеше, оның жасалу жолын қарастырайық.

Плейкастты жасау үшін үш негізгі компонент қолданылады:

- сурет немесе бейнежазба – көрерменге визуалды әсер ететін басты элементтің бірі;

- әуен – көрерменнің әсерін күшейтетін екінші маңызды компонент, бейнежазбамен ортақ үйлесім табатын музыканы іздеу де оңай жұмыс емес дер едім;

- мәтін плейкастқа тереңдік қосатын элемент.

Енді әрқайсысына қойылатын талаптарға бөлек тоқталайық:

– Бейне ретінде фотосурет, сурет, бейнежазбаны қолдануға болады.

– Музыканы әлеуметтік желілерден алуға болады, бірақ міндетті түрде оның аты мен авторы көрсетілуі тиіс.

– Музыкалық ашықхатта (открыткада) өлең соңғы орында тұрады, сондықтан ол плейкастта болуы да мүмкін, болмауы да мүмкін. Егер ашықхатта (открыткада) өлең жазылатын болса, онда ол көлемі жағынан шағын болуы тиіс. Мәтін мен бейне үйлесімді болуы керек. Мәтіннің түсі мен шрифтіне, мөлшері мен орналасуына аса мән беру қажет. Әріптері анық оқылатындай болуы қажет.

Мысал ретінде Мұқағали Мақатаевтың «Ей, өмір» өлеңіне арнап өзімнің дайындаған плейкастымды келтірейін. Плейкаст жасағанда, біріншіден, бейнежазбаларды өлең мәтінінің әр жолымен сәйкес келетіндей қылып таңдадым, оларды Google-дан әсерлі бейнежазбалары көп рixabay.com сайтынан таптым. Әуенге келер болсақ, өлеңді оқыған мәнеріме қарай ерекше болсын деп Yiruma – “River flows in you” музыкалық композициясын таңдадым. Тегін әрі тез жүктеу үшін sefon.pro сайты қолдандым. Осының бәрін дайындап, плейкаст жасау үшін өзіме өте ыңғайлы CapCut қосымшасын пайдаландым. CapCut қосымшасында бейнежазбаларды біріктіріп, әуенді қойып, оған өлеңді мәнерлеп оқыған өзімнің дауысымды қостым. Бұл жұмыс маған ақынның шығармашылық стилін түсінуге және өлеңнің негізгі идеясын сезінуге мүмкіндік берді. Плейкаст жасауға қызыққан әрбір адам осыны сезіне алады деп ойлаймын.

Өзім педагогикалық колледжде оқитындықтан, болашақ мұғалім ретінде, плейкастты қолдану білім беру процесіне өз септігін тигізетін таптырмас әдістердің бірі екенін сенімді түрде айта аламын. Плейкастпен осы оқу жылы танысып, оны өз тәжірибемде белсенді пайдаланып жүрмін. Ең алғашқы рет орыс тілі мен әдебиеті пәнінен Ф. Тютчевтің «Есть в осени первоначальной» өлеңіне плейкаст дайындасам, одан кейін жетекшімнің «Оқуға құштар колледж: Мен кітапты ашамын – Мен әлемді танымын!» атты облыстық семинарында өткізген шебер-сыныбында семинарға қатысушы оқытушыларға осы плейкастты қалай дайындағанымды көрсеттім. Одан кейін қаламыздағы Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетіне жетекшіммен бірге барып, оның университет студенттеріне өткізген «қонақ дәрісінде» Мұқағали Мақатаевтың «Ей, өмір» өлеңіне дайындаған плейкастымды таныстырдым, оны қалай жасағанымды түсіндіріп, оның әдістемелік артықшылықтарымен бөлістім. Қазір біз тобымызбен бірге мектепте өндірістік тәжірибеден өтіп жатырмыз. Осы практика кезінде де мен плейкасттарды тиімді қолданудамын. Мысалы, жақында «В мире чисел» тақырыбында өткен ашық сабағымда тақырыпты ашу мақсатында «миға шабуыл» ретінде цифрлар туралы өлеңге плейкаст жасап, оқушыларға жаңа

тақырыпты түсіндірдім. Плейкаст сабақтың мазмұнын, тақырыбын ашуға көмектескен бірден бір құрал болды.

Қорыта айтқанда, плейкаст – мектеп оқушыларына лирикалық шығармалар бойынша сабақ өту барысында өте ыңғайлы әрі пайдалы әдіс болып отыр. Себебі ол үй тапсырмасы ретінде берілсе, плейкаст жасау арқылы өлеңді тереңірек түсінесің, оның сөздеріне анықтап мән бересің және соған байланысты бейнежазбалар мен әуен таңдайсың. Оған қоса өзіңнің даусыңмен мәнерлеп оқу арқылы, тіліңді жаттықтырасың. Осылайша, плейкаст технологиясы оқыту процесін жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың қызығушылығын арттырып, шығармашылыққа ынталандырады. Плейкасттың болашағы зор, өйткені ол дәстүрлі оқыту әдістерін толықтырып, заманауи оқыту үдерісіне жаңа серпін береді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. О.А. Бухарева. Изучение лирических произведений на уроках литературы. URL: <https://search.app/QaerpSGBQGaWpjEQ9>
2. Виды человеческого восприятия. URL: <http://rub-rpc.ru/services/stranitsa-psikhologa/tip-vospriyatiya-vizualy-audialy-kinestetiki-diskrety>

ТОҒАН ФЕРМАЛАРЫНДАҒЫ БАЛЫҚ ГЕЛЬМИНТТЕРІНІҢ МОНО ЖӘНЕ АРАЛАС ИНВАЗИЯСЫНЫҢ АДАМ МЕН ЖАНУАРЛАРҒА ҚАУІП. (БАЛАУ ЖӘНЕ КҮРЕС ШАРАЛАРЫ)

Құрманяқызы Б., арнайы пән оқытушысы, Талдықорған аграрлық-технологиялық колледжі

1. Жобаның өзектілігі: Қазақстанның балық шаруашылығы су қорына бай, балықтар түрі көп және балық өсіру мен аулауды қарқынды дамытуға қолайлы жағдайлар жасалғаны мәлім. Біздің республикамызда жалпы көлемі 7 млн га астам үлкенді – кішілі көлдер көп. Олардың 3 млн 300 мың га балық өнеркәсібіне берілген және 900 га астам су қоймалары бар. Шығыс Қазақстанның оңтүстік шығысында Зайсан, Балхаш - Алакөл, Марқакөл, Сасықкөл көлдері, оңтүстік батыс жағында Шар, Шаған, Аягөз бен Ай және Ертіс өзендері ағып жатыр. Балық молшылығына қолдан өсіру әдісінің маңызы зор. Балық өсіретін зауыттар балық уылдырығын қолдан ұрықтандырып өсіріп, көптеген шабақтарды өзен, көлдерге жіберу арқылы балық санының артуына мүмкіндік жасайды.

Балықтар адам мен жануарларға кейбір гельминтоз ауруларын тасымалдаушылар. Адам және жануарларға жұғатын балық аурулары: описторхоз, клонорхоз, дифиллоботриоз, метагонимоз, анизакидоз, диоктофимоз, гнатостомоз, нанофиетоз, псевдамфистомоз [3].

Балық аурулары, балық организмінде ауру қоздырғыштардың әсерінен немесе тіршілік ортасының қолайсыз жағдайынан болады, зат алмасу, ас қорыту, тынысалу, т.б. тіршілік процестерінің қалыпты жағдайының бұзылуына әкеледі. Балық аурулары жұқпалы және жұқпайтын болып бөлінеді. Жұқпайтын балық аурулары балықтардың тіршілік ортасының қолайсыз жағдайынан (оттек

немесе қоректік заттардың жетіспеуі, температураның жоғары болуы, пестицидтер мөлшерінің көбеюінен судың улы заттармен ластануы, т.б.) туады. Балықтың жұқпалы аурулары инфекциялық және инвазиялық аурулар тобына бөлінеді. Инфекциялық аурулардың қоздырғыштары — вирустар, бактериялар, саңырауқұлақтар жәнесу өсімдіктері. Инвазиялық ауруларды паразит құрттар (гельминтоз), шаянтәрізділер (крустацеоз) және қарапайымдар (протозоа) тудырады. Жұқпалы ауруларға балықтардың вирусаурулары (қызамық, балық торсылдағының қабынуы және т.б.), балықтың бактериялық кеселі (*Aeromonas punctata* — су бактериясы тарататын Балық аурулары), саңырауқұлақтардан болатын кеселдер (сапролегниоз, т.б.) жатады. Сонымен қатар балықтың жұқпалы кеселіне қарапайымдар (кокцидиялар, талшықты инфузория) тарататын тұқының кокцидиоз энтериті, ихтиофтириоз; паразит құрттар тудыратын дактилогироз (қоздырғышы *Dactylogyrus vastator* және *Dactylogyrus extensus* құрттары), сангвиниколез (*Sanguinicolainermis*), диплостомоз (*Diplostomum chromatophorum*), ботриоцефалез (*Bothrioccephalus acheilognathi*), лигулез (*Ligulaintestinalis*) аурулары жатады. Балықтың жұқпалы ауруларға төзімділігі ауру қоздырғыштар түріне, олардан қорғану қабілеті мен тіршілік жағдайына байланысты. Ауруға шалдыққан балықтаар қоректенбейді, әлсіреп қырылып қалады. Балықауруларының қоздырғыштары таралмау үшін карантин шаралары жүргізіледі.

Балық шаруашылық саласының қолданыстағы заңнамасын жетілдіру мақсатында 2010 жылдың 21 қаңтарында қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балық шаруашылығының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының аясында «Жануарлар дүниесін қорғау өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңына ауқымды түзетулер жасалып, балық аулау, балық шаруашылығын жүргізу саласындағы бірқатар нормативтік – құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізілді. Осы өзгерістердің бірі тауарлы балық өсірумен айналысатын ұйымдарға мемлекеттік қолдау көрсету шараларын көздейді. Бүгінгі таңда осы бағытты дамытуға мемлекет тарапынан айтарлықтай көңіл бөлініп отыр [2].

Қазіргі таңда Республикамызда сапалы мал өнімінің өнімдерін, сонымен қатар балық өнімдерін даярлауда оған басты назар аударуда. Соған байланысты балық шаруашылығына көп көңіл бөлінуде. Осыған байланысты балық ауруларының алдын алуды, қажет болғанда ветеринариялық – санитариялық шараларды жоғары және ғылыми негізде жүргізетін ветеринария мамандарын даярлау қазір өзекті мәселеледің бірі.

2. Мәселе. Зерттеу жұмыстары Алматы облысы Талдықорған қаласы, Ескелді ауданы “Алипов Т” шаруа қожалығында орындалды. Тәжірибе қойылатын бұзаулар аналог принципі бойынша алынды. Тәжірибе қойылған бұзалардан тексеру үшін қан дәрілік өсімдіктер жиынтығын бергенге дейін (фондық көрсеткіш) және қолданғаннан кейінгі 7, 14, 21, 28-шы тәуліктерде алынып отырылды. Гематологиялық зерттеу жұмыстары “Клиникалық ветеринариялық медицина” кафедрасында жартылай автоматтандырылған биохимиялық анализатордың көмегі арқылы анықталды (BioChemSa).

3. Жұмыс.

Зерттеуге әкелінген балықтар тұқы тектес балықтар тұқымына жатады. Әкелінген балықтарды гельминтоздарға зерттедім. Ең бірінші әкелінген балықтардың түсін, сыртқы түрі мен тері жабынының жағдайын визуальді жолмен анықтадым. Өнімнің түсін жаңа кесілген көлденең тілікте анықтадым, тілікті бұлшық еті мол жерден жүргізіледі. Мұздатылған өнімді алдын-ала жібітіп алдым. Балықтардың иісін балықтың денесіне арқа қанаты мен бас аралығына аналь тесігіне жақын жерден омыртқаға бағытталып енгізілген жаралары мен механикалық зақым тиген жерлерден және еті қалың жерінен блоктың терең қабатына енгізілген пышақ немесе шпилька бетін сондай-ақ желбезек бетін иіскеу арқылы анықтадым. Кейін арқа бұлшықетін описторхоз гельминтін балаңқұртына компрессорлық әдіс бойынша қарап анықтадым. Ол үшін балықтың бір бүйірінің қабыршағын алған терісін скальпельменекі бағытта кестім. Бірінші тілікті арқа жүзбе перпендикулярлы бағытта ұзына бойы, ал екінші қанатына дейін жанама, жағалай тіліп, тері асты пинцетпен 25 см дейін тартып, сыпырып алдым. Содан кейін 0,2-0,5 см қалыңдықта бұлшықеттің беткі қабатын кесіп алып, компрессорлық әйнек үстіне ұсақтап турап, жақсылап араластырып, әйнек бұрандамамен қысып жаптым. Микроскоп көмегімен кіші үлкейтуде бір балықтан алынған барлық тілім қаралады. Описторхозбен зақымданған жағдайда құрттар оңай табылады. Біздің зерттеулерімізде описторхозбен залалданған балықтар анықталмады (кесте 3).

4. Мақсаты: Жетісу облысының су көздерінде өсетін балықтарда гельминтоздардың моно және аралас инвазиясының таралуын анықтау және ветеринариялық-санитариялық шараларды дайындау, өндірістік қолданысқа ұсыну.

5. Міндеттері:

1. Жетісу Облысының су көздерінен ауланатын балықтарды гельминтоздарға зерттеу;

2. Тоған фермалардағы балық гельминттерінің моно және аралас инвазиясының таралуын анықтау,

3. Тоған фермалардағы балық гельминттерінің моно және аралас инвазиясының түрлерін анықтау.

4. Балық гельминтоздарына қарсы ветеринариялық-санитариялық шараларды дайындау, өндірістік қолданысқа ұсыну

5. Зерттеу нәтижелері:

Тоған фермалардағы балық гельминттерінің моно және аралас инвазияларымен залалдануы анықталып, өндіріске тиімді емдеу әдістері мен ғылыми негізделген алдын алу шаралары зерттелінді.

Тоған фермалардағы балық гельминттерінің моно және аралас инвазиялары әсерінен таралған ауруларды емдеу және алдын алудың жаңа тиімді әдістері ұсынылады.

7. Қорытынды

1. Жетісу облысының су көздерінен ауланған тұқы тектес балықтарды компрессорлық әдіспен зерттегенде *Opisthorchis felineus* құртының метацеркарийларымен залалдануы анықталмады.

2. Жетісу облысының су көздерінде (Алакөл, Қаратал, Балқаш) балықтарда лигулездің таралуы 20-70 % - ды құрайды.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан республикасының ветеринария заңнамасы // Астана, - 2010 ж

2. Ысқақов М.М., Бөлекпаева Л.Т. Балық аурулары // Алматы, - 2007ж. 86-97 б

3. Абеуова Л.С., Кусаинова А.С., Сембаева Ж.П., Ашетова И.Н. Балық анизакидозының таралуы // Астана, -2012 ж

4. Дүйсембаев С.Т. Ветеринариялық санитариялық сараптау// Алматы, -2013. 374-386 б.

5. Скрыбин К.И., Попов Н.П. Гельминтологиялық экспедиция // Павлодар, - 1925 ж

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУДЕГІ РӨЛІ

Мусаева А.Т., информатика пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «№9 Меркі колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

1. Өзектілігі:

Жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары қазіргі білім беру жүйесіне енгізіліп, студенттердің оқу процесін жақсартуға мүмкіндік береді. ЖИ қолдану колледж студенттерінің білім алуында жаңа мүмкіндіктер ашады, оларды цифрлық экономика мен болашақта қажетті дағдыларға дайындайды.

Ақпараттану пәнінде ЖИ-дің қолданылуы қазіргі технологияларды меңгеру мен студенттердің логикалық ойлау қабілетін дамыту үшін маңызды.

2. Мақсаты:

- Жасанды интеллектінің білім беру процесінде, әсіресе студенттердің ғылыми жобаларында алатын рөлін анықтау және оның мүмкіндіктерін көрсету.

- ЖИ құралдарын тиімді қолдану арқылы оқытудың сапасын арттыру және студенттерді ғылым мен технологияның соңғы жаңалықтарына дайындау.

3. Міндеттері:

- Жасанды интеллектіні қолданудың артықшылықтары мен қиыншылықтарын зерттеу.

- ЖИ технологияларының білім беру процесіндегі және ғылыми жобалардағы рөлін талқылау.

- Студенттер үшін ЖИ-ассистенттерін, симуляциялар мен визуализацияларды құрудың маңыздылығын көрсету.

Жасанды интеллектінің педагогикалық қызметте тиімді қолданылуына қатысты мәселелерді анықтап, оларды шешу жолдарын ұсыну.

4. Жасанды интеллектінің білім беру процесіндегі рөлі:

- ЖИ студенттердің оқу материалдарын тереңірек меңгеруіне және өзіндік ырғағында алға жылжуына мүмкіндік береді.

- Оқу процесін персонализациялау, студенттердің жеке ерекшеліктеріне қарай бейімделген бағдарламалар мен материалдарды әзірлеу.

- Жасанды интеллект студенттердің әлсіз тұстарын анықтап, оларды жақсарту үшін ұсыныстар береді.

- Білім беру сапасын арттыруда ЖИ жүйелерін пайдалану студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытады.

5. Студенттердің ғылыми жобаларында ЖИ қолдану:

- ЖИ ғылыми жобаларды орындау барысында ақпарат іздеуді жеделдетіп, күрделі есептеулер мен модельдеулерді жеңілдетеді.

- Жиі кездесетін рутиналық тапсырмаларды автоматтандыру студенттерге шығармашылық жұмыстарға көп уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

- ЖИ алгоритмдері студенттерге деректерді талдау, болжау жасау және ғылыми идеяларды генерациялауға көмектеседі.

6. Жасанды интеллектіні қолдану шектеулері мен мәселелері:

- Жасанды интеллектінің оқытуда мұғалімнің рөлін алмауы тиіс, тек оның жұмысын тиімді әрі байытатын құрал ретінде қолданылуы керек.

- Студенттердің жеке қасиеттерін ескеру, адам факторын сақтау және деректерді қорғау мәселелері маңызды болып табылады.

Жасанды интеллект студенттердің жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқу процесін тиімдірек ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ол студенттердің деректерді талдауға, бағдарламалауға және логикалық ойлауға қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ, білім деңгейіне қарай бейімделген оқыту материалдарын ұсынуға көмек береді. Нейрондық желілер мен ЖИ ассистенттері арқылы студенттер күрделі тақырыптарды оңай түсініп, олардың теориялық білімдерін практикалық жұмыстарда қолдана алады. Дегенмен, ЖИ толық автоматтандыруды білдірмейді, ол мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оқу тәжірибесін жақсартады.

Мақалада ЖИ мен нейрондық желілерді қолданудың нақты мысалдары келтіріліп, олардың білім беру саласындағы артықшылықтары мен мүмкіндіктері талқыланған.

7. Қорытынды:

- Жасанды интеллектінің білім беру саласындағы қолданылуы студенттерді болашақта сұранысқа ие дағдыларға үйретіп, ғылыми жобалардың нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.

- Нейрожелілер мен басқа да ЖИ құралдарын қолдану оқушыларға жаңа білім алу мүмкіндіктерін ашады, оларды жоғары деңгейдегі аналитикалық ойлау мен мәселелерді шешу қабілеттерімен қамтамасыз етеді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Рассел С., Норвиг П. Искусственный интеллект: современный подход/Прентис Холл. - Основной учебник по искусственному интеллекту, охватывающий основные понятия и технологии.-2016.
2. Бруссард, М. Искусственный интеллект: пределы возможного. М., 2020.
3. Чулюков В.А., Дубов В.М. Искусственный интеллект и будущее образования //

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНДА СИЫРЛАРДЫҢ БЕДЕУЛІГІН ЕМДЕУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

1. Өзектілігі

Сүтті ірі қара малының өнімін арттырудың негізгі шарттарының бірі – асыл тұқымды мал басының репродуктивті әлеуетін барынша пайдалану.

Көптеген зерттеулердің деректері сиырлардың бедеулігі көбінесе азықтандырудағы қателіктер, қозғалыстың болмауы немесе жеткіліксіздігі, кейбір акушерлік және гинекологиялық ауруларды дұрыс емдемеу нәтижесінде пайда болатынын көрсетеді. Жоғарыда аталған себептердің барлығы аналық бездерде және жыныс аймағының басқа бөліктерінде патологиялық өзгерістерге әкеледі.

2. Мәселе

Жоғарыда аталған аурулардан аналық бездердің гипофункциясы барлық аналық без ауруларының арасында маңызды орын алады деген қорытынды жасауға болады. Бұл орасан зор экономикалық шығын әкеледі.

Сондықтан кешендерде және фермаларда гинекологиялық ауруларды жою, оның ішінде сиырлардың аналық бездерінің гипофункциясы ет, сүт өндіруді, толық төл және басқа да мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін арттырудың және олардың сапасын жақсартудың үлкен резерві болып табылады.

3. Жұмыс.

Зерттеу жұмысы Жетісу облысы Ескелді ауданы Көкжазық ауылында орналасқан шаруашылықтағы Гольштейн сиырларына зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттары: сиырлардағы бедеуліктің себебін анықтау, емдеу әдістерін жетілдіру, клиникалық материал алу, алынған материалға биологиялық қасиеттері бойынша баға беру. Сонымен қатар сиырлардағы эндометритті емдеуге қолданылған препараттардың әсерін бағалау зерттеулері жасалды.

Біздің зерттеудің мақсаты сиырларда бедеуліктің этиологиялық структурасын зерттеу мен емдеу әдістерін ойлап табу болды. Зерттеуге қысыр қалған сиырлар алынды. Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес шаруашылықтағы сиырлар арасынан жатыр мен ұрық безі аурулары анықталған сиырларды анықтау үшін клиникалық зерттеулер, ректалды зерттеу, УДЗ жүргізілді. Клиникалық зерттеулер нәтижесінде зерттеуге алынған шаруашылықтардағы малдарға кликалық зерттеу мен ректалды зерттеулер жүргізілді. Клиникалық тексеру жүргізу кезінде зерттеуге алынған сиырлардың қынабы мұқият құрғақ қағаз сүлгімен тазартылды және жатырға таза, майланған қол қынап арқылы енгізілді, ал краниальды қынаптың шырышты бөлігін зерттеу үшін қолмен алынды. Бөлінген вагинальды шырыш оның түсі мен іріңнің үлесі бағаланды. Сонымен қатар, эндометритпен ауырып тұрған ірі қара мал басын анықтау үшін акушерлік-гинекологиялық диспансеризация жасалды. Шаруашылықтардағы сиырларда жатырдан бұлыңғыр шырыш, іріңді катаральды экссудаттың ағуы байқалды. Экссудаттың түсі ақ, ақ - сарғыш, қызғылт, қою қаймақ тәріздес болды немесе кейбір

сиырлардың сарпайынан бөлінген бөлінділердің жағымсыз сасық иісі шығуы мүмкін. Сарпайынан аққан экссудат бөлінділердің мөлшері әртүрлі болатыны да зерттеу барысында анықталды. Ірі қара малда ректалды зерттеу патологиялық процестің локализациясы мен сипатын нақтылау мақсатында жүргізілді. Ректальды зерттеудің көмегімен абдоминальды және жамбас мүшелерінің мөлшері, пішіні, орналасуы және сезімталдығы, ішектің толтырылу дәрежесі, тыртық пен ішектің мазмұнының қасиеттері анықталды. Онымен қоса ұрық безінің көлемі, тығыздығы, фаликулдары анықталды.

Зерттеу жұмысының келесі міндетіне сәйкес клиникалық тексеру, акушерлік-гинекологиялық диспансеризация жасау барысында анықталған эндометритпен ауырып тұрған малдардан клиникалық материал алынды. Клиникалық материал ретінде жатыр кіреберісінен және жатыр мойнынан жағынды шырыш алынды. Шырыш ішінде тасымалдауға арналған гелі бар басында мақталы таяқшасы бар пробиркаға стерилді түрде алынды. Алынған клиникалық материал зерттеу жүргізу мақсатында ҚазВГЗИ институтына «Бактериология» зертханасына жеткізілді. Бактериология зертханасында алынған клиникалық материалға биологиялық қасиеттері жағынан толықтай бағалау жасалды.

Жетісу облысы шаруашылықтарында сиырлар далалық жайылымда қоректенеді. Сондықтан да мал рационың қадағалау қиынға соғады. Сол себепті жануарларға уақытылы минералдар мен витаминдер қоспасы бар препараттар салып отыруын ұсындық. Жәнеде шаруашылықтағы сиырларды жыл сайын клиникалық тексеруден өткізіп тұру қажет екендігі ескертілді. Витаминдердің сіңуі көптеген факторларға, ең алдымен азықтың жалпы тепе-теңдігіне байланысты. Өнімділігі жоғары сиырлар А дәруменінің немесе А, Д, Е кешенінің жетіспеушілігіне аса сезімтал.

Бедеулікке алып келетін тағы бір басты себептің бірі мамандардың білімсіздігінен. Көбінесе қалыпты репродуктивті қызметі бар сиырлар мен қашарлар дұрыс ұйымдастырылмаған ұрықтандыру нәтижесінде ұрықтанбаған күйінде қалады. Жасанды ұрықтандыру техниктерінің біліктілігінің маңызы зор. Олардың одан әрі көбею қабілеті көбінесе сиырлардың төлдеуге дайындығына, сондай-ақ тууды дұрыс басқаруға байланысты.

4. Мақсаты

Бедеулік кезінде жануарларды емдеудің және алдын алудың этиопатогенетикалық принциптерін анықтау және теориялық негіздеме беру. Сонымен қатар, олардың денсаулығын сақтауға бағытталған емдеу, алдын алу іс-шараларын жетілдіру, қазіргі мал шаруашылығы жағдайында жануарларды өсіп-өну қабілетін арттыру және сиырлардың жоғары өнімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

5. Міндеттері

1. Тәжірибелік шаруашылықта сиырлардың акушерлік-гинекологиялық патологиясының таралуын зерттеу.
2. Бедеуліктің себептеріне және сиырлардың өсіп-өну көрсеткіштері мен технологиялық жағдайларына егжей-тегжейлі талдау жүргізу.
3. Сиырлардың бедеулігін алдын алу үшін кешенді сызба ұсыну.

4. Жүргізілген емдеу және алдын алу жұмыстарының тиімділігіне экономикалық баға беру.

6. Зерттеу нәтижелері: Шаруашылықтардағы сиырлардың генекологиялық ауруларында жатырдың кілегей қабатының қабынуы жиі кездесетіні нақтыланды. Эндометритке қарсы емдеу шаралары жоспарланып, экономикалық жағынан қолайлы, емделу уақыты қысқа, нәтижесі жоғары емдеу нобайын қарастырып, қолданысқа жана препараттар енгіздік.

7. Қорытынды: Мал шаруашылығын қарқындатудың бірден - бір дұрыс жолы-малды өз төлінен өсіру болып табылады. Бірақ оған жыл сайын жүздеген мың аналық бас малдың қалуы үлкен зиянды әсерін тигізіп отыр. Малдың қысыр қалуы шаруашылықтарға орасан зор зиян келтіреді, ол негізінен алынуға тиісті төл басының кемуі мен сүттің 30-35 пайыз төмендеп кетуінен құралады. Одан басқа қысыр малды бағып күтуге, жемшөпке кеткен шығын қосылады. Аса құнды сүтті сырларды емдеуге келмейтін генекологиялық аурулардың кесірінен мезгілінен бұрын жарамсыздыққа шығарып, етке өткізуге мәжбүр боламыз. Осының бәрін есептесек, генекологиялық аурулардың, бедеулік пен малдың қысыр қалуының тигізетін экономикалық зияны барлық жұқпалы, жұқпайтын аурулардан келетін шығынды есептегеннен асып түседі.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Бочаров И.А. Бесплодие сельскохозяйственных животных. - М., Л., Сельхозгиз, 1956. - 288 с.
2. Гавриленко, Н.Н. Учение А.П. Студенцова о формах бесплодия сельскохозяйственных животных / Н.Н. Гавриленко // Материалы научной конференции посвященной формам бесплодия по классификации А.П. Студенцова. 2013 – С. 9 – 15.
3. Студенцов А.П. и др. Ветеринарное акушерство, гинекология и биотехника размножения. - М.: Колос, 2000.
4. Ахмадеев. А.Н. Эксплуатационное бесплодие / А.Н. Ахмадеев // Профилактика бесплодия крупного рогатого скота.- Казань, 1977. – С.56-65.
5. Бороян П.Г. Простагландины: взгляд на будущее. - Москва: Знание, 1983 - с 56-64.

ЛУЧШАЯ БИЗНЕС ИДЕЯ В ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВЕ

Рахметова А.Б., Хунанбай А., преподаватель спец.дисциплин,
Алматинский колледж электромеханики

Предпринимательская активность страны играет ключевую роль в содействии инновациям, создании рабочих мест и стимулировании экономического роста . Казахстан может похвастаться процветающей стартап-средой, предоставляющей плодородную почву для расцвета инновационных идей.

Цель данной работы - показать насколько актуально предпринимательство в рыночной экономике, рассмотреть его развитие и выбор бизнес-идей студентов колледжа.

В данной работе хотелось поделится как идет процесс подготовки и сортировки в нашем Алматинском колледже электромеханики в внутренние, городские, республиканские, международные конкурсы по предпринимательству и в общем по всем направлениям, которые поступают заявки, положения с телефоннограммой или по интернету.

В каждой группе по предпринимательству в начале предмета или модуля есть тема, бизнес-идея, где ребята вкладывают свой идеи, мысли, предложения, а часто тем, что они с родственниками, родителями, друзьями, одноклассниками уже зарабатывают реальные деньги, то есть уже есть семейные бизнесы, где студент включен туда полностью и выполняют некоторые функции, работы по данному проекту. Здесь нужно определиться с направлением работы, выбрать тему и внести письменном виде в бумагу, содержание бизнес-проекта, написать, указать, разложить и посчитать и вывести бизнес-план.

По внутренним отборочным турам, сортировать бизнес-проекты, путем выступления с презентацией команду, выбрать и дальше идет подготовка к городским, республиканским и международным конкурсам.

Современные преподаватели колледжа по модулю «Применение базовых знаний экономики и основ предпринимательства», «Основы предпринимательства» основная цель и задача это: подготовить, создать новое поколение лидеров и предпринимателей РК. Для нас это вектор развития навыков молодежного предпринимательства.

Предпринимательству нельзя научиться академически, но можно научиться деятельно. Только упражняясь на практике и развивая в повседневной жизни свои навыки, можно обогатить свой опыт и воспитать желаемый характер, а этому надо учиться.

Бизнесмен, предприниматель — это больше, чем профессия. Для занятий бизнесом в большей степени требуются способности, базовые свойства человека, такие как решительность, склонность к риску, развитые волевые качества, готовность брать на себя ответственность, стрессоустойчивость, высокая динамика мышления, обеспечивающая скорость обучения новому, отменное здоровье, а также "soft skills": лидерские качества, коммуникативные навыки и умение строить отношения с людьми. Профессиональные навыки часто лишь определяют сферу занятия бизнесом, и то не всегда. Предприниматель — это человек-оркестр, который сам строит бизнес-систему, вовлекая в нее все больше людей в процессе разделения труда. При этом, как правило, успешный бизнес базируется на способностях и компетенциях самого основателя бизнеса.

Наш ответ на популярный вопрос — бизнесменом можно стать разными способами, и универсальной инструкции не существует. Некоторые бизнесмены не имеют профессионального образования, но при этом успешно самореализуются.

Существует сухое определение бизнеса: «Бизнес — экономическая деятельность, осуществляемая человеком или группой лиц с целью получения материальной прибыли». Если бы все было так просто, то любой экономист мог бы стать предпринимателем. Но в реальности все совсем не так. Желание заработать - это не та движущая сила, которая создает бизнес. Если бизнес не способен создавать ценности для людей, ничего работать не будет, бизнес не сможет быть устойчивым. Бизнес - это социально-экономическая система, для жизни которой нужны не только деньги, но и люди, их желание созидать, компетенции, энергия, воля. Поэтому миссия бизнеса должна вдохновлять людей на создание ценностей. Каждый бизнес имеет свои уникальные бизнес-процессы, в ходе которых деньги, оборудование и энергия людей преобразуются в ценности, востребованные на рынке. При этом все возможные риски и ответственность за неудачи ложатся на организатора бизнеса. [1]

Список использованных источников

1. <https://postupi.online/journal/kuda-postupat/kak-stat-biznesmenom-gajd-dlya-starsheklassnikov/>

ПРИМЕНЕНИЕ AGILE И LEAN ТЕХНОЛОГИЙ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ НАВЫКОВ САМООБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ И ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ (ИЗ ОПЫТА ПЕДАГОГА)

Сейчанова Д.Г., преподаватель специальных дисциплин, КГКП Костанайский строительный колледж

Актуальность: В современном мире, который постоянно меняется, от специалистов требуются новые навыки, такие как самообразование, создание и ведение проектов. Традиционные методы обучения часто не успевают за этими изменениями. Agile и Lean подходы, успешно зарекомендовавшие себя в других сферах, могут стать эффективным инструментом для развития необходимых навыков у студентов.

Проблема: Недостаточное использование современных методологий, таких как Agile и Lean, в образовательном процессе, что приводит к отставанию от требований рынка труда и снижению конкурентоспособности выпускников.

Цель: Определить и обосновать эффективность применения Agile и Lean подходов в образовании для развития самообразовательных и проектных навыков у студентов.

Задачи: Оценить результаты применения Agile и Lean в подготовке студентов в проектной деятельности на основе анализа исследований и практического опыта.

Постоянно меняющийся мир требует новых навыков от специалистов, включая способность к самообразованию созданию и ведению проектов. Agile и Lean подходы, успешно зарекомендовавшие себя в других сферах, могут стать эффективным инструментом для развития самообразовательных навыков у студентов.

Agile и Lean - это два популярных подхода к управлению проектами, которые зародились в сфере разработки программного обеспечения и постепенно нашли применение в других областях, включая образование [1].

В основе данных методик лежит:

Развитие мягких навыков

- Командная работа и коммуникация: Agile и Lean подразумевают тесное сотрудничество в небольших группах. Студенты учатся эффективно взаимодействовать, распределять задачи, принимать совместные решения и решать конфликты.
- Креативность и инновационность: Эти методологии поощряют поиск новых идей и нестандартных подходов к решению задач. Студенты развивают способность мыслить творчески и генерировать инновационные решения.
- Адаптивность и гибкость: Постоянные изменения в проектах и быстрое реагирование на них помогают студентам стать более гибкими и адаптироваться к новым условиям.
- Ответственность и самостоятельность: Agile и Lean культивируют чувство ответственности за результаты работы и самостоятельность в принятии решений.

Развитие технических навыков

- Управление проектами: Студенты учатся планировать, организовывать и контролировать проекты, используя инструменты и техники, характерные для Agile и Lean (например, Scrum, Kanban) [2].
- Анализ данных и принятие решений: Анализ результатов и постоянное совершенствование процессов требуют от студентов умения анализировать данные и принимать обоснованные решения.
- Использование цифровых инструментов: Agile и Lean активно используют различные цифровые инструменты для управления проектами, коммуникации и совместной работы. Студенты осваивают эти инструменты и повышают свою цифровую грамотность.

Примерами развития компетенций на практике, с помощью данных методик является:

- Проектное обучение: Студенты, работая над проектами, развивают навыки планирования, коммуникации, принятия решений и адаптации к изменениям.
- Хакатоны: Участие в хакатонах позволяет студентам продемонстрировать свои навыки командной работы, креативности и быстрого прототипирования.

Некоторые учебные заведения создают инкубаторы и акселераторы, где студенты могут разрабатывать свои собственные стартапы. К примеру, студенты Костанайского строительного колледжа, совместно с преподавателем прошли бизнес инкубирование на базе KostanayHUB, для дальнейшего участия в стартап проектах. В дальнейшем данный проект (Ибрашева А. и Ахметова А. «Социальная сеть для предпринимательства»), стал победителем в различных международных, республиканских и областных конкурсах. Agile и Lean

помогают студентам быстро тестировать свои идеи, получать обратную связь и адаптироваться к меняющимся условиям рынка. Так, участие в различных Хакатонах, проводимых в области программирования, компьютерной графики позволило нашим студентам продемонстрировать свои навыки командной работы, креативности и быстрого прототипирования.

При использовании Agile для создания учебных материалов, возможно использование цифровых инструментов: Инструменты для совместной работы, такие как Trello, Jira, и платформы для видеоконференций, помогают освоить современные технологии и эффективно взаимодействовать в распределенных командах.

Также использование Agile визуализации процессов ведения разработки проектов (например, с помощью канбан-досок) помогает преподавателям и студентам отслеживать прогресс и выявлять узкие места проектов. Непрерывное улучшение позволяет оптимизировать учебные программы и методы подготовки проектов.

Результаты исследования: В ходе исследования можно сделать выводы, что применение Agile и Lean в образовании приводит к следующим положительным результатам:

Повышение мотивации студентов:

- Активное участие в процессе разработки и ведения проекта (студенты сами разрабатывают дизайн, концепцию проекта, на основе идеи руководителя).
- Чувство ответственности за результаты своей работы (учитывают пожелания жюри в ходе защиты проектов и дорабатывают на след. конкурс).
- Развитие навыков самостоятельного обучения (находят самостоятельно подход, для решения проблемы).

Улучшение качества обучения:

- Более глубокое понимание материала.
- Развитие практических навыков.
- Повышение уровня удовлетворенности студентов.

Повышение эффективности образовательного процесса:

- Оптимизация использования ресурсов.
- Сокращение времени на выполнение заданий.
- Улучшение коммуникации между преподавателями и студентами.

Что касается Интеграции Agile-практик в традиционные методы, то возможно внедрить или адаптировать уже имеющиеся инструменты, к примеру:

- Спринты: Разбить процесс создания проектов на короткие итерации (спринты), чтобы быстрее получать результаты и вносить корректировки.
- Планирование: Использовать такие инструменты как ProductBacklog для определения приоритетов и планирования работы.
- DailyScrum: Проводить ежедневные короткие встречи для синхронизации и решения проблем.
- Канбан-доски: Использовать канбан-доски для визуализации процесса обучения и отслеживания прогресса.

- **Онлайн-платформы:** Использование онлайн-платформ для создания интерактивных курсов с элементами геймификации и адаптивной обучающей системы.

Выводы: Сочетание Agile-методологий с традиционными методами обучения позволяет создать более гибкую, эффективную и ориентированную на студента образовательную среду. Ключ к успеху – это постепенное внедрение изменений, постоянное совершенствование и учет специфики каждого учебного заведения. Внедрение Agile и Lean в образование, в частности в разработку проектов – это инвестиция в будущее, которая позволит подготовить новое поколение специалистов, способных решать сложные задачи и создавать инновационные продукты.

Этот анализ данных позволил сделать вывод о том, что применение Agile и Lean в образовании имеет огромный потенциал для повышения качества образования и подготовки конкурентоспособных специалистов.

Список использованных источников

1. Schwaber, K., & Sutherland, J. (2011). The Scrum Guide: The Definitive Guide to Scrum. Scrum.org.
2. Poppendieck, M., & Poppendieck, T. (2003). Lean Software Development: An Agile Toolkit. Addison-Wesley Professional.
3. Банд, А. (2017). Гибкие методы разработки ПО: Scrum и XP. Питер.

ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДА ПРОЕКТОВ PBL (PROJECT BASED LEARNING) ПРИ ПОДГОТОВКЕ СТУДЕНТОВ КОЛЛЕДЖА

Смолева Н.В, Тертышник О.С., преподаватели специальных дисциплин,
КГКП «Костанайский строительный колледж»

Актуальность: В эпоху стремительных технологических изменений и глобальной конкуренции, образование сталкивается с новыми вызовами. Традиционные методы обучения, основанные на передаче готовых знаний, все чаще оказываются неэффективными в подготовке выпускников, способных самостоятельно мыслить, решать сложные проблемы и адаптироваться к быстро меняющимся условиям. В этой ситуации метод проектов (Project-Based Learning, PBL) становится не просто инновацией, а насущной необходимостью.

Проблема: несмотря на очевидные преимущества PBL, его применение в образовательной практике сталкивается с рядом проблем. Одна из них – это разрыв между теорией и практикой. Многие педагоги, знакомые с PBL, испытывают трудности в его реализации. Им не хватает методических рекомендаций, практических примеров, понимания, как интегрировать PBL в учебный процесс

Цель работы: не просто изучить PBL, а предложить конкретные решения для преодоления разрыва между теорией и практикой. Мы ставим перед собой задачу разработать методические рекомендации, которые помогут педагогам эффективно применять PBL в своей работе со студентами.

Задачи:

- 1) Изучить теоретические основы PBL, его историю развития и основные принципы.
- 2) Определить преимущества и недостатки PBL по сравнению с традиционными методами обучения.
- 3) Разработать методические рекомендации по применению PBL в образовательном процессе.

В современном мире, который характеризуется быстро меняющимися технологиями и возрастающей потребностью в креативных и инновационных решениях, метод проектов (Project-Based Learning, PBL) приобретает особую актуальность в образовании. Метод проектов PBL (Project-Based Learning) – это современный подход к обучению, который ставит в центр учебного процесса самостоятельное исследование и решение проблем обучающимися.

Считается, что впервые PBL начал применяться в медицинском образовании в университетах Мак Мастера (Канада) и Ньюкасла (Австралия) в конце 1960-х годов. Тогда преподаватели этих университетов решили отойти от традиционной модели обучения, где студенты пассивно слушали лекции, и предложили им самостоятельно исследовать и решать реальные медицинские проблемы. Этот подход оказался настолько успешным, что вскоре PBL начал распространяться и на другие области образования.

Вместо традиционного заучивания фактов, студенты погружаются в реальную ситуацию, где им нужно применить свои знания для достижения конкретного результата. PBL позволяет обучающимся не только получать знания, но и развивать ключевые навыки, такие как критическое мышление, решение проблем, коммуникация и сотрудничество, которые необходимы для успешной адаптации в современном обществе. PBL – это не просто набор заданий, а целостная образовательная технология, в основе которой лежит идея активного обучения через решение реальных проблем. Студенты не просто получают знания, а сами добывают их, исследуя, анализируя, экспериментируя. Они учатся работать в команде, аргументировать свою точку зрения, презентовать результаты своей работы. PBL – это школа жизни, где студенты получают навыки, необходимые для успеха в современном мире.

В основе PBL лежит идея обучения через практику. Студентам предлагается проект – сложная задача или проблема, требующая решения. Для этого им необходимо самостоятельно изучить необходимую информацию, проанализировать ситуацию, предложить варианты решения и реализовать их на практике.

Применение метода PBL основывается на следующих этапах:

1. Выбор проекта. Проект должен быть интересным и актуальным для обучающихся, соответствовать их возрасту и уровню знаний. Важно, чтобы проект имел практическое значение и был связан с реальной жизнью.
2. Формулировка проблемы. Проблема должна быть четко сформулирована и понятна обучающимся. Важно, чтобы проблема вызывала интерес и желание ее решить.

3. Планирование. Студенты самостоятельно разрабатывают план реализации проекта, определяют необходимые ресурсы и сроки выполнения.
4. Реализация. Студенты самостоятельно работают над проектом, ищут информацию, проводят исследования, экспериментируют, общаются с экспертами.
5. Презентация результатов. Студенты представляют результаты своей работы в форме презентации, доклада, выставки или другого формата.
6. Оценка. Оценивается не только результат, но и процесс работы над проектом, умение работать в команде, анализировать информацию, решать проблемы.

Характеристики PBL как проблемно-ориентированного обучения: обучение с использованием кейсов (случаи из практики), студент активный участник обучения, а не пассивный получатель знаний, обучение ведется в малых группах, стимулирование самостоятельного обучения.

Роль педагога на всех этапах -это тьютор, который является координатором, фасилитатором, помощником и проводником всех гипотез студентов, выдвигаемых ими и путей решения, поставленных перед ними проблем.

Реализация метода проектов PBL в колледже – это сложный, но очень интересный и полезный процесс. Он требует от преподавателей и студентов готовности к изменениям и новым формам работы. Однако результаты, которые можно получить с помощью PBL, стоят того. Студенты, прошедшие обучение по методу проектов, становятся более самостоятельными, ответственными, креативными и готовыми к решению реальных профессиональных задач.

Список использованных источников

1. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учеб.пособие для студентов пед.вузов и системы повышения квалиф.пед.кадров /Под ред.Е.С.Полат. – М.: Академия, 1999.
2. Джон Лармер «Установление стандарта для обучения на основе проектов».
3. Калькей В.А., Матвеева Т.М. Структура и содержание проектной деятельности // Стандарты и мониторинг в образовании. – 2004. – № 3.
4. Электронный ресурс <https://www.amazon.com/Setting-Standard-Project-Based-Learningebook/dp/B00ZV21IO4>

МЕТОДЫ И ТЕХНОЛОГИИ В ПРАКТИКЕ РУКОВОДИТЕЛЕЙ НАУЧНЫХ ПРОЕКТОВ: ПРИМЕНЕНИЕ ИИ КАК ПОМОЩНИКА ПРИ ВЫБОРЕ ТЕМЫ ИЛИ НАПРАВЛЕНИЯ СТУДЕНЧЕСКОЙ НАУЧНОЙ РАБОТЫ

Солонская Б.В., преподаватель спецдисциплин, ЧУ «Колледж
предпринимательства КИиЭУ»

Актуальность темы. В современном мире объём научных данных растёт экспоненциально, что делает ручной поиск и анализ информации крайне

трудоёмким. Искусственный интеллект (ИИ) становится неотъемлемой частью научной деятельности, помогая ускорить процессы поиска, анализа и генерации идей. В частности, студенческие научные работы должны соответствовать современным вызовам и тенденциям, что требует использования новых инструментов для поиска актуальных направлений. Поэтому очень часто преподаватели сталкиваются с необходимостью оптимизировать процесс руководства научными проектами, чтобы помочь студентам быстрее и качественнее выполнять исследования.

Проблема. Студенты часто испытывают трудности при выборе темы исследования, что замедляет процесс работы над проектом. А руководители научных проектов не всегда могут уделить достаточно времени каждому студенту для помощи в поиске актуальных тем и литературы. Многие же преподаватели не знакомы с возможностями ИИ-инструментов, которые могли бы значительно упростить их работу. Поэтому часто без использования современных технологий студенты могут выбирать устаревшие или недостаточно проработанные темы, что снижает качество исследований.

Цель работы. Познакомить преподавателей с современными методами и технологиями, включая использование искусственного интеллекта (ИИ), для эффективного руководства студенческими научными проектами. Научить применять ИИ-инструменты для помощи студентам в выборе темы, формулировании гипотез и поиске актуальных направлений исследований.

В современном мире объём научных данных растёт с невероятной скоростью, и это делает ручной поиск и анализ информации крайне трудоёмким процессом. Искусственный интеллект (ИИ) становится всё более важной частью научной деятельности, помогая ускорить процессы поиска, анализа и генерации идей. Особенно это актуально для студенческих научных работ, которые должны соответствовать современным вызовам и тенденциям. Преподаватели часто сталкиваются с необходимостью оптимизировать процесс руководства научными проектами, чтобы помочь студентам быстрее и качественнее выполнять исследования.

Однако, студенты нередко испытывают трудности при выборе темы исследования, что замедляет процесс работы над проектом. Руководители научных проектов, в свою очередь, не всегда могут уделить достаточно времени каждому студенту для помощи в поиске актуальных тем и литературы. Многие преподаватели просто не знакомы с возможностями ИИ-инструментов, которые могли бы значительно упростить их работу. В результате, без использования современных технологий, студенты могут выбирать устаревшие или недостаточно проработанные темы, что снижает качество исследований.

Знакомство преподавателей с современными методами и технологиями, включая использование искусственного интеллекта, для эффективного руководства студенческими научными проектами – очень важная часть образовательного процесса. Я хочу научить их применять ИИ-инструменты для помощи студентам в выборе темы, формулировании гипотез и поиске актуальных направлений исследований.

Основная часть мастер-класса будет посвящена обзору ИИ-инструментов, которые могут быть полезны для научной работы. Мы рассмотрим платформы для поиска и анализа научной литературы, такие как Semantic Scholar, ResearchRabbit и Iris.ai. Я покажу, как с их помощью можно находить актуальные статьи и тематики. Затем мы перейдём к инструментам для генерации идей, таким как ChatGPT, chat.deepseek, Bard и Perplexity. Их использовать для формулирования гипотез и научных вопросов. Также мы есть такие инструменты для анализа данных и визуализации, такие как Tableau, Power BI и Google Data Studio.

После теоретической части мы перейдём к практике. Преподаватели смогут попробовать поработать с ИИ-инструментами самостоятельно. Первое задание будет связано с поиском актуальных тем для студенческих проектов с помощью ChatGPT или Bard. Например, можно будет попросить ИИ сгенерировать список из пяти актуальных тем в области экологии, информационных технологий или экономики. Второе задание будет посвящено анализу научной литературы с использованием Semantic Scholar или ResearchRabbit. По этим направлениям можно найти статьи по заданной теме, например, о влиянии изменения климата на сельское хозяйство за последние пять лет. Третье задание будет связано с формулированием гипотез. Мы попросим ИИ сформулировать несколько гипотез для исследования на тему, например, использования ИИ в образовании.

Выполнение этих заданий поможет нам лучше понять, как эти инструменты могут быть интегрированы в образовательный процесс.

С одной стороны, ИИ помогает экономить время, предоставляет доступ к огромному объёму информации и способствует генерации идей. С другой стороны, важно помнить о необходимости проверки данных, ограниченности ИИ в понимании контекста и этических вопросах, связанных с его использованием.

Итогом мастер-класса станет знакомство преподавателей с современными ИИ-инструментами и их возможностями. Участники научатся применять эти технологии для помощи студентам в выборе тем и направлений научных работ, а также обсудят преимущества и ограничения использования ИИ в научной деятельности. Это поможет преподавателям колледжей стать более эффективными руководителями научных проектов, используя современные технологии и инструменты ИИ.

Список использованных источников

1. <https://chat.deepseek.com/>
2. <https://chatgpt.com/>

"ИГІЛІК" ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ДЕРАТИЗАЦИЯЛЫҚ ШАРАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ (КҮРЕС ШАРАЛАРЫ)

Тентекматаева Н.А., Талдықорған аграрлық-технологиялық колледжі

1. Жобаның өзектілігі: Көптеген инфекциялық аурулардың қоздырғыштарын тарататын және халық шаруашылығына орасан экономикалық зиян әкелетін қауіпті зиянкестердің бірі - үлкен қалалар, елді мекендер мен ауыл шаруашылығындағы қора-жайларда, егіс алқаптарында, өндіріс орындарында қоныстанған тышқан тектес кеміргіштер болып келеді.

Дүниежүзілік деңсаулық сақтау ұйымының expertі Грэй Томастың пайымдауынша жер жүзінде кеміргіштер, әсіресе егеуқұйрықтар, жыл сайын тек қана дәнді дақылдар мек күріштің 33 млн-ға жуық тоннасын жеп құртады. Әр жылы егін жиналып болғанша кеміргіштер оның 20%-дан астамын өз алдына жояды екен. Дәнді дақылдардан басқа ет, сүт, балық өнімдерін, жас балапандарды, жұмыртқаларды жейді екен [1]. Бұрынғы Атырау құс фабрикасы, қазіргі "Қарлығаш" акционерлік қоғамында болған уақиғаға көңіл аударсақ, онда егеуқұйрықтар түн сайын 1200-1300 балапанды өлтіріп, 1500-1600 дана жұмыртқаларды жарып ішіп отырған. Егеуқұйрықтардың қауіпті инфекциялық ауруларды таратуының нәтижесінде әкелетін шығынды есептеу қиын. Көптеген жұқпалы аурулардың, оның ішінде аса қауіпті аурулардың қоздырғыштарын таратушысы болуымен қатар, олар жер-жерде адамдар арасында, үй жануарлары мен құстардың ішінде ауру тудырып, қауіпті инфекциялар ошағын үнемі тұтандырып отырады.

Сондықтан кеміргіштерді жою экономикалық, эпидемиологиялық және эпизоотологиялық тұрғыдан келгенде аса қажетті және осы кезге дейін толық шешімін таба алмай келе жатқан өзекті мәселенің бірі болып отыр.

Біздің елімізде кеміргіштермен күресуге негізінен дератизациялық улардың екі тобы қолданылады: антикоагулянттар мен тез арада күшті әсер ететін улы заттар. Осылардың ішінде мырышты фосфид, қрысид, аминостегмин сияқты кең таралған, тез арада күшті әсер ететін улар қолданылады. Дегенмен де олар кеміргіштердің рефлекторлық қорғаныс реакциясын тудырып, кеміргіштер бұл улардан жасалған жемтіктерді қайталап жемей қояды. Сондай-ақ, бұл уытты заттар үй жануарларына да уытты әсер етеді. Оларды мал және құс шаруашылығында пайдаланғанда ауыл шаруашылығындағы малдар мен құстардың кездейсоқ улануына әкеп соқтырады [2]. Сондықтан да бұл топқа жататын родентицидтерді ауыл шаруашылық нысандарында қолдану қауіпсіз емес.

Тез арада күшті әсер ететін улармен салыстырғанда, антикоагулянттар үй жануарлары мен құстарға қауіпсіз және дератизацияларда кеміргіштерді толықтай жоюда нәтижелі болып есептеледі. Олардың баяу әсер етуінің арқасында кеміргіштердің рефлекторлық қорғаныс реакциясын тудырмайды. Сонымен қатар, олардың егеуқұйрықтарға қарсы уыттылығы пайдалы малдар мен құстарға қарағанда өте жоғары. Дегенмен де олардың бір реттік уыттылығы әлсіз болғандықтан бірнеше рет қайталанып қолданылады. Сондықтан уақыт өте келе оларға кеміргіштер дағдыланып кетуі мүмкін.

Осыған байланысты, қазіргі уақытта ауыл шаруашылық нысандары мен елді мекендердегі тышқан тектес кеміргіштерді жоюға антикоагулянттар тобына жататын жаңа родентицидтерді жасауға және оларға кеміргіштердің

дағдыланып кетпейтін жолдарын тауып, оларды жетілдіріп жақсартуға бағытталған зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Дүние жүзінде жүргізіліп жатқан дератизациялық шаралармен қатар жаңа улы заттарды ойлап табуға және кеміргіштермен белгілі бір жүйемен күресуді ұйымдастыруға бағытталған зерттеулерге қарамастан олардың саны азаюдың орнына, кейбір жерлерде көбейе түсуде [3].

Өкінішке орай, Қазақстанда қазір кеміргіштер барлық облыстарды мекендеп, қарқынды көбеюде. Қазіргі таңда республикада ауыл шаруашылық, өндірістік нысандар мен елді мекендерді зиянды кеміргіштерден қорғау маңызды да қиын мәселелердің бірі болып отыр.

2. Мәселе. Зерттеу жұмыстары Жетісу облысы, Сарқан ауданы, «ИГІЛІК» шаруа қожалығында орындалды. «Игілік» шаруа қожалығындағы ветеринариялық - гигиеналық және санитариялық талаптардың сақталу деңгейі. «Игілік» шаруа қожалығындағы мал қора нысандарында жүргізілетін дератизациялық шаралардың әдіс - тәсілдері. Шаруашылық маңындағы аймақтардың кемірушілерден сақтану шаралары. «Игілік» шаруа қожалығында дератизациялық шаралардың жүргізілу деңгейі. «Игілік» шаруа қожалығындағы жүргізілетін дератизациялық шараларда қолданылатын препараттарға салыстырмалы баға беру.

Қарастырылатын сұрақтардың тізімі

1. Зертханалық жағдайда родентицидтің уыттылық деңгейін анықтау
2. Шаруашылықта кеміргіштердің шоғырлану деңгейін анықтау
3. Өндірістік жағдайда жүргізілген дератизациялық шаралардың тиімділігін бағалау.
4. Шаруашылықта жүргізілген дератизациялық шаралардың экономикалық тиімділігін есептеу

3. Жұмыс.

Жұмыстың өндірістік зерттеулер бөлімі, Жетісу облысы, Сарқан ауданында орналасқан «Игілік» шаруа қожалығында өтті. Жұмыстың негізгі нәтижелеріне сипаттама "Игілік" шаруа қожалығындағы жүргізілетін ветеринариялық-санитариялық шаралардың деңгейін жақсарту жұмыстарын жасау мақсатында профилактикалық дератизациялық шаралар іске асырылып, дератизациялық жұмыстардың тиімділігін арттыруда қолданылған родентицидтердің сапасына байланысты екені анықталған. Шаруа қожалықта атқарылған дератизациялық шаралардың нәтижесінде алынған мәліметтер, тақырыптың өзектілігін айқындай түскен.

Дератизациялық жұмыстарды жүргізу барысында қолданылатын препараттарды, ең алдымен олардың қолайлы концентрациясын яғни, уыттылық деңгейін анықтау жұмыстары, зертханалық жағдайда атжалмандарды қолдана отырып зерттеулер жүргізілді. Дератизациялық препарат ретінде, қазіргі таңда, елімізде кездесетін әрі қолдануға қолайлы Ракумин родентициді пайдаланылды.

Ол үшін Ракуминнің құрамындағы 0,5% және 1%-ды антикоагулянттардың уыттылық әсерін салыстырмалы түрде, атжалмандарға тозаңдату әдісі арқылы жүргіздік.

Ол үшін арнайы ағаш қораптарды пайдалану арқылы жүргізілді. Қораптарға тышқандарды орналастырып, қақпағын ашып тозаңдатамызда жауып қоямыз. Оның нәтижесі төмендегі кесте - 3 берілген.

Төмендегі 3-ші кестеден алынған нәтижелерді көріп отырғанымыздай, Ракумин препаратының 0,5%-ды концентрациясы ешқандай нәтиже берген жоқ. Керек десеңіз, препараттың 10граммын бірнеше рет тозаңдату кезінде де, атжалмандарды өлімге ұшырата алмады.

Ал, 1,0%-ды Ракумин препаратының 10г қолданғанда атжалмандардың өлім-жітімге ұшырағанын байқаймыз. Бір айта кететін жайт, бұлардың тозаңдату жиілігі 1-ақ рет болды. Соның өзінде атжалмандарға әсері күшті болды.

4. Мақсаты: Зерттеу жұмысының мақсаты: Кеміргіштерге қарсы қолданылатын родентицидтердің қолайлы концентрациясын анықтап, шаруашылықта дератизация әдістерін тиімді жүргізу.

5. Міндеттері:

1. Зертханалық жағдайда родентицидтің уыттылық деңгейін анықтау

2. Шаруашылықта кеміргіштердің шоғырлану деңгейін анықтау

3. Өндірістік жағдайда жүргізілген дератизациялық шаралардың тиімділігін бағалау

4. Шаруашылықта жүргізілген дератизациялық шаралардың экономикалық тиімділігін есептеу

5. Зерттеу нәтижелері:

1. Зертханалық жағдайда родентицидтің уыттылық деңгейі анықталды

2. Шаруашылықта кеміргіштердің шоғырлану деңгейі анықталды

3. Өндірістік жағдайда жүргізілген дератизациялық шаралардың тиімділігі бағаланды

4. Шаруашылықта жүргізілген дератизациялық шаралардың экономикалық тиімділігі есептелді

7. Қорытынды

1. Ракумин препаратының 1,0% концентрациясы тиімді екені анықталды.

2. Шаруашылықтағы нысандарда кеміргіштердің шоғырлану деңгейін анықтау жұмыстары барысында, 4,2 сандық нәтижені көрсетіп, кеміргіштермен ластану дәрежесі орташа деңгейде тұрғандығы айқындалды.

3. Дератизациялық шаралардың тиімділігі 96%-ға дейін жақсарды.

4. Экономикалық тиімділікті анықтау кезінде Ракумин родентициді 2000 теңгені құрап, Цинк фосфиді – (4750 теңге) және Зоокумарин (2350 теңге) родентицидтерімен салыстырғанда арзан әрі қол жетімді кені анықталды.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Тажибаев А. С. Научные основы эффективной дератизации объектов ветеринарного надзора. – Алматы, 2000.

2. Кадиров А.Ф., Зацепин В.Г. Средства борьбы с грызунами. Журнал «Ветеринария», 2000, №2.

3. Дроздов А.И., Третьяков А.Г., Бочаров Н.М. Дератизация на птицефабриках с применением препарата аратамус. М., ВИНТИ, Р.Ж.97. 97.12-04ИВ.

4. Правила проведения дезинфекции и дезинвазии объектов государственного ветеринарного надзора. - М., 2002. - С. 5.

5. Добло А.Д., Куклев Е.В., Попов Н.В. и др. Современные особенности проявлений ГЛПС в Саратовском Поволжье и ее профилактика // Фундамент, и приклад, исслед. саратовских ученых для процветания России и Саратовской губернии. Саратов, 1999. - С.226-228.

ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАР АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Студент Тулеген Н., 2 курс, «Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжі» МКҚК
Ғылыми жетекшісі: Шумақова Ш.А., Жусупова А.Е., арнайы пәндер оқытушысы

Зерттеу жұмысының тақырыбының өзектілігі: Ұлттық аспаптар арқылы шығармашылық құзыреттілікті қалыптастыру бүгінгі күнде ұлттық мәдениетті сақтау және дамыту үшін маңызды.

Зерттеу жұмысының тақырыбының негізгі мәселелері:

1. Студенттер мен жасөспірімдер арасында шығармашылық қабілеттерді ашу және дамытудағы қиыншылықтар. Әсіресе, технологиялық дамыған заманда дәстүрлі өнер түрлеріне деген қызығушылықты арттыру жолдарын іздестіру.

2. Ұлттық музыкалық аспаптар жоғалып кету қаупі бар мұралар қатарында тұр. Осы аспаптардың қолданылуы мен маңыздылығын арттыру арқылы мәдени мұралардың сақталуы мен жастар арасында насихатталуын қамтамасыз ету.

3. Музыкалық білім беру саласында ұлттық аспаптар арқылы білім алушылардың шығармашылық құзыреттіліктерін арттыру.

4. Ұлттық аспаптарды қазіргі музыкалық білім беру бағдарламаларына интеграциялап, оларды танымал ету жолындағы кедергілер мен мүмкіндіктерді анализдеу.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты: Ұлттық музыкалық аспаптарды қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Оқушыларға қазақ халқының музыкалық мәдениетін тереңірек түсінуге мүмкіндік беру.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу талап етіледі:

1. Ұлттық музыкалық аспаптар арқылы музыкалық білім беруді жақсарту.

2. Музыка сабақтарын қызықты, интерактивті және білім алушылар үшін тартымды ету.

3. Ұлттық музыкалық аспаптарды зерттеп, олардың тарихын, маңызын және мәдени мұра ретінде орнықтыру.

4. Студенттерді осы аспаптардың байлығы мен әртүрлілігімен таныстыру.

5. Музыкалық аспаптарды орындау, композиция құрастыру немесе музыкалық шараларға қатысу арқылы алынған тәжірибелерді зерттеу.

Зерттеу жұмысының негізгі міндеттері:

1. Ұлттық музыкалық аспаптарға қатысты қолда бар әдебиеттер мен зерттеулерді жинақтап, олардың тарихы, түрлері және ерекшеліктері бойынша толық шолу жасау. Бұл шолу ұлттық аспаптардың музыкадағы рөлі мен маңызын түсінуге көмектеседі.

2. Ұлттық музыкалық аспаптар негізінде шығармашылық құзыреттілікті дамытуды мақсат тұтқан әдістемелік кешендер мен бағдарламалар құрастыру. Бұл кешендер интерактивтік және практикалық элементтерді қамтуы тиіс.

3. Зерттеу тобы сауалнамалар, семинарлар және тәжірибелік сабақтар арқылы мұғалімдер, музыка мамандары және студенттер арасында деректер жинайды. Бұл ұстаным олардың пәнге деген қызығушылығын және ұлттық аспаптардың әсерін жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді.

4. Ұлттық музыкалық аспаптармен шығармашылық жобалар ұйымын жүзеге асыру. Бұл сабақтарда студенттер аспаптарды ойнап, өз идеяларын іске асыру арқылы шығармашылық құзыреттіліктерін дамытады.

5. Зерттеу нәтижелерін және тәжірибелерді басқа білім беру мекемелеріне тарату, педагогикалық конференцияларда және семинарларда баяндама жасау арқылы тәжірибені кеңінен таныстыру.

Зерттеу нысаны: Ұлттық музыкаға қызығушылық танытқан студенттер мен оқушылар. Олар негізгі мақсатты аудитория ретінде олардың шығармашылық құзыреттілігін дамытуға бағытталады.

Қазақстанның бай музыкалық мұрасы әрдайым ұлттық мәдениетіміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақтың музыкалық аспаптары, мысалы, домбыра, қобыз, жетіген және басқа да музыкалық аспаптар қазақ халқының мәдениетімен тығыз байланысты. Әрбір аспаптың өзіндік тарихымен бірге өзіндік орындау ерекшелігі бар.

Ұлттық музыкалық аспаптар арқылы шығармашылық құзыреттілікті қалыптастыру – заманауи білім беру процесінің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады.

Шығармашылық құзыреттілікті қалыптастыру дегеніміз бұл студенттердің сыни ойлау, инновациялық шешімдер таба білу және жаңашыл идеяларды жүзеге асыра алу қабілеттерін дамыту үдерісі. Бұл құзыреттілік оқушылардың өз білімдерін жаңа, бұрын зерттелмеген жағдайларда қолдана білуін, шығармашылық тапсырмаларды шешуде өзіндік тұрғыдан қарастыруын, сондай-ақ, идеялар мен концепцияларды еркін түрде өзгерте алуын көздейді.

Сондықтан зерттеу жұмысымыз ұлттық музыкалық аспаптарды пайдалану арқылы шығармашылық құзыреттілікті қалай дамытуға болатынын қарастырады.

Зерттеу нәтижелері:

1. Студенттер ұлттық музыкалық аспаптарды қолдана отырып, шығармашылық ойлау қабілеттерін, өнерге деген қызығушылығын және инновациялық идеяларды жүзеге асыру қабілеттерін арттырды;

2. Зерттеу барысында білім алушылар арасында ұлттық музыкалық аспаптарға және олардың тарихына деген қызығушылықтың өсуі байқалды;

3. Студенттер ұлттық аспаптарды игеріп, оларды орындау дағдыларын дамытты. Бұл дағдылар олардың музыкалық қабілеттерін нақты сәттерде қолдана алу мүмкіндігін кеңейтті.

4. Ұлттық аспаптарды қолдану педагогикалық әдістер мен тәсілдерді жаңғыртуға көмектесті. Бұл үдерістің жаңартылуы білім беру сапасын жақсартуға, сабақтардың қызықты және әсерлі болуына ықпал етті;

5. Музыка арқылы бірлесіп жұмыс жасау дағдылары нығайды, оған қоса студенттер командада жұмыс істеу мен бір-бірімен қарым-қатынас жасаудың жаңа тәсілдерін үйренді;

6. Ұлттық музыка аспаптарын пайдалану негізінде ұйымдастырылған сыныптан тыс іс-шаралар мен жобалар, концерттер мен көрмелер шығарылды;

Зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды:

Осындай шығармашылық жұмыстарды орындау барысында студенттер арасында қазақ музыкалық аспаптарымен ансамбльдер құру, концерт ұйымдастыру және ұлттық музыкалық фестивалдерге қатысу және мәдени іс-шаралар қатысу арқылы студенттерді ұлттық музыкалық мәдениетке тартуға болады. Қорыта айтқанда, қазақ аспаптарын музыка сабағында қолдану ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты арттырудың тиімді жолы болып табылады. Бұл әдіс студенттерге қазақ халқының байлық мұрасын түсінуге, оны бағалауға және ұлттық мәдениеттің сақталуы мен дамуына, музыкалық білім берудің сапасын арттыруға және шығармашылық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған маңызды мәселелердің шешімін болар еді.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Ахмет Жұбанов «Қазақтың дәстүрлі музыкасы - музыка мәдениетін зерделеу және ұлттық аспаптарды тану».
2. Ұлттық музыкалық аспаптар жинағы - энциклопедиялық жинақ.
3. Бекен Жымбаков. «Музыкалық білім және тәрбие - шығармашылық құзыреттілікті дамытуға бағытталған әдістеме»
4. Жарқын Шәкәрімов «Қазақтың домбырасы - домбыраның тарихы және оның пайдалану ерекшеліктері»
5. Талғат Мұсабаев «Музыка зерттеу және талдау әдістері»

МОИ МЕТОДЫ И ТЕХНОЛОГИИ В ПРАКТИКЕ КАК РУКОВОДИТЕЛЯ НАУЧНЫХ ПРОЕКТОВ

Тургаев Б.Б., магистр экономических наук, преподаватель химии и экономических дисциплин, Аркалыкский политехнический колледж

Актуальность – современное обучение и воспитание ориентировано на самостоятельную деятельность учащихся с использованием интерактивных методов в обучении и поэтому научные проекты способствуют разностороннему развитию учащихся и выработке таких качеств, как самостоятельность, ответственность, любознательность, настойчивость ,

трудолюбие и упорство. Работа над научными проектами – это наивысшая степень обучения и воспитания учащихся где обучающиеся могут применить свои знания и навыки в создании нового открытия в науке, технике и технологиях. [4.31.]

Проблема - закрытие Торгайского бокситового рудоуправления градообразующего предприятия города Аркалыка, загрязнение окружающей среды бытовыми отходами и отходами добычи боксита сырья для производства алюминия, малое количество производственных предприятий, отсутствие постоянной работы у трудоспособного населения, малое количество субъектов предпринимательской деятельности в отрасли производства. [2.7.]

В настоящее время вопросы занятости населения, развитие частного предпринимательства, охраны окружающей среды, рациональное использование бытовых отходов и отходов связанных с добычей сырья металлургического производства, экологическая безопасность и чистота города, открытие нового производства, открытие новых рабочих мест, увеличение налоговых поступлений и прочих обязательных платежей в бюджет являются актуальными вопросами решение которых безусловно повысит благосостояние населения. [1.21.]

Цель работы – разработка и внедрение в производство научных работ по изготовлению алюмоцемента, сувенирных изделий, масляной краски, шамотных кирпичей и строительству теплиц.

Задачи - теоретическое изучение специальной литературы производства алюмоцемента, сувенирных изделий, масляной краски, шамотных кирпичей и строительство теплицы. Разработка технологии производства алюмоцемента, сувенирных изделий, масляной краски, шамотных кирпичей и строительство теплицы. Изготовление изделия с использованием глины отходов керамики и известняка Торгайского региона. Анализ экономического положения в данной сфере.

- Моими методами и технологиями в практике как руководителя научных проектов являются:
- Применение интерактивных методов в обучении с целью развития интереса к научно-исследовательской деятельности;
- Требования к учащимся - самостоятельность, ответственность, любознательность, настойчивость, трудолюбие и упорство;
- Развитие финансовой грамотности расчет рентабельности при составлении бизнес плана;
- Развитие практических навыков учащихся в применении теоритических знания на практике при разработке технологии и производстве продукции от начала до логического его завершения.
- Открытие производство алюмоцемента, сувенирных изделий, масляной краски, шамотных кирпичей и строительство теплиц помогут решить вопрос охраны окружающей среды, рационального использования отходов связанных с добычей сырья металлургического производства, экологической безопасности и чистоты города, открытие нового производства, создание новых рабочих мест, увеличение налоговых поступлений и прочих

обязательных платежей в бюджет, привлечение к проекту субъектов предпринимательской деятельности, решить вопрос занятости населения, улучшить экологическое состояние города.

Результаты исследования - изготовлены пробные образцы изделия, разработана пошаговая технология производства продукции, рассчитана себестоимость продукции, был проведен поиск необходимого оборудования, проведен анализ рентабельности производства и составлен бизнес план по производству изделия и строительству теплиц. Новшествами в научных работах являются производство алюмоцемента, цветного мела, масляной краски, сувенирных изделий и строительство теплицы на трубопроводах тепловых сетей. [3.11.]

Достижения учащихся – результат работы преподавателя и учебного заведения:

1. Литвинчук П. диплом I место , приз «Мак бук» в конкурсе «ЖАС ҒАЛЫМ.КСТ» фестиваль социально-научных инициатив «KOSTANAY PROJECT». (2021 г.)

2. Нурмихаметов Р. сертификат на сумму 500 000 тенге в Стартап проекте «Тәуелсіздік ұрпақтары» по заказу ГУ «Управлением общественного развития акимата Костанайской области» (2022 г.)

3. Апарин Р, Нурмихаметов Р. «ГРАН-ПРИ» областном конкурсе Start-up и бизнес-проектов «Я-предприниматель» (2023 г.)

4. Апарин Р. международная студенческая научно-практическая конференция «ПУТЬ УСПЕХА-2023: ОБРАЗОВАНИЕ. НАУКА.ПРОФЕССИЯ», посвященная 110-летию Динмухамеда Конаева. 2 место (2023 г.)

5. Нурмихаметов Р. международная студенческая научно-практическая конференция по теме «ОБРАЗОВАНИЕ , НАУКА , ПРОИЗВОДСТВО: КЛЮЧЬ К УСПЕХУ». 2 место (2024 г.)

6. Нурмихаметова Р. международная студенческая научно-практическая конференция по теме «ТАБЫС ЖОЛЫ – 2024 : БІЛІМ,ҒЫЛЫМ,КӘСІП» 3 место (2024 г.)

7. Нурмихаметов Р. сертификата на сумму 50 000 тенге . Вошел в ТОП-10 среди обучающихся ТиПО Костанайской области в номинации «Молодой исследователь» (2023 г.).

Выводы: в процессе работы нами изучена необходимая литература, разработана технология производства изделий, изучены технические характеристики оборудования и цены на них, произведены расчеты себестоимости продукции, рентабельности производства и составлен бизнес план по производству изделия, учтены возможные форс –мажорные особенности производства, изготовлены пробные образцы изделий. [4.1.]

Положительные стороны это открытие производственных предприятий, строительство теплиц, улучшение экологической безопасности, открытие новых рабочих мест, налоговое и другое обязательное финансовое поступление в бюджет, привлечение инвестиций. В процессе изготовления пробных

образцов изделия были произведены точные расчеты затрат на материалы и прочие расходы . [5.21.]

Список использованных источников

1. Бараева Я.И. Психологическая подготовка учителя к работе с одаренными школьниками // Народная асвета – № 2.- 2002. 2. Бараева Я.И..
2. Аксельрод Л.М. Развитие производства цемента в мире, новые технологии / Л.М. Аксельрод // Новые огнеупоры. – 2011. – №3. – С.106 – 119.
3. Выращиваем овощи в парниках и теплицах(2008)_Добров.djvu · Устройство теплиц и парников(2007)_Бондарева.pdf · Курдюмов Н.И., Малышевский К.
4. Черняк В.З., Черняк А.В., Довдиенко И.В. Бизнес-планирование. Учебно-практическое пособие. – М.: изд. РДЛ, 2002. – 272 с.
5. Дипломный проект выпускника Аркалыкского педагогического института Тургаева Б.Б.1993 г.

ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ОҚУҒА ЫҚПАЛЫ

Тұрсынбай Г.Б., психолог, ТОО «Многопрофильный колледж UIВ»

Эмоционалды интеллект – адамның өз эмоцияларын түсінуі, басқаруы және басқалардың эмоцияларын сезіну қабілеті. Заманауи білім беру жүйесінде эмоционалды интеллекттің маңызы артып келеді, өйткені ол оқушылардың оқу үлгеріміне, мотивациясына, қарым-қатынас жасау дағдыларына және жалпы тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді.

Эмоционалды интеллект (ЭИ) ұғымы алғаш рет 1990 жылы Питер Сэловей мен Джон Майердің еңбектерінде қолданылған, ал Дэниел Гоулман оны кеңінен танымал етті [1,2]. Олар ЭИ-дің мынадай негізгі компоненттерін айқындады:

1. Өзін-өзі тану: Өз эмоцияларын түсіну және бағалау.
2. Эмоцияларды басқару: Эмоцияларды бақылау, стресске төзімділік.
3. Эмпатия: Басқалардың эмоцияларын түсіну.
4. Әлеуметтік дағдылар: Коммуникация және топта жұмыс істеу қабілеті.

ЭИ-дің оқуға әсері

Зерттеулер көрсеткендей [3]:

- Оқу мотивациясы: Эмоционалды интеллекті дамыған студенттер оқуға деген қызығушылықты жоғалтпайды, қиындықтарды жеңуге бейім.
- Қарым-қатынас: Эмоцияларды дұрыс басқару топта үйлесімді қарым-қатынас құруға ықпал етеді.
- Стресске төзімділік: Эмоционалды интеллект стресс жағдайларында тиімді әрекет етуге көмектеседі, бұл оқу нәтижелеріне оң әсер етеді.
- Оқу үлгерімі: Жоғары ЭИ бар оқушылар тапсырмаларды уақытылы орындап, жақсы нәтижелер көрсетеді.

Практикалық мысалдар

Мысал 1: Командалық жұмыс

Топтық жобалар барысында эмоционалды интеллектті дамытуға арналған жаттығулар енгізілді. Әр студент топ мүшелерінің эмоцияларын анықтау және қолдау көрсету бойынша тренингтен өтеді. Нәтижесінде, топтағы қарым-қатынас жақсарып, жобаның сапасы артады. Бұл деңгейдің артуы үшін келесі қадамдар орындалды:

- Белсенді тыңдау жаттығулары: топ мүшелері кезекпен бір-бірінің идеяларын тыңдап, қайта қайталауы керек:

«Демек, сен біздің отбасы құндылығын «Сыйластықтың орнына қамқорлық» деп қорғауды ұсындың, солай ма?»

Бұл әдіс әр қатысушының өзін естігенін сезінуге мүмкіндік береді және сенімділікті арттырады.

- Рөлдерді бөлу және жауапкершілікті анықтау

Топ ішіндегі рөлдерді дұрыс бөлуді үйреттім:

- Бір студент – көшбасшы (топ жұмысын ұйымдастырады).
- Екіншісі – ақпарат жинаушы.
- Үшіншісі – презентация жасаушы.
- Төртіншісі – идеяларды тексеруші.

Рөлдерді бөлу арқылы әркім өз жауапкершілігін сезінеді және топ жұмысына белсенді араласады.

Нәтиже:

- Студенттер топ ішінде эмоцияларын дұрыс жеткізуді үйренді.
- Әр студент өзін топтың маңызды бөлігі ретінде сезінді.
- Командалық жұмыстың сапасы жақсарып, жоба нәтижесінде студенттердің «Қазіргі кезде отбасы құндылықтарының рөлдерінің» мәселелері бойынша креативті және тиімді шешімдер ұсынды.
- Топ ішінде сенім мен өзара қолдау қалыптасты.

Бұл әдіс эмоционалды интеллектті дамыту арқылы студенттердің оқуға деген ынтасын арттырып, олардың қарым-қатынас жасау және көшбасшылық қабілеттерін дамытуға көмектесті.

Салыстыру бағытына екі топ алынды. Эмоционалды интеллектінің ерекшеліктерін және олардың арасындағы эмпатияны қарастырдым. Қазақ тобынан МК - 24.3 тобынан 23 студент болды. Орыс тобынан МР- 24.2 тобынан 23 студент алынды.

Ұсыныстар:

- Қазақ тобына эмоционалды интеллектті дамыту үшін тренингтер өткізу (өзін-өзі тану, эмоцияларды еркін білдіру дағдыларын дамыту).
- Орыс тобына топтық жұмыста шығармашылық тәсілдерді күшейтуге арналған жаттығулар қосу.
- Екі топқа да эмпатияны дамыту және қарым-қатынас орнату әдістерін жетілдіруге бағытталған қосымша тапсырмалар беру.

Мысал 2 : Эмоцияларды басқару дағдылары

Оқуда стрессті басқару үшін арнайы релаксация жаттығулары өткізіледі (мысалы, тыныс алу техникасы). Бұл әдіс оқушылардың емтихан кезіндегі үрейін азайтып, жақсы нәтижелерге жетуге көмектеседі.

Эмоционалды интеллектті дамытуға арналған әдістемелерге мыналар кіреді:

1. **Ойын терапиясы:** Эмоцияларды тану мен басқаруды үйрететін тренингтер.

2. **Топтық жұмыс:** Эмпатия мен әлеуметтік дағдыларды дамыту.

3. **Дигиталды құралдар:** Эмоцияларды бақылау және бағалауға арналған мобильді қосымшалар.

Талдау қорытындысы:

- Орыс тобы эмоцияларды көрсету және қарым-қатынас орнату қабілеттері бойынша жоғары көрсеткіштерге ие.
- Қазақ тобы оқу үлгерімі мен қарым-қатынаста жақсы нәтиже көрсеткенімен, эмоцияларды көрсету қабілеті төменірек деңгейде.
- Эмоционалды интеллекттің жалпы деңгейі бойынша орыс тобы біршама алда тұр.

Эмоционалды интеллект деңгейін бағалайтын арнайы диагностикалық құрал.

Эмоционалды интеллектке арналған тест. Нұсқаулық: Төмендегі тұжырымдарды оқып шығып, олар сіздің мінез-құлқыңызға немесе сезімдеріңізге қаншалықты сәйкес келетінін бағалаңыз. Шкаланы пайдаланыңыз:

1 – Мүлдем келіспеймін

2 – Сирек келісемін

3 – Кейде келісемін

4 – Жиі келісемін

5 – Әрқашан келісемін

1. Өзін-өзі тануға арналған сұрақтар:

1. Қазіргі уақытта не сезініп тұрғанымды жақсы түсінемін.

2. Өз эмоцияларымды басқа адамдарға түсіндіре аламын.

2. Эмоцияларды басқаруға арналған сұрақтар:

3. Ашуым келсе, тез тынышталуға қабілеттімін.

4. Күрделі жағдайларда да жақсы жағын таба аламын.

3. Эмпатия

5. Басқа адамның не сезініп тұрғанын оңай түсінемін.

6. Адамдарға қиын жағдайда қолдау көрсету мен үшін маңызды.

4. Әлеуметтік дағдылар

7. Бейтаныс адаммен оңай әңгіме бастай аламын.

8. Қақтығыстарды жанжалсыз шешуді білемін.

5. Мотивация

9. Қиындықтарға қарамастан, өзіме мақсат қойып, соған жете аламын.

10. Жоспар өзгерсе де, өзімді ынталандыра аламын.

Нәтижелерді бағалау:

Барлық тұжырымдар үшін жинаған ұпайларыңызды қосыңыз.

- 10–20 ұпай: Эмоционалды интеллект деңгейі төмен. Сіз өз эмоцияларыңызды толық түсінбеуіңіз немесе оларды тиімді пайдалана алмауыңыз мүмкін.

- 21–30 ұпай: Эмоционалды интеллекттің орташа деңгейі. Эмоциялармен жұмыс істеудің негізгі дағдылары бар, бірақ оларды дамыту қажет.
- 31–40 ұпай: Эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі. Сіз өзіңізді және айналаңыздағы адамдарды жақсы түсінесіз, эмоцияларды басқара аласыз және тиімді қарым-қатынас құра аласыз.
- 41–50 ұпай: Эмоционалды интеллекттің өте жоғары деңгейі. Сіз эмоцияларды оңай басқарып, өзгелердің сезімдерін түсініп, адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатасыз.

Әлеуметтік мәнділігі

Эмоционалды интеллектті дамыту қоғамда эмоционалды сау, жауапкершілікті, сыни ойлайтын және қарым-қатынасқа бейім тұлғаларды тәрбиелеуге ықпал етеді. Бұл тек білім беру саласында емес, жалпы қоғамдағы үйлесімділікті арттырады.

Қорытынды

Эмоционалды интеллектті дамыту – студенттердің білім сапасын арттырудың және олардың өмірге дайындығын қамтамасыз етудің маңызды аспектісі. Мұндай бастамалар оқушылардың оқу үлгерімін жақсартып қана қоймай, олардың әлеуметтік-эмоционалдық қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Эмоционалды интеллект адамның әлеуметтік және кәсіби өміріндегі жетістіктерін анықтайтын негізгі факторлардың бірі ретінде танылады.

Эмоционалды интеллектті дамыту – бұл жеке және кәсіби жетістіктерге жетудің негізгі құралдарының бірі. Ол адамның тек білімін ғана емес, сонымен қатар өмірлік қабілеттерін де жетілдіреді. Сондықтан, ЭИ-ді дамытуды жеке тұлғаның, ұйымның және жалпы қоғамның басым бағыты ретінде қарастыру қажет.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Сэловей, П., & Майер, Д. (1990). Emotional Intelligence. Imagination, Cognition and Personality.
<https://doi.org/10.2190/DUGG-P24E-52WK-6CDG>
2. Гоулман, Д. (1995). Emotional Intelligence: Why It Can Matter More Than IQ. Bantam Books.
<https://www.penguinrandomhouse.com/books/56464/emotional-intelligence-by-daniel-goleman/>
3. Ревазова, Е. А. (2017). Эмоциональный интеллект и его влияние на успеваемость школьников. Современные исследования в психологии.
<https://cyberleninka.ru/article/n/emotsionalnyy-intellekt-i-ego-vliyanie-na-uspevaemost-shkolnikov>

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – МЕМЛЕКЕТТІК МӘСЕЛЕ

Тыныбек Еркетай, I курс студенті

«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледж» КМҚК

Ғылыми жетекшісі: Мусина Кулшат Сыздықовна

Зерттеудің өзектілігі: Тіл қарым-қатынас құралы болуымен бірге оны тұтынушы халықтың салт - дәстүрін, әдет - ғұрпын, дүниетанымдық ерекшелігін, ұлттық болмысын, рухани - мәдени байлығын, сан ғасырларға созылған даму тарихын ұрпақтан - ұрпаққа жалғастырып, жеткізуші, жинақтаушы қызметін атқарады. Мемлекеттік тілдің ғылым тілі деңгейіне жете алмай тұрғанын сөз етпегеннің өзінде, қарым-қатынастық қолданыстағы мүшкілдігі - өзекті мәселе.

Мәселе: Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін арттыруды отбасынан және мектептен бастауды бағдарламалы түрде талап ету мәселесі қарастырылса деген ой.

Зерттеудің мақсаты: Мемлекеттік тіл – қазақ тілінің мәртебесін көтеруге азаматтық үлес қосу, өзіндік пайым-түсінікпен бөлісу.

Зерттеудің міндеттері:

- Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қызмет аясы туралы пікірлер негізінде көзқарас таныту;

- Қазақ тілінің қолданылу өрісін кеңейтуге үлес қосу;

Ф.Оразбаева «Тіл әлемі» атты зерттеу еңбегінде адамдардың қарым-қатынасына қатысты әрекеттер екі үлкен тармақтан (тілдік қатынас, тілсіз қатынастан) тұрады деген. Тілдік қатынас пен тілсіз қатынастың ұқсастықтары да, айырмашылықтары да бар. Бұл қатынастардың ұқсастықтары: Біріншіден, адамдардың бір-бірімен байланысын қамтамасыз етеді, яғни адамдар арасындағы қатынасқа қызмет етеді.

Екіншіден, тілдік қатынаста да, тілсіз қатынаста да белгілі бір дерек, ой, мағлұмат хабарланады, бірақ тілсіз қатынаста хабар шартты түрде болуы мүмкін.

Үшіншіден, тілдік, тілсіз қатынаста да адамдардың өзара түсінісуіне жол ашады. Тілдік қатынас адамдардың бір-бірімен ұғынысуында, ойын еркін, толық жеткізуінде ерекше қызмет атқарады. Оның осы ерекшелігіне ғалымдар баса көңіл аударады [3,230]. Тілдің қоғамдағы қызметі оның қолданыс аясына байланысты. Ана тіліміз- қазақ тілін қаншалықты деңгейде насихаттап жүрсек те, мәртебесі мемлекеттік деңгейде танылмай тұр.

Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдерінің өз тілдерін сақтауына, дамытуына жасалып жатқан қамқорлық баршылық, бұл – жақсы. Ал жергілікті халықтың тілі, мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қолданыстық аясы ойлантатын мәселе. Жалпы, біздегі тіл мәселесі дегенде, әңгіме тек қазақ тілі туралы болуы керек қой.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазір - нағыз аз сөйлеп, көп іс тындыратын шақ. Олай болмаған жағдайда біз өзімізді халықаралық қоғамдастықтың алдында кемшін ұлт ретінде көрсетеміз» деген сөзінің ой тастары анық. «Кемшін ұлт» болмауды «өзімізге құрметтен» бастау керек. Туған тіліміздің мәселелері әр заманда өзекті саналған. Заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезов қазақтан шыққан түрлі маман өкілдерін ана тілінде жазуға ашық түрде насихаттайды. Осы жолда кездесіп отырған қиындықтарға өз ренішін жасырмайды: «Ендеше, сол жұртшылыққа қазақтан шыққан инженерлер, дәрігерлер, биологтар, математиктер өз еңбектерін өз халқы

тілінде жазып таратпауын немен ақтауға болады? Ал, біздің бүгінгі әдебиет тіліміз байығанда сол ғылыми-техниканың бар саласындағы ұғым түсініктер, атаулар молынан кіретіндіктен байыды дейміз. Ендеше, сол сөздерді, сол ғылымдарға байланысты тіл, орам шеберліктерді осы ғылымдардың өз мамандарынан артық қазақ тілінде айтып бере алатын шеберлерді, қайраткерлерді бір жақтан қарызға сұрап аламыз ба?» дейді [1].

Тілші ғалымдардың айтуына қарағанда, жыл сайын дүние жүзінде шамамен 25 тіл жойылады екен. Әрине, қазақ тіліне ондай қауіп әзірге төніп тұрған жоқ. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту тұрғысында айтсақ, бұл жерде алдымен намыс жетпейді, жеті атасынан бері қазақ болып келе жатқандардың қазақша білмеуі намыссыздықтан. «Әлеуметтік тіршілік иесі – адам қоғамда өмір сүргендіктен, оның іс - әрекеттері қоғамға бағынады. Ал қазіргі қоғамның басты мәселесі – тіл, яғни мемлекеттік тіл ретіндегі заңнамалық құқығы бар қазақ тілінің әлеуметтік мәртебесін арттыру. Сондықтан қазақ тілінің байлығын, әдеби және мәдени сөйлеу тілін жас ұрпаққа меңгертудің тиімді әдіснамалық жолын қарастыруымыз керек.» - деген белгілі лингвист-ғалым Қ.Шаяхметұлының сөзі тілдің коммуникативтік қызметін бала оқыту ісінде мақсатты түрде қолданудың өзекті мәселе екендігін айқындайды [4]. Ел басқаратын, халықтың қамын ойлайтын, тіл мен жерді сақтап, өзінен кейінгі ұрпаққа жеткізетін бүгінгі оқушыларды мектеп жасынан бастап отансүйгіштік, ұлтжандылық рухта оқыту – бізге, болашақ мұғалімдерге жүктелер жауапты міндет.

Халқымыздың бай ауыз әдебиеті бола тұра, сөйлеуде ой жұтаң, тіл шорқақ келетіні өкінішті. Жазушы Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романын, ақын Қадыр Мырза-Әлидің «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» өлеңін оқығанда халықтық болмысты тереңірек тани түсесің, болашақта практикаға машықтануға барғанда дәл осы тақырыптарды «Ұлттық құндылықтарды сақтап қалу біздің қолымызда» деген бағытпен оқытатынымды бүгіннен жоспарлау қажет. «Қазақтың қазақ екенін білгің келсе, халық екенін білгің келсе, мамыр өте Мәртөбеге кел» дейтін мәтел сөз бар. Қазақтың шешендігін, өнерін, сұңғылалығын, пәтуалығын, бауырмалдығын, жомарттығын, кәрісінің ақылы мен жасының қайраттылығын, жігітінің астындағы аты мен қызының иығындағы киіміне қарап сән-салтанатын, ырзығы мен дәулетін баяндайтын тамаша шығарма үзіндісі арқылы саналы ой тастап, сапалы білім негізін қалауға болады. Дәл осы танымды Қадыр ақынның «...Қазақ осы күй шығарып, ән салып, Көкпар тартып, қыз қууға жаралған...; ...Қазақ осы - дала дейтін, күн дейтін, Қазақ осы - «Өнер алды - тіл» дейтін. Қазақ осы - қарасың ба, ақсың ба, Қоңырсың ба, жатырқауды білмейтін» шумақтары бар «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» өлеңі жалғастырып тұрғандай. Осындай тәрбиелік те танымдық шығармаларды оқуға қызықтыру маңызды. Сонда әр қазақта, әр қазақстандықта ел мен жерге, тіл мен ділге, салт пен дәстүрге құрмет саналы қалыптасады. Бүгінгі партада отырған оқушы ертеңгі күні ғылым мен шаруашылықтың әр саласында еңбек ететін маман болады. Қай салада еңбек етпесін, алдымен, ұлт мүддесі үшін еңбек ететін азамат болуы керек. Өйткені, мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметі қоғамдық өмірдің

аса маңызды мынадай салаларында жүзеге асады: басқару, ақпарат, білім беру мен тәрбие ісі (мектепке дейінгі мекемелер, бастауыш, орта мектеп, жоғары мектеп), ғылым мен техника (ғылыми - зерттеу мекемелерде); қоғамдық ғылымдар, жаратылыстану мен нақты ғылымдар, техникалық және қолданбалы ғылым, экономика салаларында, ғылымның жалпыға ортақ салаларында, бұқаралық ақпарат құралдары саласында, іс жүргізу саласында; мемлекеттік, қоғамдық - саяси, мәдени мекемелер мен ұйымдарда; дене тәрбиесі, спорт, туризм, денсаулық сақтау мен емдеу мекемелерінде; қоғамдық тамақтандыру орындарында; өнер мекемелерінде (театр, кино); дипломатиялық қарым - қатынаста; әскери - патриоттық тәрбие және білім беру ісінде; шаруашылық жүргізу және ұйымдастыруда; өндіріс және өнеркәсіп орындарында. Қазақстан Республикасында өтетін республикалық, халықаралық құрылтай, конференция, мәжіліс, жиындар тек қазақ тілінде жүргізіліп, басқа тілдерге аудармашылық қызмет жасалу керек.

Нәтижесінде, қазақ тілінің қоғамдық ортада, еңбектің әр саласында қолданылуы сапасын арттыруды мектептегі оқытудан бастауды барша болашақ педагогтер өолға алады деп сенемін.

Қорыта айтқанда, әр қазақ азаматы мен азаматшасы өз тілін қадірлеп, сүйіп, сол тілде әдеби норманы сақтай сөйлеуі керек деп ойлаймын. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» демекші, әр қазақ өз тілін құрметтеп, қазақ тілінің мәртебесін көтеруге үлестерін қосса жақсы болар еді. Өзгерісті өзіңнен баста!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Шығармаларының жиырма томдық жинағы, 19 том, Алматы, «Жазушы», 1985.
2. Қазіргі кездегі қазақ тілінің мәртебесі. 2020. <https://adyrna.kz/post/35222>
3. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі. А., Ан-Арыс, 2009.
4. Шаяхметұлы Қ. Шартарап. - Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2006

СЫН ЕСІМДЕРДІҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ

Рахметова Сабина, Аблаева Мәншүк, II курс студенттері
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК
Ғылыми жетекшісі: Мусина Кулшат Сыздықовна

Зерттеу өзектілігі: Сындық мағынадағы сөздердің тілдік және ұлттық таным-түсінікті айқындаудағы қызметін қатар қарастыру арқылы оның лексика-семантикалық мәнін түсінуге болады. Сол себепті де түр-түсті білдіретін сөздердің этимологиясын білу этнопедагогиканы меңгеруде өзекті болып отыр.

Мәселе: Тілдегі сын есімдердің символдық мәнін зерттеу – ұлттық дүниетанымды, халықтың ойлау ерекшелігін және тарихи танымын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу мақсаты: Қазақ тіліндегі сын есімдердің символдық мәнін зерттеп, олардың мәдени-танымдық рөлін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- сын есімдердің мағыналық ерекшеліктерін талдау;

- қазақ тіліндегі символдық мәні бар сын есімдерді анықтау.

Сын есім – заттың сынын, сапасын, түр-түсін, дәмін, көлемін және басқа да қасиеттерін білдіретін сөз табы. Мысалы: ақ бұлт, биік тау, тәтті алма. Қазақ тіл білімінде сын есімдер туралы көптеген зерттеулер жүргізілген. Ахмет Байтұрсынұлы сын есімдерді тілдің негізгі қабаттарының бірі ретінде қарастырған. Қ. Жұбанов сын есімдердің мағыналық топтарына тоқталып, олардың семантикалық рөлін талдаған. С. Аманжолов сын есімдердің түрлену жүйесін сипаттаған.

Зерттеген ғалымдар: А. Байтұрсынұлы сын есімді зат есімнің анықтаушы ретінде қарастырып, оны есім сөздер қатарына жатқызады. Оның пікірінше, сын есімнің негізгі қызметі – заттың белгісін, түсін, көлемін және басқа да сипаттарын көрсету. Ол қазақ тіліндегі сын есімдердің жасалу жолдары мен қолданысын алғаш жүйелеп зерттеген.[2] Қ. Жұбанов сын есімдердің сөзжасамдық ерекшеліктерін зерттеген. Ол сын есімдердің дара және күрделі түрлерін ажыратып, олардың жасалу жолдарын анықтаған. Сонымен қатар, сын есімдердің мағыналық реңктерін тереңірек қарастырып, олардың сөйлемдегі рөлін сипаттаған.[3] Н. Сауранбаев сын есімдердің семантикалық топтарын анықтап, олардың зат есіммен байланысу ерекшеліктерін зерттеген. Ол сын есімдерді сапалық және қатыстық деп екіге бөліп, олардың мағыналық айырмашылықтарын көрсетті.

Сын есімдердің символдық мәнін зерттеу – тіл мен мәдениет арасындағы байланысты ашуға көмектеседі. Қазақ тіліндегі кейбір сын есімдер тек қарапайым сипаттаушы рөл атқармай, терең мағыналық әрі мәдени-символдық жүк көтереді. Мысалы қазақ тілінде «ақ» сөзі тазалықтың, адалдықтың, әділдіктің, пәктіктің, бейбітшіліктің символы ретінде жиі қолданылады. Ол тек заттың түсін ғана емес, адамның мінез-құлқын, ішкі жан-дүниесінің тазалығын сипаттауда да маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ «қара» сөзі қайғы, мұң немесе тереңдік мәнін беруі мүмкін.

«Аққа Құдай жақ.» Бұл мақал әділ, адал адамға Алланың көмектесетінін білдіреді. Шындық жолында жүрген адамды ешкім жоя алмайды. «Ақ жүрек адам – адал достың белгісі.» Жүрегі таза, шыншыл адам әрдайым достыққа берік болады. «Ақ түйенің қарны жарылды.» Мағынасы: Үлкен қуаныш, молшылық, ерекше бақытты сәт туғанын білдіреді. Бұл мақал-мәтелдер қазақ халқының өмірлік қағидалары мен дүниетанымын көрсетеді. «Ақ» сөзі тура мағына білдіретін сын есім, бірақ ауыспалы мағынада ақ түсі тазалықты, кеңпейілділікті, жақсылықты білдіреді.

Қазақ танымында ерекше күрделі мәні бар түс – ала түс. Ала түс «әртүрлі түсті» деген ұғымынан абстракцияланып, «ынтымақ-бірлігі жоқ, пәтуасыз» деген мәнді білдіреді. Оған тіліміздегі келесі мақал-мәтелдер дәлел. Мысалы: «Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды»; «От басы ала болса, Кереге бас сайын пәле болар»; «Ала аяқ күніні алпыс аттайды»; «Жылан шаққан адам ала арқаннан аттамайды»; «Адам аласы ішінде, Мал аласы сыртында»; «Ақымақтың ала, құласы болмайды»; «Бір биеден ала да, құла да туады»; «Көздің аласынан сөздің аласы жаман» Ала сөзінің тұсау кесуде қолдануы да ерекше назар аудартады. Тұсау кесу - өмір

жолының сәтті болуы үшін ақ ниетпен жасалатын ырым. Осы арада баланың аяғына не себепті ала жіп байланады, қара, қызыл, көк жіп неге байланбайды деген сұрақ тууы мүмкін. Бұған қатысты мәліметті А.Ғұзыханның «Қазақтардың дүниетанымы» еңбегінен кездестіреміз: «Көпшілік жағдайда тұсау кесуде ала жіп алынады. Ала жіпті пайдаланудың өзіндік мәні бар. Лұқпан хәкімнің айтуы бойынша, өмірде он жұп болады. Солардың бірі – ақ пен қара. Есілген жіптің бір қабаты – ақ, екінші қабаты қара-болып келеді. Жіптің екі қабаты ажырамастай астасып, кезек алмасып, тығыз өріліп отырады. Бұл тоқтаусыз ауысып келіп отыратын күн мен түннің белгісі. «Біреудің ала жібін аттамау» деген сөз көпшілікке түсінікті, кісіге қиянат жасамау мағынасында қолданылады» [4.]

Оқушыға тұсау кесу салтында ала жіпті қолданудың символдық мәнін ұғындыра отырып тақырыбымызды түсіндіреміз. Ала жіп билік айту үстінде де қолданылады. Араздасқан екі адамды билер татуластырған кезде оларға ала жіп ұстатып тұрып, ортасынан қиып жіберетін болған. Ала жіпті қиюдың мәнісі: егер уәде бұзып, бір-бірімізге жаулық жасасақ, Тәңір бізді жазалап, осы жіптей қиылып қалайық деген ұғымның символдық белгісі. Қазақта ешкімге қиянат жасаған жоқпын деудің орнына, “ешкімнің ала жібін аттаған жоқпын” дейтіні де сондықтан. Ала түс ақ пен қара түстердің араласуынан туған тура мағынасының негізінде абстракцияланып, бір жақты емес мәндерімен астасып жататын сын есім. «Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымас.» Мағынасы: Бірлікті бұзып, әділетсіздік жасаған адам ештеңе ұтпайды. Ынтымақтың маңызды екенін көрсетеді. «Ала тай ат болмайды, жарлы бай болмайды.» Мағынасы: Жаратылысынан осал нәрсе қанша тырысса да, мықтыға айнала алмайды. «Ала арқан, құла арқан – атқа салған тұсау болар.» Мағынасы: Біреудің жолын кесу немесе белгілі бір шектеулер қою туралы айтылады. «Ала аяқтан ала қашпа, адал достан адаспа.» Мағынасы: Арамдықтан қашып, шынайы достықты бағалау керек. «Ала жылқы арық, ала адам шірік.» Мағынасы: Сырттай әдемі көрінгенімен, ісі нашар адамдар болады.

Зерттеу нәтижелері: Сын есімдердің символдық мәні анықталды: Қазақ тіліндегі кейбір сын есімдер тек сипаттау қызметін емес, ұлттық-мәдени құндылықтарды да бейнелейтіні дәлелденді. Мысалы, қара, ақ, көк, қызыл сияқты түсті білдіретін сын есімдер тек бояуды сипаттамай, мифологиялық, тарихи және танымдық мәнге ие. Сын есімдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктері зерттелді: Қазақ халқында ақ – тазалық пен адалдықты, қара – қайғы немесе күш-қуатты, көк – аспан мен киелілікті, қызыл – қуаныш пен батырлықты білдіретіні анықталды. Бұл ерекшеліктер халықтың дәстүрлі танымында, фольклорында, салт-дәстүрлерінде сақталған.

Қорытынды: Қазақ ақын-жазушылары шығармаларында сын есімдер тек сипаттау үшін емес, астарлы мағына беру үшін қолданылатыны анықталды. Мысалы, Абай, Мағжан, Мұхтар Әуезов шығармаларында түстердің, табиғатқа қатысты сын есімдердің мағыналық жүктемесі жоғары екенін нақты түсіндік. Сондай-ақ қазақ халқы ежелден түстер туралы нақыл сөздерді анық білген.

Демек, кез – келген мәдениеттегі түр-түс өзіндік символдық мәнге ие болып келеді. Бұл тәрізді символдар адам баласының сан ғасырлық тәжірибесінен қорытылып шыққан, тарихи жағынан қалыптасқан белгілі бір түсініктің, философиялық ой мен ұлттық дүниетанымның жемісі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бабалар сөзі. 69 том. Қазақ мақал-мәтелдері. 2011.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы, 1991.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
4. Ғұзыхан А. Қазақтардың дүниетанымы. - Алматы, 1991.- 137б.
5. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы, 1992.- 174б.
6. Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы. Қазақ тілінің анықтағышы. 12-том. Алматы, 2018.

ТАЙЫР ЖОМАРТБАЕВ – ОЗЫҚ ҰСТАЗ, ЖАҢАШЫЛ ПЕДАГОГ

Жанахмет Алина, Кәрімғазы Ақмарал,

I курс, «М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК
Ғылыми жетекшісі: Нурпеисова Еркеш Болатбековна, филология
ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші.

Өзектілігі: Аттары ұмытылып бара жатқан Алаш арыстарының бірі, ақын, жазушы, драматург, педагог Тайыр Жомартбаев шығармашылығын қалың жұртшылыққа насихаттай отырып, ақынның балаларға арналған өлеңдерін қазіргі білім беру жүйесіне, мектеп оқулықтарына енгізуге ұсыныс жасау. Ақын шығармалары негізінде заманауи анимациялық фильмдер, электронды кітапшалар жасау арқылы балаларға қызықты етіп ұсыну арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылығын тудыруға болады.

Мәселе: қазіргі бастауыш мектеп оқулықтарында оқушы түсінігіне ауыр, тілі күрделі шығармалар кездеседі. Т.Жомартбаев шығармалары балалардың жас ерекшелігіне сай, оқуға жеңіл, тәрбиелік мәні зор шығармалар.Болашақта ақын өлеңдерін мектеп бағдарламасына енгізі ісі қолға алынғаны жөн.

Жұмыс мақсаттары: Жастарды, қалың көпшілікті Тайыр Жомартбаев шығармаларымен таныстыра отырып, ақын, жазушы шығармаларын жарыққа шығарып, көпшілікке ұсыну.

Міндеттері: ақын өлеңдерін сабақтан тыс іс-шараларда, тәрбие сағаттарында қолдану, көпшілікке тарату.

Шәкәрім бастаған Абайдың ақындық мектебінің, ағартушылық ағымның көрнекті өкілі, бар саналы ғұмырын ағартушылыққа арнаған ақын, жазушы, Семей педтехникумының оқытушысы Тайыр Жомартбаев есімі әртүрлі әдебиет туралы кітаптарда жанама ,үстірт аталып өтіп, шығармашылық мұрасы өз бағасын ала алмай жүргені ащы да болса шындық.

«Ол туралы мерзімді баспасөзде, қайсібір монографияларда жанама айтылып, еңбектерінің арақидік талданғаны болмаса, арнайы ғылыми негізде кешенді түрде зерттелгеніне де он бес жылдың жүзі болды», -дейді ғалым-педагог, Шәкәрім университетінің оқытушысы Т. Қабышев[1].

Тайыр Жомартбаев – ақын, жазушы, көсемсөз шебері болумен қатар, шығыс өңірінде жаңаша оқытудың бастамашысы, ағартушылық бағыттың өкілі.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы қазақ зиялыларының ұлттық құндылықтарға, білім-ғылымға, тәуелсіз ой-танымға ерекше ұмтылыс жасаған кезеңі. Сондықтан Тайыр Жомартбаевтың өмірі мен шығармашылығын, шығармаларының эстетикалық және көркемдік қуатын, ағартушылық рөлін XX ғасыр басындағы әдеби процесс аясында қарастырған жөн.

Жасынан Абай шығармаларымен сусындаған ақын-педагог өз шығармасында:

Еңбек қыл, қалам ұстап білгенді жаз,
Бос жүріп бой түзеумен болмаңыз мәз.
Алдыңғы білгендерден тағылым ал,
Дүнияға сөз таратқан көп өнерпаз.
Бос жүрген ата-бабаң не қалдырды,
Ғұмыры өткен қар жамылып, төсеніп саз?
Кешегі үлгі шашқан хакім Абай,

Оның да сөзін ұғып қалғандар аз,- деп Абайдың ұстанған [2]7

1912 жылы Семей қаласындағы «Жәрдем» баспасынан шыққан «Балаларға жеміс» өлеңдер жинағы басылып шыққан. Т.Жомартбаевтың шығармашылығы оның ағартушылық қызметінен бастау алған, сол бағытта дамығандықтан шығармаларының негізгі тақырыптары да оқу-білім, адамгершілік, ізгілік, еңбекшілдікке арналады. Осы Семейде жүрген кезінде Т.Жомартбаев жаңаша мұғалім ғана болып қойған жоқ, қаладағы мәдени-ағарту істеріне де қазақ зиялыларымен бірге белсене араласқан.

Сол кезде қазақ балаларына арналған оқулықтар, кітаптардың аздығына байланысты, Ы.Алтынсарин, С.Көбеев сынды педагогтар сияқты Т.Жомартбаев та балаларға арнап шығарма жазып, оны өз тәжірибесінде пайдаланды. Тайыр сабақ беруде осы кезеңдегі қазақтың алдыңғы қатарлы педагогтары сияқты төте оқуды құр жақтап қана қоймай, сабақтан тыс уақытында өзі де оқытудың жаңа жолдарын іздестіреді, оқулық, хрестоматиялар жазу, жастарды орысша оқытуға қызықтыру сияқты игілікті істерді жүргізеді.

«Балаларға жеміс» кітабының алғы сөзін ақын-педагог былай бастайды:

Неге болды кісінде
Екі құлақ, жалғыз тіл.
Көп естісін, аз сөйлеп,
Дегені ғой, соны біл.

Жас ұрпақты құр сөзбен уақыт өткізбей, оқу-білім алуға шақырады. Жинаққа «мектепке шақыру», «Ыждаһатты бала», «Балаларға насихат», «Жалқау бала», «Балаларға өсиет», «Балалардың тілегі», «Жетім баланың мұңы», «Рақымды жолдас» секілді «Біздің хал» секілді өлеңдері кірген.

«Мектептің ішінде» деген өлеңін алып қарасақ, бала түсінігіне сай, тілі жеңіл. Айналадағы заттарды түсіндіруде қарапайым

Мектепте не болады,
Бастан-аяқ айтты оған:

-Ағаштан салған үлкен үй,
Күнде барам мен соған.
деп сипаттайды.
Зал үй толған партаға
Отырар бала тізіліп.
Сыңғырлап сайрап бұлұлдай,
Дауыстары үзіліп, -
«БҮҖДИҺАТТЫ БАЛА» өлеңінде
Бала қылды ыждихат,
Толтырып қағаз жазды хат.
Ықыласына риза боп,
Мақтады оны кіл зат.
Терезеден күн түсіп,
Баланы сүйіп бек құшып,
Кел, қарағым, ойнайық,
Отырмалық іш пысып»,

- деп баланың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, оны қызықтырып, сабақты таста деп азғырған, ойынға шақырған Күнге де, құсқа да, шиеге де берген жауабы сондай орнықты, балаларға үлгі аларлықтай ғибратты. Соңында оқуын оқып болған балаға Күн де жадырап, Құс сайрап, Шие өз жемісін ұсынады.

Т.Жомартбаев жаңашыл педагог дейтініміз, өзі сабақ беретін математика пәнін балаларға түсінікті болу үшін әрі баланы қызықтыру үшін өлеңмен беріп отырған. **«Бөлшек сандар ережелері»** деген бөлімде бірнеше мысал келтірген.

Бөлшек санды қосу ережелері

1. Бөлшекті бүтін санға қосу реті:

6 бүтін 8-ден болса (7)

Алтыны өсір, сегізбенен 7-ні қос-
8-ден 55 бөлшек шыққан беті.

Тайыр Жомартбаевтың педагогикалық теориялары мен тәжірибесін зерттей отырып, оның жаңашыл ұстаз ретінде ұсынған білім беру әдістерін талдау және қазіргі білім беру жүйесіне қосқан үлесін анықтау – біздің міндетіміз.

Зерттеу нәтижелері: 2022-2023 оқу жылынан бастап колледж базасында Тайыр Жомартбаев атындағы кіші ғылыми зерттеу орталығы өз жұмысын жүргізіп келеді. Орталық мүшелері көптеген облыстық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, баспасөз беттерінде, сабақтан тыс іс-шараларда Т.Жомартбаев мұрасын насихаттауда. 2024-2025 оқу жылында ақын-жазушы шығармашылығы бойынша электронды оқулық шығару жоспарлануда.

Оның жаңашыл әдіс-тәсілдері студенттердің жеке тұлғалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Жомартбаевтың әдістері негізінен студенттің белсенділігін, қызығушылығын арттыруға, өз бетімен жұмыс істей білуіне ықпал етеді. Бұл әдістердің қазіргі уақытта мектептер мен жоғары оқу орындарында тиімді қолданылуы, білім беру процесін жаңартуға,

ұстаздар мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға мүмкіндік береді.

Қорытындылар: Тарих ақтандақтары әлі де толық ашылған жоқ. Біз осы жолда талмай еңбектеніп, халқы үшін еңбек еткен Алаш ардақтыларының өмірі мен шығармашылығын көпшілікке танытып, заманауи формада, жас балаларға қызықты болатындай етіп ұсыну керек. Мектеп бағдарламасына осындай тамаша өлеңдердің кіргізілуіне себепші болып, ұлттық педагогиканың дамуына өз үлесімізді қоссақ дейміз.

Пайдаланған дереккөздер тізімі:

1. Т.Қабышев. Тайыр Жомартбаев. Шығармалары. Алматы, «Арыс» баспасы, 2023
2. Қ.Мұхамедханов. Семей театрының тарихынан// қазақ әдебиеті, 1984, 4 май.
3. Т.Жомартбаев. Балаларға жеміс. Семей, Ярдәм, 1912.
4. С.Қирабаев Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. Алматы, Білім. 1995.

Т.ЖОМАРТБАЕВТЫҢ «ҚЫЗ КӨРЕЛІК» РОМАНЫ - ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ РОМАНДАРЫНЫҢ БІРІ

Аргимбекова Амина, Айдынбекқызы Айкүміс. I курс
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Жетекшісі Нурпеисова Еркеш Болатбековна, ф.ғ.м. педагог-зерттеуші

Өзектілігі: Т. Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романы қазақ әдебиетінің алғашқы прозалық туындыларының бірі болып табылады. Бұл шығарма әдебиетіміздің жаңа кезеңіне қадам басқан және қазақ романының негізін қалаған маңызды шығармалардың қатарына жатады. Романның өзектілігі, оның жазылу стилі, мазмұндық тереңдігі, әлеуметтік, мәдени және тарихи мәселелерді көтеруі арқылы қазіргі заман әдебиетін түсінуге зор үлес қосқандығында. Т. Жомартбаевтың «Қыз көрелік» шығармасы қазақ қоғамындағы психологиялық, әлеуметтік қатынастарды, ұлттық болмыс пен адамгершілік мәселелерін зерттеу үшін маңызды әрі қажетті туынды болып табылады.

Мәселе: «Қыз көрелік» романының басты мәселесі — қазақ қоғамында қыз тәрбиесі, әйелдерге қатысты әлеуметтік көзқарастар, ер адамдар мен әйелдер арасындағы қарым-қатынастар, жеке адамның болмысын түсіну мен өмірге деген көзқарас мәселелері болып табылады. Сонымен қатар, романның әдеби стильдік ерекшеліктері, құрылымдық тұтастығы және тілінің байлығы шығармашылық тұрғыдан қарастырылатын маңызды мәселе. Бұл мәселелерді зерттеу арқылы қазақ романының қалыптасуы мен дамуындағы маңызды кезеңдерге терең үнілуге болады.

Жұмыс мақсаттары: Т. Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романын қазақ әдебиетінің тұңғыш романдарының бірі ретінде зерттеп, оның әдеби және әлеуметтік мәнін анықтау. Сонымен қатар, романның ішкі құрылымын, көркемдік ерекшеліктерін, идеялық мазмұнын талдау арқылы қазақ прозасының қалыптасу жолындағы орнын көрсету.

Міндеттері:

- Т. Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романының құрылымын, сюжет желісін, кейіпкерлердің бейнесін талдау.
- Романның идеялық мазмұнын зерттеу және оның қоғам мен әдебиетке қосқан үлесін анықтау.
- Шығармадағы қазақ қоғамының әлеуметтік мәселелерін, ұлттық сана-сезімнің көрініс табуын зерттеу.

Әдебиетімізге қайта оралған ұлы тұлғалармен қатар, кеңестік дәуірде өз бағасын ала алмаған ақын-жазушыларымыздың еңбектері жете зерттеліп, рухани қазынамызға айналууда. Біз зерттеу объектісіне алып отырған Абайдың ақындық мектебінің көрнекті өкілі Тайыр (азан шақырып қойған аты Тайлақбай) Жомартбайұлы 1884 жылы Семей губерниясы Шыңғыстау өңіріндегі Мұқыр болысында Ақдала деген жерде, қазіргі Абай ауданы, Көкбай ауылында дүниеге келген. Руы Тобықты ішіндегі Көкше, оның ішінде Боқай, яғни Абайдың досы әрі шәкірті Көкбай ақынмен, әнші-ақын Ағашаяқпен (Берікбол) аталас әрі ауылдас, ағайын адамдар.

1912 жылы Қазақстан территориясында тұңғыш Семей қаласында «Ярдам» баспаханасы ұйымдастырылады. Сол «Ярдам» баспасынан 1912 жылы шыққан тұңғыш кітап – Тайыр Жомартбаевтың «Балаларға жеміс» атты балаларға арналған кітабы және «Қыз көрелік» романы еді.

Белгілі әдебиет сыншысы Р.Нұрғалиев роман жөнінде былай дейді:

«Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романы - құрылымдық ерекшеліктері мен көркемдік сипатына қарай, тақырыптық-идеялық мазмұны жағынан ерекше шығарма. Әсіресе романға тосын пішін таңдау жолындағы ізденістері ойлануға тұрады. Біз романның табысы да, қазақ әдебиеті тарихындағы маңызы да осы төңіректен табылады».

Сол кезеңдегі басқа да прозалық шығармалар сияқты заман проблемаларын қозғаған «Қыз көрелік» романы - қазақ қыздарының бас бостандығы туралы күрделі жанрда жазылған көлемді шығармалардың ең алғашқыларының бірі. «Қыз көрелік» - поэзия мен прозаның элементтері араласқан, күнделікті өмір мен ертегілік болмыстың белгілері бір арнада тоғысқан бітімі бөлек дүние», - деп баға береді ғалым Б.Омаров.

Романның басқа шығармалардан мазмұны мен идеясы жағынан ерекшелігі- сол кездегі қазақ романдарының кейіпкерлері - бақытсыз қыздар: Жамал, Қамар, Шұға т.б. Өз сүйгеніне қосыла алмай, өз бостандығын ала алмай құсамен өткен шерлі сұлулар. Ал Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романының басты кейіпкері Ғайникамал қазақ арасында болмаған оқиғаны басынан кешеді, әкесі Ғайса оны «жердің түбі» Уфа қаласындағы Ғалия медресесіне оқуға жібереді. Бұл ешбір шығармада кездестірмеген тың сюжет. Ғайникамалдың мұғалім болып, ауылына оралуы, өзіне қызыққан үш жігітке тапсырма беріп, іштерінен ең ақылдысын таңдаймын деп шарт қоюы- біз оқыған шығармаларда кездеспеген ғажайып. Бұл - ағартушы, шын мәніндегі демократ, қазақ қыздарының өз бақытын табуын армандаушы ізгі жанның жанынан шығарған арманы, қиялы.

Автордың мақсаты- өз көзқарасына сай тәрбиелік мәні зор шығарма жазып, қазақ қыздарын оқуға шақыру, өз бақытын тауып, білім алуға шақыру. Ол өз мақсатына жетті.

Көлемі жағынан қазіргі түсінікке сай роман деуге келмесе де, бұл роман қазақ прозасында эпостық әдебиет жанрындағы алғашқы үлгілердің бірі. Роман туралы сын мақала жазған Ғ.Зұлқаров айтқанындай, «Қыз көреліктің» идеясы адамгершілікті уағыздайды, қадір тұтады, теңдік мәселесін, өнер-білімді насихаттайды». Сондықтан «Қыз көрелікті» қазақтың тұңғыш романы демеске?

Зерттеу нәтижелері: 2022-2023 оқу жылынан бастап колледж базасында Тайыр Жомартбаев атындағы кіші ғылыми зерттеу орталығы өз жұмысын жүргізіп келеді. Орталық мүшелері көптеген облыстық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, баспасөз беттерінде, сабақтан тыс іс-шараларда Т.Жомартбаев мұрасын насихаттауда. 2024-2025 оқу жылында ақын-жазушы шығармашылығы бойынша электронды оқулық шығару жоспарлануда.

Қорытындылар:

Т. Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романы қазақ әдебиетінің алғашқы романдарының бірі ретінде ұлттық прозаның дамуына үлкен үлес қосқан маңызды туынды болып табылады. Шығарма қазақ қоғамындағы әлеуметтік, мәдени және тұрмыстық мәселелерді терең қарастырып, оның өзектілігі бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. Романның басты тақырыптары — қыз тәрбиесі, әйелдерге деген көзқарас, ер мен әйел арасындағы қарым-қатынастар, ұлттық құндылықтар мен адамгершілік мәселелері қазақ қоғамының болмысын көрсету арқылы әдебиетке жаңаша көзқарас ұсынады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі:

1. «Қазақтың 100 романы». Құрастырған Р.Нұрғали. Астана, 2004.
2. Қабышев Т.Б. Әміренов Ә.Д. XX ғасыр басындағы әдеби үрдіс: ағартушылық ағым. Монография.- Семей, «Зияткер», 2016.
3. Омаров Б.Ж. «Қыз көрелік», «Айна-тарақ» және «Тотынама»: үнді сюжеттерімен үндестік. «Керуен» журналы №1 (74) 2022.
4. Бисенғалиев З. XX ғасыр басындағы қазақ романы. Алматы, Өлке, 1997.
5. Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайының кітапханасының қолжазбалар қоры. КП-36-37.
6. Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайының кітапханасының қолжазбалар қоры. КППМ-1968.
7. Қараев М. Тайыр Жомартбаев жайында//Қазақ әдебиеті. 1981, 28 тамыз.

ШАР АЙМАҒЫНЫҢ КИЕЛІ ОРНЫ – «ҚЫЗ БЕЙІТІ»

Узгельдинова Аида, БББ 23-09-01 тобы

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі: Касымжанова Гаухар Каржасовна,

қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы

Зерттеудің өзектілігі: Шар қаласы - Абай облысының аймағында орналасқан тарихи, мәдени және рухани орталықтардың бірі. Шар қаласындағы

"Қыз бейіті" - қазақ халқының тарихы мен мәдениетінен айшықты орын алатын киелі жерлердің бірі. Бұл ескерткіш, әсіресе, Шар өңірі мен оның айналасындағы тұрғындардың рухани өмірінде ерекше орынға ие. "Қыз бейіті" туралы аңыздар мен тарихты зерттеу арқылы, бұл жердің мәдени, діни және тарихи маңыздылығын ашуға мүмкіндік бар. Жобаның өзектілігі осы киелі орынды зерттеу арқылы, Шар қаласы өңірінің кереметі - халық арасында «Қыз бейіті» (Бибі Мамажайқызы бейіті) деп аталып кеткен тарихи-мәдени орынның қасиеттілігін зерделуде. Мен үшін «Қыз бейітінің» тарихы туралы, киелі орынның қасиетін анықтау және оны қазіргі ұрпаққа насихаттау өзекті тақырып болып табылады.

Мәселесі: Киелі орындардың ішінде "Қыз бейіті" сияқты ескерткіштердің тарихи және мәдени маңызы толық зерттелмеген. Әрбір киелі жердің өзіндік аңыздары мен тарихы бар, бірақ бұл ақпарат көбіне халық арасында ғана сақталған. "Қыз бейіті" туралы нақты деректер мен оның тарихи контексті әлі күнге дейін толық анықталмаған. Бұл ғылыми жобаның негізгі мәселесі - осы киелі орынды тереңірек зерттеу арқылы оның тарихы мен мәнін ашу, сондай-ақ қазақ халқының рухани мұрасын сақтау және зерттеу.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Шар қаласындағы "Қыз бейіті" ескерткішінің тарихын, мәдени және діни маңыздылығын зерттеу, оны қазіргі қоғамға таныту.

Міндеттері:

1. "Қыз бейіті" туралы тарихи деректер мен аңыздарды жинақтау.
2. Бұл киелі жердің халық үшін қандай рухани мәні бар екенін анықтау.
3. "Қыз бейіті" ескерткішінің құрылымын, орналасқан жерін және оның сақталу жағдайын зерттеу.
4. Қазіргі қоғамда "Қыз бейітінің" маңыздылығын, қазіргі таңдағы дәріптелу жолын айқындау және оны халық арасында насихаттау.

Семей қаласынан Шар қаласына қарай автомобиль жолымен бет алған жолда өткен ғасыр басында ескі шымнан тұрғызылған зират тұрған. Халық бұл зиратты «Қыз бейіті» деп атап кеткен. Бірақ оның неліктен «Қыз бейіті» деп аталатыны, неліктен қасиетті, неге «Әулие қыз» дейтіні, қыздың елі, руы қайсысы екенін жұрт біле бермейді. Әлі күнге дейін Қыз бейітіне барып, өздерінің жандарына, денсаулықтарына дауа, шипа іздеушілер көп. Бұл қарастырылып отырған мекен менің туған өлкем Суықбұлақ кентінен 7-8 шақырым жерде орналасқан. Жалпы Суықбұлақ жерінде ауыз толтырып айтатын зерттеулер жетерлік. Соның бірі, өлкенің кереметі, тарихи-мәдени нысаны - «Қыз бейіті» (Бибі Мамажайқызы бейіті).

XX ғасырдың басында қазіргі Қоңырбиік ауылдық округіне қарасты жерде Мамажай деген молда өмір сүрген. Ескіше көп оқыған ол, араб тілін жетік білген және ел арасында сыйлы беделді адам болыпты. Оның беделінің артуына Бибі атты қызының дүниеге келуі де себеп болса керек. Бибі Мамажайдың (ел арасында кейде Баяман деп те аталады) орта жасқа келгенінде дүниеге келсе керек. Жаңа туған қыз бала ширақ, адамға тесіле қарауымен, ерте сөйлеуімен, араб тілін білуімен ерекшеленді. Бұл айырмашылық нәрестенің үш айға толған кезінен байқалған екен. [1]

Бибі Мамажайқызы, «Әулие қыз», ХХ ғасырдың басында дүниеге келіп, көріпкелдігімен танымал болды. Бибі Мамажайқызы кейбір деректерде 1900 жылы, кейбір деректерде 1904 жылы дүниеге келіп 1913 жылы дүниеден озған екен. 1900 жылы дүниеге келгені туралы ауданымызға белгілі тарихшы Керейбаев Қайыртай ағамыз өзінің «Қазыналы Қалба» деген кітаптағы мақаласында баяндайды. Ал 1904 жылы деген нұсқаны Қоңырбиік ауылының тарихшысы, жасы үлкен ақсақал Ғибраш ата беріп отыр. Хронологиялық талдауға сүйенсек, Бибі Мамажайқызына әулиелік бесінші атасы Қонақайдың шапағаты, қасиеті қонса керек. Қонақай ХҮІІ ғасырдың аяғында дүниеге келген, 1763 жылы қайтыс болған бүкіл қазаққа танымал батыр, би, әрі әулие атанған. Үш жүздің басын қосып біріктіруде аса ықпал жасаған Абылай ханның алғашқы ұстазы, соғыс өнерін үйретуші Қонақай болған. Қонақайды Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне алып барғанда, сондағы көп жасаған текті үлкендер «Орта жүздегі жалғыз әулие» деген екен. [2]

Бибі қыздың әулиелік қасиетін кішкентайынан шыр етіп жерге түскеннен белгілі болған. Мамажай (Баяман) бір күні үйде қызымен жалғыз қалған. Қыз бесікте ұйықтап жатады. Күні бойы мал соңыда жүрген ол біраз тыныс алайын десе, бала жылап, мазасын ала береді. Бесікте жатқан қызын тербетсе де, уана қоймайды. Мамажай енді кейіп: «Ой, жағың қарысқыр, жағың қарыссын», - деп бесікті қаттырақ тербете бастайды. Сол –ақ екен жылап жатқан қызы жылағанын тоқтата қойып, ашық, анық сәби дауыспен: «Сенің жағың қарыссын, Мамажай» - дейді. Бұл жағдай екі рет қайталанады. Молда қатты шошып қалады, білетін дұғаларының бәрін оқып, әулие-әмбиелерге жалбарынып, қызын аршамен аластап, ұшықтап әуре болады. [3] Бұл мәліметтерге қарасақ, Бибі қыз құйрығын басып отырғаннан бастап тілі шығып, сөйлей бастаған.

Тағы бір аңызда бір Мамажай өзінің 5 жасар қызының арабшаны нәзік үнмен, нақышына келтіріп, мақымына келістіре, жосылта оқығанын көріп таң қалады. Бибі ескі құран кітабын оқып тұр екен, үлкен кітаптың бетіне шынтақтай тұрып, құранды зуылдата оқи береді. Әкесі хазретке апарды, хазрет қызды түрлі сұрақтар қойып тексеріп көреді, ақыл-ойының дұрыстығына көз жеткізеді. Баланы алдына отырғызып, құран кітапты ашып оқуға қосады. Қыз болса Хазрет көрсеткен жерден зулатып мүдірмей оқи жөнеледі.

- Бұл болайын деп тұрған-ақ бала, әттең заманынан бұрын туып тұр екен. Бұл бала тегін бала емес, әулие бала - дейді хазрет. Бибі Мамажайқызы өсіп, жасы он жасқа келгенде осы Шар аймағында не болып жатқанын, қандай оқиға болатынын, бәлен деген жерде бәленше ауырып қалды, оның емі мынау деп айтып отыратын болыпты. Хазреттің айтқаны расталып, Бибі расымен «Әулие қыз» болып шықты. Кімнің немен ауыратыны, оның емі не екенін білуі, осы біздің Суықбұлақ, Қоңырбиік, Шар аймағындағы болып жатқан жаңалықтарды алдын ала біліп айтып отырғаны - әулиелік. Көптеген ауырып-сырқаған адамдар келіп, емдеріне шипа, жандарына дауа іздеп, Қыз Әулиеден ем алып отырған. «Әулие қыз» 13 жасқа (мүшелге) келер келместен қайтыс болады. Қайтыс болуының өзі қыздың көріпкелдігінен болған екен. [4]

Шар қаласында тұратын халық емшісі шипалы қолымен талайдың ықыласына бөленіп жүрген Бибі әулиенің ұрпағы - Шәмшия Шаяхметқызы бір қолжазбасында былай деп жазған: «Ең алдымен Әулие қыздың көріпкел, әулиелігін танығандар: 1.Сейіт молда 2. Қари Наурызбай молда Арыстанбайұлы, Қытайда өткен ғасыр басында өмір сүрген Есен хазрет». Кейінгі жылдары Әулие қыз туралы мол мағлұматтар жинаған Ержан Сағындықов. [5]

Қыз бейіті туралы «Қазыналы Қалба» деген кітапта Қайыртай Керейбаев деген ауданымыздың мықты тарихшы ағамыз да жазған екен. Қалай болса да Найманның Бура тарапынан Қондыбай руынан шыққан қыздың әулиелік қасиеттері болғаны шындық. Содан болар жұрт зират басына әдейі барып, тәуәп етеді. Сырқаты барлар деніне саулық, еміне шипа берсін десе, өтіп бара жатқан жолаушылар жолымыз болсын деп алдында тізерлеп құран оқып, Әулие қыздың шапағаты арқылы Алладан тілек тілейді.

Жермен жексен бола жаздаған Әулие қыздың бейіті Шәмшия Шаяхметқызының қолдауымен 2004 жылы қалпына келтіріліп, жаңғыртылады.

Зерттеу нәтижесінде "Қыз бейіті" ескерткішінің тарихи контексті анықталады, сондай-ақ оның аңыздары мен мәдени маңызы ашылады. Бұл жұмыс қазақ халқының рухани мұрасын тереңірек танып, киелі орындардың мәдени және діни маңыздылығын жастарға жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу барысында киелі орынның қазіргі жағдайы мен оны сақтау мәселелері талқыланады. Нәтижесінде, Шар қаласындағы "Қыз бейіті" сияқты киелі орындардың қорғауға алынуы және болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыру жолдары ұсынылады.

Қорытындылай келе, бұл ғылыми жоба Шар қаласындағы "Қыз бейіті" сияқты киелі орындарды зерттеу мен сақтау, сондай-ақ олардың қазақ халқының тарихы мен мәдениетіндегі орны туралы түсінік қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді. Өткенді ұмытпау, оны болашақ ұрпаққа жеткізу, үнемі жаңғыртып отыру кейінгі ұрпақтың міндеті. Расымен тарихта игілікті істер, ерекше оқиғалар, зерттеп отырған Бибі Мамажайқызы сияқты тұлғалар бейнелері мәңгі қалады. Әулие қыз бейіті бір ғасырға жуық уақыт таянған соң, ұрпақтар үшін қайта жаңғыртылды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Ертіс өңірі» газеті. «Әулие қыз төңірегінде не деуге болады?» Ә. Жаисанов 2006 ж. 29-қараша, 10 - бет
2. «Қазақ ру тайпаларының тарихы» Найман Х., 3 кітап. Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы. 430 - бет
- 3.«Қонақай» Ержан Сағындықов. «Алматы» баспасы 1996ж. 11,13,25 – беттер.
- 4.«Әулие қыз». Белдеубаев Рамазан Кенжеханұлы. 2006 ж. 9-11беттер

**ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНЫҢ БІЛГІРІ, ӘУЕЗОВТАНУШЫ,
ҚАЗАҚ ПЕДТЕХНИКУМЫНЫҢ ТҮЛЕГІ –
МҰРАТБЕК БӨЖЕЙҰЛЫ БӨЖЕЕВ**

Ешенова Еркежан, ШТ 23-09-01 тобы
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК
Ғылыми жетекшісі: Касымжанова Гаухар Каржасовна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы

Зерттеудің өзектілігі: Мұратбек Бөжейұлы Бөжеев - қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында өз ізін қалдырған ғалым, әуезовтанушы, абайтанушы, сондай-ақ, қазақ педагогикасы мен білім беру саласына зор үлес қосқан тұлға. Семей мұғалімдер семинариясы түлегінің ғылыми еңбектері мен зерттеулері қазақ әдебиеттану ғылымында үлкен маңызға ие. Әуезов шығармашылығы мен оның теориялық мұраларын терең зерттеу арқылы бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани құндылықтарды таныту қажет. Осы тұрғыдан алғанда, Мұратбек Бөжеевтің ғылыми қызметін зерттеу қазіргі уақытта әдебиеттану саласындағы маңызды міндет, өзекті тақырып болып табылады.

Мәселелері:

- Мұратбек Бөжеевтің Әуезов шығармашылығына қосқан үлесі мен оның әдебиеттанудағы орны толық зерттелмеген. - Ғылыми еңбектері және қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі мен құндылығы нақты бағаланған жоқ.
- Әдебиеттанушы-ғалым Мұратбек Бөжеевтің әуезовтану, абайтану саласындағы зерттеулері мен еңбектерін зерделеу қажеттілігі туып отыр.

Зерттеу жұмысының мақсаты:

- Мұратбек Бөжеевтің қазақ әдебиеттану ғылымындағы және әуезовтану саласындағы ғылыми қызметін тереңірек зерттеу, оның қазақ әдебиеті тарихы мен педагогика ғылымына қосқан үлесін айқындау.
- Мұратбек Бөжеевтің әуезовтанушы, абайтанушы ретіндегі ғылыми қызметін, оның қазақ әдебиеті мен әдебиет тарихындағы еңбектерін талдап, зерттеу.

Міндеттері: - М.Бөжеевтің өмірбаянын, еңбек жолын және Әуезов шығармашылығына қосқан ғылыми үлесін анықтау.

- Әдебиеттанушы-ғалым зерттеулерінің қазақ әдебиеті мен педагогика саласындағы маңыздылығын көрсету.

Алаш зиялыларының, ғалымдардың, ғұлама жазушылардың мектебі болған Семей мұғалімдер семинариясы - Қазақстандағы оқытушылар даярлайтын тұңғыш оқу орны болған. Жалпы, «Ертістің оң қабағында Семей, солында Алаш қаласы» (Ж.Аймауытов) болып бөлініп тұрған Семей қаласы ХХ ғасырдың басында қазақтың мәдени, рухани, саяси қайта өрлеуінде басты орталық болғаны тарихтан белгілі. Мұғалімдер семинариясы 1903 жылы 1 шілдеде ашылған. 1967 жылы оқу орнына заңғар жазушы М.Әуезовтің есімі беріліп, қазіргі замандық үлгідегі колледж болып құрылған.[1] Қазақтың атақты ғалым – қайраткерлері, белгілі академиктер, педагогтар, алаш зиялылары осы оқу орнында білім алып, алғашқы еңбек жолдарын да осы жерден бастаған. 1915 жылдары төрт ғұлама ғалым – Әлкей Марғұлан, Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов осы семинарияда қатар білім алған. Әдебиеттанушы-ғалым Мұратбек Бөжейұлы Бөжеев те осы киелі шаңырақта оқыған.[2]

Сталиндік саяси қуғын-сүргін құрбандарының бірі, көрнекті әдебиеттанушы - ғалым, әуезовтанушы, абайтанушы Мұратбек Бөжеев 1910 жылы Қарқаралы дуаны, Дағандел болысында, қазіргі Абай облысы, Аягөз ауданына қарасты Шұбартау өңірінде дәрігерлер отбасында дүниеге келген.

1924 жылы Қазақстандағы оқытушылар даярлайтын тұңғыш Семей қазақ педагогикалық техникумына (қазіргі таңда М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі) оқуға түсіп, осында қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтен дәріс алған. Мұратбек Бөжеев ұстазы М.Әуезовтің талапты, адал шәкірті бола біліп, Абайдың ақындық мектебі, ақындық стилі, оның Пушкин өлеңдерін қазақ тіліне аудару шеберлігі туралы зерттеген.[3]

М.Бөжеев 1925 жылы қазақ педагогикалық техникумын үздікке бітірген, 1932 жылы Мәскеудегі педагогикалық институтын аяқтаған. 1934-1938 жылдары Мәскеу тарих, философия және әдебиет институтының аспирантурасында оқыған. Қазақ педагогикалық институты мен Қазақ мемлекеттік университетінде оқытушы, КСРО ҒА Қазақ филиалының кіші ғылыми қызметкері болып істеген. 1942 жылы орыстың атақты жазушысы И.А.Гончаровтың «Обломов» атты романы туралы кандидаттық диссертациясын қорғау қарсаңында «халық жауы» ретінде жазықсыз айыпталып, он бес жылға жуық уақыт бойы сталиндік лагерьде қамауда болады. 1956 жылы ғалымның ісінде қылмыс құрамы расталмай, толық ақталады. 1960 жылы «Абай Құнанбаев шығармашылығының идеялық-көркемдік ерекшеліктері туралы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. 1961 жылы М.О.Әуезов мұражай-үйі ашылғанда, М.Бөжеев осы киелі орынды ұйымдастырушылардың бірі болған. Жазушы архивінде сақталған 400 папка материал негізінде М.О.Әуезов қолжазбаларының ғылыми сипаттамасын жасады, 7000 бет көлемінде жазушы шығармалары бойынша текстологиялық жұмыстар жүргізді, 12 томдық шығармалар жинағын дайындап шығаруға қатысып, 22 шығармасына әрқайсысы 3-5 беттен ғылыми түсініктемелер жазды, М.О.Әуезов шығармашылығы бойынша көрсеткіш дайындап шығарды. М.Бөжеев - Абайды, Мәшһүр Жүсіп Көпеевті алғаш зерттеушілердің бірі. Сондай-ақ Бұқар жырау, Мұрат, Шортанбай, Шәкәрім, Н.Наушабаев туралы іргелі еңбектер жазған.[2] Ғалым 1973 жылы «XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті дамуының идеялық көркемдік ерекшеліктері» атты тақырыпта докторлық диссертациясын сәтті қорғап шығады. Мұратбек Бөжеев 1980 жылдың 4 ақпанында Алматы қаласында қайтыс болады. «...Шын мәнісінде ескіліктен мүлде дерлік қол үзген әдеби-ғылыми ортадағы арабша қара танитын жалғыз кісі болғандықтан, «Қорғансыздың күнінен» «Қараш-Қарашқа» дейінгі барлық проза және «Еңлік-Кебек», «Бәйбіше-тоқал», «Қарагөз» бен әуелгі ғылыми зерттеулер және көсем-сөз бен әрқилы мақалалар түгелдей М.Бөжеевтің қолынан өтеді. Осы реттегі тағы бір елеулі шаруа – «Абай жолы» эпопеясын дәйекті түрде жаңа басылымға дайындау болатын. М.Бөжеев алғашқы екі кітаптың араб таңбалы қолжазбасын мұқият тексерістеп, қажетті түзетулер енгізумен қатар, эпопеяның жазылу тарихын айғақтайды» (Әдебиет тарихшысы Мұратбек Бөжеев. Мұхтар Мағауин. 2017, қаңтар. АҚШ).

«Ол өзінің ұстазы Мұхтар Әуезовпен бірге Абайдың 1940 жылы шыққан екі томдық шығармалар жинағын дайындауға қатысты. Ол өз еңбектерінде Абай туындыларының идеялық-көркемдік және өлең құрылысы ерекшеліктерін зерттеді, Абайдың ақындық айналасы туралы іргелі еңбектер жазды», - дейді ғалым С.Қорабай.[2] «Абайдың ақындық айналасы», «Абай аудармалары», «Абайдың реализімі» атты зерттеу еңбектері абайтануға қосылған сүбелі үлес болып есептеледі. «Абайдың ақындық айналасы» атты монографиясы жеке кітап болып шықты. 2015 жылы Мұратбек Бөжеевтің туғанына 105 жыл толуына арналған республикалық іс-шарада «Ақын өмірінен бір сәт» аталатын М.Бөжеев туралы бейнефильм көрсетіледі. Зерттеу жұмысымдағы көп деректер, мәліметтерді ғалымның қызы Айбарша Бөжеевадан алған осы фильмдегі мәліметтермен салыстырып, зерделедім. Бұл деректі фильм 2011 жылы түсіріліп, әлеуметтік желілерде жарияланбаған <https://cloud.mail.ru/public/hMt5/2Y4PHbaF5> .

Ғалымның көзі тірі кезінде дайындаған «Замана кейіпкерлері» атты іргелі зерттеулер жинағын 2013 жылы ғалымның қыздары Гүлбаршын мен Айбарша Бөжеевалар кітап етіп баспадан шығарады. 2015 жылдың 28 мамырында Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық колледжінде 31 мамыр - саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай Айбарша, Гүлбаршын Бөжеевалардың демеушілігімен М.Бөжеев атындағы оқу кабинеті мен мемориалдық тақта, кіші ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Бұл атаулы кабинеттерді ашудағы мақсат:

Зерттеу нәтижесінде М.Бөжеевтің Әуезов шығармашылығына арналған еңбектерінің ғылыми маңыздылығы айқындалды. Оның Әуезовтану саласындағы зерттеулері, әсіресе, Мұхтар Әуезовтің көркем шығармаларын терең талдап, жаңа тұжырымдар ұсынуы әдебиеттану ғылымына қосқан үлесін ерекше көрсетті. Зерттеу барысында Мұратбек Бөжейұлының қазақ әдебиеті ғылымындағы орны, Әуезов шығармашылығына байланысты жасаған зерттеулері мен тұжырымдарының бүгінгі әдебиеттану тарихындағы маңыздылығы мен құндылығы бағаланды. Қорытындылай келе, Мұратбек Бөжейұлы Бөжеевтің ғылыми және педагогикалық мұрасы қазіргі әдебиеттану мен білім беру саласындағы маңызды үлес болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Ұмытылмас бір күн немесе Мұхтар Әуезовтің адал шәкірті Мұратбек Бөжеев әлеміне саяхат». «Қазақ үні» ұлттық порталы, 933 | 18.03.2015
2. Ш.А.Жанаева. М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің тарихы: кеше және бүгін. «Алаштың білім ордасы». – Семей: «Тенгри» баспасы, 2013
3. «Замана кейіпкерлері». Мұратбек Бөжеев. – Алматы, 2013
4. Жанаева Ш. Өткені - тарих, бүгіні - кемел: Семейдегі М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжге -110 жыл / Ш. Жанаева // Егемен Қазақстан. -2013. — 24 қыркүйек. - Б. 8.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМА НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Нурпеисова Еркеш Болатбековна, «М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, ф.ғ.м.педагог-зерттеуші

Өзектілігі: Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде студенттердің жазылым дағдыларын дамыту маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Жазылым дағдылары адамның шығармашылық ойлауын, тілін дамытуға, сонымен қатар ғылыми және кәсіби салада өз пікірін анық әрі дәл жеткізуіне ықпал етеді. Оқу процесінде студенттердің жазбаша қабілеттерін жетілдіру тек білім беру сапасын арттыруға емес, болашақта олардың әлеуметтік және кәсіби өмірінде де үлкен рөл атқарады. Осыған орай, студенттердің жазылым дағдыларын дамыту мәселесі өзектілігін арттыра түсуде. Қазіргі таңда ғылыми жұмыс, зерттеу жүргізу, түрлі жобаларды жазу және презентациялау қажеттілігі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуды талап етеді.

Мәселе: Кітап оқымағандықтан, студенттердің оқылым, жазылым дағдылары төмендеп кетті. Логикалық ойлау, сауатты жазу, өз ойын еркін жеткізе білу дағдыларын дамыту қиындықтар туғызуда.

Мақсаты: Бұл жобаның негізгі мақсаты — студенттердің жазылым дағдыларын дамыту арқылы олардың шығармашылық ойлауын, тілдік біліктілігін, ғылыми жұмыстарды дұрыс құрылымдауды және өз пікірін дәлелді түрде жеткізу қабілетін арттыру. Осы мақсатқа жету үшін түрлі әдіс-тәсілдер мен шығармашылық жұмыстарды қолдану көзделеді.

Міндеттері:

- Студенттердің жазылым дағдыларының теориялық негіздерін зерттеу.
- Жазылым дағдыларын дамыту үшін тиімді әдіс-тәсілдер мен жаттығуларды анықтау.
- Студенттердің жазбаша шығармашылығын дамытуға арналған әдістемелік құралдарды жасау.
- Жазылым процесін басқарудың тиімді үлгілерін енгізу арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттерін арттыру.
- Студенттердің ғылыми жұмыстарды жазу дағдыларын дамыту үшін арнайы тренингтер мен семинарлар өткізу.
- Жазылым дағдыларының студенттердің жалпы білім беру және кәсіби дайындық деңгейіне әсерін зерттеу.

Қазақ тілі мен әдебиетін заманауи оқу бағдарламасына сай оқытудың мақсаты - жан-жақты тұлғаны қалыптастыру мен дамыту. Қазіргі таңда білімалушылардың жазылым дағдысының төмендігі білім беру саласындағы басты проблемалардың бірі деуге болады.

Білімалушылардың жазылым дағдысының төмен болуы олардың жазба жұмыстарында кемшіліктер мен оқшылықтардың орын алуына әкелетіні сөзсіз. Бұл жұмыс білімалушылардың негізгі, қарапайым жазылым дағдыларын жақсарту үшін, сонымен қатар жазылымның басқа түрлерімен байланыстыра оқыта отырып іске асыруға арналады.

Жазылым дағдысын дамытуда да түрлі ақпараттық, сандық технологияларды жүйелі әрі тиімді пайдалануға болады.

Жазылым өздігімен қалыптаспайды, менің қарастырып отырған жазылым дағдысын дамыту әдісі *Robert Gay* ұсынған жазуды оқу арқылы дамыту әдісіне негізделеді. Негізінде бұл әдіс әу баста жоғарғы мектеп пен колледж студенттеріне арналған. Білімалушыларды тек қана жазылым емес, оқылым дағдылары да жақсарады.

Оқылым арқылы жазылымды дамыту – жазылымның түрлі әдістерінің жиынтығы мен *өзге адамның ойын айтып беру* арқылы іске асыру. Аудару, мазмұндау, қайта өңдеу, әсерлендіру, имитация процестері арқылы және де төменде айтылатын басқа әдістер арқылы оқушылар жазбаша түрде басқаның ойын сауатты бере алатын болады. Бұл жазылым түрінде ойдың креативтілігі, ерекшелігі емес, сол ойды әсерлі жеткізу шеберлігі бағаланады, яғни білімалушының сөз байлығы, көркемдеуіш құралдарды орынды қолдана алу дағдылары жетіледі.

Аталған ойды әсерлен қайта жеткізу түрлері білімалушыларға көптеген мүмкіндіктер ұсынады. Түрлі әдістерді қолдана отырып ойды әсерлі жеткізу оқылым барысында назарды шоғырландырып оқуды талап етеді. Егер білімалушыға оқылым не жазылым барысында оқылған ойды жазып отыру тапсырылса, олар шеңберден шықпай оқуға дағдыланады.

Шебер композициялық шығарманы оқи отырып, өз ойын жеткізу барысында оларға жазу жеңілдеп, қиялына қанат бітіреді.

Ойды білдірудің тағы бір артықшылығы бар, ол оқушыларға өз мүмкіншіліктерін өлшеуге мүмкіндік береді. Оқылатын материал оқушылар үшін өз жұмыстарын салыстыра алатын үлгі болып табылады. Сондай-ақ, құрдастары ұсынған мұндай жазу білімалушыларға өз жұмысы туралы айтуға болатын модельді ұсынады. Түпнұсқа хат тек қана оқытушы стандарттарына сай емес, білімалушылар стандарттарына сай болуы мүмкін.

Тағы бір артықшылығы білімалушылардың сөздік қорын кеңейтуге ықпал етеді. Егер білімалушы өзгенің ойын әсерлі жеткізуге тырысса, ол дәлдік пен нақтылыққа, яғни негізгі ойдан алшақтамауға тырысады. Егер оның шектеулі сөздік қоры ойын жеткізуге кедергі келтірсе, ол одан шығатын жолды іздеуі керек.

Әңгіме жазуға үйрету жолдары

Сюжетті әңгімелеу- бұл оқиғаның элементтерін ашу үшін сөздерді түрлендіріп қолдану өнері. Бұл оқырманға ләззат пен шабыт сыйлайды, оларды саналы түрде ойлануға, естіген оқиғадан сабақ оқырманға оқиғаны өз ойынша өрбітуге, қиялында жаңа образдар мен ойлардың пайда болуына жол ашады.

Әңгіме жазу – бұл интерактивті өнер, өйткені тыңдаушылар да, баяндаушылар да бұл әрекетке қатысып отырады. Әңгімелердің қалай айтылатыны, сондай-ақ баяндаушының қолданған әрекеттері мен бет-әлпеті оқиғаны қызықты ете түседі. Көбінесе аудиторияның жұмысқа қатысуы құптарлық жағдай, әрі бұл жаңа лексикамен жұмыс істеудің мүмкіндігі болып табылады. Сондай-ақ әңгіме жазудың өзінің формаларының көптүрлілігі қарапайым түсінікті сөйлем құрылымын қолдану арқылы сабақты қызықты ете

түседі. Мәдени тұрғыдан алғанда, әңгіме жазу жастарға құндылықтар туралы білім беру үшін және олардың келесі толқынға өз заманы туралы көркем ақпарат беру жолы деп те түсіндіруге болады.

Жазылымды дамытудың негізгі сатыларының бірі -әдебиет сабағында көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашуға үйретуден басталады десе де болады.

Кейіпкер бейнесін ашу үшін қалай жоспар құру керек?

Қазіргі кезде жастардың көркем шығарманы оқуы қандай қиын болса, сол оқыған туындыны талдап, анализ жасау, кейіпкерлеріне мінездеме жазу соншалықты қиындық тудырып отырғаны жасырын емес. Әсіресе, осы мақсатта шығарма, эссе жазғызуда алдымызда көптеген қиындықтар тұр. Енді осы қиындықтарды қалай жеңеміз? Білімалушыларға әдеби шығарманы оқытып қана қоймай, талдап, мінездеме беріп, сыни ой айтуға қалай жетелейміз? деген сансыз сұрақтар әркімнің ойында жүрген шығар.

Мен өз әдістемемде жазылымның қарапайым түрлерінен ең күрделісі, эссе жазуды үйрету жолдарын қадам-қадаммен іске асырамын. Өзімнің сол тәжірибеммен бөліскім келеді.

Көркем шығарманы жүйелі талдау, кейіпкер бейнесін әр қырынан қарастыру кезінде сабақтың білімділік, тәрбиелілік мәні жүзеге асады деп ойлаймын. Көркем шығарманы терең түсініп, талдай білген оқушының қиялы ұшталып, жазылым дағдысы артатыны сөзсіз.

Зерттеу нәтижелері: «Көркем шығарма арқылы студенттердің жазылым дағдысын дамыту» тақырыбын зерттей келе, бірнеше жылдық тәжірибемнен түйгенім, сабақта тиімді-әдіс-тәсілдерді жүйелі түрде қолдану арқылы студенттердің кітап оқуға деген, көркем шығарманы оқып, талдау дағдыларын жетілдіруге болатынына көзім жетті.

Қорытындылар: Студенттердің жазылым дағдысы жеке дара емес, тыңдалым, оқылым, айтылым дағдыларымен тығыз бірлікте жүретін продуктивті дағды. Оқытушылардың алдында тұрған мақсат - білімалушының қызығушылығын туғызып, алға жетелеу.

Пайдаланған дереккөздер тізімі:

1. Винсент Р. Руггиеро (Vincent R. Ruggiero), заслуженный профессор Нью-Йоркского государственного университета «Стратегии критического чтения»
2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. «Сөздік-Словарь» 2005.
3. Сергей Заир-Бек. «Технология развития критического мышления посредством чтения и письма»
4. Грехнев В.А. Словесный образ и литературное произведение: кн. для учит. Нижний Новгород: Нижегородский гуманитар. центр, 1997

ФИНАНСОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ: СПОСОБЫ УВЕЛИЧЕНИЯ ДОХОДОВ И ЭФФЕКТИВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ БЮДЖЕТОМ

Элмеш Томирис, студент 3 курса, ГKKП «Алматинский экономический колледж»

Научный руководитель: Абдуллина Н.Ф., преподаватель специальных дисциплин

Актуальность темы заключается в том, что людям нужно постоянно пополнять свои знания по разным сферам жизни, а так как финансовая грамотность — это основа комфортной жизни, то её стоит изучать в первую очередь. Она помогает людям эффективно управлять своим бюджетом, избегать долгов, не попадаться на мошенничества и планировать будущее.

Проблема этой темы заключается в недостаточных знаниях людей в этой сфере, что и приводит к отрицательным последствиям для их будущего финансового положения. К таким как: закредитованность, отсутствием какого-либо понимания о том, на что идут расходы, непонимание этой сферы – что и делает их уязвимыми для мошеннических операций. Так же проблемой является отсутствие какого-либо обучения этой сферы в школах.

Цель работы состоит в определении способов для приращения денежных средств, их подробном описании. Также о правильном распределении расходов.

Задачи состоят в повышении осведомленности граждан, обучение базовым навыкам ведения бюджета, предотвращения закредитованности, повышение финансовой устойчивости.

На данное время очень много книг и научных материалов, связанных с этой темой. Однако, все как один пишут о схожих методах приращения денежных средств. Да, некоторые советы могут быть действительно полезными, но взглянув больше в реалиях обычного человека можно задаться вопросом: Станет ли он из-за совета одной книжки инвестировать свои временно свободные денежные средства в акции или облигации, ждать результат, стрессовать и естественно рисковать больше, чем если бы он оставил свои денежные средства на депозитных счетах «...с убогими процентами» - как говорится в книге «Самый богатый человек в Вавилоне»?

Возможно, а мы говорим о возможностях, инвестируя в ценные бумаги человек получит больше прибыли, чем от держания средств на депозите. Однако, постепенно возникающая жадность и азарт могут подтолкнуть человека на неразумные инвестиции и соответственно он потеряет все свои вложения. Тем более человек, только осваивающий финансовую сферу, не будет понимать принципы работы инвестиций и прогорит при первой же попытке. Единственным верным вариантом инвестирования для новичков, по моему мнению, является инвестиция в недвижимость, а именно жильё. Жильё можно сдавать в аренду, иногда за хорошие деньги, если рядом находится центр, горы, свежий воздух. Тем более на жильё имеется постоянный спрос, а особенно на обставленное и с привлекательным ремонтом. Так не было бы логичнее вложиться в данную инвестицию? Более надёжную, чем инвестиции в ценные бумаги. Доход с аренды может принести пользу, например, при потере

тер сіңген күпәйкесін кигенде ғана қала мен ауыл арасындағы қайшылықты мықтап сезінеді, ауылдағы халықтың рухани дамуындағы кенжелікті аңғарады. Бұл күнде нағыз өмір сүруге ынтық ақ қағаздай жандар бар да, өмірде актер болып ойнаушылар бар. Мысалы, басқаның қолымен от көсейтін Қали – рабкооп, қайда салсаң содан шығып майлы қасықтай жылпылдап ұстатпайды. Қарапайым еңбек адамы Елтайдың жүріп өткен айшылық алыс жолында бұғып жатқан "Бекежандар" бұлар. Роман сондай-ақ қыз бала тәрбиесіне қатысты мәселелерді қозғайды. "Тұр", "Жат", "Оқы" деген бұйрықпен күн кешкен мектеп-интернаттағы қыз балалар күні ертең ошақ иесі, ана болғанда, тұрмысқа қажетті дағды, әдеттерді қайдан үйренбек? Қыз баланың шешенің аялы алақанында дәстүрге тән тәрбие алып, бойжетуі табиғи заңдылық деген тұжырымға келеді. Жалпы роман бүгінгі таңдағы әлеуметтік маңызды мәселелерді қамтыған. М. Қабанбаевтың өзінің талантты, қалыптасқан қаламгер екенін дәлелдеген шығармасы "Пысық болдым, мінеки" повесі. Бұл бүгінгі балалар өмірін бейнелеген повесть. Басты кейіпкері – Досан деген ойлы оқушы, зерделі жеткіншек. Әсіресе оның туған жердің әр түйір топырағынан қасиет іздеп, әр тал шөбіне үніле жүруін, Аққұм суының шипалық қасиетін ашуын азаматтық десек де жарасады. Повесть балалар өмірін, балалар арасындағы қақтығыстарды суреттесе де, мұндағы негізгі өзекті мәселе – туған жерге деген махаббат. Негізгі тақырыбы – Досанның жеріне, еліне деген ыстық сезімі. Жалпы М. Қабанбаев, дүниеге бала көзімен қарай білетін, сезіне білетін жазушы. Оның балаларға арналған шығармалары "Бақбақ басы толған күн", "Арыстан, мен, виолончель және қасапхана" повестері. "Арыстан, мен, виолончель және қасапхана" повесі өзінің жазылу формасымен, көркем тілді стильдік тұрғыдан әдеби талап деңгейінде құбылтып пайдалана білуімен ғана ерекше болып көрінбейді. Жазушы шығармашылығына тән құбылыстардың бірі – образ жасау барысындағы көркемдік құралдарды әр қырынан пайдалана отырып, адамның жан дүниесін мейлінше ашып көрсетуге деген суреткерлік ұмтылыс. "Бақбақ басы толған күн" повесінің бас кейіпкері – оқушы Заманбек. Өзі ақын, өзі өлең жазады. Мінезі де қызық, ойлағаны да күлкілі. Мұны повестегі он үш жасар баланың қызық қылығы мен қиял қуа жасаған іс-әрекетінен, көреміз. Мысалы, әкесінің томырық мінезін ұнатпауы жайында: "Жуықта Пионер газетіне "Мектебім" атты өлеңім жарияланғанда бетіме ежірейіп қарап отырып, "Ой-ит!"-деген. Басымнан да сипамады. Көкем сондай адам. Тентектік жасасам бишікпен тартып жіберуден тайынбайды, өлеңім шықса мәнерлеп тұрып ит дейді. Бала әкесі Сауытбекті мейірімнен тысқары, суық жан деп есептейді. Оның пікірі әділетті ме, мұны шығарманы оқи отырып оқырман өзі саралайды. М. Қабанбаевтың бұл шығармалары "Философиялық ойларымен" ерекшеленеді, сонымен қымбат та. Өзгеге ұқсамауға тырысушылық, өмір шындығын өзінше бейнелеуге, соны соқпақ салуға құштарлық М. Қабанбаевқа, оның шығармашылығына ғана тән қасиет.

Зерттеу нәтижесі: Балалар мен жасөспірімдер арасында өзіндік өрнегі бар тың туындылармен жұртшылықтың көңілінен шыға білген Марат Қабанбаев шығармалары бүгінгі таңда жаңашылдығымен ерекше. Марат жас ұрпақтың санасына жетіп, түйсігіне кіретін құндылықтарды игере білді. Жас

буынға керек дүниені жалынды сөзбен жаза білді. «Жиһангез Титиден» бастау алған әңгімелер шоғыры аз ғұмырында қалың жұртшылыққа мол мұра боп қалды.

Қорытынды: Марат Қабанбаев өз кезегінде еш ережені бұзбаған. Тақырып қоюы өз алдына, әңгіме желісін тақырыпшаларға бөліп, жеке-жеке дүниенің басын біріктіре алуының өзі үлкен жұмыс. Осы тұрғыда жазушы қыруар еңбек ете білді. «Марат – талапкер. Марат – журналист, Марат – жазушының шығармашылық жолы да бір схема бойымен, ағаларының ізімен жалғасқан. «Әттең сіздердей» дейтін балаң қиялы қанат болып, келте ғұмырында сол «сіздерге» өзін мойындатып үлгерді. Ол дүниені өзінше көріп, өзінше ешкімге ұқсамайтындай ғып суреттер еді. «Аспанның кіндігін теуіп, аттан түсті...», «Қайдағы сұлу қара мысықтар жолды әдейі кесіп өтеді, тек кессе бір сәрі, тоқтай қап, жасыл көздерінің уын бетіме бүрке мұрт тікірейтіп, «миаоу» дейтіні жанға батады...»

Пайдаланған дереккөздер тізімі:

1. Ақыш Б. Көркемдік қолтаңбасы (Жазушы Марат Қабанбаев шығармашылығы жөнінде бірер ой) // Жұлдыз. – 2002.– № 2.– Б.141-153.
2. Тұрсын Ж. Тұйық талант // Айқын.– 2013.– 1 ақпан7 [4] [1] Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2010. – 576 б. [2]
3. Қабанбаев М. Туған өлке өрнегі // Қазақ совет жазушылары:
4. Қаламгерлік өмірбаян жинағы. – Алматы: Жалын, 1987. – 177-192 бб. [3]
5. Қабанбаев М. Айшылық алыс жол: Роман. – Алматы, Жазушы. 1987. – 21 б. [5]
6. Қабанбаев М. Бақбақ басы толған күн: повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 2003. – 240 б. [6]

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРІ КИІЗ БАСУ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ҰРПАҚТЫҢ РУХАНИ-ӨНЕГЕЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кусаинова Асем Мейрамхановна

Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі

Арнайы пәндер оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі.

Өзектілігі: Жоба тақырыбының өзектілігі қазіргі қазақ халқы ұлттық жаңғыру кезеңін бастан кешіп жатқандығына байланысты. Бұл тұрғыда халықтық әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері мен ұлттық спорт түрлері, дін, ұлттық білім, сондай-ақ, киіз басу кіретін халықтық қолөнер қайта жанданады.

Жұмыс мақсаты: әр түрлі киіз басу техникасын меңгеріп, қазіргі жас ұрпаққа дәріптеу және киізден заманауи бұйымдар жасау арқылы, интерьерді безендіруге қолдану.

Міндеттері: Киіз басу ұғымымен танысу; өнердің осы түрі бойынша әдебиеттерді таңдау және зерттеу; жоба бойынша өнімді дайындау; орындалған жұмысты бағалау.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеуде білім берудің айқын жолдарын жетілдірудегі басым бағыттарын айқындауда, ұлттық санамен адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру көкейтесті мәселелердің бірі болып отыр.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғышынан бері біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр.

Қазақ халқының ұлттық қолөнері – бұрынғы өткен бабаларымыздан бізге жеткен асыл мұра. Асыл мұраны, тарихымызды, көне мәдениетімізді қастерлеу, өркендету және жалғастыру – әрбір ұрпақ үшін қасиетті парыз. Өйткені онда ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ерекшелік, форма, ою-өрнектер ғана емес, сондай-ақ салт-дәстүріміз тарихымыз халақтық мінезіміз қалыптасқан. Қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретшісі, бейнелеу өнерінің негізін салушы Ә. Қастеевтің: «Мен өнерді таудың бұлағынан, қойдың құлағынан, ешкінің мүйізінен, әжемнің киізінен үйрендім» деуі содан болса керек.

Көп ұлт мекендеген Тәуелсіз Қазақстанның ерекшелігі де этникалық білім берудің қажеттігін туындатады. Кез-келген халық ғасырлар бойы жинаған қоғамдық және әлеуметтік тәжірибесін, ата-бабалардан алмасқан тәжірибиеге өз үлестерін қосып келесі ұрпаққа мәдениетін, тарихын аманат етіп отырған. Ежелден келе жатқан тарих толқынында халық - үлкен күш, ол мәдениетті, тарихты жасаушы жалғыз таусылмас қазына, құндылықтардың қайнар бұлағы. Сол таусылмас қазына мен қайнар бұлақтан өркен алатын жас ұрпақты халық дәстүрінде білім беріп, тәрбиелеу қазіргі білім саласының басты міндеті.

Жас болашақ мамандарды ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтарды, рухани-мәдени мұралардың сабақтастығын сақтай отырып, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеуге жан-жақты даярлау құзыреттілік тұрғыдан келу арқылы жүзеге асыруға болады. Ұлттық қолөнеріміздің көрнекі әдістерінің бірі - киіз басу. Киіз басу - бұл ежелгі тоқыма өнері, ол біздің заманымызда шынымен екінші туылуды бастан кешіреді, көбінесе сәндік-қолданбалы көркем өнердің жарқын түріне айналады. Археологтар алғашқы киізден жасалған бұйымдардың пайда болуын сегіз мыңжылдыққа жатқызады. Жүннен киіз басу тарихы, ең алдымен, қойларды қолға үйреткен көшпелілермен байланысты.

Қазіргі уақытта киіз басу оның дамуында жаңа кезеңді бастан кешіруде, ол қайта жандануда. Бүгінде бұл өмірлік маңызды қолөнер емес, көркемдік көріністің жарқын түрі. Қазіргі заманғы қолөнер шеберлері ата-бабаларымыздың киіз басудың барлық әдістерін қолданады, сонымен қатар жаналарын ойлап табуда. Киізден жасалған ойыншықтар мен суреттер, киім мен аксессуарлар, зергерлік бұйымдар мен интерьер заттары сәнге айналууда. Киіз шыны, металл, керамикамен бірге қолданыла бастайды. Біз киіз басу технологиясының қалай дамып жатқанын көреміз, қолөнердің осы түріне арналған материалдар мен құралдар қол жетімді болады.

Зерттеу нәтижелері: Киіз басуды екі әдіс арқылы жүзеге асыруға болады: құрғақ киіз басу әдісі және сулы (ылғалды) киіз басу әдісі.

1. Құрғақ киіз басу - арнайы инелердің көмегімен жүн түйіршіктерін нығыздау. Инелерде арнайы керттіктері болады, олардың көмегімен жүн талшықтарын іледі, араластырады, шырмап тастайды. Бұл керттіктер шаншуға қарама-қарсы бағытта орналасқан, бұл иненің көмегімен жүннен оңай алып шығуға болады. Бұл әдіс фильцтеу деп аталады. Жұмсақ губкада орналасқан жүнге арнайы инелерді тырып, бұрып және айналдырып жүн кесегінің керекті пішінін алады. Егер инені бір орынға бірнеше рет бастырса, онда жүннің нығыдалуын және ойысты болуына қол жеткізуге болады. Ине нөмері оның жуандығын көрсетеді. Нөмір үлкен болғаннан, ине жіңішке және керттіктер аз болады. Ине қалын болғаннан, фильцтеу тез болады, бұйымда қалдыратын санылаулар көп болады. Келемді киіз басу үшін инелер сырылған болаттан дайындалады. Сондықтан олар едәуір иілгіштікке ие болады және жұмыс кезінде майыспайды.

2. Ылғалды киіз басудың классикалық техникасы өте қарапайым болып келеді, яғни жүн, су, сабын және екі қолдың көмегімен орындалады. Арайы тазартылып, таралған құрғақ жүнді жазық жерге жайып қояды, әртүрлі жүннен суретті үстіне қойғаннан кейін сабынды сумен суландырады және жүннің талшықтары бір-бірімен біріккенге дейін әртүрлі бағытта қолмен ысқылайды. Киіз басудың ылғалды әдісі кезінде сабынды судың әсерінен талшықтар ұзартылады және тегістеледі.

Бұйымды кептіру кезінде талшықтар бастапқы күйге келуге тырысады, мұндай талшықтардың кішіреюі 30%-ға дейін барады. Сондықтан ылғалды басу кезінде дайындалған бұйымның өлшемдерін алдын ала жоспарлау керек, яғни бұйымның өлшемі 1,5 немесе 2 есе болуы керек.

Сабау, қарпу, білектеу бірнеше кезеңдерден тұрады: шабақтау; булау;

Сабау - алдымен жүн жасалатын бұйымдарға ыңғайланып, ақ, кара түстерге бөлініп жиналады да, оны ешкі терісінен жасалған тулаққа салып, сабайды.

Шабақтау - жүн сабалып болған соң, басылатын киіздің көлеміне қарай, шиді жаяды да, оның үстіне жүнді салып, шабактайды.

Булау - содан кейін қайнап тұрған ыстық суды шелекпен әкеліп сүзгімен немесе шеміштің сырт жағымен шашыратып шидің бір жақ шетінен бастап себелеп құяды. Киіздің асты-үстін ауыстырып отырып, 3 - 4 рет шиыршықтап, бүктейді де, екі басын түйстіріп шұжыққа ұксатып көктеп алып, тағы да ыстық су құйып сығымдап, үстін күпімен, тонмен жылылап жауып тастап булайды.

Білектеу - ыстық буымен балбырап жатқан киізді мөлшерлі уақыт өткен соң шешіп алып, қайыра ширатып, тағы да жіппен шаңдып байлайды.

Қарпу - киіз басушылар киізді ақ шидің үстіне салып, айнала отырады. Қусырылған киіздің әр жерінен қамти ұстап, оңды-солды қарпиды. Қарпылған киіздің шет-шеті жиналып тегістеледі де, екі жақ бетіндегі кірікпей қалған бос қылшықтары түседі. Білектеу мен қарпудан кейін кірігіп, ширай түскен киіз біраз қуырылғандай болып көлемі шағындалады.

Қорытынды: Қазақстан қолөнершілер одағының 100-ге жуық мүшесі бар. Олар қазақ қолөнер саласының барлық түрі бойынша терімен, жүнмен, зергерлік бұйымдармен, ине-жіп кестелеумен, ағашпен жұмыс жасап, төл мұрамызды жандандырып, сонымен қатар, заманауи жаңа туынды жасап жүрген хас шеберлер. Ендігі біздің арманымыз осы ұлттық қолөнер бұйымдарымызды, көркем туындыларымызды көрмеге шығарып, жастар үшін шеберлік сыныптарын ұйымдастыруды жалғастырамыз деген сенімдеміз. Өнерді - ұлт құндылығы деп бағалайтын уақыт жетті деп ойлаймын.

Пайдаланған дереккөздер тізім:

1. Қасиманов С. Қазақ халқының қол өнері. Алматы 1995 ж.
 2. Вопросы изучения истории и культурного наследия Казахстана (сборник). А., 1998.
 3. Т.К. Басенов. Прикладное искусство Казахстана. А., 1958.
 4. С.М. Дудин. Киргизский орнамент. М – Л., 1925.
- Қ. Мұқанов. Жүннен жасалған бұйымдар. А., 1990.

ЭМОЦИЯ ЖӘНЕ ҚОЗҒАЛЫС: ТІЛ ҮЙРЕНУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСІ

Күндебаева А., 4 курс білім алушысы,
«Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» КМҚК
Ғылыми жетекшісі: Конарбаева Г.Г. арнайы пәндер оқытушысы.

Өзектілігі: Қазіргі таңда тіл үйрену әдістері оқушылардың мотивациясы мен қызығушылығын арттыруға бағытталған жаңа тәсілдерді қажет етеді. Тіл меңгеру процесі көбінесе тек ақыл-ой жұмысына негізделген, бірақ эмоция мен қозғалысты енгізу арқылы оқушылардың сабаққа деген қатынасын жақсартуға болады. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдер үшін тіл үйрену тек теориялық емес, сонымен қатар тәжірибелік, физикалық және эмоционалдық тәжірибе арқылы жүзеге асуы тиіс. Эмоция мен қозғалыс әдісі “E-Motion learning” тіл үйренуді қызықты әрі жеңіл етіп, оқушылардың психологиялық жай-күйін жақсартуға мүмкіндік береді. Осыған орай, бұл әдіс тіл оқытуда жаңа мүмкіндіктерді аша отырып, оқушылардың тіл дағдыларын тиімді әрі қызықты түрде дамытуға септігін тигізеді.[1]

Жұмыстың мақсаты: Эмоция мен қозғалысты біріктіре отырып, тіл үйренуді қызықты әрі тиімді ету.

Міндеттері:

1. Эмоция мен қозғалыс арқылы тіл меңгеру әдісін зерттеу және оның педагогикалық тиімділігін анықтау.
2. Бұл әдісті сабақтың әр кезеңінде қолданудың тәсілдерін анықтап, педагогикалық тәжірибеде тиімді қолдану жолдарын ұсыну.
3. Оқушылардың эмоционалдық және физикалық белсенділігін арттыра отырып, тіл дағдыларын дамытуға арналған тапсырмаларды дайындау.
4. Тіл үйретуде эмоция мен қозғалыстың интеграциясын енгізу арқылы оқушылардың мотивациясын арттыру әдістерін анықтау.

Бұл әдістің артықшылықтары:

1. Мотивацияны арттырады: Эмоция мен қозғалыс арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігі артады, бұл олардың тіл үйренуге деген ынтасын күшейтеді.
2. Оқыту процесін жеңілдетеді: Эмоциялар мен қозғалыс мидың әртүрлі бөліктерін қозғай отырып, тіл дағдыларын меңгеруді жеңілдетеді және оқушылардың есте сақтау қабілетін жақсартады.[2]
3. Эмоционалдық қолдау көрсетеді: Бұл әдіс оқушылардың психологиялық жай-күйін ескеріп, олардың сабағына деген стрессін азайтып, көңіл күйін көтереді.
4. Шығармашылық қабілеттерін дамыту: Оқушылар эмоция мен қозғалыс арқылы өздерінің шығармашылық әлеуетін дамытып, тілдік қателерді түзету барысында жаңа тәсілдер мен идеялар табады.
5. Қолданысқа ыңғайлы: Сабақтың әр кезеңінде (ұйымдастыру, негізгі бөлім, қорытынды) оңай қолдануға болатын әдіс оқушылардың қызығушылығын сақтап қалады.

Пайдалану саласы бойынша:

- Оқыту, тренинг, білім беру
- Жеке тұлғаны дамыту
- Эмоционалды интеллектіні арттыру
- Қарым-қатынас пен байланыс орнату
- Оқушының белсенділігін, қызығушылығын арттыру[3]

«Басқа тіл — басқа өмірді көру тәсілі.» — Федерико Феллини.[4] Тіл үйрену — бұл тек жаңа сөздер мен ережелерді меңгеру емес, сонымен қатар басқа мәдениетті, көзқарасты және сезімдерді түсіну. Эмоция мен қозғалыс әдісі арқылы оқушылар тек тіл үйреніп қана қоймай, сонымен қатар әрбір жаңа сөз, әрбір жаңа әрекет арқылы өмірге деген жаңа көзқарас қалыптастырады. Бұл әдіс тілді үйренуге тереңірек әрі әсерлі түрде енуге мүмкіндік беріп, оқушылардың жаңа тілде өзін еркін әрі сенімді сезінуін арттырады. Осылайша, тіл тек қарым-қатынас құралы болып қана қалмай, әлемді жаңа қырынан көру мүмкіндігін сыйлайды.

Эмоция арқылы тілді тиімді меңгеруге арналған жаңа әдіс: “E-Motion learning” – бұл эмоция мен қимылдарды біріктіру арқылы ағылшын тілін тиімді меңгеруге бағытталған әдіс. Эмоция – адам есте сақтау процесінде маңызды рөл атқарады. Күшті эмоциямен байланысты ақпарат жақсы есте қалады. Қозғалыс (Motion) – физикалық белсенділік оқу процесін жандандырып, ақпаратты жақсы меңгеруге көмектеседі. Әдіс оқушылардың білімін тереңдетіп, олардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға бағытталған.

Әдістің мақсаты: Әдіс оқушыларға ағылшын тілін үйрену барысында эмоция мен қозғалыс арқылы белсенділіктерін арттыруға және ақпаратты ұзақ уақыт бойы есте сақтауға мүмкіндік береді.

Әдіс ережелері:

- Әдіс сабақтың үш кезеңінде де қолданыла алады: кіріспе, негізгі және қорытынды кезеңдерде.

- Әр кезеңде оқушылар әртүрлі қозғалыстар мен эмоциялар арқылы тапсырмаларды орындап, өз білімдерін тексереді.
- Оқушылардың қатысуы міндетті, олар эмоция мен қимылдар арқылы тіл үйренуге белсене қатысады.

Зерттеу нәтижелері: Эмоция мен қозғалыс арқылы тіл үйрену әдісі оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Бұл әдіс тіл дағдыларын меңгеруде тиімділікті арттырып, оқушылардың сөздік қорын кеңейтіп, сөйлеу дағдыларын жақсартады. Эмоция мен қозғалыс элементтерін қолдану арқылы оқушылар өздерін еркін әрі сенімді сезініп, тілде белсенді сөйлеуге дағдыланады. Сондай-ақ, әдіс оқушылардың психологиялық жай-күйін жақсартып, оқу процесіне деген мотивациясын жоғарылатады. Бұл тәсіл оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, сабақта жағымды эмоциялар мен позитивті тәжірибе қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды: Эмоция мен қозғалыс арқылы тіл үйрену әдісі білім беру процесін жанаша бағытта дамытуды көздейді. Бұл әдіс оқушылардың тіл меңгеру процесіне деген қызығушылығын арттырып, олардың белсенділігі мен мотивациясын көтереді.[5] Эмоция мен қозғалысты тиімді пайдалану оқушыларға тіл дағдыларын терең әрі жылдам меңгеруге мүмкіндік береді, сонымен қатар олардың психологиялық жай-күйін жақсартуға ықпал етеді. Әдіс сабақтың әр кезеңінде қолдануға ыңғайлы әрі оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес оңай бейімделеді. Бұл тәсілді енгізу арқылы білім беру жүйесін жаңарту мүмкіндігі туындайды, себебі оқушылар тек ақыл-ой жұмысымен емес, сонымен қатар физикалық және эмоционалдық деңгейде де дамиды. Эмоция мен қозғалыс арқылы тіл үйрену әдісі тиімді әрі қызықты білім беру жүйесін құруға мүмкіндік береді, бұл оқушылардың жалпы дамуына оң әсер етеді.

Пайдаланылған ақпарат көздері:

1. бейсенова т. Х. Балабақшаның қазақ тобындағы тіл тәрбиесі //мемлекеттік тіл–бірлік пен келісім тілі. – 35 б.
2. fellini f. A different language is a different vision of life //training. – 2017. – т. 1. – №. 2
3. мухаметкалиева, гульнар, et al. "ұлттық құндылықтар және сөйлеу мәдениеті ерекшеліктерінің негізінде шетел тілін оқыту әдістемесі." *научный журнал «вестник нан рк»* 402.2 (2023): 170 б.
4. richards, j. C., rodgers, t. S. «approaches and methods in language teaching» – cambridge: cambridge university press, 2014. – 358 p.
5. russo, k. E. (2014). Global issues, local matters: english language varieties in (e) motion. *Crossroads languages in (e) motion*, 155p.

ЖАСӨСПІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГТІҢ ЕРЕКШЕ КӨРІНІСТЕРІ

Әскербекова Айша Айдынкызы, 3-курс
«Абай» атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Сағатова Гульнур Канатовна, педагог-психолог

Өзектілігі: Жасөспірімдік кезеңде құрдастарымен тұлғааралық қарым-қатынасқа қатысты мәселелер бүгінгі күні дамудың осы жас кезеңінің психологиялық ерекшелігін анықтай отырып, алғашқы орынға шығып отыр. Жасөспірімдер арасындағы буллинг мәселесі көптеген жылдар бойы өзектілігін жойған жоқ. Бұл мәселе біздің елде де бар және оның ауқымы жыл сайын артып келеді. Осы күрделі қоғамдық құбылысты бейнелейтін фильмдер, кітаптар, түрлі форматтағы телебағдарламалар, қоғам қайраткерлерінің сөйлеген сөздері көбейіп келеді. Ұзақ уақыт бойы бұл құбылыс жасырылды, бұл туралы арнайы ғылыми термин де болмады, өйткені «қудалау» сөзін термин ретінде жіктеуге болмады. Буллинг проблемасының өте маңыздылығына қарамастан, ол отандық әдебиеттерде іс жүзінде қамтылмаған, ал Батыста буллинг мәселесі өзекті мәселе болып табылады.

Зерттеу объектісі: Буллинг феномені.

Зерттеу пәні: Білім беру ортасындағы буллинг.

Зерттеу жұмыстың мақсаты: Білім беру ортасында буллингтің психологиялық себептері мен салдары туралы түсініктерді жүйелеу.

Зерттеу жұмыстың міндеттері:

- Буллинг феномені туралы идеяларды теориялық талдау;
- Білім беру ортасында буллингтің себептері мен салдары туралы түсініктерді жүйелеу.

Зерттеу гипотезалары:

- Жасөспірімдердің буллинг құбылысы олардың білім беру ортасының қауіпсіздігін қабылдауымен өзара байланысты болады.

Зерттеу әдістері:

1. Буллинг феномені мәселесі және оның білім беру ортасындағы көрініс беру ерекшеліктері туралы дереккөздерге теориялық талдау жасау.

2. Мәліметтерді жинау және жазу әдістері:

- О.Л.Глазманның «Жасөспірімнің буллингтағы рөлі» әдістемесі;

- «Идеал группалас» сауалнамасы (М.М. Кравцова);

3. Мәліметтерді математикалық және статистикалық өңдеу: корреляциялық талдау

Буллинг – бұл негізінен ұйымдасқан балалар мен жасөспірімдер топтарына, ең алдымен мектептерге тән әлеуметтік құбылыс. Көптеген зерттеушілер бұл жағдайды, ең алдымен, мектептің әмбебап алаңы, балалардың үйде жинақталған көптеген жағымсыз импульстарын шығаруға арналған сынақ алаңы екендігімен түсіндіреді. Мектепте «көшбасшыдан тысқары» диапазондағы балалар арасында белгілі рөлдік қарым-қатынастар дамиды [3]. Жасөспірімдер арасындағы буллингтің сақталуына ықпал ететін қосымша фактор – педагогтардың бұл проблемамен күресуге қабілетсіздігі, ал кейбір жағдайларда оны қаламауы.

Буллинг басқа балалар тарапынан балалар бастан кешіретін физикалық және (немесе) психикалық қысымның әртүрлі нысандары арқылы көрінеді. Бір балалар үшін бұл - зардап шеккендердің сырт пішінінің немесе жеке басының қандай да бір ерекшеліктерін көрсететін жүйелі мысқылдар. Басқалары үшін – бұліну олардың жеке заттарын партаның астына түрту, қорқытып алу. Үшіншіден - адамның қадір-қасиетін кемсітетін ашық қорлау, мысалы, кемсітушінің алдында тізерлеп тұрып, көпшілік алдында кешірім сұрауға мәжбүр ету. Буллинг- физикалық, эмоционалдық немесе психикалық зиян келтіру үшін артықшылықты пайдалану. Бұл көбінесе негізсіз сынға, ренжітуге, тыйым салуға, оқшаулануға, ерекшеленуге, басқаша қарауға, айғайлауға, қорқытуға, шектен тыс бақылауға, ауызша және жазбаша ескертулерге және т.б. негізделген қажетсіз мінез-құлықтың қайталанатын үлгісі. Жұмыста бұл нашар өнімділік туралы ойдан шығарылған немесе бұрмаланған айыптаулардан көрінуі мүмкін. Буллинг – озбырлықтың бір түрі [4].

Зорлық-зомбылықтың үш негізгі құрамдас бөлігі бар:

- күштің артықшылықтарын пайдалану;
- зиян келтіру;
- өз еркіне қарсы әрекеттер.

Буллинг мақсаты - кемшілікті жасыру. Буллинктің басқаруға еш қатысы жоқ. Жақсы басқарушы басқарады, жаманы улайды. Сондықтан буллинкті әдіс ретінде таңдаған кез келген адам өзінің төмендігін көрсетеді, ал адамның басқа біреуді қорлау күші тианның төмен дәрежесін анықтайды [2].

Мен буллингке қатысушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін зерттеуге ерекше назар аударғым келеді. Буллингке қатысушылардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін жақсы түсіну үшін олардың қандай позицияны және қандай рөлді атқаратынын түсіну қажет. Соңғы зерттеулер көрсеткендей, буллинкті тек құрбандар мен агрессорлар ғана емес, сондай-ақ басқалары да кіретін әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру ең дұрыс болып табылады [1]. Буллинктің пайда болу себептері күрделі және әртүрлі. Қазіргі уақытта қорқытудың әлеуметтік құбылыс ретіндегі туралы толық ақпарат жеткіліксіз және бұл маңызды мәселені шешуге белгілі бір кедергілерді тудырады. Қорқытудың төрт негізгі компоненті бар:

- агрессивті және жағымсыз мінез-құлық;
- жүйелі түрде жүргізіледі;
- қатысушылардың күші тең емес қатынастарда пайда болады;
- бұл әрекет қасақана болып табылады.

Зерттеу нәтижелері: Жасөспірімдер ортасында буллинктің ерекше көріністерін эмпирикалық зерттеу нәтижелері ұсынылған. Зерттеу нәтижелерін

өңдеу әрбір тест бойынша жеке дәйектілікпен жүргізілді. Бірінші кезеңде О.Л. Глазманның «Жасөспірімнің буллингтегі рөлі» әдістемесі бойынша диагностика жүргізілді. Зерттеудің екінші кезеңінде диагностика «Идеал группалас» сауалнамасы (М.М. Кравцова) арқылы жүргізілді, оның көмегімен біз жасөспірімдердің бір-бірімен қарым-қатынасын анықтай алдық.

Жасөспірімдер арасындағы буллингтік ерекше белгілерін зерттеу барысында біз мынадай *қорытындыға* келдік: Буллинг– бұл бір адам немесе топ қасақана қылмыскер ретінде әрекет ететін, ал екіншісі физикалық немесе психологиялық тұрғыдан әлдеқайда әлсіз жәбірленетін тұлға аралық өзара әрекеттесу түрі. Буллинг – бұл негізінен ұйымдасқан балалар мен жасөспірімдер топтарына, ең алдымен мектептерге тән әлеуметтік құбылыс.

Қорқыту мәселесі өте өзекті және мұғалімдер қауымы, ата-аналар және мемлекет тарапынан үлкен назар аударуды талап етеді. Жасөспірімдердің қорқытуының себебі конфликттік жағдайларды айыптау, агрессия және талаптар түрінде шешуге бейімділік болып табылады. Жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың басым түрлері психологиялық (эмоционалдық) және физикалық зорлық-зомбылық болып танылады. Осылайша, зерттеу барысында бұрын тұжырымдалған гипотезалар расталды деп айтуға болады. Шынында да, жасөспірімдердің қорқытуының көрінісі олардың білім беру ортасының қауіпсіздігін қабылдауымен өзара байланысты, жасөспірімдер арасында тежеуші фактор ретінде педагог беделінің болуы қорқыту процесінде белсенді рөлді таңдаумен байланысты.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Алексеева Л.С. Балаларға қатыгездікпен қарау: оның салдары және алдын алу// М.: «Қыркүйек» ұлттық кітап орталығы, 2016. 180 б.
2. Бердышев, И. С. Буллинг және балалар мен жасөспірімдер ортасында моббинг/ И. С. Бердышев [Электрондық ресурс].
3. Буллинг әлеуметтік-педагогикалық проблема ретінде [Электрондық ресурс].
4. Волкова Е.Н. «Білім берудің практикалық психологиясының хабаршысы»// желілік журналы 2019. № 3 (3). 50-57 б.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ: ҚАЛЫПТАСУДЫҢ МӘНІ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Айдынқызы Кәусар, 3- курс

«Абай» атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Сарсенбаева Альмира Есымкановна, педагог-психолог

Өзектілігі: Девиантты көріністер бірегей және жаңа емес, бірақ оларды зерттеу қазіргі уақытта, біздің қоғам дамуының бетбұрыс кезеңінде ерекше өзекті мәселе болуда. Қазіргі қоғамда тұлғаның, отбасының және қоғамның өзара әрекеттесуі әлеуметтік өмірдің әртүрлі салаларында тек жағымды ғана емес, сонымен қатар жағымсыз өзгерістерді тудыратын әлеуметтік қатынастардың сапалық түрленуі жағдайында жүзеге асырылады. Көптеген жасөспірімдер, өздерінің жеке материалдық әл-ауқаттарын, қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында түрлі іс-әрекеттерге белсенді араласа отырып, «қалағаныңыздай» қағидасы бойынша өмір сүруге ұмтылады. Олар қоғамда өзін-өзі растау жолында кез келген бағамен, кез келген тәсілмен әрекет етеді. Бұл тұрғыда, олардың жеке бас мүддесі мен өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қылмыстық жолға бет бұруы, ол міндетті түрде қылмыс жасауға баруға итермелемейді. Керісінше, олар, «қорқақ» атанғысы келмей, өздерін серіктестік қатынасқа тартып, ортадағы әлеуметтік динамикаға ықпал ететін процестерге белсене қатысуды көздейді. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың, суицидтің, маскүнемдіктің, нашақорлықтың және т.б. көбеюі бүгінгі таңда күрделі мемлекеттік мәселеге айналып отыр. Бұл мәселені шешу әртүрлі деңгейде қарастырылады: құқықтық, медициналық, психологиялық, әлеуметтік. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқы да өзекті психологиялық-педагогикалық мәселе болып табылады, оны қазіргі кезеңде тиімді шешу болашақ ұрпақпен психологиялық-педагогикалық жұмыстың деңгейін және сәйкесінше қоғамның адамгершілік тазалығы мен тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу пәні: жасөспірімдердегі девиантты мінез-құлық ерекшеліктері.

Зерттеу жұмыстың мақсаты: жасөспірімдердегі девиантты мінез-құлық көрінісінің ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеу жұмыстың міндеттері:

- «Девианттық мінез-құлық» түсінігі, оның мәні және оны теориялық талдау;
- Жасөспірімдік кезеңдегі девиантты мінез-құлық көріністерінің динамикасы жүйелеу.

Зерттеу гипотезалары:

- "Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқы олардың психоэмоционалдық жағдайына, әлеуметтік ортасына және отбасылық қарым-қатынасына тікелей байланысты. Қолайсыз әлеуметтік орта мен ата-ана бақылауының жеткіліксіздігі девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына ықпал етеді."

Зерттеу әдістері:

1. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының себептерін анықтауға және оларды түзету бойынша тиімді әдістерді жасау ерекшеліктері туралы дереккөздерге теориялық талдау жасау.

2. Мәліметтерді жинау және жазу әдістері:

- А.Е. Личко «Патомінездемілік» диагностикалық сауалнамасы;

- Басса-Даркидың агрессивтілікті диагностикалау әдістемесі.;

Әлеуметтік нормалар әлеуметтік жүйенің тұрақты жұмыс істеуінің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Қоғамда қалыптасқан нормаларға қайшы келетін мінез-құлық формалары әлеуметтік ауытқуларға әкеледі.

Девианттық мінез-құлыққа нормадан ауытқушылық және ол адамның қоғамдық ортада өзін-өзі ұстауы мен ережеге сай келмейтін іс-әрекеттер жасауы жатады. Девианттық мінез-құлықтың мәнін түсінуде «норма» және «қылық» деген ұғымдар қарастырылады. Психологияда «қылық» адамның рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптасуы және сол тұрғыдан оның өзге адамдарға, өзіне, қоғамға және жалпы табиғатқа деген айқындауы деп қарастырылады. Қылықтың адамгершілік көзқарас тұрғысынан жағымды және жағымсыз нормаларды бұзумен сипатталатын жақтары бар.

Девиантты мінез-құлықтың белгілері:

- салыстырмалылық (бір топ үшін ауытқу дегеніміз екінші топ үшін норма болып табылады; мысалы, отбасындағы интимдік қарым-қатынастар норма болып табылады, бірақ еңбек ұжымында олар ауытқу болып табылады);
- тарихи сипат (бұрын ауытқу деп есептелетін нәрсе қазір қалыпты жағдайға айналды және керісінше; мысалы, кеңестік кезеңдегі және қазіргі кездегі жеке кәсіпкерлік);
- амбиваленттілік (ауытқу оң (батырлық) және теріс (жалқаулық) болуы мүмкін).

Девиантты мінез-құлық бар жасөспірімдерде әдетте бірқатар типтік белгілер бар:

- өзіндік қарым-қатынас пен өзін-өзі түсінудің, өмірлік құндылықтардың, нұсқаулардың, идеалдардың қалыптасуының бұзылуы;
- ережелер мен нормалардан қашу, өзін және басқаларды сынау, мүмкін болатын шекараларды іздеу және кеңейту арқылы еркіндікті іздеу;
- оң мүдделер мен мақсаттардың болмауы; тағдырға, өз қиындықтары үшін нақты адамдарға реніш; сәтсіздік тәжірибесі, проблемалар, ерікті өзін-өзі бақылаудың болмауы;
- мінездің екпінді белгілерінің болуы, қиын жағдайларда мінез-құлықтың адекватты құралдары мен әдістерін таба алмау, бақытты отбасының және ата-анаға құрметтің болмауы.

Девиантты мінез-құлықтың негізгі себептеріне мыналар жатады:

- жеке адам мен қоғам арасындағы қарама-қайшылық жағдайы (аномия);
- адамның ішкі мәдениетінің ерекшеліктері;
- өмірдің мәнін жоғалту;
- адам потенциалын жүзеге асырудың мүмкін еместігі;
- биологиялық себептер (созылмалы аурулар, патологиялар, психикалық бұзылулар, жас ерекшеліктері) және әлеуметтік себептер (әлеуметтену процесінің бұзылуы, дұрыс емес тәрбие, әлеуметтік теңсіздік, қоғамның моральдық деградациясы).

Девиантты мінез-құлықтың барлық себептерін, біздің ойымызша, екі категорияға бөлуге болады: тұқым қуалаушылықтан туындаған және сыртқы орта факторларынан туындаған.

Бірінші категорияға туа біткен психикалық және физикалық кемістіктер, аурулар (созылмалы), әртүрлі патологиялар (дене және сезім мүшелерінің ақаулары) жатады.

Екінші категорияға әртүрлі аурулармен, девиантты әлеуметтену процестерімен, оқу-тәрбие процесінің бұзылуымен, жас ерекшеліктерімен, сондай-ақ жалпы қоғамның моральдық деградациясымен байланысты психикалық және физиологиялық даму бұзылыстары жатады.

Зерттеу нәтижелері: Жасөспірімдер ортасында девиантты мінез-құлықтың ерекше көріністерін эмпирикалық зерттеу нәтижелері ұсынылған. Зерттеу нәтижелерін өңдеу әрбір зерттеу бойынша жеке дәйектілікпен жүргізілді. Бірінші кезеңде Басса-Даркидың агрессивтілікті диагностикалау әдістемесі бойынша диагностика жүргізілді. Зерттеудің екінші кезеңінде А.Е. Личко «Патомінездемелік» диагностикалық сауалнамасы жүргізілді, оның көмегімен біз жасөспірімдердің бір-бірімен қарым-қатынасының девиантты мінез-құлыққа әсерін анықтай алдық.

Жасөспірімдердің девиантты-мінез құлқын зерттеу барысында біз мынадай қорытындыға келдік: Сипатталған көзқарастарға сүйене отырып, «девиантты мінез-құлық» психикасы сау адамның белгілі бір кезеңде, белгілі бір қоғамда ресми түрде белгіленген немесе іс жүзінде белгіленген нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін немесе қайшы келетін әрекеттерінің немесе жеке әрекеттерінің қолайсыз әлеуметтік даму және жеке тұлғаның әлеуметтену процесінің бұзылуы нәтижесіндегі кезеңі.

Психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау арқылы (ата-аналармен ақпараттық-ағарту жұмыстары, мұғалімдермен ақпараттық-ағарту жұмыстары, жасөспірімдерді психологиялық тренингке қосу арқылы өзін-өзі қабылдау, өзін-өзі ашу және басқаларды қабылдау негізінде басқа адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту) жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқын: мінез акцентуациялары, девиантты мінез-құлыққа бейімділік және агрессивтілік қалыптастыру факторларын өзгертуге болады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Акажанова А.Т. Девиантология [Текст]: учебное пособие// А.Т.Акажанова. - Алматы: Заң әдебиеті, 2008.-56 б.
2. Н.Әлқожаева, Д.Ертарғынқызы «Девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс жүйесі» Оқу әдістемелік кешен Алматы // «Қазақ университеті» 2013.-80 б.
3. Керимов Л.К. Қиын балалар болады неге // Алматы № 3 (3). 50-57 б.

**ТЕМА ЛЮДЕЙ «ДНА» В КЛАССИЧЕСКОЙ И СОВРЕМЕННОЙ
РУССКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ (НА ПРИМЕРЕ ГЕРОЕВ ДРАМЫ М.
ГОРЬКОГО «НА ДНЕ» И**

В. КРУПИНА «МАРИЯ СЕРГЕЕВНА»

Сергиенко А., студент 4 курс, КГКП «Восточно-Казахстанский гуманитарный колледж имени Абая»

Научный руководитель: Мельникова Л.В., преподаватель
общеобразовательных и специальных дисциплин

Актуальность работы обусловлена большим количеством людей дна в современном мире, необходимостью понятия причин социального падения людей и предотвращения роста социальных аутсайдеров в современном обществе.

Проблема: существование людей без определенного места жительства остро стоит во всем мире и не обошла Казахстан, статистика говорит о ежегодном росте количества людей, оказавшихся на «дне» жизни. Все эти люди без дома, без работы, с сотнями болезней, утратившие родственные связи, большинство из них инвалиды.

Цель работы: через анализ биографий главных героев произведений М. Горького «На дне» и В. Крупина «Мария Сергеевна» определить причины и наметить пути решения проблемы социального падения людей

Задачи: проанализировать биографии главных героев, выявить в биографиях героев причины их социального падения, выявить общие факторы, определить группу риска, разработать рекомендации по профилактике социального падения.

Объект исследования: люди «дна»: люди без определенного места жительства.

Предмет исследования: главные герои драмы М. Горького «На дне» и рассказа Н.В. Крупина «Мария Сергеевна»

Гипотеза: на социальном «дне» могут оказаться люди разных возрастов и социального статуса, выбраться со дна самостоятельно невозможно.

Новизна: тема людей «дна» проанализирована, сопоставлена и систематизирована в разрезе двух эпох

Методы: анализ, сопоставительный анализ, синтез, классификация, систематизация

Практическая значимость: в работе проанализированы причины социального падения людей в разрезе двух эпох, намечена группа риска, разработаны профилактические рекомендации, и эта информация может частично способствовать решению данной проблемы. Материал может применяться учителями и учащимися при подготовке к урокам «Русской литературы».

Русские писатели всегда остро реагировали на социальные и нравственные проблемы в обществе, и мы решили в произведениях русской литературы попытаться найти решение стоящей в нашей стране проблемы - существования социальных аутсайдеров или, проще говоря, БОМЖей. За основу исследования мы взяли произведения классика М. Горького «На дне» и современника Н.В. Крупина «Мария Сергеевна», нам важно было проследить проблемы людей «дна» в разрезе эпох (XX и XXI вв.)

В практической части исследовательской работы мы стремились проследить причины социального падения людей, выделить наиболее распространенные. Мы попытались определить: оказывает ли влияние на социальное падение возрастная критерий, профессия, социальное положение, нравственный мир человека и его окружения, экономическое положение страны, в которой он живет.

Сравнив возраст героев (Актера, Барона, Бубнова, Клеща, Пепла, Сатина), мы отметили, что большинство героев Максима Горького трудоспособного возраста (30-45 лет), но не работают или «работают» вне закона. Напомним, что пьеса писалась в период экономического кризиса, безработицы. Мария Сергеевна- героиня Владимира Крупина- это пожилая женщина, «старуха», как называет её автор, пенсионерка (точный возраст не указан), в прошлом учительница, ушедшая от детей сначала в дом престарелых, затем на улицу из-за грубого обращения. То есть возрастная категория литературных обитателей «дна» от 30 лет до пенсионного возраста.

Проанализировав род деятельности героев в прошлом, мы определили, что на дне могут оказаться люди с разным уровнем образования, с разной профессией и разным социальным статусом. Но тем не менее с небольшим перевесом среди обитателей «дна» выделяются люди умственного и творческого труда (актер, учитель, работник театра, чиновник и др.). На наш взгляд, человек, привыкший длительное время работать в чистоте, тепле, не прилагая особой физической силы, тяжелее адаптируется после потери такой работы и не всегда способен физически или морально на тяжелый физический труд.

Велика и роль социально-экономических факторов на потерю героями своего прежнего социального статуса, к ним относятся экономический кризис, безработица, отсутствие социальной поддержки, недоступность жилья.

Немаловажную роль в судьбе героев играет их нравственный мир и моральные качества окружающих их людей. Пьянство, безделье, предательство и равнодушие близких ведут людей на «дно» жизни.

Результаты исследования: обобщив данные, мы составили группу риска, в нее, на наш взгляд, входят следующие группы лиц:

- дети и пожилые люди с аморальными родственниками;
- люди творческих профессий и умственного труда в период потери работы;
- люди, не приученные к труду - бездельники;
- люди с вредными привычками (алкоголизм);
- люди любых профессий и социальных статусов в период экономического кризиса;
- люди, вернувшиеся из мест лишения свободы.

Выдвинутая гипотеза о том, что на дне могут оказаться люди разных возрастов и социального статуса, выбраться со дна самостоятельно невозможно, подтвердилась. Ни один из героев не выбрался из числа социальных аутсайдеров - ни умный Сатин, ни работающий Клещ, ни нравственно чистая Мария Сергеевна, никто...

Мы попытались изучить статистику бездомных в Казахстане, но, удивительно, что таких сведений нет в свободном доступе, есть отдельные цифры по некоторым городам: «Во время рейдов в Усть-Каменогорске выявлено больше 30 человек без определенного места жительства...» [2, 1], «Только в Алматы на сегодняшний день насчитывается около 10 тысяч бомжей...» [1, 1].

Изученная проблема не оставила нас равнодушными, и мы разработали рекомендации «Как не оказаться на дне»:

- вести здоровый образ жизни;
- с ранних лет воспитывать в детях трудолюбие, уважение к родителям;
- заниматься самообразованием, быть готовым к овладению дополнительной профессией;
- быть законопослушными;
- открытие бесплатных детских спортивных секций, кружков, профессиональных курсов;
- расширение программ доступного жилья;
- создание бесплатных медицинских центров для лечения алкоголизма, наркомании, лудомании;
- увеличение количества центров по реабилитации людей, попавших в трудную жизненную ситуацию.

Выводы: В ходе исследования мы определили, что в социальном падении людей так или иначе играют факторы возраста, морального облика, род деятельности и экономический уровень развития страны; пришли к выводам, что авторы двух эпох выделяют разные ведущие факторы: М. Горький - социальный, В. Крупин - нравственный.

Тема исследования может быть развита в социологическом направлении.

Список использованных источников

1. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/v-kazahstane-identifitsiruyut-bomjey-199840/
2. <https://yk-news.kz/news/B-Усть-Каменогорске-во-время-рейдов-выявили-десятки-людей-без-определенного-места-жительства>

АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕНҒЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚАТЕНІ ТҮЗЕТУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Адылбекова Аружан Манарбекқызы, 4 курс,

Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Конарбаева Гулнар Гадилбековна, арнайы пәндер
оқытушысы

Өзектілігі: "Адамның қателесуге құқығы бар, өйткені ол үйренудің бір бөлігі." – Джон Дьюи. Шет тілін менгеру барысында қателерді жіберу – табиғи үдеріс, ал оларды түзету – оқыту сапасын арттырудың маңызды құралы.

Дегенмен, қатені түзету тәсілдері оқушылардың психологиялық жағдайына елеулі әсер етеді. Дұрыс ұйымдастырылған түзету үдерісі оқушылардың сенімділігін арттырып, олардың тілдік дағдыларын дамытуға көмектеседі. Ал орынсыз немесе шамадан тыс түзету, керісінше, оқушылардың оқу мотивациясын төмендетіп, сөйлеуден қорқу сезімін тудыруы мүмкін.

Қазіргі заманғы тіл үйрету әдістерінде қатені түзетудің әртүрлі тәсілдері қолданылады. Кейбір әдістер қатені нақты көрсетуді көздесе, басқалары оқушыны оны өз бетінше табуға ынталандырады. Бұл зерттеу жұмысы осы әдістердің тиімділігі мен олардың оқушылардың психологиялық күйіне әсерін талдап, мұғалімдерге практикалық ұсыныстар беруді мақсат етеді.

Мәселе: Қатені түзету – оқыту үдерісінің ажырамас бөлігі. Дегенмен, оның орындалу әдістері әртүрлі болғандықтан, кейбір тәсілдер оқушының өзіне деген сенімділігін арттырса, кейбіреулері керісінше, мотивациясына теріс әсер етеді. Мұғалімдер оқушылардың эмоционалдық жай-күйін ескере отырып, қатені түзетудің ең тиімді әдістерін қолдануы қажет.

Жұмыстың мақсаты: Ағылшын тілін меңгеру барысында қатені түзетудің психологиялық әсерін анықтау және оны тиімді қолдану жолдарын ұсыну.

Міндеттері:

1. Қатені түзету әдістерінің теориялық негіздерін қарастыру.
2. Түзету әдістерінің оқушылардың психологиялық жағдайына әсерін зерттеу.
3. Тиімді түзету әдістерін анықтап, олардың қолдану жолдарын ұсыну.

Қателер тіл үйренудің қалыпты бөлігі екені көптеген зерттеулерде дәлелденген. Лев Выготскийдің айтуынша, оқыту – адамның ойлау қабілетін дамытатын үдеріс, ал қателер осы үдерістің табиғи кезеңі болып табылады. Сол себепті мұғалімдер қатені түзетуді жазалау немесе сын ретінде емес, оқушылардың дамуына ықпал ететін құрал ретінде қарастыруы керек.

Қатені түзету әдістері екі негізгі топқа бөлінеді:

1. Тікелей түзету (Explicit Correction) – мұғалім қатені бірден көрсетіп, оның дұрыс нұсқасын ұсынады. Бұл әдіс грамматикалық, орфографиялық және фонетикалық қателерді түзету үшін тиімді. Дегенмен, бұл тәсіл жиі қолданылса, оқушы өзін еркін сезінбеуі мүмкін.

2. Жанама түзету (Implicit Correction) – мұғалім қатені тікелей көрсетпей, оқушыны оны өздігінен табуға ынталандырады. Бұл тәсіл оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытуға және өз бетінше қателерін түзету дағдысын қалыптастыруға көмектеседі.

Тіл үйрету үдерісінде мұғалімдер түрлі әдістерді қолданады. Кейбір зерттеулер оқушыларға қатені түзетудің жұмсақ тәсілдері, мысалы, сұрақ қою немесе жауапты қайталап айту сияқты әдістер тиімді екенін көрсетеді. Себебі олар оқушылардың сөйлеуге деген ынтасын төмендетпей, қателерін түсінуге мүмкіндік береді.

Қатені түзетудің психологиялық аспектілері

Қатені түзетудің оқушыларға әсерін қарастыру барысында оның эмоциялық және когнитивтік факторларға ықпалын ескеру қажет. Тым қатал немесе шамадан тыс түзету оқушылардың сөйлеуден қорқу сезімін күшейтуі мүмкін.

Ал қолдау көрсететін және ынталандыруға бағытталған түзету әдістері олардың өзіне деген сенімділігін арттырады.

Қазіргі таңда оқушыларға ыңғайлы түзету әдістері кеңінен қолданылады:

- Оқушыға бағытталған түзету – оқушылардың өз қателерін өздері түзетуіне мүмкіндік беру.

- Позитивті кері байланыс – оқушының дұрыс жауаптарын атап өтіп, қатені жұмсақ түрде түзету.

- Қарым-қатынасқа негізделген әдістер – диалог немесе топтық жұмыс арқылы қатені түзету.

Зерттеу нәтижелері: Зерттеу барысында оқушылардың әртүрлі түзету әдістеріне деген көзқарастары анықталды. Тәжірибелік мәліметтер жанама түзету әдістерінің оқушыларға сенімділік беріп, тілдік дағдыларын жетілдіруге ықпал ететінін көрсетті. Сонымен қатар, тікелей түзету әдісін шамадан тыс қолдану кейбір оқушыларда сөйлеуге деген қорқынышты тудыратыны байқалды.

Зерттеу ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім беру бөлімінің «№45 орта бейіндік мектебі» КММ базасында жүргізілді. Зерттеуге 7-сынып оқушылары қатысты. Оқушыларға қатені түзету әдістеріне қатысты сауалнама жүргізіліп, нәтижелері төмендегідей бөлінді:

- 65% – қатені тікелей емес, жанама түзетуді қалайтынын айтты.

- 20% – мұғалімнің қатені бірден түзетуі пайдалы деп есептейді.

- 15% – түзету әдісі олардың оқу мотивациясына қатты әсер етпейтінін көрсетті.

Бұл деректер мұғалімдердің оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, түзету әдістерін бейімдеуі қажет екенін дәлелдейді. Жанама түзету әдістерін қолдану оқушылардың тіл үйрену процесіне деген қызығушылығын сақтауға көмектеседі, ал тікелей түзету әдістері кейбір грамматикалық және фонетикалық қателерді түзету үшін тиімді құрал болып қала береді.

Қорытындылар: Қатені түзету – тіл үйрену процесінің маңызды бөлігі. Мұғалімдер түзету әдістерін таңдағанда, оқушылардың психологиялық жағдайын ескеруі қажет. Қатені түзетудің тиімділігі оқушының өзін-өзі бағалауына, сенімділігіне және тілдік дағдыларын дамытуға тікелей әсер етеді. Сондықтан мұғалімдер тек қатені түзетіп қана қоймай, оқушылардың оқу мотивациясын сақтауға да назар аударуы керек.

"Біз қателіктер арқылы үйренеміз. Егер біз оларды мойындап, дұрыс қорытынды жасасак, олар біздің ең жақсы ұстазымызға айналады." – Джон Дьюи.

Пайдаланған дереккөздер

1. Krashen S. Principles and Practice in Second Language Acquisition (1982).
2. Dewey J. Experience and Education (1938).
3. Ellis R. The Study of Second Language Acquisition (1994).
4. Harmer J. The Practice of English Language Teaching (2007).

